

Салық есептілігін жасау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 468 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 26 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5068 болып енгізілді. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдарының Есебін (641.00-нысаны) жасау ережесін және жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығына аударымдардың Есебін (651-нысаны) жасау ережесін қоспағанда, бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 611 бұйрығымен

Ескерту. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдарының Есебін (641.00-нысаны) жасау ережесін және Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығына аударымдардың Есебін (651-нысаны) жасау ережесін қоспағанда, бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.25 N 611 Бұйрығымен.

Ескерту. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдарының Есебін (641.00-нысаны) жасау ережесі мен Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығына аударымдардың Есебін (651-нысаны) жасау ережесінің күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 05.08.2019 № 820 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 69-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Салық есептілігін жасау ережелері бекітілсін.
2. 2003-2007 жылдарға салық есептілігін түссіз бланкілерде тапсыруға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Рахметов Н.Қ.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және осы бұйрықты заңмен бекітілген тәртіпте ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. "Салық есептілігін жасау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 13 желтоқсандағы N 637 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2006 жылғы 28 желтоқсанда N 4498 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.
Министр

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтінішті жасау ережесі (012.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес әзірленген және бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтініштерді (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 531-бабына сәйкес бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер жасайды.

2. Өтініш Өтініштің өзінен және бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (012.01-ден 012.05-нысандар) тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Қосымша(-лар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша (-лар) тапсырылмайды.

6. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша (-лар) толтыруға жатады.

7. Қосымшалар мен қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалар мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

8. Өтініштің "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

9. Өтінішті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

10. Өтініш Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Өтініш жасау

11. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) А жолында - жеке кәсіпкердің аты-жөні және атауы. Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және бар болса жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес атауы көрсетіледі;

В жолында - заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі;

3) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен

көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

4) заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің есептік тіркеуі) немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер. А - заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің есептік тіркеуі) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі; В - жеке кәсіпкер куәлігінің нөмірі; D - куәліктің берілген күні көрсетіледі;

5) қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы мәлімет. А - куәлік сериясы; В - куәлік нөмірі; С - есепке қойылған күні;

6) өтінішті толтыру себебі. А - тіркеу; В - қайта тіркеу;

7) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

12. "Салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 012.00.001 жолында бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын сатудың (көтерме, бөлшек) түріне тиісті белгі қойылады;

012.00.001А - көтерме;

012.00.001В - бөлшек;

2) 012.00.002 жолында бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын сату (көтерме, бөлшек) орны көрсетіледі:

012.00.002А жолында облыс атауы көрсетіледі;

012.00.002В жолында қала, аудан атауы көрсетіледі;

012.00.002С жолында кент немесе ауыл атауы көрсетіледі;

012.00.002D жолында көше (даңғыл, гүлзар, тұйық көше және тағы да басқа) атауы көрсетіледі;

012.00.002Е жолында ғимарат нөмірі көрсетіледі;

012.00.002F жолында салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілердің тұрған жерін анықтауға мүмкіндік беретін басқа мекен-жайының атауы көрсетіледі;

3) 012.00.003 жолында бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын (меншік құқығында немесе жалға алу шартымен) көтерме және бөлшек сауда үшін ыдыстың тиісті түріне белгі қойылады:

012.00.003А - меншік құқығындағы;

012.00.003В - жалға алу шарты бойынша;

4) 012.00.004 жолында бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын көтерме және бөлшек сауда үшін ыдыстың (тұрақты, жылжымалы, өзге) тиісті түріне белгі қойылады:

012.00.004А - тұрақты;

012.00.004В - жылжымалы;

012.00.004С - өзге;

5) 012.00.005 жолында бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда үшін меншік құқығындағы ыдыстың техникалық сипаттамасы көрсетіледі;

012.00.005А жолында ыдыстың көлемі (сыйымдылығы) көрсетіледі;

ыдыстардың көлемі әртүрлі болған кезде, 012.00.005А жолы толтырылмайды;

012.00.005В жолында ыдыстың саны көрсетіледі;

ыдыстардың көлемі әртүрлі болған кезде, 012.00.005В жолына 012.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парағының 012.00.001С жолының қорытынды деректері көшіріледі;

012.00.005С жолында 012.00.005А жолын 012.00.005В жолына көбейту жолымен анықталатын ыдыстың жалпы көлемі көрсетіледі;

ыдыстардың көлемі әртүрлі болған кезде, 012.00.005С жолына 012.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парағының 012.01.001D жолының қорытынды деректері көшіріледі;

6) 012.00.006 жолында бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын көтерме және бөлшек сауда үшін жалға алу шарты бойынша қолданылатын ыдыстың техникалық сипаттамасы көрсетіледі:

012.00.006А жолында ыдыстың көлемі (сыйымдылығы) көрсетіледі; ыдыстардың көлемі әртүрлі болған кезде, 012.00.006А жолы толтырылмайды;

012.00.006В жолында ыдыстар саны көрсетіледі;

ыдыстардың көлемі әртүрлі болған кезде, 012.00.006В жолына 012.02 нысаны бойынша қосымшаның барлық парағының 012.02.001С жолының қорытынды деректері көшіріледі;

012.00.006С жолында 012.00.006А жолын 012.00.006В жолына көбейту жолымен анықталатын ыдыстың жалпы көлемі көрсетіледі;

ыдыстардың көлемі әртүрлі болған кезде, 012.00.006С жолына 012.02 нысаны бойынша қосымшаның барлық парағының 012.02.001D жолының қорытынды деректері көшіріледі;

7) 012.00.007 жолында бензин (авиациялықтан басқа), дизель отыны көтерме және бөлшек саудасы үшін жылжымалы түрдегі ыдыстың мәліметтері көрсетіледі:

012.00.007А жолында автомашинаның мемлекеттік нөмірі;

012.00.007В жолында автомашинаның маркасы;

8) 012.00.008 жолында өткізу түріне тиісті белгі қойылады:

012.00.008А жолында - бензин (авиациялықтан басқа);

012.00.008В жолында - дизель отыны сатылу;

9) 012.00.009 жолында автожанармай құю станциясының түріне тиісті белгі қойылады:

012.00.009А - тұрақты;

012.00.009В - контейнерлік;

012.00.009С - жылжымалы;

10) 012.00.010 жолында отын тарататын колонкалардың саны көрсетіледі;

11) 012.00.011 жолында май құю пистолеттерінің саны көрсетіледі;

12) 012.00.012 жолы егер қызметін бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда бойынша жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) жер телімі меншігі болып, немесе телім тұрақты жер пайдалану құқығында болғанда толтырылады. Бұл ретте осы жолда жер теліміне меншік құқығы актіне сәйкес (тұрақты жер пайдалану құқығына, бұдан әрі - жер теліміне акт) туралы мәліметтер көрсетіледі:

012.00.012А жолында жер теліміне акт нөмірі көрсетіледі;

012.00.012В жолында жер теліміне актіні берген күн көрсетіледі;

012.00.012С жолында жер телімінің көлемі көрсетіледі;

012.00.012D жолында жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі.

Егер жер теліміне актілердің саны бірден астам болған жағдайда, онда 012.03 нысаны бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте Өтініштің 012.00.012А, 012.00.012В, 012.00.012D жолдары толтырылмайды. 012.00.012С жолында 012.03 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтары 012.03.001С жолының сомасы ретінде анықталатын жер телімінің жалпы көлемі көрсетіледі;

13) 012.00.013 жолы егер бензин (авиациялықтан басқа), дизель отынының көтерме және бөлшек саудасы бойынша қызмет жүзеге асырылатын жер телімі уақытша жер пайдалануда болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 012.00.013 жолында уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес мәлімет көрсетіледі:

012.00.013А жолында уақытша жер пайдалану түрінің (тегін, өтеусіз) тиісті белгісі жүргізіледі;

012.00.013В жолында жерді уақытша пайдалану туралы шарт нөмірі көрсетіледі;

012.00.013С жолында жерді уақытша пайдалану туралы шартты жасау күні көрсетіледі;

012.00.013D жолында жерді уақытша пайдалану туралы шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі;

012.00.013Е жолында жер телімінің көлемі көрсетіледі;

012.00.013F жолының жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

012.00.013G жолында жер телімін жалға алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

012.00.013Н жолында жер телімін жалға беруші жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) аты-жөні немесе атауы көрсетіледі.

Егер уақытша жер пайдалану туралы шарттардың саны біреуден астам болған жағдайда, онда 012.03 нысаны бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 012.00.013А, 012.00.013В, 012.00.013С, 012.00.013D, 012.00.013Е, 012.00.013F, 012.00.013G және 012.00.013Н жолдары толтырылмайды. 012.00.013Е жолында 012.03 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарының 012.03.002Е жолдарының сомасы ретінде анықталатын, жер телімінің жалпы көлемі көрсетіледі;

14) 012.00.014 жолында жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес (бұдан әрі - жылжымайтын мүлік куәлігі) мәлімет көрсетіледі:

012.00.014А жолында жылжымайтын мүлікке куәлік нөмірі көрсетіледі;

012.00.014В жолында жылжымайтын мүлікке куәлікті беру күні көрсетіледі;

012.00.014С жолында үй жайдың көлемі көрсетіледі.

Егер куәлік саны біреуден астам болған жағдайда, онда 012.04 нысаны бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 012.00.014А, 012.00.014В жолдары толтырылмайды. 012.00.014С жолында 012.04 нысаны бойынша барлық парақтардың қосымшалары 012.04.001С жолының сомасы ретінде анықталатын, үй жайдың жалпы көлемі көрсетіледі;

15) 012.00.015 жолы егер бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен сауда бойынша қызметінде пайдаланылатын жылжымайтын мүлік жалға алынған болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 012.00.015 жолында жылжымайтын мүлікті жалға алу шарты туралы мәлімет көрсетіледі (бұдан әрі - жалға алу шарты):

012.00.015А жолында жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

012.00.015В жолында жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

012.00.015С жолында жалға алу шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

012.00.015D жолында үй-жайдың көлемі көрсетіледі;

012.00.015Е жолында салық төлеуші-жалға берушіні тіркеу нөмірі көрсетіледі

;

012.00.015F жолында жеке тұлғаның аты-жөні немесе жалға беруші заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) атауы көрсетіледі.

Егер жылжымайтын мүлікті жалға алу шарттарының саны біреуден астам болған жағдайда, онда 012.04 нысаны бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 012.00.015А, 012.00.015В, 012.00.015С, 012.00.015D, 012.00.015Е

және 012.00.015F жолдары толтырылмайды. 012.00.015D жолында 012.04 нысаны бойынша барлық парақтардың қосымшалары 012.04.002D жолының сомасы ретінде анықталатын үй-жайдың жалпы көлемі көрсетіледі;

16) 012.00.016 жолында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы туралы мәлімет көрсетіледі;

012.00.013A жолында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының жалпы саны көрсетіледі. Егер фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының саны біреуден астам болған жағдайда, онда 012.05 нысаны бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 012.00.016B, 012.00.016C және 012.00.016D жолдары толтырылмайды. 012.00.016A жолында көрсетілген фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны 012.05 - нысаны бойынша соңғы парақ А бағанының соңғы рет нөміріне тең болуы тиіс;

012.00.016B жолында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;

012.00.016C жолында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасының нөмірі көрсетіледі;

012.00.016D жолында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжатына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Өтініште салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) өтінішті өткізген күні. Өтінішті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 012.01 нысан бойынша қосымша жасау

14. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

15. "Меншік құқығындағы ыдыстар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында ыдыстың көлемі (сыйымдылығы) көрсетіледі;

3) С бағанында ыдыстың саны көрсетіледі;

4) D бағанында С бағанының тиісті жолына В бағанының тиісті жолдарын көбейту жолымен айқындалатын ыдыстың жалпы көлемі көрсетіледі.

16. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды тұлғаның немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 012.02 нысаны бойынша қосымша жасау

17. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

18. "Жалға алу шарты бойынша қолданылатын ыдыстар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында ыдыстың көлемі (сыйымдылығы) көрсетіледі;

3) С бағанында ыдыстардың жалпы саны көрсетіледі;

4) D бағанында B бағанының тиісті жолдарын C бағанының тиісті жолдарына көбейту жолымен анықталатын, ыдыстардың жалпы көлемі көрсетіледі.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды тұлғаның немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. 012.03 нысан бойынша қосымша жасау

20. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

21. "Жер телімдері туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 012.02.001 жолы егер бензин (авиациялықтан басқа), дизель отынының көтерме және бөлшек саудасы бойынша қызмет жүзеге асырылатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) жер телімінің иесі болып табылған немесе телімдер тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, осы жолда жер теліміне меншік құқығы актісіне сәйкес мәліметтер көрсетіледі:

012.03.001A жолында жер теліміне акт нөмірі көрсетіледі;

012.03.001B жолында жер теліміне актіні беру күні көрсетіледі;

012.03.001C жер телімінің көлемі көрсетіледі;

012.03.001D жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 012.03.002 жолы егер бензин (авиациялықтан басқа), дизель отынының көтерме және бөлшек саудасын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жер телімі уақытша жер пайдалану құқығында орналасқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 012.03.002 жолында уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес мәлімет көрсетіледі:

012.03.002A жолында уақытша жер пайдаланудың (ақылы, өтеусіз) тиісті түріне белгі жүргізіледі;

012.03.002B жолында жерді уақытша пайдалану туралы шарт нөмірі көрсетіледі;

012.03.002C жолында жерді уақытша пайдалану туралы шарт жасасу күні көрсетіледі;

012.03.002D жерді уақытша пайдалану туралы шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі;

012.03.002E жолында жер телімінің көлемі көрсетіледі;

012.03.002F жолында жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

012.03.002G жолында жер телімін жалға берушінің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

012.03.002Н жолында жер телімін жалға беруші - жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) атауы көрсетіледі.

22. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды тұлғаның немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. 012.04 нысан бойынша қосымша жасау

23. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2 - парактардың жалпы саны көрсетіледі.

24. "Жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 012.03.001 жолы егер бензин (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек саудасы бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) жылжымайтын мүлік иесі болып табылған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 012.04.001 жолында жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес мәлімет көрсетіледі:

012.04.001А жолында жылжымайтын мүлік куәлігінің нөмірі көрсетіледі;

012.04.001В жолында жылжымайтын мүлікке куәлікті беру күні көрсетіледі;

012.04.001С жолында үй-жай көлемі көрсетіледі;

2) 012.04.002 жолы егер бензин (авиациялықтан басқа), дизель отынының көтерме және бөлшек саудасын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлікті уақытша пайдалану құқығында орналасқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте, осы жолда жалға алу шартына сәйкес мәліметтер көрсетіледі:

012.04.002А жолында жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

012.04.002В жолында жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

012.04.002С жолында жалға алу шартының қолданылу мерзімі көрсетіледі;

012.04.002D жолында үй-жай көлемі көрсетіледі;

012.04.002Е жолында жалға беруші салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

012.04.002F жолында жалға беруші - жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) атауы көрсетіледі.

25. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды тұлғаның немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

7. 012.05 нысан бойынша қосымша жасау

26. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

27. "Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналары туралы мәліметтер" бөлімінде:

- 1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында фискальды жадылы бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;
- 3) С бағанында бақылау-касса машинасы тіркеу карточкасының нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

28. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 012.00-012.05 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтінішті жасау ережесі (022.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтініштерді (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 531-бабына сәйкес алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер жасайды.

2. Өтініш Өтініштің өзінен және оған қосымшалардан (022.01-ден 022.05-нысандар) тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалардың осындай парағы толтырылады.

9. Өтініш алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілердің әрбір тұрақты нүктелеріне толтырылады.

10. Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді қайта тіркеу кезінде, Өтініштің:

"Жалпы ақпарат" бөлімі толық көлемде;

басқа бөлімдер - олар бойынша бұрын берілген мәліметтерде тек қана өзгерістер болған жолдарды көрсетумен толтырылады.

11. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

12. Өтінішті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

13. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. 022.00 нысан бойынша өтінішті жасау

14. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) А жолында - жеке кәсіпкердің аты-жөні және атауы. Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және бар болса жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес атауы көрсетіледі.

В жолында - заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі;

3) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

4) заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің есептік тіркеуі) немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер. А - Заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің есептік тіркеуі) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі; В - жеке кәсіпкер куәлігінің сериясы; С - жеке кәсіпкер куәлігінің нөмірі; D - куәлікті беру күні көрсетіледі;

5) қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы мәлімет. А - куәлік сериясы; В - куәлік нөмірі; С - есепке қойылған күні;

6) кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия (бұдан әрі - лицензия) туралы мәлімет көрсетіледі. А - лицензиялардың саны барлығы; В - лицензияланатын қызметтің түрі; С - лицензияның нөмірі; D - лицензия беру күні; Е - лицензиар атауы көрсетіледі.

Егер салық төлеушіде лицензиялар саны біреуден астам болса, онда олар туралы мәлімет 022.01 нысан бойынша қосымшада толтырылады. Бұл ретте, 022.00 нысан бойынша өтініштің 6В, 6С, 6D, 6Е-жолдары толтырылмайды. 022.00 нысан бойынша өтініштің 6А-жолында 022.01 нысан бойынша қосымшаның соңғы парағының А бағанының рет нөміріне тең болуы тиіс лицензиялардың жалпы саны көрсетіледі;

7) өтінішті толтыру себебі. Өтінішті толтыру себебінің тиісті белгісі көрсетіледі. А - тіркеу; В - қайта тіркеу.

15. "Салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 022.00.001-жолда қызметті жүзеге асыру орны көрсетіледі;

022.00.001А-жолда облыстың атауы көрсетіледі;
022.00.001В-жолда қаланың (ауданның) атауы көрсетіледі;
022.00.001С-жолда кенттің (ауылдың) атауы көрсетіледі;
022.00.001D-жолда көшенің (даңғылдың, гүлзардың, бұрылыстың және тағы да басқа) атауы көрсетіледі;

022.00.001Е-жолда үйдің (ғимараттың) нөмірі көрсетіледі;

022.00.001F-жолда салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілердің орнын анықтауға мүмкіндік беретін басқа мекен-жайының атауы көрсетіледі;

2) 022.00.002-жолда алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімін көтерме сату - тиісті қызмет түрінің белгісі жүргізіледі;

3) 022.00.003-жолда шығарылатын алкоголь өнімі түрінің атауы көрсетіледі.

Егер шығарылатын алкоголь өнімі түрлерінің саны біреуден астам болса, онда 022.02 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте 022.00 нысаны бойынша өтініштің 022.00.003-жолы толтырылмайды.

4) 022.00.004-жолда алкоголь өнімі үшін қойма жайлары туралы мәліметтер көрсетіледі:

022.00.004А-жолда қоймалардың саны көрсетіледі;

022.00.004В-жолда қоймалардың алатын жалпы көлемі көрсетіледі;

5) 022.00.005 жолы егер алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер телімінің иесі ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, осы жолда жер теліміне меншік құқығына актіге (тұрақты жер пайдалану құқығына, бұдан әрі - жер телімінің актісі) сәйкес мәліметтері көрсетіледі:

022.00.006А -жолда жер телімі актісінің нөмірі көрсетіледі;

022.00.006В -жолда жер телімі актісін беру күні көрсетіледі;

022.00.006С -жолда жер телімінің көлемі көрсетіледі;

022.00.006D -жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі.

Егер жер теліміне актілер саны біреуден астам болса, онда 022.03 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 022.00.006А, 02.00.006В және 022.00.006D-жолдары толтырылмайды. 022.00.006С-жолда 022.03 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 022.03.001С-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жер телімінің жалпы көлемі көрсетіледі;

6) 022.00.007-жолы егер алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызмет жүзеге асырылатын жер телімі уақытша жер пайдалануда болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте бұл жолда уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес мәліметтер көрсетіледі:

022.00.007A-жолда уақытша жер пайдаланудың тиісті түрі (өтеусіз, тегін) көрсетіледі;

022.00.007B-жолда уақытша жер пайдалану шартының нөмірі көрсетіледі;

022.00.007C-жолда уақытша жер пайдалану шартын жасау күні көрсетіледі;

022.00.007D-жолда уақытша жер пайдалану шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

022.00.007E-жолда жер телімінің көлемі көрсетіледі;

022.00.007F-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

022.00.007G-жолда жалға беруші салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

022.00.007H-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Егер уақытша жер пайдалану туралы шарттардың саны біреуден астам болса, онда 022.03 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 022.00.007A, 02.00.007B, 022.00.007C, 022.00.006D, 02.00.007F, 022.00.007G және 022.00.00H-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 022.00.007E-жолда 022.03 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 022.03.002E-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жер телімдерінің жалпы көлемі көрсетіледі;

7) 022.00.008-жолда жылжымайтын мүлікке құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке (бұдан әрі жылжымайтын мүлікке куәлік) сәйкес мәлімет көрсетіледі:

022.00.008A-жолда жылжымайтын мүлікке куәліктің нөмірі көрсетіледі;

022.00.008B-жолда жылжымайтын мүлікке куәлікті беру күні көрсетіледі;

022.00.008C-жолда үй-жай көлемі көрсетіледі.

Егер жылжымайтын мүлікке куәлік саны біреуден астам болса, онда 022.04 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 022.00.008A және 02.00.008B-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 022.00.008C-жолда 022.04 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 022.04.001C-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын үй-жайдың жалпы көлемі көрсетіледі;

8) егер алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметте пайдаланылатын жылжымайтын мүлік жалға алынған болса, онда 022.00.09-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу шарты (бұдан әрі - жалға алу шарты) туралы мәлімет көрсетіледі:

022.00.09A-жолда жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

022.00.09B-жолда жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

022.00.09C-жолда жалға алу шартының қолдану мерзімі көрсетіледі;

022.00.09D-жолда үй-жай көлемі көрсетіледі;

022.00.09E-жолда жалға беруші салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

022.00.09F-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) атауы көрсетіледі.

Егер жылжымайтын мүлікті жалға алу шарттарының саны біреуден астам болса, онда 022.04 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 022.00.009А, 02.00.009В, 022.00.009С, 02.00.009Е және 022.00.009F-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 022.00.009D-жолда 022.04 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 022.04.002D-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын үй-жайдың жалпы көлемі көрсетіледі;

9) 022.00.010-жолда салықтарды есептеу мен төлеу тәртібі туралы тиісті белгі жүргізіледі (оңайлатылған Өтініш бойынша, жалпы белгіленген тәртіпте, патент бойынша);

10) 022.00.011-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машиналары туралы мәлімет көрсетіледі;

022.00.011А-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны көрсетіледі;

022.00.011В-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;

022.00.011С-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі;

022.00.011D-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

Егер фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының саны біреуден астам болса, онда 022.05 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 022.00.011В, 02.00.011С, 022.00.011D-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 022.00.011А-жолда 022.05 нысан бойынша қосымшаның соңғы парағы А бағанының соңғы рет нөміріне тең болуы тиіс фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Өтінішке салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Өтініш

электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) өтінішті өткізген күні. Өтінішті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 022.01 нысан бойынша қосымша жасау

17. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

18. "Меншік құқығындағы ыдыстар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында ыдыстың көлемі (сыйымдылығы) көрсетіледі;

3) С бағанында ыдыстың саны көрсетіледі;

4) D бағанында С бағанының тиісті жолына В бағанының тиісті жолдарын көбейту жолымен айқындалатын ыдыстың жалпы көлемі көрсетіледі.

19. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 022.02 нысан бойынша қосымша жасау

20. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:
- 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі қосымша парақтардың жалпы саны көрсетіледі.
21. "Өндірілетін (сатылатын) алкоголь өнімінің түрі" бөлімінде:
- 1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;
 - 2) В бағанында өндірілетін (сатылатын) алкоголь өнімінің түрі көрсетіледі.
22. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. 022.03 нысаны бойынша қосымшаны жасау

23. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:
- 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.
24. "Жер телімдері туралы мәлімет" бөлімінде:
- 1) 022.03.001 жолы егер алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер телімінің иесі, ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, осы жолда жер телімі актісіне сәйкес мәлімет көрсетіледі:
 - 022.03.001А-жолда жер теліміне актінің нөмірі көрсетіледі;
 - 022.03.001В-жолда жер теліміне актіні беру күні көрсетіледі;
 - 022.03.001С-жолда жер телімінің көлемі көрсетіледі;
 - 022.03.001D-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;
 - 2) 022.03.002 жолы егер өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жер телімі уақытша жер пайдалануда болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 02.03.002-жолда уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес мәлімет көрсетіледі:
 - 022.03.002А-жолда уақытша жер пайдаланудың тиісті түріне белгі (өтеусіз, тегін) жүргізіледі;
 - 022.03.002В-жолда уақытша жер пайдалану шартының нөмірі көрсетіледі;
 - 022.03.002С-жолда уақытша жер пайдалану шартын жасау күні көрсетіледі;
 - 022.03.002D-жолда уақытша жер пайдалану шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;
 - 022.03.002Е-жолда жер телімінің көлемі көрсетіледі;
 - 022.03.002F-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;
 - 022.03.002G-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі

;

022.03.002H-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

25. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. 022.04 нысаны бойынша қосымшаны жасау

26. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

27. "Жылжымайтын мүлік туралы мәлімет" бөлімінде:

1) 022.04.001 жолы егер алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер телімінің иесі, ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 022.04.001-жолда жылжымайтын мүлікке куәлікке сәйкес мәлімет көрсетіледі:

022.04.001A-жолда жылжымайтын мүлікке куәліктің нөмірі көрсетіледі;

022.04.001B-жолда жылжымайтын мүлікке куәліктің күні көрсетіледі;

022.04.001C-жолда үй-жайдың көлемі көрсетіледі;

2) 022.04.001 жолы егер алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер телімінің иесі, ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте осы жолда жалға алу шартына сәйкес мәлімет көрсетіледі:

022.04.002A-жолда жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

022.04.002B-жолда жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

022.04.002C-жолда жалға алу шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

022.04.002D-жолда үй-жай көлемі көрсетіледі;

022.04.002E-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі

;

022.04.002F-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

28. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

7. 022.05 нысаны бойынша қосымшаны жасау

29. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

30. "Фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналары туралы мәлімет" бөлімінде:

- 1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;
- 3) С бағанында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы тіркеу карточкасының нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

31. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 022.00-022.05 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Шыны ыдысты қабылдау бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтінішті жасау Ережесі (032.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса берілген шыны ыдысты қабылдау бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтініштерді (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 531-бабына сәйкес шыны ыдысты қабылдауды жүзеге асыратын салық төлеушілер жасайды.

2. Өтініш Өтініштің өзінен және оған қосымшалардан (032.01-ден 032.05-нысандар) тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалардың осындай парағы толтырылады.

9. Өтініш алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілердің әрбір тұрақты нүктелеріне толтырылады.

10. Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді қайта тіркеу кезінде, Өтініштің:

"Жалпы ақпарат" бөлімі толық көлемде;

басқа бөлімдер - олар бойынша бұрын берілген мәліметтерде тек қана өзгерістер болған жолдарды көрсетумен толтырылады.

11. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

12. Өтінішті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

13. Өтініш Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. 032.00 нысан бойынша өтінішті жасау

14. "Жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) А жолында - жеке кәсіпкердің аты-жөні және фирмалық атауы. Жеке кәсіпкердің аты-жөні және бар болса жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес оның фирмалық атауы көрсетіледі;

В жолында - заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі;

3) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес).

Жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

4) Заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің есептік тіркеуі) немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер. А - Заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің тіркеуі есебінің) тіркеу номері; В - жеке кәсіпкер куәлігінің сериясы; С - жеке кәсіпкер куәлігінің нөмірі; D - беру күні көрсетіледі;

5) қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы мәлімет. А - куәлік сериясы; В - куәлік нөмірі; С - есепке қойылған күні;

6) Өтінішті толтыру себебі. А - тіркеу; В - қайта тіркеу;

7) Берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

15. "Салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы мәлімет" бөлімінде:

1) 032.00.001-жолда шыны ыдысты қабылдау пунктінің орналасқан жері көрсетіледі:

032.00.001А-жолда облыстың атауы көрсетіледі;

032.00.001В-жолда қаланың (ауданның) атауы көрсетіледі;

032.00.001С-жолда кенттің (ауылдың) атауы көрсетіледі;

032.00.001D-жолда көшенің (даңғылдың, гүлзардың, бұрылыстың және т.б) атауы көрсетіледі;

032.00.001Е-жолда үйдің (ғимараттың) нөмірі көрсетіледі;

032.00.001F-жолда пәтердің нөмірі көрсетіледі;

032.00.001G-жолда салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілердің орнын анықтауға мүмкіндік беретін басқа мекен-жайының атауы көрсетіледі;

2) 032.00.002-жолда шыны ыдысты қабылдау пунктінің тиісті түріне (стационарлық, жылжымалы, өзге) белгі қойылады: А - тұрақты; В - жылжымалы; С - өзге;

3) 032.00.003-жолда шыны ыдыс үшін қойма жайлары туралы мәліметтер көрсетіледі:

032.00.003А-жолда шыны ыдыс үшін қоймалардың жалпы саны көрсетіледі;

032.00.003В-жолда шыны ыдыс үшін қоймалардың жалпы көлемі көрсетіледі;

4) 032.00.004-жолда шыны ыдысты қабылдаудың жылжымалы пункті туралы мәліметтер көрсетіледі;

032.00.004А-жолда автомашинаның мемлекеттік нөмірі көрсетіледі;

032.00.004В-жолда автомашинаның маркасы көрсетіледі;

5) 032.00.005-жолда шыны ыдысқа арналған ыдыс саны көрсетіледі;

6) 032.00.006-жолда шыны ыдысты қабылдау пунктінің жұмыс режимі туралы тиісті белгі қойылады: А - 8 сағат; В - 12 сағат; С - 24 сағат; D - немесе өзге);

7) 032.00.007-жолда шыны ыдысты қабылдау бойынша қызметті жүзеге асырушы салық төлеуші жер учаскесінің иесі, немесе учаскі тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, осы жолда жер теліміне меншік құқығына актіге (тұрақты жер пайдалану құқығына, бұдан әрі - жер телімінің актісі) сәйкес мәліметтері көрсетіледі:

032.00.007А-жолда жер телімі актісінің нөмірі көрсетіледі;

032.00.007В-жолда жер телімі актісін беру күні көрсетіледі;

032.00.007С-жолда шыны ыдысты қабылдау пункті алып жатқан жер телімінің көлемі көрсетіледі;

032.00.007D-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

Егер жер теліміне актілер саны біреуден астам болса, онда 032.01 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте 032.00 нысан бойынша өтініштің 032.00.007А, 032.00.007В және 032.00.007D-жолдары толтырылмайды. 032.00.007С-жолда 032.03 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 032.01.001С-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жер телімінің жалпы көлемі көрсетіледі;

8) 032.00.008 жолы егер шыны ыдысты қабылдау жөніндегі қызмет жерді уақытша пайдалану телімінде орналасқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте 032.00.008-жолда жерді уақытша пайдалану туралы шартқа сәйкес мәліметтер көрсетіледі:

032.00.008А-жолда жерді уақытша пайдаланудың тиісті түріне (өтемсіз, өтемді) белгі қойылады;

032.00.008В-жолда уақытша жер пайдалану шартының нөмірі көрсетіледі;

032.00.008С-жолда уақытша жер пайдалану шартын жасау күні көрсетіледі;

032.00.008D-жолда уақытша жер пайдалану шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

032.00.008E-жолда шыны ыдысты қабылдау пункті алып жатқан жер телімінің көлемі көрсетіледі;

032.00.008F-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

032.00.008G-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі ;

032.00.008H-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) атауы көрсетіледі;

Егер уақытша жер пайдалану туралы шарттардың саны біреуден астам болса, онда 032.01 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте 032.00 нысан бойынша өтініштің 032.00.008A, 02.00.008B, 032.00.008C, 032.00.006D, 02.00.008F, 032.00.008G және 032.00.008H-жолдары толтырылмайды. 032.00.008E-жолда 032.01 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 032.03.002E-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жер телімдерінің жалпы көлемі көрсетіледі;

9) 032.00.009-жолда жылжымайтын мүлікке құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке (бұдан әрі - жылжымайтын мүлікке куәлік) сәйкес мәлімет көрсетіледі;

032.00.009A-жолда жылжымайтын мүлікке куәліктің нөмірі көрсетіледі;

032.00.009B-жолда жылжымайтын мүлікке куәлікті беру күні көрсетіледі;

032.00.009C-жолда шыны ыдысты қабылдау пункті алып жатқан жайының көлемі көрсетіледі;

Егер жылжымайтын мүлікке куәлік саны біреуден астам болған жағдайда, онда 032.02 нысаны бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте, 032.00 нысаны бойынша өтініштің 032.0.009A, 032.00.009B жолдары толтырылмайды. 032.00.009C-жолда 032.02 нысаны бойынша -қосымшаның барлық парақтарының 032.02.01C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын үй-жайдың жалпы көлемі көрсетіледі;

10) 032.00.010 жолы егер шыны ыдысты қабылдау бойынша қызметте пайдаланылатын жылжымалы мүлік жалға алынған болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 032.00.10-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу шарты (бұдан әрі - жалға алу шарты) туралы мәлімет көрсетіледі:

032.00.010A-жолда жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

032.00.010B-жолда жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

032.00.010C-жолда жалға алу шартының қолданылу мерзімі көрсетіледі;

032.00.010D-шыны ыдысты қабылдау пункті алып жатқан жайының көлемі көрсетіледі;

032.00.010E-жолда жалға беруші - салық төлеушіні тіркеу нөмірі көрсетіледі;

032.00.010F-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) атауы көрсетіледі.

Егер жылжымайтын мүлікке жалға алу шарттарының саны біреуден астам болған жағдайда, онда 032.02 нысаны бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте, 032.00 нысаны бойынша 032.00.010A, 032.00.010B, 032.00.010C, 032.00.010E және 032.00.010F жолдары толтырылмайды. 032.00.010D-жолда 032.02 нысаны бойынша -қосымшаның барлық парақтарының 032.02.002D жолының сомасы ретінде айқындалатын, үй-жайдың жалпы көлемі көрсетіледі;

11) 032.00.011-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машиналары туралы мәлімет көрсетіледі:

032.00.011A-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны көрсетіледі;

032.00.011A-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны көрсетіледі. Егер фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының саны біреуден астам болған жағдайда, онда олар туралы мәліметтер 032.03 нысаны бойынша қосымшада толтырылады. Бұл ретте 032.00 нысаны бойынша өтініштің 032.00.011B, 032.00.011C және 032.00.011D жолдары толтырылмайды. 032.00.011A-жолда 032.03 нысаны бойынша қосымшаның соңғы парағы А бағанының соңғы рет нөміріне тең болуы тиіс фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны көрсетіледі.

032.00.011B-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;

032.00.011C-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасының нөмірі көрсетіледі.

032.00.011D-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Өтінішке салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) Өтінішті өткізген күні. Өтінішті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 032.01 нысаны бойынша қосымша жасау

17. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

18. "Жер телімдері туралы мәлімет" бөлімінде:

1) 032.01.001 жолы шыны ыдысты қабылдау бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) тұрақты жер пайдалану құқығында орналасқан жер телімі немесе жер телімінің меншік иесі болып табылған жағдайда толтырылады. Бұл ретте осы жолда жер телімі актісіне сәйкес мәлімет көрсетіледі:

032.01.001А-жолда жер теліміне актінің нөмірі көрсетіледі;

032.01.001В-жолда жер теліміне актіні беру күні көрсетіледі;

032.01.001С-жолда шыны ыдысты қабылдау пункті алып жатқан жер телімінің көлемі көрсетіледі;

032.01.001D-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 032.01.002 жолы егер шыны ыдысты қабылдау бойынша қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жер телімі уақытша жер пайдалануда болған

жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 032.01.002-жолда уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес мәлімет көрсетіледі:

032.01.002А-жолда уақытша жер пайдаланудың тиісті түріне белгі (өтеусіз, тегін) жүргізіледі;

032.01.002В-жолда уақытша жер пайдалану шартының нөмірі көрсетіледі;

032.01.002С-жолда уақытша жер пайдалану шартын жасау күні көрсетіледі;

032.01.002D-жолда уақытша жер пайдалану шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

032.01.002Е-жолда шыны ыдысты қабылдау пункті алып жатқан жер телімінің көлемі көрсетіледі;

032.01.002F-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

032.01.002G-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі ;

032.03.002H-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

19. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 032.02 нысаны бойынша қосымша жасау

20. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

21. "Жылжымайтын мүлік туралы мәлімет" бөлімінде:

1) 032.02.001 жолы егер шыны ыдысты қабылдау бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) жылжымалы меншік иесі болып табылған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 032.02.001-жолда жылжымалы мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет көрсетіледі:

032.02.001А-жолда жылжымалы мүлікке куәлік нөмірі көрсетіледі;

032.02.001В-жолда жылжымалы мүлікке куәлікті беру күні көрсетіледі;

032.02.001С-жолда шыны ыдысты қабылдау пунктінің алып жатқан үй-жайының көлемі көрсетіледі;

2) 032.02.002 жолы егер, шыны ыдысты қабылдау бойынша қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жылжымалы мүлік уақытша жер пайдалануда орналасқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 032.02.002-жолда жылжымалы мүлікті жалға алу шартына сәйкес мәлімет көрсетіледі:

032.02.002А-жолда жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

032.02.002В-жолда жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

032.02.002С-жолда шартқа сәйкес жалға алу мерзімі көрсетіледі;

032.02.002D-жолда шыны ыдысты қабылдау пунктінде орналасқан, жалға алынған жылжымалы үй-жайдың көлемі көрсетіледі;

032.02.002Е-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі ;

032.02.002F-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) - жалға алушының атауы көрсетіледі.

22. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. 032.03 нысаны бойынша-қосымша жасау

23. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

24. "Фискальдық жады бар бақылау-касса машиналары туралы мәлімет" бөлімінде:

1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;

3) С бағанында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы тіркеу карточкасының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

25. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 032.00-032.03 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Лотерея билеттерін сату және лотереяны ұйымдастыру, өткізу бойынша салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілері есебінің тіркеу карточкаларын алуға өтініш жасау ережелері (042.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 69-бабына сәйкес әзірленген және лотерея билеттерін сату және лотереяны ұйымдастыру, өткізу бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері есебінің тіркеу карточкаларын алуға тіркеу туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 531-бабының 2-тармағына сәйкес лотерея билеттерін сату мен ұйымдастыруды жүзеге асыратын салық төлеушілер жасайды.

2. Өтініш Өтініштің өзінен және оған қосымшалардан (042.01-ден 042.04-нысандар) тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша (-лар) тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша (-лар) толтыруға жатады.

8. Қосымшалар мен қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалардың мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

9. Өтініштің "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

10. Өтінішті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

11. Лотерея билеттерін сату және лотереяны ұйымдастыру, өткізу бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілерін қайта тіркеуді жүргізгенде, нысандар:

"Жалпы ақпарат" бөлімі - түгел;

басқа бөлімдерде - тек бұрын табыс етілген мәліметтерде болған өзгерістер бойынша жолдар толтырылады.

12. Өтініш лотереяның әрбір түріне жеке толтырылады.

13. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Өтінішті толтыру

14. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) заңды тұлғаның атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі;

3) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер: А - куәліктің тіркеу нөмірі; В - куәлікті беру күні көрсетіледі;

5) кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия туралы мәлімет: А - лицензиялардың саны-барлығы; В - лицензияланатын қызметтің түрі; С - лицензияның нөмірі; D - лицензияны беру күні; Е - лицензиар атауы көрсетіледі;

Егер салық төлеушіде лицензияның саны бірден көп болса, 042.01 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте 042.00 нысан бойынша өтініштің 5А жолында 042.01 нысан бойынша қосымшаның соңғы парағының А бағанының соңғы реттік нөміріне тең болуы тиіс лицензиялардың жалпы саны көрсетіледі, 042.00 нысан бойынша өтініштің 5В, 5С, 5D, 5Е жолдары толтырылмайды.

6) өтінішті толтыру себебі: А - тіркеу; В - қайта тіркеу.

7) Берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

15. "Салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы мәліметтер" бөлімінде:

- 1) 042.00.001 жолда лотерея түрі көрсетіледі;
- 2) 042.00.002 жолда лотерея атауы көрсетіледі;

3) 042.00.003 жолда сатуға шығаруға дайындалған лотерея билеттерінің саны көрсетіледі;

4) 042.00.004 жолда бір лотерея билетінің құны көрсетіледі;

Егер тіркелген шығару лотерея билеттерінің құны әр түрлі номиналды болса, бұл жол толтырылмайды;

5) 042.00.005 жолда ұтысты лотерея билетінің саны көрсетіледі;

6) 042.00.006 жолда түсімнің көрсетілген сомасы көрсетіледі;

7) 042.00.007 жолда жүлде қорының сомасы көрсетіледі;

8) 042.00.008 жолда лотерея билеттерін сатуды бастау күні көрсетіледі;

9) 042.00.009 жолда лотерея билеттерін сатуды аяқтау күні көрсетіледі;

10) 042.00.010 жолда лотерея билеттерін сатушылардың - жеке (заңды тұлғалардың) олардың құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі - лотерея билеттерін сатушылар) жалпы саны көрсетіледі. Бұл ретте 042.00 нысан бойынша өтініштің 042.00.010 жолында көрсетілген лотерея билеттерін сатушылардың жалпы саны 042.02 нысан бойынша қосымшаның соңғы бетіндегі А бағанының соңғы реттік нөміріне тең болуы тиіс;

11) 042.00.011 жолда сатылатын лотерея билеттерінің жалпы саны көрсетіледі. Бұл орайда 042.02 нысан бойынша өтініштің 042.00.011 жолына 042.03 нысан бойынша қосымшаның 042.03.001D жолынан қорытынды деректер көшіріледі;

12) 042.00.012 жолда лотерея билеттерін сату орнының жалпы саны көрсетіледі. Бұл ретте 042.00 нысан бойынша өтініштің 042.00.012 жолында көрсетілген лотерея билеттерін сату орнының жалпы саны 042.04 нысан бойынша қосымшаның соңғы бетіндегі А бағанының соңғы реттік нөміріне тең болуы тиіс;

13) 042.00.013 жолда акциз сомасы, сатуға шығарылған лотерея билеттерін тіркеу үшін бюджетке акциз төлеуді растайтын құжат нөмірі мен күні көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Өтінішке салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Өтініш

электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) өтінішті өткізген күні. Өтінішті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 042.01 нысан бойынша қосымшаны толтыру

17. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

18. "Лицензия туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) А бағанында аралық нөмірлеуді көрсете отырып рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында қызметтің лицензияланатын түрі мен лицензиардың атауы көрсетіледі;

3) С бағанында лицензияның нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында лицензияны беру күні көрсетіледі.

19. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 042.02 нысан бойынша қосымшаны толтыру

20. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.
- 21. "Лотерея билеттерін сатушылар туралы мәліметтер" бөлімінде:
 - 1) А бағанында аралық нөмірлеуді көрсете отырып рет нөмірі көрсетіледі;
 - 2) В бағанында лотерея билеттерін сатушының аты-жөні немесе атауы көрсетіледі;
 - 3) С бағанында лотерея билеттерін сатушының салық төлеушіні тіркеу нөмірі көрсетіледі.
- 22. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. 042.03 нысан бойынша қосымшаны толтыру

- 23. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:
 - 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі;
 - 3 - сатылатын лотерея билеттері серияларын жалпы саны.
- 24. "Сатылатын лотерея билеттері туралы мәліметтер" бөлімінде:
 - 1) 042.03.001D жолында 042.03 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтарының D бағанының көрсеткіштерін қосындылау жолымен айқындалатын сатылатын лотерея билеттерінің жалпы саны көрсетіледі. Бұл орайда жиынтық деректер 042.03 нысан бойынша қосымшаның бірінші парағында ғана толтырылады;
 - 2) А бағанында аралық нөмірлеуді қолдана отырып реттік нөмірі көрсетіледі;
 - 3) В бағанында сатылатын лотерея билеттерінің сериялары мен көрсетіледі;
 - 4) С бағанында сатылатын лотерея билеттерінің нөмірлері көрсетіледі;
 - 5) D бағанында сатылатын лотерея билеттерінің саны көрсетіледі.
- 25. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. 042.04 нысан бойынша қосымшаны толтыру

- 26. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:
 - 1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.
- 27. "Лотерея билеттерін сату орны туралы мәлімет" бөлімінде:
 - 1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолдана отырып реттік нөмірі көрсетіледі;
 - 2) В бағанында лотерея билеттерін сату орындары туралы мәліметтер (облыс, қала, аудан, кент, ауыл, көше, тұйық көше, үйдің нөмірі, пәтер және тағы да басқа).

28. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 042.00-042.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Темекі бұйымдарын өндіру, көтерме сату және импорты бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтінішті жасау ережесі (052.00)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоса берілген нысандардан тұратын, темекі бұйымдарын өндіру, көтерме сату және импорты бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу мен қайта тіркеу туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 531-бабына сәйкес темекі бұйымдарын өндіруді, көтерме сатуды және импортын жүзеге асыратын салық төлеушілер жасайды.

2. Өтініш Өтініштің өзінен және оған қосымшалардан (052.01-ден 052.05-нысандар) тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша (-лар) тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша (-лар) толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалардың осындай парағы толтырылады.

9. Өтініш алкоголь өнімін өндіру және (немесе) көтерме сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілердің әрбір тұрақты нүктелеріне толтырылады.

10. Темекі бұйымдарын өндіру, көтерме сату және импорты бойынша салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді қайта тіркеу кезінде, Өтініштің:

"Жалпы ақпарат" бөлімі толық көлемде;

басқа бөлімдер - олар бойынша бұрын берілген мәліметтерде тек қана өзгерістер болған жолдарды көрсетумен толтырылады.

11. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

12. Өтінішті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

13. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. 052.00 нысан бойынша өтінішті жасау

14. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) А жолында - жеке кәсіпкердің аты-жөні және фирмалық атауы. Жеке кәсіпкердің аты-жөні және бар болса жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес оның атауы көрсетіледі.

В жолында - Заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі;

3) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен

көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес).

Жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

4) заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің есептік тіркеуі) немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер: А - заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің есептік тіркеуі) мемлекеттік тіркеу туралы нөмірі; В - жеке кәсіпкер куәлігінің сериясы; С - жеке кәсіпкер куәлігінің нөмірі; D - куәлікті беру күні көрсетіледі;

5) қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы мәлімет көрсетіледі: А - куәлік сериясы; В - куәлік нөмірі; С - есепке қою күні;

6) кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия (бұдан әрі - лицензия) туралы мәлімет көрсетіледі: А - лицензияның саны-барлығы; В - лицензияның нөмірі; С - берілген күн; D - лицензиардың атауы.

Егер салық төлеушіде лицензиялар саны біреуден астам болса, онда олар туралы мәлімет 022.01 нысан бойынша қосымшада толтырылады. Бұл ретте, 022.00 нысан бойынша өтініштің 6В, 6С, 6D, 6Е-жолдары толтырылмайды. 022.00 нысан бойынша өтініштің 6А-жолында 022.01 нысан бойынша қосымшаның соңғы парағының А бағанының рет нөміріне тең болуы тиіс лицензиялардың жалпы саны көрсетіледі;

7) өтінішті толтыру себебі. А - тіркеу; В - қайта тіркеу.

15. "Салық салу объектілері және салық салумен байланысты объектілер туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 052.00.001 жолында жүзеге асырылатын қызмет орны көрсетіледі:

052.00.001А жолында облыс атауы көрсетіледі;

052.00.001В жолында қала, аудан атауы көрсетіледі;

052.00.001С жолында кент немесе ауыл атауы көрсетіледі;

052.00.001D жолында көше (даңғыл, гүлзар, тұйық көше және т.б) атауы көрсетіледі;

052.00.001Е жолында ғимарат нөмірі көрсетіледі;

052.00.001F жолында салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілердің тұрған жерін анықтауға мүмкіндік беретін басқа мекен-жайының атауы көрсетіледі;

2) 052.00.002 жолында қызмет түрі көрсетіледі:

052.00.002А жолында өндірілетін темекі бұйымдарының (тұтынушы ыдысына қорапталған және соңғы тұтынушыға арналған фильтрлі сигареталар, филтрсіз сигареталар, папиростар, сигаралар, сигариллалар, шегетін, шайнайтын, иіскейтін темекі (бұдан әрі - темекі)) түрі көрсетіледі;

052.00.002В жолында көтерме саудада сатылатын темекі бұйымдарының (филтрлі сигареталар, филтрсіз сигареталар, папиростар, сигаралар, сигариллалар, темекі) түрі көрсетіледі;

052.00.002С жолында импортталатын темекі бұйымдарының (филтрлі сигареталар, филтрсіз сигареталар, папиростар, сигаралар, сигариллалар, шегетін, шайнайтын, иіскейтін темекі) түрі көрсетіледі;

3) 052.00.003-жолда темекі өнімі үшін қойма жайлары туралы мәліметтер көрсетіледі:

052.00.003А-жолда қоймалардың саны көрсетіледі;

052.00.003В-жолда қоймалардың алатын жалпы көлемі көрсетіледі;

4) 052.00.004 жолы егер темекі бұйымын өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер телімінің иесі, ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, осы жолда жер теліміне меншік құқығына актіге (тұрақты жер пайдалану құқығына, бұдан әрі - жер телімінің актісі) сәйкес мәліметтері көрсетіледі:

052.00.004А-жолда жер учаскі актісінің нөмірі көрсетіледі;

052.00.004В-жолда жер учаскі актісін беру күні көрсетіледі;

052.00.004С-жолда жер учаскінің көлемі көрсетіледі;

052.00.004D-жолда жер учаскінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі.

Егер жер учаскіне актілер саны біреуден астам болса, онда 052.03 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 052.00.004А, 02.00.004В және 052.00.004D-жолдары толтырылмайды.

052.00.004С-жолда 052.02 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 052.03.001С-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жер учаскінің жалпы көлемі көрсетіледі;

5) 052.00.005-жолы егер темекі бұйымын өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызмет жүзеге асырылатын жер учаскі уақытша жер пайдалануда болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте бұл жолда уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес мәліметтер көрсетіледі:

052.00.005А-жолда уақытша жер пайдаланудың тиісті түрі (өтеусіз, тегін) көрсетіледі;

052.00.005В-жолда уақытша жер пайдалану шартының нөмірі көрсетіледі;

052.00.005С-жолда уақытша жер пайдалану шартын жасау күні көрсетіледі;

052.00.005D-жолда уақытша жер пайдалану шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

052.00.005Е-жолда жер учаскінің көлемі көрсетіледі;

052.00.005F-жолда жер учаскінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

052.00.005G-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі ;

052.00.005H-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) - жалға берушінің атауы көрсетіледі.

Егер уақытша жер пайдалану туралы шарттардың саны біреуден астам болса, онда 052.02 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 052.00.005A, 02.00.005B, 052.00.005C, 052.00.004D, 02.00.005F, 052.00.005G және 052.00.00H-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 052.00.005E-жолда 052.02 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 052.03.002E-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жер телімдерінің жалпы көлемі көрсетіледі;

6) 052.00.006-жолда жылжымайтын мүлікке құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке (бұдан әрі - жылжымайтын мүлікке куәлік) сәйкес мәлімет көрсетіледі:

052.00.006A-жолда жылжымайтын мүлікке куәліктің нөмірі көрсетіледі;

052.00.006B-жолда жылжымайтын мүлікке куәлікті беру күні көрсетіледі;

052.00.006C-жолда үй-жай көлемі көрсетіледі.

Егер жылжымайтын мүлікке куәлік саны біреуден астам болса, онда 052.03 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 052.00.006A және 02.00.006B-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 052.00.006C-жолда қосымшаның барлық парақтары 052.03.001C-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын үй-жайдың жалпы көлемі көрсетіледі;

7) егер темекі бұйымын өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметте пайдаланылатын жылжымайтын мүлік жалға алынған болса, онда 052.00.07-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу шарты (бұдан әрі - жалға алу шарты) туралы мәлімет көрсетіледі:

052.00.07A-жолда жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

052.00.07B-жолда жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

052.00.07C-жолда жалға алу шартының қолдану мерзімі көрсетіледі;

052.00.07D-жолда үй-жай көлемі көрсетіледі;

052.00.07E-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

052.00.07F-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) атауы көрсетіледі.

Егер жылжымайтын мүлікті жалға алу шарттарының саны біреуден астам болса, онда 052.03 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 052.00.007A, 052.00.007B, 052.00.007C, 052.00.007E және 052.00.007F-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 052.00.007D-жолда 052.03 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтары 052.03.002D-жолдарының сомасы ретінде айқындалатын үй-жайдың жалпы көлемі көрсетіледі.

8) 052.00.008-жолда салыктарды есептеу мен төлеу тәртібі туралы тиісті белгі жүргізіледі (оңайлатылған Өтініш бойынша, жалпы белгіленген тәртіпте, патент бойынша):

052.00.008А-жолда оңайлатылған декларация бойынша;

052.00.008В-жолда жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен;

052.00.008С-жолда патент бойынша;

9) 052.00.009-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машиналары туралы мәлімет көрсетіледі:

Егер фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының саны біреуден астам болса, онда 052.04 нысан бойынша қосымша толтырылады. Бұл ретте өтініштің 052.00.009В, 02.00.009С, 052.00.009D-жолдары толтырылмайды. Өтініштің 052.00.009А-жолда 052.04 нысан бойынша қосымшаның соңғы парағы А бағанының соңғы рет нөміріне тең болуы тиіс фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны көрсетіледі;

052.00.009А-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарының жалпы саны көрсетіледі;

052.00.009В-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;

052.00.009С-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі;

052.00.009D-жолда фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Өтінішке салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) өтінішті өткізген күні. Өтінішті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі;

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 052.01 нысаны бойынша қосымшаны жасау

17. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

18. "Лицензиялар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында лицензияланатын қызмет түрі және лицензиар атауы көрсетіледі;

3) С бағанында лицензияның нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында лицензияны беру күні көрсетіледі.

19. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 052.02 нысан бойынша қосымша жасау

20. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

21. "Жер телімдері туралы мәлімет" бөлімінде:

1) 052.02.001 жолы егер темекі бұйымын өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер учаскінің иесі, ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, осы жолда жер учаскі актісіне сәйкес мәлімет көрсетіледі:

052.02.001А-жолда жер учаскіне актінің нөмірі көрсетіледі;

052.02.001В-жолда жер учаскіне актіні беру күні көрсетіледі;

052.02.001С-жолда жер учаскінің көлемі көрсетіледі;

052.02.001D-жолда жер учаскінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 052.02.002 жолы егер өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жер учаскі уақытша жер пайдалануда болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте, 052.02.002-жолда уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес мәлімет көрсетіледі:

052.02.002А-жолда уақытша жер пайдаланудың тиісті түріне белгі (өтеусіз, тегін) жүргізіледі;

052.02.002В-жолда уақытша жер пайдалану шартының нөмірі көрсетіледі;

052.02.002С-жолда уақытша жер пайдалану шартын жасау күні көрсетіледі;

052.02.002D-жолда уақытша жер пайдалану шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

052.02.002Е-жолда жер учаскінің көлемі көрсетіледі;

052.02.002F-жолда жер учаскінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

052.02.002G-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі

;

052.02.002H-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

22. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. 052.03 нысан бойынша қосымшаны жасау

23. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

24. "Жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 052.03.001 жолы егер темекі бұйымын өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер учаскінің иесі, ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 052.03.001-жолда жылжымайтын мүлікке куәлікке сәйкес мәлімет көрсетіледі:

052.03.001А-жолда жылжымайтын мүлікке куәліктің нөмірі көрсетіледі;

052.03.001В-жолда жылжымайтын мүлікке куәліктің күні көрсетіледі;

052.03.001С-жолда үй-жайдың көлемі көрсетіледі;

2) 052.03.001 жолы егер темекі бұйымын өндіру және (немесе) көтерме сату бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) жер учаскінің иесі, ия болмаса телім тұрақты жер пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте осы жолда жалға алу шартына сәйкес мәлімет көрсетіледі:

052.03.002А-жолда жалға алу шартының нөмірі көрсетіледі;

052.03.002В-жолда жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;

052.03.002С-жолда жалға алу шартының қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

052.03.002D-жолда үй-жай көлемі көрсетіледі;

052.03.002Е-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі

;

052.03.002F-жолда жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

25. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. 052.04 нысаны бойынша қосымшаны жасау

26. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1 - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2 - парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

27. "Фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналары туралы мәлімет" бөлімінде:

1) А бағанында аралық нөмірлеуді қолданумен рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында бақылау-касса машинасының маркасы көрсетіледі;

3) С бағанында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасы тіркеу карточкасының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында фискальдық жады бар бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беру күні көрсетіледі.

28. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 052.00-052.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады

Ойын бизнесіне салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтінішті жасау ережесі (062.00)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ойын бизнесіне салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 531-бабына сәйкес қызметін ойын бизнесі саласында жүзеге асыратын салық төлеушілер жасайды.

2. Өтініш Өтініштің өзінен және оған қосымшадан (062.01-нысан) тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалардың осындай парағы толтырылады.

Қосымша ойын мекемесінің (тұрақты нүктесінің) әрқайсысы бойынша жеке толтырылады.

9. Декларацияның "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

10. Өтінішті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электрондық түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

11. Ойын бизнесіне салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілерін қайта тіркеуді жүргізгенде, нысандар:

"Жалпы ақпарат" бөлімі - түгел;

басқа бөлімдерде - тек бұрын ұсынылған мәліметтер бойынша өзгерістер болған жолдар ғана толтырылады. "Салық салынатын объектілер туралы мәліметтер" бөлімінің "Салық салынатын объектілердің жалпы саны" бағанының тиісті жолдарындағы салық салынатын объектілер істен шыққан кезде "0" мәні көрсетіледі.

12. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Өтінішті толтыру

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) объектілерді енгізу (шығару) күні;

3) жеке кәсіпкердің аты-жөні және фирмалық атауы. Жеке кәсіпкердің аты-жөні және бар болса жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес атауы көрсетіледі;

Заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес).

Жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде тек ғана негізгі қызметтің ЭҚЖЖ кодын көрсетеді;

5) өтінішті толтыру себебі: А - тіркеу; В - қайта тіркеу.

14. "Салық салу объектілері туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 062.00.001 жолында ойын үстелдерінің жалпы саны көрсетіледі;

2) 062.00.002 жолында ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

- 3) 062.00.001 жолында тотализатор кассаларының жалпы саны көрсетіледі;
- 4) 062.00.001 жолында букмекерлік кеңсесі кассаларының жалпы саны көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Өтінішке салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) өтінішті өткізген күні. Өтінішті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Қосымшаны толтыру

16. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) парақтардың жалпы саны. Қосымша парақтардың жалпы саны көрсетіледі;
- 3) ойын мекемесінің (тұрақты нүктесінің) атауы;
- 4) ойын мекемесінің (тұрақты нүктесінің) орналасқан орны. Облыстың, қаланың немесе ауданның, елді мекеннің, көшенің атауы, үйдің нөмірі көрсетіледі: А - облыс; В - қала немесе аудан; С - елді мекен; D - көше; Е - үйдің номері;
- 5) ойын бизнесі саласындағы қызметке берілген лицензиялар туралы мәліметтер. Ойын бизнесі саласындағы қызметке берілген лицензиялардың деректемелері, беру күні мен мерзімінің аяқталуы көрсетіледі: А - казино; В - ойын автоматтары залы; С - тотализатор; D - букмекер кеңсесі;

6) лицензиардың атауы.

17. "Салық салу объектілері туралы мәліметтер" бөлімінде:

- 1) 062.00.001 жолында ойын үстелдерінің жалпы саны көрсетіледі;
- 2) 062.00.002 жолында ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;
- 3) 062.00.001 жолында тотализатор кассаларының жалпы саны көрсетіледі;
- 4) 062.00.001 жолында букмекерлік кеңсесі кассаларының жалпы саны көрсетіледі.

18. "Жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер" бөлімінде (жеке меншік құқығына (жерді тұрақты пайдалану құқығында) акті мәліметтеріне сәйкес жер телімі жеке меншік құқығында немесе жерді тұрақты пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады):

1) 062.01.005-жолда жер теліміне меншік құқығы (жерді тұрақты пайдалану құқығы) актісі (бұдан әрі - акт) туралы мәліметтер көрсетіледі;

062.01.005А-жолда актінің берілген күні көрсетіледі;

062.01.005В-жолда акт нөмірі көрсетіледі;

062.01.005С-жолда ойын мекемесі (тұрақты нүкте) алатын жер телімінің көлемі (бұдан әрі - жер телімі) көрсетіледі;

062.01.005D-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 062.01.006-жолда жер телімін уақытша пайдалану туралы шарт деректеріне сәйкес мәлімет көрсетіледі;

062.01.006А-жолда жерді уақытша пайдаланудың тиісті түріне (ақылы, өтеусіз) белгі қойылады;

062.01.006В-жолда келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі;

062.01.006С-жолда келісім-шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі;

062.01.006D-жолда келісім-шарттың нөмірі көрсетіледі;

062.01.006Е-жолда жер телімінің аумағы көрсетіледі;
062.01.006F-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;
062.01.006G-жолда салық төлеуші-жалға берушінің тіркелу нөмірі көрсетіледі
;

062.01.006H-жолда жалға берушінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі.

19. "Жылжымайтын мүлік құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 062.01.007-жолда жылжымайтын мүлік (ойын орнына пайдаланылатын ғимарат, құрылыс немесе жай (тұрақты нүкте) (бұдан әрі - жылжымайтын мүлік) құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жөніндегі мәліметтер көрсетіледі;

062.01.007А-жолда жылжымайтын мүлік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің берілген күні көрсетіледі;

062.01.007В-жолда куәлік нөмірі көрсетіледі;

062.01.007С-жолда жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

2) 062.01.008-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу шарты (бұдан әрі - шарт) жөнінде мәліметтер көрсетіледі:

062.01.008А-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу келісімшартының күні көрсетіледі;

062.01.008В-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу келісім-шартының нөмірі көрсетіледі;

062.01.008С-жолда жалға беру келісім-шартының мерзімі көрсетіледі;

062.01.008D-жолда жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

062.01.008Е-жолда жалға беруші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі
;

062.01.008F-жолда жалға берушінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі.

20. "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 062.00-062.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

**Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережесі
(100-нысан)**

Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және резидент заңды тұлғалардың, сондай-ақ Салық Кодексінің 115, 120 және 121 -баптарына сәйкес 160-нысан бойынша Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация толтыратын әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мен коммерциялық емес ұйымдардан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен екінші деңгейдегі банкілер, мемлекеттік мекемелер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың, жер қойнауын пайдаланушылардың корпорациялық табыс салығын есептеу мен кірістерді мәлімдеуге арналған табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (100-нысан) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (100.01-тен 100.33 нысандар бойынша) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, тазартуға, былғауға жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу "=" - тең.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысанның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша(-лар) және (немесе) қосымша нысан(-дар) тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалар мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша(-лар)дың және (немесе) қосымша нысан(-дар)дың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияны "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымның хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларациясы тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларация Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (100.00 нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгертулер мен толықтырулар салық кезеңіне жататын, ол үшін қосымша Декларация толтырғанда белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеушіні таратқан (қайта құрған), кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеуші жылдық Декларацияны тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарттар" торкөзі тауарларды тиеп жіберуге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге жасалған, қолданылу мерзімі бір жылдан артық келісім-шарт бар болған жағдайда белгіленеді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация өткізген жағдайда белгіленеді:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) резидент емеспен беру кезінде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді;

10) мына шарттарға сәйкес келетін салық төлеушілер белгілейді:

1 - Салық кодексінің 119-1-бабының 1-тармағына;

2 - Салық кодексінің 139-бабының 3-тармағына;

3 - Салық кодексінің 140-4-бабының 1-тармағына;

4 - Салық кодексінің 139-бабының 3-тармағына;

11) мына шарттарға сәйкес келетін жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді :

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша толтырылған қызмет белгісі көрсетіледі;

12) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Декларация толтырылғанда жер қойнауын пайдаланушы жасаған келісім-шарттың нөмірі мен күні белгіленеді;

13) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесі бар резидент белгілейді.

14. Салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне Салық кодексінің 80, 184-баптарына сәйкес айқындалатын салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері енгізіледі.

15. "Жылдық жиынтық кіріс" бөлімінде:

1) 100.00.001 жолына 100.01.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 100.00.002 жолына 100.02.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 100.00.003 жолына Салық кодексінің 83-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Осы жолда салық төлеушіні тарату кезінде тарату теңгермесін бекіту сәтіне кредиторлар талап етпеген міндеттемелер де көрсетіледі;

4) 100.00.004 жолына 100.03.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.00.005 жолына 100.05.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 100.00.006 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес берешек талабына жол беруден салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

7) 100.00.007 жолында Салық кодексінің 80-бабының

2-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметін шектеу немесе тоқтатуға келісім үшін салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 100.00.008 жолына 100.22.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 100.00.009 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 11) тармақшаға сәйкес жалпы үлестік меншіктен кірісті бөлу кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

10) 100.00.010 жолында Салық кодексінің 80-бабындағы 2-тармақтың 12) тармақшасына сәйкес, егер бұл сома бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдар, бюджеттен қайтарылғандардан басқа сот тағайындаған немесе борышкер деп танылған айыппұлдар, өсімдер мен санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

11) 100.00.011 жолына 100.05.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 100.00.012 жолына 100.05.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындау жағдайында ізгілік көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған, сондай-ақ мүлік құны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік органнан немесе мемлекеттік кәсіпорыннан өтеусіз негізде алынған

негізгі қаражат құны 100.00.031Е және 100.00.023F жолдары бойынша жылдық жиынтық кірістен алып тастауға жатады;

- 13) 100.00.013 жолына 100.05.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 14) 100.00.014 жолына 100.04.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 15) 100.00.015 жолына 100.06.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 16) 100.00.016 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 18) тармақшаға сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;
- 17) 100.00.017 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 19) тармақшаға сәйкес роялти түріндегі салық төлеуші алған кіріс көрсетіледі;
- 18) 100.00.018 жолында 100.09.003А жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 19) 100.00.019 жолды жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Бұл жолға 100.26.001D немесе 100.26.002С жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 20) 100.00.020 жолды жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Бұл жолға 100.27.017 жолында көрсетілген сома, егер теріс мәнге ие болған жағдайда көшіріледі. 100.27.017 жолының теріс мәні модуль бойынша 100.00.020 жолына көшіріледі;
- 21) 100.00.021 жолына 100.05.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 22) 100.00.022 жолында 100.00.001 мен 100.00.021 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Жылдық жиынтық кірісті түзету" бөлімінде:

- 1) 100.00.023 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісті түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі, ол 100.00.023А - 100.00.021N жолдарының сомасын қосумен айқындалады;
- 2) 100.00.024 жолында 100.00.022 және 100.00.023 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын түзету есебімен жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі.

17. "Шегерімдер" бөлімінде:

- 1) 100.00.025 жолына 100.08.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 2) 100.00.026 жолына 100.09.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 3) 100.00.027 жолына 100.14.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 4) 100.00.028 жолына 100.14.004В жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 5) 100.00.029 жолына 100.15.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 6) 100.00.030 жолына 100.12.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 7) 100.00.031 жолына 100.11.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 8) 100.00.032 жолына 100.06.002В жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 9) 100.00.033 жолында Салық кодексінің 103-бабына сәйкес есептелген шектерде бюджетке төленген салықтардың сомасы көрсетіледі;
- 10) 100.00.034 жолына 100.12.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

11) 100.00.035 жолында 100.00.035А - 100.00.035F жолдарының сомасын қосумен айқындалатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстар мен басқа да шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

12) 100.00.035А жолына 100.12.003Е жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 100.00.035В жолына 100.10.001Е жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 100.00.035С жолына 100.12.003К жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 100.00.035D жолына 100.12.003J жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 100.00.035Е жолына 100.12.004В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 100.00.035F жолына 100.12.003F, 100.12.003Н және 100.12.005D жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

18) 100.00.036 жолын жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Бұл жолға 100.26.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

19) 100.00.037 жолын жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Бұл жолға 100.27.019С жолдарын қосумен айқындалатын сома көшіріледі;

20) 100.00.038 жолында шегерімдерге жатқызылуға жататын сома көрсетіледі . Осы жолға 100.00.038В немесе 100.00.038С жолдарында көрсетілген сома көшіріледі. Егер көрсетілген жолдарды салық төлеуші толтырмаған жағдай болса , онда 100.00.038А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

21) 100.00.038А жолында 100.00.025-тен 100.00.037 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі. Жалпы белгіленген тәртіппен салық салуға жататын кірістерді алғанда коммерциялық емес ұйымдар Декларацияны толтырғанда, 100.00.025-тен 100.00.037 жолдарында коммерциялық емес ұйымдар бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

22) 100.00.038В жолы Салық Кодексінің 120-бабына ережелеріне сәйкес келетін коммерциялық емес ұйымдар мен 130-нысан бойынша Корпорациялық табыс бойынша декларацияны және 100.00 нысан бойынша Корпорациялық табыс бойынша декларацияны бірге тапсыратындар толтырады. Бұл жолға 130.00.030 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

23) 100.00.038С жолын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты мекемесі бар резидент толтырады. Осы жолдың сомасы 100.00.038А және 100.10.002 жолдарындағы сомалар айырмасы ретінде айқындалады.

18. "Салық салынатын кіріс есебі" бөлімінде:

1) 100.00.039 жолында 100.00.024 және 100.00.038 жолдарының айырмасы ретінде салық салынатын кірістің (залалдың) сомасы көрсетіледі;

2) 100.00.040 жолына 100.18.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 100.00.041 жолында 100.00.041А және 100.00041В жолдарын қосумен айқындалатын халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірістің (залалдың) сомасы көрсетіледі;

4) 100.00.041А жолына 100.19.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.00.041В жолына 100.22.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 100.00.042 жолында 100.00.039, 100.00.040 және 100.00.041 (100.00.039 + 100.00.040 - 100.00.041) жолдарының сомалары айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кірістің (залалдың) сомасы көрсетіледі;

7) 100.00.043 жолында, 100.00.042 жолында залал алынған кезде, Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес көшіруге жатпайтын, Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарды шегерімге жатқызу нәтижесінде салық төлеуші алған залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер 100.00.035В жолы бойынша сома 100.00.039 жолының сомасынан астам немесе тең болса, онда 100.00.039 жолында 100.00.035 жолында көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 100.00.035В жолы бойынша сома 100.00.039 жолы бойынша сомадан аз болса, 100.00.043 жолына 100.00.035В жолының сомасы көшіріледі;

8) 100.00.044 жолында кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын (100.00.042 - 100.00.043 + 100.02.002) үй-жайларды, ғимараттар мен құрлыстарды сату кезінде алынған залал сомасынан қалыптасқан және көшіруге жатпайтын залал сомасына азайтылған есепті салық кезеңінің нәтижелері бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған көшіруге жататын залал сомасы көрсетіледі;

9) 100.00.045 жолында 100.00.042 x 3 пайызда + (100.00.045Е - 100.00.045Н) - 100.00.045І) сомаларының шегінде Салық кодексінің 16-бабына сәйкес (100.00.045А - 100.00.045D сомасы) салық салынатын кірістен (кіріске) алынып тастайтын (енгізілетін) шығыстардың (кірістердің) жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 100.00.045А жолында Салық кодексінің 116-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес 100.09.003А жолында көрсетілген әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардан шығыстардың асуы сомасының шегінде әлеуметтік сала объектілерін ұстап тұруға нақты шеккен шығыстар сомасы көрсетіледі;

11) 100.00.045В жолына 100.09.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 100.00.045С жолына 100.09.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 100.00.045D жолында Салық кодексінің 116-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке тұлғаларға берілетін атаулы әлеуметтік көмектің сомасы көрсетіледі;

14) 100.00.045Е жолын мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолда Салық кодексінің 116-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

15) 100.00.045F жолында Салық кодексінің 116-бабының 3-тармағына сәйкес негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасы көрсетіледі;

16) 100.00.045G жолында Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағының шарттарына сәйкес кезінде ауыл шаруашылығын несиелеуден кіріс сомасы және инвестициялық кірістің сомасы көрсетіледі;

17) 100.00.045H жолында Салық кодексінің 116-бабының

5-тармағына сәйкес пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін тіркелген активтерді сату кезінде Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі.

Егер 100.00.045A - 100.00.045D жолдарында көрсетілген шығыстардың нақты сомасы салық салынатын кірістен үш пайызбен кемінің сомасын құраса (100.00.042), онда салық салынатын кірістен алып тастауға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы жатады. Егер сома салық салынатын кірістен үш пайыздан астам құраған жағдайда, онда салық салынатын кірістің үш пайыздары мөлшерінде айқындалған сома алып тастауға жатады;

18) 100.00.047 жолында 100.00.042, 100.00.045 және 100.00.046 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын шеккен залалдар мен түзетулерді ескеріп салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 100.00.046 жолында көрсетілген сома бұрынғы екі жолдың айырмасынан үлкен болса, онда осы жолдың шамасы теріс болады. Алынған сома 100.21.001 жолына көшіріледі.

19. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 100.00.048 жолында 100.21.002 жолында айқындалған есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 100.00.049 жолында 100.21.006 жолында айқындалған таза кіріске салық сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.050 жолында 100.21.003 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші жүргізген есептің сомасы көрсетіледі;

4) 100.00.051 жолында 100.21.007 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін төленген аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

5) 100.00.052 жолы толтырылуға жатпайды;

6) 100.00.053 жолы толтырылуға жатпайды;

7) 100.00.054 жолы толтырылуға жатпайды.

20. "Басқа да ақпарат" бөлімінде:

100.00.055 жолына 100.18.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

21. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістер - 100.01 нысанын жасау

22. Бұл нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірісті айқындауға арналған.

23. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығының лауреаты болып табылатын салық төлеуші белгілейді;

4) оларды өндіру процесі сапа менеджменті және қоршаған ортаны басқару жүйесінің 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сертификатталған, Салық кодексінің 140-7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, өз өндірісінің тауарларын өткізетін, "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығының лауреаты - заңды тұлғалар белгілейді;

5) сапа менеджменті және қоршаған ортаны басқару жүйесінің 9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестік сертификаттарының берілген күні мен нөмірі көрсетіледі. Егер 4-жол белгіленген жағдайда толтырылады: А жолында - ИСО 9000; В жолында - ИСО 1400.

24. "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату" бөлімінде:

1) 100.01.001 жолы Салық кодексінің 140-7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, өз өндірісінің тауарларын қоспағанда, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 100.01.002 жолы Салық кодексінің 140-9-бабы 2-тармағының үшінші бөлігі шарттарына сәйкес келетін өз өндірісінің сертификатталған тауарларын қоспағанда, Салық кодексінің 140-7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, өз өндірісінің тауарларын сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 100.01.003 жолы Салық кодексінің 140-9-бабы 2-тармағының үшінші бөлігі шарттарына сәйкес келетін өз өндірісінің сертификатталған тауарларын сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

4) 100.01.004 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші сатқан тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жалпы құнын көрсетуге арналған.

100.01.001С + 100.01.002С + 100.01.003С жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

25. 100.01.004 жолының шамасы 100.00.001 жолына көшіріледі.

26. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

27. 100.01.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызметтің түрлері көрсетіледі. Бұл ретте, салық төлеуші қызметтің жүзеге асырылатын түрлері бойынша әр парак бойынша тиісті топты (класс) көрсетеді;
- 3) С бағанда есепті салық кезеңінің ішінде сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі. Сонымен қатар аталған бағанда Салық кодексінің 73-1-бабына сәйкес анықталған , мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқуының сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанда Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген түзету сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағындағы 4) тармақшаға сәйкес, егер шарт жағдайларымен сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлем шетел валютасындағы белгілі сомаға тең сомадан теңгеде жүргізілсе, оларды төлеу кезінде сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны түзетуге жатады;
- 5) Е бағанда аталған өзгерістер болған сол салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізілетін, жүргізілген түзетуден кейін сатылған тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. С және D бағандарының сомасы ретінде айқындалады. Түзету болмаған жағдайда Е бағанға С бағанда көрсетілген деректер көшіріледі.

100.01.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 100.01.001А жолына, D бағаны - 100.01.001В жолына, Е бағаны 100.01.001С жолына көшіріледі.

28. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

29. 100.01.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда өз өндірісінің сатылған тауарларының атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда есепті салық кезеңінің ішінде өз өндірісінің сатылған тауарларының құны көрсетіледі;

4) D бағанда Салық кодексі 81-бабының 2-тармақшасына сәйкес жүргізілген түзетудің сомасы көрсетіледі. Сонымен қатар аталған бағанда Салық кодексінің 73-1-бабына сәйкес анықталған, мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқуының сомасы көрсетіледі;

5) E бағанда жүргізілген түзетуден кейін өз өндірісінің сатылған тауарларының құны көрсетіледі. C және D бағандарының сомалары ретінде айқындалады.

100.01.002 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 100.01.002A жолына, D бағаны - 100.01.002B жолына, E бағаны 100.01.002C жолына көшіріледі.

30. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

31. 100.01.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
2) B бағанда өз өндірісінің сертификатталған сатылған тауарларының атауы көрсетіледі;

3) C бағанда есепті салық кезеңінің ішінде өз өндірісінің сертификатталған, сатылған тауарларының құны көрсетіледі;

4) D бағанда Салық кодексі 81-бабының 2-тармақшасына сәйкес жүргізілген түзетудің сомасы көрсетіледі. Сонымен қатар аталған бағанда Салық кодексінің 73-1-бабына сәйкес анықталған, мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқуының сомасы көрсетіледі;

5) E бағанда жүргізілген түзетуден кейін өз өндірісінің сертификатталған, сатылған тауарларының құны көрсетіледі. C және D бағандарының сомалары ретінде айқындалады.

100.01.003 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 100.01.003A жолына, D бағаны - 100.01.003B жолына, F бағаны 100.01.003C жолына көшіріледі.

32. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс - 100.02 нысанын жасау

33. Бұл нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда),

сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қажеті үшін сатып алынған активтерден басқа амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірісті айқындауға арналған.

34. "Үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату" бөлімінде:

1) 100.02.001 жолында үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.02.002 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.02.003 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

35. "Амортизацияға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

100.02.004 жолы үй-жайлар, ғимараттар мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

36. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 100.02.005 жолы өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған акцияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыстың (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.02.006 жолы облигациялардан басқа, өзге бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.02.007 жолы өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыстың (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 100.02.008 жолы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 100.02.009 жолы басқа облигацияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 100.02.010 жолы Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңінен көшірілген өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан залал сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 100.02.011 жолы 100.02.010 жолының сомасына азайтылған 100.02.006, 100.02.008, 100.02.009 жолдарының сомасы мен (немесе) әртүрлілігі ретінде айқындалатын шеккен залалдар сомасын ескеріп өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі акциялар мен облигацияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды, мемлекеттік бағалы қағаздарды, агенттік облигацияларды сатудан кірістің (залалдың) сомасын көрсетуге арналған.

37. "Жиыны" бөлімінде:

100.02.012 жолында үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде қосылған құн өсуінен кірістің жалпы сомасы, сондай-ақ 100.02.001, 100.02.004, 100.02.005, 100.02.007, 100.02.008 және 100.02.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (осы жолдар бойынша кірісті алу кезінде) бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жататын активтер көрсетіледі.

38. 100.02.002 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан салық төлеушінің залал алуы кезінде осы залал Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш жылды қоса алғанда мерзімге көшіріледі. Аталған сома 100.00.040 жолының сомасын айқындау кезінде есептелмейді.

100.02.003 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан залалды алу жағдайында осы залал салық салу мақсатында есептелмейді.

100.02.005 және 100.02.007 жолдарында кірісті алу кезінде осы сомалар Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағындағы 3-тармақшаға сәйкес 100.00.021С жолына көшіріледі.

100.02.008 жолындағы кірісті алу кезінде осы сома 100.00.021D жолына көшіріледі.

Үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде алынуға жататын (алынған) құн өсуінен кіріс, сондай-ақ 100.02.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жатпайтын активтер 100.00.002 жолына көшіріледі.

39. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

40. 100.02.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда сату кезінде кіріс алған "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Мемлекеттік жіктеуішін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитет Төрағасының 2005 жылғы 24 мамырдағы N 150 бұйрығымен бекітілген "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне (бұдан әрі - "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуіші) сәйкес сатылған үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде С бағанда бұрынғы тиісті салық кезеңінің 100.16.001 жолына қосымша нысанның F бағандағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда С бағанда кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанда аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанда Салық кодексінің 113-бабы 2-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) құнының өсімінен түскен кіріс азайтылатын жөндеуге кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі. Осы сома D және C бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын (D - C) көрсетілген активтер құнының өсуінен түскен кіріс сомасынан аспауы тиіс, қосымша нысанның N бағанының тиісті жолынан 100.16.001 жолына көшіріледі;

6) F бағанда D бағаны және C мен E бағандарының сома айырмасы ретінде айқындалатын (D - C - E) оларды сатудан кіріс көрсетіледі.

100.02.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.02.001 жолына көшіріледі.

41. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

42. 100.02.002, 100.02.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес сату кезінде кіріс алған сатылған үй-жайлардың, ғимараттардың (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) коды көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде C бағанда тиісті салық кезеңінің 100.16.001 жолына қосымша нысанның F бағандағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің бастапқы құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда C бағанда кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанда аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанда D және C бағандарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан келген залал көрсетіледі.

100.02.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.02.002 жолына, 100.02.003 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.02.003 жолына көшіріледі.

43. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

44. 100.02.004 жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда үй-жайлардың, ғимараттардың (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын сатылған активтердің тиісті коды көрсетіледі;

амортизациялауға жатпайтын басқа да активтерді өткізу кезінде құралады.
Амортизациялауға жатпайтын активтерге:

- 01 - жер учаскелері;
- 02 - құрылысы аяқталмаған объектілер;
- 03 - орнатылмаған жабдық;
- 04 - салық төлеуші тауарларды өндіруде, жұмыстарды орындауда, қызметтер көрсетуде пайдаланбайтын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер;
- 05 - бағалы қағаздар;
- 06 - кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғаға, консорциумдарға қатысу үлесі;
- 07 - Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған салық заңдарына сәйкес бұрын құны толық шегерімге жатқызылған негізгі құралдар;
- 08 - осы Кодекстің 138-140-баптарына сәйкес құны шегерімге жатқызылған, инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген тіркелген активтер;

3) С бағанда:

қатысу үлесі бойынша - сатып алу құны;

Салық кодексінің 82-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша - "0";

өзге де жағдайларда - Салық кодексінің 82-бабы 2-тармағына сәйкес объектілердің бастапқы құны көрсетіледі;

4) D бағанда объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанда D және C бағандарда көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар E бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында есептелмейді.

100.02.004 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.02.004 жолына көшіріледі.

45. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

46. 100.02.005, 100.02.006 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда облигациялардан басқа, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың күні көрсетіледі;

5) E бағанда бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;

6) F бағанда бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;

7) G бағанда F және E бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

100.02.005 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 100.02.005 жолына, 100.02.006 жолына - 100.02.006 жолына қосымша нысан E бағаны көшіріледі.

47. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

48. 100.02.007 жолына қосымша нысандар:

1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған, қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатылған облигациялардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған, қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатылған облигациялардың ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған, қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатылған облигациялардың ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың күні көрсетіледі;

5) E бағанда облигациялардың саны көрсетіледі;

6) F бағанда облигациялардың айналым мерзімі (күнмен) көрсетіледі;

7) G бағанда облигациялардың номиналдық құны көрсетіледі;

8) H бағанда купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған облигациялардан басқа облигациялардың сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған облигациялар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

9) I бағанда облигацияларды сатып алу күні көрсетіледі;

10) J бағанда G және H бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

11) K бағанда олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз облигацияларды сату құны көрсетіледі. Осы

бағанда көрсетілген купон сомасы 100.04.002 жолына қосымша нысан F бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;

12) L бағанда облигацияларды сату күні көрсетіледі;

13) M бағанда облигацияларды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:

$M=(J/F) \times (L-I)$, онда

(L-I) - бағалы қағаздарды иелену кезеңі, күндерде;

14) N бағанда $N=(K-(H+M))$ формуласы бойынша айқындалатын облигацияларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

100.02.007 жолына қосымша нысан N бағанының жиынтық шамасы 100.02.007 жолына көшіріледі.

49. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

50. 100.02.008, 100.02.009 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда сатылған берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанда берешек бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

4) D бағанда берешек бағалы қағаздардың айналым мерзімі (күні) көрсетіледі;

5) E бағанда берешек бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі;

6) F бағанда купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанда берешек бағалы қағаздарды сатып алу күні көрсетіледі;

8) H бағанда E және F бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанда олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілген купон сомасы 100.08.002 жолына қосымша нысан G бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;

10) J бағанда берешек бағалы қағаздарды сату күні көрсетіледі;

11) K бағанда берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:

$K=(H/D) \times (J-G)$, онда

(J-G) - күндегі берешек бағалы қағазды иелену кезеңі;

12) L бағанда $L=(I-(F+K))$ формуласы бойынша айқындалатын берешек бағалы қағазды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

100.02.007 жолына қосымша нысан L бағанының жиынтық шамасы 100.02.007 жолына, 100.02.008 жолына қосымша нысан L бағаны 100.02.008 жолына, 100.02.009 жолына қосымша нысан L бағаны 100.02.009 жолына көшіріледі.

51. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

52. 100.02.010 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;
- 3) С бағанда бұрынғы салық кезеңі үшін Е бағанда айқындалатын бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанда есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал) көрсетіледі. Осы бағанға 100.02.006, 100.02.008, 100.02.009 жолдарының сомасы көшіріледі;
- 5) Е бағанда одан кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандары сомасы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағымен белгіленген залалдарды көшіру үшін мерзім аяқталуына дейін келесі салық кезеңінің С бағанға көшіріледі;
- 6) F бағанда Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес көшіру мерзімінің аяқталуымен байланысты одан кейінгі салық кезеңдеріне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

100.02.010 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін С бағанының шамасы 100.02.010 жолына көшіріледі.

53. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер

- 100.03 нысанын жасау

54. Бұл нысан Салық кодексінің 84-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша кірістерді айқындауға арналған.

55. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

- 1) 100.03.01 жолы кіріске енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

56. "Қызметкерлердің кірістері бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:
100.03.002 жолы кіріске енгізілетін қызметкерлердің күмәнді міндеттемелерінің сомасын көрсетуге арналған:

1) 100.03.002А жолында салық төлеуші күмәнді деп таныған қызметкерлердің кірістері бойынша кредиттік берешегінің сомасы көрсетіледі;

2) 100.03.002В жолында салық төлеуші күмәнді деп таныған міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредиттік берешегінің сомасы көрсетіледі.

57. "Күмәнді міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

100.03.003 жолы салық төлеуші күмәнді деп таныған кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 100.03.001 және 100.03.002А жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

58. 100.03.003 жолының шамасы 100.00.004 жолына көшіріледі.

59. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

60. 100.03.01 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда В бағанда көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 303-бабына сәйкес кредитордың резиденттілік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредитор - жеткізуші құжатының (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанда күмәнді деп танылған міндеттемелер бойынша тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету күні көрсетіледі;

5) E бағанда қосылған құн салығының сомасын ескеріп кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда кредиторлық берешектің туындау сәтіне қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанда F бағанда көрсетілген ставканы ескере отырып есептелген қосылған құн салығының сомасының алуы үшін кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

8) H бағанда Салық кодексінің 84-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын және күмәнді болып табылатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

100.03.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.03.001А жолына, G бағаны - 100.03.001В жолына, H бағаны - 100.03.001С жолына көшіріледі.

61. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

6. Сыйақылар - 100.08 нысанын жасау

62. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 16) тармақшаға сәйкес Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тысқары жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірістерді айқындауға арналған. Салық кодексінің

10-бабының 1-тармағындағы 2-тармақшаға сәйкес кірістер сыйақылар болып табылады.

63. "Активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

100.04.001 жолы облигациялар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар, сондай-ақ резидент еместердің сыйақылары сомаларынан басқа сыйақылар сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

64. "Облигациялар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

100.04.002 жолы облигациялар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

65. "Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

100.04.003 жолы мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

66. "Шет елдік көздерден сыйақылар" бөлімінде:

100.04.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 2060, 2070 - "Сыйақылар" коды бойынша тиісті кіріс түрі С және Е бағандарда бар болған жағдайда 100.18.001 жолына қосымша нысанның F бағанының және 100.18.002 жолына қосымша нысанның H бағанының шамасы көшіріледі.

67. "Барлығы" бөлімінде:

100.04.005 жолы 100.04.001A, 100.04.002C, 100.04.003C және 100.04.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

68. 100.04.005 жолының шамасы 100.00.014 жолына көшіріледі.

100.04.001B, 100.04.002D және 100.04.003D жолдарының шамасы 100.21.003B жолына көшіріледі.

69. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

70. 100.04.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда алуға жататын (алынған) сыйақы түрінің тиісті коды көрсетіледі:
 - 1 - ауыл шаруашылығына несие беру бойынша сыйақыны қоспағанда, несиелер (зайымдар) бойынша сыйақы;
 - 2 - ауыл шаруашылығына несие беру бойынша сыйақы;
 - 3 - қаржы лизингі бойынша сыйақы;
 - 4 - салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы;
 - 5 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сыйақы;
 - 6 - вексель бойынша төлемдер;
- 3) С бағанда сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанда төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі;
- 5) E бағанда төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығының сомасын ескере отырып есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанда осы салықты ұстауды растайтын құжаттар болған жағдайда, салық төлеушіге сыйақы төлеу кезінде ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

100.04.001 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 100.04.001A жолына, F бағанының жиынтық шамасы 100.04.001B жолына көшіріледі.

"Ауыл шаруашылығына несие беру бойынша сыйақы" 2 коды бойынша сыйақы түріне сәйкес келетін 100.04.001 жолына қосымша нысанның F бағаны мәнінің сомасы 100.04.001C жолына көшіріледі.

71. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

72. 100.04.002, 100.04.003 жолдарына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанда сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанда төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжат сыйақы төлеген заңды тұлға - эмитентке беріледі;
- 5) E бағанда есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда дисконтты немесе сыйақыны ескерусіз есептелген купон сомасы көрсетіледі;

7) G бағанда эмитенттен төлем көзінде ұстап алынған корпорациялық табыс салығының сомасы ескерілген сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. F және E бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

8) H бағанда осы салықты ұстап қалғандығын растайтын құжат бар болғанда Салық кодексінің 131-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес салық төлеушіге төлеуге жататын (төленген) купон түріндегі сыйақы сомасынан эмитент ұстап қалған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

100.04.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.04.002A жолына, F бағаны - 100.04.002B жолына, G бағаны - 100.04.002C жолына, H бағаны - 100.04.002D, 100.04.003 жолына қосымша нысан T бағанының жиынтық шамасы 100.04.003A жолына, F бағаны - 100.04.003B жолына, G бағаны - 100.04.003C жолына, H бағаны - 100.04.003D жолына көшіріледі.

73. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

7. Басқа да кірістер - 100.05. нысанын жасау

74. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабына, сондай-ақ салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы заң актілері мен Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес жылдық жиынтық кіріске қосатын, бірақ Декларацияның 100.00.001 - 100.00.020 жолдарында көрсетілмеген салық төлеушінің кірістерін айқындауға арналған.

75. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

100.05.01 жолы мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

76. "Мүлік" бөлімінде:

100.05.002 жолы Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, салық төлеуші тегін алған мүлік, жұмыстар мен қызмет көрсетулер түріндегі кірісті айқындауға арналған. 100.05.002A және 100.05.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған жағдайларда алынған ізгілік көмек түріндегі және бағыты бойынша пайдаланған мүліктің құны, мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік органнан немесе мемлекеттік кәсіпорыннан Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағының 5), 6) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде

алынған негізгі құралдары 100.00.023Е және 100.00.023F жолдары бойынша жиынтық жылдық кірістен шығарылуға жатады.

1) 100.05.002А жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

2) 100.05.002В жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

3) 100.05.003С жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес алынған мүліктерді, сондай-ақ Салық кодексі 90-бабының 2-тармағында көрсетілген мүліктерді қоспағанда, тегін алған мүліктің (жұмыс, қызмет) жалпы құнын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан негізінде толтырылады.

77. "Дивидендтер" бөлімінде:

100.05.003 жолы Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де салық төлеуші алуы тиіс (алған) дивидендтер түріндегі кірісті айқындауға арналған. 100.05.003А және 100.05.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Оларды төлеу нысанына қарамастан Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 6) тармақшасына сәйкес айқындалатын кіріс дивидендтер болып табылады.

1) 100.05.003А жолы Қазақстан Республикасының аумағында алынуы тиіс (алынған) дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.05.003В жолы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс алынуы тиіс (алынған) дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 2050 - "Дивидендтер" коды бойынша тиісті кіріс түрі С және Е бағандарда бар болған жағдайда 100.18.001 жолына қосымша нысанның F бағанының және 100.18.002 жолына қосымша нысанның H бағанының шамасы көшіріледі.

78. 100.05.003 жолының шамасы 100.00.013 жолына көшіріледі.

79. "Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістер" бөлімінде:

100.05.004 жолы Салық кодексі 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістердің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 100.05.004А мен 100.05.004В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

80. "Басқа да кірістер" бөлімінде:

100.05.005 жолы Салық кодексі 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісіне енгізілген, бірақ Декларацияның 100.00.001 - 100.00.020 жолдарында көрсетілмеген салық төлеушінің кірістерін айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

81. 100.05.001 жолының шамасы 100.00.005 жолына көшіріледі.

100.05.002 жолының шамасы 100.00.012 жолына көшіріледі.

100.05.002А жолының шамасы 100.00.023Е жолына көшіріледі.

100.05.002В жолының шамасы 100.00.023F жолына көшіріледі.

100.05.003 жолының шамасы 100.00.013 жолына көшіріледі.

100.05.004 жолының шамасы 100.00.01 жолына көшіріледі.

100.05.005 жолының шамасы 100.00.021 жолына көшіріледі.

82. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

83. 100.05.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда жалға беруші жалға берген мүлік түрі көрсетіледі;

3) С бағанда жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі/осы Ереженің 303-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды;

4) D бағанда жалға алу шартын жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанда есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуға жататын (алған) жалға алу төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік үшін (тысқары орналасып жалға берілген) жалға алу төлемін алса (алуға жатса), онда E бағанда салық сомасын қоса жалға алу төлемінің есептелген сомасы көрсетіледі.

100.05.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.05.001 жолына көшіріледі.

84. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

85. 100.05.002A, 100.05.002B, 100.05.002C жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес мүлікті (жұмысты, қызмет көрсетуді) жеткізуші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанда тегін алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер атауы көрсетіледі;

4) D бағанда C бағанда көрсетілген мүлік алынған, жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген құжат нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанда тегін алынған мүлік, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер құны көрсетіледі.

100.05.002A жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.05.002A жолына, 100.05.002B жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы - 100.05.002B жолына, 100.05.002C жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы - 100.05.002C жолына көшіріледі.

86. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

87. 100.05.001 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанда дивидендтер алынған заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;
- 3) C бағанда дивидендтерді төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда дивидендтерді төлеуге негіз болатын құжаттың N және толтырылған күні көрсетіледі;

5) E бағанда алынуы тиіс (алынған) дивидендтердің сомасы көрсетіледі.

100.05.003A жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.05.003A жолына көшіріледі.

88. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

89. 100.05.004A жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанда сақтандыру сыйақыларын қайтарушы сақтандыру ұйымның осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанда сақтандыру ұйымының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған B бағанда резиденттік еліндегі кодын көрсеткенде толтырылады;

4) D бағанда сақтандыру сыйақылары төлеген (қайтаруға тиіс) сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанда D бағанда көрсетілген, сақтандыру шарты қолданысының біту немесе тоқтатылу күні (сақтандыру сыйақылары сомаларын жылдық жиынтық кіріске енгізу күні) көрсетіледі;

6) F бағанда есеп салық кезеңі үшін қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

100.05.004А жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.05.004А жолына көшіріледі.

90. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

91. 100.05.004В жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес В бағанда көрсетілген тұлғаның резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда өтемақы түрінің коды көрсетіледі:

"1" - бұрын шегерімге жатқызылған күмәнді деп танылған талаптардың сомаларын дебиторлар төлеген кезде;

"2" - мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен алынған субсидияларды қоспағанда, шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан сомаларды төлеген кезде;

"3" - бұрын шегерімге жатқызылған шығыстарды (залалдарды) өтеу кезінде;

4) D бағанда жылдық жиынтық табысты қосатын алынған өтемақылар сомасы көрсетіледі.

100.05.004В жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 100.05.004В жолына көшіріледі.

92. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

93. 100.05.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда тиісті кіріс түрінің коды көрсетіледі:

01 - тауарларды сатудан түскен кіріс немесе үй-жайларды, ғимараттарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсімінен түскен кіріс болып табылмайтын, және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған кіріс сомасына қосылған активтерді шығару кезіндегі кіріс ;

03 - мүлікті пайдалану құқығын беруден алуға жататын (алған) салық төлеушілердің кіріс сомаларын қосатын және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған мүлікті пайдалану құқығын беруден кіріс;

04 - сақтандыру жағдайлары болған кезде алынған сақтандыру төлемдері. Бұл код бойынша 100.12.001 және 100.12.002 жолдарына В бағанда көрсетілген сақтандыру төлемдері есепке алынбайды;

05 - метал есебі бойынша алуға жататын (алынған) кірістер;

99 - өзге кірістер.

3) С бағанда кіріс сомалары көрсетіледі.

С бағанының жиынтық шамасы 100.05.005 жолына көшіріледі.

94. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

8. Бағамдық айырма - 100.06 нысанын жасау

95. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріс енгізілуге жататын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасының артуын, немесе Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын және жылдық жиынтық кіріс алумен байланысты теріс бағамдық айырма сомасын айқындауға арналған.

96. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

100.06.001 жолы салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырманың жалпы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру бойынша заңнамасына сәйкес толтырылады.

97. "Бағамдық айырма есебі" бөлімінде:

1) 100.06.002А жолы 100.06.001А және 100.06.001В жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

2) 100.06.002В жолы 100.06.001В және 100.06.001А жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған.

98. 100.06.002А жолының шамасы 100.00.015 жолына көшіріледі.

99. 100.06.002В жолының шамасы 100.00.032 жолына көшіріледі.

100. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

9. Резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары - 100.07 нысанын жасау

101. Осы нысан Салық кодексінің 195-197-баптарына сәйкес шегерімдерге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын айқындауға арналған және Қазақстан Республикасымен жасалған кіріске немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын-алу және қосарлаған

салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелерін (бұдан әрі - халықаралық шарт) қолдануға құқығы бар тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын резидент еместер толтырады.

102. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) Салық кодексінің 196 немесе 197-баптарына сәйкес көрсетілген шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі;

2) Салық кодексінің 196-бабына сәйкес барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеуде қолданылатын тәсіл;

3) осы Ереженің 303-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шартты жасасқан елдің коды көрсетіледі;

4) резиденттік елдегі резидент емес салық төлеушінің салық кезеңі (көрсетілген салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді);

5) ССКТК - резиденттік елдегі салық төлеушінің салық кезеңіндегі түзету коэффициенті (түзету коэффициентінің мөлшері белгіленеді);

6) ТМСКТК - тұрақты мекемесі арқылы қызметінен Қазақстан Республикасындағы салық кезеңінің түзету коэффициенті (түзету коэффициентінің мөлшері белгіленеді).

Түзету коэффициентін (коэффициенттерін) қолданбау жағдайларында тиісті торкөз (торкөздер) толтырылмайды.

Түзету коэффициенті салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы қызметінің көрсеткіштерін салыстыру мақсатында бөлудің бара-бар әдісін қолдану кезінде және Қазақстан Республикасындағы және салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңдерінің сәйкессіздіктері кезінде қолданылады.

103. ССКТК Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында шегеруге жататын резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын есептеу үшін салық төлеушінің резиденттік елдегі және Қазақстан Республикасындағы салық кезеңдерінің ұзақтығын сәйкестендіру мақсатында енгізіледі. ССКТК базалық салық кезеңінің шеңберіне енетін салық төлеушінің резиденттік елдегі тиісті салық кезеңіне сәйкес келетін айлар санын салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі айларының жалпы санына ара-қатынасы ретінде айқындалады. Базалық салық кезеңіне Қазақстан Республикасындағы есепті салық кезеңі алынады.

1-мысал.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомаларын есептеу кезінде бөлудің бара-бар әдісін қолданады. Есептік көрсеткіш бірінші тәсіл бойынша есептеледі.

Салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі 2000 жылғы 1 қыркүйектен 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін 15 айдан тұрады. Базалық кезеңге 2001 жылғы

1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі дейін 12 айдан тұратын салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі қолданылады. Базалық салық кезеңі шеңберіне (2001 жылғы қаңтар - 2001 жылғы желтоқсан) салық төлеушінің резиденттік елдегі 2001 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейінгі салық кезеңі енгізіледі, бұл жағдайда ССКТК 12/15-ті құрайды.

104. ТМСКТК Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы және резиденттік елдегі салық кезеңдерінің басталу-аяқталу мерзімдерін көрсетілген салық кезеңдерінің ұзақтығы бірдей болған жағдайда есептік көрсеткішін есептеу үшін сәйкестендіру мақсатында енгізіледі. ТМСКТК базалық салық кезеңінің шеңберіне енетін Қазақстан Республикасындағы айлар санының салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі айларының жалпы санының қатынасы ретінде айқындалады.

Базалық салық кезеңіне салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі алынады.

2-мысал.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомаларын есептеу кезінде бөлудің бара-бар әдісін қолданады. Есептік көрсеткіш бірінші тәсіл бойынша есептеледі.

Салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі 2000 жылғы 1 қыркүйектен 2001 жылғы 31 тамызға дейін 12 айдан тұрады. Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі 2001 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін 12 айдан тұрады.

Базалық салық кезеңіне салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі алынады.

Базалық салық кезеңі шеңберіне (2000 жылғы қыркүйек - 2001 жылғы тамыз) Қазақстан Республикасындағы екі салық кезеңі: 2000 жылғы қыркүйек-желтоқсан және 2001 жылғы қаңтар-тамыз, тиісінше, ТМСКТК1-4/12; ТМСКТК2-8/12 енеді.

105. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.07.001 жолы резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған;

2) 100.07.002 жолы бөлудің бара-бар әдісін қолданғанда пайдаланылатын есептік көрсеткішті көрсетуге арналған;

3) 100.07.003 жолы резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алу мақсатында шеккен, Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған.

Бөлудің бара-бар әдісін қолданғанда 100.07.003А жолының шамасы 100.07.001А және 100.07.002А жолдарының қосындысы ретінде айқындалады.

Шығыстарды шегерулерге тікелей (тура) жатқызу әдісін қолданғанда 100.07.003В жолында резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алу мақсатында шеккен және Салық кодексінің 197-бабына сәйкес құжаттармен расталған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі. Шығыстар сомасы осындай шығыстарды бухгалтерлік есепте бөлек есептеу жүргізу негізінде айқындалады. Бұл ретте резидент еместің есеп саясаты қоса тіркеледі.

106. 100.07.001 және 100.07.002А жолдары қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

107. 100.07.003 жолының шамасы 100.12.006 жолына көшіріледі.

108. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

109. 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанда тиісті көрсеткіштер айқындалады;
- 3) С бағанда ССКТК немесе ТМСКТК түзету коэффициенттерін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент емес салық төлеуші және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме алған (алуға тиіс) жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанда ССКТК немесе ТМСКТК түзету коэффициенттерін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент емес заңды тұлғаның және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің негізгі құрал-жабдықтарының алғашқы (ағымдағы) құнының сомалары көрсетіледі;
- 5) E бағанда ССКТК немесе ТМСКТК түзету коэффициенттерін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент емес салық төлеушінің және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанда қолданылатын әдіс бойынша есептелген айлық есептік көрсеткіш көрсетіледі. Есептік көрсеткіш өзімен барабар бөлістіру әдісін қолдану кезінде қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу әдісіне байланысты, 00005 С жолында немесе 00005С, 00005D және 00005Е жолдары сомаларының 3-ке қатынасы ретінде $(00005С+00005D+00005Е)/3$ айқындалатын резидент еместің салыстырылатын көрсеткіштеріне тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған салыстырылатын көрсеткіштердің қатынасын білдіреді.

Тиісті есептік көрсеткіш мөлшері Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес есептеледі. Есептік көрсеткіштің шамасын айқындау кезінде мыңдық үлестер көрсетіледі;

7) G бағанда ССКТК түзету коэффициентін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі.

3 мысал.

1 мысалдың деректері қолданылады.

ССКТК 12/15 құрайды.

Резидент еместің салық кезеңіндегі ССКТК қолданылмаған жиынтық кірісі 20 млн теңге құрайды.

Есепті салық кезеңі үшін резидент еместің ССКТК қолданылған жиынтық жылдық кірісі:

$20 \text{ млн} \times 12/15 = 16 \text{ млн. теңге}$ құрайды.

Көрсетілген көрсеткіш 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00002С жолында көрсетіледі.

Резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары 1 млн теңге құрады.

Резидент еместің ССКТК қолданылған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы:

$1 \text{ млн} \times 12/15 = 0,8 \text{ млн теңге}$ құрады.

Көрсетілген көрсеткіш 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00002G жолында көрсетіледі.

ССКТК түзету коэффициентін есепке алумен 00002С және 00002G тиісті жолдарын есептеу кезінде есеп қоса беріледі.

Салық төлеушінің ТМСКТК қолданусыз тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алған жылдық жиынтық кірісі 0,4 млн. теңгені құрады.

Көрсетілген көрсеткіш 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00003С жолында көрсетіледі.

Көрсетілген жағдайда есептік көрсеткіш:

$0,4 \text{ млн} / 16 \text{ млн} = 0,025$ құрайды.

Көрсетілген көрсеткіш 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00005С және 00005G жолдарында көрсетіледі.

ССКТК қолданып резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының шамасы 0,8 млн теңгені құрағанын ескерсек, онда Қазақстан Республикасында көрсетілген шығыстарды мына сомада шегеруге рұқсат етіледі:

$0,8 \text{ млн} \times 0,025 = 0,02 \text{ млн. теңге.}$

Көрсетілген көрсеткіштер 100.07 қосымшасында көрсетіледі.

4 мысал.

2 мысалдың деректері қолданылады.

ТМСКТК1- 4/12; ТМСКТК2 - 8/12.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне ТМСКТК қолданылмаған жиынтық жылдық кірісі 2000 жылы 0,5 млн теңге; 2001 жылы - 0,55 млн теңге құрады.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне ТМСКТК1 және ТМСКТК2 қолданылған жиынтық жылдық кірісі:

$0,5 \text{ млн} \times 4,12 + 0,55 \text{ млн} \times 8/12 \times 15 = 166667 + 366667 = 533334$ теңге құрады.

Көрсетілген көрсеткіш 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысан 00004С жолының тиісті көрсеткішін есептеу кезінде есеп қоса беріледі.

ССКТК қолданусыз резидент еместің есепті салық кезеңіндегі жиынтық жылдық кірісі 50 млн. теңгені құрайды.

Көрсетілген көрсеткіш 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00001С жолында көрсетіледі.

Осы жағдайда есептік көрсеткіш:

$533334/50 \text{ млн} = 0,011$ құрайды.

Көрсетілген көрсеткіш 100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00005С және 00005F жолдарында көрсетіледі.

ССКТК қолданусыз резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы 2 млн. теңге құрайды.

Қазақстан Республикасында көрсетілген шығыстарды:

$2 \text{ млн} \times 0,011 = 0,022 \text{ млн. теңге}$ сомада шегеруге рұқсат етіледі.

Көрсетілген көрсеткіштер 100.07 қосымшасында көрсетіледі;

8) Н бағанда G бағанда көрсетілген шығындарды есепке алумен салық төлеуші шығындарының жалпы сомасы көрсетіледі.

100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00001G немесе 00002G жолында айқындалған резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы, ССКТК түзету коэффициентінің қолданылуына немесе қолданылмауына байланысты, 100.07.001A жолына көшіріледі.

100.07.001, 100.07.002 жолдарына қосымша нысанның 00005F жолында айқындалған есептік көрсеткіштің шамасы, 100.07.002A жолына көшіріледі.

110. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

10. Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар - 100.10 нысанын жасау

111. Бұл нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуға тиіс сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтен бойынша шығыстар сомасын және Салық кодексінің 91-бабының 2-

тармағына сәйкес жылдық жиынтық кіріске (кірістен) енгізуге (алып тастауға) жататын тауарлы-материалдық қорларды (бұдан әрі - ТМҚ) бағалау әдісінің өзгеруінен кіріс (залал) сомасын айқындауға арналған.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу, шығару мен сату кірісті алу құралы болып табылатын салық төлеушілер есепті салық кезеңінің басына және соңына ТМҚ құнын көрсетуге міндетті.

ТМҚ есебі Салық кодексінің 65-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

112. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.08.001 жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ құны бұрынғы салық кезеңінің соңына ТМҚ құны болып табылады. Деректер бұрынғы салық кезеңі үшін 100.08.002 тиісті жолынан көшіріледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол есепті салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде есепті салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін.

100.08.001 жолында келтірілген деректер 100.00.025 - 100.00.037 жолдары, сондай-ақ есепті немесе бұрынғы салық кезеңдерінде 100.08.003 -100.08.006 жолдары бойынша шегерімге жатқызылатын (жатқызылған) шығыстарды қамтымауы тиіс;

2) 100.08.002 жолы есепті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Бұл ретте, көрсетілген жолда оны сатудан алынған кірістер есепті салық кезеңінде салық салу мақсатында танылған, жылдың соңында ТМҚ қалдықтарында есепке алынатын және жолдағы (мысалы, FAS-порт шарттарындағы тауарларды сату) тауардың құны көрсетілмейді. Есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 100.08.002 жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады.

100.08.002 жолында келтірілген деректер 100.00.024-100.00.033 жолдары, сондай-ақ есепті немесе бұрынғы салық кезеңдерінде 100.08.003-100.08.006 жолдары бойынша шегерімге жатқызылатын (жатқызылған) шығыстарды қамтымауы тиіс;

3) 100.08.003 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі үшін басқа ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлердің материалдарды (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары), тауарларды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді салық төлеушінің есепті салық кезеңінің ішінде сатып алған, тегін алған құны көрсетіледі. Қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылатын 100.08.003А,

100.08.003B, 100.08.003C, 100.08.003D, 100.08.003E, 100.08.003F, 100.08.003H, 100.08.003I, 100.08.003K, 100.08.003L, 100.08.003M, 100.08.003N, 100.08.003O, 100.08.003P, 100.08.003Q-жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 100.08.004 жолы Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған. Бұл ретте, еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстарға материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірістерді қоса, ақшалай және заттай нысанда жұмыс беруші төлейтін қызметкерлердің кез-келген кірістері жатады;

5) 100.08.004A жолында қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі;

6) 100.08.004B жолында 100.08.004A жолында көрсетілген еңбекақыдан басқа Салық кодексінің 149-бабына сәйкес айқындалатын кірістер көрсетіледі;

7) 100.08.004C жолында 100.08.004A және 100.08.004B жолдарында көрсетілмеген қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі. Мысалы: жұмыс беруші заңды тұлғаны қайта құрумен, қызметкерлердің штатын қысқартумен байланысты қызметкерлерге төлемдер. 100.08.004A, 100.08.004B, 100.08.004C жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

8) 100.08.004D жолында жұмыс беруші төлейтін және шегерімге жатқызылуға жататын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар сомасы көрсетіледі. 100.08.004A, 100.08.004B, 100.08.004C жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

9) 100.08.004E жолында негізгі қаражаттарды жөндеуге қызметкерлерге есептелген кіріс сомасы мен оларға берілген материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі;

10) 100.08.005 жолында 100.08.005A, 100.08.005B және 100.08.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын 100.08.003 жолында ескерілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шығару мен сату бойынша шығыстардың басқа да барлық сомасы көрсетіледі;

11) 100.08.005A жолында Салық кодексі 93-бабының 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс іссапар шығыстары сомасы көрсетіледі;

12) 100.08.005B жолында Салық кодексі 93-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген өкілдік шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

13) 100.08.005C жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жататын алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

100.08.003 - 100.08.005 жолдарында келтірілетін деректер 100.00.025 - 100.00.035 жолдарында көрсетілген деректерді қайталамауы тиіс;

14) 100.08.006 жолында Салық кодексінің 195-197-баптарына сәйкес шегерімдерге жатқызылатын резидент емес салық төлеушінің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомалары көрсетіледі және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші толтырады. Көрсетілген сома 100.07.003 жолынан көшіріледі;

15) 100.08.007 жолында Салық кодексі 92-бабының 6-тармағына сәйкес салық төлеушілердің мүшелік жарналарының шегерімге жатқызылатын сомасы көрсетіледі;

16) 100.08.007A жолында салық төлеуші қызметкерлерінің жылына орташа тізімдік саны көрсетіледі;

17) 100.08.007B жолында салық төлеуші төлеген мүшелік жарналардың нақты сомасы көрсетіледі;

18) 100.08.007C жолында 100.08.007A жолы мәндерінің және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің туындысымен айқындалатын мүшелік жарналардың шекті сомасы көрсетіледі;

19) 100.08.007D жолында салық төлеушінің шегерімге жатқызылуы тиіс мүшелік жарналарының сомасы көрсетіледі. 100.08.007A және 100.08.007C жолдарында көрсетілген сомалардың ішінен ең төменгісі ретінде айқындалады. 100.08.007D жолының шамасы 100.08.007 жолына көшіріледі;

20) 100.08.008 жолында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) шығысқа қосылған ТМҚ және басқа да шығыстардың жиынтық сомасы, (100.08.001 - 100.08.002) + 100.08.003 - 100.08.007 жолдарының сомасы көрсетіледі;

21) 100.08.009 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес шегеруге жатқызылған, негізгі құралдардың нормативтік қызмет мерзімінен асырмайтын және өндіріс қуатын арттырмайтын техникалық құжаттарға сәйкес негізгі құралдың техникалық жай-күйін сақтау және ұстап тұру мақсатында өндірілетін негізгі құралдардың бөлшектерін (бөліктерін) және құрамаларын ауыстырумен байланысты жөндеуге шыққан шығыстарды қоса алғанда, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

22) 100.08.010 жолында аяқталмаған құрылысқа жіберілген ТМҚ, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны көрсетіледі;

23) 100.08.011 жолында Салық кодексінің 104-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісті алу мақсатында емес пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызметтердің құны көрсетіледі;

24) 100.08.012 жолында кейінгі салық кезеңінде шегерімге жатқызылатын салық кезеңінің соңына алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы көрсетіледі;

25) 100.08.013 жолында 100.08.008 жолының сомасынан 100.08.009, 100.08.010 және 100.08.011 жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

26) 100.08.014А жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ өзіндік құнын бағалаудың қолданылатын әдісі көрсетіледі;

27) 100.08.014В жолында пайдаланылатын бағалау әдісінің өзгеру фактісі көрсетіледі. Осы жолды ТМҚ өзіндік құнын олардың бағалау әдісін өзгертуі кезінде салық төлеуші толтырады;

28) 100.08.015 жолында 100.08.014С жолының сомасынан 100.08.014D жолының сомасын шегерумен айқындалатын ТМҚ өзіндік құнының бағалау әдісінің өзгеруі кезінде алынған кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

29) 100.08.016 жолы есепті салық кезеңінің басы мен соңына салық салу мақсатында айқындалатын ТМҚ құны мен бухгалтерлік есептің нормаларына айқындалатын ТМҚ құны айырмасы көрсетіледі.

113. 100.08.013 жолының шамасы 100.00.025 жолына көшіріледі.

100.08.015 жолының шамасы Салық кодексі 91-бабының 2-тармағына сәйкес 100.00.023Н жолына көшіріледі.

114. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

115. 100.08.003А, 100.08.003В, 100.08.003С, 100.08. 003D, 100.08.003Е, 100.08.003F, 100.08.003I, 100.08.003K, 100.08.003L, 100.08.003M, 100.08.003N, 100.08.003O, 100.08.003P, 100.08.003Q-жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда кірістерді алушы осы Ереженің 303-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік етуші елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанда ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік елі көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.08.003А жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.08.003А жолына көшіріледі, 100.08.003В жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003В жолына көшіріледі, 100.08.003С жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003С жолына көшіріледі, 100.08.003D жолына

қосымша нысан D бағанының - 100.08.003D жолына көшіріледі, 100.08.003E жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003E жолына көшіріледі, 100.08.003F жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003F жолына көшіріледі, 100.08.003I жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003I жолына көшіріледі, 100.08.003K жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003K жолына көшіріледі, 100.08.003L жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003L жолына көшіріледі, 100.08.003M жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 100.08.003M жолына көшіріледі, 100.08.003N жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003N жолына көшіріледі, 100.08.003O жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003O жолына көшіріледі, 100.08.003P жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 100.08.003P жолына көшіріледі, 100.08.003Q жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003Q жолына көшіріледі.

116. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

117. 100.08.003H жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанда сақтандырушы ұйымның осы Ереженің 303-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 3) C бағанда табысты алушы ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;
- 4) D бағанда Салық кодексі 99-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, сақтандыру сыйлықақылары төленетін сақтанушы - салық төлеуші жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 5) E бағанда есепті салық кезеңі үшін төленуге жататын (төленген) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

100.08.003H жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.08.003H жолына көшіріледі.

118. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

119. 100.08.005C жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанда оған қатысты алдыңғы кезеңдердің шығыстарына жататын шығыстар жүргізілген, осы Ереженің 303-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанда табысты алушы ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда алдағы кезеңдердің шығыстарына (аудиторлық (кеңес алу) қызмет көрсетулері бойынша - "L"; жарнамаға шығыстар - "M"; маркетинг бойынша шығыстар - "N") жататын шығыс сәйкес келетін 100.08.003 жолының астыңғы жолының әріптік индексі көрсетіледі;

5) E бағанда салық кезеңінің басына алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда алдыңғы есепті кезеңдерге жататын ағымдағы салық кезеңінің шығыстары жатады;

7) G бағанда ағымдағы салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанда салық кезеңінің соңына алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомалары (E+F-G) көрсетіледі. Осы сома келесі салық кезеңінің қосымша нысанының E бағанға көшіріледі;

100.08.005C жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 100.08.005C жолына, G бағанының жиынтық шамасы - 100.08.012 жолына көшіріледі.

120. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Сыйақы бойынша шығыстар - 100.09 нысанын жасау

121. Бұл нысан Салық кодексінің 94-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

122. "Кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылар" бөлімінде:

1) 100.09.001 жолы салық төлеуші резидентке төлейтін кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 100.09.002 жолы салық төлеуші резидент емеске төлейтін кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

123. "Вексельдер бойынша төлемдер" бөлімінде:

1) 100.09.003 жолы резиденттерге вексельдер бойынша төлемдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректерінің негізінде толтырылады;

2) 100.09.004 жолы резидент еместерге вексельдер бойынша төлемдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректерінің негізінде толтырылады.

124. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

100.09.005 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

125. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

100.09.006 жолы меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы есепті салық кезеңінің әрбір айының соңындағы орташа арифметикалығына тең меншікті капитал сомаларын көрсетуге арналған;

100.09.007 жолы есепті салық кезеңінің әрбір айының ішінде олар бойынша сыйақы төленетін міндеттемелердің ең жоғары сомасының орташа арифметикалығына тең міндеттемелердің орташа жылдық сомасы көрсетуге арналған;

100.09.008 жолы қаржы ұйымдары үшін 7-ге, өзге заңды тұлғалар үшін 4-ке тең шекті коэффициент көрсетуге арналған.

126. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 100.09.009 жолында 100.09.001B, 100.09.003B және 100.09.005D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резиденттерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 100.09.010 жолында 100.09.002B, 100.09.004B және 100.09.005G жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резидент еместерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 100.09.011 жолында 100.09.009 және 100.09.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 100.09.012 жолында $100.09.009 + 100.09.006/100.09.007 \times 100.09.008 \times 100.09.010$ формуласы бойынша айқындалатын, шегерімге жатқызылуға тиіс сыйақылардың шекті сомасы көрсетіледі. Егер $100.09.009 + 100.09.006/100.09.007 \times 100.09.008 \times 100.09.010$ шамасы теріс мәнге ие болса, бұл жолға 100.09.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.09.013 жолында 100.09.011 және 100.09.012 жолдары бойынша ең төменгі сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызылуға тиіс сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

127. 100.09.013 жолының шамасы 100.00.024 жолына көшіріледі.

128. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

129. 100.09.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда кредитор-ұйымның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда кредитор-ұйым салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанда кредит шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанда алынған кредит (заем) сомасы көрсетіледі. Кредитті (заемды) шет ел валютасында алғанда кредитті (заемды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгемен есептеледі;

Ғ бағанда белгіленген ставканы қолданумен шарт жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеушінің резидентке төлеген (төленуі тиіс) сыйақы сомасы көрсетіледі. Хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық осы бағанда көрсетілуі тиіс.

100.09.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.07.001А жолына, Ғ бағаны - 100.09.001В жолына көшіріледі.

130. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

131. 100.09.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмір көрсетіледі;
- 2) В бағанда кредитор-ұйымның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ереженің 303-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанда табысты алушы-ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанда кредиттік шарт жасасудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанда алынған кредиттің (заемның) сомасы көрсетіледі. Кредит (заем) шетелдік валютада алынған кезде кредиттің (заемның) сомасы кредитті (заемды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде қайта есептеледі;

7) G бағанда шарттың талаптарына сәйкес есепті салық кезеңінде резидент емеске салық төлеушінің төлеген (төлеуі тиіс) сыйақының сомасы көрсетіледі. Хеджирлеуді қолдану кезінде туындайтын айырмашылық осы жолда көрсетілуі тиіс.

100.09.002 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 100.09.002А жолына, G бағанының - 100.09.002В жолына көшіріледі.

132. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

133. 100.09.003 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

- 2) В бағанда вексель ұстаушының атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда вексель ұстаушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанда вексельдің жасалған күні көрсетіледі;

5) Е бағанда вексельдің сомасы көрсетіледі. Вексель шетелдік валютада алынған кезде вексельдің сомасы вексельді алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде қайта есептеледі;

6) F бағанда вексель талаптарына сәйкес есепті салық кезеңінде Қазақстан Республикасының вексель ұстаушы резидентіне салық төлеушінің төлеген (төлеуі тиіс) вексель бойынша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

100.09.003 жолына қосымша нысанның Е бағаны бойынша жиынтық сома 100.09.003А жолына, F бағанының - 100.09.003В жолына көшіріледі.

134. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

135. 100.09.004 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда вексель ұстаушының атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ереженің 303-тармағына сәйкес кредитор ұйымның резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанда табысты алушының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанда вексельдің жасалған күні көрсетіледі;

6) F бағанда вексельдің сомасы көрсетіледі. Вексель шетелдік валютада алынған кезде вексельдің сомасы вексельді алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде қайта есептеледі;

7) G бағанда вексель талаптарына сәйкес есепті салық кезеңінде Қазақстан Республикасының вексель ұстаушы резидент емесіне салық төлеушінің төлеген (төлеуі тиіс) вексель бойынша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

100.09.004 жолына қосымша нысанның F бағаны бойынша жиынтық сома 100.09.004А жолына, F бағанының - 100.09.004В жолына көшіріледі.

136. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

137. 100.09.005 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда эмиссиялар бойынша бөлшектеп берешек бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі;
- 3) С бағанда берешек бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеудің нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанда берешек бағалы қағаздың атаулы құны көрсетіледі. Берешек бағалы қағазды шет ел валютасында шығарғанда берешек бағалы қағаздың атаулы құны берешек бағалы қағазды сату сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі;

5) E бағанда резидентке төлегенде ескерілетін дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда резидентке төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

7) G бағанда купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырмасы) (F+E) ретінде айқындалатын резидентке төленетін сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық осы бағанда көрсетілуі тиіс;

8) H бағанда резидент емеске сыйақыны төлегенде ескерілетін дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанда резидент емеске төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

10) J бағанда купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырмасы) (I+H) ретінде айқындалатын резидент емеске төленетін сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық осы бағанда көрсетілуі тиіс.

100.09.005 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.09.005A жолына, E бағаны - 100.09.005B жолына, F бағаны - 100.09.005C жолына, G бағаны - 100.09.005D жолына, H бағаны - 100.09.005E жолына, I бағаны - 100.09.005F жолына, J бағаны - 100.09.005G жолына көшіріледі.

138. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

12. Резиденттің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары - 100.10 нысанын жасау

139. Бұл нысан Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі көздерден кірістер алу мақсатында шеккен, осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес халықаралық шарттар жасасқан шетелдік мемлекеттерде орналасқан резидентке және тұрақты мекемеге шегерімге жатқызатын, басқару және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

Резидент емес салық төлеуші шетелдік тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасын Салық кодексінің 195-197-баптарында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпте айқындайды. Бұл ретте, резидент емес салық төлеуші көрсетілген әдістердің бірін таңдауға құқылы:

- 1) барабар бөлу әдісі;
- 2) шегерімге тура (тікелей) жатқызу әдісі.

Таңдалған әдіс салық төлеушінің барлық шетелдік тұрақты мекемелері бойынша жыл сайын қолданады және салық органының келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

140. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) Декларация берілетін салық кезеңі;
- 3) осы Ереженің 133-тармағына сәйкес көрсетілген шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі;
- 4) барабар бөлу әдісі қолданылған кезде есептік көрсеткішті есептеу әдісі.

141. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.10.001 жолы резиденттің Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі көздерден кірістер алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.10.002 жолы резиденттің шетелдік мемлекеттердегі көздерден кірістер алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

142. 100.10.002 жолының шамасы 100.00.034С жолын есептегенде пайдаланылады.

143. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

144. 100.10.001 және 100.10.002 жолдарына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда шетелдік тұрақты мекеменің атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ереженің 303-тармағына сәйкес шетелдік тұрақты мекеме орналасқан елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанда резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекемелердің жылдық жиынтық кірісінің ұлттық валютадағы сомалары көрсетіледі;

5) Е бағанда әрбір шетелдік тұрақты мекеме бойынша резидент салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіндегі шетелдік тұрақты мекеменің жылдық жиынтық кірісінің үлесі көрсетіледі;

6) F бағанда резиденттің және шетелдік тұрақты мекемелердің негізгі құрал-жабдықтарының бастапқы (ағымдағы) құны құнының ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанда әрбір шетелдік тұрақты мекеме бойынша резидент салық төлеушінің негізгі құрал-жабдықтарының бастапқы (ағымдағы) құнының жалпы сомасындағы шетелдік тұрақты мекеменің негізгі құрал-жабдықтарының бастапқы (ағымдағы) құнының үлесі көрсетіледі;

8) H бағанда резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекеменің еңбекақы төлеу бойынша шығыстарының ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі ;

9) I бағанда әрбір шетелдік тұрақты мекеме бойынша резидент салық төлеушінің қызметкерлерге еңбекақы төлеу бойынша шығыстарының жалпы сомасындағы шетелдік тұрақты мекеменің шетелдік тұрақты мекеменің қызметкерлерге еңбекақы төлеу бойынша шығыстарының үлесі көрсетіледі;

10) J бағанда әрбір шетелдік мекеме бойынша E бағаны бойынша немесе E, G, I бағандары сомаларының 3-ке қатынасы бағандары сомаларының 3-ке қатынасы $(E \text{ бағаны} + G \text{ бағаны} + I \text{ бағаны})/3$ ретінде айқындалған есептелген есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі;

11) K бағанда резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекеменің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомалары көрсетіледі.

Тиісті шетелдік тұрақты мекеменің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы J және 00001K жолының туындысы ретінде айқындалады ;

00001K бағанда резиденттің жылдық жиынтық жылдық кіріс алу мақсатында есепті салық кезеңінің ішінде шеккен және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарға сәйкес резиденттің тұрақты мекемелеріне барабар бөлуге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

12) L бағанда резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекемелердің K бағанда көрсетілген шығындарын есепке алумен шығындарының жалпы сомалары көрсетіледі.

100.10.001, 100.10.002 нысанына қосымша нысанның 00001K жолында көрсетілген резиденттің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы 100.10.001A жолына көшіріледі.

100.10.001, 100.10.002 қосымша нысанның 00002K жолында көрсетілген резиденттің шетелдік көздерден кірістер алу мақсатында шеккен басқару және

жалпы әкімшілік шығыстарының, шетелдік мекемелердің осындай шығыстарының сомасы ретінде айқындалатын жалпы сомасы 100.10.002А жолына көшіріледі.

145. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

13. Әлеуметтік төлемдерге шығыстар - 100.11 нысанын жасау

146. Бұл нысан Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстарды айқындауға арналған.

147. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 100.11.001А жолында қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 100.11.001В жолында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеудің мөлшері көрсетіледі;

3) 100.11.001С жолында шегерімге жатқызылуы тиіс қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 00.18.001А және 00.18.001В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

4) 100.11.002А жолы толтырылуға жатпайды;

5) 100.11.002В жолы толтырылуға жатпайды;

6) 100.11.002С жолы толтырылуға жатпайды;

7) 100.11.003А жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 100.11.003В жолында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеудің мөлшері көрсетіледі;

9) 100.11.003С жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 00.18.003А және 00.18.003В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

10) 100.11.004А жолында жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) 100.11.004В жолында Қазақстан Республикасының зейнетақымен камтамасыз ету туралы заңдарында жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша белгіленген мөлшер көрсетіледі;

12) 100.11.004С жолында шегерімдерге жатқызылуға жататын жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша шығыстардың сомалары көрсетіледі. 100.11.004А және 100.11.004В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

13) 100.11.005А жолында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың есептелген сомасы көрсетіледі;

14) 100.11.006 жолында шегерімге жатқызылуға жататын әлеуметтік төлемдерге шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 00.18.001С, 00.18.003С, 00.18.004С, 00.18.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

148. 100.11.006 жолының шамасы 100.00.029 жолына көшіріледі.

149. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

14. Өзге де шегерімдер - 100.12 нысанын жасау

150. Бұл нысан ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдерді, сондай-ақ тағайындалған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын айқындауға арналған. Сондай-ақ бұл нысан Салық кодексінің 124-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметтен көшірілген залалдар сомасының есебі мен Салық кодексінің 139-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құнын айқындауға арналған.

151. "Өзге де шегерімдер" бөлімінде:

1) 100.12.001 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 100.12.002 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 100.12.003 жолында бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдардың жиынтық сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

4) 100.12.004 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша жиынтық

сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады, олардың саны жасасқан келісім-шарттардың санымен айқындалады.

152. 100.12.003 жолының шамасы 100.00.030 жолына көшіріледі.

100.12.002 жолының шамасы 100.034 жолына көшіріледі.

100.12.003 жолының шамасы 100.00.046 жолына көшіріледі.

100.12.014В жолының шамасы 100.00.048 жолына көшіріледі.

153. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

154. 100.12.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда шартқа сәйкес ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлғаның осы Ереженің 303-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанда табысты алушы ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Егер В бағанда резиденттік елдің коды көрсетілсе, толтырылады;

4) D бағанда орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар түрінің тиісті коды көрсетіледі:

Р/с N	Ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстардың атауы	Жұмыстардың коды
1	Жаңа ғылыми білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	01
2	Жаңа техникалық білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	02
3	Ғылыми білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	03
4	Техникалық білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	04
5	Баламалы өнімдер іздеу бойынша жұмыстар	05
6	Баламалы технологиялар іздеу бойынша жұмыстар	06
7	Ықтимал жаңа өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	07
8	Ықтимал жетілдірілген өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	08
9	Баламалы өнімдерді бағалау бойынша жұмыстар	09
10	Баламалы технологияларды бағалау бойынша жұмыстар	10
11	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді жобалау	11

12	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді құрастыру	12
13	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді сынау	13
14	Жаңа технологияны пайдаланумен құралдарды, құрал-саймандарды, матрицаларды, штамптарды әзірлеу	14
15	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды жобалау	15
16	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды құрастыру	16
17	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды пайдалану	17
18	Өзге де ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар	18

5) Е бағанда ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға сәйкес келетін жүзеге асыруларды растайтын шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанда орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар актісінің нөмірі мен күні;

7) G бағанда жобалық-сметалық құжаттаманың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанда кірістерді алумен байланысты және шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарына жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

100.12.001 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 100.12.001 жолына көшіріледі.

155. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

156. 100.12.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда оның алдында шаруашылық шарттарын бұзғаны үшін шарт міндеттемелері туындаған ұйымның осы Ереженің 303-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) C бағанда оған сәйкес салық төлеушіге (салық төлеуші) танылған немесе тағайындалған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының шартты (келісім-шартты) немесе сот шешімін жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанда шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кірісті алумен байланысты тағылған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі.

100.12.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.12.001 жолына көшіріледі.

157. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

158. 100.12.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдың жиынтық сомасы көрсетіледі;

3) C бағанда өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанда есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі. Егер 100.00.042 жолында кіріс алынса, онда салық салынатын кірістің түзетілген сомасына кемітілген кіріс сомасы (100.00.045 жолы) осы бағанға көшіріледі. Егер 100.00.042 жолында залал алынған жағдайда, онда осы бағанға 100.00.044 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) E бағанда келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және C бағандарының (C және D бағандарының оң мәнінде болған жағдайда осы бағанды есептеу кезінде аталған сома ескерілмейді) және 100.02.002 жолында көрсетілген (100.00.042 жолының оң мәнінде) үй-жайлар, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғылары) сату кезінде алынған залал айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының C бағанға көшіріледі;

6) F бағанда Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

100.12.003 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңінің C бағанының шамасы 100.12.003 жолына көшіріледі.

159. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

160. 100.12.004 жолына қосымша нысандар:

1) "Жалпы ақпарат" бөлімінде Қазақстан Республикасының инвестиция туралы заңнамасына сәйкес жасасқан келісім-шарттың жасасу нөмірі мен күні; преференция берілген кезең көрсетіледі;

- 2) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 3) В бағанда тіркелген активтің "Негізгі қорлар жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;
- 4) С бағанда тіркелген активті енгізу күні көрсетіледі;
- 5) D бағанда инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген тіркелген активтердің құны және объектілерді қайта құруға шығыстар көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы жолға өткен салық кезеңі үшін 100.12.004 жолға қосымша нысанының G бағанының тиісті жолдарындағы тіркелген активтердің қалдық құны және объектілерді қайта құруға шығыстар және келісім-шарттың шарты бойынша есепті салық кезеңінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құны және инвестициялық жоба шеңберінде объектілерді қайта құруға шығыстар көшіріледі;
- 6) E бағанда есеп бойынша инвестициялық салықтық преференциялар (бұдан әрі - преференциялар) берудің ағымдағы кезеңі көрсетіледі (бірінші салық кезеңі - преференцияларды қолданудың бірінші жылы, келесі салық кезеңдері - Инвестиция туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған келісім-шарттың негізінде преференцияларды қолдану жылы). Преференцияларды қолдану мерзімі Салық кодексінің 139-бабының 9-тармағына сәйкес тіркелген активтердегі инвестициялардың көлеміне байланысты айқындалады;
- 7) F бағанда Салық кодексінің 139-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс тіркелген активтердің құны көрсетіледі;
- 8) G бағанда келесі салық кезеңінің 100.24.001 жолына қосымша нысанының D бағанының тиісті жолдарына көшірілетін тіркелген активтердің құны мен қайта құруға шығыстар көрсетіледі (D - F);
- 9) H бағанда Салық кодексінің 110-бабы 1-тармағына сәйкес тіркелген активтер топтарының нөмірі көрсетіледі.
- 100.12.004 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 100.12.004A жолына, F - 100.12.004B жолына, G - 100.12.004C жолына көшіріледі.
161. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

15. Әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар мен шығыстар - 100.13 нысанын жасау

162. Осы нысан Салық кодексінің 90-1-бабына сәйкес әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардың

шығыстардан артық сомасын; коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктердің сомаларын; Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 28-1) тармақшасына сәйкес салық төлеушімен көрсетілген демеушілік жәрдем сомасын айқындауға арналған.

163. "Әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар мен шығыстар" бөлімінде:

1) 100.13.001 жолы салық кезеңі ішінде әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.13.002 жолы салық кезеңі ішінде әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде кеткен шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.13.003А жолы әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардың шығыстардан артық сомасын көрсетуге арналған және 100.13.002 және 100.13.001 жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалады ;

4) 100.13.003В жолы шығыстардың әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардан артық сомасын көрсетуге арналған және 100.13.002 және 100.13.001 жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалады .

164. "Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүлік" бөлімінде:

100.13.004 жолы есепті салық төлеушілермен салық кезеңі ішінде коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

165. "Демеушілік жәрдем көрсету бойынша шығыстар" бөлімінде:

100.13.005 жолы салық кезеңі ішінде салық төлеушімен көрсетілген демеушілік жәрдем сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

166. 100.13.003А жолының шамасы 100.00.018 жолына көшіріледі.

100.13.004 жолының шамасы 100.00.045В жолына көшіріледі.

100.13.005 жолының шамасы 100.00.045С жолына көшіріледі.

167. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

168. 100.13.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда Салық кодексі 90-1-бабының 2-тармағында белгіленген қызмет түрінің тиісті коды көрсетіледі:

P/c N	Қызмет түрі	Қызмет түрінің коды
1	Медициналық қызмет	01
2	Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту; бастауыш, негізгі, орта, қосымша жалпы білім беру; бастауыш, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру; қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласында қызмет	02
3	Ғылым, дене шынықтыру және спорт, мәдениет, тарихи және мәдени мұраны, мұрағат құндылықтарын сақтау жөнінде қызметтер көрсету саласындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызмет	03
4	Қызметкерлерді қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызмет	04
5	Қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің демалысын ұйымдастыру жөніндегі қызмет	05

Тұрғын үй қоры объектілерін пайдаланудан табыстар алынған кезде, В бағанда "10" коды көрсетіледі;

3) С бағанда В бағанда көрсетілген қызмет түрі бойынша әлеуметтік сала объектілерін пайдаланудан алынуы тиіс (алынған) табыстың сомасы, сондай-ақ тұрғын үй объектілерін пайдаланудан алынуы тиіс (алынған) табыстың сомасы көрсетіледі;

100.13.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 100.13.001 жолына көшіріледі.

169. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

170. 100.13.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда осы Ереже 169-тармағының 2) тармағына сәйкес қызмет түрінің коды көрсетіледі, сонымен қатар тұрғын үй объектілерін пайдаланудан шығыстар алынған кезде аталған бағанда "10" коды көрсетіледі;

3) С бағанда табысты алушы ұйымның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда әлеуметтік сала объектілерін пайдаланудан алынған шығыс түрінің тиісті коды көрсетіледі:

Р/с N	Шығыс түрінің атауы	Шығыс түрінің коды
1	Шикізат, материалдар, сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикаттар	01
2	Одан әрі сатуға арналған тауарлар	02
3	Отынға жұмсалған шығыстар	03
4	Электр энергиясына жұмсалған шығыстар	04
5	Жылу энергиясына жұмсалған шығыстар	05
6	Қаржылық қызмет көрсетулерге жұмсалған шығыстар	06
7	Жалдау ақысына жұмсалған шығыстар	07
8	Көліктік қызмет көрсетулерге жұмсалған шығыстар	08
9	Байланыс қызмет көрсетулеріне жұмсалған шығыстар	09
10	Қорғаныс қызмет көрсетулеріне жұмсалған шығыстар	10
11	Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға жұмсалған шығыстар	11
12	Мүлікті сақтандыруға жұмсалған шығыстар	12
13	Өзге де сақтандыруға жұмсалған шығыстар	13
14	Жарнамаға жұмсалған шығыстар	14
15	Кеңсе керек-жарақтары мен мүкәммалға жұмсалған шығыстар	15
16	Баспасөз басылымдарына жұмсалған шығыстар	16
17	Қазақстан Республикасының шегіндегі нақты іссапар шығыстары	17
18	Қазақстан Республикасының шегінен тысқары нақты іссапар шығыстары	18
19	Тамақтандыру өнімдеріне жұмсалған шығыстар	19

20	Еңбек ақы төлеуге, оның ішінде еңбек келісімдері бойынша жұмсалған шығыстар	20
21	Әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығыстар	21
22	Ағымдағы жөндеу бойынша қызмет көрсетулерге жұмсалған (жұмыстарға) шығыстар	22
23	Өзге де шығыстар	23

5) Е бағанда жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

100.13.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.13.002 жолына көшіріледі.

171. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

172. 100.13.004 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда салық төлеуші мүлік берген коммерциялық емес ұйымның салық төлеуші тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 3) С бағанда берілген түрінің коды көрсетіледі:

р/с N	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестиция	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

4) D бағанда коммерциялық емес ұйымның мүлікті бергенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанда берілген мүлік құны көрсетіледі.

100.13.004 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 100.13.004 жолына көшіріледі.

173. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

174. 100.13.005 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда коммерциялық емес ұйымның атауы немесе демеушілік жәрдем көрсетілген жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанда демеушілік жәрдем ретінде берілген мүлік түрінің коды көрсетіледі:

р/с N	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестиция	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

4) D бағанда демеушілік жәрдем түрінде берілген мүлікті растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанда демеушілік жәрдем түрінде берілген мүліктің құны көрсетіледі.

100.13.005 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 100.13.005 жолына көшіріледі.

175. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

16. Күмәнді міндеттемелер мен күмәнді талаптар - 100.14 нысанын жасау

176. Бұл нысан Салық кодексінің 95-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелердің; Салық кодексінің 96-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптар сомасын айқындауға арналған.

Төленген күмәнді және есептен шығарылған міндеттемелер Салық кодексінің 38-бабында белгіленген талап ету мерзімі ішінде, оларды жылдық жиынтық кіріске қосқан сәттен бастап шегеруге жатады.

177. "Есептен шығарылған міндеттемелер" бөлімінде:

1) 100.14.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.14.002 жолы Салық кодексінің 83-бабына сәйкес бұрын алдын кіріс деп танылған, төленген міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.14.003 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс бұрын алдын кіріс деп танылған төленген міндеттемелердің жалпы сомасын айқындауға арналған және 100.14.001С және 100.14.002С жолдарының сомасы айқындалады.

178. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

100.14.04 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

179. 100.14.003 жолының шамасы 100.14.027 жолына көшіріледі.

100.14.004В жолының шамасы 100.14.028 жолына көшіріледі.

180. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

181. 100.14.001 және 100.14.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда кіріске жатқызылған және салық төлеуші бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған, сома төленген кредитор - заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 303-бабына сәйкес кредитордың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда кредиторлық берешектің туындауын растайтын құжаттың (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанда күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасын кіріске енгізу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

5) E бағанда күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешекті өтеу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

7) G бағанда төленген немесе есептен шығарылған міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

8) H бағанда бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған және шегерімге жатқызылатын кіріске жатқызылған әрі E және G бағандары сомасының ең азы ретінде айқындалатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

100.14.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 100.14.001А жолына, G бағаны - 100.14.001В жолына, H бағаны - 100.14.001С жолына көшіріледі.

100.14.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 100.14.002А жолына, G бағаны - 100.14.002В жолына, H бағаны - 100.14.002С жолына көшіріледі.

182. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

183. 100.14.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда салық төлеушіге берешек үш жыл ішінде өтелмеген, тауарлар сатылған, жұмыстар орындалған, қызмет көрсетілген заңды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанда талап етудің туындаған растайтын құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанда Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімнен банкрот-борышкерді алып тастау туралы әділет органы шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша дебиторлық берешек (жанама салықтарсыз) сомасы көрсетіледі;

7) G бағанда салық салынатын кірісті айқындау кезінде жылдық жиынтық кіріске H бағанда көрсетілген берешекті енгізу күні (ай, жыл) көрсетіледі;

8) H бағанда бұрын енгізілген сомалар шегінде шегеруге жататын күмәнді талап болып табылатын дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

100.14.004 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 100.14.004А жолына, I бағаны - 100.14.004В жолына көшіріледі.

184. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстары - 100.19 нысанын жасау

185. Бұл нысан Салық кодексінің 100-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес шегеруге жататын жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстарының сомаларын айқындауға арналған.

186. "Жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстар" бөлімінде:

1) 100.15.001 жолы жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеу сомасын көрсетуге арналған және 100.15.001А және 100.15.001В жолдарын қоса отырып айқындалады;

2) 100.15.001А жолы Қазақстан Республикасы аумағында жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеу сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.15.001В жолы Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеу сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 100.15.002 жолы қызметкерлердің оқуға тапсырған кезде тұруына және тамақтануына, сондай-ақ оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және 100.15.002А және 100.15.002В жолдарын қоса отырып айқындалады;

5) 100.15.002А жолы қызметкерлер Қазақстан Республикасының аумағындағы оқуға тапсырған кезде тұруына және тамақтануына, сондай-ақ оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 100.15.002В жолы қызметкерлер Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде оқуға тапсырған кезде тұруына және тамақтануына, оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 100.15.003 жолы жұмыскер емес жеке тұлғаларды оқытуға кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және 100.15.003А және 100.15.003В жолдарын қоса отырып айқындалады;

8) 100.15.003А жолы Қазақстан Республикасы аумағында жеке тұлғаларды оқытуға шыққан шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

9) 100.15.003В жолы Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке тұлғаларды оқытуға кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

10) 100.15.004 жолы қызметкері болып табылмайтын жеке тұлғалардың оқуға тапсырған кезде тұруына және тамақтануына, сондай-ақ оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және 100.15.004А және 100.15.004В жолдарын қоса отырып айқындалады;

11) 100.15.004 жолы қызметкері болып табылмайтын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағындағы оқуға тапсырған кезде тұруына және тамақтануына, сондай-ақ оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

12) 100.15.004 жолы қызметкері болып табылмайтын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде оқуға тапсырған кезде тұруына және тамақтануына, оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

13) 100.15.005 жолы жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және 100.15.005А және 100.15.005В жолдарының қосындысымен айқындалады;

14) 100.15.005А жолында Қазақстан Республикасы аумағында жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстардың сомалары көрсетіледі және 100.15.001А, 100.15.002А, 100.15.003А және 100.15.004А жолдарының қосындысымен айқындалады;

15) 100.15.005В жолында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстардың сомалары көрсетіледі және 100.15.001В, 100.15.002В, 100.15.003В және 100.15.004В жолдарының қосындысымен айқындалады.

187. 100.15.005 жолының шамасы 100.00.029 жолына көшіріледі;

188. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

189. 100.15.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің

303-тармағына сәйкес жұмыскерлерді оқыту, біліктілігін арттыру, қайта даярлауды, жеке тұлғаларды оқытуды жүргізетін ұйымдардың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда оқытушы ұйымның резиденттік елінің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда оқытушы тұлғаның жұмыскер салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанда салық төлеушіден ақша алушының тиісті коды көрсетіледі;

1 - төлем тікелей оқытушы ұйымға төленеді;

2 - төлем жұмыскер жеке тұлғаға оқытушы ұйымның көрсетілген сомасын кейін беру шартымен төленеді;

6) F бағанда жұмыскерді оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға оқытушы ұйыммен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанда оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға жеке тұлғамен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанда шығыстың тиісті коды көрсетіледі:

1 - оқыту;

2 - біліктілігін арттыру;

3 - қайта даярлау;

9) I бағанда Қазақстан Республикасының резиденті оқытушы ұйымға төленуге тиіс (төленген) оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеуге жүргізілген нақты сома көрсетіледі;

10) J бағанда Қазақстан Республикасының резиденті емес оқытушы ұйымға төленуге тиіс (төленген) оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеуге жүргізілген нақты сома көрсетіледі.

100.15.001 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 100.15.001A жолына, J - 100.15.001B жолына көшіріледі.

190. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

191. 100.15.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің

303-тармағына сәйкес табысты алушы ұйымның резиденттігі елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанда табыстарды алушының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған B бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда салық төлеуші қызметкердің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанда қызметкердің тұруына және тамақтануына нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұру мен тамақтануға арналған шығыстардың шекті сомасы көрсетіледі;

7) G бағанда қызметкердің тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың шегерімге жатқызылуы тиіс сомасы көрсетіледі. E және F бағандарда көрсетілген сомалардың ішінен ең төменгісі ретінде айқындалады;

8) Н бағанда қызметкердің түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі;

9) І бағанда Қазақстан Республикасының резиденттеріне төленуі тиіс (төленген) қызметкердің тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың, түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың В бағанда Қазақстан Республикасының салық төлеуші резидентінің тіркеу нөмірі көрсетілген кезде G және Н бағандары бойынша тиісті сомаларды қосумен айқындалады;

10) J бағанда Қазақстан Республикасының резиденттеріне төленуі тиіс (төленген) қызметкердің тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың, түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың В бағанда Қазақстан Республикасының резиденті емесінің резиденттік елінің коды көрсетілген кезде G және Н бағандары бойынша тиісті сомаларды қосумен айқындалады.

100.15.002 жолына қосымша нысанның І бағанының жиынтық шамасы 100.15.002А жолына; J бағанының - 100.15.002В жолына көшіріледі.

192. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

193. 100.15.003 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес жұмыскер емес жеке тұлғаны оқытуды жүргізетін ұйымның резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда оқытуды жүргізетін ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда жеке тұлғаны оқытатын салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанда салық төлеушіден ақша алушының тиісті коды көрсетіледі:

1 - төлем тікелей оқытушы ұйымға төленеді;

2 - төлем жұмыскер жеке тұлғаға оқытушы ұйымның көрсетілген сомасын кейін беру шартымен төленеді;

6) F бағанда жеке тұлғаны оқытуға оқытушы ұйыммен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанда оқытуға жеке тұлғамен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) Н бағанда Қазақстан Республикасының резиденті оқытушы ұйымға төленуге тиіс (төленген) оқытуға, біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеуге жүргізілген нақты сома көрсетіледі;

9) І бағанда Қазақстан Республикасының резиденті емес оқытушы ұйымға төленуге тиіс (төленген) оқытуға, біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеуге жүргізілген нақты сома көрсетіледі;

10) J бағанда оқыту кезеңі көрсетіледі;

11) К бағанда жеке тұлғаның шартқа сәйкес салық төлеушіде жұмыспен өтеу міндетін орындау мерзімі көрсетіледі.

100.15.002 жолына қосымша нысанның Н бағанының жиынтық шамасы 100.15.003А жолына; I - 100.15.003В жолына көшіріледі.

194. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

195. 100.15.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің

303-тармағына сәйкес табысты алушы ұйымның резиденттігі елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда табыстарды алушының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда салық төлеуші қызметкердің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанда қызметкердің тұруына және тамақтануына нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұру мен тамақтануға арналған шығыстардың шекті сомасы көрсетіледі;

7) G бағанда қызметкердің тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың шегерімге жатқызылуы тиіс сомасы көрсетіледі. Е және F бағандарда көрсетілген сомалардың ішінен ең төменгісі ретінде айқындалады;

8) Н бағанда қызметкердің түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі;

9) І бағанда Қазақстан Республикасының резиденттеріне төленуі тиіс (төленген) оқытылатын жеке тұлғаның тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың, түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың В бағанда Қазақстан Республикасының салық төлеуші резидентінің тіркеу нөмірі көрсетілген кезде G және H бағандары бойынша тиісті сомаларды қосумен айқындалады;

10) J бағанда Қазақстан Республикасының резиденттеріне төленуі тиіс (төленген) оқытылатын жеке тұлғаның тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың, түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың B бағанда Қазақстан Республикасының резиденті емесінің резиденттік елінің коды көрсетілген кезде G және H бағандары бойынша тиісті сомаларды қосумен айқындалады.

100.15.004 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 100.15.004A жолына; J бағанының - 100.15.004B жолына көшіріледі.

196. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар, жөндеуге шығыстар және басқа да шегерімдер - 100.16 нысанын жасау

197. Бұл нысан Салық кодексінің 4-бөлімі 3-параграфына сәйкес салық салу мақсатында тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасын, жөндеуге шығыстарды және басқа да шегерімдерді, сондай-ақ Салық кодексінің 87-бабына сәйкес шағын топтың (топтың) теңгермелік құнынан есептен шыққан тіркелген активтердің (I топтың активтерін сатудан басқа) құн асуынан кірістерді айқындауға арналған.

198. "Үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда)" бөлімінде:

100.16.001 жолы үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

199. "Тіркелген активтердің қалған топтары" бөлімінде:

100.16.002 жолы тіркелген активтердің қалған топтары бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

200. "Тіркелген активтер бойынша барлығы" бөлімінде:

100.16.003 жолы тіркелген активтер бойынша шегерімдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 100.16.001, 100.16.002 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

201. "Басқалары" бөлімінде:

1) 100.16.004 жолы шағын топтың (топтың) құндық теңгермесінен есептен шыққан тіркелген активтердің құнының асуынан кірісті көрсетуге арналған. 100.16.001 жолына қосымша нысан I бағанының, 100.02.001 жолына қосымша

нысанның F бағанда көрсетілген сомаларды қоспағанда, және 100.16.002 жолының теріс сомаларын қосумен айқындалады;

2) 100.16.005 жолы Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс, жал келісім-шартына сәйкес жалға беруші жүргізген және жалға беруші өтемеген жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

100.16.003E жолының шамасы 100.00.035A жолына көшіріледі.

100.16.003J жолының шамасы 100.00.035D жолына көшіріледі.

100.16.003K жолының шамасы 100.00.035C жолына көшіріледі.

100.16.003F, 100.16.003H және 100.16.005D жолдарының шамасы 100.00.035F жолына көшіріледі.

100.16.004 жолының шамасы 100.00.008 жолына көшіріледі.

203. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

204. 100.16.001, 100.16.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес тіркелген активтердің I топтары бойынша негізгі құралдар коды немесе Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеуші амортизациялық аударымдар есептеуді жүргізетін тіркелген активтердің II, III және IV топтары бойынша топтарының атауы көрсетіледі;

3) C бағанда Салық кодексінің 107-бабы мен 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу үшін тіркелген активтер топтарының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары пайызбен көрсетіледі;

5) E бағанда салық төлеуші қолданатын амортизациялық нормалар әрбір шағын топ бойынша пайызбен, бірақ D бағанда көрсетілген шектен асырылмай көрсетіледі;

6) F бағанда әрбір салық шағын топтары (топтары) бойынша өткен салық кезеңі үшін 100.16.001, 100.16.002, 100.16.003 жолдарына қосымша нысандардың P бағанының тиісті жолдарында және алдыңғы салық кезеңі үшін 100.16.005H жолында қалыптасатын есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың (топтың) құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

7) G бағанда шағын топтар (топтар) бөлінісінде есепті салық кезеңінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің жарғылық капиталына салымы ретінде түскен және жылдық

жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген негізгі активтердің және материалдық емес активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына

сәйкес айқындалады. Осы бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 100.17.001 жолына қосымша нысанның J бағанда айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі;

8) H бағанда жарғылық капиталға салым ретінде тіркелген активтерді сатудан алынған және/немесе алынуы, қаржы лизингіне берілуі тиіс, есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сақтандырылған тіркелген активтер бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы, сондай-ақ Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес айқындалған тіркелген активтерді өзге шығару кезіндегі сома көрсетіледі;

9) I бағанда Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың негізгі құралдарының теңгерімдік құнының шамасы (F+G+H) айқындалады;

10) J бағанда Салық кодексінің 107-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес (I x E) есептелген есепті салық кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

11) K бағанда Салық кодексінің 113-бабы 1-тармағында көрсетілген, Салық кодексінің 92-бабына сәйкес шегеруге жататын негізгі құралдардың нормативтік қызмет мерзімінен асырмайтын және өндіріс қуатын арттырмайтын техникалық құжаттарға сәйкес негізгі құралдың техникалық жай-күйін сақтау және ұстап тұру мақсатында өндірілетін негізгі құралдардың бөлшектерін (бөліктерін) және құрамаларын ауыстырумен байланысты жөндеуге шыққан нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

12) L бағанда K бағанда көрсетілген жөндеуге шығыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 113-бабына 1-тармағында көрсетілген негізгі құралдарды жөндеуге шыққан нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

13) M бағанда Салық кодексінің 113-бабы 2-тармағында белгіленген нормалар шегінде шегеруге жатқызылуы тиіс нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

14) N бағанда Салық кодексінің 113-бабының 1, 2 және 5 тармақтарына нақты шығыстарға барабар тиісті шағын топтың теңгерме құны өсетін M бағанда көрсетілген сомадан асатын, салық төлеуші негізгі құралдарға жөндеу жүргізген нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

15) О бағанда Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 100 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың (топтың) теңгерімдік құны көрсетіледі;

16) Р бағанда егер Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес осы шағын топтың (топтың) барлық тіркелген активтері есепті салық кезеңінің соңына есептен шықса, І бағанда көрсетілген оң сомасына тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың (топтың) теңгерімдік құны көрсетіледі;

17) Q бағанда Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзетулер ($I - J + N - O - P$) есебімен есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі. Шағын топтың (І топтары бойынша) барлық тіркелген активтері шығарылған жағдайда осы бағанда нөл көрсетіледі. Топтың (II, III, және IV топтары бойынша) барлық тіркелген активтері шығарылған жағдайда осы баған бойынша шама І бағаны бойынша теріс мәні есепке алынбай айқындалады.

Жиынтық шама:

100.16.001 жолға қосымша нысанның F бағаны 100.16.001A жолына, G бағаны - 100.16.002B жолына, H бағаны - 100.16.001C жолына, I бағаны - 100.16.001D жолына, J бағаны - 100.16.001E жолына, K бағаны - 100.16.001F жолына, L бағаны - 100.00.001G жолына, M бағаны - 100.16.001H жолына, N бағаны - 100.16.001I жолына, O бағаны - 100.16.001J жолына, P бағаны - 100.16.001K жолына, Q бағаны - 100.16.001L жолына көшіріледі;

100.16.002 жолға қосымша нысанның F бағаны 100.16.002A жолына, H бағаны - 100.16.002C жолына, I бағаны - 100.16.002D жолына, J бағаны - 100.16.002E жолына, K бағаны - 100.16.002F жолына, L бағаны - 100.00.002G жолына, M бағаны - 100.16.002H жолына, N бағаны - 100.16.002I жолына, O бағаны - 100.16.002J жолына, P бағаны - 100.16.002K жолына, Q бағаны - 100.16.002L жолына көшіріледі;

205. 100.16.001 жолға қосымша нысанның F бағанда көрсетілген сомаларды қоспағанда 100.16.001 жолға қосымша нысанның I бағаны мен 100.16.002 жолға қосымша нысанның I бағаны бойынша теріс сомалар 100.16.004 жолына көшіріледі.

206. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

207. 100.16.005 жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда негізгі құралдарды жылдық жиынтық табыс алу мақсатында алған жалға берушінің атауы (аты-жөні, тегі) көрсетіледі;

3) С бағанда В бағанда көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, олар бойынша жөндеуге кеткен шығыстар келісім-шартқа сәйкес жалға беруші өтемеген "Негізгі қорлар жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

5) E бағанда Салық кодексінің 110-бабындағы 1-тармаққа сәйкес, D бағанда көрсетілген негізгі құралдар топтарының нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанда негізгі құралдар жалға алу шартының нөмірі мен күні көрсетіледі ;

7) G бағанда жал шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жал төлемінің сомасы көрсетіледі;

8) H бағанда есепті салық кезеңінің ішінде жүргізілген жалға алынған негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанда жалға берушімен өтеуге жататын жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) J бағанда Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жататын, жалға берушімен өтелетін жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.16.005 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 100.16.005A жолына, G бағанының жиынтық шамасы 100.16.005B жолына, H бағанының жиынтық шамасы 100.16.005C жолына, I бағанының жиынтық шамасы 100.16.005D жолына көшіріледі.

208. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

19. Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар - 100.17 нысанын жасау

209. Бұл нысан салық төлеуші алғаш рет пайдалануға берілген және Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды айқындауға арналған.

Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарын салық төлеуші шегерімге жатқызған кезде, осы нысан үш жыл ішінде жиынтық жылдық табыс алу мақсатында тіркелген активтерді пайдалануды растау үшін өткен үш салық кезеңіне беріледі.

210. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" бөлімінде:

100.17.001 жолы алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады.

211. 100.17.001В жолының шамасы 100.00.035В жолға көшіріледі.

212. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

213. 100.17.001 жолға қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда Қазақстан Республикасы аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтердің "Негізгі қорлар жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда Қазақстан Республикасының аумағында тиісті тіркелген активті іске қосу күні көрсетіледі;
- 4) D бағанда Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген актив тобының нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанда Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағында белгіленген тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша пайызбен салық төлеуші қолданатын амортизацияның шекті нормалары көрсетіледі. Бұл ретте F, G, H, K бағандарының қос амортизация нормасын қолданылған өткен салық кезеңдеріндегі Қазақстан Республикасы аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша толтырылмайды;
- 6) F бағанда E бағанда көрсетілген шектен аспайтын, тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша пайызбен салық төлеуші қолданатын амортизацияның нормалары көрсетіледі;
- 7) G бағанда салық төлеуші Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес ($F \times 2$) қолданатын, амортизацияның екі еселенген нормалары көрсетіледі;
- 8) H бағанда Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, түскен тіркелген активтердің құны көрсетіледі;
- 9) I бағанда кемінде үш жылда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында ($H \times G$) тіркелген активтердің деректерін пайдалану шарты кезінде амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизация аударымдарының сомалары көрсетіледі;
- 10) J бағанда ағымдағы салық кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін ($H - I$) пайдаланылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы бағанның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті шағын топтың теңгерімдік құнына енгізуге

жатады және келесі салық кезеңінің 100.16.001, 100.16.002 жолдарға қосымша нысанның G бағанының тиісті жолдарына көшіріледі;

11) K бағанда пайдаланудың үш жыл кезеңі өткенге дейін сатқан жағдайда тиісті тіркелген активтің жойылған күні көрсетіледі.

100.17.001 жолға қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 100.17.001A жолына, I бағаны - 100.17.001B жолына J бағаны - 100.17.001C жолына көшіріледі.

214. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Шет ел көздерінен түсетін кірістер, оның ішінде салық салуда жеңілдігі бар елдерде алынған кірістер - 100.18 нысанын жасау

215. Осы нысан салық төлеушімен:

1) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған (алынуға жататын) және Салық кодексінің 79-80-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын кірістерді көрсетуге арналған. Бұл ретте мұндай кірістер Декларацияның 100.00.001-100.00.021 жолдарында көрсетуге жатады.

2) салық төлеуші-резиденттің Салық кодексінің 130-бабына сәйкес салық төлеуші-резиденттің салық салынатын кірісіне қосатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес-занды тұлғалардың пайдаларының жалпы сомаларын айқындауына арналған. Салық салуда жеңілдігі бар елді айқындау Салық кодексінің 130-бабының 2-тармағымен қарастырылған.

216. "Шетел көздерінен кірістер" бөлімінде:

1) 100.18.003 жолы 100.18.001A және 100.18.001B жолдарының көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын салық төлеуші-резидентпен Қазақстан Республикасының шегінен тыс (шетел мемлекеттеріндегі) көздерден алынған кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

2) 100.18.001A жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентімен тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістер сомасын көрсетуге арналған және 100.18.001A жолына қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 100.18.001B жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентімен шетел мемлекетіндегі көздерден тұрақты мекеме арқылы

кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған кірістер сомасын көрсетуге арналған және 100.18.001В жолына қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

217. 100.00.055 жолының шамасы 100.18.001 жолына көшіріледі.

218. "Салық салуда жеңілдігі бар елдерде алынған кірістер" бөлімінде:

100.18.002 жолы салық төлеуші-резиденттің Салық кодексінің 130-бабына сәйкес салық салынатын кірісіне қосатын пайдаларының жалпы сомаларын айқындауына арналған және 100.18.002 жолына қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

219. 100.18.002 жолының шамасы 100.00.040 жолына көшіріледі.

220. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

221. 100.18.001А жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес кіріс төлейтін салық төлеуші-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ережелердің 301-тармағының 2) тармақшасына сәйкес салық төлеуші-резидентімен тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанда осы Ережелердің 302-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;
- 5) Е бағанда Салық кодексінің 80-бабымен қарастырылған салық төлеуші-резиденттің тұрақты мекемесімен байланысты емес шетел мемлекетінде көздерден есептелген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;
- 6) F бағанда Е бағанда көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі.

100.18.001А жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 100.18.001А жолына көшіріледі.

222. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

223. 100.18.001В жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда шетел мемлекетінде орналасқан тұрақты мекеменің толық атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес В бағанда көрсетілген тұрақты мекеменің орналасу елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанда осындай тұрақты мекеме орналасқан шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің салық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанда осы Ережелердің 301-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шетел мемлекетінде салық төлеуші-резидентпен тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған кіріс түрінің коды көрсетіледі;

6) F бағанда осы Ережелердің 302-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

7) G бағанда Салық кодексінің 80-бабымен қарастырылған шетел мемлекетіндегі көздерден шетел мемлекетінде тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған салық төлеушілер-резиденттің есептелген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

8) H бағанда G бағанда көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістер сомасы көрсетіледі;

100.18.001B жолына қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 100.18.001B жолына көшіріледі.

224. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

225. 100.18.002 жолына қосымша нысанда:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген, жарғылық капиталында салық төлеуші-резиденттің үлесі 10 пайыздан көп үлесті құрайтын заңды тұлға-резидент еместің атауы көрсетіледі;

3) C бағанда осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес B бағанда көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанда B бағанда көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанда салық төлеуші-резиденттің B бағанда көрсетілген резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі пайызда көрсетіледі;

6) F бағанда осы Ережелердің 302-тармағына сәйкес резидент еместің пайда сомасы айқындалған валюта коды көрсетіледі;

7) G бағанда B бағанда көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның оның шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша айқындалған шоғырландырылған пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі. B бағанда көрсетілген резидент еместің пайдасының жалпы сомасы осы Декларацияға қоса берілген сол сияқты резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталады;

8) H бағанда 100 пайыз (GxE)/100 пайыз) G және E бағандарының деректерінің туындысына қатынасы ретінде айқындалатын Қазақстан

Республикасының салық төлеуші-резидентінің салық салынатын кірісіне қосылатын пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

9) I бағанда B бағанда көрсетілген заңды тұлға-резидент еместің салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының рыноктық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген H бағанда көрсетілген пайда сомасы көрсетіледі.

100.18.002 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 100.18.002 жолына көшіріледі.

226. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

21. Қосарланған салықты болдырмау туралы халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірісті есептеу - 100.19 нысанын жасау

227. Осы нысан Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен мүліктерге (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарт ережелері (бұдан әрі - халықаралық шарт) бойынша салық салудан босатылатын салық салынатын кіріс (залал) сомасын айқындауға арналған.

100.19 нысанын Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес толтырады. Бұл нысанға салық төлеуші-резидент еместің резиденттігін растайтын құжат қоса тіркеледі.

228. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан, осы Ереженің 303-бабына сәйкес елдің коды;

2) шығыстарды есептеудің қолданылатын әдісі (тиісті торкөзде әдістердің бірі көрсетіледі).

229. "Есеп" бөлімінде:

1) 100.19.001 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған жиынтық жылдық табысының жалпы сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 100.19.024 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 100.19.002 жолы Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепте осындай кірістерге бөлек есеп жүргізу негізінде есептелген Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған Қазақстан Республикасы

тараптардың бірі болып табылатын халықаралық жүк тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден алынған кіріс сомасын көрсетуге арналған;

3) 100.19.003 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алу үшін шеккен шығыстарының шегерілетін жалпы сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 100.00.038А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 100.19.004 жолы салық төлеушінің халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарының сомасын көрсетуге арналған. Салық төлеуші шығыстарды есептеудің тура әдісін қолданған жағдайда осы жолда бухгалтерлік есепте осындай шығыстарды есептеудің бөлек әдісін қолдану негізінде есептелген құжаттармен расталған сома көрсетіледі. Шығыстарды есептеудің жанама әдісін қолданған жағдайда осы 100.19.004 жолы 100.19.003 жолының үлес салмағы және деректерінің қосындысы ретінде есептеледі. Үлес салмағы 100.19.002 жолы деректерінің 100.19.001 жолы деректеріне қатынасы ретінде айқындалады. Бұл ретте, салық төлеуші халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарын есептеудің көрсетілген әдістерінің бірін дербес таңдауға құқылы;

5) 100.19.005 жолы халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кіріс (залал) сомасын көрсетуге арналған. 100.19.005 жолының деректері 100.19.002 және 100.00.004 жолдары деректерінің айырмашылығы ретінде есептеледі.

230. 100.19.005 жолының шамасы 100.00.037А жолына көшіріледі.

231. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

22. Шетелдік салық есебі - 100.20 нысанын жасау

232. Бұл нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа (бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды ұстағанын және (немесе) төлегенін растайтын құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел елдеріндегі көздерден алынған кіріс және ұсталған және (немесе) төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы мүмкін.

233. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кіріс" бөлігінде:

100.20.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

234. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)":

100.20.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

235. "Барлығы" бөлігінде: 100.20.001С және 100.20.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалған, Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

236. 100.20.003 жолының шамасы 100.21.003А жолына көшіріледі.

237. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

238. 100.20.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда осы Ереженің 302-тармағының 2) тармақшасына сәйкес кірістің төлем көзі - елі бойынша ашылатын сома тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ереженің 303-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;
- 4) D бағанда әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден ұқсас кіріс түрлерін алған жағдайда, кіріс пен төленген салық ставкасының әрбір түрі үшін осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 5) E бағанда тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 6) F бағанда әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, F бағанының деректері D және E бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады;

7) G бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, H бағанның деректері D және G бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

100.20.001 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 100.20.001A жолына, F бағаны - 100.20.001B жолына, H бағаны - 100.20.001C жолына көшіріледі.

239. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

240. 100.20.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанда осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес кіріс төлемі көзі - елдің коды көрсетіледі;
- 3) C бағанда әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанда тиісті төлем көзі - ел немесе халықаралық шартқа заңнамамен белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 5) E бағанда әрбір кіріс төлем көзі - еліне төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалады;
- 6) F бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 7) G бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерін көбейту ретінде айқындалады.

100.20.002 жолға қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 100.20.002А жолына, Е бағаны - 100.20.002В жолына, G бағаны - 100.20.002С жолына көшіріледі.

241. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

23. Салық міндеттемесін есептеу - 100.21 нысанын жасау

242. Бұл нысан салық төлеушінің корпорациялық табыс салығының сомасын есептеуіне резидент еместің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен таза кіріске салық және төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке алулар, есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша басқа да есеп айырысуларды, сондай-ақ заңды тұлға бойынша жалпы деректерді көрсетуге арналған.

243. "Салық есептеу және жүргізілген төлем бойынша есеп" бөлімінде:

1) 100.21.001 жолында 100.00.047 жолында айқындалған салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 100.21.002 жолында Салық кодексінің 135-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша корпорациялық табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі. 100.21.002С жолында 100.35.010 жолында көрсетілген сома көрсетіледі;

3) 100.21.003 жолында 100.21.003А және 100.21.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін жүргізілген есептің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 100.21.003А жолында Қазақстан Республикасы шегінен тыс төленген, осы декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған және Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алуға қабылданған салық сомалары көрсетіледі; Осы жолға 100.20.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.21.003В жолында Қазақстан Республикасында есептелген (алынған) сыйлықақылар мен ұтыстардың сомаларынан ұсталған салық сомасы көрсетіледі. Осы жолға 100.08.001В, 100.08.002D және 100.08.003D жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 100.21.004 жолында 100.21.004А немесе 100.21.004В немесе 100.21.004С жолдарының деректері арқылы айқындалатын есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 100.21.004А жолында Салық кодексінің 125-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген және 100.21.002 және 100.21.003 жолдарының айырмасы

ретінде айқындалатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте егер 100.21.003 жолының сомасы 100.21.002 жолының сомасынан асатын болса, 100.21.002 жолының сомасы шегінде есепке алу жүргізіледі және 100.21.004А жолында нөл көрсетіледі;

8) 100.21.004В жолында Салық кодексінің 119-1-бабының 4-тармағына немесе Салық кодексінің 139-бабының 2-тармағына, немесе Салық кодексінің 140-2-бабының 2-тармағына, Салық кодексінің 140-5-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі және 100 пайызға азайтылған 100.21.004А жолының сомасы ретінде айқындалады;

9) 100.21.004С жолында Салық кодексі 140-9-бабының (1 және 2-тармағына), 4-тармақтарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі және 100.21.004А және 100.37.017 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

10) 100.21.005 жолы Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметтерін жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлғалармен толтырылады. Осы жолда 100.21.001 және 100.21.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын таза табыс сомасы көрсетіледі;

11) 100.21.006 жолы Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметтерін жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлғалармен толтырылады. Осы жолға Салық кодексінің 185 немесе 201-баптарына сәйкес есептелген Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы түсетін резидент емес-заңды тұлғалардың таза табысына салық сомасы көрсетіледі;

12) 100.21.006А жолында Салық кодексінің 185-бабының 1-тармағына белгіленген ставка бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі;

13) 100.21.006В жолында Салық кодексінің 201-бабына сәйкес халықаралық шарттарда белгіленген ставка бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі;

14) 100.21.006С жолында Қазақстан Республикасымен қолданылатын халықаралық шарт жасалған осы Ереженің 317-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі;

15) 100.21.007 жолында 100.21.004 және 100.21.004 сомаларының қосылуымен айқындалатын корпорациялық табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі;

16) 100.21.008 жолы толтырылуға жатпайды;

17) 100.21.008А жолы толтырылуға жатпайды;

18) 100.21.008В жолы толтырылуға жатпайды;

19) 100.21.009 жолы толтырылуға жатпайды;

20) 100.21.010 жолы толтырылуға жатпайды;

244. "Басқа ақпарат" бөлімінде:

1) 100.21.011 жолында статистика органдарының деректері бойынша Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне сәйкес кәсіпкерлік қызмет түрлері көрсетіледі;

2) 100.20.012 жолында статистика органдарының деректері бойынша КОЖЖ (кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктегіші) коды көрсетіледі;

3) 100.21.013 жолында заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі;

4) 100.21.014 жолында заңды тұлғаның меншік түрі көрсетіледі: жеке меншік немесе мемлекеттік.

245. 100.21.002 жолының шамасы 100.00.048 жолына көшіріледі.

100.21.003 жолының шамасы 100.00.050 жолына көшіріледі.

100.21.006 жолының шамасы 100.049 жолына көшіріледі.

100.21.007 жолының шамасы 100.00.051 жолына көшіріледі.

100.21.008 жолының шамасы 100.00.052 жолына көшіріледі.

100.21.009 жолының шамасы 100.00.053 жолына көшіріледі.

100.21.010 жолының шамасы 100.00.054 жолына көшіріледі.

246. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

24. Өзге халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық салынатын кіріс - 100.23 нысанын жасау

247. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық төлеушінің салық салынатын кіріс сомаларын айқындауға арналған.

248. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 100.22.001 жолы қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық салынатын кірістің жалпы сомаларын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

249. 100.22.001 жолының шамасы 100.00.041В жолына көшіріледі.

250. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

251. 100.22.001 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі. Бұл ретте салық төлеуші аталған бағанда жүзеге асырылатын қызмет түрі бойынша жол бойы Е немесе F бағанда көрсетілген халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға жататын кірістер алынған тиісті топты (сынып) көрсетеді;

3) С бағанда Е немесе F бағанда көрсетілген халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатуға жататын кіріс алынған салық төлеушімен жұмыстар орындауға (қызмет көрсетулерге) немесе өзге мақсаттарда жасалған келісім-шарттың (шарт, келісім) нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанда Е немесе F бағанда түрі немесе атауы көрсетілген халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес салық салудан босатуға жататын, Салық кодексінің 67-бабына сәйкес бухгалтерлік есепте салық салынатын кірісті бөлек есебін жүргізу негізінде есептелген салық төлеушінің салық салынатын кірісінің (залал) сомасы көрсетіледі;

5) E бағанда оған сәйкес D бағанда көрсетілген салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексімен белгіленген тәртіптен өзгеше салық салу тәртібі белгіленген осы Ережелердің 304-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

6) F бағанда оған сәйкес D бағанда көрсетілген салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексімен белгіленген тәртіптен өзгеше салық салу тәртібі белгіленген халықаралық шарт түрінің атауы көрсетіледі. Осы баған егер салық төлеуші осы Ережелердің 304-тармағына сәйкес "Өзге халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" 22-халықаралық шарт түрінің коды E бағанын көрсеткен жағдайда ғана толтыруға жатады;

7) G бағанда осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Осы баған егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттардың ережелерін қабылдаған жағдайда толтыруға жатады;

8) H бағанында Е немесе F бағанда көрсетілген халықаралық шарт бекітілген заң актісінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

100.22.001 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 100.22.001 жолына көшіріледі.

252. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

25. Стандарттық салық жеңілдіктерін алғанда салық міндеттемесін есептеу - 100.23 нысанын жасау

253. Бұл нысан инвестициялар бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартқа сәйкес стандарттық салық жеңілдіктерін алғанда салық төлеуші корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған (қаржы-шаруашылық қызметтің қорытындыларына қарамастан).

"Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеу" бөлімінде:

1) 100.23.001 жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасаған бұрынғы үш жылдан ең жоғары болып табылатын салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 100.23.002 жолында салынатын кіріс инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасаған бұрынғы үш жылдан ең жоғарысы болып табылатын салық салық кезеңінің жылы көрсетіледі;

3) 100.23.003 жолында есепті салық кезеңіне қатысы бойынша 100.23.002 жолында көрсетілген жыл инфляциясының орташа жылдық индексі көрсетіледі;

4) 100.23.004 жолында инфляция индексі ескеріле отырып, 100.23.001 жолында көрсетілген салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі және 100.23.001 және 100.23.003 жолдарының сомасынан шығарылу ретінде айқындалады;

5) 100.23.005 жолында есепті салық кезеңінде стандарттық салық жеңілдіктерін берген шарттың күші бар айлардың саны көрсетіледі;

6) 100.23.006 жолында инфляция индексі мен жолында есепті салық кезеңінде стандарттық салық жеңілдіктерін берген шарттың күші бар айлардың саны ескеріле отырып, салық салынатын кірістің ең жоғары сомасы көрсетіледі, және $100.23.004 \times 100.23.005/12$ формуласы бойынша айқындалады;

7) 100.23.007 жолында есепті салық кезеңінде стандарттық салық жеңілдіктерін берген шарт бойынша қызметтен алынған есепті салық кезеңі үшін салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі. Бұл ретте салық төлеуші басқа қызметтерді жүзеге асыру жағдайында бөлу есебін жүргізуге міндетті;

8) 100.23.008 жолында 100.23.007 және 100.23.004 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, (салық салынатын кіріс - 100.243.001 жолында көрсетуге тиісті салық салынатын кірістің болмаған жағдайында) келісім-шарт бойынша қызметтен алынған салық салынатын кірістің жеңілдетілген өсімінің сомасы көрсетіледі;

9) 100.23.009 жолында шартқа сәйкес корпорациялық табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

10) 100.23.010 жолында шартқа сәйкес корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

255. 100.23.010 жолының шамасы 100.21.002С жолына көшіріледі.

256. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

26. Өз өндірісінің тауарларын өткізетін салық төлеушілермен төлеуге жататын корпорациялық табыс салығы азайту сомаларының есебі - 100.24 нысанын жасау

257. Осы нысан Салық кодексінің 140-9-бабына (Салық кодексінің 22-3 бөлімі) сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығын азайтуға жатқызылған корпорациялық табыс салығының сомасын айқындауға арналған.

258. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 100.24.001 жолында тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден алынатын кіріс сомасы көрсетіледі. Осы жолға 100.00.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 100.24.002 жолында Салық кодексі 140-7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен тізілімі бекітілген өз өндірісінің тауарларын өткізуден түсетін табыстардың сомасы көрсетіледі. 100.38.002 және 100.38.002 жолдарының сомаларының қосындысымен айқындалады;

3) 100.24.002А жолында Салық кодексі 140-7-бабының 2-тармағына сәйкес осындай деп танылған өз өндірісінің сертификацияланған тауарларын қоспағанда, Салық кодексі 140-7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен тізілімі бекітілген өз өндірісінің тауарларын өткізуден түсетін табыстардың сомасы көрсетіледі. Осы жолға 100.01.002С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 100.24.002В жолында Салық кодексі 140-7-бабының 2-тармағына сәйкес осындай деп танылған өз өндірісінің сертификацияланған тауарларын өткізуден түсетін табыс көрсетіледі. Осы жолға 100.01.003С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.24.003 жолында 100.38.002 жолының сомасы мен 100.38.001 жолының сомасының қатынасы ретінде айқындалатын Салық кодексі 140-7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен тізілімі бекітілген өз өндірісінің тауарларын өткізуден түсетін табыстардың үлес салмағы тауарларды өткізуден түсетін табыстарының жалпы сомасында көрсетіледі;

6) 100.24.004 жолында материалдық, әлеуметтік игіліктер және материалдық пайдаларды қоспағанда, жұмысшыға салық кезеңі ішінде есептелген кірістер көрсетіледі. Осы жолға 100.10.004А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 100.24.005 жолында жылдық жиынтық табыс алу мақсатында пайдаланылмайтын объектілер бойынша есептелген амортизациялық аударымдарды қоспағанда, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамаға сәйкес салық кезеңі үшін есептелген амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі (100.25.034II-100.25.034IIA+100.25.035II);

8) 100.24.006 жанама және көздерден ұстау төлемдерінен басқа салық кезеңі үшін салық декларациялары бойынша есептелген сома көрсетіледі. 100.24.006A-100.24.006E жолдарының сомаларының қосындысымен айқындалады;

9) 100.24.006B жолында салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 100.24.004A жолында көрсетілген сомасы көшіріледі;

10) 100.24.006B жолында есептік салық кезеңінің төрт тоқсан үшін 600.00.001D, 600.00.002D және 600.00.006D (600.00.001D+600.00.002D-600.00.006D) жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

11) 100.24.006C жолында салық кезеңі үшін есептелген жер салығының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 700.00.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 100.24.006D жолында салық кезеңі үшін есептелген көлік құралдарына салық сомасы көрсетіледі. Осы жолға 700.00.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 100.24.006E жолында салық кезеңі үшін есептелген мүлік салығының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 700.00.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 100.24.007 жолында төтенше жағдайлардан түскен табысты (залал) есептемегенде, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамаға сәйкес айқындалған таза табыс сомасы көрсетіледі;

15) 100.24.008 жолында Салық кодексінің 140-7-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған қосылған құн мөлшері көрсетіледі. 100.24.004-100.24.007 жолдарының сомаларының қосындысымен айқындалады;

16) 100.24.009 жолында 100.24.008 жолы мен 100.24.001 жолының қатынасымен айқындалатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түсетін кірістің жалпы сомасында қосылған құн үлесі;

17) 100.24.010 жолында Салық кодексінің 140-7-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес айқындалатын салық жүктемесінің коэффициенті көрсетіледі. 100.24.006 жолы мен 100.24.001 жолының қатынасымен айқындалады.

259. "Корпорациялық табыс салығын азайтуға жатқызылатын сомалардың есебі" бөлімінде:

1) 100.24.011 жолында салық кезеңі үшін түзетулер ескеріле отырып, жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі. Осы жолға 100.00.024 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 100.24.012 жолында жылдық жиынтық табыста Салық кодексінің 140-9-бабының 2-тармағына сәйкес осындай деп танылған өз өндірісінің сертификацияланған тауарларын қоспағанда, Салық кодексі 140-7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен тізілімі бекітілген өз өндірісінің тауарларын өткізуден түсетін кірістің үлес салмағы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 100.24.002А жолы мен 100.24.011 жолының қатынасы ретінде айқындалады;

3) 100.24.013 жолында жылдық жиынтық табыста Салық кодексінің 140-9-бабының 2-тармағына сәйкес осындай деп танылған өз өндірісінің сертификацияланған тауарларын өткізуден түсетін кірістің үлес салмағы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 100.24.002В жолы мен 100.24.011 жолының қатынасы ретінде айқындалады;

4) 100.24.014 жолында Салық кодексінің 125-бабына сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығы сомасы көрсетіледі. Осы жолға 100.21.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 100.24.015 жолында Салық кодексінің 140-9-бабының 2-тармағына сәйкес осындай деп танылған өз өндірісінің сертификацияланған тауарларын қоспағанда, Салық кодексі 140-7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметімен тізілімі бекітілген өз өндірісінің тауарларына жататын корпорациялық табыс салығы сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 100.24.014 және 100.24.012 жолдарының сомалары туындысымен айқындалады;

6) 100.24.016 жолында Салық кодексінің 140-9-бабының 2-тармағына сәйкес осындай деп танылған өз өндірісінің сертификацияланған тауарларына жататын корпорациялық табыс салығы сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 100.24.014 және 100.24.013 жолдарының сомалары туындысымен айқындалады;

7) 100.24.017 жолында Салық кодексінің 140-7-бабында қарастырылған шарттардың салық төлеушімен сәйкес келуде Салық кодексінің 125-бабына сәйкес есептелген корпорациялық табыс салығын азайтуға жататын азайтуға жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 30 пайызға 100.26.015 жолының сомасы мен 50 пайызға 100.26.016 жолының сомасының туындыларының қосындысымен айқындалады (($100.24.015 \times 30$ пайызға) + ($100.24.016 \times 50$ пайызға)).

100.24.017 жолының шамасы 100.21.004С жолына көшіріледі.

260. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

27. Корпорациялық табыс салығы бойынша декларациямен кірістер және шығыстар туралы есепті салыстыру - 100.25 нысанын жасау

261. Бұл нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі жөніндегі заңнамаға сәйкес есепті салық кезеңі үшін жасалған бухгалтерлік есеп деректері негізінде салық төлеуші жасайды.

262. I бағанын толтыру кезінде Декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

263. II бағанын толтыру кезінде бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі жөніндегі заңнамаға сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

264. III бағанда 100.25.001, 100.25.002, 100.25.003 жолдардан басқа, I және II бағандардың айырмашылығы көрсетіледі.

265. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 100.25.001 жолында қаржы есептемесі бойынша таза кіріс (залал) көрсетіледі;

2) 100.25.002 жолында 100.00.048 және 100.00.049 жолдарында көрсетілген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 100.25.003 жолында 100.00.047 жолында көрсетілген салық салынатын кіріс көрсетіледі;

4) 100.25.004 жолында:

I бағанға 100.00.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

5) 100.25.005 жолында:

I бағанда 100.25.005A-100.25.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын активтерді сату кезінде құнның өсуінен түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

II бағанда 100.25.005A-100.25.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын бухгалтерлік есеп деректері бойынша 100.25.004 жолында көрсетілген тауарлардан (жұмыстардан, қызмет көрсетулерден) басқа, активтерді сатудан түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 100.25.005A жолында:

I бағанға 100.02.001; 100.02.002 және 100.02.003 жолдарының сомалары көшіріледі;

II бағанда тұрғын-үйлер, ғимараттар, құрылыстардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

7) 100.25.005B:

I бағанға 100.02.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тұрғын-үйлер, ғимараттар, құрылыстардан басқа, негізгі құралдардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

8) 100.25.005C жолында:

II бағанда материалдық емес активтерді өткізуден түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

9) 100.25.005D жолында:

I бағанда 100.02.005-100.002.009 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шама көрсетіледі;

II бағанда бағалы қағаздарды сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

10) 100.25.005E жолында:

II бағанда басқа да активтерді сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

11) 100.25.006 жолында:

I бағанға 100.00.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда есептен шығару міндеттемесінен түскен кіріс көрсетіледі;

12) 100.25.007 жолында:

I бағанға 100.00.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 100.25.008 жолында:

I бағанға 100.00.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда мүлікті жалға бергеннен түскен кіріс көрсетіледі;

14) 100.25.009 жолында:

I бағанға 100.00.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда борыштың талаптан қайтудан түскен кірісі көрсетіледі;

15) 100.25.010 жолында:

I бағанға 100.00.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе тоқтатуға келісуден алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

16) 100.25.011 жолында:

I бағанға 100.00.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жалпы үлестік меншіктен түскен кірісті бөлу кезінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

17) 100.25.012 жолында:

I бағанға 100.00.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұлдар, өсімақылар және басқа да санкция түрлері бойынша кіріс көрсетіледі;

18) 100.25.013 жолында:

I бағанға 100.00.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда бұрын жүргізілген шығыс бойынша алынған өтемақылар көрсетіледі;

19) 100.25.014 жолында:

I бағанға 100.00.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер, соның ішінде тауарлық-материалдық құндылықтардың артығынан тегін алынған мүлік, сондай-ақ оларды тарату кезіндегі негізгі құралдардан бөлшектеу, талқылау кезінде алынған тауарлық-материалдық қорлар түріндегі кіріс көрсетіледі;

20) 100.25.015 жолында:

I бағанға 100.00.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанға дивиденд түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

21) 100.25.016 жолында:

I бағанға 100.00.015 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанға сыйақы түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

22) 100.25.017 жолында:

I бағанға 100.00.016 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанға оң бағамдық айырмашылығының теріс бағамдық айырмашылығынан асқан сомасы көрсетіледі;

23) 100.25.017 жолында:

I бағанға 100.00.017 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанға ұтыс түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

24) 100.25.019 жолында:

I бағанға 100.00.018 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда роялти түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

25) 100.25.020 жолында:

I бағанға 100.00.019 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда әлеуметтік саладағы объектілерді пайдалану кезіндегі шығыстардан кірістің артығынан алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

26) 100.25.021 жолында:

I бағанға 100.00.019 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанға кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын кірістердің сомасы көрсетіледі;

27) 100.25.022 жолында:

I бағанға 100.00.008, 100.00.020 және 100.00.021 жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда 100.25.004-100.25.023 жолдарында көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да кірістер көрсетіледі;

28) 100.25.023 жолында:

I бағанда 100.25.023 жолдан көшірілетін жылдық жиынтық табысты түзету сомасы көрсетіледі;

29) 100.25.024 жолында:

I бағанда кірістің жалпы сомасы (100.25.004-100.25.022 жолдардың сомасы алынған 100.25.023 жолы) көрсетіледі;

II бағанда кірістің жалпы сомасы (100.25.004-100.25.022 жолдардың сомасы) көрсетіледі;

30) 100.25.025 жолында:

I бағанға 100.00.025 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны ретінде айқындалған, кезеңнің шығысы және басқа да жолдарда көрсетілген шығыстарды есептемегенде, негізгі емес қызмет бойынша шығыстар шамасы көрсетіледі;

31) 100.25.025A жолында:

I бағанға 100.08.005A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

32) 100.25.025B жолында:

I бағанға 100.08.005B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өкілдік шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

33) 100.25.026 жолында:

I бағанға 100.12.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өкілдік шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

34) 100.25.027 жолында:

I бағанға 100.00.027 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

35) 100.25.028 жолында:

I бағанға 100.12.028 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда күмәнді борыш бойынша резерв көрсетіледі;

36) 100.25.029 жолында:

I бағанға 100.00.029 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында әлеуметтік төлемдерге шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі;

37) 100.25.030 жолында:

I бағанына 100.00.030 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ғылыми-зерттеуге, жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

38) 100.25.031 жолында:

I бағанға 100.00.031 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда әлеуметтік төлемдерге шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі;

39) 100.25.032 жолында:

I бағанға 100.00.032 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда теріс бағамдық айырмасының оң бағамдық айырмадан асу сомасы көрсетіледі;

40) 100.25.033 жолында:

I бағанға 100.00.033 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кірісті айқындағанға дейін пайдаланылған салықтардан басқа, салықтар және Қазақстан Республикасында төленген корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ басқа мемлекеттерде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

41) 100.25.034 жолында:

I бағанға 100.00.034 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұл, өсімақы, тұрақсыздық айыбы деп көрсетілген немесе танылған сома көрсетіледі;

42) 100.25.035 жолында:

I бағанға 100.00.036 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда II бағанда күмәнді борыш, жұмысшылардың еңбек демалыстарын төлеу бойынша резервтегі сомадан басқа резерв қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі;

43) 100.25.036 жолында:

I бағанға 100.00.035A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда табиғи ресурстарды өндіруге геологиялық зерттеу мен дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар мен жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарының сомасы көрсетіледі;

44) 100.25.037 жолында:

I бағанға 100.00.035A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

45) 100.25.037A жолында:

II бағанда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында пайдаланылмайтын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

46) 100.25.038 жолында:

I бағанға 100.00.035B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

47) 100.25.039 жолында:

I бағанға 100.00.035C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

48) 100.25.040 жолында:

I бағанға 100.00.035D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

49) 100.25.041 жолында:

I бағанға 100.00.035E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

50) 100.25.042 жолында:

I бағанға 100.00.035F жолында көрсетілген сома көшіріледі;

51) 100.25.043 жолында:

II бағанда негізгі құралдардың жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

52) 100.25.044 жолында:

II бағанда материалдық емес активтердің жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

53) 100.25.045 жолында:

II бағанда материалдық құндылықтар нормативтен тыс ысырап, бүлінген және жетпеген, сондай-ақ басқа да өндірістік емес шығыстар және ысырап сомасы көрсетіледі;

54) 100.25.046 жолында:

II бағанда айыпкер белгіленбеген немесе егер айыпкер жақтың есебінен қажетті соманы өтеу мүмкін болмаған жағдайда, талан-тараждан түскен залал көрсетіледі;

55) 100.25.047 жолында:

II бағанда өндірістік қуаттық пен консервацияда болып табылатын объектілерді ұстап тұруға шығындар сомасы көрсетіледі;

56) 100.25.048 жолында:

II бағанда жұмысшылардың еңбек демалыстарын төлеуге резервтегі сома көрсетіледі;

57) 100.25.049 жолында:

II бағанда негізгі құралдарды алда тұрған жөндеуге кететін шығыстарға резервтегі сома көрсетіледі;

58) 100.25.050 жолында:

II бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген, 100.25.025-100.25.049 жолдарында көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

59) 100.25.051 жолында:

I бағанда 100.00.045 жолынан көшірілетін салық салынатын кірістің түзету сомасы көрсетіледі;

60) 100.25.052 жолында:

I бағанда 100.25.025-100.25.051 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

II бағанда 100.25.025-100.25.051 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

61) 100.25.053 жолында:

III бағанда III бағандағы 100.25.024 және 100.25.052 жолдарының әртүрлілігі ретінде анықталатын шығыс пен кіріс арасындағы айырмашылық көрсетіледі;

62) 100.25.054 жолында:

III бағанда 100.25.050 жолдың сомасына түзетілген 100.25.001 және 100.25.002 сомасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріс көшіріледі. Осы сома 100.00.042 және 100.00.045 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріске сәйкес келуі қажет.

266. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

28. Кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударымдар - 100.26 нысанын жасау

267. Бұл нысан кен орындарын әзірлеу салдарларын жою жөніндегі нақты шығыстардың сомасынан кен орнын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының асуынан кірістерді, сондай-ақ қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасын айқындауға арналған.

268. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударым" бөлімінде:

100.26.001 жолы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бағдарламасының (бұдан әрі - бағдарлама) іс-әрекет етудің барлық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

269. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар" бөлімінде:

100.26.002 жолы есепті кезең үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

270. "Шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар" бөлімінде:

100.26.003 жолы шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

271. 100.26.001D немесе 100.26.002C жолдарының шамасы 100.26.019 жолына көшіріледі.

100.26.003 жолының шамасы 100.26.036 жолына көшіріледі.

272. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

273. 100.26.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шартты жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 3) С бағанына В бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;
- 4) D бағанында бағдарламаның қызмет ету мерзіміне белгіленген кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында бағдарламаның қызмет ету кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанына бағдарламаның кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында бағдарламаның кезеңі үшін (E - F) кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың жалпы сомасынан бағдарламаның кезеңі үшін шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың асуы нәтижесінде құралған оң айырма түрінде алынған кіріс көрсетіледі.

100.26.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.26.001A жолына, E бағаны - 100.26.001B жолына, F бағаны - 100.26.001C жолына, G бағаны - 100.26.001D жолына көшіріледі.

274. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

275. 100.26.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 3) С бағанына В бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;
- 4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін бағдарлама шегіндегі кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында есепті салық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанына есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

Егер жер қойнауын пайдаланушы бағдарламада көзделген кезеңде кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша жұмыстарды жүргізбесе, онда осы бағанда көрсетілген сома 100.00.019 жолына көшіріледі.

100.26.002 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.26.002А жолына, Е бағаны - 100.26.002В жолына, F бағаны - 100.26.002С жолына көшіріледі.

276. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

277. 100.26.003 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 3) С бағанына В бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;
- 4) D бағанында есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылуы тиіс жер қойнауын пайдалануға келісім-шартқа сәйкес кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

100.26.003 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.26.003 жолына көшіріледі.

278. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

29. Геологиялық зерттеу мен дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар мен жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары - 100.27 нысанын жасау

279. Бұл нысан Салық кодексінің 101-бабына сәйкес не болмаса Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес шегерімдерге жатқызылуға жататын жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіру басталған уақытқа дейін геологиялық зерттеу мен барлауға, табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсаған шығыстарын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын немесе Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт ережелеріне сәйкес шегерімдерге жатқызылуға жататын шығыстарын айқындауға арналған.

280. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) геологиялық зерттеу, жер қойнауын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органның қорларды бекіту күні.

281. "Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар" бөлімінде:

1) 100.27.001 жолы геологиялық зерттеуге шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 100.27.002 жолы бағалау және орналастыру кезеңінде барлау мен пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстардың сомасын көрсетуге көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 100.27.003 жолы жалпы әкімшілік шығыстардың сомасын көрсетуге көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 100.27.004А жолында қол қойылатын төленген бонус сомасы көрсетіледі;

5) 100.27.004В жолында коммерциялық табылудың төленген бонусының сомасы көрсетіледі;

6) 100.27.004С жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жағдайына сәйкес өндіру бонусын төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

7) 100.27.005 жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жағдайына сәйкес тарихи шығыстарды төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

8) 100.27.006 жолында есепті салық кезеңі үшін келісім-шарт шегінде айқындалған қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі;

9) 100.27.007 жолында есепті салық кезеңі үшін қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға жер қойнауын пайдаланушы нақты жүргізілген шығыстардың соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

10) 100.27.008 жолында шегерімге жататын қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі. 100.27.006 және 100.27.007 жолдарының ең аз мәні ретінде айқындалады;

11) 100.27.009 жолында инфрақұрылымды дамытуға шығыстарды қоса алғанда, өзге де шығыстардың сомасы көрсетіледі;

12) 100.27.010 жолында өндірілген пайдалы қазбаларды сату бойынша шығыстардан басқа Салық кодексінің 101-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге шығыстар көрсетіледі;

13) 100.27.011 жолында 100.27.001 - 100.27.006 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстары мен барлауға , геологиялық зерттеуге шығыстардың жалпы сомасы және салық төлеушінің басқа да шығыстары көрсетіледі;

14) 100.27.012 жолында коммерциялық табудан кейін өндіру басталған уақытқа дейін табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары, барлау,

геологиялық зерттеу өткізу кезеңіне келісім-шарт жасалған шектерде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған кірістер сомасы көрсетіледі;

15) 100.27.012А жер қойнауын пайдалану құқығын беруден түскен табыстар сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

16) 100.27.013 жолында шығыстар сомасына азайтылмайтын кірістер сомасы көрсетіледі. 100.27.014 және 100.27.015 жолдарының сомалары ретінде айқындалады;

17) 100.27.014 жолында пайдалы қазбаларды сату кезінде жер қойнауын пайдаланушы алған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

18) 100.27.015 жолында жылдық жиынтық табыстан алып тастауға жататын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.27.015А - 100.27.015F жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

19) 100.27.012 жолында 100.27.007 жолында алынған шығыстар сомасына азайтылатын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.27.008 және 100.27.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

20) 100.27.017 жолында 100.27.011 және 100.27.016 жолдарының оң айырмасы ретінде алынған, шегерімге жатқызылуы тиіс табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеу, барлауға шығыстар сомасы көрсетіледі.

Егер 100.27.017 жолы бойынша теріс бағам алынған болса, көрсетілген сома табиғи ресурстарды өндіруге геологиялық зерттеу мен дайындық жұмыстарына шыққан шығыстарға, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарына түзетулерден түскен кірістер деп танылады.

282. "Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатып алуға шыққан шығыстар" бөлімінде:

1) 100.27.018 жолы негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатып алуға шыққан шығыстар сомасын көрсетуге арналған. 100.27.018А және 100.27.018В жолдарының қосылуымен айқындалады;

2) 100.27.018А жолы негізгі құралдар сатып алуға шыққан шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 100.27.018В жолы жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуды қоса алғанда, материалдық емес активтерді сатып алуға шыққан шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

283. "Геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына, негізгі және материалдық емес активтерді сатып алуға шыққан шығыстар" бөлімінде:

1) 100.27.019А жолында Геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына, негізгі және материалдық емес активтерді сатып алуға шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі. Келісім-шарттың іс-әрекет етудегі бірінші салық кезеңінде осы жолға 100.27.017 жолында айқындалған сома, одан кейінгі салық кезеңдеріне - бұрынғы салық кезеңі үшін 100.27.017, 100.27.018 және 100.27.120 жолдарында айқындалған сома көшіріледі;

2) 100.27.020ВІ жолында 25 пайыздар мөлшерінде амортизацияның шекті нормасы көрсетіледі;

3) 100.27.020ВІІ жолында шекті нормадан аспайтын (25 пайыз) жер қойнауын пайдаланушы қолданатын амортизацияның нормасы көрсетіледі;

4) 100.27.019С жолында тиісінше 100.27.019А және 100.27.019ВІІ жолдарының туындысы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңіндегі шегерімге жатқызылуы тиіс амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

5) 100.27.020 жолында 100.27.020А және 100.27.020С жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалған келесі салық кезеңіне көшірілетін шығыстар сомасы көрсетіледі.

284. 100.27.017 жолының шамасы модуль бойынша 100.27.017 жолы бойынша теріс мән көрсетілген жағдайда 100.00.020 жолына көшіріледі.

100.27.019С жолының шамасы 100.00.037 жолына көшіріледі.

285. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

286. 100.27.001, 100.27.002, 100.27.003, 100.27.018А, 100.27.018В, 100.27.018 жолдарына қосымша нысандарда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/ осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес кіріс алушының резиденттік елінің коды көрсетіледі. Бұл ретте жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларға қатысты жүргізілген шығыстар бойынша В бағанында олардың саны, ал Е бағанының деректері бірыңғай сомада көрсетіледі;

3) 100.27.001, 100.27.002, 100.27.003 жолдарына қосымша нысанның С бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:

N р/с	Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар	Шығыс коды
1	Әуеден суретке түсіруді, геофизикалық, геохимиялық, палеонтологиялық, геологиялық, топографиялық және сейсмикалық түсірулерді, зерттеулерді, ізвестіруді, топырақты сұрыптауды, қоршаған ортаға ықпал етуді зерттеу	01

	бойынша жұмыстарды, коллекторларды және ұқсас жұмыстарды зерттеуді, және олардың тиісті түсіндірмелерін қоспағанда зерттеу және іздестіру	
2	Бұрғылау, тереңдету, бұқтыру, жанама оқпандарды бұрғылау, байлау, осындай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде аяқталмаған шартта, барлау ұңғылары мен бағалау ұңғыларын аяқтау және күрделі жөндеу (жағдайларға байланысты)	02
3	Осындай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде аяқталмаған шартта барлау және (немесе) бағалау ұңғылар үшін пайдалануға сатып алынған тауарлық-материалдық қорлар және негізгі құралдар	03
4	Осындай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде бітпеген аяқталмаған шартта барлау және бағалау барысында бұрғылау кезінде пайдаланылатын еңбек және қызмет көрсетулер төлемі	04
5	Жоғарыда сипатталған жұмыстар үшін пайдаланылатын объектілер	05
6	Барлау және бағалау кезеңінде шеккен қызмет көрсетулерге шығыстар мен жалпы әкімшілік шығыстар	06
7	Өзге де шығыстар	07
8	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың шарттарына сәйкес геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғат ресурстарын өндіруге дайындық жұмыстарына өзге де шығыстар	08

100.27.007 жолына қосымша нысанның С бағанында қазақстандық кадрларды оқыту шығыстары бойынша - "01" коды, әлеуметтік саланы дамыту шығыстары бойынша - "02" коды, инфрақұрылымды дамытуға шығыстар бойынша - "03" коды, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың шарттарына сәйкес өзге де шығыстар - "04" коды көрсетіледі;

100.27.018А жолына қосымша нысанның С бағанында негізгі құралдардың бастапқы құнына қосылатын шығыс түрлері көрсетіледі

N р/с	Негізгі құралдардың бастапқы құнына қосылатын шығыстардың атауы	Шығыс коды
1	Негізгі құралдарды сатып алуға шығыстар	01
2	Өтелмейтін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар	02

3	Жеткізу бойынша шығыстар	03
4	Монтаждау, қондыру және пайдалануға жіберу бойынша шығыстар	04
5	Негізгі құралдарды мақсатта пайдалану үшін жұмыс қалпына келтірумен тікелей байланысты басқа да шығыстар	05
6	Материалдарға және шикізаттар шығыстары	06
7	Еңбекақы шығыстары	07
8	Үстеме шығыстары	08
9	Сыйлықақы төлемдері шығыстары	09
10	Сақтандыру бойынша шығыстар	10
11	Бөтен ұйымдарға жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) төлеу бойынша шығыстар	11
12	Негізгі құралдардың бастапқы құнына қосатын басқа шығыстар	12

100.27.0018В жолына қосымша нысанның С бағанында материалдық емес активтердің атауы көрсетіледі;

4) D бағанында Е бағанында көрсетілген шығыстардың мәлімденген сомасын растайтын құжаттың (шот-фактуралар, шарттар) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында шығыстар сомасы көрсетіледі.

100.27.001 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 100.27.001 жолына көшіріледі, 100.27.002 жолына қосымша нысанның Е бағаны 100.27.002 жолына көшіріледі, 100.27.003 жолына қосымша нысанның Е бағаны 100.27.003 жолына көшіріледі, 100.27.018А жолына қосымша нысанның Е бағаны 100.27.018А жолына көшіріледі, 100.27.018В жолына қосымша нысанның Е бағаны 100.27.018В жолына көшіріледі.

287. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

288. 100.27.012А жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алған заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 303-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алушының резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын өткізу құны;

5) Е бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын беруден кіріс сомалары көрсетіледі;

100.27.012А жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 100.27.012А жолына көшіріледі.

289. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

290. 100.27.014 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында тиісті пайдалы қазбаларға Евразиялық экономикалық бірлестіктің ішкі экономикалық қызметінің Тауарлық номенклатурасының коды көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті пайдалы қазбаларды өткізуден кірістер сомасы көрсетіледі.

100.27.014 жолына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 100.27.014 жолына көшіріледі.

291. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

30. Бухгалтерлік теңгерме - 100.28-нысанын жасау

292. Осы нысан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде салық төлеуші жасайды.

293. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

31. Кірістер және шығыстар туралы есеп - 100.29 нысанын жасау

294. Бұл нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеушімен толтырылады.

295. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

100.29.01-100.29.15 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл орайда, 100.29.001-100.29.003 жолдары қосымша нысанның негізінде толтырылады.

296. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

100.29.001, 100.29.002, 100.29.003 жолдарына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық төлеушілер жүзеге асыратын қызмет түрлері көрсетіледі;
- 3) С бағанында бухгалтерлік есеп деректері бойынша В бағанда көрсетілген қызмет түрлері бөлігінде тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;
- 4) D бағанында бухгалтерлік есеп деректері бойынша В бағанда көрсетілген қызмет түрлері бөлігінде өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны көрсетіледі;
- 5) Е бағанында С және D бағандарының айырмашылығы ретінде айқындалатын жалпы кіріс көрсетіледі.

100.31.001, 100.31.002, 100.31.003 жолдарына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 100.31.001 жолына, D бағаны - 100.31.002 жолына, Е бағаны - 100.31.003 жолына көшіріледі.

298. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

32. Ақша қозғалысы туралы есеп - 100.30 және 100.31 нысандарын жасау

299. Осы нысан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде салық төлеушімен жасалады.

300. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

33. Табыстардың, валюталардың, халықаралық келісімдер мен сақтандыру сыныптары түрлерінің кодтары

301. Декларацияны толтырғанда табыс түрлерін мынадай кодтауды пайдалану керек:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасындағы аумағында орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

1021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар ;

1022 - заңды тұлға-резиденттің қатысу үлесін немесе Қазақстан Республикасындағы аумағында орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1032 - резидент еместен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1033 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместен, борышты талап ету орнына қарамастан, борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша міндеттемелерін резиденттер мен резидент еместердің орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - заңды тұлға-резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент-эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - резидент-эмитенттерден, егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекемесі арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстардың өтем нысанындағы табыстары немесе Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың өзге де материалдық пайдалары, оның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға жұмсалған шығыстар, отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін табыстар;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық, (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден алынатын табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге немесе резидент еместерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық, (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден алынатын табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - бағамдық оң айырма;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан артуы;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алған табыстары;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды

нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - Салық кодексі 178-бабының алдыңғы тармақшаларында қамтылмаған, Қазақстан Республикасында оларға салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген басқа да табыстар;

1361 - Салық кодексі 178-бабының алдыңғы тармақшаларында қамтылмаған, Қазақстан Республикасындағы қызметтің негізінде пайда болатын басқа да табыстар.

2) Қазақстан Республикасы шегінен тыс көздерден табыстар:

2010 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

2021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар ;

2022 - заңды тұлға-резиденттің қатысу үлесін немесе Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - заңды тұлға-резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

2150 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасы шегінен тыс қызметтен төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін (алынған) табыстар;

2220 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын табыстар.

302. Валюта кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып

тіркелген) бекітілген Тауарларды мәлімдеу ережелеріне "Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет.

303. Елдің кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет.

304. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 - Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 - Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 - Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 - Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 - Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 - Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 - Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 - Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 - Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 - Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 - Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 - Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 - Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 - Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 - "Нұр-Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 - Өуе қатынасы туралы келісім;

19 - "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 - "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 100.00-100.31, графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы "19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есебін жасау ережелері (101.01 - 101.04 нысандар)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпорациялық табыс салығын төлеушілермен аванстық төлемдердің сомаларын есептеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 120-бабы 1-тармағының шарттарына сай келетін және жалпыға белгіленген тәртіпте салық салуға жататын кірісі жоқ заңды тұлғалар, сондай-ақ Салық кодексінің 121-бабы 1 және 2-тармақтарында белгіленген шарттарға сай келетін заңды тұлғалар толтырмайды.

2. Есепті қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгі қолданылады: "-" - алу;

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

6. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (101.01 нысан)

7. Осы есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес Декларацияны тапсыруға дейін төлеуге жататын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеуге арналған.

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) есеп берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);
- 3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі келесі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Есепті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" деген торкөз белгіленеді;

9) Жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Есеп жасалған қызметтің белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

10) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп толтырылған кезде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шартты жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі.

9. "Есеп" бөлімінде:

1) 101.01.001 жолында бұрынғы салық кезеңі үшін салық төлеушімен есептелген аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

2) 101.01.002 жолында бұрынғы салық кезеңінде салық төлеуші аванстық төлемдерді мәлімдеген айларының жалпы саны көрсетіледі;

3) 101.00.003 жолында 101.01.002 жолында көрсетілген, бұрынғы салық кезеңінің айлар санына 101.01.001 жолында көрсетілген, бұрынғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомасының қатынасы ретінде есептелген, бұрынғы салық кезеңі үшін орташа айлық аванстық төлем көрсетіледі;

4) 101.00.004 жолында Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төлеуге жататын аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 140-1-бабының 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-2-бабының 2-тармағына сәйкес 50 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 119-1-бабының 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексінің 119-1-бабының 4-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 140-4-

бабының 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-5-бабының 2-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін салық төлеушілер, көрсетілген тармаққа сәйкес 100 пайызға азайтылған, Декларация тапсырғанға дейінгі кезең үшін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді.

101.01.004A, 101.01.004B, 101.01.004C жолдары Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төлеуге жататын аванстық төлемдердің жалпы сомасы ай-айға бөліп көрсетіледі.

101.01.004D, 101.01.004E, 101.01.004F жолдары Салық кодексімен белгіленген тәртіпте Декларацияны салық төлеушінің беру мерзімін ұзарту кезінде толтырылады. Бұл орайда Декларацияны тапсыру мерзімі толық (-тай) ай (-лар)-ға емес басқа мерзімге ұзартылса, толық емес ай үшін төленуге жататын аванстық төлемдер сомалары 101.01.003 жолда көрсетілген сомалар және осы айдағы күндер саны негізінде бара-бар әдіс бойынша есептеледі.

10. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Есепке салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Есепті жасау (101.02 нысан)

11. Осы есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес корпорациялық табыс салығын төлеушілермен Декларация тапсырылғаннан кейін төлеуге жататын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеуге арналған.

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) есеп берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі келесі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Есепті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" деген торкөз белгіленеді;

9) Жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Есеп жасалған қызметтің белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

10) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп толтырылған кезде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шартты жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі.

13. "Есеп" бөлімінде:

1) 101.02.001 жолында Салық кодексінің 129-бабы мен Салық кодексінің 131-бабы 2-тармағына сәйкес есепке жатқызылған салық сомасына Салық кодексінің 125-бабына сәйкес азайтылған бұрынғы салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі, және мынадай тәртіпте айқындалады:

100.00 нысанының Декларациясын табыс етуші салық төлеушілер үшін бұрынғы салық кезеңі үшін Декларацияның 100.00.045 және 100.00.047 (100.00.045-100.00.047) жолдарының сомасының айырмасы ретінде;

110.00 нысанының Декларациясын табыс етуші салық төлеушілер үшін бұрынғы салық кезеңі үшін Декларацияның 110.00.048 жолының сомасының мәні ретінде;

120.00 нысанының Декларациясын табыс етуші салық төлеушілер үшін бұрынғы салық кезеңі үшін Декларацияның 120.00.010 мен 120.00.013 жолдарының сомасының айырмасы ретінде(120.00.010 - 120.00.013);

2) 101.02.002 жолында есепті салық кезеңі үшін салықтың болжалатын сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 140-1-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-2-бабының 2-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген есепті салық кезеңі үшін салықтың болжалған сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 119-1-бабының 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексінің 119-1-бабының 4-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 140-4-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-5-бабының 2-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін салық төлеушілер, көрсетілген тармаққа сәйкес 100 пайызға азайтылған, Декларация тапсырғанға дейінгі кезең үшін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді;

3) 101.02.003 жолында 101.02.002 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңі үшін есептелген аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 101.02.004 жолында 101.01.004 жолынан көшірілетін Декларацияны тапсыруға дейін салық кезеңі үшін төленетін аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

5) 101.00.005 жолында 101.02.003 және 101.02.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Декларацияны тапсырудан кейін салық кезеңі үшін төлеуге жататын аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

6) 101.02.006 жолында Декларацияны тапсырудан кейін есепті салық кезеңінің айлар саны көрсетіледі;

7) 101.02.007 жолында 101.02.006 жолында көрсетілген есепті салық кезеңінің айларына 101.02.005 жолында көрсетілген және төлеуге жататын аванстық төлемдердің сомасының қатынасы ретінде айқындалатын Декларацияны тапсырудан кейін төлеуге жататын орташа айлық аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

8) 101.02.008 жолында Декларация тапсырғаннан кейін аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы (сәуір не Салық кодексінде белгіленген тәртіпте Декларацияны салық төлеушімен тапсыру мерзімін өзгерту жағдайында мамыр немесе маусым немесе шілде) және аванстық төлемдердің сомасын енгізудің есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

14. Салық кодексінің 71-бабына сәйкес қосымша декларацияны салық төлеушінің беруі кезінде, сондай-ақ тексеріс нәтижелері бойынша

корпорациялық табыс салығының сомасының өзгеруі кезінде салық төлеушіге төлеуге жататын аванстық төлемдер сомасын түзетумен қосымша есепті беру қажет.

15. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Есепке салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

4. Есепті жасау (101.03 нысан)

16. Осы нысан Салық кодексінің 126-бабына сәйкес бұрынғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша салық салынатын кірісі жоқ немесе залал алған салық төлеушілердің Декларацияны тапсыруынан кейін төлеуге жататын корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеуге арналған.

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) есеп берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);
- 3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі келесі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Есепті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" деген торкөз белгіленеді;

9) Жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Есеп жасалған қызметтің белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

10) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп толтырылған кезде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шартты жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі.

18. "Есеп" бөлімінде:

1) 101.03.001 жолында есепті салық кезеңі үшін аванстық төлемдердің болжалатын сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 140-1-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-2-бабының 2-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген есепті салық кезеңіне болжалған аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 119-1-бабының 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексінің 119-1-бабының 4-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 140-4-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-5-бабының 2-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін салық төлеушілер, көрсетілген тармаққа сәйкес 100 пайызға азайтылған, Декларация тапсырғанға дейінгі кезең үшін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді;

2) 101.03.002 жолында 101.01.004 жолынан көшірілетін Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленетін аванстық төлемдердің болжалатын сомасы көрсетіледі;

3) 101.03.003 жолында 101.03.001 және 101.03.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, Декларацияны тапсырудан кейін кезең үшін төлеуге жататын аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 101.03.004 жолында Декларацияны тапсырудан кейін есепті салық кезеңінің айлар саны көрсетіледі;

5) 101.03.005 жолында 101.03.004 жолында көрсетілген айлар санына 101.03.003 жолында көрсетілген және төлеуге жататын аванстық төлемдердің сомасының қатынасы ретінде айқындалатын Декларацияны тапсырудан кейін төлеуге жататын орташа айлық аванстық төлем сомасы көрсетіледі;

6) 101.03.006 жолында Декларация тапсырылғаннан кейін аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы (сәуір не Салық кодексінде белгіленген тәртіпте Декларацияны салық төлеушімен тапсыру мерзімін өзгерту жағдайында мамыр немесе маусым немесе шілде) және аванстық төлемдердің сомасын енгізудің есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

19. Салық кодексінің 71-бабына сәйкес қосымша декларацияны салық төлеушінің беруі кезінде, сондай-ақ тексеріс нәтижелері бойынша корпорациялық табыс салығының сомасы өзгеруі кезінде салық төлеушіге төлеуге жататын аванстық төлемдер сомасын түзетумен қосымша есеп беру қажет.

20. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Есепке салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

- 7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;
- 8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;
- 9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.
- Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

5. Есепті жасау (101.04 нысан)

21. Осы нысан Салық кодексінің 126-бабына сәйкес қайта құрылған салық төлеушілер төлеуі тиіс корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеуге арналған.

19. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) есеп берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);
- 3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі келесі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Есепті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін

жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) резидент емес тапсырған кезде "Резидент емес" деген торкөз белгіленеді;

9) Жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Есеп жасалған қызметтің белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

10) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп толтырылған кезде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шартты жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі.

22. "Есеп" бөлімінде:

1) 101.04.001 жолында салық төлеушінің салық салудың арнайы режимінен салық салудың жалпы белгіленген тәртібіне көшкен күнінен бастап қайта құрылған салық төлеушінің - мемлекеттік тіркелген күнінен бастап есепті салық кезеңі үшін аванстық төлемдердің болжанатын сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 140-1-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-2-бабының 2-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген есепті салық кезеңіне болжалған аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 119-1-бабының 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексінің 119-1-бабының 4-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 140-4-бабы 1-тармағының шарттарына сай салық төлеушілер Салық кодексі 140-5-бабының 2-тармағына сәйкес 100 пайызға төмендетілген, Декларацияны тапсырғанға дейін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді. Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін салық төлеушілер, көрсетілген тармаққа сәйкес 100

пайызға азайтылған, Декларация тапсырғанға дейінгі кезең үшін төленуге жататын аванстық төлемдердің сомасын көрсетеді;

2) 101.04.002 жолында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап не болмаса салық салудың жалпы белгіленген тәртібіне көшкен күнінен бастап есепті салық кезеңіндегі айлар саны көрсетіледі;

3) 101.04.003 жолында 101.04.002 жолында көрсетілген айлар санына 101.04.001 жолында көрсетілген болжалатын аванстық төлемдердің сомасы ретінде есептелген есепті салық кезеңі үшін орташа айлық аванстық төлем көрсетіледі;

4) 101.04.004 жолында аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы мен аванстық төлемдер сомасын енгізудің есепті салық кезеңіндегі соңғы айы көрсетіледі.

20. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Есепке салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 9-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

РҚАО-ның ескертуі: 101.01-101.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Резиденттер кірістерінің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы сомасының есебін жасау ережелері (101.05 нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және резидент кірістерінің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасын, кірістерді төлеген салық агентінің есептеуіне арналған резиденттер кірістерінің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы сомасының Есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін көздейді.

2. Есепті қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "х" - көбейту; "/" - бөлу.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша нысан(-дар) берілмейді.

6. Тиісті қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

7. Қосымша нысандардың "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

8. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

9. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (101.05 нысан)

10. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) есеп берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді:

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп салық агентін мемлекеттік тіркеуден кейін алғашқы рет берілсе белгіленеді;

"Кезекті" торкөзі келесі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Есепті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық агентін тарату (қайта құру) жағдайында белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - көшірген күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Декларацияны жүзеге асырған қызметі бойынша жер қойнауын пайдаланушы жасады:

А жолында - шарттан тыс;

В жолында - шарт бойынша;

9) Жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Есеп жасалған қызметтің белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша.

11. "Есеп" бөлімінде:

1) 101.05.001A, 101.05.001B және 101.05.001C жолдарында төлем көзінен ұсталған, есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін салық агенті төлеген кірістің сомасы көрсетіледі. 101.05.001D жолында 101.05.001A, 101.05.001B және 101.05.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, және төлем көзінен ұсталған есепті кезеңі үшін төлеген кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 101.05.002A, 101.05.002B және 101.05.002C жолдарында төлем көзінен ұсталған және есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін бюджетке төленуге тиіс корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 101.05.002D жолында

101.05.002А, 101.05.002В және 101.05.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 101.05.003А, 101.05.003В және 101.05.003С жолдарында 1, 2 және 3 салық кезеңдері үшін төлем көзінен ұсталған және бюджетке төленген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

101.05.004А, 101.05.004В және 101.05.004С жолдарында 101.05.002 жолының айырмасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін төлем көзінен ұсталған және бюджетке төленуге тиіс корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

4) 101.05.003. 101.05.003D жолында 101.05.004А, 101.05.004В және 101.05.004С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен ұсталған және есепті кезең үшін бюджетке аударылуға жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

101.05.005А, 101.05.005В және 101.05.005С жолдарында 101.05.003 тиісті жолының айырмасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін төлем көзінен ұсталған және бюджетке артық төленген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 101.05.002. 101.05.005D жолында 101.05.005А, 101.05.005В және 101.05.005С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке артық төленген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

12. 101.05.001, 101.05.002, 101.05.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 12 тармағына сәйкес төленген кіріс кодының түрі көрсетіледі;

3) С бағанында кіріс алған ұйым атауы көрсетіледі;

4) D бағанында С бағанында көрсетілген салық төлеуші - салық агентінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында төленетін кіріс сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында төлем көзіне салық салынатын төленген кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында Кодекстің 135-бабының 2-тармағымен белгіленген корпорациялық табыс салығының ставкасы көрсетілген;

8) H бағанында (FxG)/100 ретінде айқындалатын, төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығының сомасы;

9) I бағанында төлем көзінен ұсталған және бюджетке аударылған корпорациялық табыс салығы көрсетіледі.

101.05.001, 101.05.002, 101.05.003 жолдарына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық сомасы 101.05.001А, 101.05.001В және 101.05.001С тиісті

жолдарына, Н бағанының - 101.05.002А, 101.05.002В және 101.05.002С тиісті жолдарына, І бағанының - 101.05.003А, 101.05.003В және 101.05.003С тиісті жолдарына көшіріледі.

13. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Есепке салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Кіріс түрлерінің коды

14. Есепті толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану қажет:

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы түсетін табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1070 - эмитент-резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1071 - эмитент-резиденттерден, егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар.

РҚАО-ның ескертуі: 101.05 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Резидент еместердің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы сомасының есебін жасау ережелері (101.06-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және табыстарды төлейтін салық агентінің резидент еместердің төлем көзінен ұсталатын табыстарынан корпорациялық табыс салығының сомаларын Есептеу мен аударуға арналған резидент еместердің төлем көзінен ұсталған корпорациялық табыс салығы сомасының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық агенті жасайды.

2. Есеп Есептің өзінен (101.06-нысан) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салығын салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын қосымша нысандардан тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша нысан(-дар) берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады. Есепке 1-5-қосымша нысандар салық кезеңінің әр бір айы бойынша жеке толтырылады. Бұл кезде қосымша нысанның "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық кезеңінің қай айы үшін осы нысан толтырылатыны көрсетіледі.

8. Қосымша нысан парағының жолдарында көрсеткіштер саны артып кеткен жағдайда, қосымша нысанның осыған ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымша нысанның "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық агенті почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау

13. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеуші - салық агентінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есеп беретін салық кезеңі тоқсан болып табылады;

3) салық агентінің атауы. Жеке тұлғаның тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді:

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп салық агентін мемлекеттік тіркеуден кейін алғашқы рет берілсе белгіленеді;

"Кезекті" торкөзі келесі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Есепті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық агентін тарату (қайта құру) жағдайында белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін

пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

14. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 101.06.001 жолы салық кезеңінің әр айының басына және тұтас салық кезеңі үшін резидент емеске төленген табыстардың жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау жолымен толтырылады;

2) 101.06.002 жолы алдыңғы күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге Есептелген және төленбеген, бірақ Есепті салық кезеңінің тиісті айы үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша декларацияда салық агенті шегерімдерге жатқызған табыстардың жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау жолымен толтырылады;

3) 101.06.003 жолы салық кезеңінің әр айы және тұтас салық кезеңі үшін Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуы тиіс табыс салығының сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау жолымен толтырылады;

4) 101.06.004 жолы Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуы тиіс алдыңғы күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге Есептелген және төленбеген, бірақ салық агенті алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылған табыстарынан табыс салығының сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау жолымен толтырылады;

5) 101.06.005 жолы салық кезеңінің әр айы үшін және тұтас салық кезеңі үшін Салық кодексінің 181 және (немесе) 198-200-баптарына сәйкес бюджетке немесе шартты банк салымына аударылуға жататын табыс салығының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және 101.06.003 және 101.06.004 жолдарының деректерін жиынтықтау жолымен толтырылады;

6) 101.06.006 жолы салық кезеңінің әр айы үшін және тұтас салық кезеңі үшін Салық кодексінің 198-бабына сәйкес шартты банк салымына аударылған табыс салығының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау жолымен толтырылады.

15. "Салық агентінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Есепке салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) Есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

16. Есепке 1-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында дивидендті алушы резидент еместің толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі.

Елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет;

4) D бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік еліндегі салықтық тіркелуінің нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында дивидендтер түрінің коды көрсетіледі. Есепті толтырғанда дивидендтер түрлерін мынадай кодтауды пайдалану қажет:

105001 - акциялар бойынша төлеуге тиіс кірістер;

105002 - кірісті қордың басқарушылық компаниясы сатып алғандағы пай бойынша кірісті қоспағанда, пайлық инвестициялық қордың бойынша төлеуге тиіс кірістер;

105003 - заңды тұлға оның құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кірістердің бір бөлігі;

105004 - заңды тұлғаны таратқанда мүлікті бөлуден кірістер;

105005 - жарғылық капиталға құрылтайшы, қатысушы салым ретінде енгізген мүлікті қоспағанда, заңды тұлғаның қатысушылық үлесін құрылтайшы, қатысушы алып қойғанда мүлікті бөлуден кірістер;

105006 - өзге де дивидендтер;

6) F бағанында салық агентінің жарғылық капиталында акцияларын/ пайын/ қатысу үлесін салық төлеуші - резидент еместің алу күні көрсетіледі;

7) G бағанында салық агентінің жарғылық капиталында акцияларын/ пайын/ қатысу үлесінің жалпы құны көрсетіледі;

8) H бағанында B бағанында көрсетілген резидент еместің салық агентінің жарғылық капиталындағы үлесі көрсетіледі, пайызда;

9) I бағанында есептелген және төленуге тиіс дивидендтердің сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, табысын төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, есептелген және төленуге тиіс дивидендтердің сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында халықаралық шартпен немесе Салық кодексінің 180-бабымен белгіленген, дивидендтерге табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

11) K бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес I бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

12) L бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес I бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған.

Көрсетілген баған, егер салық агенті K бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

13) М бағанында осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

14) N бағанында нақты төленген дивидендтердің сомасы көрсетіледі;

15) О бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиісті резидент еместерге есептелген және төленген дивидендтерден табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Есепке 2-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сыйақыны алушы резидент еместің толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік еліндегі салықтық тіркелуінің нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында сыйақылар түрінің коды көрсетіледі. Есепті толтырғанда дивидендтер түрлерін мынадай кодтауды пайдалану қажет.

Есепті толтырғанда сыйақылар түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

106(0/1)01 - кредиттер үшін төлемдер;

106(0/1)02 - қаржы лизингі бойынша Қазақстан Республикасының қаржы лизингінің мәселелерін реттейтін заң актілеріне сәйкес сыйақы түрінде берілген (алынған) мүлік үшін;

106(0/1)03 - салымдар (депозиттер) бойынша;

106(0/1)04 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша;

107(0/1) - борыштық бағалы қағаздар бойынша төлемдер - дисконт не купон (бастапқы орналастыру құнынан және (немесе) сатып алу құнынан дисконтты не сыйлықақыны ескере отырып);

106(0/1)05 - вексель бойынша төлемдер;

106(0/1)06 - өзге де сыйақылар;

6) F бағанында оларға қатысты сыйақы туындайтын борыштық бағалы қағаздардың, мүлік және (немесе) кредиттің (займ) жалпы номиналдық құны көрсетіледі;

7) G бағанында оған қатысты сыйақылар туындаған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында оларға қатысты сыйақы туындайтын борыштық бағалы қағаздар, векселдер, салымдар (депозиттер), мүлік бойынша сыйақылар ставкасы көрсетіледі;

9) I бағанында есептелген және төленуге тиіс сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, табысын төлеу күніне валюта немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, есептелген және төленуге тиіс сыйақылардың сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында халықаралық шартпен немесе Салық кодексінің 180-бабымен белгіленген, сыйақыларға табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

11) K бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес I бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

12) L бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес I бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған.

Көрсетілген баған, егер салық агенті K бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

13) M бағанында осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

14) N бағанында нақты төленген сыйақылардың сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге, бірақ төленбеген сыйақылардың есептелген сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төленген және (немесе)

төленбеген сыйақылардың, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған сомасы көрсетіледі;

16) Р бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс резидент еместерге есептелген және төленген сыйақылардан табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге, бірақ төленбеген сыйақылардың есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Есепке 3-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында роялти алушы резидент еместің толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік еліндегі салықтық тіркелуінің нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында роялти түрінің коды көрсетіледі. Есепті толтырғанда роялти түрлерінің мынадай кодтауды пайдалану қажет:

108(01)01 - пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құралымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін;

пайдалану үшін немесе пайдалану құқығы үшін төлемдер:

108(0/1)02 - авторлық құқықтарды;

108(0/1)03 - бағдарламалық қамтамасыз етуді;

108(0/1)04 - "ноу-хауды";

108(0/1)05 - патенттерді;

108(0/1)06 - сызбаларды немесе модельдерді;

108(0/1)07 - тауар белгілерін;

108(0/1)08 - басқа да осыларға ұқсас құқық түрлерін;

108(0/1)09 - кинофильмдерді, бейнефильмдерді, дыбыс жазу немесе өзге де жазу құралдары;

108(0/1)10 - өнеркәсіп, сауда немесе ғылыми-зерттеу жабдықтарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін;

108(0/1) 11 - өзге де роялти;

6) F бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес оған қатысты роялти туындаған құқық немесе мүлікті тіркеу елінің коды көрсетіледі;

7) G бағанында оған қатысты роялти туындаған құқық немесе мүліктің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) H бағанында оған сәйкес роялти туындайтын салық агенті-пайдаланушы және резидент емес арасында жасалған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

9) I бағанында салық агенті-пайдаланушының құқықтар мен мүліктерді пайдалану мерзімі көрсетіледі;

10) J бағанында есептелген және төленуге тиіс роялтидің сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төленген және төленуі тиіс берген роялтидің сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында халықаралық шартпен немесе Салық кодексінің 180-бабымен белгіленген роялтиге салық ставкасы көрсетіледі;

12) L бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес J бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

13) M бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес J бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған.

Көрсетілген баған, егер салық агенті L бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

14) N бағанында осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

15) О бағанында нақты төленген роялтидің сомасы көрсетіледі;

16) Р бағанында салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге, бірақ төленбеген роялтидің есептелген сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төленген және (немесе) төленбеген сыйақылардың, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс резидент еместерге есептелген және төленген роялтиден табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге, бірақ төленбеген роялтидің есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

19. Есепке 4-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында табысты алушы резидент еместің толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік еліндегі салықтық тіркелуінің нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында Қазақстан Республикасында жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға келісім-шарт (шарт, келісім) бойынша резидент емеспен Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыс түрінің осы Ережелердің 21-тармағына сәйкес коды көрсетіледі;

6) F бағанында резидент емес пен жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) тапсырыс беруші - салық агенті арасында жасалған, оған сәйкес табыс туындаған келісім-шарттың (шарттың, келісімнің) нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында F бағанында көрсетілген келісім-шартты (шартты, келісім) бойынша жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындаған резидент еместің қызметкерлерінің саны көрсетіледі;

8) H бағанында есептелген және төленуі тиіс табыстардың сомасы көрсетіледі

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төленген және (немесе) төленбеген сыйақылардың, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында халықаралық шартпен немесе Салық кодексінің 180-бабымен белгіленген, сыйақыларға табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

10) J бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес H бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

11) K бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес H бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған.

Көрсетілген баған, егер салық агенті J бағанында осы Ережелердің 20-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

12) L бағанында осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

13) M бағанында нақты төленген табыстың сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге, бірақ төленбеген табыстың есептелген сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төленген және (немесе) төленбеген табыстың, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс резидент еместерге есептелген және төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге есептелген, бірақ төленбеген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында осы Ережелердің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес шартты банк салымында табыс салығын орналастыру валютасының коды көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес шартты банк салымдарына орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Табыс салығы шартты банк салымына ұлттық валютада орналастырған жағдайда, бұл баған толтырылмайды;

19) S бағанында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес шартты банк салымдарына орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты орналастыру) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда шартты банк салымында табыс салығын орналастыру күніне

валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

20) T бағанында шартты банк салымына резидент еместің табысынан ұсталған табыс салығының сомасы аударылған банктің СТН-і көрсетіледі;

21) U бағанында шартты банк салымы ашылған банктің БСК көрсетіледі;

22) V бағанында шартты банк салымы туралы шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

23) W бағанында салық төлеушінің салық сомасы орналастырылған, шартты банк салымының нөмірі көрсетіледі;

24) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Есепке 5-қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында табысты алушы резидент еместің толық атауы көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес B бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік еліндегі салықтық тіркелуінің нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында Есепке 1-4-қосымша нысандарда аталған табыстарды қоспағанда Салық кодексінің 178-бабына сәйкес резидент емеспен Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыс түрінің осы Ережелердің 21-тармағына сәйкес коды көрсетіледі;

6) F бағанында оған сәйкес табыс туындайтын салық агенті-пайдаланушы және резидент емес арасында жасалған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында есептелген және төленуге тиіс табыстың сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төленген және төленуі тиіс табыстың сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында халықаралық шартпен немесе Салық кодексінің 180-бабымен белгіленген табыстың салық ставкасы көрсетіледі;

9) I бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес J бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

10) J бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес G бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған.

Көрсетілген баған, егер салық агенті I бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

11) K бағанында осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

12) L бағанында нақты төленген табыстың сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге, бірақ төленбеген табыстың есептелген сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, төленген және (немесе) төленбеген табыстың, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс резидент еместерге есептелген, бірақ төленбеген табыспен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операцияларды шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған, өткен күнтізбелік жылдың ішінде резидент еместерге, бірақ төленбеген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын төлеу немесе шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

21. Есепті толтырған кезде кіріс түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет.

Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1032 - резидент еместен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1033 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместен, борышты талап ету орнына қарамастан, борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде

жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы түсетін табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1070 - резидент - эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1080 - резиденттерден алынған табыс нысанындағы түсетін табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын табыс нысанындағы түсетін табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе

өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден алынатын табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден алынатын табыстар;

1230 - міндеттемелерді Есептен шығарудан табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстар;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - Салық кодексі 178-бабының алдыңғы тармақшаларында қамтылмаған, Қазақстан Республикасында оларға салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген басқа да табыстар;

1361 - Салық кодексі 178-бабының алдыңғы тармақшаларында қамтылмаған, Қазақстан Республикасындағы қызметтің негізінде пайда болатын басқа да табыстар.

22. Есепті толтыру кезінде халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар) түрінің мынадай кодталуын пайдалану қажет:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

- 03 - Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;
- 04 - Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;
- 05 - Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;
- 06 - Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;
- 07 - Өзара түсіністік туралы меморандум;
- 08 - Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;
- 09 - Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;
- 10 - Халықаралық валюталық қордың келісімі;
- 11 - Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;
- 12 - Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;
- 13 - Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;
- 14 - Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;
- 15 - Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;
- 16 - Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;
- 17 - "Нұр-Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;
- 18 - Өуе қатынасы туралы келісім;
- 19 - "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;
- 20 - "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;
- 21 - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;
- 22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 101.06 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Резидент еместерге төленген, шартты банк салымында орналастырылған резидент еместердің табыс салығы Қазақстан Республикасының

мемлекеттік бюджетіне есептелгені туралы есепті жасау ережелері (101.09-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және резидент еместерге төленген, шартты банк салымында орналастырылған резидент еместердің табыс салығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне есептелгені туралы есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 198-бабына сәйкес резидент-банктер жасайды.

2. Есеп Есептің өзінен (101.09-нысан) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне есептелген, шартты банк салымында орналастырылған резидент еместердің табыс салығының сомасы туралы ақпаратты қамтитын қосымша нысаннан тұрады.

3. Есепті қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша нысанда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша нысан берілмейді.

7. Қосымша нысан парағының жолдарында көрсеткіштер саны артып кеткен жағдайда, қосымша нысанның осыған ұқсас парағы толтырылады.

8. Қосымша нысанның "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Резидент-банктер туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық агенті почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

10. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау

11. "Банк-резидент туралы жалпы ақпарат" бөлімінде банк мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) банктің салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 2) салық кезеңі - Есеп берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі.). Есеп беретін салық кезеңі тоқсан болып табылады;
 - 3) банктің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес банкінің толық атауы көрсетіледі;
 - 4) банкінің коды. Банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;
 - 5) Есептің түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.
- "Бастапқы" торкөзі егер Есеп салық агентін мемлекеттік тіркеуден кейін алғашқы рет берілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі келесі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Есепті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі банкіні тарату (қайта құру) жағдайында белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

12. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 101.09.001 жолы ұлттық валютада есепті кезең үшін резидент емес - салық төлеушілердің табыстарынан шартты банк салымдарында орналастырылған табыс салығының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның N бағанының жиынтық жолынан толтырылады;

2) 101.09.02 жолы 101.09.002А және 101.09.002В жолдары көрсеткіштерінің сомасы ретінде есептелген, есепті салық кезеңі үшін табыс салығы мен банк сыйақыларының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған;

3) 101.09.002А жолы есепті кезең үшін бюджетке аударылған табыс салығының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның X бағанының жиынтық жолынан толтырылады;

4) 101.09.002В жолы салық кезеңі үшін бюджетке аударылған банк сыйақыларының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған, және қосымша нысанның Y бағанының жиынтық жолынан толтырылады.

13. "Банкінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген банкінің лауазымды тұлғасы қол қоюға, сондай-ақ банкінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес банкінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) Есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

14. Есепке қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шартты банк салымы туралы келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында кірісті төлеген салық агентінің толық атауы көрсетіледі;

4) D бағанында салық агентінің СТН-і көрсетіледі;

5) E бағанында резидент еместің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі;

6) F бағанында резиденттік еліндегі резидент емес-салық төлеушінің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет;

7) G бағанында салық төлеуші - резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркелуінің нөмірі көрсетіледі;

8) H бағанында шартты банк салымының нөмірі (банк шоты) көрсетіледі;

9) I бағанында резидент еместің табыстарынан ұсталған табыс салығын шартты банк салымына орналастыру күні көрсетіледі;

10) J бағанында Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі"

10-қосымшасына сәйкес шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының валюта коды көрсетіледі;

11) K бағанында орналастыру валютасында, шартты банк салымында орналастырылған салықтың сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында орналастыру валютасында, шартты банк салымын ашу сәтінен бастап шартты банк салымында орналастырылған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

Бұл баған шартты банк салымын ашу сәтінен бастап өспелі жиынтықпен салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында орналастыру валютасында, табыс салығын мемлекеттік бюджетке не резидент емеске аударуға дейін шарты банк салымында орналастыру сәтінен бастап есептелген банк сыйақыларының сомасы көрсетіледі ;

14) N бағанында салықты орналастыру күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген K бағанында көрсетілген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында табыс салығы сомасын қайтаруға резидент еместің өтініші бойынша салық органы шешімінің нөмірі мен күні көрсетіледі;

16) Р бағанында шартты банк салымынан резидент емеске табыс салығы және банк сыйақылары сомасын төлеу күні көрсетіледі;

17) Q бағанында орналастыру валютасында шартты банк салымынан резидент емеске төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында орналастыру валютасында шартты банк салымынан резидент емеске төленген банк сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында банкке шартты банк салымында орналастырған табыс салығының сомаларын мемлекеттік бюджетке аудару туралы шығарылған салық органы инкассалық өкімінің нөмірі мен күні көрсетіледі;

20) T бағанында банкке шартты банк салымында орналастырған табыс салығының сомаларын мемлекеттік бюджетке аудару туралы шығарылған салық органы инкассалық өкімінің нөмірі мен күні көрсетіледі;

21) U бағанында табыс салығын мемлекеттік бюджетке аудару күні көрсетіледі;

22) V бағанында банкі сыйлықақысын мемлекеттік бюджетке аудару күні көрсетіледі;

23) W бағанында мемлекеттік бюджетке табыс салығын аудару күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамы көрсетіледі;

24) X бағанында мемлекеттік бюджетке табыс салығын аудару күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, шартты банк салымынан мемлекеттік бюджетке аударылған табыс салығының сомасы көрсетіледі;

25) Y бағанында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес мемлекеттік бюджетке табыс салығын аудару күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, шартты банк салымынан мемлекеттік бюджетке аударылған банк сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

26) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 101.09 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Шартты банк салымында резидент еместердің кірісінен табыс салығын орналастыру сәтінен бастап есептелген, оны мемлекет бюджетіне аударғанға дейінгі банк сыйақыларының сомасы туралы мәліметтерді жасау ережелері (101.10-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 198-бабына сәйкес резидент-банктер шартты банк салымында резидент еместердің кірісінен табыс салығын орналастыру сәтінен бастап есептелген, оны мемлекет бюджетіне аударғанға дейінгі банк сыйақыларының сомасы туралы мәліметтерді (бұдан әрі - Мәліметтер) жасау тәртібін айқындайды. Мәліметтерді Салық кодексінің 198-бабына сәйкес резидент-банктер жасайды.

2. Мәліметтер қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Мәліметтерді толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Мәліметтерді беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады;

2) қағаз тасығышта почта бойынша тапсырысты хатпен банк почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Мәліметтерді тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

6. Мәліметтерді Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Мәліметтерді жасау

7. "Банк-резидент туралы жалпы ақпарат" бөлімінде банк мынадай деректерді көрсетеді:

1) банк-резидент салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) кезең. Мәліметтер табыс етілетін кезең (араб сандарымен көрсетіледі);

3) банктің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес банкінің толық атауы көрсетіледі;

4) банкінің коды. Банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;

5) Мәліметтің түрі.

Осы ұяшықтарға Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгі қойылады. Мәліметтің түрлеріне қарай тиісті торкөзге белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзі егер банкі Мәліметтерді алғашқы рет бергенде белгіленеді

"Кезекті" торкөзі келесі Мәліметтерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Мәліметтерді толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер банкі Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда банкі "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Ұяшық хабарлама бойынша қосымша Мәліметтер берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - көшірме күні;

7) сұрау салудың нөмірі мен күні. Олар бойынша Мәліметтер ұсынылған салық органы сұрау салуының нөмірі мен күні толтырылады:

А жолында - сұрау салу нөмірі;

В жолында - сұрау салу жасалған күн.

8. "Өзге ақпарат" бөлімінде:

1) 101.10.001 жолында салық агентінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі;

2) 101.10.002 жолында салық агентінің СТН-і көрсетіледі;

3) 101.10.003 жолында кірісті алушы-резидент еместің толық атауы көрсетіледі;

4) 101.10.004 жолында резидент ету еліндегі резидент еместің салық тіркеуінің нөмірі көрсетіледі;

5) 101.10.005 жолында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес жасалған шартты банк салымы туралы шарттың тіркелу нөмірі көрсетіледі;

6) 101.10.006 жолында шартты банк салымының нөмірі (банк шоты) көрсетіледі;

7) 101.10.007 жолында шартты банк салымында (банк шотында) резидент еместердің кірістерінен табыс салығы сомасын орналастыру кезеңі көрсетіледі;

8) 101.10.008 жолында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері"

10-қосымшаға сәйкес табыс салығын орналастыру валютасының коды көрсетіледі;

9) 101.10.009 жолында орналастыру валютасында және (немесе) ұлттық валютада, шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Табыс салығының сомасы шетелдік валютада орналастырылған жағдайда, аталған жолда мемлекеттік бюджетке табыс салығының сомасын аудару күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

10) 101.10.010 жолында шартты банк салымы туралы шартқа сәйкес банк сыйақыларының мөлшері көрсетіледі;

11) 101.10.011 жолында орналастыру валютасында және (немесе) ұлттық валютада, табыс салығын шартты банк салымында орналастыру сәтінен бастап оны бюджетке аударуға дейін есептелген банк сыйақыларының сомасы көрсетіледі. Табыс салығының сомасы шетелдік валютада орналастырылған жағдайда және банк сыйақыларының сомасы аталған табыс салығының сомасынан шыға есептелетін жағдай болса, онда аталған жолда Салық кодексінің 198-бабына сәйкес мемлекеттік бюджетке табыс салығының сомасын аудару күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген банк сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

9. "Банкінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген банкінің лауазымды тұлғасы қол қоюға, сондай-ақ банкінің мөрімен расталуға тиіс. Мәліметтер электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес банкінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) Есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Мәліметтер тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Мәліметтерді қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Мәліметтерді қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі ;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Мәліметтердің салық органында қабылданған күні. Мәліметтердің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Мәліметтер пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Мәліметтер қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

РҚАО-ның ескертуі: 101.10 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N№468 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасымен жасалған қосарланған салықты болдырмау және табыс салығын төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместер болып табылатын заңды немесе жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысынан салықты қайтаруға өтініш жасау Ережелері (102.01-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысынан салықты қайтаруды жүзеге асыруына арналған, қосарланған салықты болдырмау және табыс салығын төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттың (бұдан әрі - халықаралық шарт) ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместер болып табылатын заңды немесе жеке

тұлғаның Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысынан салықты қайтаруға өтініш өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 198 , 198-1 , 203-баптарына сәйкес қосарланған салықты болдырмау және табыс салығын төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместер толтырады.

2. Өтініш Өтініштің өзінен (102.01-нысан) және табыс салығын салумен байланысты объектілер туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан тұрады

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен , баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Тиісті қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

7. Қосымша нысан парағының жолдарында көрсеткіштер саны артып кеткен жағдайда, қосымша нысанның осыған ұқсас парағы толтырылады.

8. Қосымша нысанның "Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініштің "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Өтініш екі данада, біріншісі - салық органына беру үшін, екіншісі - табыс салығы шартты банк салымына орналастырылған жағдайда - банкке немесе салықты Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне резидент емес салық төлеуші төлеген жағдайда қазынашылыққа беру үшін толтырылады және беріледі.

10. Өтініш ағылшын және орыс немесе мемлекеттік тілдерде толтырылады, бұл ретте, өтінішті орыс немесе мемлекеттік тілдерде толтыру міндетті болып табылады.

11. Өтінішті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - үш данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электрондық түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Өтінішті жасау

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) резиденттік еліндегі резидент еместің салық тіркеуінің нөмірі;

2) резидент емеске кірістер есептелген салық кезеңдері;

3) резидент емес - заңды тұлғаның толық атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес резидент емес - заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі (егер салық төлеуші заңды тұлға болып табылған жағдайда толтырылады);

4) резидент емес - жеке тұлғаның аты-жөні. Резидент емес-жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі (егер салық төлеуші жеке тұлға болып табылған жағдайда толтырылады):

А жолында - тегі;

В жолында - аты;

С жолында - әкесінің аты;

5) резидент емес жеке тұлғаның төлқұжат деректері. Өтініш беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, бұндай құжаттың нөмірі мен оны берген күнінен тұратын резидент емес жеке тұлғаның төлқұжат деректері көрсетіледі:

А жолында - өтініш беруші - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың түрі;

В жолында - өтініш беруші - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;

С жолында - өтініш беруші - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын берілген күні.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің кодын толтырғанда , құжат түрлерінің мынадай кодтауды пайдалануы тиіс:

01 - шет ел азаматының паспорты;

02 - шет ел азаматының жеке бас куәлігі (ішкі паспорт);

03 - теңізшінің паспорты;

6) өтініш беруші жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына болған кезеңі. Өтініш беруші жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келген күні және Қазақстан Республикасынан кеткен күні көрсетіледі:

А жолында - Қазақстан Республикасының аумағына келу күні;

В жолында - Қазақстан Республикасының кету күні;

7) резиденттік еліндегі толық мекен-жайы. Резиденттік елінің коды, штаттың /облыстың, қаланың, ауданның/ округтің, көшенің толық атауы, үй нөмірі, пәтер нөмірінен тұратын өтініш берушінің резиденттік еліндегі мекен-жайы көрсетіледі:

- А жолында - резиденттік елі;
- В жолында - штат/облыс;
- С жолында - қала;
- Д жолында - аудан/округ;
- Е жолында - көшесі;
- Ғ жолында - үй нөмірі;
- Г жолында - пәтер нөмірі.

Елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет;

8) Өтініш түрі.

Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Өтініштің түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Өтініш резидент емес салық төлеуші-резидент емес алғаш рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Өтініштерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Өтінішті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

9) хабарламаның нөмірі мен күні. Хабарлама бойынша қосымша Өтініш берілген жағдайда толтырылады:

- А жолында - нөмірі;
- В жолында - күні;

10) жеке табыс салығын (мемлекеттік бюджеттен/шартты банк салымынан) қайтару. Жеке табыс салығын қайдан қайтару жүргізілетіндігі көрсетіледі:

- А жолында - Мемлекеттік бюджеттен;
- В жолында - Шартты банк салымынан;

11) салық төлеушінің резиденттілігі расталуы жүргізіледі (осы бланкіде/ резиденттілікті растайтын жеке шетелдік құжат). Салық төлеушінің резиденттігін растайтын құжаттың түрі көрсетіледі.

Тиісті ұяшық белгіленеді:

А жолында - осы бланкіде;

В жолында - резиденттікті растайтын жеке шет ел құжатында.

14. "Төлемді алушы - резидент еместің банкі" бөлімінде төлеуші мынадай деректер көрсетіледі:

1) банктің толық атауы. Банктік шотына салықты қайтаруды жүргізу қажет банктің толық атауы көрсетіледі;

2) банктің толық мекен-жайы. осы Ереженің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес резиденттілік елінің коды, штаттың/облыстың, қаланың, ауданның/округтің, көшенің толық атауы, үй нөмірі, пәтер нөмірінен тұратын банктің мекен-жайы көрсетіледі;

3) салық төлеушінің банкі шотының нөмірі. Резидент емес салық төлеушінің салықты қайтаруды жүргізу қажет банкі шотының нөмірі көрсетіледі;

4) банктің өзге де деректемелері. Төлемді жүзеге асыру үшін талап етілетін қажетті банктің өзге де деректемелері: резиденттік еліндегі салық органындағы тіркеу нөмірі, банк БСК-і, СВИФТ коды және тағы да басқа көрсетіледі.

15. "Егер ол болса, уәкілетті өкілі" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) толық атауы. Резидент еместің уәкілетті өкілінің толық атауы/ аты-жөні көрсетіледі;

2) резиденттік еліндегі салық органында тіркеу нөмірі;

3) толық мекен-жайы. осы Ереженің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес резиденттілік елінің коды, штаттың/облыстың, қаланың, ауданның/округтің, көшенің толық атауы, үй нөмірі, пәтер нөмірінен тұратын уәкілетті өкілдің мекен-жайы көрсетіледі.

16. "Кіріс көзі туралы деректер" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) кірісті төлеген салық агентінің толық атауы немесе аты-жөні.

Жеке тұлғаның тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

2) СТН салық төлеуші - салық агентінің тіркеу нөмірі;

3) резидент еместің қызмет мерзімі. Резидент еместің Қазақстан Республикасындағы қызмет мерзімі көрсетіледі;

4) өтініш берушінің (немесе өзге тұлға) Қазақстан Республикасының аумағында еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) үшін жалдаған жеке тұлғалардың саны;

5) 102.01.001 жолы Салық кодексінің 198 немесе 198-1-бабына сәйкес мемлекеттік бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтарылуы тиіс табыс салығының жалпы сомасын көрсетуге арналған.

17. "Шартты банк салымдары туралы деректер" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

- 1) шартты банк салымдарына табыс салығының сомасы орналастырылған резидент - банктің толық атауы;
- 2) СТН - салық төлеуші-банкінің тіркеу нөмірі;
- 3) банкінің коды. Банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;
- 4) шартты банк салымының нөмірі. Табыс салығы орналастырылған шартты банк салымының нөмірі көрсетіледі.

Бұл бөлім Салық кодексінің 198-бабына сәйкес шартты банк салымына табыс салығын орналастырғанда толтырылады.

18. "Салық төлеуші резиденттік мемлекетіндегі құзыретті немесе уәкілетті органы" бөлімінде салық төлеуші резиденттік мемлекетіндегі құзырлы немесе уәкілетті орган мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) салық төлеуші резиденттік мемлекетіндегі құзырлы немесе уәкілетті органның атауы;

2) мыналарды растайды:

а) осы Ереженің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес салық төлеушінің резиденттік елінің кодын және табыс туындаған салық кезеңін көрсетумен, салық төлеуші тиісті кезеңде тиісті елдің резиденті болып табылатындығы;

б) осы Ереженің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасасылған елінің кодын көрсетумен, салық төлеушінің кірісіне халықаралық шарттың қолданылатындығы;

3) резиденттік елінде, өтініште көрсетілген кірістеріне салық салынуға жататындығы немесе жоқтығы туралы растайды;

4) "Лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында шет ел мемлекетінің құзырлы (уәкілетті) органының лауазымды тұлғасының аты-жөні көрсетіледі;

5) толтыру күні. Өтінішті толтырудың ағымдағы күні көрсетіледі;

6) толтыру орны. Өтінішті толтыру елінің атауы мен қаланың орны көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Өтініштің бұл бөлімі шет ел мемлекетінің құзырлы (уәкілетті) органының лауазымды тұлғасы толтыру күні мен орнын көрсетумен қол қойып, сондай-ақ мөрімен куәландырылуы тиіс.

19. "Кірісті алушының сертификаты" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді растайды:

1) резиденттік елдің кодын көрсетумен, халықаралық шартпен айқындалған, осы Ереженің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес осындай шарт жасасқан, Өтініште көрсетілген Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер тұрақты мекемеге немесе Қазақстан Республикасындағы тұрақты базаға қатысы болмаса;

2) Өтініште көрсетілген кірісті нақты алушы болып табылса;

3) көрсетілген кіріс резиденттілік елінде осы Ереженің

3-тармағы 7) тармақшасына сәйкес резиденттілік елінің кодын көрсетумен салық салуға жатса;

4) осы Өтініште көрсетілген кірісінің туындау күніне салық агентінің жарғылық капиталындағы проценттік қатынастағы қатысу үлесі (акция);

5) Өтініште ұсынған ақпарат шынайы және толық;

6) болашақта болуы мүмкін кез-келген өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының салық органдарын уақтылы хабардар етуге міндеттенеді;

7) "Лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған өтініш беруші лауазымды немесе өзге тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

8) Өтінішті салық органына беру күні. Салық органына берген ағымдағы күн көрсетіледі;

9) толтыру орны. Өтінішті толтыру елінің атауы мен қаланың орны көрсетіледі;

10) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі .

Қағаз тасығыштағы Өтінішке салық төлеуші-резидент емес қол қойып, сондай-ақ салық төлеуші-резидент еместің мөрімен куәландырылуы тиіс.

20. "Қазақстан Республикасын салық/құзыретті органының шешімі" бөлімінде тиісті салық/құзыретті органы мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) салық/құзыретті органының атауы;

2) халықаралық шарт жасасқан салық төлеушінің резиденттік елінің кодын, осы Ереженің 26-тармағы 6) тармақшасына сәйкес валюта кодын, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтаруға жататын салық сомасын көрсетумен, тиісті халықаралық шарт ережелерін қолдануға салық төлеушінің расында да құқығы бары туралы растама.

Қосымша Өтінішті тапсырған жағдайда салық/құзыретті органының шешімі қосымша Өтінішке қойылады. Қосымша Өтініш бастапқыға қосымша беріледі, бұл ретте аталған өтініштердің парақтары нөмірленеді, беттері тігіледі және Өтінішті қараған салық/құзыретті органының елтаңбалық мөрмен куәландырылады;

3) "Басшының аты-жөні" жолында салық/құзыретті органы басшысының аты-жөні көрсетіледі;

4) толтыру күні. Өтінішті толтырған ағымдағы күн көрсетіледі.

Өтініштің бұл бөлімінде салық/құзыретті органының басшысы қол қойып, сондай-ақ салық/құзыретті органының мөрімен куәландырылуы тиіс.

21. Өтініш Қазақстан Республикасын талап мерзімі ішінде тиісті салық органына ұсынылуы тиіс. Осы мерзім біткеннен кейін қарауға берілген Өтініш қабылданбайды.

22. Өтініштің 22-жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында жеке тұлғаның, оның ішінде өтініш беруші немесе өзге тұлға өтініш беруші мен салық агенті жасасқан шарт шеңберінде Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) үшін жалдаған резидент емес тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;

3) С бағанында осы Ереженің 13-тармағы 5) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген өтініш беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның азаматтық (резиденттілік) елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында осы Ереженің 13-тармағы 7) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның азаматтық (резиденттілік) елінің салық тіркеуінің нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келген күні көрсетіледі;

7) G бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағынан кеткен күні көрсетіледі;

8) H бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында болған күндердің жалпы саны көрсетіледі;

9) "Лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Өтініштің 22 жолына қосымша нысан А бағанының жиынтық шамасы Өтініштің 22 жолына көшіріледі.

26. Өтініштің 102.01.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы ережелердің 22-тармағына сәйкес Салық кодексінің 178-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент емес алған кіріс түрінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында оған сәйкес кіріс пайда болған жасалған келісім-шарттың (шарттың, келісімнің) нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде кірісті төлеу күні көрсетіледі;

Егер кіріс бірнеше рет (бөліп-бөліп) төленген жағдай болса, онда осы жолда соңғы төлем күнін көрсету қажет;

5) E бағанында салықтың мемлекеттік бюджетке төленгенін немесе салықтың шартты банк салымына аударылғанын растайтын төлем құжатының нөмірі мен күні көрсетіледі.

Егер салық бірнеше төлем құжаттарымен төленген жағдай болатын болса, онда осы жолда соңғы төлем құжатының тиісті деректерін көрсету қажет;

6) F бағанында Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі.

Салық кодексінің 198-бабына сәйкес табыс салығы шетелдік валютада шартты банк салымында орналастырылған жағдайда, орналастыру валютасының коды көрсетіледі;

7) G бағанында осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген келісім-шарт (шарт) бойынша өтініш беруші резидент емес тұлғаға Қазақстан Республикасындағы көздерден есептелген кірістің сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген келісім-шарт (шарт) бойынша өтініш беруші резидент емес тұлғаға Қазақстан Республикасындағы көздерден төленген кірістің сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексі 145-бабының 1-тармағында белгіленген салық ставкасын қоспағанда, Салық кодексіне сәйкес табыс салығының ставкасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 145-бабында белгіленген ставка қолданылған жағдайда, осы баған толтырылмайды;

10) J бағанында есептелген кіріс сомасынан ұсталған және салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы немесе салық төлеуші салықты бюджетке аванстық төлемдерді енгізу жолымен төлеген жағдайда, табыс салығы бойынша төленген аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында халықаралық шартта көзделген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

12) L бағанында халықаралық шартқа сәйкес төленуі тиіс табыс салығының сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында Салық кодексінің 198 немесе 198-1-бабына сәйкес мемлекеттік бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтарылуы тиіс табыс салығының шетелдік валютадағы жалпы сомасы көрсетіледі.

Табыс салығы мемлекеттік бюджетке немесе шартты банк салымына ұлттық валютада төленген жағдайда, осы жол толтырылмайды;

14) N бағанында Салық кодексінің 198 немесе 198-1-бабына сәйкес мемлекеттік бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтарылуы тиіс табыс салығының ұлттық валютадағы жалпы сомасы көрсетіледі.

Егер табыс салығы шетелдік валютада аударылған жағдайда, осы бағанда салықты орналастыру (аудару) күніне валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Өтініштің 102.01.001 жолына қосымша нысан N бағанының жиынтық шамасы Өтініштің 102.01.001 жолына көшіріледі.

27. Өтінішті толтыру кезінде кірістердің мынадай кодталуын пайдалану керек :

Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 проценттен астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 проценттен астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1032 - резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1033 - борышты талап етуді алған орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент-эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындау орны маңызды емес;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асуы;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстар;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасымен жасалған және бекітілген халықаралық шарттармен көзделген салық салу құқықтары

Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа кірістер;

1361 - Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа кірістер.

РҚАО-ның ескертуі: 102.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Салық резиденттілігін растауды алуға арналған өтінішті жасау Ережесі (102.02-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы жасасқан қосарланған салықты болдырмау және табыс салығын төлеуден жалтарудың алдын-алу жөніндегі халықаралық шарттың (бұдан әрі - халықаралық шарт) ережелерін шетелдік мемлекетте қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының резиденті - салық төлеушісінің резиденттілігін растайтын құжатты алуға арналған өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 68-бабына сәйкес заңды немесе жеке тұлғалар, оның ішінде жеке кәсіпкерлер, адвокаттар (нотариустар) толтырады. Өтінішті салық төлеуші ретінде тіркеу орны бойынша салық органына қатысты жоғары тұрған (мемлекеттік уәкілетті органды қоспағанда) салық органына тапсырылады.

2. Өтініш Өтініштің өзінен (102.01-нысан) және табыс салығын салумен байланысты объектілер туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Тиісті қосымша нысанда көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша нысан толтыруға жатады.

7. Қосымша нысан парағының жолдарында көрсеткіштер саны артып кеткен жағдайда, қосымша нысанның осыған ұқсас парағы толтырылады.

8. Қосымша нысанның "Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініштің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Өтінішті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - үш данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

10. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Өтінішті жасау

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) заңды тұлға резиденттілігінің түрі: Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға немесе шетелдік мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған, бірақ Салық кодексі 176-бабының 5-тармағына сәйкес және халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын тиімді басқару Қазақстан Республикасында орналасқан заңды тұлға (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылған жағдайда толтырылады);

3) заңды тұлғаның толық атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес резидент емес-заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі (егер салық төлеуші заңды тұлға болып табылған жағдайда толтырылады);

4) жеке тұлғаның резиденттілігінің түрі: Қазақстан Республикасының азаматы не Салық кодексінің 176-бабына сәйкес және халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ тұлға (егер өтініш беруші жеке тұлға болып табылған жағдайда толтырылады);

5) жеке тұлғаның аты-жөні. Жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі (егер өтініш беруші жеке тұлға болып табылған жағдайда толтырылады);

6) Өтініш түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Өтініштің түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Өтініш резидент емес салық төлеуші-резидент емес алғаш рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Өтініштерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі салық кезеңіне жататын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қосымша Өтінішті толтырған жағдайда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Хабарлама бойынша қосымша Өтініш берілген жағдайда толтырылады:

В жолында - күні;

8) ҚР байланыс ақпараты. Өтініш берушінің ҚР мекен-жайы. Өтініш берушінің ҚР мекен-жайы. Пошта индексін, облыстың, ауданның, елді мекеннің, көшенің/мөлтек ауданның атауынан, үй нөмірі, пәтер/бөлме нөмірінен, телефон нөмірінен, электрондық мекен-жайынан тұратын өтініш берушінің Қазақстан Республикасының мекен-жайы көрсетіледі:

А жолында - почта индексі;

В жолында - облыс;

С жолында - аудан;

Д жолында - елді мекен/қала;

Е жолында - көше/шағын аудан;

Ғ жолында - үй нөмірі;

Г жолында - пәтер/бөлме;

Н жолында - телефон нөмірі;

І жолында - электронды почта адресі.

12. "Табыс туралы мәліметтер" бөлімінде:

102.02.001 жолында салық төлеушінің шетелдік көздерден ұлттық валютада өтініштелген немесе өтініштелуге болжалған табыстарының жалпы сомасы көрсетіледі және 102.02.001 жолына қосымша нысан К бағанының жиынтық деректері негізінде толтырылады.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Өтінішке салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

3) Өтініштің өткізген күні. Өтініштің өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

4) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

5) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

7) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

14. "Салық органының белгісі" бөлімінде:

1) 9-жолда Өтінішке нөмір беріледі. Салық органының коды көрсетіледі және нөмір беріледі;

2) "Белгі қойған тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) Белгі қойылған күн. Қабылданған өтінішке белгі қойылған күн көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

15. Өтініштің 102.02.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында резидент-салық төлеушіге табыстар төлейтін резидент емес болып табылатын заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның резиденттілік/азаматтық елінің коды көрсетіледі.

Елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет;

4) D бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, бұндай құжаттың нөмірі мен берген күні көрсетіледі.

Резидент емес жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің кодын толтырғанда, құжат түрлерін мынадай кодтауды пайдалануы тиіс:

01 - шет ел азаматының паспорты;

02 - шет ел азаматының жеке бас куәлігі (ішкі паспорт);

03 - теңізшінің паспорты;

5) E бағанында В бағанында көрсетілген тұлғаның резиденттілік (азаматтық) елдегі нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында резидент-салық төлеушімен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден табыстар алуы болжанатын және сол үшін резиденттілікті растау қажет етілетін салық кезеңі көрсетіледі.

Егер резидент-салық төлеуші өтінішті соның ішінде табыс алу жоспарланып отырған ұзақ мерзімді келісім-шарттың (шарт, келісім) бүкіл қолданыс мерзімі кезеңіне берген жағдайда, мұндай келісім-шарттың (шарттың, келісімнің) қолданысының толық салық кезеңі көрсетіледі;

7) G бағанында осы Ереженің 16-тармағына сәйкес резидент-салық төлеуші шет елдік көздерден табысты алу валютасының коды көрсетіледі;

8) H бағанында резидент-салық төлеушіде шетелдік көздерден, оған сәйкес табыс туындайтын келісім-шарттың (шарттың, келісімнің) нөмірі мен күні көрсетіледі;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес елдің коды көрсетіледі;

10) J бағанында осы Ереженің 16-тармағы 6) тармақшасына сәйкес салық кезеңі үшін шетелдік мемлекеттегі көздерден есептелген немесе есептелуге болжалған жалпы сома шетелдік валютада көрсетіледі;

11) К бағанында J бағанында көрсетілген табыстардың, табысты есептеу күніне немесе көрсетілген табыс Өтінішті беру күніне есептелмеген жағдайда, Өтінішті беру күніне валюта айырбасының рыноктық бағамын қолданумен ұлттық валютада қайта есептелген сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі;

13) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның аты-жөні көрсетіледі.

16. Өтінішті толтырған кезде табыс түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден кірістер:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де табыстар.

РҚАО-ның ескертуі: 102.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (110.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корпорациялық табыс салығының кірістерін мәлімдеуге және есептеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (110.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (110.01-110.27 нысандары) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшірулерге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "x" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша(-лар) және (немесе) қосымша нысан(-дар) тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалар мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша(-лар)дың және (немесе) қосымша нысан(-дар)дың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияны "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде" - белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламамен почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (110.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгертулер мен толықтырулар салық кезеңіне жататын, ол үшін қосымша Декларация толтырғанда белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеушіні таратқан (қайта құрған), кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеуші жылдық Декларацияны тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарттар" торкөзі тауарларды тиеп жіберуге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге жасалған, қолданылу мерзімі бір жылдан артық келісім-шарт бар болған жағдайда белгіленеді;

6) Хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация өткізген жағдайда белгіленеді;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) резидент емес берген кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді;

10) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты мекемесі бар резидентпен белгіленеді.

14. Салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне Салық кодексінің 80, 184-баптарына сәйкес айқындалатын салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері енгізіледі.

15. "Жылдық жиынтық кіріс" бөлімінде:

1) 110.00.001 жолына 110.01.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 110.00.002 жолына 110.01.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.00.003 жолына Салық кодексінің 83-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Сондай-ақ осы жолда салық төлеушіні тарату кезінде тарату балансын бекітуде кредиторлармен талап етілмеген міндеттеме көрсетіледі;

4) 110.00.004 жолына 110.03.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 110.00.005 жолына 110.04.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
6) 110.00.006 жолына 110.05.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
7) 110.00.007 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес берешек талабына жол беруден салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 110.00.008 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметін шектеу немесе тоқтатуға келісім үшін салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

9) 110.00.009 жолына 110.22.014 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 110.00.010 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес жалпы үлестік меншіктен кірісті бөлу кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

11) 110.00.011 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес егер бұл сомалар бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдар, бюджеттен қайтарылғандары қоспағанда басқа сот тағайындаған және (немесе) борышкер деп танылған айыппұлдар, өсімдер мен санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

12) 110.00.012 жолына 110.20.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 110.00.013 жолына 110.06.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 110.00.014 жолына 110.06.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 110.00.015 жолына 110.04.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 110.00.016 жолында 110.07.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 110.00.017 жолында Салық кодексінің 80-бабының

2-тармағындағы 18) тармақшаға сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

18) 110.00.018 жолында Салық кодексінің 80-бабының

2-тармағындағы 19) тармақшаға сәйкес роялти түріндегі салық төлеуші алған кіріс көрсетіледі;

19) 110.00.019 жолында Салық кодексінің 80-бабының

2-тармағындағы 20) тармақшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған шығыстардан кірістердің асу сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 110.20.003А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

20) 110.00.020 жолында 110.00.001 - 110.00.019 жолдарында көрсетілмеген, Салық кодексінің 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілетін салық төлеушінің кірісі көрсетіледі. Бұл жолға 110.06.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

21) 110.00.021 жолында 110.00.001 - 110.00.020 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Жылдық жиынтық кірісті түзету" бөлімінде:

1) 110.00.022 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісті түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі, ол 110.00.022А - 110.00.022І жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

2) 110.00.023 жолында 110.00.021 және 110.00.022 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын түзету есебімен жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі.

17. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 110.00.024 жолына 110.00.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 110.00.025 жолына 110.09.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.00.026 жолына 110.10.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 110.00.027 жолына 110.10.004В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 110.00.028 жолына 110.11.001Е жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 110.00.029 жолына 110.16.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 110.00.030 жолына 110.16.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 110.00.031 жолына 110.13.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 110.00.032 жолына 110.07.002В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 110.00.033 жолында Салық кодексінің 103-бабына сәйкес есептелген шектерде мемлекеттік бюджетке төленген салықтардың сомасы көрсетіледі;

11) 110.00.034 жолына 110.16.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 110.00.035 жолында 110.00.035А - 110.00.035F жолдарының сомасын қосумен айқындалатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстар мен басқа да шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

13) 110.00.035А жолына 110.14.003Е жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 110.00.035В жолына 110.15.001В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 110.00.035С жолына 110.14.003К жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 110.00.035D жолына 110.14.003J жолында көрсетілген сомалар көшіріледі

;

17) 110.00.035Е жолына инвестициялық салықтық преференциялар бойынша шегерімге жатқызылатын негізгі құралдардың құны көрсетіледі;

18) 110.00.035F жолына 110.14.003F, 110.14.003Н және 110.14.005D жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

19) 110.00.036 жолында шегерімге жатқызылған сома көрсетіледі. Бұл жолға 110.00.036В жолында көрсетілген сома көшіріледі. Егер осы жол салық төлеушімен толтырылмайтын жағдайда 110.00.036А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

20) 110.00.036А жолында 110.00.024-110.00.035 жолдарының сомаларын қосу арқылы айқындалатын шегерімдердің сомасы көрсетіледі;

21) 110.00.036В жолы Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерде тұрақты мекемесі бар резиденттермен толтырылады. Осы жол бойынша сома 110.00.036А және 110.12.002 жолдарының айырмасы айқындалады.

18. "Салық салынатын кіріс есебі" бөлімінде:

1) 110.00.037 жолында 110.00.023 және 110.00.036 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс (залал) сомасы көрсетіледі;

2) 110.00.038 жолына 110.21.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.00.039 жолында 110.00.037 және 110.00.038 жолдарының қосындысымен айқындалатын салық салынатын кірістің (залалдың) қорытынды сомасы көрсетіледі;

4) 110.00.040 жолында Салық кодексінің 124-бабының

1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес 110.00.037 жолындағы залал алынғанда көшіруге жатпайтын, Салық кодексінің 110-бабының

2-тармағына сәйкес салық төлеушімен алынған залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер 110.00.035В жолы бойынша сома 110.00.037 жолының сомасынан астам немесе тең болса, онда 110.00.040 жолына 110.00.037 жолында көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 110.00.035В жолы бойынша сома 110.00.037 жолы бойынша сомадан аз болса, 110.00.040 жолына 110.00.035В жолының сомасы көшіріледі;

5) 110.00.041 жолында кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын (110.00.039 - 110.00.040 + 110.02.002) үйлер, құрылыстар мен ғимараттарды сату кезінде алынған залал сомасынан қалыптасқан және көшіруге жатпайтын залал сомасына азайтылған есепті салық кезеңінің нәтижелері бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған көшіруге жататын залал сомасы көрсетіледі;

6) 110.00.042 жолында $110.00.039 \times 3$ пайызға + (110.00.042Е - 110.00.042Н аралығындағы сома) - 110.00.042І сомаларының шамасында Салық кодексінің 122-бабына сәйкес (110.00.042А - 110.00.042D аралығындағы сома) салық салынатын кірістен (кіріске) алынып тасталатын (енгізілетін) шығыстардың (кірістердің) жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 110.00.042А жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес әлеуметтік сала объектілерін ұстап тұруға нақты шеккен шығыстар сомасы көрсетіледі;

8) 110.00.042В жолына 110.20.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 110.00.042С жолына 110.20.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 110.00.042D жолына Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке тұлғаларға берілетін атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі;

11) 110.00.042E жолын мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолда Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

12) 110.00.042F жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасы көрсетіледі;

13) 110.00.042G жолында Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағының шарттарына сәйкес кезінде ауыл шаруашылығын несиелеуден кіріс сомасы және инвестициялық кірістің сомасы көрсетіледі;

14) 110.00.042H жолында Салық кодексінің 122-бабының 5-тармағына сәйкес пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін тіркелген активтерді сату кезінде 110-баптың 2-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі.

Егер 110.00.042A - 110.00.042D жолдарында көрсетілген шығыстардың нақты сомасы салық салынатын кірістен (110.00.039) үш пайыздан кемінің сомасын құраса, онда салық салынатын кірістен жүргізілген шығыстардың нақты сомасы алып тастауға жатады. Егер сома соманың салық салынатын кірістен үш пайыздан көбінің сомасын құраса, онда салық салынатын кірістің үш пайыз мөлшерінде айқындалған сома алып тастауға жатады;

15) 110.00.043 жолында Салық кодексінің 123-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 124-бабына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залал сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 110.16.004 жолында айқындалған залал сомасы көшіріледі;

16) 110.00.044 жолында 110.00.049, 110.00.042 және 110.00.043 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын шеккен залалдар мен түзетулерді ескеріп салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 110.00.043 жолында көрсетілген сома бұрынғы екі жолдың айырмасынан үлкен болса, онда осы жолдың шамасы теріс болады. Алынған сома 110.19.001 жолына көшіріледі.

19. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 110.00.045 жолында 110.19.002 жолында айқындалған есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 110.00.046 жолында 110.19.003 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеушімен жүргізілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

3) 110.00.047 жолында 110.19.004 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші жүргізген шегерімдер сомасы көрсетіледі;

4) 110.00.048 жолы толтырылуға жатпайды;

5) 110.00.049 жолы толтырылуға жатпайды;

6) 110.00.050 жолы толтырылуға жатпайды.

20. "Басқа ақпарат" бөлімінде:

110.00.051 жолына 110.17.003 жолында көрсетілген сома көрсетіледі.

21. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түсетін кірістер - 110.01 нысанын жасау

22. Осы нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірісті айқындауға арналған.

23. "Кірістер" бөлімінде:

1) 110.01.001 жолында тауарларды сатудан кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 110.01.002 жолында жұмыстарды орындаудан кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 110.01.003 жолында қызмет көрсетулерден кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 110.01.003А - 110.01.003Q жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

4) 110.01.003Q - 110.01.003Q жолдарында қызмет көрсетулердің тиісті түрлерін көрсетуден кірістер көрсетіледі;

5) 110.01.004 жолында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістің жалпы сомасы көрсетіледі. 110.01.001 - 110.01.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

24. 110.01.004 жолының шамасы 110.00.001 жолына көшіріледі.

25. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс - 110.02 нысанын жасау

26. Осы нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірісті айқындауға арналған.

27. "Ғимараттарды, құрылыстарды сату (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда)" бөлімінде:

1) 110.02.001 жолы ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.02.002 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда)

сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 110.02.003 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

28. "Амортизацияға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

110.02.004 жолы ғимараттар, құрылыстар мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

29. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 110.02.005 жолы өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған акцияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден түскен табыстың (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.02.006 жолы берешек бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге бағалы қағаздарды сатудан табыстың (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 110.02.007 жолы өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыстың (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 110.02.008 жолы мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларын сатудан табыстың (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 110.02.009 жолы басқа да берешек бағалы қағаздарды сатудан табыстың (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 110.02.010 жолы Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңінен көшірілген өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан залал сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 110.02.011 жолы 110.02.010 жолының сомасына азайтылған 110.02.006, 110.02.009 жолдарының сомасы мен (немесе) әртүрлілігі ретінде айқындалатын (

кіріске немесе залалға тәуелді) шеккен залалдар сомасын ескеріп өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған облигацияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі акциялар мен облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан табыстың (залалдың) сомасын көрсетуге арналған.

30. "Жиыны" бөлімінде:

110.02.012 жолында ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде қосылған құн өсуінен кірістің жалпы сомасы, сондай-ақ, 110.02.001, 110.02.004, 110.02.005, 110.02.007, 110.02.008 және 110.02.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (осы жолдар бойынша кірісті алу кезінде) бағалы қағаздарды қоса амортизациялауға жататын активтер көрсетіледі.

31. 110.02.002 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан салық төлеушінің залал алуы кезінде осы залал Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш жылды қоса алғанда мерзімге көшіріледі.

Көрсетілген сома 110.00.041 жолының сомасын айқындау кезінде ескеріледі.

110.02.003 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалды алу жағдайында осы залал салық салу мақсатында есептелмейді.

110.02.005 және 110.02.007 жолдарында кірісті алу кезінде осы сомалар Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағындағы 3) тармақшаға сәйкес 110.00.022С жолына көшіріледі.

110.02.008 жолында кірісті алу кезінде осы сома 110.00.022D жолына көшіріледі.

Ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ 110.02.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде алынуға жататын (алынған) құн өсуінен кіріс 110.00.002 жолына көшіріледі.

32. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

33. 110.02.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында "Негізгі қорлардың сыныптауышы" Мемлекеттік сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда

министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2005 жылғы 24 мамырдағы N 150 бұйрығымен бекітілген "Негізгі қорлардың сыныптауышы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышына (бұдан әрі - "Негізгі қорлардың сыныптауышы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышы) сәйкес оларды сату кезінде кіріс алынған ғимараттардың, құрылыстардың (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) коды көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде С бағанында тиісті салық кезеңінің 110.14.001 жолына қосымша нысанның F бағанындағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес ғимараттардың, құрылыстардың (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда С бағанында кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 113-бабы 2-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ғимараттардың, құрылыстардың (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) құнының өсуінен кіріс азаятын жөндеуге шығыстардың сомасы көрсетіледі. Аталған сома D және C (D - C) бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын көрсетілген активтердің құнының өсуінен кіріс сомасынан аспауы тиіс және қосымша нысанның N бағанының тиісті жолынан 110.14.001 жолына көшіріледі;

6) F бағанында D бағаны және C және E бағандары сомаларының айырмасы (D - C - E) ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс көрсетіледі.

110.02.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 110.02.001 жолына көшіріледі.

34. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

35. 110.02.002, 110.02.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында "Негізгі қорлардың сыныптауышы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышына сәйкес оларды сату кезінде

залал алынған ғимараттардың, құрылыстардың (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) коды көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде С бағанында тиісті салық кезеңінің 110.14.001 жолына қосымша нысанның F бағанындағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес ғимараттардың, құрылыстардың (мұнай, газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің бастапқы құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда 110.14.001 жолына қосымшаның С бағанында кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандары сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс көрсетіледі.

110.02.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.02.002 жолына, 110.02.003 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.02.003 жолына көшіріледі.

36. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

37. 110.02.004 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда үй-жайлардың, ғимараттардың (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын сатылған активтердің тиісті коды көрсетіледі:

амортизациялауға жатпайтын басқа да активтерді өткізу кезінде құралады. Амортизациялауға жатпайтын активтерге:

01 - жер учаскелері;

02 - құрылысы аяқталмаған объектілер;

03 - орнатылмаған жабдық;

04 - салық төлеуші тауарларды өндіруде, жұмыстарды орындауда, қызметтер көрсетуде пайдаланбайтын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер;

05 - бағалы қағаздар;

06 - кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғаға, консорциумдарға қатысу үлесі;

07 - Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған салық заңдарына сәйкес бұрын құны толық шегерімге жатқызылған негізгі құралдар;

08 - осы Кодекстің 138-140-баптарына сәйкес құны шегерімге жатқызылған, инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген тіркелген активтер;

3) С бағанында:

қатысу үлесі бойынша - сатып алу құны;

Салық кодексінің 82-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша - "0";

өзге де жағдайларда - аталған баптың 2-тармақшасына сәйкес объектілердің бастапқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан түсетін кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар E бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында есептелмейді.

110.02.004 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.02.004 жолына көшіріледі.

38. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

39. 110.02.005, 110.02.006 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында берешек бағалы қағаздардан басқа, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың күні көрсетіледі;

5) E бағанда бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;

6) F бағанда бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;

7) G бағанда F және E бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

110.02.005 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 110.02.005 жолына, 110.02.006 жолына - 110.02.006 жолына қосымша нысан E бағаны көшіріледі.

40. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

41. 110.02.007 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған, қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатылған облигациялардың атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған, қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатылған облигациялардың ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанда өткізілетін күні листингтің ең жоғары және ең жоғарыдан кейінгі санаттары бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде тұрған, қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатылған облигациялардың ресми тізімдерінде тұрғанын растайтын құжаттың күні көрсетіледі;
- 5) E бағанда облигациялардың номиналды құны көрсетіледі;
- 6) F бағанда купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған облигациялардан басқа облигациялардың сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған облигациялар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;
- 7) G бағанында E және F бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 8) F бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрініс таппаған купон сомасы 110.04.002 жолына қосымша нысан D бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;
- 9) I бағанында берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:
$$I = (G / \text{жүгіну мерзімі (күндер)}) \times (\text{иелену кезеңі (күндер)});$$
- 10) J бағанында F және I бағандарының сомасы ($J = (H - (F + I))$) және F бағаны бойынша сома айырмасы ретінде айқындалатын берешек бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

110.02.007 жолына қосымша нысан J бағанының жиынтық шамасы 110.02.007 жолына көшіріледі.

42. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

43. 110.02.008, 110.02.009 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі.

мемлекеттік бағалы қағаздар: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұлттық жинақ облигациялары, басқа да мемлекеттік бағалы қағаздар;

өзге де мемлекеттік емес берешек бағалы қағаздар. Бұл ретте бағалы қағаздардың аталған түрлері бойынша деректер біртұтас сомалармен көрсетіледі;

- 3) С бағанда бағалы қағаздардың номиналды құны көрсетіледі;

4) D бағанда купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

5) E бағанында C және D бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрініс таппаған купон сомасы 110.04.002 жолына қосымша нысан D бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;

7) G бағанында берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:

$$G = (E / \text{жүгіну мерзімі (күндер)}) \times (\text{иелену кезеңі (күндер)});$$

8) H бағанында D және J бағандарының сомасы ($H = (F - (D + G))$) және F бағаны бойынша сома айырмасы ретінде айқындалатын берешек бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

110.02.008 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 110.02.008 жолына, 110.02.009 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 110.02.009 жолына көшіріледі.

44. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

45. 110.02.010 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;
- 3) С бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін E бағанында айқындалатын бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал) көрсетіледі. Осы бағанға 110.02.006, 110.02.008, 110.02.009 жолдарының сомасы көшіріледі;

5) E бағанында одан кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және C бағандарының сомасы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағымен белгіленген залалдарды көшіру үшін мерзім аяқталуына дейін келесі салық кезеңінің C бағанына көшіріледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес көшіру мерзімінің аяқталуымен байланысты одан кейінгі салық кезеңдеріне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

110.02.010 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін C бағанының шамасы 110.02.010 жолына көшіріледі.

46. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер - 110.03 нысанын жасау

47. Осы нысан Салық кодексінің 84-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша кірістерді айқындауға арналған.

48. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

110.03.01 жолы кіріске енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

49. "Қызметкерлердің кірістері бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

1) 100.03.002A жолында салық төлеуші күмәнді деп таныған қызметкерлердің кірістері бойынша кредиттік берешегінің сомасы көрсетіледі;

2) 100.03.002B жолында салық төлеуші күмәнді деп таныған міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредиттік берешегінің сомасы көрсетіледі.

50. "Күмәнді міндеттемелердің барлығы":

110.03.003 жолы салық төлеуші күмәнді деп таныған кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 110.03.001C және 110.03.002A жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

51. 110.03.003 жолының шамасы 110.00.004 жолына көшіріледі.

52. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

110.03.01 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда В бағанда көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 250-бабына сәйкес кредитордың резиденттілік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредитор - жеткізуші құжатының (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанда күмәнді деп танылған міндеттемелер бойынша тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету күні көрсетіледі;
- 5) E бағанда қосылған құн салығының сомасын ескеріп кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанда кредиторлық берешектің туындау сәтіне қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;
- 7) G бағанда F бағанда көрсетілген ставканы ескере отырып есептелген қосылған құн салығының сомасының алуы үшін кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанда Салық кодексінің 84-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын және күмәнді болып табылатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

110.03.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.03.001A жолына, G бағаны - 110.03.001B жолына, H бағаны - 110.03.001C жолына көшіріледі.

54. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. Сыйақылар - 110.04 нысанын жасау

55. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 16) тармақшаға сәйкес Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тыс жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірістерді айқындауға арналған. Салық кодексінің

10-бабының 1-тармағындағы 2-тармақшаға сәйкес кірістер сыйақылар болып табылады.

56. "Кредиттер, активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

110.04.001 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар, сондай-ақ резидент еместердің сыйақылары сомаларынан басқа 10-баптың 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес кредиттер мен активтердің басқа да түрлері бойынша сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

57. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

110.04.002 жолы мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

58. "Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

110.04.003 жолы Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша алынуға (алынған) жататын сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

59. "Резидент еместерден сыйақылар" бөлімінде:

110.04.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға осы нысанның С және Е бағандарына 2060, 2070 коды бойынша - "Сыйақы" кіріс түрі бар болған кезде 110.17.001 жолына қосымша нысанның F бағанының және 110.17.002 жолға қосымша нысанның H бағанының шамасы көшіріледі.

60. "Барлығы" бөлімінде:

110.04.005 жолы 110.04.001, 110.04.002С, 110.04.003С және 110.04.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

61. 110.04.00С жолының шамасы 110.00.023D жолына көшіріледі.

110.04.005 жолының шамасы 110.00.016 жолына көшіріледі.

62. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

63. 110.04.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сыйақы түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанында сыйақының есептелген сомасы көрсетіледі;

110.04.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 110.04.001 жолына көшіріледі.

110.04.001 жолына қосымша нысан С бағанының шамасы 110.04.001А жолына көшіріледі.

64. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

65. 110.04.002, 110.04.003 жолдарына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 8) тармақшасына және бағалы қағаздар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі:

мемлекеттік бағалы қағаздар: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұлттық жинақ облигациялары, басқа да мемлекеттік бағалы қағаздар;

облигациялар;

өзге де мемлекеттік емес берешек бағалы қағаздар. Бұл ретте бағалы қағаздардың аталған түрлері бойынша деректер біртұтас сомалармен көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында дисконтты немесе сыйақыны ескерусіз купонның есептелген сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. D және C бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

110.04.002 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 110.04.002А жолына, D бағаны - 110.04.002В жолына, E бағаны - 110.04.002С, 110.04.003 жолына қосымша нысанның С бағаны 110.04.003А, D бағаны - 110.04.003В жолына, E бағаны - 110.04.003С жолына көшіріледі.

66. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

7. Жасалған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен кірістер - 110.05 нысанын жасау

67. Осы нысан Салық кодексінің 85-бабына сәйкес банктердің құрылған провизиялары мөлшерлерінің кемуінен кірістерді айқындауға арналған.

68. "Міндеттемелерді орындау кезінде талаптар мөлшерін өзгерту" бөлімінде: 110.05.001 жолы міндеттемелерді орындау кезінде талаптар мөлшерін өзгерту кезіндегі жиынтық соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

69. "Талап ету құқығына жол беру ақысы, жаңартпа, қайта табыстау туралы шарт негізінде және (немесе) өзге негіздерде талап етулер мөлшерінің өзгеруі" бөлімінде:

110.05.002 жолы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген сессия шартын жасау жолымен талап құқығына жол беру ақысы, жаңартпа, қайта табыстау туралы шарт негізінде және (немесе) өзге негіздерде талап етулер

мөлшерінің өзгеруі кезінде жиынтық соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

70. "Талаптарды қайта жіктеу кезінде провизиялар мөлшерінің өзгеруі" бөлімінде:

110.05.003 жолы талаптарды қайта жіктеу кезінде провизиялар мөлшерінің өзгеруі кезіндегі жиынтық соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

71. "Барлығы" бөлімінде:

110.05.004 жолы 110.05.001D, 110.05.002D, 110.05.003F жолдар сомасы ретінде айқындалатын құрылған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен кірістің жалпы сомасын көрсетуге арналған.

72. Күмәнді және үмітсіз активтер, шартты міндеттемелер бойынша сомалар тиісті жолдарда көрсетіледі.

Құрылған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен кірістерді айқындау кезінде үмітсіз активтер деп теңгермеде де бар, теңгерме үшін есептелетін де активтер танылады (2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап теңгерме үшін есептен шығарылған).

73. 110.05.004 жолының шамасы 110.00.006 жолына көшіріледі.

74. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

75. 110.05.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;
- 3) С бағанына бұрынғы салық кезеңдері үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан С бағанынан бұрынғы салық кезеңдерінің соңына талаптардың жалпы сомасы көшіріледі;
- 4) D бағанында С бағанында көрсетілген орындалған талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында С бағаны бойынша тиісті сомаларға D бағаны бойынша сомалардың қатынасы ретінде айқындалатын орындалған талаптардың бөлшегінің үлес салмағын көрсетеді;
- 6) F бағанына бұрынғы салық кезеңі үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан H бағанынан бұрынғы салық кезеңінде шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында F және E бағандары бойынша сомалар ретінде айқындалатын талаптардың тоқтатылған бөлігі жөніндегі шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.05.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 110.05.001А жолына, D бағаны - 110.05.001В жолына, F бағаны - 110.05.001С жолына, G бағаны - 110.05.001D жолына көшіріледі.

76. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

77. 110.05.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;
- 3) С бағанына бұрынғы салық кезеңі үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан С бағанынан бұрынғы салық кезеңінің соңына талаптардың жалпы сомалары көшіріледі;
- 4) D бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген сессия шартын жасау жолымен талап құқығына жол беру ақысы, жаңартпа шарты, қайта табыстау туралы шарт негізінде және (немесе) өзге негіздерде С бағанында көрсетілген тоқтатылған талаптардың жалпы сомаларын көрсетеді;
- 5) Е бағанында С бағаны бойынша тиісті сомаларға D бағаны бойынша сомалардың қатынасы ретінде айқындалатын талаптардың тоқтатылған бөлшегінің үлес салмағын көрсетеді;
- 6) F бағанына бұрынғы салық кезеңінен 110.15.001 жолына қосымша нысан H бағанынан бұрынғы салық кезеңіндегі шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көшіріледі;
- 7) G бағанында F және E бағандары бойынша сомалар ретінде айқындалатын талаптардың тоқтатылған бөлігі жөніндегі шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.05.002 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 110.05.002А жолына, D бағаны - 110.05.002В жолына, F бағаны - 110.05.002С жолына, G бағаны - 110.05.002D жолына көшіріледі.

78. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

79. 110.05.003 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;
- 3) С бағанына бұрынғы салық кезеңі үшін 110.15.001 жолына қосымша нысан С бағанынан бұрынғы салық кезеңінің соңына талаптардың жалпы сомалары көшіріледі;

4) D бағанында 110.05.001 жолына қосымша нысан D бағанының тиісті жолдарында есептелген талаптардың есепті салық кезеңінің ішінде орындалған жалпы сомалар көрсетіледі;

5) E бағанында 110.05.002 жолына қосымша нысан D бағанының тиісті жолдарында есептелген талаптардың есепті салық кезеңінің ішінде тоқтатылған жалпы сомалар көрсетіледі;

6) F бағанына талаптарды қайта мамандандыру кезінде C есептелгеннің санынан есепті салық кезеңінің соңына талаптардың жалпы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында C бағаны мен D, E, F бағандары бойынша сомалар ретінде айқындалатын талаптардың кемітілген мөлшер сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, осы қосымшада осы баған бойынша оң айырма табылатын талаптар ғана көрсетілуі тиіс. Теріс айырма қалыптасатын талап 110.15 нысанында көрсетіледі;

8) H бағанында уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі айқындаған резервтеу мөлшері көрсетіледі;

9) I бағанында G және H бағандары бойынша сома ретінде айқындалатын талаптардың қайта мамандандырылған бөлшегі бойынша шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.05.003 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 110.05.003A жолына, D бағаны - 110.05.003B жолына, E бағаны - 110.05.001C жолына, F бағаны - 110.05.003D жолына, G бағаны - 110.05.003E жолына, I бағаны - 110.05.003F жолына көшіріледі.

80. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

8. Басқа да кірістер - 100.05. нысанын жасау

81. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабындағы 2-тармақтың 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де мүлікті жалға беруден кірістерді; Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, салық төлеуші тегін алған мүлік, жұмыстар мен қызмет көрсетулер түріндегі кірістерді; Салық кодексінің 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістерді; Салық кодексі 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісіне енгізілген, бірақ Декларацияның 110.06.001 - 110.06.020 жолдарында көрсетілмеген салық төлеушінің салық төлеушінің кірістерін айқындауға арналған.

82. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

110.06.001 жолы мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

83. "Мүлік" бөлімінде:

110.06.002 жолы есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші тегін алған мүлік сомасы туралы мәлімет көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

84. "Дивидендтер" бөлімінде:

110.06.003 жолы Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де салық төлеуші алуы тиіс (алған) дивидендтер түріндегі кірісті айқындауға арналған.

110.06.003А және 110.06.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Оларды төлеу нысанына қарамастан Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 6) тармақшасына сәйкес айқындалатын кіріс дивидендтер болып табылады.

1) 110.06.003А жолы Қазақстан Республикасының аумағында алынуы тиіс (алынған) дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.06.003В жолы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс алынуы тиіс (алынған) дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 2050 - "Дивидендтер" коды бойынша тиісті кіріс түрі С және Е бағандарда бар болған жағдайда, 110.17.001 жолына қосымша нысанның F бағанының және 110.17.002 жолына қосымша нысанның H бағанының шамасы көшіріледі.

85. "Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістер" бөлімінде:

110.06.004 жолы Салық кодексінің 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақы түрінде алынған кірістерді анықтауға арналған;

110.06.004А жолы қайтарылған (қайтаруға жататын) сақтандыру сыйақылары сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

110.06.004В жолы Салық кодексінің 89-бабының 1-тармағына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақы түрінде алынған өзге де кірістерді анықтауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

86. "Басқа да кірістер" бөлімінде:

110.06.005 жолы Салық кодексі 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісіне енгізілген, бірақ Декларацияның 110.06.001 - 110.06.019 жолдарында көрсетілмеген салық төлеушінің кірістерін айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

87. 110.06.001 жолының шамасы 110.06.005 жолына көшіріледі.

110.06.002 жолының шамасы 110.06.013 жолына көшіріледі.

110.06.004 жолының шамасы 110.06.014 жолына көшіріледі.

110.06.003 жолының шамасы 110.06.023F жолына көшіріледі.

110.06.005 жолының шамасы 110.06.013 жолына көшіріледі.

110.06.004 жолының шамасы 110.06.020 жолына көшіріледі.

88. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

89. 110.06.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда жалға беруші жалға берген мүлік түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанда жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі/осы Ереженің 250-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды;
- 4) D бағанда жалға алу шартын жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 5) Е бағанда есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуға жататын (алған) жалға алу төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік үшін (тысқары орналасып жалға берілген) жалға алу төлемін алса (алуға жатса), онда Е бағанда салық сомасын қоса жалға алу төлемінің есептелген сомасы көрсетіледі.

110.06.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.06.001 жолына көшіріледі.

90. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

91. 110.06.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда осы Ережелердің 250-тармағына сәйкес мүлікті (жұмысты, қызмет көрсетуді) жеткізуші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда тегін алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанда С бағанда көрсетілген мүлік алынған, жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген құжат нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 5) Е бағанда тегін алынған мүлік, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер құны көрсетіледі.

110.06.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.06.002 жолына көшіріледі.

92. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

93. 110.06.003А жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда дивидендтерді төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 3) С бағанда дивидендтерді төлеуге негіз болатын құжаттың нөмірі мен толтырылған күні көрсетіледі;
- 4) D бағанда алынуы тиіс (алынған) дивидендтердің сомасы көрсетіледі.

110.06.003А жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 110.06.003А жолына көшіріледі.

94. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

95. 110.06.004А жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда сақтандыру сыйақыларын қайтарушы сақтандыру ұйымның осы Ережелердің 250-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда сақтандыру ұйымының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік еліндегі кодын көрсеткенде толтырылады;
- 4) D бағанда сақтандыру сыйақылары төлеген (қайтаруға тиіс) сақтандырушы - салық төлеушінің сақтандыру шарттарын жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 5) Е бағанда D бағанда көрсетілген, сақтандыру шарты қолданысының біту немесе тоқтатылу күні (сақтандыру сыйақылары сомаларын жылдық жиынтық кіріске енгізу күні) көрсетіледі;
- 6) F бағанда есеп салық кезеңі үшін қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

110.06.004А жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 110.06.004А жолына көшіріледі.

96. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

97. 110.06.004В жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 250-тармағына сәйкес В бағанда көрсетілген тұлғаның резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда өтемақы түрінің коды көрсетіледі:

"1" - бұрын шегерімге жатқызылған күмәнді деп танылған талаптардың сомаларын дебиторлар төлеген кезде;

"2" - мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен алынған субсидияларды қоспағанда, шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан сомаларды төлеген кезде;

"3" - бұрын шегерімге жатқызылған шығыстарды (залалдарды) өтеу кезінде;

4) D бағанда жылдық жиынтық табысты қосатын алынған өтемақылар сомасы көрсетіледі.

110.06.004B жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 110.06.004B жолына көшіріледі.

98. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

99. 110.06.005 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда тиісті кіріс түрінің коды көрсетіледі:

01 - тауарларды сатудан түскен кіріс немесе үй-жайларды, ғимараттарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсімінен түскен кіріс болып табылмайтын, және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған кіріс сомасына қосылған активтерді шығару кезіндегі кіріс ;

03 - мүлікті пайдалану құқығын беруден алуға жататын (алған) салық төлеушілердің кіріс сомаларын қосатын және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған мүлікті пайдалану құқығын беруден кіріс;

04 - сақтандыру жағдайлары болған кезде алынған сақтандыру төлемдері. Бұл код бойынша 110.14.001 және 110.14.002 жолдарына Н бағанда көрсетілген сақтандыру төлемдері есепке алынбайды;

05 - метал есебі бойынша алуға жататын (алынған) кірістер;

99 - өзге кірістер.

3) С бағанда кіріс сомалары көрсетіледі.

С бағанының жиынтық шамасы 110.06.005 жолына көшіріледі.

100. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

9. Бағамдық айырма - 110.07 нысанын жасау

101. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріс енгізілуге жататын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасының артуын, немесе Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын және жылдық жиынтық кіріс алумен байланысты теріс бағамдық айырма сомасын айқындауға арналған.

102. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

110.07.001 жолы салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырманың жалпы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру бойынша заңнамасына сәйкес толтырылады.

103. "Бағамдық айырма есебі" бөлімінде:

1) 110.07.002А жолы 110.07.001А және 110.07.001В жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

2) 110.07.002В жолы 110.07.001В және 110.07.001А жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған.

104. 110.07.002А жолының шамасы 110.00.016 жолына көшіріледі.

110.07.002В жолының шамасы 110.00.032 жолына көшіріледі.

105. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

10. Еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар - 110.08 нысанын жасау

106. Осы нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуға тиіс сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар сомасын және Салық кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес жылдық жиынтық кіріске (кірістен) енгізуге (алып тастауға) жататын тауарлық-материалдық қорларды (бұдан әрі - ТМҚ) бағалау әдісінің өзгеруінен кіріс (залал) сомасын айқындауға арналған.

ТМҚ есепке алу Салық кодексінің 65-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

107. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 110.08.001 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі үшін басқа ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлердің материалдарды (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары), тауарларды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді

салық төлеушінің есепті салық кезеңінің ішінде сатып алған, тегін алған құны көрсетіледі. Қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылатын 110.08.001A, 110.08.001B, 110.08.001C, 110.08.001D, 110.08.001E, 110.08.001F, 110.08.001G, 110.08.001I, 110.08.001J, 110.08.001K, 110.08.001L, 110.08.001M, 110.08.001N, 110.08.001Q және 110.08.001T-жолдарының сомасын қосумен айқындалады.

110.08.001 жолында келтірілген деректер 110.00.024-110.00.035 жолдары, сондай-ақ есепті немесе бұрынғы салық кезеңдерінде 110.08.002-110.08.004 жолдары бойынша шегерімге жатқызылатын (жатқызылған) шығыстарды қамтымауы тиіс;

2) 110.08.002 жолы Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған. Бұл ретте, еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстарға материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірістерді қоса, ақшалай және заттай нысанда жұмыс беруші төлейтін қызметкерлердің кез-келген кірістері жатады;

3) 110.08.002A жолында қызметкерлердің есептелген еңбекақысының жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 110.08.002B жолында 110.08.002B жолында көрсетілген еңбекақыдан басқа Салық кодексінің 149-бабына сәйкес айқындалатын кірістер көрсетіледі;

5) 110.08.002C жолында 110.08.002A және 110.08.002B жолдарында көрсетілмеген қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі. Мысалы: жұмыс беруші заңды тұлғаны қайта құрумен, қызметкерлердің штатын қысқартумен байланысты қызметкерлерге төлемдер;

6) 110.08.002D жолында негізгі қаражаттарды жөндеуге қызметкерлерге есептелген кіріс сомасы мен оларға берілген материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі;

7) 110.08.002E жолында жұмыс беруші төлейтін және шегерімге жатқызылуға жататын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар сомасы көрсетіледі. 110.08.002A, 110.08.002B, 110.08.002C жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

8) 110.08.003 жолында 110.08.003A, 110.08.003B және 110.08.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, 110.08.001 жолында ескерілмеген қаржылық қызмет көрсетулерді (тауарларды, жұмыстарды) шығару мен сату бойынша шығыстардың басқа да барлық сомасы көрсетіледі;

9) 110.08.003A жолында Салық кодексі 93-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс іссапар шығыстары сомасы көрсетіледі;

10) 110.08.003В жолында Салық кодексі 93-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген өкілдік шығыстардың шегерімге жатқызылатын нақты сомасы көрсетіледі;

11) 110.08.003С жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жататын алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

110.08.001 - 110.08.003 жолдарында келтірілетін деректер 110.00.024 - 110.00.034 жолдарында көрсетілген деректерді қайталамауы тиіс;

12) 110.08.004 жолында Салық кодексі 92-бабының 6-тармағына сәйкес салық төлеушілердің мүшелік жарналарының шегерімге жатқызылатын сомасы көрсетіледі;

13) 110.08.004А жолында салық төлеуші қызметкерлерінің жылына орташа тізімдік саны көрсетіледі;

14) 110.08.004В жолында салық төлеуші төлеген мүшелік жарналардың нақты сомасы көрсетіледі;

15) 110.08.004С жолында 110.08.006А жолы мәндерінің және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің туындысымен айқындалатын мүшелік жарналардың шекті сомасы көрсетіледі;

16) 110.08.004D жолында салық төлеушінің шегерімге жатқызылуы тиіс мүшелік жарналарының сомасы көрсетіледі. 110.08.004В және 110.08.004С жолдарында көрсетілген сомалардың ішінен ең төменгісі ретінде айқындалады. 110.08.004D жолының шамасы 110.08.004 жолына көшіріледі;

17) 110.08.005 жолында (110.08.001 + 110.08.002Е + 110.08.003 + 110.08.004) сатылған қаржылық қызмет көрсетулер (тауарлар, жұмыстар) бойынша шығыстарға енгізілген ТМҚ жиынтық сомасы мен басқа да шығыстар көрсетіледі ;

18) 110.08.006 жолында техникалық құжаттамаға сәйкес негізгі құралдардың нормативтік қызмет көрсету мерзімін ұлғайтпайтын және өндірістік қуатын жоғарлатпайтын негізгі құралдардың техникалық жай-күйін сақтау және ұстап тұру мақсатында жүргізілетін негізгі құралдардың бөлшектерін (бөліктерін) ауыстырумен байланысты Салық кодексінің 92-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын жөндеуге шығыстарды қоса алғанда, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

19) 110.08.007 жолында Салық кодексінің 104-бабына сәйкес ТМҚ, жұмыстар мен қызметтердің шегерімге жатқызылмайтын құны көрсетіледі;

20) 110.08.008 жолында 110.08.005 жолының сомасынан 110.08.006 және 110.08.007 жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын сатылған қаржылық

қызмет көрсетулер, тауарлар, жұмыстар бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

21) 110.08.009А жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ өзіндік құнын бағалаудың қолданылатын әдісі көрсетіледі;

22) 110.08.009В жолында пайдаланылатын бағалау әдісінің өзгеру фактісі көрсетіледі. Осы жолды ТМҚ өзіндік құнын олардың бағалау әдісін өзгертуі кезінде салық төлеуші толтырады;

23) 110.08.010 жолында 110.08.009С жолының сомасынан 110.08.009D жолының сомасын шегерумен айқындалатын ТМҚ өзіндік құнының бағалау әдісінің өзгеруі кезінде алынған кіріс (залал) сомасы көрсетіледі.

108. 110.08.008 жолының шамасы 110.00.024 жолына көшіріледі.

110.08.010 жолының шамасы Салық кодексі 91-бабының 2-тармағына сәйкес 110.00.022Е жолына көшіріледі.

109. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

110. 110.08.001А, 110.08.001В, 110.08.001С, 110.08.001D, 110.08.001Е, 110.08.001F, 110.08.001G, 110.08.001I, 110.08.001K, 110.08.001L, 110.08.001M, 110.08.001N, 110.08.001Q, 110.08.001P, 110.08.001T -жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда кірістерді алушы осы Ереженің 250-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік етуші елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанда ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік елі көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда шығыстар сомасы көрсетіледі:

110.08.001А жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 110.08.001А жолына көшіріледі, 110.08.001В жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001В жолына көшіріледі, 110.08.001С жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001С жолына көшіріледі, 110.08.001D жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001D жолына көшіріледі, 110.08.001Е жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001Е жолына көшіріледі, 110.08.001F жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001F жолына көшіріледі, 110.08.001G жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001G жолына көшіріледі, 110.08.001I жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001I жолына көшіріледі, 110.08.001K жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001K жолына көшіріледі, 110.08.001L жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001L жолына көшіріледі, 110.08.001M жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 110.08.001M жолына көшіріледі,

110.08.001N жолына қосымша нысан D бағанының - 110.08.001N жолына көшіріледі, 110.08.001O жолына қосымша нысан D бағанының - 100.08.003O жолына көшіріледі, 110.08.001P жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 110.08.001P жолына көшіріледі, 110.08.001T жолына қосымша нысан D бағанының -110.08.001T жолына көшіріледі.

111. Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

112. 110.08.001J жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда сақтандырушы ұйымның осы Ереженің 250-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда табысты алушы ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;
- 4) D бағанда Салық кодексі 99-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, сақтандыру сыйлықақылары төленетін сақтанушы - салық төлеуші жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 5) Е бағанда есепті салық кезеңі үшін төленуге жататын (төленген) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

110.08.001J жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.08.001J жолына көшіріледі.

113. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

114. 110.08.001R жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ереженің 250-тармағына сәйкес қызметкерлерді оқытуды, біліктілігін арттыруды, қайта даярлауды, жеке тұлғаларды оқытуды жүргізетін салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында оқытушы ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;
- 4) D бағанында салық төлеуші қызметкердің - оқып жатқан тұлғаның тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында салық төлеушіден ақшаны алушының тиісті коды көрсетіледі:
 - 1 - төлем оқытушы ұйымға тікелей жүргізіледі;
 - 2 - төлем көрсетілген соманы кейіннен оқытушы ұйымға беру шартымен жеке тұлға-қызметкерге жүргізіледі;

6) F бағанында оқытушы ұйыммен қызметкерді оқытуға, біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға шарт жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында жеке тұлға-қызметкермен оқытуға, біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға шарт жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында Қазақстан Республикасының резиденті оқытушы ұйымға төленуге тиіс (төленген) оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеуге жүргізілген нақты сома көрсетіледі;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының резиденті емес оқытушы ұйымға төленуге тиіс (төленген) оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға кеткен шығыстарды төлеуге жүргізілген нақты сома көрсетіледі;

10) J бағанында оқыту кезеңі көрсетіледі;

11) K бағанында жеке тұлғаның шартқа сәйкес салық төлеушіде міндеттемесін жұмыс істеп өтеу мерзімі көрсетіледі.

110.08.001S жолына қосымша нысан H және I бағандарының жиынтық шамаларының сомасы 110.08.001R жолына көшіріледі.

115. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

116. 110.08.001S жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 250-тармағына сәйкес табысты алушы ұйымның резиденттігі елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында табыстарды алушының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған B бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанында салық төлеуші қызметкердің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында қызметкердің тұруына және тамақтануына нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұру мен тамақтануға арналған шығыстардың шекті сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында қызметкердің тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың шегерімге жатқызылуы тиіс сомасы көрсетіледі. E және F бағандарында көрсетілген сомалардың ішінен ең төменгісі ретінде айқындалады;

8) H бағанында қызметкердің түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының резиденттеріне төленуі тиіс (төленген) оқытылатын жеке тұлғаның тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың, түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін

қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың В бағанында Қазақстан Республикасының салық төлеуші резидентінің тіркеу нөмірі көрсетілген кезде G және H бағандары бойынша тиісті сомаларды қосумен айқындалады;

10) J бағанында Қазақстан Республикасының резиденттеріне төленуі тиіс (төленген) оқытылатын жеке тұлғаның тұруына және тамақтануына арналған шығыстардың, түскен кезде оқу орнына баруға және оқу аяқталған соң кейін қайтуға нақты кеткен шығыстарының сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың В бағанында Қазақстан Республикасының резиденті емесінің резиденттік елінің коды көрсетілген кезде G және H бағандары бойынша тиісті сомаларды қосумен айқындалады.

110.08.001S жолына қосымша нысанның I және J бағандарының жиынтық шамасы 110.08.001S жолына көшіріледі.

117. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

118. 110.08.003C жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда оған қатысты алдыңғы кезеңдердің шығыстарына жататын шығыстар жүргізілген, осы Ереженің 250-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) C бағанда табысты алушы ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған B бағанда резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанда алдағы кезеңдердің шығыстарына (аудиторлық (кеңес алу) қызмет көрсетулері бойынша - "J"; жарнамаға шығыстар - "O" және т.б.) бойынша жататын шығыс сәйкес келетін 110.08.001 жолының астыңғы жолының әріптік индексі көрсетіледі;

5) E бағанда салық кезеңінің басына алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда алдыңғы есепті кезеңдерге жататын ағымдағы салық кезеңінің шығыстары жатады;

7) G бағанда ағымдағы салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанда салық кезеңінің соңына алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомалары (E-F-G) көрсетіледі. Осы сома келесі салық кезеңінің қосымша нысанының E бағанға көшіріледі;

110.08.003H жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 110.08.003H жолына көшіріледі.

119. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Сыйақы бойынша шығыстар - 110.09 нысанын жасау

120. Бұл нысан Салық кодексінің 94-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

121. "Кредиттер (заемдар), депозиттер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

1) 110.09.001 жолы салық төлеушінің резидентке төлейтін депозиттері, кредиттері (заемдары) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 110.09.001 жолы салық төлеушінің резидент емеске төлейтін депозиттері, кредиттері (заемдары) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

122. "Вексельдер бойынша төлемдер" бөлімінде:

1) 110.09.003 жолы резиденттерге вексельдер бойынша төлемдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректерінің негізінде толтырылады;

2) 110.09.004 жолы резидент еместерге вексельдер бойынша төлемдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректерінің негізінде толтырылады.

123. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде: 110.09.005 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

124. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 110.09.006 жолы есепті салық кезеңінің әр айының соңына өзіндік капиталдың орташа арифметикалық сомасына тең болатын өзіндік капиталдың орташа жылдық сомасын көрсетуге арналған;

2) 110.09.007 жолы есепті салық кезеңінің әр айының ішінде сыйақы төленетін міндеттемелердің ең жоғарғы орташа арифметикалық сомасына тең болатын міндеттемелердің орташа жылдық сомасын көрсетуге арналған;

3) 110.09.008 жолы қаржы органдары үшін 7-ге тең болатын шекті коэффициентті көрсетуге арналған.

125. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 110.09.009 жолында 110.09.001B, 110.09.003B және 110.09.005D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резиденттерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 110.09.010 жолында 110.09.002В, 110.09.003В және 110.09.005G жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резидент еместерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 110.09.011 жолында 110.09.009 және 110.09.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, резидент еместерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 110.09.012 жолында $110.09.009 + 110.09.006/110.09.007 \times 110.09.008 \times 110.09.010$ формуласы бойынша айқындалатын шегерімге жатқызылатын сыйақылардың шекті сомасы көрсетіледі;

5) 110.09.013 жолында 110.09.011 және 110.09.012 жолдары бойынша сомалардың ең азы ретінде айқындалатын сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

126. 110.09.013 жолының шамасы 110.00.025 жолына көшіріледі.

127. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

128. 110.09.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор/депозитор ұйымның атауы көрсетіледі. Бұл ретте, В бағанында жеке тұлғаларға берілген/жеке тұлғалардан алынған кредиттер (заемдар)/депозиттер бойынша, сондай-ақ заңды тұлғалардың депозиттері бойынша кредит (заем)/депозит түрі көрсетіледі, D бағандары толтырылмайды, ал Е және F бағандарының деректері біртұтас сомалармен көрсетіледі;

3) С бағанында кредитор/депозитор - ұйым салық төлеушісінің (заңды/жеке тұлғалардың саны) тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында кредиттік/депозиттік шартты жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында алынған кредит (заем)/депозит сомасы көрсетіледі. Кредитті (заем)/депозитті шетел валютасында алу кезінде кредит (заем)/депозит алу мезетінде валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен кредит (заем)/депозит теңгеге қайта саналады;

6) F бағанында онда белгіленген ставканы қолданумен шарт жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші төлеген (төлеуге жататын) сыйақы сомасы көрсетіледі. Хеджерлеуді қолдану кезінде пайда болатын айырма, осы бағанда көрсетілуге жатады.

110.09.001 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 110.09.001А жолына, F бағаны - 110.09.001В жолына көшіріледі.

129. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

130. 110.09.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кредитор/депозитор ұйымның атауы көрсетіледі. Бұл ретте жеке тұлғаларға берілген/жеке тұлғалардан алынған кредиттер (заемдар)/депозиттер бойынша, сондай-ақ заңды тұлғалардың депозиттері бойынша В бағанында кредиттің (заемның)/депозиттің атауы түрі көрсетіледі, D бағаны толтырылмайды, ал Е және F бағандары бірдей сомаларда көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 250-бабына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында табысты алушы ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында кредиттік/депозиттік шарт жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында алынған кредиттің (заемның)/депозиттің сомасы көрсетіледі. Кредит (заем)/депозит шетелдік валютада алынған кезде кредиттің (заемның)/депозиттің сомасы кредитті (заемды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде қайта есептеледі;

7) G бағанында шарттың талаптарына сәйкес есепті салық кезеңінде салық төлеушінің төлеген (төлеуі тиіс) сыйақысының сомасы көрсетіледі. Хеджирлеуді қолдану кезінде туындайтын айырмашылық осы жолда көрсетілуі тиіс.

110.09.002 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 110.09.002А жолына, G бағанының - 110.09.002В жолына көшіріледі.

131. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

132. 110.09.003 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

2) В бағанында вексель ұстаушының атауы көрсетіледі;

3) С бағанында вексель ұстаушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында вексельдің жасалған күні көрсетіледі;

5) Е бағанында вексельдің сомасы көрсетіледі. Вексель шетелдік валютада берілген кезде вексельдің сомасы вексельді алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде қайта есептеледі;

6) F бағанында вексель талаптарына сәйкес есепті салық кезеңінде Қазақстан Республикасының вексель ұстаушы резидентіне салық төлеушінің төлеген (төлеуі тиіс) вексель бойынша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

110.09.003 жолына қосымша нысанның Е бағаны бойынша жиынтық сома 110.09.003А жолына, F бағанының - 110.09.003В жолына көшіріледі.

133. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

134. 110.09.004 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында вексель ұстаушының атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ереженің 250-тармағына сәйкес кредитор ұйымның резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында табысты алушының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында вексельдің жасалған күні көрсетіледі;
- 6) F бағанында вексельдің сомасы көрсетіледі. Вексель шетелдік валютада берілген кезде вексельдің сомасы вексельді алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде қайта есептеледі;
- 7) G бағанында вексель талаптарына сәйкес есепті салық кезеңінде Қазақстан Республикасының вексель ұстаушы резидент емесіне салық төлеушінің төлеген (төлеуі тиіс) вексель бойынша төлемнің сомасы көрсетіледі.

110.09.004 жолына қосымша нысанның F бағаны бойынша жиынтық сома 110.09.004А жолына, F бағанының - 110.09.004В жолына көшіріледі.

135. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

136. 110.09.005 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында эмиссиялар бойынша бөлшектеп берешек бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі;
- 3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеудің нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында берешек бағалы қағаздың атаулы құны көрсетіледі. Берешек бағалы қағазды шетел валютасында шығару кезінде берешек бағалы қағаздың атаулы құны берешек бағалы қағазды сату мезетінде валюта айырбасының нарықтық бағамын қолданумен теңгеге қайта саналады;
- 5) E бағанында резидентке сыйақы төлеу кезінде есепке алынатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында резидентке төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырма) (F + E) ретінде айқындалатын сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Хеджерлеуді қолдану кезінде пайда болатын айырма, осы бағанда көрсетілуге жатады;

8) Н бағанында резидент емеске сыйақы төлеу кезінде есепке алынатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) І бағанында резидент емеске төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында купон мен дисконттың (сыйақының) сомасы (айырмасы) ретінде айқындалатын резидент емеске төленетін сыйақының жалпы сомасы (I + H) көрсетіледі. Хеджерлеуді қолдану кезінде пайда болатын айырма, осы бағанда көрсетілуге жатады.

110.09.005 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 110.09.005A жолына, E бағаны - 110.09.005B жолына, F бағаны - 110.09.005C жолына, G бағаны - 110.09.005D жолына, H бағаны - 110.09.005E жолына, I бағаны 110.09.005F жолына, J бағаны - 110.09.005G жолына көшіріледі.

137. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

12. Күмәнді міндеттемелер мен күмәнді талаптар - 110.10 нысанын жасау

138. Бұл нысан Салық кодексінің 95-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелердің; Салық кодексінің 96-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптар сомасын айқындауға арналған.

Төленген күмәнді және есептен шығарылған міндеттемелер Салық кодексінің 38-бабында белгіленген талап ету мерзімі ішінде, оларды жылдық жиынтық кіріске қосқан сәттен бастап шегеруге жатады.

139. "Төленген күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

1) 110.10.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.10.002 жолы Салық кодексінің 83-бабына сәйкес бұрын алдын кіріс деп танылған, төленген міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 110.10.003 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс бұрын алдын кіріс деп танылған төленген міндеттемелердің жалпы сомасын айқындауға арналған және 110.10.001C және 110.10.002C жолдарының сомасы айқындалады.

140. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

110.10.04 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

141. 110.10.003 жолының шамасы 110.10.026 жолына көшіріледі.

110.10.004В жолының шамасы 110.14.027 жолына көшіріледі.

142. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

143. 110.10.001 және 110.10.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда кіріске жатқызылған және салық төлеуші бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған, сома төленген кредитор - заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 250-бабына сәйкес кредитордың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда кредиторлық берешектің туындауын растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасын кіріске енгізу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

5) E бағанда күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

6) F бағанда күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешекті өтеу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

7) G бағанда төленген немесе есептен шығарылған міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

8) H бағанда бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған және шегерімге жатқызылатын кіріске жатқызылған әрі F және H бағандары сомасының ең азы ретінде айқындалатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

110.10.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.10.001А жолына, G бағаны - 110.10.001В жолына, H бағаны - 110.10.001С жолына көшіріледі.

110.10.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 110.10.002А жолына, G бағаны - 110.10.002В жолына, H бағаны - 110.10.002С жолына көшіріледі.

144. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

145. 110.10.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда салық төлеушіге берешек үш жыл ішінде өтелмеген, тауарлар сатылған, жұмыстар орындалған, қызмет көрсетілген заңды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанда талап етудің туындаған растайтын құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанда Занды тұлғалардың мемлекеттік тізілімнен банкрот-борышкерді алып тастау туралы әділет органы шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша дебиторлық берешек (жанама салықтарсыз) сомасы көрсетіледі;

7) G бағанда салық салынатын кірісті айқындау кезінде жылдық жиынтық кіріске H бағанда көрсетілген берешекті енгізу күні (ай, жыл) көрсетіледі;

8) H бағанда бұрын енгізілген сомалар шегінде шегеруге жататын күмәнді талап болып табылатын дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

110.10.004 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 110.10.004A жолына, H бағаны - 110. 10.004B жолына көшіріледі.

146. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

13. Провизиялар (резервтер) құру жөніндегі шығыстар - 110.11 нысанын жасау

147. Осы нысан Салық кодексінің 97-бабының 2-тармағына сәйкес күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизияларды құру, шартты міндеттемелер жөніндегі шығыстарды айқындауға арналған.

148. "Шығыстар" бөлімінде:

110.11.001 жолы күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизиялар, шартты міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

Сенімсіз активтермен провизиялар құру жөніндегі шығыстарды айқындау кезінде активтер деп теңгермеде де және теңгерме үшін есептелетін (2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап теңгерме үшін есептен шығарылған) есепті салық кезеңінің соңына активтер танылады.

149. 110.11.001E жолының шамасы 110.01.028 жолына көшіріледі.

150. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

151. 110.11.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шартты міндеттеменің актив тобы айқындалған;

- 3) С бағанында есепті салық кезеңінің соңына талаптар сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанында уәкілетті Мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды қадағалау және реттеу Агенттігімен айқындаған резервтеу мөлшері көрсетіледі;
- 5) E бағанында С және D бағандары сомасының туындысы ретінде айқындалған провизиялар (резервтер) сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін 110.11.001 жолына қосымша нысан H бағанында айқындалған және бұрынғы салық кезеңінде шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында түзетуді ескеріп шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі. 110.11.003 жолына қосымша нысан I бағанында, 110.11.001, 110.11.002 жолдарына қосымша нысан F бағаны сомасының және G бағаны сомасының айырмасы ретінде айқындалады;
- 8) H бағанында E және G бағандары сомасының оң айырмасы ретінде айқындалған және есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылған провизиялар сомасы көрсетіледі.

110.11.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 110.11.001А жолына, E бағаны - 110.11.001В жолына, F бағаны - 110.11.001С жолына, G бағаны - 110.11.001D жолына, H бағаны - 110.11.001Е жолына көшіріледі.

152. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

14. Резиденттің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары - 110.12 нысанын жасау

153. Осы нысан осындай халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес резидентке және қосарланған салық салуды болдырмау және кірістерге немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын-алу туралы халықаралық шарттар жасасқан шетел мемлекеттерінде орналасқан тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылған Қазақстан Республикасындағы оның шегінен тыс жерлердегі көздерден кірістерді алу мақсатында Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резиденттері шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды айқындауға арналған. Салық төлеуші-резидент Салық кодексінің 195-197-баптарымен белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпте шетел тұрақты мекемесіне шегерімге жатқызылған басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындайды. Бұл ретте салық төлеуші-резидент көрсетілген әдістердің бірін таңдауға құқылы:

- 1) бөлудің бара-бар әдісі;
- 2) тікелей (тура) шегерімге жатқызу әдісі.

Таңдалған әдісті салық төлеуші барлық шетел тұрақты мекемелері бойынша жыл сайын қолданады және салық органының келісімімен өзгертілген болуы мүмкін.

154. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) осы Ережелердің 153-тармағына сәйкес аталған шығыстарды шегеруге жатқызуда қолданылатын әдіс;

2) бөлудің бара-бар әдісін қолданғанда пайдаланылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі.

155. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 110.12.001 жолы резиденттің Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі көздерден кіріс алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

2) 110.12.002 жолы резидент еместің шетел мемлекеттеріндегі көздерден кіріс алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған, және қосымша нысан негізінде толтырылады.

156. 110.12.002 жолының шамасы 110.00.036В жолын есептеуде қолданылады

157. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

158. 110.12.001, 110.12.002 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тұрақты шетел мекемесінің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 250-тармағына сәйкес тұрақты шетел мекемесінің орналасқан жері;

4) D бағанында салық төлеуші-резиденттің және тұрақты шетел мекемесінің жылдық жиынтық кірістерінің сомалары ұлттық валютада көрсетіледі;

5) E бағанында салық төлеушінің тұрақты шетел мекемесінің жылдық жиынтық кірісіндегі үлесі, әр тұрақты шетел мекемесі бойынша көрсетіледі;

6) F бағанында резиденттің және тұрақты шетел мекемесінің негізгі қаражаттарының бастапқы (ағымдағы) құнының ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында салық төлеуші-резиденттің негізгі қаражатының бастапқы (ағымдағы) құнының жалпы сомасындағы тұрақты шетел мекемесінің негізгі

қаражатының бастапқы құнының үлесі, әр тұрақты шетел мекемесі бойынша көрсетіледі;

8) Н бағанында салық төлеуші-резидент және тұрақты шетел мекемесінің еңбек төлемдері бойынша шығыстарының сомасы көрсетіледі;

9) І бағанында төлеуші-резиденттің қызметкерлерінің еңбек төлемдері бойынша шығыстарының жалпы сомасындағы тұрақты шетел мекемесінің қызметкерлерінің еңбек төлемдері бойынша шығыстарының үлесі;

10) J бағанында қолданылатын тәсіліне байланысты Е бағаны бойынша немесе Е, G, I бағандарының сомаларының 3 ((Е бағаны + G бағаны + I бағаны) қатынасы ретінде айқындалған пайдаланылған тәсіл бойынша есептелген есептік көрсеткіш мөлшері әр тұрақты шетел мекемесі бойынша көрсетіледі;

11) K бағанында салық төлеуші-резиденттің және тұрақты шетел мекемелерінің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомалары көрсетіледі.

Тиісті тұрақты шетел мекемесінің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары J бағанының және 00001K жолының туындысы ретінде айқындалады;

12) L бағанында K бағанында көрсетілген шығындарды есепке алумен салық төлеуші-резиденттің және тұрақты шетел мекемелерінің шығындарының жалпы сомалары көрсетіледі.

110.12.001, 110.12.002 жолдарына қосымша нысанның 00001K жолында көрсетілген резиденттің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы 110.12.001A жолына көшіріледі.

Резиденттің 110.12.001, 110.12.002 қосымша нысандарының 00002K жолында көрсетілген тұрақты шетел мекемелерінің осындай шығыстарының сомасы ретінде айқындалатын шетел көздерінен кіріс алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасы 110.12.002A жолына көшіріледі.

159. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

15. Әлеуметтік төлемдерге шығыстар - 110.13 нысанын жасау

160. Бұл нысан Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстарды айқындауға арналған.

161. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 110.13.001A жолында қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

- 2) 110.13.001В жолында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеудің мөлшері көрсетіледі;
- 3) 110.13.001С жолында шегерімге жатқызылуы тиіс қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 110.13.001А және 110.13.001В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;
- 4) 110.13.002А жолы толтырылуға жатпайды;
- 5) 110.13.002В жолы толтырылуға жатпайды;
- 6) 110.13.002С жолы толтырылуға жатпайды;
- 7) 110.13.003А жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;
- 8) 110.13.003В жолында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеудің мөлшері көрсетіледі;
- 9) 110.13.003С жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 110.13.003А және 110.13.003В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;
- 10) 110.13.004А жолында жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;
- 11) 110.13.004В жолында Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарында жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша белгіленген мөлшер көрсетіледі;
- 12) 110.13.004С жолында шегерімдерге жатқызылуға жататын жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша шығыстардың сомалары көрсетіледі. 110.13.004А және 110.13.004В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;
- 13) 110.13.005 жолында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың есептелген сомасы көрсетіледі;
- 14) 110.13.006 жолында шегерімге жатқызылуға жататын әлеуметтік төлемдерге шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 110.13.001С, 110.13.003С, 110.13.004С, 110.13.005С жолдарының сомасы ретінде айқындалады.
162. 110.13.006 жолының шамасы 110.00.031 жолына көшіріледі.

163. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

16. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар, жөндеуге шығыстар және басқа да шегерімдер - 110.14 нысанын жасау

164. Бұл нысан Салық кодексінің 4-бөлімі 3-параграфына сәйкес салық салу мақсатында тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасын, жөндеуге шығыстарды және басқа да шегерімдерді, сондай-ақ Салық кодексінің 87-бабына сәйкес шағын топтың (топтың) теңгермелік құнынан есептен шыққан тіркелген активтердің (I топтың активтерін сатудан басқа) құн асуынан кірістерді айқындауға арналған.

165. "Үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда)" бөлімінде:

110.14.001 жолы үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

166. "Тіркелген активтердің қалған топтары" бөлімінде: 110.14.002 жолы тіркелген активтердің қалған топтары бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

167. "Тіркелген активтер бойынша барлығы" бөлімінде:

110.14.003 жолы тіркелген активтер бойынша шегерімдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 110.14.001, 110.14.002 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

168. "Басқалары" бөлімінде:

1) 110.14.004 жолы шағын топтың (топтың) құндық теңгермесінен есептен шыққан тіркелген активтердің құнының асуынан кірісті көрсетуге арналған. 110.14.001 жолына қосымша нысан I бағанының, 110.02.001 жолына қосымша нысанның F бағанда көрсетілген сомаларды қоспағанда, және 110.14.002 жолының теріс сомаларын қосумен айқындалады;

2) 110.14.005 жолы Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс, жал келісім-шартына сәйкес жалға беруші жүргізген және жалға беруші өтемеген жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

169. 110.14.003E жолының шамасы 110.00.035A жолына көшіріледі.

110.14.003J жолының шамасы 110.14.035D жолына көшіріледі.

110.14.003K жолының шамасы 110.14.035C жолына көшіріледі.

110.14.003F, 110.14.003H және 110.14.005D жолдарының шамасы 110.00.035F жолына көшіріледі.

110.14.004 жолының шамасы 110.00.009 жолына көшіріледі.

170. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

171. 110.14.001, 110.14.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес тіркелген активтердің I топтары бойынша негізгі құралдар коды немесе Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеуші амортизациялық аударымдар есептеуді жүргізетін тіркелген активтердің II, III және IV топтары бойынша топтарының атауы көрсетіледі;

3) С бағанда Салық кодексінің 107-бабы мен 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу үшін тіркелген активтер топтарының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары пайызбен көрсетіледі;

5) E бағанда салық төлеуші қолданатын амортизациялық нормалар әрбір шағын топ бойынша пайызбен, бірақ D бағанда көрсетілген шектен асырылмай көрсетіледі;

6) F бағанда әрбір салық шағын топтары (топтары) бойынша өткен салық кезеңі үшін 110.14.001, 110.14.002, 110.14.003 жолдарына қосымша нысандардың Р бағанының тиісті жолдарында және алдыңғы салық кезеңі үшін 110.14.005H жолында қалыптасатын есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың (топтың) құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

7) G бағанда шағын топтар (топтар) бөлінісінде есепті салық кезеңінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің жарғылық капиталына салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген негізгі активтердің және материалдық емес активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Осы бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 110.23.001 жолына қосымша нысанның J бағанда айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі;

8) H бағанда жарғылық капиталға салым ретінде тіркелген активтерді сатудан алынған және/немесе алынуы, қаржы лизингіне берілуі тиіс, есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сақтандырылған тіркелген активтер

бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы, сондай-ақ Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес айқындалған тіркелген активтерді өзге шығару кезіндегі сома көрсетіледі;

9) I бағанда Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың негізгі құралдарының теңгерімдік құнының шамасы (F+G-H) айқындалады;

10) J бағанда Салық кодексінің 107-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес (I x E) есептелген есепті салық кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

11) K бағанда Салық кодексінің 113-бабы 1-тармағында көрсетілген, Салық кодексінің 92-бабына сәйкес шегеруге жататын негізгі құралдардың нормативтік қызмет мерзімінен асырмайтын және өндіріс қуатын арттырмайтын техникалық құжаттарға сәйкес негізгі құралдың техникалық жай-күйін сақтау және ұстап тұру мақсатында өндірілетін негізгі құралдардың бөлшектерін (бөліктерін) және құрамаларын ауыстырумен байланысты жөндеуге шыққан нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

12) L бағанда K бағанда көрсетілген жөндеуге шығыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 113-бабына 1-тармағында көрсетілген негізгі құралдарды жөндеуге шыққан нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

13) M бағанда Салық кодексінің 113-бабы 2-тармағында белгіленген нормалар шегінде шегеруге жатқызылуы тиіс нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

14) N бағанда Салық кодексінің 113-бабының 1, 2 және 5 тармақтарына нақты шығыстарға барабар тиісті шағын топтың теңгерме құны өсетін M бағанда көрсетілген сомадан асатын, салық төлеуші негізгі құралдарға жөндеу жүргізген нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

15) O бағанда Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 300 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың (топтың) теңгерімдік құны көрсетіледі;

16) P бағанда егер Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес осы шағын топтың (топтың) барлық тіркелген активтері есепті салық кезеңінің соңына есептен шықса, I бағанда көрсетілген оң сомасына тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың (топтың) теңгерімдік құны көрсетіледі;

17) Q бағанда Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзетулер (I - J + N - O - P) есебімен есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі. Шағын топтың (I топтары бойынша) барлық тіркелген активтері шығарылған жағдайда осы бағанда нөл көрсетіледі.

Топтың (II, III, және IV топтары бойынша) барлық тіркелген активтері шығарылған жағдайда осы баған бойынша шама I бағаны бойынша теріс мәні есепке алынбай айқындалады.

Жиынтық шама:

110.14.001 жолға қосымша нысанның F бағаны 110.14.001A жолына, G бағаны - 110.14.001B жолына, H бағаны - 110.14.001C жолына, I бағаны - 110.14.001D жолына, J бағаны - 110.14.001E жолына, K бағаны - 110.14.001F жолына, L бағаны - 110.14.001G жолына, M бағаны - 110.14.001H жолына, N бағаны - 110.14.001I жолына, O бағаны - 110.14.001J жолына, P бағаны - 110.14.001K жолына, Q бағаны - 110.14.001L жолына көшіріледі;

110.14.002 жолға қосымша нысанның F бағаны 110.14.002A жолына, G бағаны - 110.14.002B жолына, H бағаны - 110.14.002C жолына, I бағаны - 110.14.002D жолына, J бағаны - 110.14.002E жолына, K бағаны - 110.14.002F жолына, L бағаны - 110.14.002G жолына, M бағаны - 110.14.002H жолына, N бағаны - 110.14.002I жолына, O бағаны - 110.14.002J жолына, P бағаны - 110.14.002K жолына, Q бағаны - 110.14.002L жолына көшіріледі.

172. 110.14.001 жолға қосымша нысанның F бағанда көрсетілген сомаларды қоспағанда 110.14.001 жолға қосымша нысанның I бағаны мен 110.14.002 жолға қосымша нысанның I бағаны бойынша теріс сомалар 110.14.004 жолына көшіріледі.

173. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

174. 110.14.005 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанда негізгі құралдарды жылдық жиынтық табыс алу мақсатында алған жалға беруші-салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 3) C бағанда жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, олар бойынша жөндеуге кеткен шығыстар келісім-шартқа сәйкес жалға беруші өтемеген "Негізгі қорлар жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанда Салық кодексінің 110-бабындағы 1-тармаққа сәйкес, D бағанда көрсетілген негізгі құралдар топтарының нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанда негізгі құралдар жалға алу шартының нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 6) F бағанда жал шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жал төлемінің сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанда есепті салық кезеңінің ішінде жүргізілген жалға алынған негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) Н бағанында жалға берушімен өтелуге жататын жөндеуге шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі;

9) І бағанда жалға берушімен өтеуге жататын жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) J бағанда Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жататын, жалға берушімен өтелетін жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі.

110.14.005 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 110.14.005A жолына, G бағанының жиынтық шамасы 110.14.005B жолына, H бағанының жиынтық шамасы 110.14.005C жолына, I бағанының жиынтық шамасы 110.14.005D жолына көшіріледі.

175. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар - 110.15 нысанын жасау

176. Осы нысан салық төлеуші алғаш рет пайдалануға берілген және Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды айқындауға арналған.

Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарын салық төлеуші шегерімге жатқызған кезде, осы нысан үш жыл ішінде жиынтық жылдық табыс алу мақсатында тіркелген активтерді пайдалануды растау үшін өткен үш салық кезеңіне беріледі.

177. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" бөлімінде:

110.15.001 жолы алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады.

178. 110.15.001B жолының шамасы 110.00.035B жолға көшіріледі.

179. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

180. 110.15.001 жолға қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында "Негізгі қорлардың сыныптауышы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышына сәйкес Қазақстан

Республикасының аумағында алғаш рет іске қосылған тіркелген активтердің коды көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті тіркелген активті Қазақстан Республикасы аумағында іске қосу күні көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген актив тобының нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағында белгіленген тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша пайызбен салық төлеуші қолданатын амортизацияның шекті нормалары көрсетіледі. Бұл ретте алғаш рет Қазақстан Республикасы аумағында F, G, H, I, J бағандарының бұрын амортизацияның қос нормасы қолданылған өткен салық кезеңдерінде пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша толтырылмайды;

6) F бағанында E бағанда көрсетілген шектен аспайтын, тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша пайызбен салық төлеуші қолданатын амортизацияның нормалары көрсетіледі;

7) G бағанында салық төлеуші Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес ($G \times 2$) қолданатын, амортизацияның екі еселенген нормалары көрсетіледі ;

8) H бағанда Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, түскен тіркелген активтердің құны көрсетіледі;

9) I бағанында кемінде үш жылда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында ($H * G$) тіркелген активтердің деректерін пайдалану шарты кезінде амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизация аударымдарының сомалары көрсетіледі;

10) J бағанында ағымдағы салық кезеңінде алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін (H-I) пайдаланылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы бағанның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті шағын топтың теңгерімдік құнына енгізуге жатады және келесі салық кезеңінің 110.15.001, 110.15.002 жолдарға қосымша нысанның G бағанының тиісті жолдарына көшіріледі;

11) K бағанында тіркелген актив пайдаланудың үш жылдық кезеңі біткенге дейін сатылған жағдайда, тиісті тіркелген активтің істен шыққан күні көрсетіледі .

110.15.001 жолға қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 110.15.001A жолына, I бағаны - 110.15.001B жолына, J бағаны - 110.15.001C жолына көшіріледі.

181. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Өзге де шегерімдер - 110.16 нысанын жасау

182. Бұл нысан ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдерді, сондай-ақ тағайындалған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын айқындауға арналған. Сондай-ақ бұл нысан Салық кодексінің 124-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметтен көшірілген залалдар сомасының есебі мен Салық кодексінің 139-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құнын айқындауға арналған.

183. "Өзге де шегерімдер" бөлімінде:

1) 110.16.001 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 110.16.002 жолында жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру (сақтандыру) бойынша жарналарға шығыстар көрсетіледі;

3) 110.16.002А жолында Банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған жеке тұлғалардың кепілдендірілетін салымдарының (депозиттерінің) сомасы көрсетіледі;

4) 110.16.002В жолында "Банк және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес айқындалған жарнаның шекті сомасы көрсетіледі;

5) 110.16.002С жолында Банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру (сақтандыру) қорына аударылған жарналар сомасы көрсетіледі;

6) 110.16.002D жолында 110.16.002В және 110.16.002С жолдарының ең аз сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын жарна сомасы көрсетіледі;

7) 110.16.003 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

8) 110.16.004 жолында бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдардың жиынтық сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

184. 110.16.001 жолының шамасы 110.00.029 жолына көшіріледі.

110.16.002D жолының шамасы 110.00.030 жолына көшіріледі.

110.16.003 жолының шамасы 110.00.034 жолына көшіріледі.

116.16.004В жолының шамасы 110.00.043 жолына көшіріледі.

185. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

186. 110.16.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда шартқа сәйкес ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлғаның осы Ереженің 250-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанда резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанда орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар түрінің тиісті коды көрсетіледі:

Р/с N	Ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстардың атауы	Жұмыстардың коды
1	Жаңа ғылыми білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	01
2	Жаңа техникалық білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	02
3	Ғылыми білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	03
4	Техникалық білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	04
5	Баламалы өнімдер іздеу бойынша жұмыстар	05
6	Баламалы технологиялар іздеу бойынша жұмыстар	06
7	Ықтимал жаңа өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	07
8	Ықтимал жетілдірілген өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	08
9	Баламалы өнімдерді бағалау бойынша жұмыстар	09
10	Баламалы технологияларды бағалау бойынша жұмыстар	10
11	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді жобалау	11
12	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді құрастыру	12
13	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді сынау	13
14	Жаңа технологияны пайдаланумен құралдарды, құрал-саймандарды, матрицаларды, штамптарды әзірлеу	14
	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс	

15	үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды жобалау	15
16	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды құрастыру	16
17	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды пайдалану	17
18	Өзге де ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар	18

5) Е бағанда ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға сәйкес келетін жүзеге асыруларды растайтын шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанда орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар актісінің нөмірі мен күні;

7) G бағанда жобалық-сметалық құжаттаманың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанда кірістерді алумен байланысты және шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарына жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

110.16.001 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 110.16.001 жолына көшіріледі.

187. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

188. 110.16.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанда жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанда оның алдында шаруашылық шарттарын бұзғаны үшін шарт міндеттемелері туындаған ұйымның осы Ереженің 250-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) C бағанда оған сәйкес салық төлеушіге (салық төлеуші) танылған немесе тағайындалған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының шартты (келісім-шартты) немесе сот шешімін жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанда шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кірісті алумен байланысты тағылған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі.

110.21.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 100.12.001 жолына көшіріледі.

189. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

190. 110.16.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдың жиынтық сомасы көрсетіледі;

3) С бағанда өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанда есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі. Егер 110.00.042 жолында кіріс алынса, онда салық салынатын кірістің түзетілген сомасына кемітілген кіріс сомасы (110.00.042 жолы) осы бағанға көшіріледі. Егер 110.00.039 жолында залал алынған жағдайда, онда осы бағанға 110.00.041 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) E бағанда келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және C бағандарының (C және D бағандарының оң мәнінде болған жағдайда осы бағанды есептеу кезінде аталған сома ескерілмейді) және 110.02.002 жолында көрсетілген (110.00.039 жолының оң мәнінде) үй-жайлар, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғылары) сату кезінде алынған залал айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының C бағанға көшіріледі;

6) F бағанда Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

110.16.001 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін C бағанының шамасы 110.16.001 жолына көшіріледі.

191. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

19. Шет ел көздерінен табыстар - 110.17 нысанын жасау

192. Осы нысан салық төлеуші-резидентпен міндетті тәртіпте толтырылуға жатады және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған (алынуға жататын) және Салық кодексінің 79-80-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын кірістерді көрсетуге

арналған. Бұл ретте мұндай кірістер Декларацияның 110.00.001-110.00.021 жолдарында көрсетуге жатады.

193. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 110.17.001 жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентімен тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 110.17.002 жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентімен шетел мемлекетіндегі көздерден тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған кірістердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 110.17.003 жолы 110.17.001 және 110.17.002 (110.17.001+110.17.002) жолдарының көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын салық төлеуші-резидентпен Қазақстан Республикасының шегінен тыс (шетел мемлекеттеріндегі) көздерден алынған кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

194. 110.17.003 жолының шамасы 110.00.051 жолына көшіріледі.

195. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

196. 110.17.001 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда осы Ережелердің 250-тармағына сәйкес кіріс төлейтін салық төлеуші-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанда осы Ережелердің 248-тармағының 2) тармақшасына сәйкес салық төлеуші-резидентімен тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кіріс түрінің коды көрсетіледі;

4) D бағанда осы Ережелердің 249-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

5) E бағанда Салық кодексінің 80-бабымен қарастырылған салық төлеуші-резиденттің тұрақты мекемесімен байланысты емес шетел мемлекетінде көздерден есептелген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

6) F бағанда E бағанда көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі.

110.17.001 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 110.17.001 жолында көшіріледі.

197. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

198. 110.17.002 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда шетел мемлекетінде орналасқан тұрақты мекеменің толық атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ережелердің 250-тармағына сәйкес В бағанда көрсетілген тұрақты мекеменің орналасу елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанда осындай тұрақты мекеме орналасқан шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің салық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанда осы Ережелердің 248-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шетел мемлекетінде салық төлеуші-резидентпен тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 6) F бағанда осы Ережелердің 249-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;
- 7) G бағанда Салық кодексінің 80-бабымен қарастырылған шетел мемлекетіндегі көздерден шетел мемлекетінде тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған салық төлеушілер-резиденттің есептелген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;
- 8) H бағанда G бағанда көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

110.17.002 жолына қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 110.17.002 жолына көшіріледі.

199. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Шетелдік салық есебі - 110.18 нысанын жасау

200. Бұл нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа (бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды ұстағанын және (немесе) төлегенін растайтын құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел елдеріндегі көздерден алынған кіріс және ұсталған және (немесе) төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы мүмкін.

201. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кіріс" бөлігінде:

110.18.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

202. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)":

110.18.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

203. "Барлығы" бөлігінде:

110.18.003 жолы 110.18.001С және 110.18.002С жолдарында айқындалған, Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

204. 110.18.003 жолының шамасы 110.19.003А жолына көшіріледі.

205. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

206. 110.18.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда осы Ереженің 248-тармағының 2) тармақшасына сәйкес кірістің төлем көзі - елі бойынша ашылатын сома тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанда осы Ереженің 250-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;
- 4) D бағанда әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 5) E бағанда тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 6) F бағанда әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, F бағанының деректері D және E бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады;
- 7) G бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және

Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) Н бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, Н бағанның деректері D және G бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

110.18.001 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 110.18.001A жолына, F бағаны - 110.18.001B жолына, H бағаны - 110.18.001C жолына көшіріледі.

207. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

208. 110.18.002 жолына қосымша нысанда:

1) A бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
2) B бағанда осы Ережелердің 250-тармағына сәйкес кіріс төлемі көзі - елдің коды көрсетіледі;

3) C бағанда әрбір төлем көзі - елі бойынша олардың салық заңнамаларына сәйкес есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген салық салынатын кіріс (пайда) сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген салық салынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанда тиісті төлем көзі - ел немесе халықаралық шартқа заңнамамен белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанда әрбір кіріс төлем көзі - еліне төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалады;

6) F бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанда Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - ел бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерін көбейту ретінде айқындалады.

110.18.002 жолға қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 110.18.002А жолына, Е бағаны - 110.18.002В жолына, G бағаны - 110.18.001С жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

21. Салық міндеттемесін есептеу - 110.19 нысанын жасау

209. Бұл нысан салық төлеушінің корпорациялық табыс салығының сомасын және төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке алулар, есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша басқа да есеп айырысуларды есептеуге арналған.

210. "Салық есептеу және жүргізілген төлем бойынша есеп" бөлімінде:

1) 110.19.001 жолында 110.00.044 жолында айқындалған салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 110.19.002 жолында Салық кодексінің 135-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша корпорациялық табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

3) 110.19.003 жолында 110.19.003А және 110.19.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін жүргізілген есептің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 110.19.003А жолында Қазақстан Республикасы шегінен тыс төленген, осы декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған және Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алуға қабылданған салық сомалары көрсетіледі. Осы жолға 110.18.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 110.19.003В жолында Қазақстан Республикасында есептелген (алынған) сыйлықақылар мен ұтыстардың сомаларынан ұсталған салық сомасы көрсетіледі;

6) 110.19.004 жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 110.19.002 және 110.19.003 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Бұл ретте егер 110.19.003 жолының сомасы 110.19.002 жолының сомасынан асатын болса, 110.19.002 жолының сомасы шегінде есепке алу жүргізіледі және 110.19.004 жолында нөл көрсетіледі;

7) 110.19.005 жолы толтырылуға жатпайды;

8) 110.19.005А жолы толтырылуға жатпайды;

9) 110.19.005В жолы толтырылуға жатпайды;

10) 110.19.006 жолы толтырылуға жатпайды;

11) 110.19.007 жолы толтырылуға жатпайды.

211. 110.19.002 жолының шамасы 110.00.045 жолына көшіріледі.

110.19.003 жолының шамасы 110.00.046 жолына көшіріледі.

110.19.004 жолының шамасы 110.00.047 жолына көшіріледі.

110.19.005 жолының шамасы 110.00.048 жолына көшіріледі.

110.19.006 жолының шамасы 110.00.049 жолына көшіріледі.

110.19.007 жолының шамасы 110.00.050 жолына көшіріледі.

212. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

22. Әлеуметтік салаға салық салу - 110.20 нысанын жасау

213. Осы нысан Салық кодексінің 90-1-бабына сәйкес әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардың шығыстардан артық сомасын; коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктердің сомаларын; Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 28-1) тармақшасына сәйкес салық төлеушімен көрсетілген демеушілік жәрдем сомасын айқындауға арналған.

214. "Әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар мен шығыстар" бөлімінде:

1) 110.20.001 жолы салық кезеңі ішінде әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 110.20.002 жолы салық кезеңі ішінде әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде кеткен шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 110.20.003А жолы әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардың шығыстардан артық сомасын көрсетуге арналған және 110.20.002 және 110.20.001 жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалады ;

4) 110.20.003В жолы шығыстардың әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынуы тиіс (алынған) табыстардан артық сомасын көрсетуге арналған және 110.20.002 және 110.20.001 жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалады .

215. "Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүлік" бөлімінде:

110.20.004 жолы есепті салық төлеушілермен салық кезеңі ішінде коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

216. "Демеушілік жәрдем көрсету бойынша шығыстар" бөлімінде:

110.20.005 жолы салық кезеңі ішінде салық төлеушімен көрсетілген демеушілік жәрдем сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

217. 110.20.003А жолының шамасы 110.00.019 жолына көшіріледі.

110.20.004 жолының шамасы 110.00.042В жолына көшіріледі.

110.20.005 жолының шамасы 110.00.042С жолына көшіріледі.

218. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

219. 110.20.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанда Салық кодексі 90-1-бабының 2-тармағында белгіленген қызмет түрінің тиісті коды көрсетіледі:

Р/с N	Қызмет түрі	Қызмет түрінің коды
1	Медициналық қызмет	01
2	Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту; бастауыш, негізгі, орта, қосымша жалпы білім беру; бастауыш, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру; қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласында қызмет	02
3	Ғылым, дене шынықтыру және спорт, мәдениет, тарихи және мәдени мұраны, мұрағат құндылықтарын сақтау жөнінде қызметтер көрсету саласындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызмет	03
4	Қызметкерлерді қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызмет	04
5	Қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің демалысын ұйымдастыру жөніндегі қызмет	05

Тұрғын үй қоры объектілерін пайдаланудан табыстар алынған кезде, В бағанда "10" коды көрсетіледі;

3) С бағанда В бағанда көрсетілген қызмет түрі бойынша әлеуметтік сала объектілерін пайдаланудан алынуы тиіс (алынған) табыстың сомасы, сондай-ақ тұрғын үй объектілерін пайдаланудан алынуы тиіс (алынған) табыстың сомасы көрсетіледі;

110.20.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 110.20.001 жолына көшіріледі.

220. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

221. 110.20.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда осы Ереже 220-тармағының 2) тармағына сәйкес қызмет түрінің коды көрсетіледі, сонымен қатар тұрғын үй объектілерін пайдаланудан шығыстар алынған кезде аталған бағанда "10" коды көрсетіледі;
- 3) С бағанда табысты алушы ұйымның тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанда әлеуметтік сала объектілерін пайдаланудан алынған шығыс түрінің тиісті коды көрсетіледі:

Р/с N	Шығыс түрінің атауы	Шығыс түрінің коды
1	Шикізат, материалдар, сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикаттар	01
2	Одан әрі сатуға арналған тауарлар	02
3	Отынға жұмсалған шығыстар	03
4	Электр энергиясына жұмсалған шығыстар	04
5	Жылу энергиясына жұмсалған шығыстар	05
6	Қаржылық қызмет көрсетулерге жұмсалған шығыстар	06
7	Жалдау ақысына жұмсалған шығыстар	07
8	Көліктік қызмет көрсетулерге жұмсалған шығыстар	08
9	Байланыс қызмет көрсетулеріне жұмсалған шығыстар	09
10	Қорғаныс қызмет көрсетулеріне жұмсалған шығыстар	10
11	Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға жұмсалған шығыстар	11
12	Мүлікті сақтандыруға жұмсалған шығыстар	12
13	Өзге де сақтандыруға жұмсалған шығыстар	13
14	Жарнамаға жұмсалған шығыстар	14
15	Кеңсе керек-жарақтары мен мүкәммалға жұмсалған шығыстар	15
16	Баспасөз басылымдарына жұмсалған шығыстар	16
	Қазақстан Республикасының шегіндегі	

17	нақты іссапар шығыстары	17
18	Қазақстан Республикасының шегінен тысқары нақты іссапар шығыстары	18
19	Тамақтандыру өнімдеріне жұмсалған шығыстар	19
20	Еңбек ақы төлеуге, оның ішінде еңбек келісімдері бойынша жұмсалған шығыстар	20
21	Әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығыстар	21
22	Ағымдағы жөндеу бойынша қызмет көрсетулерге жұмсалған (жұмыстарға) шығыстар	22
23	Өзге де шығыстар	23

5) Е бағанда жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

110.20.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 110.20.002 жолына көшіріледі.

222. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

223. 110.20.004 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда салық төлеуші мүлік берген коммерциялық емес ұйымның салық төлеуші тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 3) С бағанда берілген түрінің коды көрсетіледі:

N р/с	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестиция	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

4) D бағанда коммерциялық емес ұйымның мүлікті бергенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанда берілген мүлік құны көрсетіледі.

224. 110.20.004 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 110.20.004 жолына көшіріледі. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның

аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

225. 110.20.005 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда коммерциялық емес ұйымның атауы немесе демеушілік жәрдем көрсетілген жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанда демеушілік жәрдем ретінде берілген мүлік түрінің коды көрсетіледі:

N p/c	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестиция	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

4) D бағанда демеушілік жәрдем түрінде берілген мүлікті растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанда демеушілік жәрдем түрінде берілген мүліктің құны көрсетіледі.

110.20.005 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 110.20.005 жолына көшіріледі.

226. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

23. Салық салуда жеңілдігі бар елде алынған кіріс - 110.21 нысанын жасау

227. Осы нысан салық төлеуші-резиденттің Салық кодексінің 130-бабына сәйкес салық төлеуші-резиденттің салық салынатын кірісіне қосатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес-занды тұлғалардың пайдаларының жалпы сомаларын айқындауына арналған. Салық салуда жеңілдігі бар елді айқындау Салық кодексінің 130-бабының 2-тармағымен қарастырылған.

228. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

110.21.001 жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентінің салық салынатын кірісіне қосылатын және Салық кодексінің 130-бабына сәйкес

айқындалатын пайдаларының жалпы сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

229. 110.21.001 жолының шамасы 110.00.038 жолына көшіріледі.

230. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

231. 110.21.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанда салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген, жарғылық капиталында салық төлеуші-резиденттің үлесі 10 пайыздан көп үлесті құрайтын заңды тұлға-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі.

Салық салуда жеңілдігі бар елді айқындау Салық кодексінің 130-бабы 2-тармағымен қарастырылған;

- 3) С бағанда осы Ережелердің 250-тармағына сәйкес В бағанда көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

- 4) D бағанда В бағанда көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

- 5) E бағанда салық төлеуші-резиденттің В бағанда көрсетілген резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі пайызда көрсетіледі;

- 6) F бағанда осы Ережелердің 249-тармағына сәйкес резидент еместің пайда сомасы айқындалған валюта коды көрсетіледі;

- 7) G бағанда В бағанда көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның оның шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша айқындалған шоғырландырылған пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі. В бағанда көрсетілген резидент еместің пайдасының жалпы сомасы осы Декларацияға қоса берілген сол сияқты резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталады;

- 8) H бағанда 100 пайыз (GxD)/100 пайызға) F және D бағандарының деректерінің туындысына қатынасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентінің салық салынатын кірісіне қосылатын пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

- 9) I бағанда В бағанда көрсетілген заңды тұлға-резидент еместің салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының рыноктық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген G бағанда көрсетілген пайда сомасы көрсетіледі.

110.21.001 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 110.21.001 жолына көшіріледі.

232. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

24. Бухгалтерлік теңгерме - 110.22-нысанын жасау

233. Осы нысан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі бойынша заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде салық төлеуші жасайды.

234. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

25. Кірістер және шығыстар туралы есеп - 100.23 нысанын жасау

235. Бұл нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеушімен толтырылады.

236. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

26. ҚЖ/РӨ кестесі - Резервтердегі (провизиялардағы) өзгерістер кестесі - 110.24 нысанын жасау

237. Осы нысан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі жөніндегі заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде салық төлеушімен жасалады.

238. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

27. Корпорациялық табыс салығы бойынша декларациямен қаржы-шаруашылық қорытындылары туралы есепті салыстыру - 110.25 нысанын жасау

239. Осы нысан олардың арасындағы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы есеп және салық салынатын кіріс бойынша айқындалған және айырмашылықтарды айқындау жолымен Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация негізінде айқындалған таза кірісті салыстыруға арналған.

Осы қосымшадағы айырмашылықты айқындау үшін бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі заңнамасына, салық заңнамаларының ережелері бойынша айқындалған кіріс пен шегерімдерге сәйкес есепті салық кезеңіне жасалған қаржы-шаруашылық қызметтің қорытындылары туралы есепте салық төлеуші айқындаған кірістерді (залалдарды) салыстыру жүргізіледі.

240. I бағанын толтыру кезінде Декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

241. II бағанын толтыру кезінде бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі жөніндегі заңнамаға сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

242. III бағанында 110.25.001, 110.25.002, 110.25.003 жолдардан басқа, I және II бағандардың айырмасы көрсетіледі.

243. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 110.25.001 жолында қаржы есептілігі бойынша таза кіріс (залал) көрсетіледі;

2) 110.25.002 жолында Декларация бойынша корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 110.00.045 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 110.25.003 жолында 110.00.044 жолында көрсетілген Декларация бойынша салық салынатын кіріс көрсетіледі;

4) 110.25.004 жолында:

I бағанына 110.00.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

5) 110.25.005 жолында:

I бағанда 110.25.005A - 110.25.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын активтерді сату кезінде құнның өсуінен түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

II бағанда 110.25.005A-110.25.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын бухгалтерлік есеп деректері бойынша 110.25.004 жолында көрсетілген тауарлардан (жұмыстардан, қызмет көрсетулерден) басқа, активтерді сатудан түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 110.25.005A жолда:

I бағанға 110.02.001 жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ғимараттарды, құрылыстарды (мұнай-газ ұңғымаларын және беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

7) 110.25.005B:

I бағанға 110.02.004 жолда көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тұрғын-үйлер, ғимараттар, құрылыстардан басқа, негізгі құралдардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

8) 110.25.005C жолында:

II бағанда материалдық емес активтерді өткізуден түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

9) 110.25.005D жолында:

I бағанда 110.02.005-110.02.009 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шама көрсетіледі;

II бағанда бағалы қағаздарды сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

10) 110.25.005E жолында:

басқа да активтерді сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

11) 110.25.006 жолында:

I бағанға 110.00.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда есептен шығару міндеттемесінен түскен кіріс көрсетіледі;

12) 110.25.007 жолында:

I бағанға 110.00.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 110.25.008 жолында:

I бағанға 110.00.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда мүлікті жалға бергеннен түскен кіріс көрсетіледі;

14) 110.25.009 жолында:

I бағанға 110.00.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жасалған провизиялар мөлшерлерінің кемуінен алынған кірістердің сомасы көрсетіледі;

15) 110.25.010 жолында:

I бағанға 110.00.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда борыштың талаптан қайтудан түскен кірісі көрсетіледі;

16) 110.25.011 жолында:

I бағанға 110.00.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда кәсіпкерлік қызметін шектеу немесе тоқтатуға келісім үшін алынған кірістердің сомасы көрсетіледі;

17) 110.26.012 жолында:

I бағанға 110.00.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жалпы үлестік меншіктен түскен кірісті бөлу кезінде алынған кірістердің сомасы көрсетіледі;

18) 110.25.013 жолында:

I бағанға 110.00.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұлдар, өсімақылар және басқа да санкция түрлері бойынша кіріс көрсетіледі;

19) 110.25.014 жолында:

I бағанға 110.00.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда бұрын жүргізілген шығыстар бойынша алынған өтемақылар көрсетіледі;

20) 110.25.015 жолында:

I бағанға 110.00.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер, соның ішінде тауарлық-материалдық құндылықтардың артығынан тегін алынған мүлік, сондай-ақ оларды тарату кезіндегі негізгі құралдардан бөлшектеу, талқылау кезінде алынған тауарлық-материалдық қорлар түріндегі кіріс көрсетіледі;

21) 110.25.016 жолында:

I бағанға 110.00.014 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда дивидендтер түріндегі кірістің сомасы көрсетіледі;

22) 110.25.017 жолында:

I бағанға 110.00.015 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда сыйақы түріндегі кірістің сомасы көрсетіледі;

23) 110.25.018 жолында:

I бағанға 110.00.016 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда оң бағамдық айырманың теріс бағамдық айырмадан асқан сомасы көрсетіледі;

24) 110.25.019 жолында:

I бағанға 110.00.017 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ұтыс түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

25) 110.25.020 жолында:

I бағанға 110.00.018 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда роялти түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

26) 110.25.021 жолында:

I бағанға 110.00.019 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда әлеуметтік саладағы объектілерді пайдалану кезіндегі кірістердің шығыстардан артқанынан алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

27) 110.25.022 жолында:

I бағанға 110.00.009 және 110.00.021 жолдарының сомасы ретінде айқындалған мөлшер көшіріледі;

II бағанда 110.25.004-110.25.021 жолдарында көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да кірістер көрсетіледі;

28) 110.25.023 жолында:

I бағанда 110.00.022 жолдан көшірілетін жылдық жиынтық кірістің түзетілген сомасы көрсетіледі;

29) 110.25.024 жолында:

I бағанда кірістердің жалпы сомасы (110.25.004-110.25.022 жолдардың сомасы алынған 110.25.023 жолы) көрсетіледі;

II бағанда кірістердің жалпы сомасы (110.25.004-110.25.022 жолдардың сомасы) көрсетіледі;

30) 110.25.025 жолында:

I бағанға 110.00.024 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны ретінде айқындалған, кезеңнің шығысы және басқа да жолдарда көрсетілген шығыстарды есептемегенде, негізгі емес қызмет бойынша шығыстар шамасы көрсетіледі;

31) 110.25.025A жолында:

I бағанға 110.00.003A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

32) 110.25.005B жолында:

I бағанға 110.08.003G жолынан сома көшіріледі;

II бағанда өкілеттік шығыстар сомасы көрсетіледі;

33) 110.25.026 жолында:

I бағанға 110.00.025 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда сыйақы бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

34) 110.25.027 жолында:

I бағанға 110.00.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

35) 110.25.028 жолында:

I бағанға 110.00.027 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда күмәнді борыш бойынша резерв көрсетіледі;

36) 110.25.029 жолында:

I бағанға 110.00.028 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда резервтік қорларға аударымдар сомасы көрсетіледі;

37) 110.25.030 жолында:

I бағанға 110.00.029 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

38) 110.25.031 жолында:

I бағанға 110.00.030 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру (сақтандыру) жөніндегі жарналар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

39) 110.25.032 жолында:

I бағанға 110.00.031 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда әлеуметтік төлемдерге шығыстар сомасы көрсетіледі;

40) 110.25.033 жолында:

I бағанға 110.00.032 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда теріс бағамдық айырманың оң бағамдық айырмадан асу сомасы көрсетіледі;

41) 110.25.034 жолында:

I бағанға 110.00.033 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кірісті айқындағанға дейін пайдаланылған салықтардан басқа, салықтар және Қазақстан Республикасында төленген корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ басқа елдерде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

42) 110.25.035 жолында:

I бағанға 110.00.034 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұл, өсімақы, тұрақсыздық айыбы деп көрсетілген және (немесе) танылған сома көрсетіледі;

43) 110.25.036 жолында:

I бағанға 110.00.035A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

44) 110.25.037 жолында:

I бағанға 110.00.035B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда алғаш рет пайдалануға берілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

45) 110.25.038 жолында:

I бағанға 110.00.035C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

46) 110.25.039 жолында:

I бағанға 110.00.035D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

47) 110.25.040 жолында:

I бағанға 110.00.035E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жөндеуге кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

48) 110.25.041 жолында:

II бағанда негізгі құралдардың жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

49) 110.25.042 жолында:

II бағанда материалдық емес активтердің жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

50) 110.25.043 жолында:

II бағанда тауарлық-материалдық құндылықтар нормативтен тыс ысырап, бүлінген және жетпеген, сондай-ақ басқа да өндірістік емес шығыстар және ысырап сомасы көрсетіледі;

51) 110.25.044 жолында:

II бағанда айыпкер белгіленбеген немесе егер айыпкер жақтың есебінен қажетті соманы өтеу мүмкін болмаған жағдайда, талан-тараждан түскен залал көрсетіледі;

52) 110.25.045 жолында:

II бағанда бухгалтерлік есеп деректері бойынша өндірістік қуаттық пен консервацияда болып табылатын объектілерді ұстап тұруға шығындар сомасы көрсетіледі;

53) 110.25.046 жолында:

II бағанда жұмысшылардың еңбек демалыстарын төлеуге резервтегі сома көрсетіледі;

54) 110.25.047 жолында:

II бағанда негізгі құралдарды жөндеуге алда тұрған шығыстарға резервтегі сома көрсетіледі;

55) 110.25.048 жолында:

II бағанда 110.25.025-110.25.047 жолдарында көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

56) 110.25.049 жолында:

I бағанда 110.00.042 жолдан көшірілетін салық салынатын кірістің түзету сомасы көрсетіледі;

57) 110.25.050 жолында:

I бағанда 110.25.025-110.25.049 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

II бағанда 110.25.025-110.25.049 жолдарының қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

58) 110.25.051 жолында:

III бағанда III бағанның 110.25.024 және 110.25.050 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын кірістер мен шығыстар арасындағы айырма көрсетіледі;

59) 110.25.052 жолында:

III бағанда 110.25.052 жолдың сомасына түзетілген 110.25.001 және 100.36.051 жолдарының сомасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріс көшіріледі. Осы сома 110.00.039 және 110.00.042 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріске сәйкес келуі қажет.

244. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

28. Ақша қозғалысы туралы есеп - 100.26 нысанын жасау

245. Осы нысан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі бойынша заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде салық төлеушімен жасалады.

246. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

29. Табыстар, валюталар және елдер түрінің кодтары

247. Декларацияны толтырған кезде Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстардың түрлерін мынадай кодтауды пайдалану керек:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1032 - резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1033 - борышты талап етуді алған орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент-эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді

қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстар;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - оларға Қазақстан Республикасында салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген, Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар ;

1361 - Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларында қамтылмаған басқа кірістер.

2) Қазақстан Республикасы шегінен тыс көздерден табыстар:

2010 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

2021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар ;

2022 - заңды тұлға - резиденттің қатысу үлесін немесе Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - заңды тұлға - резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

2150 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасы шегінен тыс қызметтен төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін (алынған) табыстар;

2220 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын табыстар.

248. Валюта кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды мәлімдеу ережелеріне "Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет.

249. Елдің кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет.

РҚАО-ның ескертуі: 110.00-110.26 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (120.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістерді, сондай-ақ өзге де қызметтерден кірістерді мәлімдеуіне және Салық кодексінің 16-тарауының 1-параграфына сәйкес қызмет атқаратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының корпорациялық табыс салығын есептеуіне арналған корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (120.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (120.01-120.10 нысандары) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшірулерге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "x" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша(-лар) және (немесе) қосымша нысан(-дар) тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалар мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша(-лар)дың және (немесе) қосымша нысан(-дар)дың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияны "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

10. Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламамен почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (120.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес

салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес).

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгертулер мен толықтырулар салық кезеңіне жататын, ол үшін қосымша Декларация толтырғанда белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеушіні таратқан (қайта құрған), кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеуші жылдық Декларацияны тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді;

6) Хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация өткізген жағдайда белгіленеді:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

"Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кіріс" бөлімінде:

1) 120.00.001 жолында 120.01.008 жолында айқындалған жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде сақтандырушылардан және қайта сақтандырушылардан алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 120.00.002 жолында 120.01.016 жолында айқындалған жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде сақтандырушылардан және қайта сақтандырушылардан алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 120.00.003 жолында 120.01.023 жолында айқындалатын аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушылардан салық кезеңі ішінде алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 120.00.004 жолында 120.00.004А, 120.00.004В және 120.00.004С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 120.00.004А жолында Салық кодексінің 117-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақылары сомасынан 4 пайыз ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.00.001 жолының сомасы және 4 пайыздық ставка туындысы ретінде айқындалады;

6) 120.00.004В жолында Салық кодексінің 117-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан 2 пайыз ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.00.002 жолы сомасы және 2 пайыздық ставка туындысы ретінде айқындалады;

7) 120.00.004С жолында Салық кодексінің 117-бабы 1-тармағының 3), 4) тармақшаларына сәйкес аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша алынуы тиіс (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан 1 пайыз ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.00.003 жолының сомасының және 2 пайыздық ставка туындысы ретінде айқындалады;

8) 120.00.005 жолы толтырылуға жатпайды;

9) 120.00.005А жолы толтырылуға жатпайды;

10) 120.00.005В жолы толтырылуға жатпайды.

15. "Өзге де кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.00.006 жолында 120.02.010 жолында айқындалған салық салынатын кірістің (залалдың) жиынтық сомасы көрсетіледі;

2) 120.00.007 жолында Салық кодексінің 130-бабына сәйкес салық төлеуші-резиденттің салық салынатын кірісіне қосылатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген және (немесе) орналасқан резидент емес заңды тұлғаның

пайдасының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 120.06.001 жолында айқындалған сома көшіріледі;

3) 120.00.008 жолында Салық кодексінің 123-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 124-бабына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген өзге де қызметтен алынған залалдың сомасы көрсетіледі. Осы жолға 120.03.001 жолында айқындалған залалдың сомасы көшіріледі;

4) 120.00.009 жолында Салық кодексінің 130-бабына сәйкес салық салуда жеңілдігі бар елде алынған табыстарды және 120.00.006, 120.00.007 және 120.00.008 ($120.00.006 + 120.00.007 - 120.00.008$) жолдарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын шеккен залалдарды есепке ала отырып салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

5) 120.00.010 жолында Салық кодексінің 135-бабының 1-тармағына сәйкес салық салынатын кірістен басқада кірістер бойынша салық салынатын кіріс сомасынан 30 пайыз ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 120.00.009 жолының сомасы және 30 пайыздық ставка туындысы ретінде айқындалады;

6) 120.00.011 жолы толтырылуға жатпайды;

7) 120.00.011A жолы толтырылуға жатпайды;

8) 120.00.011B жолы толтырылуға жатпайды.

16. "Салық міндеттемесінің есебі" бөлімінде:

1) 120.00.012 жолында 120.00.004 және 120.00.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін есептелген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 120.00.013 жолында осы Декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған, Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға қабылданған салық сомасы көрсетіледі. Осы жолға 120.04.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 120.00.014 жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.00.012 және 120.00.013 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

4) 120.00.015 жолы толтырылуға жатпайды;

5) 120.00.016 жолы толтырылуға жатпайды;

6) 120.00.017 жолы толтырылуға жатпайды.

17. "Басқа да ақпарат" бөлімінде:

120.00.018 жолында Салық кодексінің 80 және 115-баптарына сәйкес салық салынуға жататын салық төлеушінің Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған (алынуға жататын) табыстарының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 120.05.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

18. Салық төлеушінің жауапкершілігі:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы

3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Сақтандыру қызметінен кірістер - 120.01 нысанын жасау

19. Осы нысан Салық кодексінің 115-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеушімен сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде сақтандырушылардан және қайта сақтандырушылардан алынуға жататын (алынған), сондай-ақ салық салынуға жатпайтын кірістер, сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістердің сомасын айқындауға арналған.

20. "Жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.001 жолында 120.01.009, 120.01.017 жолдарындағы көрсетілгендерді қоспағанда, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабының 3 және 2-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 120.01.002 жолында 120.01.010 жолындағы көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабындағы 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 120.01.003 жолында 120.01.011, 120.01.018 жолдарындағы көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабындағы 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушы-резиденттермен салық кезеңінің ішінде төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 120.01.004 жолында 120.01.012, 120.01.019 жолдарындағы көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабындағы 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушы-резидент еместерге салық кезеңінің ішінде төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 120.01.005 жолында 120.01.013, 120.01.020 жолдарындағы көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарындағы көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бұзылған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдары қайтарған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі, және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 120.00.006 жолында жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі. 120.01.001, 120.01.002 және

120.01.003, 120.01.004, 120.01.005 ((120.01.001 + 120.01.002) - (120.01.003 + 120.01.004 + 120.01.005)) жолдарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

7) 120.01.007 жолында жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.008 жолында жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық салынуға жататын сақтандыру сыйлықтарының сомасы көрсетіледі. 120.01.006 және 120.01.007 (120.01.006 - 120.01.007) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

21. "Аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықтары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.009 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықтарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 120.01.010 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықтарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 120.01.011 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықтарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 120.01.012 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықтарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 120.01.013 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымымен қайтарылған сақтандыру сыйлықтарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 120.01.014 жолында аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде

алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.009, 120.01.010 және 120.01.011, 120.01.012, 120.01.013 ((120.01.009 + 120.01.010) - (120.01.011 + 120.01.012 + 120.01.013)) жолдарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

7) 120.01.015 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.016 жолында аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық салынуға жататын сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі. 120.01.014 және 120.01.015 (120.01.014 - 120.01.015) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

22. "Аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.017 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 120.01.018 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік қайта сақтандыру, өзара қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 120.01.019 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік қайта сақтандыру, өзара қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 120.01.020 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 120.01.021 жолында аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 120.01.017 жолының және 120.01.018, 120.01.019, 120.01.020 ((120.01.017 - (120.01.018 + 120.01.019 + 120.01.020)) жолдарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

6) 120.01.022 жолында аннуитеттік сақтандыру сыныбы бойынша аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

7) 120.01.023 жолында аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша салық салынуға жататын сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі. 120.01.021 және 120.01.023 (120.01.021 - 120.01.022) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

23. "Салық салынуға жатпайтын кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.01.024 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сақтандырушы (қайта сақтандырушы) ұйым тараптардың бірі болып табылатын және сақтандыру шарты бойынша ол қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беретін қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылардан алынуға жататын (алынған) комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер сомасы көрсетіледі;

2) 120.01.025 жолында инвестициялық кірістердің (дивиденд түріндегі кірістер, сыйақы), сондай-ақ Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сақтандыру ұйымының активтерін депозитке, құнды қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына орналастырудан алынуға жататын (алынған) оң бағамдық айырма түріндегі кірістердің сомалары көрсетіледі;

3) 120.01.026 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарымен байланысты дебиторлық және кредиторлық берешектер бойынша туындайтын оң бағамдық айырма түріндегі кірістер сомасы көрсетіледі;

4) 120.01.027 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес қайта сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру жағдайларын реттеу бойынша сақтандыру төлемдері мен шығыстарындағы қайта сақтандырушының үлесі түріндегі кірістер сомасы көрсетіледі;

5) 120.01.028 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша үшінші жақтардан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 289 және 840-баптарына орай суброгация (кері талап) ретінде талаптар бойынша алынған кірістер сомасы көрсетіледі;

6) 120.01.029 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының 1 қаңтарға дейін қолданылған салық заңдылығына сәйкес шегерімге жатқызылған сақтандыру резервтеріне аударым сомаларын қоспағандағы есепті салық кезеңі ішінде сақтандыру резервтері мөлшерінің азаю сомасы көрсетіледі;

7) 120.01.030 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушымен берілген займдар бойынша Заңның 12-бабының

1-тармағына сәйкес алынуға жататын (алынған) кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 120.01.031 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған салық заңдылығына сәйкес олар бойынша шығыстар шегерімге жатқызылған күмәнді міндеттемелерді қоспағандағы сақтандыру қызметінің күмәнді міндеттемелері бойынша кірістер сомасы көрсетіледі;

9) 120.01.032 жолында Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандырушысымен жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақыларының төлеміне сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын сақтандыру ұйымының Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен жүзеге асырылатын өтемақылық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

10) 120.01.033 жолында эмитент өз акцияларын орналастырған кезде алған өз акцияларының құнынан олардың номиналды құнынан асып түсуі және эмитент өз акцияларын сату кезіндегі құн өсімі көрсетіледі;

11) 120.01.034 жолында 120.01.024-120.01.033 жолдарының жиынтығы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 115-бабы 1-тармағының екінші бөліміне сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі.

24. "Басқа да ақпарат" бөлімінде:

120.01.035 жолында салық төлеуші жұмыс істейтін және уәкілетті органның лицензиясы бар сақтандыру саласы көрсетіледі.

25. 120.01.008 жолының шамасы 120.00.001 жолына көшіріледі.

120.01.016 жолының шамасы 120.00.002 жолына көшіріледі.

120.01.023 жолының шамасы 120.00.003 жолына көшіріледі.

26. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

27. 120.01.001, 120.01.002, 120.01.003, 120.01.004, 120.01.005, 120.01.009, 120.01.010, 120.01.011, 120.01.012, 120.01.013, 120.01.017, 120.01.018, 120.01.019, 120.01.020 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сақтандырушының (қайта сақтандырушының, қайта сақтанушының) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы көрсетіледі. Бұл ретте жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларды сақтандыру шарттары бойынша В бағанында "Жеке тұлғалар", С бағанында - олардың саны көрсетіледі,

D бағаны толтырылмайды, ал E бағанының деректері бірыңғай сомамен көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 80-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының нөмірі және жасалған күні көрсетіледі;

5) E бағанында сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

120.01.001 жолына қосымша нысанның E бағанының қорытынды шамасы 120.01.001 жолына, 120.01.002 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.002 жолына, 120.01.003 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.003 жолына, 120.01.004 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.004 жолына, 120.01.005 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.005 жолына, 120.01.006 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.006 жолына, 120.01.007 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.007 жолына, 120.01.008 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.008 жолына, 120.01.011 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.011 жолына, 120.01.012 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.012 жолына, 120.01.013 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.013 жолына, 120.01.014 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.014 жолына, 120.01.015 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.015 жолына, 120.01.016 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.016 жолына, 120.01.017 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.017 жолына, 120.01.018 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.018 жолына, 120.01.019 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.019 жолына, 120.01.020 жолына қосымша нысанның E бағаны 120.02.020 жолына көшіріледі.

28. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Өзге де қызметтерден кірістер - 120.02 нысанын жасау

29. Осы нысан Салық кодексінің 115-бабының 2-тармағына сәйкес Заңның 11-бабының 2-тармағына сәйкес түрлері айқындалған салық кезеңі ішінде алынуға жататын (алынған), және салық салынатын кірісті (залалды), өзге де қызметтен кірістерді салық төлеушімен айқындауға арналған.

30. "Өзге де кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 120.02.001 жолында Салық кодексінің 81-бабына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабы 2-тармағының 3)-8) тармақшаларында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан салық төлеушімен алынуға жататын (алынған) кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 120.02.002 жолында Салық кодексінің 82-бабына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабының 2-тармағының 1), 3)-5) тармақшаларында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезіндегі, сондай-ақ қаржылық құралдарды сату кезіндегі құнның өсуінен жалпы кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 120.02.003 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасында сонымен бірге оның аумағынан тыс жерлерде мүлікті жалға беруден түскен кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 120.02.004 жолында Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес айқындалатын Заңның 11-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген негізгі емес қызмет түрлері бойынша жалпы үлестік меншіктен түскен кірістерді бөлістіру кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

5) 120.02.005 жолында Салық кодексінің 80-бабына сәйкес айқындалатын жылдық жиынтық табысқа енгізілетін, бірақ 120.00.001-120.00.004 жолдарында көрсетілмеген салық төлеушінің кірістері көрсетіледі;

6) 120.02.006 жолында 120.00.001-120.00.005 жолдарының сомаларын қосумен айқындалатын басқа да кірістердің (жылдық жиынтық табыстың) жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 120.02.007 жолында бухгалтерлік есеп деректеріне бойынша Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс, есепті салық кезеңі үшін нақты шыққан шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 120.02.008 жолында Салық кодексі 115-бабының 2-тармағына сәйкес 120.02.006 жолының сомасы және 120.01.006, 120.01.014, 120.01.022, 120.01.034, 120.02.006 жолдарының сомалары қатынасы ретінде айқындалатын жалпы кірістер сомасындағы өзге де қызметтен кірістер сомасының үлес салмағы көрсетіледі;

9) 120.02.009 жолында 120.02.007 және 120.02.008 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 115-бабының 2-тармағының екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызуға жататын шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) 120.02.010 жолында 120.02.006 және 120.02.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын өзге де қызметтен алынған салық салынатын табыстың (залалдың) сомасы көрсетіледі.

31. 120.02.010 жолының шамасы 120.00.006 жолына көшіріледі.

32. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Залалдарды көшіру - 120.03 нысанын жасау

33. Бұл нысан Салық кодексінің 124-бабына сәйкес өзге де қызметтен алынған көшірілген залалдар сомасының есебіне арналған.

34. "Залалдар" бөлімінде:

120.03.001 жолы өткен салық кезеңдерінен көшірілетін залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

35. 120.03.001 жолының шамасы 120.00.008 жолына көшіріледі.

36. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

37. 120.03.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңі көрсетіледі;

3) С бағанында өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған және 120.00.006 жолында көрсетілген кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі;

5) Е бағанында келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандарының айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңінің қосымша нысанының С бағанына көшіріледі;

6) F бағанында Салық кодексі 124-бабының 1-тармағына сәйкес залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

120.03.001 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін С бағанының шамасы 120.03.001 жолына көшіріледі.

38. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. Шетелдік салық есебі - 120.04 нысанын жасау

39. Бұл нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел

мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа (бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды ұстағанын және (немесе) төлегенін растайтын құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел елдеріндегі көздерден алынған кіріс және ұсталған және (немесе) төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы мүмкін.

40. "Дивидендтер" бөлімінде:

120.04.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған дивидендтерден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

41. "Сыйақылар" бөлімінде:

120.04.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған сыйақылардан салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

42. "Роялти" бөлімінде:

120.04.003 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған роялтиден салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

43. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кіріс" бөлімінде:

120.04.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

44. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)" бөлімінде:

120.04.005 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

45. "Барлығы" бөлімінде:

120.04.006 жолы 120.04.001С, 120.04.002С, 120.04.003С, 120.04.004С, 120.04.005С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Қазақстан

Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

46. 120.04.006 жолының шамасы 120.00.013 жолына көшіріледі.

47. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

48. 120.04.001, 120.04.002, 120.04.003 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ережелердің 80-тармағына сәйкес кіріс төлемі көзі - елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында әрбір кіріс төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте E бағанының деректері C және D бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалады;
- 6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл ретте G бағанның деректері C және F бағандарының деректерін көбейту ретінде айқындалады.

120.04.001 жолға қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 120.04.001А жолына, E бағаны - 120.04.001В жолына, G бағаны - 120.04.001С жолына көшіріледі, 120.04.002 жолға қосымша нысанның С бағаны 120.04.002А жолына, E бағаны - 120.04.002В жолына, G бағаны - 120.04.002С жолына көшіріледі, 120.04.003 жолға қосымша нысанның С бағаны 120.04.003А жолына, E бағаны - 120.04.003В жолына, G бағаны - 120.04.003С жолына көшіріледі.

49. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

50. 120.04.004 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ереженің 79-тармағына сәйкес сомасы кірістің төлем көзі - елі бойынша ашылатын, тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ереженің 80-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында кірістерді төлеудің әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте F бағанының деректері D және E бағандарының көбейтіндісі ретінде айқындалады;
- 7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл ретте H бағанның деректері D және G бағандарының деректерінің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

120.04.004 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 120.04.004A жолына, F бағаны - 120.04.004B жолына, H бағаны - 120.04.004C жолына көшіріледі.

51. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

52. 120.04.005 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ереженің 80-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында есепті салық кезеңінің ішінде олардың салық заңнамаларына сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша салық төлеуші есептеген салық салынатын кірістің (пайданың) сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық

төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген салық салынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында әрбір кірістің төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте E бағанының деректері C және D бағандарының қосындысы ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

120.04.005 жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 120.04.005A жолына, E бағаны - 120.04.005B жолына, G бағаны - 120.04.005C жолына көшіріледі.

53. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

7. Шетелдік көздерден алынған кірістер - 120.05 нысанын жасау

54. Бұл нысан Салық кодексінің 80 және 115-баптарына сәйкес белгіленген Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған (алынуға жататын) және салық салынуға жататын кірістерді көрсетуге арналған. Бұл ретте, мұндай кірістер Декларацияның 120.01 және 120.02 нысандарында көрсетілуге жатады.

55. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 120.05.001 жолы Қазақстан Республикасының резидент-салық төлеушісі, тұрақты мекемемен байланысты емес шетелдік мемлекеттердегі көздерден алған, кірістерінің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 120.05.002 жолы Қазақстан Республикасының резидент-салық төлеушісі тұрақты мекеме арқылы шетелдік мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге

асырудан шетелдік көздерден алған кірістерінің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 120.05.003 жолы резидент-салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі (шетелдік мемлекеттердегі) көздерден алған кірістерінің жиынтық сомасын көрсетуге арналған, ол 120.05.001 және 120.05.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалады (120.05.001+120.05.002).

56. 20.05.003 жолының шамасы Декларацияның 120.00.018 жолына көшіріледі.

57. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

58. 120.05.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 80-тармағына сәйкес кіріс төлейтін резидент-салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 79-тармағына сәйкес резидент-салық төлеуші, тұрақты мекемемен байланысты емес, шетелдік көздерден алатын кіріс түрінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ереженің 81-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 80 және 115-баптарында көзделген тұрақты мекемемен байланысты емес салық төлеушінің шетелдік мемлекеттердегі көздерден есептелген кірістерінің сомасы шетелдік валютада көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 65-бабына сәйкес E бағанында көрсетілген кірістердің ұлттық валютада қайта есептелген сомасы көрсетіледі.

120.05.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 120.05.001 жолына көшіріледі.

59. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

60. 120.05.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шетелдік мемлекетте орналасқан тұрақты мекеменің толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 80-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген тұрақты мекеме орналасқан елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында мұндай тұрақты мекеме орналасқан шетелдік мемлекеттегі тұрақты мекемені салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында осы Ереженің 79-тармағына сәйкес тұрақты мекеме арқылы шетелдік мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан резидент-салық төлеушінің алған кірісінің коды көрсетіледі;

6) F бағанында осы Ереженің 81-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 80 және 115-баптарында көзделген тұрақты мекеме арқылы шетелдік мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан резидент-салық төлеушінің шетелдік мемлекеттердегі көздерден есептелген кірістерінің сомасы шетелдік валютада көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 65-бабына сәйкес F бағанында көрсетілген кірістердің ұлттық валютада қайта есептелген сомасы көрсетіледі.

120.05.002 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 120.05.002 жолына көшіріледі.

61. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

8. Салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте алынған кірістер - 120.06 нысанын жасау

62. Бұл нысан резидент-салық төлеуші Салық кодексінің 130-бабына сәйкес резидент-салық төлеушінің салық салынатын кірісіне кіргізілетін, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес - заңды тұлға пайдасының жалпы сомасын айқындауға арналған. Салық салуда жеңілдігі бар мемлекет түсінігі Салық кодексі 130-бабының 2-тармағында қарастырылған.

63. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

120.06.001 жолы Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын және Қазақстан Республикасы резидент-салық төлеушісінің салық салынатын кірісіне енгізілетін пайдасының жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылды.

64. 120.06.001 жолының шамасы 120.06.007 жолына көшіріледі.

65. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

66. 120.06.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында резидент-салық төлеушінің жарғылық капиталындағы үлесі 10 пайыз құрайтын, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес-занды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 80-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген резидент емес-салық төлеушінің резиденттік етуші елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында резиденттік етуші еліндегі, В бағанында көрсетілген резидент емес-салық төлеушінің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) Е бағанында пайызда, В бағанында көрсетілген резидент еместің жарғылық капиталындағы резидент-салық төлеушінің қатысу үлесі көрсетіледі;

6) F бағанында осы Ереженің 81-тармағына сәйкес ол бойынша резидент емес пайдасының сомасы айқындалған валюта коды көрсетіледі;

7) G бағанында шет ел валютасында, В бағанында көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның шоғырландырылған қаржылық есептілігімен айқындалған, резидент емес заңды тұлғаның шоғырландырылған пайдасының жалпы сомасы көрсетіледі. В бағанында көрсетілген резидент еместің шоғырландырылған пайдасының жалпы сомасы осы декларацияға қоса берілген осындай резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталады;

8) H бағанында шет ел валютасында, 100 пайыз (FxH 100 пайызға) F және H бағандарының деректерінің қатынасын шығару ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасы резидент-салық төлеушісінің салық салынатын кірісіне енгізілетін пайданың сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында В бағанында көрсетілген резидент емес заңды тұлға салық кезеңінің соңғы күніне валютада айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген H бағанында көрсетілген пайданың сомасы көрсетіледі.

120.06.001 жолына қосымша нысан J бағанының жиынтық шамасы 120.06.001 жолына көшіріледі.

67. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

9. Резидент еместер болып табылатын, заңды және жеке тұлғаларға төленетін Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар - 120.07 нысанын жасау

68. Бұл нысан резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасында тұрақты мекемемен байланысты емес Қазақстан

Республикасының көздерінен түскен кірістердің және Салық кодексінің 179 , 187 , 187-1 , 198-201-1 -баптарына сәйкес есептелген мынадай кірістерден төлем көзінен табыс салығының сомаларын айқындауға арналған.

69. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 120.07.001 жолы салық кезеңінің басында резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленбеген кірістердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

2) 120.07.002 жолы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент еместерге есептелген кірістердің сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

3) 120.07.003 жолы салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген табыс салығының сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

4) 120.07.004 жолы салық кезеңі үшін резидент еместерге төленген және (немесе) төленбеген, бірақ салық агенті алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған кірістердің сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

5) 120.07.005 жолы Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 1) тармақшасына және 147 , 187-1-баптарына сәйкес бюджетке аударылуға жататын салық кезеңі үшін резидент еместерге төленген кірістерден табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

6) 120.07.006 жолы Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға жататын резидент еместерге төленбеген, бірақ салық агентімен бұрынғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылған, кірістерден ұсталатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 120.07.007 жолы салық кезеңі үшін Салық кодексінің 98-бабына сәйкес шартты банк салымына аударылған табыс салығы сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

70. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

71. 120.07 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 79-тармағына сәйкес, Салық кодексінің 178-бабына сәйкес резидент емес-салық төлеуші Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, кірістің коды көрсетіледі;

3) С бағанында салық кезеңінің басында резидент еместерге төленбеген кірістердің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында есептелген кірістерден табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында салық кезеңі үшін төленген кірістердің және (немесе) төленбеген кірістердің, бірақ салық агенті алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылған сомалары көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 1) тармақшасына және 147, 187-1-баптарына сәйкес бюджетке аударылуға жататын салық кезеңі үшін резидент еместердің төленген кірістерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға жататын, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған резидент еместердің төленбеген кірістерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес салық кезеңі үшін шартты банк салымына орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

120.07 қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 120.07.001 жолына, D бағанының - 120.07.002 жолына, E бағаны - 120.07.003 жолына, F бағаны - 120.07.004 жолына, G бағаны - 120.07.005 жолына, H бағаны - 120.07.006 жолына, I бағаны - 120.07.007 жолына көшіріледі.

72. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының/сақтандыру брокерінің бухгалтерлік теңгермесі - 120.08 нысанын жасау

73. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

74. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Кірістер және шығыстар туралы есеп беру - 120.09 нысанын жасау

75. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

76. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

12. Ақша қозғалысы туралы есеп беру (жанама әдіс) - 120.10 нысанын жасау

77. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

78. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

13. Кірістер, елдер және валюта түрлерінің коды

79. Декларацияны толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуы пайдаланылсын:

Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан кірістер;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден кірістер;

1020 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті өткізу кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1022 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент-заңды тұлғаның консорциум немесе мүлікте қатысу үлесін өткізу кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1030 - резиденттерге қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер;

1031 - резидент еместердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекемелер арқылы қызметіне байланысты қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер;

1040 - резиденттердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған

келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - Қазақстан Республикасында осындай резидент еместердің қызметтері барысында туындаған резидент еместердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент-заңды тұлғадан түсетін дивидендтер нысанындағы кірістер;

1060 - резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1070 - эмитент-резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы кірістер;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы эмитент-резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1080 - резиденттерден алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1081 - резидент еместен Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметіне байланысты алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен түсетін кірістер;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен кірістер;

1131 - Қазақстан Республикасында өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен кірістер;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындау орны маңызды емес;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруына байланысты төленетін үстемелер;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы кірістер, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін кірістер;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған кірістер;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы кірістер, осындай мүліктен кірістерді, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы кірістерді қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан кірістер;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан кірістер;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған кірістер;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын кірістер;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын кірістер;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын кірістер;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кірістердің шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кірістер;

1350 - Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да кірістер.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден кірістер:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан кірістер;

2011 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден кірістер;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін кірістер;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер)

бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы кірістер;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы кірістер;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы кірістер;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден кірістер;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

2110 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден кірістер;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен кірістер;

2131 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен кірістер;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы кірістер;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін кірістер;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған кірістер;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы кірістер, осындай мүліктен кірістерді, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы кірістерді қоса алғанда;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де кірістер.

80. Резидент емес-салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде 2003 жылғы 09 маусымда N 2355 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

81. Валюта кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды декларациялау ережесіне "Валюталардың жіктеушісі"

10-қосымшаға сәйкес валюталардың сандық кодталуын пайдалану қажет.

РҚАО-ның ескертуі: 120.01-120.10 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Корпорациялық табыс салығы бойынша есеп жасау ережелері (121.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістерді, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақыларын орналастырудан кірістерді мәлімдеуіне және ай қорытындысы бойынша Салық кодексінің 16-тарауының 1-параграфына сәйкес қызмет атқаратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (121.00-нысан)

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіңіз);

3) салық төлеушінің (салық агенті, салымшы, төлеуші) атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшығында субъект қызметінің түрлері бойынша ЭҚЖЖ коды (бес белгіге дейін) көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы тор көздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Есеп берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі есептерді беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгертулер мен толықтырулар салық кезеңіне жататын, ол үшін қосымша Есеп толтырғанда белгіленеді.

Бұрын берілген есептерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеушіні таратқан (қайта құрған), кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеуші жылдық Есепті тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді;

6) Хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп өткізген жағдайда белгіленеді:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

9. "Жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.001 жолында 121.00.009, 121.00.017 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабы 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.002 жолында 121.00.010 жолында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.003 жолында 121.00.011, 121.00.018 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 120.00.004 жолында 121.00.012, 121.00.019 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.005 жолында 121.00.013, 121.00.020 жолдарында көрсетілгендерді қоспағанда, Заңның 6-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген сыныптар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бұзылған кезде сақтандырушыға сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 121.00.006 жолында жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.001, 121.00.002 және 121.00.003, 121.00.004, 121.00.005 ((121.00.001 + 121.00.002) - (121.00.003 + 121.00.004 + 121.00.005)) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

7) 121.00.007 жолында жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төленген міндетті жарналардың сомасы көрсетіледі;

8) 121.00.008 жолында жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық салуға жататын сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі. 121.00.006 және 121.00.007 (121.00.006 - 121.00.007) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

10. "Аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.009 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.010 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.011 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 121.00.012 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы қайта сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.013 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 121.00.014 жолында аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.009, 121.00.010 және 121.00.011, 121.00.012, 121.00.013 ((121.00.009 + 121.00.010) -(121.00.011 + 121.00.012 + 121.00.013)) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

7) 121.00.015 жолында Заңның 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына аударылған міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

8) 121.00.016 жолында аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық салуға жататын сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі. 121.00.014 және 121.0.015 (121.00.014 - 121.00.015) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

11. "Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер бойынша есеп" бөлімінде:

1) 121.00.017 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.018 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік қайта сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резиденттерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

3) 121.00.019 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік қайта сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде қайта сақтандырушы-резидент еместерге төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

4) 121.00.020 жолында Заңның 6-бабының 2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бұзылған кезде сақтандыру ұйымдарымен қайтарылған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

5) 121.00.021 жолында аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша салық кезеңінің ішінде алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 121.00.017 жолының және 121.00.018, 121.00.019, 121.00.020 (121.00.017 - (121.00.018 + 121.00.019 + 121.00.020)) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады;

6) 121.00.022 жолында аннуитеттік сақтандыру сыныбы бойынша аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына аударылған міндетті жарналар сомасы көрсетіледі;

7) 121.00.023 жолында аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша салық салуға жататын сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі. 121.00.021 және 121.00.022 (121.00.021 - 121.00.022) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады.

12. "Салық сомасының есебі" бөлімінде:

1) 121.00.024 жолында 121.00.024А, 121.00.024В және 121.00.024С жолдарының сомалары ретінде айқындалатын сақтандыру сыйлықақылары

түріндегі кірістер бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 121.00.024А жолында Салық кодексінің 117-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан 4 пайыздық ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.008 жолының сомасы және 4 пайыздық ставканың туындысы ретінде айқындалады;

3) 121.00.024В жолында Салық кодексінің 117-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аннуитеттік сақтандыруды қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан 2 пайыздық ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.016 жолының сомасы және 2 пайыздық ставканың туындысы ретінде айқындалады;

4) 121.00.024С жолында Салық кодексінің 117-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес аннуитеттік сақтандыру, өзара сақтандыру шарттары бойынша алынуға жататын (алынған) сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан 1 пайыздық ставка бойынша есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі. 121.00.023 жолының сомасы және 1 пайыздық ставканың туындысы ретінде айқындалады;

5) 121.00.025 жолы толтырылуға жатпайды;

6) 121.00.026 жолы толтырылуға жатпайды;

7) 121.00.027 жолы толтырылуға жатпайды.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Есепке салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Есеп электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) есепті өткізген күні. Есепті өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан

Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

РҚАО-ның ескертуі: 121.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы "19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (130.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоғамдық мүддеде қызметін жүзеге асыратын және мынадай шарттарға сәйкес келетін пәтер (үй-жайлар) иелерінің кооперативтерінен басқа, акционерлік қоғамдар, мекемелер мен тұтынушы кооперативтерді қоспағанда, депозиттер бойынша сыйақылар, грант, кіру және мүшелік жарналары, кондоминиум қатысушыларының жарналары, қайырымдылық көмегі, өтеусіз берілген мүлік, коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде аударымдар мен қайырымдылықтар түріндегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға шарт бойынша алынған кірістерді мәлімдеуге арналған корпорациялық табыс

салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды:

- 1) осындай ретінде кірісті алу мақсаты жоқ;
- 2) қатысушылар арасында алынған таза кірісті немесе мүлікті бөлмейді.

1. Декларация Декларацияның өзінен (130.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (130.01 - 130.28 нысандары) тұрады.

2. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Нысандарды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу.

5. Қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша(-лар) және (немесе) қосымша нысан(-дар) тапсырылмайды.

6. Тиісті қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

7. Қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалар мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

8. Қосымша(-лар)дың және (немесе) қосымша нысан(-дар)дың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияны "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (130.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшығында субъект қызметінің түрлері бойынша ЭҚЖЖ коды (бес белгіге дейін) көрсетіледі. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларацияның түрі. Осы торкөздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация берілген жағдайда толтырылады.

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

8) берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандар. Берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандардың торкөздері және берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандардың саны белгіленеді;

9) Корпорациялық табыс салығы декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен кірістер болуы кезінде "100-нысан бойынша декларация" торкөзі белгіленеді. Бұл ретте, Салық кодексінің 120-бабының 4-тармағына сәйкес Салық кодексінің 67-бабына сәйкес бөлек есептілік жүргізіледі;

10) пәтер (үй-жайлар) иелерінің кооперативтерінен басқа, акционерлік қоғамдар, мекемелер және тұтынушы кооперативтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес коммерциялық болып табылмайтын ұйым растауға аталған шарттарға жауап береді және тиісті торкөздер белгіленеді;

11) Жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс кірістерді алу кезінде шығыстарды шегерімдерге жатқызу әдісі. Таңдаған әдіске байланысты сәйкес торкөз белгіленеді.

"Барабарлық" торкөзі егер салық төлеуші шығыстарды шегерімдерге жатқызудың барабарлық әдісін таңдағанда белгіленеді.

"Бөлек есептеу" торкөзі егер салық төлеуші шығыстарды шегерімдерге жатқызудың бөлек есептеу әдісін таңдағанда белгіленеді.

13. "Кірістер" бөлімінде:

1) 130.00.001 жолына 130.01.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 130.00.002 жолына 130.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 130.00.003 жолына 130.03.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 130.00.004 жолына 130.04.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 130.00.005 жолына 130.05.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 130.00.006 жолына 130.06.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 130.00.007 жолына 130.07.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 130.00.008 жолына 130.08.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 130.00.009 жолына 130.09.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 130.00.010 жолына 130.10.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

- 11) 130.00.011 жолына 130.023.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 12) 130.00.012 жолында кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 130.00.001 - 130.00.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;
- 13) 130.00.013 жолына Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен алынған кірістер бар болған жағдайда 100.00.020 жолында көрсетілген басқа да кірістердің сомасы көшіріледі;
- 14) 130.00.014 жолында кірістердің жиынтық сомасы көрсетіледі. 130.00.012 және 130.00.013 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

14. "Шығыстар" бөлімінде:

- 1) 130.00.015 жолына 130.11.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 2) 130.00.016 жолына 130.12.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 3) 130.00.017 жолына 130.13.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 4) 130.00.018 жолына 130.14.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 5) 130.00.019 жолына 130.15.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 6) 130.00.020 жолына 130.16.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 7) 130.00.021 жолына 130.17.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 8) 130.00.022 жолына 130.18.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 9) 130.00.023 жолына 130.19.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 10) 130.00.024 жолына 130.20.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 11) 130.00.025 жолына 130.21.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 12) 130.00.026 жолына 130.22.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 13) 130.00.027 жолында 130.00.015 - 130.00.026 жолдарының сомасы ретінде айқындалған шығыстардың сомасы көрсетіледі;

14) 130.00.028 жолында 130.00.013 жолының сомасы мен - 130.00.014 жолының сомасына қатынасы ретінде айқындалатын кірістердің жалпы сомасындағы Салық кодексінің 120-бабы 4-тармағына сәйкес жалпыға белгіленген тәртіпте салық салуға жататын кірістердің үлес салмағы көрсетіледі;

15) 130.00.029 жолына Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен кірісі болған жағдайда 130.00.034А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 130.00.030 жолында Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен кірісі болған жағдайда шегеруге жатқызылуы тиіс шығыстар сомасы көрсетіледі. 130.00.028 және 130.00.029 жолдарының туындысы ретінде айқындалады.

15. 130.00.030 жолының шамасы 100.00.034В жолына көшіріледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Депозиттер бойынша сыйақылар - 130.01 нысанын жасау

17. Осы нысан депозиттер бойынша сыйақылар түріндегі алынған кірістер сомасын айқындауға арналған.

18. "Депозиттер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

130.01.001 жолында сыйақылар түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

19. 130.01.001 жолының шамасы 130.00.001 жолына көшіріледі.

20. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

21. 130.01.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
 - 2) В бағанында сыйақы төлеген заңды (жеке) тұлғаның атауы көрсетіледі;
 - 3) С бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 140-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
 - 4) D бағанында депозиттер бойынша алынған сыйақының сомасы көрсетіледі;
- 130.01.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.01.001 жолына көшіріледі.

22. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Гранттар - 130.02 нысанын жасау

23. Осы нысан Салық кодексінің 10-бабы 1-тармақтың 4) тармақшасына сәйкес грант түріндегі алынған кірістердің сомасын айқындауға арналған.

24. "Гранттар" бөлімінде:

130.02.001 жолында грант түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

25. 130.02.001 жолының шамасы 130.00.002 жолына көшіріледі.

26. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

27. 130.02.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында грант берушінің тиісті коды көрсетіледі:

Р/с N	Грант берушінің атауы	Грант берушінің коды
1.	Мемлекеттер	000-1
2.	Мемлекеттердің үкіметтері	000-2
3.	Халықаралық ұйымдар*	
4.	Мемлекеттік ұйымдар*	
5.	Шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар*	
6.	Шетелдіктер	000-3

* "Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1753 қаулысымен бекітілген Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесінде көрсетілген ұйымдардан гранттар алынған кезде, көрсетілген Тізбеде көрсетілген ондай ұйымның реттік нөміріне сәйкес келетін грант берушінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында грант төлеген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

4) D бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

5) E бағанында осы Ережелердің 81-тармағына сәйкес грант түріндегі алынған мүліктің коды көрсетіледі;

6) F бағанында грант түріндегі алынған мүліктің атауы көрсетіледі;

7) G бағанында мүліктің грант ретінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында грант ретінде алынған мүліктің сомасы (құны) көрсетіледі.

130.02.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.02.001 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Өтеусіз алынған мүлік - 130.03 нысанын жасау

29. Осы нысан ақша және қайырымдылықтарды қоспағанда, өтеусіз алынған мүлік түріндегі алынған кірістердің сомасын айқындауға арналған.

30. "Өтеусіз алынған мүлік" бөлімінде:

130.03.001 жолында өтеусіз алынған мүлік түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

31. 130.03.001 жолының шамасы 130.00.003 жолына көшіріледі.

32. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

33. 130.03.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында мүлікті өтеусіз берген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес өтеусіз алынған мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында өтеусіз алынған мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында мүліктің өтеусіз алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында өтеусіз алынған мүліктің сомасы (құны) көрсетіледі;

130.03.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.03.001 жолына көшіріледі.

34. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. Кіру жарналары - 130.04 нысанын жасау

35. Осы нысан кіру жарналары түріндегі алынған кірістердің сомасын айқындауға арналған.

36. "Кіру жарналары" бөлімінде:

130.04.001 жолында кіру жарналары түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

37. 130.04.001 жолының шамасы 130.00.004 жолына көшіріледі.

38. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

39. 130.04.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіру жарналарын енгізген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 141-тармағына сәйкес кіру жарналары ретінде алынған мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында кіру жарналары ретінде алынған мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында мүліктің кіру жарналары түрінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында кіру жарналары түрінде алынған мүліктің сомасы (құны) көрсетіледі.

130.04.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.04.001 жолына көшіріледі.

40. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

7. Мүшелік жарналар - 130.05 нысанын жасау

41. Осы нысан мүшелік жарналар түріндегі алынған кірістердің сомасын айқындауға арналған.

42. "Мүшелік жарналар" бөлімінде:

130.05.001 жолында мүшелік жарналар түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

43. 130.05.001 жолының шамасы 130.00.005 жолына көшіріледі.

44. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

45. 130.05.001 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында мүшелік жарналарды енгізген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес мүшелік жарналар ретінде алынған мүліктің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында мүшелік жарналар ретінде алынған мүліктің атауы көрсетіледі ;
- 6) F бағанында мүліктің мүшелік жарналар түрінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында мүшелік жарналар түріндегі алынған мүліктің сомасы (құны) көрсетіледі.

130.05.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.05.001 жолына көшіріледі.

46. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

8. Кондоминиум қатысушыларының жарналары - 130.06 нысанын жасау

47. Осы нысан кондоминиум қатысушыларының жарналары түріндегі алынған кірістердің сомасын айқындауға арналған.

48. "Кондоминиум қатысушыларының жарналары" бөлімінде:

130.06.001 жолында кондоминиум қатысушыларының жарналары түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

49. 130.06.001 жолының шамасы 130.00.006 жолына көшіріледі.

50. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

51. 130.06.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кондоминиум қатысушыларының жарналарын төлеген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі. Кондоминиум қатысушыларының жарналарын төлейтін жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларға қатысты В бағанында олардың саны көрсетіледі, ал G бағанының деректері жалпы сомада көрсетіледі, бұл ретте С және F бағандары толтырылмайды;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес кондоминиум қатысушыларының жарналары ретінде алынған мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында кондоминиум қатысушыларының жарналары ретінде алынған мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында мүліктің кондоминиум қатысушыларының жарналары түрінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында кондоминиум қатысушыларының жарналары ретінде алынған мүліктің сомасы (құны) көрсетіледі.

130.06.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.06.001 жолына көшіріледі.

52. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

9. Қайырымдылық көмек - 130.07 нысанын жасау

53. Осы нысан Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қайырымдылық көмек түріндегі кірістердің сомасын айқындауға арналған

54. "Қайырымдылық көмек" бөлімінде:

130.07.001 жолында қайырымдылық көмек түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

55. 130.07.001 жолының шамасы 130.00.007 жолына көшіріледі.

56. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

57. 130.07.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында қайырымдылық көмек көрсеткен заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес қайырымдылық көмек ретінде алынған мүліктің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында қайырымдылық көмек ретінде алынған мүліктің атауы көрсетіледі;
- 6) F бағанында мүліктің қайырымдылық көмек түрінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 7) G бағанында қайырымдылық көмек түріндегі алынған мүліктің сомасы (құны) көрсетіледі.

130.07.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.07.001 жолына көшіріледі.

58. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

10. Демеушілік көмек - 130.08 нысанын жасау

59. Осы нысан Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 28-1) тармақшасына сәйкес айқындалған демеушілік көмек түріндегі кірістердің сомасын айқындауға арналған.

60. "Демеушілік көмек" бөлімінде:

130.08.001 жолында демеушілік көмек түріндегі алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

61. 130.08.001 жолының шамасы 130.00.008 жолына көшіріледі.

62. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

63. 130.08.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында демеушілік көмек көрсеткен заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес демеушілік көмек ретінде алынған мүліктің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің атауы көрсетіледі;
- 6) F бағанында мүліктің демеушілік көмек түрінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 7) G бағанында демеушілік көмек жарналары түріндегі алынған мүліктің сомасы (құны) көрсетіледі.

130.08.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.08.001 жолына көшіріледі.

64. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Өтеусіз негіздегі аударымдар - 130.09 нысанын жасау

65. Осы нысан өтеусіз негіздегі ақша аударымдары түріндегі кірістердің сомасын айқындауға арналған.

66. "Өтеусіз негіздегі аударымдар" бөлімінде:

130.09.001 жолында өтеусіз негіздегі аударымдар түрінде алынған ақша сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

67. 130.09.001 жолының шамасы 130.00.009 жолына көшіріледі.

68. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

69. 130.09.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында өтеусіз негізде аударымдар жүргізген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында мүліктің өтеусіз негізде аударымдар түрінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында өтеусіз негізде алынған аударымдардың сомасы көрсетіледі.

130.09.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 130.09.001 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

12. Қайырымдылықтар - 130.10 нысанын жасау

71. Осы нысан азаматтық заңдарға сәйкес қайырымдылықтар түріндегі кірістердің сомасын айқындауға арналған.

72. "Қайырымдылықтар" бөлімінде:

130.10.001 жолында қайырымдылықтар түрінде алынған кірістердің сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

73. 130.10.001 жолының шамасы 130.00.010 жолына көшіріледі.

74. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

75. 130.10.001 жолына көшіріледі:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында қайырымдылықтарды жүзеге асырған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес қайырымдылықтар түрінде алынған мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында қайырымдылықтар түрінде алынған мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында мүліктің қайырымдылықтар түрінде алынғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында қайырымдылықтар түрінде алынған мүліктің құны көрсетіледі.

130.10.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.10.001 жолына көшіріледі.

76. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

13. Коммерциялық емес ұйымды ұстау - 130.11 нысанын жасау

77. Осы нысан коммерциялық емес ұйымды ұстауға шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

78. "Коммерциялық емес ұйымды ұстау" бөлімінде:

1) 130.11.001 жолында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетілетін 130.11.001N жолын қоспағанда, қосымша нысандардың негізінде толтырылатын 130.11.001A, 130.11.001B, 130.11.001C, 130.11.001D, 130.11.001E, 130.11.001F, 130.11.001G, 130.11.001H, 130.11.001I, 130.11.001J, 130.11.001K, 130.11.001L, 130.11.001M, 130.11.001N, 130.11.001O, 130.11.001P, 130.11.001Q, 130.11.001R жолдарын қосумен айқындалатын коммерциялық емес ұйымды ұстауға шығыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 130.11.002 жолында қосымша нысандардың негізінде толтырылатын 130.11.002A және 130.11.002B жолдарын қосумен айқындалатын қызметкерлердің еңбек ақы төлеуге және әлеуметтік төлемдерге шығыстар көрсетіледі;

3) 130.11.003 жолында 130.11.001 жолында есепке алынбаған және 130.11.003A, 130.11.003F, 130.11.003G жолдарын қосумен айқындалатын коммерциялық емес ұйымды ұстауға басқа да барлық шығыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 130.11.003A жолында 130.11.003B-130.11.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. 130.11.003B жолында бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, іссапар және кері орнына жолға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 130.11.003C жолында бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, тұрғын үй-жайды жалдауға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 130.11.003D және 130.11.003E жолдарында Қазақстан Республикасының аумағында және тысқары іссапарлар бойынша төленетін тәуліктіктің тиісті сомалар көрсетіледі;

5) 130.11.003F жолында өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 130.11.003G жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдердің шығыстар сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 130.11.004 жолында 130.11.001, 130.11.002 және 130.11.003 жолдарын қосумен айқындалатын коммерциялық ұйымды ұстауға шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 130.11.005A жолында есепті салық кезеңі үшін іссапарлардың саны көрсетіледі;

9) 130.11.005B жолында есепті салық кезеңі үшін іссапарлар күндерінің саны көрсетіледі.

130.11.004 жолының шамасы 130.00.015 жолына көшіріледі.

79. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

80. 130.11.001A, 130.11.001B, 130.11.001C, 130.11.001D, 130.11.001E, 130.11.001F, 130.11.001G, 130.11.001H, 130.11.001I, 130.11.001J және 130.11.001K жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіріс алған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында шығыстарды растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі ;

5) E бағанында шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130.11.001A жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 130.11.001A жолына, 130.11.001B жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001B жолына, 130.11.001C жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001C жолына, 130.11.001D жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001D жолына, 130.11.001E жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001E жолына, 130.11.001F жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001F жолына, 130.11.001G жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001G жолына, 130.11.001H жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001H жолына, 130.11.001I жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001I жолына, 130.11.001J жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001J жолына, 130.11.001K жолына қосымша нысан E бағанының - 130.11.001K жолына көшіріледі.

81. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

82. 130.11.001L, 130.11.001O, 130.11.001P, 130.11.001Q, 130.11.001R жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында кіріс алған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 182-бабына сәйкес шығыс түрінің коды көрсетіледі. Бұл ретте 130.11.001О жолына қосымша нысанда көрсетілген баған бойынша оларға қатысты айыппұл санкциялары есептелген шығыстар түрінің коды көрсетіледі.
Мысалы, ұйым жалгерлік төлемдерді уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыптарын төлейді, сәйкесінше "Айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары" 130.11.001О жолына қосымша нысан толтырылуға жатады, мұндағы D бағанында жалгерлік төлем - 008 шығыстарына сәйкес келетін шығыстар түрінің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында шығыстарды растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі ;
- 6) F бағанында шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130.11.001L жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 130.11.001L жолына, 130.11.001О жолына қосымша нысан F бағанының - 130.11.001О жолына, 130.11.001P жолына қосымша нысан F бағанының - 130.11.001P жолына, 130.11.001Q жолына қосымша нысан F бағанының - 130.11.001Q жолына, 130.11.001R жолына қосымша нысан F бағанының - 130.11.001R жолына көшіріледі.

83. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

84. 130.11.001M жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында мемлекеттік бюджетке енгізуге жататын (енгізілген) салық (жеке табыс салығын қоспағанда) және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрі, айыппұлдар мен өсімдер, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары бойынша айыппұлдар мен өсімдер көрсетіледі;
- 3) С бағанында бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі. Аталған баған В бағанында міндетті зейнетақы жарналары бойынша өсімдер көрсетілген жағдайда толтырылмайды;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 182-тармағына сәйкес шығыс түрінің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында мемлекеттік бюджетке енгізуге жататын (енгізілген) есептелген салық (жеке табыс салығын қоспағанда) және бюджетке төленетін

басқа да міндетті төлемдердің, есептелген айыппұлдар мен өсімдердің, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары бойынша есептелген айыппұлдар мен өсімдердің есептелген сомасы көрсетіледі.

130.11.001М жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 130.11.001М жолына көшіріледі.

85. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

86. 130.11.002А және 130.11.002В жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында кіріс алған жеке тұлға-қызметкердің аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің - кіріс алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында кірістің төленген сомасы көрсетіледі.

130.11.002А жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.11.002А жолына, 130.11.002В жолына қосымша нысан D бағанының 130.11.002В жолына көшіріледі.

87. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

88. 130.11.003F жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында кіріс алушы - заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 182-тармағына сәйкес шығыс түрінің коды көрсетіледі;
- 5) Е бағанында өкілеттік шығыстарының сомасы көрсетіледі.

130.11.003F жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 130.11.003F жолына көшіріледі.

89. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

90. 130.11.003G қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оларға қатысты алдағы есепті кезеңдерге жататын шығыстар жүргізілген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 182-тармағына сәйкес шығыс түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында салық кезеңінің басына алдағы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында алдағы есепті кезеңдерге жататын ағымдағы салық кезеңі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында ағымдағы салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезең шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында салық кезеңінің соңына алдағы кезең шығыстарының сомасы көрсетіледі (E + F - G).

130.11.003G жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.11.003G жолына көшіріледі.

91. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

14. Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу - 130.12 нысанын жасау

92. Осы нысан коммерциялық емес ұйымның қызметімен байланысты әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстардың сомаларын айқындауға арналған.

93. "Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу" бөлімінде:

130.12.001 жолында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 130.12.001A-130.12.001K жолдарында іс-шаралардың түрі бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі және іс-шара кодына сәйкес қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

94. 130.12.001 жолының шамасы 130.00.016 жолына көшіріледі.

95. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

96. 130.12.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шығыстар жүргізілген іс-шара түрінің тиісті коды көрсетіледі:

P/c N	Іс-шараның атауы	Түрінің коды

1.	Съездер ұйымдастыру және өткізу	01
2.	Конференциялар ұйымдастыру және өткізу	02
3.	Форумдар ұйымдастыру және өткізу	03
4.	Жиналыстар ұйымдастыру және өткізу	04
5.	Сайлаулар ұйымдастыру және өткізу	05
6.	Көрмелер ұйымдастыру және өткізу	06
7.	Митингілер, көшелік шерулер, пикеттер, ереуілдер ұйымдастыру және өткізу	07
8.	Демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу	08
9.	Жария сөз сөйлеулерді ұйымдастыру және өткізу	09
10.	Жалпыға жария құдайға құлшылық етулерді, діни жоралар мен рәсімдерді ұйымдастыру және өткізу	10
11.	Киіз үйлерді тігу, шатырлар мен өзге де құрылыстарды тұрғызу	11
12.	Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	12
13.	Өзге де іс-шаралар	13

3) С бағанында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша тауарлар өткізетін, қызмет көрсетулер көрсететін, жұмыстарды орындаған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

5) E бағанында осы Ережелердің 182-тармағына сәйкес іс-шараларды ұйымдастыру және өткізумен байланысты шығыс түрінің коды көрсетіледі;

6) F бағанында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мақсатында жүргізілген шығыстар түрінің атауы көрсетіледі;

7) G бағанында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстар жүзеге асырылғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130.12.001 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 130.12.001 жолына көшіріледі.

97. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

15. Ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру - 130.13 нысанын жасау

98. Осы нысан коммерциялық емес ұйым және оны ұстау іс-шараларын ұйымдастыру және өткізумен байланысты ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыруға байланысты шығыстарды қоспағанда, ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыруға, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

99. "Ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру" бөлімінде:

130.13.001 жолында ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

100. 130.13.001 жолының шамасы 130.00.017 жолына көшіріледі.

101. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

102. 130.13.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру бойынша тауарларды өткізетін, қызмет көрсетулер көрсететін, жұмыстар орындаған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 182-тармағына сәйкес ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастырумен байланысты шығыс түрінің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру мақсатында жүргізілген шығыстар түрінің атауы көрсетіледі;
- 6) F бағанында ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру бойынша шығыстардың жүзеге асырылғанын растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 7) G бағанында ақпараттық материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарына әзірлеу және орналастыру бойынша жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130.13.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.13.001 жолына көшіріледі.

103. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

16. Сыйақылар - 130.14 нысанын жасау

104. Осы нысан Салық кодексінің 10-бабы 1-тармақтың 2) тармақшасына сәйкес сыйақылар түріндегі шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

105. "Сыйақылар" бөлімінде:

130.14.001 жолында шарттың талаптарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші төлейтін (төлеуі тиіс) сыйақылардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

106. 130.14.001 жолының шамасы 130.00.018 жолына көшіріледі.

107. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

108. 130.14.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сыйақы алатын заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы бойынша шығыстарды растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында төленетін сыйақының сомасы көрсетіледі.

130.14.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 130.14.001 жолына көшіріледі.

109. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Қайырымдылық көмек - 130.15 нысанын жасау

110. Осы нысан Салық кодексінің 10-бабы 1-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес қайырымдылық көмек түріндегі шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

111. "Қайырымдылық көмек" бөлімінде:

130.15.001 жолында қайырымдылық көмек түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

112. 130.15.001 жолының шамасы 130.00.019 жолына көшіріледі.

113. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

114. 130.15.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында қайырымдылық көмек көрсетілген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес қайырымдылық көмек ретінде берілген мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында қайырымдылық көмек ретінде берілген мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында қайырымдылық көмек көрсетілгенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында көрсетілген қайырымдылық көмектің сомасы көрсетіледі.

130.15.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.15.001 жолына көшіріледі.

115. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Демеушілік көмек - 130.16 нысанын жасау

116. Осы нысан Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 28-1) тармақшасына сәйкес айқындалған демеушілік көмек түріндегі шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

117. "Демеушілік көмек" бөлімінде:

130.16.001 жолында демеушілік көмек түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

118. 130.16.001 жолының шамасы 130.00.022 жолына көшіріледі.

119. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

120. 130.16.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында демеушілік көмек көрсетілген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес демеушілік көмек ретінде берілген мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында демеушілік көмек түрінде берілген мүліктің атауы көрсетіледі

;

6) F бағанында мүліктің демеушілік көмек түрінде берілгенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында көрсетілген демеушілік көмек сомасы көрсетіледі.

130.16.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.16.001 жолына көшіріледі.

121. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

19. Кіру жарналары - 130.17 нысанын жасау

122. Осы нысан кіру жарналары түріндегі шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

123. "Кіру жарналары" бөлімінде:

130.17.001 жолында кіру жарналары түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

124. 130.17.001 жолының шамасы 130.00.021 жолына көшіріледі.

125. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

126. 130.17.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіру жарналары төленетін заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес кіру жарналары ретінде берілген мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында кіру жарналары ретінде берілген мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында кіру жарналарының енгізілгенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында кіру жарналарының сомасы көрсетіледі.

130.17.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.17.001 жолына көшіріледі.

127. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Мүшелік жарналар - 130.18 нысанын жасау

128. Осы нысан мүшелік жарналар түріндегі шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

129. "Мүшелік жарналар" бөлімінде:

130.18.001 жолында мүшелік жарналар түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130. 130.18.001 жолының шамасы 130.00.022 жолына көшіріледі.

131. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

132. 130.18.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында оған қатысты мүшелік жарналар енгізілген заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес мүшелік жарналар ретінде берілген мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында мүшелік жарна ретінде берілген мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында мүшелік жарналардың төленгенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында мүшелік жарналардың сомасы көрсетіледі.

130.18.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.18.001 жолына көшіріледі.

133. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

21. Өтеусіз берілген мүлік - 130.19 нысанын жасау

134. Осы нысан ақша және қайырымдылықтарды қоспағанда, заңды және жеке тұлғаларға өтеусіз берілген мүлік бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

135. "Өтеусіз берілген мүлік" бөлімінде:

130.19.001 жолында заңды және жеке тұлғаларға өтеусіз берілген мүлік бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

136. 130.19.001 жолының шамасы 130.00.023 жолына көшіріледі.

137. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

138. 130.19.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында мүлік өтеусіз берілген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) бағанында осы Ережелердің 181-тармағына сәйкес өтеусіз берілген мүліктің коды көрсетіледі;
- 5) Е бағанында өтеусіз берілген мүліктің атауы көрсетіледі;
- 6) F бағанында мүліктің өтеусіз берілгенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 7) G бағанында өтеусіз берілген мүліктің құны көрсетіледі.

130.19.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.19.001 жолына көшіріледі.

139. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

22. Өтеусіз негіздегі аударымдар - 130.20 нысанын жасау

140. Осы нысан өтеусіз негізде жүргізілген ақша аударымдары бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

141. "Өтеусіз негіздегі аударымдар" бөлімінде:

130.20.001 жолында өтеусіз негіздегі аударымдар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

142. 130.20.001 жолының шамасы 130.00.024 жолына көшіріледі.

143. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

144. 130.20.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында олардың есебіне өтеусіз негізде аударымдар жүргізілген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жүргізілген аударымдарды растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында өтеусіз негізде жүргізілген аударымдардың сомасы көрсетіледі.

130.20.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 130.20.001 жолына көшіріледі.

145. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

23. Қайырымдылықтар - 130.21 нысанын жасау

146. Осы нысан Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес заңды және жеке тұлғаларға көрсетілген қайырымдылықтардың сомасын айқындауға арналған.

147. "Қайырымдылықтар" бөлімінде:

130.21.001 жолында заңды және жеке тұлғаларға қайырымдылықтар түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

148. 130.21.001 жолының шамасы 130.00.025 жолына көшіріледі.

149. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

150. 130.21.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оларға қайырымдылықтар жүргізілген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 181-бабына сәйкес қайырымдылықтар түрінде берілген мүліктің коды көрсетіледі;

5) E бағанында қайырымдылықтар түрінде берілген мүліктің атауы көрсетіледі;

6) F бағанында мүліктің қайырымдылық түрінде берілгенін растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында қайырымдылық түрінде берілген мүліктің құны көрсетіледі.

130.21.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.21.001 жолына көшіріледі.

151. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

24. Басқа да шығыстар - 130.22 нысанын жасау

152. Осы нысан 130.00.017-130.00.027 жолдарында көрсетілмеген коммерциялық емес ұйымның басқа да шығыстарының сомасын айқындауға арналған.

153. "Басқа да шығыстар" бөлімінде:

130.22.001 жолында 130.00.017-130.00.028 жолдарында көрсетілмеген коммерциялық емес ұйымның басқа да шығыстарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

154. 130.22.001 жолының шамасы 130.00.026 жолына көшіріледі.

155. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

156. 130.22.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тауарларды өткізетін, қызмет көрсетулер көрсететін, жұмыстарды орындаған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 182-тармағына сәйкес коммерциялық емес ұйым жүргізген шығыс түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында жүргізілген шығыстардың атауы көрсетіледі;

6) F бағанында жүргізілген шығыстарды растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130.22.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 130.22.001 жолына көшіріледі.

157. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

25. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыруға шарт бойынша алынған кірістер - 130.23-нысанын жасау

158. Осы нысан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыруға шарты бойынша алынған кірістер сомасын айқындауға арналған.

159. "Кірістер" бөлімінде:

130.23.001 жолы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыруға шарты бойынша алынған кірістер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

160. 130.23.001 жолының шамасы 130.00.011 жолына көшіріледі.

161. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

162. 130.23.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тапсырыс беруші болып табылатын республикалық немесе жергілікті бюджеттік бағдарламаларының әкімшісінің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру саласының тиісті коды көрсетіледі:

N p/c	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру саласының атауы	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру саласының коды
1.	Білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт салаларында мақсатқа жету	01
2.	Азаматтардың денсаулығын қорғау, салауатты өмір салтын насихаттау	02
3.	Қоршаған ортаны қорғау	03
4.	Жастар саясаты мен балалар бастамашылығын қолдау	04
5.	Демография проблемаларын шешу	05
6.	Гендерлік проблемаларды шешу	06
7.	Халықтың әлсіз топтарына қолдау көрсету	07
8.	Жетім балаларға, толық емес және көп балалы жанұядан шыққан балаларға көмек	08
9.	Азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдем беру	09
10.	Азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заң мүдделерін қорғау	10
11.	Мәдениет және өнер дамуы	11
12.	Тарихи-мәдени мұраны қорғау	12
13.	Қоғамдық келісімді нығайту	13

14.	Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін өзге әлеуметтік маңызы бар бағыттар	14
-----	--	----

9) D бағанында өтеусіз негізде аударымдар түріндегі мүлік алуды растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

10) E бағанында өтеусіз негізде алынған аударымдар сомасы көрсетіледі.

163. 130.09.001 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 130.09.001 жолына көшіріледі.

164. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

26. Бухгалтерлік теңгерме - 130.24 нысанын жасау

165. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды. 130.24.012 жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

166. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

167. 130.24.012 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында оларға қатысты салық кезеңінің басына және/немесе соңына дебиторлық берешек бар болған заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның аты-жөні;
- 3) C бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі /осы Ережелердің 180-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында салық кезеңінің басына дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында салық кезеңнің соңына дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі.

130.24.012 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 130.24.012 "салық кезеңнің басына" жолына, E бағанының -130.24.012 "салық кезеңінің соңына" жолына көшіріледі.

168. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

27. Кірістер және шығыстар туралы есеп беру - 130.25 нысанын жасау

169. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

170. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

28. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 130.26 және 130.27 нысандарын жасау

171. Осы нысандарды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

172. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

29. Активтердің қозғалысы туралы есеп беру - 130.28 нысанын жасау

173. Осы нысан салық кезеңі ішінде коммерциялық емес ұйым активтерінің қозғалысын көрсетуге арналған.

174. "Негізгі құрал-жабдықтар" бөлімінде:

1) 130.28.001А жолында салық кезеңінің басына аяқталмаған құрылыс объектілерін қоспағанда, негізгі құрал-жабдықтардың теңгермелік құны көрсетіледі;

2) 130.28.001В жолында салық кезеңінің басына аяқталмаған құрылыс объектілерінің теңгермелік құны көрсетіледі;

3) 130.28.001С жолында салық кезеңінің ішінде келіп түскен негізгі құрал-жабдықтардың құны көрсетіледі;

4) 130.28.001D жолында салық кезеңінің ішінде істен шыққан негізгі құрал-жабдықтардың құны көрсетіледі;

5) 130.28.001Е жолында негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

6) 130.28.001F жолында салық кезеңінің соңына аяқталмаған құрылыс объектілерін қоспағанда, негізгі құрал-жабдықтардың теңгермелік құны көрсетіледі;

7) 130.28.001G жолында салық кезеңінің соңына аяқталмаған құрылыс объектілерінің теңгермелік құны көрсетіледі.

175. "Материалдық емес активтер" бөлімінде:

1) 130.28.002A жолында салық кезеңінің басына материалдық емес активтердің теңгермелік құны көрсетіледі;

2) 130.28.002B жолында салық кезеңінің ішінде келіп түскен материалдық емес активтердің құны көрсетіледі;

3) 130.28.002C жолында салық кезеңінің ішінде істен шыққан материалдық емес активтердің құны көрсетіледі;

4) 130.28.002D жолында материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

5) 130.28.002E жолында салық кезеңінің соңына материалдық емес активтердің теңгермелік құны көрсетіледі.

176. "Тауарлы-материалдық қорлар" бөлімінде:

1) 130.28.003A жолында салық кезеңінің басына тауарлы-материалдық қорлардың теңгермелік құны көрсетіледі;

2) 130.28.003B жолында салық кезеңінің ішінде келіп түскен тауарлы-материалдық қорлардың құны көрсетіледі;

3) 130.28.003C жолында салық кезеңінің ішінде істен шыққан тауарлы-материалдық қорлардың құны көрсетіледі;

4) 130.28.003D жолында салық кезеңінің соңына тауарлы-материалдық қорлардың теңгермелік құны көрсетіледі.

177. "Ақша" бөлімінде:

1) 130.28.004A жолында салық кезеңінің басына ақшаның сомасы көрсетіледі;

2) 130.28.004B жолында салық кезеңінің соңына ақшаның сомасы көрсетіледі.

178. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

30. Елдер кодтары

179. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 09.06.2003 жылғы N 2355 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 20.05.2003 жылғы N 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

31. Мүлік кодтары

180. Мүлік кодын толтыру кезінде мынадай кодтауды пайдалану қажет:

P/c		
-----	--	--

N	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1.	Ақша	01
2.	Қаржылық инвестициялар	02
3.	Тауарлы-материалдық қорлар	03
4.	Негізгі құрал-жабдықтар	04
5.	Материалдық емес активтер	05
6.	Қызмет көрсетулер	06
7.	Жұмыстар	07
8.	Өзгелер	08

32. Шығыстар түрлерінің кодтары

181. Шығыстың түрін толтыру кезінде мынадай кодтауды пайдалану қажет:

Р/с N	Шығыс түрінің атауы	Шығыс түрінің коды
1.	Шикізат, материалдар, сатымдық бұйымдар мен жартылай фабрикаттар	001
2.	Келешекте сатылуға арналған тауарлар	002
3.	Отынға шығыстар	003
4.	Электр энергиясына шығыстар	004
5.	Жылу энергиясына шығыстар	005
6.	Қаржылық қызмет көрсетулерге шығыстар	006
7.	Алынған несиелер (қарыздар) үшін сыйақыларды төлеуге шығыстар	007
8.	Жалдау ақысына шығыстар	008
9.	Көліктік қызмет көрсетулерге шығыстар	009
10.	Байланыс қызмет көрсетулеріне шығыстар	010
11.	Аудиторлық (консультациялық) қызмет көрсетулерге шығыстар	011
12.	Қорғаныс қызмет көрсетулеріне шығыстар	012
13.	Кадрларды даярлауға (біліктілікті жоғарылату) шығыстар	013
14.	Адвокаттық қызмет көрсетулерге шығыстар	014
15.	Нотариалдық қызмет көрсетулерге шығыстар	015
16.	Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға шығыстар	016
17.	Мүлікті сақтандыруға шығыстар	017
18.	Өзге де сақтандыруға шығыстар	018
19.	Жарнамалық тауарларға шығыстар	019
20.	Мәдени-бұқаралық жарнамалық іс-шараларды өткізуге шығыстар	020
21.	Сыртқы (көрнекі) жарнамаға шығыстар	021
22.	Маркетинг бойынша шығыстар	022
23.	Кеңсе керек-жарақтары мен мүкәммалға шығыстар	023

24.	Баспасөз басылымдарына шығыстар	024
25.	Теледидар және радиода ақпараттық (жарнамалық) материалдарды орналастыруға шығыстар	025
26.	Баспасөз басылымдарында ақпараттық (жарнамалық) материалдарды орналастыруға шығыстар	026
27.	Интернет сайттарында ақпараттық (жарнамалық) материалдарды орналастыруға шығыстар	027
28.	Ақпараттық-тарату материалдарын өндіруге шығыстар	028
29.	Үгіт парақтарын (плакаттарын) әзірлеуге шығыстар	029
30.	Жол жүруге шығыстар түріндегі іссапар шығыстары	030
31.	Тұрғын үй-жайды жалдау түріндегі іссапар шығыстары	031
32.	Қазақстан Республикасының шегіндегі тәуліктік ақы түріндегі іссапар шығыстары	032
33.	Қазақстан Республикасының шегінен тысқары тәуліктік ақы түріндегі іссапар шығыстары	033
34.	Тұлғаларды ресми қабылдауды өткізу бойынша өкілдік шығыстар	034
35.	Тамақтандыруға шығыстар түріндегі өкілдік шығыстар	035
36.	Аудармашылардың қызмет көрсетулерін төлеу түріндегі өкілдік шығыстар	036
37.	Көліктік қызмет көрсету түріндегі өкілдік шығыстар	037
38.	Өзге де өкілдік шығыстар	038
39.	Конференциялар, съездер қатысушыларына қызмет көрсетуге шығыстар	039
40.	Конференциялар, съездер қатысушыларының тұруына шығыстар	040
41.	Конференцияларды, съездерді музыкалық, аспаптық, әнмен сүйемелдеу шығыстары	041
42.	Концерттер және мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыруға шығыстар	042
43.	Тағамдарға шығыстар	043
44.	Еңбек ақы төлеуге, оның ішінде еңбек келісімдері бойынша шығыстар	044
45.	Әлеуметтік төлемдерге шығыстар	045
46.	Еңбек жағдайын жақсарту бойынша шығыстар	046
47.	Ағымдағы жөндеу бойынша қызмет көрсетулерге (жұмыстарға) шығыстар	047

48.	Салықтар	048
49.	Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	049
50.	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар	050
51.	Бюджетке төленетін айыппұлдар	051
52.	Мемлекеттік бюджетке енгізуге жататын (енгізілген) өсімақылар	052
53.	Міндетті зейнетақы жарналары бойынша айыппұлдар	053
54.	Міндетті зейнетақы жарналары бойынша өсімақылар	054
55.	Мемлекеттік бюджетке енгізуге жататындарды (енгізілгендерді) қоспағандағы, айыппұлдар мен өсімпұлдар	055
56.	Өзіндік құрылысқа шығыстар	056
57.	Өзге де шығыстар	057

РҚАО-ның ескертуі: 130.01-130.28 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (140.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 121-бабына сәйкес қызмет атқаратын әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын және мынадай шарттарға сәйкес келетін ұйымдардың кірістерін мәлімдеуге арналған корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін көздейді:

1) салық кезеңі үшін мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санынан кемінде 51 пайызды болатын;

2) салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 пайыздың (есту,

сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда - кемінде 35 пайыз) құрайтын ұйымдар жатады.

Жоғарыда аталған шарттарға сәйкес келетініне қарамастан акцизделетін тауарларды өндіру мен сату бойынша қызметтен және қызметтің акциздік түрлерінен кірістер алатын ұйымдар салық салудың осы тәртібін қолданбайды және 100.00 нысаны бойынша корпорациялық табыс салығы бойынша декларация тапсырады.

2. Декларация Декларацияның өзінен (140.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (140.01 - 140.11 нысандары) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияларды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша(-лар) және (немесе) қосымша нысан(-дар) тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалар мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша(-лар)дың және (немесе) қосымша нысан(-дар)дың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияны "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (140.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің (салық агенті, салымшы, төлеуші) атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер Декларация алғаш рет берілгенде белгіленеді:

салық төлеушіні мемлекеттік тіркеуден кейін;

акцизделетін тауарларға байланысты қызметті жүзеге асыруды бастағаннан кейін;

қосымша құн салығы төлеушісі ретінде тіркелгеннен кейін.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның

негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

"Тарату" торкөзі салық төлеушіні таратқан (қайта құрған), кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеуші жылдық Декларацияны тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандар. Берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандардың торкөздері және берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандардың саны белгіленеді;

9) "А" торкөзінде есепті салық кезеңі үшін қызметкерлер мен мүгедек қызметкерлердің саны және мүгедек қызметкерлердің жалпы қызметкерлер санындағы үлесі көрсетіледі;

"В" торкөзінде есепті салық кезеңі үшін қызметкерлер мен мүгедек қызметкерлердің (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар осы мүгедек қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстарды көрсетеді және тиісті торкөзді белгілейді) еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі;

акцизделетін тауарлар мен қызметтің акцизделетін түрлерін өндіру және сату бойынша қызметін жүзеге асыратын ұйымды растау "С" торкөзінде белгіленеді;

Декларацияда көрсетілген өз қызметін жүзеге асыруға кірістерді жіберетін ұйымды растау "D" торкөзінде белгіленеді;

егер ұйым есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған болған жағдайда "Е" торкөзі белгіленеді.

14. "Кірістер" бөлімінде:

1) 140.00.001 жолына 140.01.001С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 140.00.002 жолына 140.02.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 140.00.003 жолына Салық кодексінің 83-бабымен айқындалған және міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Осы жол бойынша тарату декларациясын жасау кезінде заңды тұлғаны тарату кезінде кредиторлық берешекті есептен шығарудан алынған кіріс көрсетіледі;

4) 140.00.004 жолына 140.03.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 140.00.005 жолында егер сома Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 12) тармақшаға сәйкес айқындалған бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, сот тағайындаған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімдер және санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

6) 140.00.006 жолына 140.04.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 140.00.007 жолына 140.05.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 140.00.008 жолына 140.06.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 140.00.009 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 18) тармақшаға сәйкес айқындалған ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 140.00.010 жолында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 4) тармақшаға сәйкес айқындалған грант түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

11) 140.00.011 жолында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес айқындалған қайырымдылық көмегі түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

12) 140.00.012 жолында өтеусіз берілген мүлік түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

13) 140.00.013 жолында өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдықтар түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

14) 140.00.014 жолында 140.00.001 - 140.00.013 жолдарында ескерілмеген басқа да кірістер көрсетіледі;

15) 140.00.015 жолында кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 140.00.001 - 140.00.014 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

15. Салық төлеушінің жауапкершілігі:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы

3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) Декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түскен кіріс - 140.01 нысанын жасау

16. Осы нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірісті айқындауға арналған.

17. "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату" бөлімінде.

18. 140.01.001 жолы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады.

19. 140.01.001С жолының шамасы 140.00.001 жолына көшіріледі.

20. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

21. 140.01.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық төлеуші ЭҚЖЖ сәйкес жүзеге асыратын қызмет түрлері көрсетіледі. Бұл ретте, салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша әрбір жолда тиісті топты (классты) көрсетеді;
- 3) С бағанында есепті салық кезеңінің ішінде сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген түзету сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағындағы 4) тармақшаға сәйкес егер сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін төлем шарты жағдайларымен шетел валютасындағы белгілі сомаға тең сомада жүргізілсе, оларды төлеу кезінде сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны түзетуге жатады;
- 5) E бағанында аталған өзгерістер болған сол салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізілетін жүргізілген түзетуден кейін сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. С және D бағандары сомасы ретінде айқындалады. Түзету болмаған жағдайда E бағанына C бағанында көрсетілген деректер көшіріледі.

140.01.001 жолына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 140.01.001A жолына, D бағаны - 140.01.001B жолына, E бағаны - 140.01.001C жолына көшіріледі.

22. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен алынатын кіріс - 140.02 нысанын жасау

23. Осы нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімімен алынатын кірісті айқындауға арналған.

24. "Негізгі құралдарды сату" бөлімінде:

140.02.001 жолы негізгі құралдарды сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

25. "Материалдық емес активтерді сату" бөлімінде:

140.02.002 жолы материалдық емес активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

26. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 140.02.003 жолы борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 140.02.004 жолы борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

27. "Барлығы" бөлімінде:

140.02.005 жолында 140.02.001 - 140.02.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (кірісті алу кезінде) негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен алынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

28. 140.02.005 жолының шамасы 140.00.002 жолына көшіріледі.

29. Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

30. 140.02.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сатылған негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында негізгі құралдардың теңгермелік құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында аталған объектілердің сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және C бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар Е бағанының жиынтық шамасын айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 140.02.001 жолына көшіріледі.

31. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

32. 140.02.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сатылған материалдық емес активтердің атауы көрсетіледі;

- 3) С бағанында материалдық емес теңгермелік құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында материалдық емес активтердің сату құны көрсетіледі;
- 5) E бағанында D және C бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудың кірісі (залалы) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар E бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 140.02.002 жолына көшіріледі.

33. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

34. 140.02.003 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;
- 3) C бағанында бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;
- 5) E бағанында D және C бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудың кірісі (залалы) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар E бағанының жиынтық шамасын айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.003 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 140.02.003 жолына көшіріледі.

35. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

36. 140.02.004 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында сатылатын борыштық бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;
- 3) C бағанында борыштық бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;
- 4) D бағанында борыштық бағалы қағаздардың айналыс мерзімі (күн) көрсетіледі;
- 5) E бағанында борыштық бағалы қағаздардың атаулы құны көрсетіледі;
- 6) F бағанында купон сомасын енгізетін, құн бойынша сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін, құн бойынша сатып алынған борыштық бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген, купон сомасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанында борыштық бағалы қағаздардың сатып алынған күні көрсетіледі;

8) H бағанында E және F бағандары сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын дисконттың немесе сыйақының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін оларды сату кезіндегі сатып алушыдан алынған купон ескерілмей борыштық бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілмеген купон сомасы 140.05.002 жолына қосымша нысандағы G бағанындағы тиісті жолдарда көрсетіледі;

10) J бағанында борыштық бағалы қағаздардың сатылған күні көрсетіледі;

11) K бағанында былай есептелетін борыштық бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі:

$K=(H/D) \times (J- G)$, мұнда

(J-G) - борыштық бағалы қағазды иелену кезеңіндегі күн саны;

12) L бағанында $L=(I-F+K)$ формуласы бойынша айқындалатын борыштық бағалы қағаздарды сатудың кірісі (залалы) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар L бағанының жиынтық шамасын айқындау кезінде салық салу мақсатында ескерілмейді.

140.02.004 жолына қосымша нысан L бағанының жиынтық шамасы 140.02.004 жолына көшіріледі.

37. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Мүлікті жалға беруден алынған кірістер - 140.03 нысанын жасау

38. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 5) тармақшаға сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары аумақтарда да мүлікті жалға беруден кірістерді айқындауға арналған.

39. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

140.03.001 нысаны мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

40. 140.03.001 жолының шамасы 140.00.004 жолына көшіріледі.

41. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

42. 140.03.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында жалға беруші жалға берген мүліктің түрі көрсетіледі;

3) С бағанында салық төлеуші жалға алушының тіркеу нөмірі көрсетіледі/осы Ережелердің 67-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды;

4) D бағанында жалға алу шартының нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуы тиіс (алған) жал төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары аумақта мүлік үшін жал төлемін алса (алуға жататын), онда E бағанында салық сомасын қоса алғанда , есептелген жал төлемінің сомасы көрсетіледі.

140.03.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 140.03.001 жолына көшіріледі.

43. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

6. Дивидендтер - 140.04 нысанын жасау

44. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 15) тармақшаға сәйкес салық төлеушінің Қазақстан Республикасында да, одан тысқары аумақта да алған дивидендтер түріндегі кірісін айқындауға арналған.

Дивидендтер оларды төлеу нысанына қарамастан Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 6) тармақшаға сәйкес айқындалатын кіріс болып табылады.

45. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 140.04.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінде алынған дивидендтер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 140.04.002 жолы Қазақстан Республикасынан тысқары аумақта алынған дивидендтер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 140.04.003 жолы 140.04.001 және 140.04.002 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық төлеуші алған дивидендтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

46. 140.04.003 жолының шамасы 140.00.006 жолына көшіріледі.

47. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

48. 140.04.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында одан дивидендтер алынған заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында дивидендтер төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында дивидендтердің төлем көзінен корпорациялық табыс салығының ұсталғаны растаушы құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтер төлеген заңды тұлға береді;

5) E бағанында растаушы құжаттар болған жағдайда, ұсталған салық сомасын қоспағанда, алынған дивидендтер сомасы көрсетіледі.

140.04.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 140.04.001 жолына көшіріледі.

49. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

50. 140.04.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында одан дивидендтер алынған заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген заңды тұлғаның осы Ережелердің 67-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында дивидендтерді төлем көзінен табыс салығының (кіріс салығы) ұсталғаны туралы растаушы құжатты беру нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтерді төлеген заңды тұлға береді;

5) E бағанында ұсталған салықты қоса алғанда, дивидендтердің төленген сомасы көрсетіледі.

140.04.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 140.04.002 жолына көшіріледі.

51. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

7. Сыйақылар - 140.05 нысанын жасау

52. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 16) тармақшаға сәйкес салық төлеушінің Қазақстан Республикасында да, одан тысқары аумақта да алынуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірісін айқындауға арналған. Сыйақы Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 2) тармақшаға сәйкес айқындалатын кірістер болып табылады.

53. "Активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

140.05.001 жолы борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ резидент еместерден сыйақы сомасы бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақыларды қоспағанда активтер бойынша сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

54. "Борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

140.05.002 жолы борыштық бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

55. "Резидент еместерден сыйақы" бөлімінде:

140.05.003 жолы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

56. "Барлығы" бөлімінде:

140.05.004 жолы 140.05.001А, 140.05.002С және 140.05.003 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

57. 140.05.004 жолының шамасы 140.00.007 жолына көшіріледі.

58. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

59. 140.05.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сыйақы түрлері көрсетіледі;
- 3) С бағанында одан сыйақы алынған заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында төлем көзінен корпорациялық табыс салығын ұстау туралы растаушы құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжат сыйақы төлеген заңды тұлғаға беріледі;
- 6) F бағанында төлем көзінен ұсталатын, корпорациялық табыс салығының сомасын ескеріп, есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында осы салық ұсталғанын растайтын құжаттар болған жағдайда, салық төлеушіге сыйақыны төлеу кезінде ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

140.05.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 140.05.001А жолына, G бағаны - 140.05.001В жолына көшіріледі.

60. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

61. 140.05.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 8) тармақшасына сәйкес берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанында одан сыйақы алынған (алынуға жататын) заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында сыйақыны төлем көзінен корпорациялық табыс салығының ұсталғаны туралы растау құжатын берудің нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақы төлеген заңды тұлға-эмитент береді;
- 6) F бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында дисконт немесе сыйақы есебінсіз есептелген купон сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында төлем көзінен эмитет ұстаған корпорациялық табыс салығының сомасын ескеріп сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. G және F бағандарының сомасы ретінде айқындалады;
- 9) I бағанында осы салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар болса, Салық кодексінің 131-бабының 1-тармағындағы 6) тармақшаға сәйкес салық төлеушіге төленуі тиіс (төленген) купон түріндегі сыйақы сомасынан эмитет ұстаған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

140.05.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 140.05.002A жолына, G бағаны - 140.05.002B жолына, H бағаны - 140.05.002C жолына, I бағаны - 140.05.002D жолына көшіріледі.

62. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

63. 140.05.003 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары алынуға жататын (алынған) төленетін сыйақы түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанында одан сыйақы алынған резидент емес - заңды тұлғаның толық атауы, резидент емес жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 4) D бағанында С бағанында көрсетілген тұлғаның осы Ережелердің 86-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында сыйақыны төлем көзінен корпорациялық табыс салығының (кіріс салығы) ұсталғаны туралы растаушы құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақы төлеген заңды тұлға береді;

6) F бағанында сыйақы төлем көзінде ұсталған табыс салығының сомасын қоса алғанда (кіріс салығы), резидент еместің есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі.

140.05.003 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 140.05.003 жолына көшіріледі.

64. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

8. Бағамдық айырма - 140.06 нысанын жасау

65. Осы нысан Салық кодексі 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілуі тиіс оң бағамдық сомасын айқындауға арналған.

66. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

140.06.001 жолы есепті салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырмалардың жалпы сомалары туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

67. "Бағамдық айырманы есептеу" бөлімінде:

1) 140.06.002A жолы 140.06.001A және 140.06.001B жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуін көрсетуге арналған;

2) 140.06.002B жолы 140.06.001A және 140.06.001B жолдарының теріс айырмасы ретінде айқындалатын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуін көрсетуге арналған.

68. 140.06.002A жолының шамасы 140.00.008 жолына көшіріледі.

69. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

70. 140.06.001 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында нәтижесінде бағамдық айырма құралған шетелдік валютадағы операциялардың атауы көрсетіледі:

валюталық шоттар бойынша;

валюталық несиелер бойынша;

сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар бойынша;

өзге де операциялар бойынша;

С бағанында есепті салық кезеңі ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған, оң бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

Д бағанында есепті салық кезеңі ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған, теріс бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

140.06.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 140.06.001А жолына, Д бағаны-140.06.001В жолына көшіріледі.

71. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

9. Бухгалтерлік теңгерме - 140.07 нысанын жасау

72. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

73. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

10. Кірістер және шығыстар туралы есеп беру - 140.08 нысанын жасау

74. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

75. "Көрсеткішітер" бөлімінде:

140.08.001 - 140.08.016 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл ретте, 140.08.001 - 140.08.003 жолдары қосымша нысан негізінде толтырылады.

76. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

77. 140.08.001, 140.08.002, 140.08.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі көрсетіледі;

3) С бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кіріс көрсетіледі;

4) Д бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны көрсетіледі;

5) Е бағанында С және D бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын жиынтық кіріс көрсетіледі.

140.08.001, 140.08.002, 140.08.003 жолдарына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 140.08.001 жолына, D бағаны - 140.08.002 жолына, Е бағаны - 140.08.003 жолына көшіріледі.

78. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 140.09 және 140.10 нысандарын жасау

79. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

80. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

12. Резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленетін Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын табыстар - 140.11 нысанын жасау

81. Осы нысан Қазақстан Республикасында тұрақты мекемемен байланысты емес заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын кірістерінің және Салық кодексінің 179 , 187 , 198-201-1 -баптарына сәйкес есептелген төлем көзінен алынатын осындай кірістерден табыс салығының сомаларын айқындауға арналған.

82. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 140.11.001 жолы резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға салық кезеңінің басында төленбеген кірістердің сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

2) 140.11.002 жолы резидент еместерге салық кезеңі үшін есептелген кірістердің сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

3) 140.11.003 жолы резидент еместерге салық кезеңі үшін есептелген кіріске салынатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

4) 140.11.004 жолы резидент еместерге салық кезеңі үшін төленген және (немесе) төленбеген, бірақ алдыңғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша салық агенті декларацияда шегерімге жатқызған кірістердің сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

5) 140.11.005 жолы Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға жататын резидент еместерге төленген кірістерге салынатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

6) 140.11.006 жолы резидент еместерге төленбеген, бірақ алдыңғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша салық агенті декларацияда шегерімге жатқызған, Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға жататын кірістерге салынатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

7) 140.11.007 жолы Салық кодексінің 198-бабына сәйкес салық кезеңі үшін шартты банктік салымға аударылған табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады.

83. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

84. 140.11 қосымшасына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 87-тармағына сәйкес резидент еместің Салық кодексінің 178-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кіріс түрінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында салық кезеңінің басында резидент еместердің төленбеген кірістерінің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында салық кезеңі үшін есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында есептелген кірістерге салынатын табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында салық кезеңі үшін төленген кірістердің және (немесе) төленбеген кірістердің, бірақ алдыңғы салық кезеңінің қорытындысы бойынша салық агенті декларацияда шегерімге жатқызған кірістердің сомалары көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 1) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға жататын, салық кезеңі үшін төленген резидент еместердің кірістеріне салынатын табыс салығы көрсетіледі;

8) H бағанында төленбеген, бірақ салық агенті шегерімге жатқызған, Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағындағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға

жататын резидент еместердің төленбеген кірістеріне салынатын табыс салығының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 198-бабына сәйкес салық кезеңі үшін шартты банктік салымға орналастырылған табыс салығы көрсетіледі.

140.11 қосымшаға қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 140.11.001 жолына, D бағаны - 140.11.002 жолына, E бағаны - 140.11.003 жолына, F бағаны - 140.11.004 жолына, G бағаны - 140.11.005 жолына, H бағаны - 140.11.006 жолына, I бағаны - 140.11.007 жолына көшіріледі.

85. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

13. Елдердің және кіріс түрлерінің кодтары

86. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

87. Декларацияны толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуы пайдаланылсын:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан кірістер;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден кірістер;

1020 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті өткізу кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1022 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент - заңды тұлғаның консорциум немесе мүлікте қатысу үлесін өткізу кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1030 - резиденттерге қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер;

1031 - резидент еместердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекемелер арқылы қызметіне байланысты қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер;

1040 - резиденттердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды

жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - Қазақстан Республикасында осындай резидент еместердің қызметтері барысында туындаған резидент еместердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент-заңды тұлғадан түсетін дивидендтер нысанындағы кірістер;

1060 - резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1070 - эмитент-резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы кірістер;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы эмитент-резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1080 - резиденттерден алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1081 - резидент еместен Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметіне байланысты алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүлкінен алынатын кірістер;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен түсетін кірістер;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен кірістер;

1131 - Қазақстан Республикасында өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен кірістер;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындау орны маңызды емес;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруына байланысты төленетін үстемелер;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы кірістер, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін кірістер;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған кірістер;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы кірістер, осындай мүліктен кірістерді, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы кірістерді қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан кірістер;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан кірістер;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған кірістер;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын кірістер;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын кірістер;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын кірістер;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кірістердің шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кірістер;

1350 - Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да кірістер.

РҚАО-ның ескертуі: 140.00-140.11 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережелері (150.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қызметтің айрықша түрі мыналар болып табылатын және Салық

кодексінің 121-бабына сәйкес қызмет атқаратын әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың корпорациялық табыс салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды:

1) косметологиялық қызметтерді қоспағанда, медициналық қызмет көрсету;

2) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; бастауыш, негізгі, орта, қосымша жалпы білім беру; білім беру; бастауыш, орта, жоғары және жоғары орта оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру; қызметтің осы түрлерін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласында қызмет көрсету;

3) ғылым, спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық шараларынан басқа), мәдениет (шоу-бизнесті қоспағанда) саласында қызмет, тарихи және мәдени мұраны, мұрағаттық құндылықтарды сақтау бойынша, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді қорғау және оларды әлеуметтік қамсыздандыру саласында қызмет көрсету;

4) кітапхана қызметін көрсету.

2. Декларация Декларацияның өзінен (150.00 нысаны) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (150.01 - 150.04 нысандары) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, кара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияларды толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша(-лар) және (немесе) қосымша нысан(-дар) тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша(-лар)да және (немесе) қосымша нысан(-дар) толтыруға жатады.

8. Қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалар мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша(-лар)дың және (немесе) қосымша нысан(-дар)дың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияны "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" алу белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (150.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің (салық агенті, салымшы, төлеуші) атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларацияның түрі. Осы тор көздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеушілер ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген декларацияларға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" торкөзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

Тарату (қайта құру) жағдайында "Тарату" торкөзі белгіленеді. Егер салық төлеуші Декларацияны Салық кодексінің 136-бабының

4-тармағына сәйкес берсе, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - көшірме күні.

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандар. Берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандардың торкөздері және берілген қосымшалар мен (немесе) қосымша нысандардың саны белгіленеді;

9) ұйым мынаны растауда:

әлеуметтік салада қызметін жүзеге асырады, тиісті торкөз белгіленеді және Салық кодексінің 121-бабының 1-тармағының ережелеріне сәйкес ұйымның қызмет түрін көрсетеді;

қызметтің аталған түрін жүзеге асыруға кірістерді бағыттайды, тиісті торкөз белгіленеді.

14. "Негізгі қызметтен кірістер" бөлімінде:

1) 150.00.001 жолында Салық кодексінің 81-бабына сәйкес айқындалатын, қызметтің аталған түрінен кірістерді салық төлеуші алуға жататын (алынған) жалпы сома көрсетіледі;

2) 150.00.002 жолында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 4) тармақшасына сәйкес айқындалған грант түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

3) 150.00.003 жолында Салық кодексінің 10-бабындағы 1-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған қайырымдылық көмегі түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

4) 150.00.004 жолында өтеусіз алынған мүлік түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

5) 150.00.005 жолында өтеусіз негіздегі аударымдар мен қайырмалдықтар түрінде алынған кіріс көрсетіледі;

6) 150.00.006 жолында негізгі қызметтен алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.00.001 - 150.00.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

15. "Негізгі емес қызметтен кірістер" бөлімінде:

1) 150.00.007 жолында Салық кодексінің 81-бабына сәйкес айқындалатын негізгі емес қызмет түрлері бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан салық төлеушімен алынуға жататын (алынған) кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 150.00.008 жолында Салық кодексінің 82-бабына сәйкес айқындалатын негізгі емес қызмет түрлері бойынша негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және бағалы қағаздарды сату кезіндегі құнның өсуінен жалпы кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 150.00.009 жолында Салық кодексінің 83-бабына сәйкес айқындалатын міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Тарату Декларациясын жасау кезінде осы жол бойынша, сонымен бірге заңды тұлғаны тарату кезінде кредиторлық қарызды есептен шығарудан алынған кірістер көрсетіледі;

4) 150.00.010 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жалдық шартқа орай жалға берушімен алынуға жататын (алынған) жалдық төлем сомасы көрсетіледі;

5) 150.00.010 жолында бюджеттен қайтарылғаннан басқа сот үкімі шығарылған немесе айыппұлдар, өсімдер және санкциялардың басқа да түрлерімен борышқор деп мойындалған сома көрсетіледі, егер бұл сома Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылмаған болса;

6) 150.00.012 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес төлем көзінде ұсталған корпоративтік табыс салығын есепке ала алынған дивидендтер сомасы көрсетіледі;

7) 150.00.013 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес төлем көзінде ұсталған корпоративтік табыс салығын есепке ала есептелген сыйақылардың сомасы көрсетіледі;

8) 150.00.014 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілуге жататын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі көрсетіледі;

9) 150.00.015 жолында Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 150.00.016 жолында Салық кодексінің 80-бабына сәйкес айқындалатын жылдық жиынтық табысқа енгізілетін негізгі емес қызметтен салық төлеушінің басқа да кірістері көрсетіледі;

11) 150.00.017 жолында 150.00.001-150.00.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын негізгі емес қызметтен алынған жалпы кірістер сомасы көрсетіледі.

16. "Кірістердің барлығы" бөлімінде:

1) 150.00.018 жолында салық төлеушімен алынған және 150.00.006-150.00.017 жолдарын қосумен айқындалатын жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 150.00.010 жолында 150.00.006 және 150.00.018 жолдарының қатынасы ретінде айқындалатын жалпы кірістер сомасындағы негізгі емес қызметтен кірістер сомасының үлес салмағы көрсетіледі.

17. Салық төлеушінің жауапкершілігі:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы

3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) Декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Бухгалтерлік теңгерме - 150.01 нысанын жасау

18. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Кірістер және шығыстар туралы есеп беру - 150.02 нысанын жасау

20. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

21. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

150.02.001 - 150.02.016 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл ретте, 150.02.001 - 150.02.003 жолдары қосымша нысан негізінде толтырылады.

22. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

23. 150.02.001, 150.02.002, 150.02.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі көрсетіледі;

3) С бағанында бухгалтерлік есеп бойынша В бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кіріс көрсетіледі;

4) D бағанында бухгалтерлік есеп бойынша B бағанында көрсетілген қызметтің түрлері бөлшегіндегі сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны көрсетіледі;

5) E бағанында C және D бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын жиынтық кіріс көрсетіледі.

150.02.001, 150.02.002, 150.02.003 жолдарына қосымша нысан C бағанының жиынтық шамасы 150.02.001 жолына, D бағаны - 150.02.002 жолына, E бағаны - 150.02.003 жолына көшіріледі.

24. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Ақша қозғалысы туралы есеп беру - 150.03 және 150.04 нысандарын жасау

25. Осы нысанды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін дайындалған бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеуші жасайды.

26. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 150.00-150.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен
бекітілген

Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация жасау ережесі (160-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 282-бабы 2 және 3 тармақтарына сәйкес салық режимі белгіленген жер қойнауын пайдалануға

арналған келісім-шартқа немесе өнімді бөлу туралы келісім-шартқа (жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт) сәйкес қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (160-нысан) және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілер туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (160.01-ден 160.31 нысандар бойынша) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, тазартуға, былғауға жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысанның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшада(ларда) және (немесе) қосымша нысанда(дарда) көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша(лар) және (немесе) қосымша нысан(дар) берілмейді.

7. Тиісті қосымшада(ларда) және (немесе) қосымша нысанда(дар) көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша(лар) және (немесе) қосымша нысан(дар) толтыруға жатады.

8. Қосымшаның немесе қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның немесе қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың және (немесе) қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде тиісті қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымның хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (160.00 нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларацияның түрі.

Осы торкөздер 69 және 71-баптарға сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт жасалғаннан кейін алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған) жағдайда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеуші

жылдық Декларация берген жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарттар" торкөзі бір жылдан аса қолданыс мерзімі бар тауарларды жөнелтуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған келісім-шарты болған жағдайда белгіленеді;

6) хабарлама нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация берген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) резидент емес. Декларацияны резидент емес берген жағдайда белгіленеді;

10) келісім-шарт нөмірі мен жасалған күн. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасау күні;

11) резидентте Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің болуы. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесі бар резидент белгілейді.

14. Салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне салық төлеуші қолданатын салық заңнамасына және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес айқындалатын салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері енгізіледі.

15. "Жылдық жиынтық кіріс" бөлімінде:

1) 160.00.001 жолына 160.01.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 160.00.002 жолына 160.02.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 160.00.003 жолына кредиторлардың салық төлеушінің міндеттемелерін есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Осы жолда салық төлеушіні тарату кезінде тарату теңгермесін бекіту сәтіне кредиторлар талап етпеген міндеттемелер де көрсетіледі;

4) 160.00.004 жолына 160.03.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 160.00.005 жолына 160.04.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 160.00.006 жолында берешек талабына жол беруден салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

7) 160.00.007 жолында кәсіпкерлік қызметін шектеу немесе тоқтатуға келісім үшін салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 160.00.008 жолына 160.17.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 160.00.009 жолына 160.05.001D немесе 160.05.002C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 160.00.010 жолында жалпы үлестік меншіктен кірісті бөлу кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

11) 160.00.011 жолында егер бұл сома бұрын шегерімге жатқызылмаған болса, бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдар, бюджеттен қайтарылғандардан басқа, сот тағайындаған немесе борышкер деп танылған айыппұлдар, өсімдер мен санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

12) 160.00.012 жолына 160.04.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 160.00.013 жолына 160.04.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындау жағдайында ізгілік көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде республикалық мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік органнан немесе республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан өтеусіз негізде алған негізгі құралдардың құны, егер аталғандар жер қойнауын пайдаланушы салық төлеушінің салық режимінде көзделген жағдайда 160.00.024E және 160.00.024F жолдары бойынша жылдық жиынтық кірістен алып тастауға жатады;

14) 160.00.014 жолына 160.04.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 160.00.015 жолына 160.22.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 160.00.016 жолына 160.06.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 160.00.017 жолына 160.07.001A немесе 160.07.002A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

18) 160.00.018 жолында салық төлеуші алуға жататын (алған) ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

19) 160.00.019 жолында роялти түріндегі салық төлеуші алуға жататын (алған) кіріс көрсетіледі;

20) 160.00.020 жолында әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған шығыстардан кірістердің асу сомасы көрсетіледі;

21) 160.00.021 жолына 160.19.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі, егер аталған жол бойынша теріс мән болған жағдайда;

22) 160.00.022 жолына 160.04.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

23) 160.00.023 жолында 160.00.001 - 160.00.022 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Жылдық жиынтық кірісті түзету" бөлімінде:

1) 160.00.024 жолында 160.00.024А - 160.00.024L жолдарының сомаларын қосу арқылы айқындалатын Салық кодексінің 91-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірісті түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 160.00.025 жолында 160.00.023 және 160.00.024 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын түзетулерді ескере отырып жылдық жиынтық кіріс сомасы көрсетіледі.

17. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 160.00.026 жолына 160.09.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 160.00.027 жолына 160.10.008 және 160.10.019 жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 160.00.028 жолына 160.15.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 160.00.029 жолына 160.15.004В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 160.00.030 жолына 160.05.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 160.00.031 жолына 160.13.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 160.00.032 жолына 160.12.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 160.00.033 жолына 160.16.015С, 160.16.019 және 160.16.020 жолдарының қосындысымен айқындалатын сома көшіріледі;

9) 160.00.034 жолына 160.07.001В немесе 160.07.002В жолдарында көрсетілген сома көшіріледі. Салық режимі салық салу мақсатында бағамдық айырманы ескеруді көздемейтін салық төлеушілер, аталған жолды толтырмайды;

10) 160.00.035 жолында жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта көзделген салық режиміне сәйкес есептелген шектерде бюджетке төленген салықтардың сомасы көрсетіледі;

11) 160.00.036 жолына 160.13.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 160.00.037 жолында 160.00.037А - 160.00.037І жолдарының сомасын қосумен айқындалатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстар мен басқа да шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

13) 160.00.037А жолына 160.17.004F және 160.17.008С жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 160.00.037В жолына 160.17.005F жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 160.00.037С жолына 160.18.001В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 160.00.037D жолына 160.17.004J және 160.17.005Н жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

17) 160.00.037Е жолына 160.17.004I және 160.17.005G жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

18) 160.00.037F жолына 160.13.003В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

- 19) 160.00.037G жолына 160.17.004G, 160.17.007I жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;
- 20) 160.00.037H жолына 160.17.008D жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 21) 160.00.037I жолына 160.17.009C жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 22) 160.00.038 жолында шегерімге жатқызылатын сома көрсетіледі. Осы жолға 160.00.038B жолда көрсетілген сома көшіріледі. Егер осы жолды салық төлеуші толтырмаған жағдайда, 160.00.038A жолда көрсетілген сома көшіріледі;
- 23) 160.00.038A жолында 160.00.026 бастап 160.00.037 дейінгі жолдарының қосындысымен айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 24) 160.00.038B жолын Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелері бар резиденттер толтырады. Аталған жол бойынша сома 160.00.038A және 160.11.002 жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалады.
18. "Салық салынатын кіріс есебі" бөлімінде:
- 1) 160.00.039 жолында 160.00.025 және 160.00.038 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кірістің (залалдың) сомасы көрсетіледі;
- 2) 160.00.040 жолына 160.23.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 3) 160.00.041 жолында 160.00.041A және 160.00.041B жолдарын қосумен айқындалатын халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірістің (залалдың) сомасы көрсетіледі;
- 4) 160.00.041A жолына 160.19.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 5) 160.00.041B жолына 160.24.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 6) 160.00.042 жолында 160.00.039, 160.00.040 және 160.00.041 (160.00.039 + 160.00.040 - 160.00.041) жолдары сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кірістің (залалдың) жиынтық сомасы көрсетіледі;
- 7) 160.00.043 жолында, 160.00.042 жолында залал алынған кезде, Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес көшіруге жатпайтын, Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеуші алған залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, егер 160.00.037C жолы бойынша сома 160.00.039 жолының сомасынан астам немесе тең болса, онда 160.00.043 жолында 160.00.039 жолында көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 160.00.037C жолы бойынша сома 160.00.039 жолы бойынша сомадан аз болса, 160.00.043 жолына 160.00.037C жолының сомасы көшіріледі;
- 8) 160.00.044 жолында кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын (160.00.042 - 160.00.043 + 160.02.002) үй-жайларды, ғимараттар мен құрылыстарды сату кезінде алынған залал сомасынан қалыптасқан және көшіруге жатпайтын залал сомасына азайтылған есепті салық кезеңінің нәтижелері бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған көшіруге жататын залал сомасы көрсетіледі;

9) 160.00.045 жолында 160.00.046A, 160.00.046B, 160.00.046C, 160.00.046D жолдары бойынша оны шығыстар сомасына түзету жасаған кездегі салық салынатын кірістен шекті процент көрсетіледі.

Салық кодексінің 122-бабына сәйкес осы жолда жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа қол қойылған (жасалған) күнге қолданыста болған салық заңнамасына байланысты 2 пайыз немесе 3 пайыз көрсетілуге тиіс;

10) 160.00.046 жолында $160.00.042 \times 160.00.045 + (160.00.046E \text{ бастап } 160.00.046F \text{ дейінгі сома}) - 160.00.046G$) сомаларының шегінде Салық кодексінің 122-бабына сәйкес (160.00.046A бастап 160.00.046D дейінгі сома) салық салынатын кірістен (кіріске) алынып тастайтын (енгізілетін) шығыстардың (кірістердің) жалпы сомасы көрсетіледі;

11) 160.00.046A жолында Салық кодексінің 122-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес әлеуметтік сала объектілерін ұстап тұруға нақты шеккен шығыстар сомасы көрсетіледі;

12) 160.00.046B жолына 160.14.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 160.00.046C жолына 160.14.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 160.00.046D жолында Салық кодексінің 122-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке тұлғаларға берілетін атаулы әлеуметтік көмектің сомасы көрсетіледі;

15) 160.00.046E жолын мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолда Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

16) 160.00.046F жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасы көрсетіледі;

17) 160.00.046G жолында Салық кодексінің 122-бабының 5-тармағына сәйкес пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін тіркелген активтерді сату кезінде Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі. Бұл жолда пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін технологиялық жабдықтарды сату кезінде аталған жабдықтардың шегерімге жатқызылған сомасы көрсетіледі.

Егер 160.00.046A - 160.00.046D жолдарында көрсетілген шығыстардың нақты сомасы салық салынатын кірістен үш (екі) процентінен кемінің сомасын құраса (160.00.042), онда салық салынатын кірістен алып тастауға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы жатады. Егер сома салық салынатын кірістен үш (екі) проценттен астам құраған жағдайда, онда салық салынатын кірістің үш (екі) проценттері мөлшерінде айқындалған сома алып тастауға жатады;

18) 160.00.047 жолында бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залал сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 160.13.004 жолында айқындалған залал сомасы көшіріледі;

19) 160.00.048 жолында 160.00.042, 160.00.046 және 160.00.047 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын шеккен залалдар мен түзетулерді ескеріп салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 160.00.044 жолында көрсетілген сома бұрынғы екі жолдың айырмасынан үлкен болса, онда осы жолдың шамасы теріс болады. Алынған сома 160.21.001 жолына көшіріледі.

19. "Салық міндеттемелерінің есебі" бөлімінде:

1) 160.00.049 жолында 160.21.002 жолында айқындалған есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 160.00.050 жолында 160.21.006 жолында айқындалған таза кіріске салық сомасы көрсетіледі;

3) 160.00.051 жолында 160.21.003 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші жүргізген есептің сомасы көрсетіледі;

4) 160.00.052 жолында 160.21.007 жолында айқындалған есепті салық кезеңі үшін есептелген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 160.00.053 жолы толтырылуға жатпайды;

6) 160.00.054 жолы толтырылуға жатпайды;

7) 160.00.055 жолы толтырылуға жатпайды.

20. "Басқа да ақпарат" бөлімінде:

160.00.056 жолына 160.26.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

21. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ ол салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) Декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі ;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан

Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістер - 160.01 нысанын жасау

22. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың ережелеріне сәйкес тауарларды жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірісті айқындауға арналған.

23. "Пайдалы қазбаларды, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату" бөлімінде:

1) 160.01.001 жолы пайдалы қазбаларды сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 160.01.002 жолы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 160.01.003 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші сатқан пайдалы қазбалардың және тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жалпы құнын көрсетуге арналған. 160.01.001С және 160.01.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

24. 160.01.003 жолының шамасы 160.00.001 жолына көшіріледі.

25. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

26. 160.01.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында өткізілген пайдалы қазбалардың бірінші тауарлы өнімінің атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында есепті салық кезеңнің ішінде өткізілген пайдалы қазбалардың құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың ережелеріне сәйкес пайдалы қазбаларды өткізуден алынған кірісті түзету сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында аталған өзгерістер болған сол салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізілетін, жүргізілген түзетуден кейін сатылған пайдалы қазбалардың құны көрсетіледі. С және D бағандарының сомасы ретінде айқындалады. Түзету болмаған жағдайда Е бағанына С бағанында көрсетілген деректер көшіріледі.

160.01.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 160.01.001А жолына, D бағаны - 160.01.001В жолына, Е бағаны 160.01.001С жолына көшіріледі.

27. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

28. 160.01.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында ЭҚЖЖ сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызметтің түрлері көрсетіледі. Бұл ретте, салық төлеуші қызметтің жүзеге асырылатын түрлері бойынша әр жол бойынша тиісті топты (класты) көрсетеді;
- 3) С бағанында есепті салық кезеңінде өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден алынған кірісті түзету сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында жүргізілген түзетуден кейін өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. С және D бағандарының сомасы ретінде айқындалады.

160.01.002 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 160.01.002А жолына, D бағаны - 160.01.002В жолына, Е бағаны 160.01.002С жолына көшіріледі.

29. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс - 160.02 нысанын жасау

30. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың ережелеріне сәйкес үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қажеті үшін сатып алынған активтерден басқа амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірісті айқындауға арналған.

31. "Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс" бөлімі үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс сомаларын айқындауға арналған.

32. "Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату" бөлімінде:

1) 160.02.001 жолында үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 160.02.002 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 160.02.003 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

33. "Амортизацияға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

160.02.004 жолы үй-жайлар, ғимараттарды, құрылыстар мен бағалы қағаздарды қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

34. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 160.02.005 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде сату күнінде орналасқан акцияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 160.02.006 жолы берешек бағалы қағаздардан басқа, өзге бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 160.02.007 жолы "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде сату күнінде орналасқан облигацияларды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық

сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 160.02.008 жолы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

5) 160.02.009 жолы басқа берешек бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 160.02.010 жолы Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес немесе қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес бұрынғы салық кезеңінен көшірілген "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде сату күнінде орналасқан акциялар мен облигацияларды қоспағанда, бағалы қағаздарды сатудан залал сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 160.02.011 жолы 160.02.010 жолының сомасына азайтылған 160.02.006, 160.02.008, 160.02.009 жолдарының сомасы мен (немесе) әртүрлілігі (кіріс немесе залалға қарай) ретінде айқындалатын шеккен залалдар сомасын ескеріп "А" және "В" қор биржасының ресми тізімінде сату күнінде орналасқан акциялар мен облигациялардан басқа, бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) сомасын көрсетуге арналған.

35. "Барлығы" бөлімінде:

160.02.012 жолында үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар сату кезінде қосылған құн өсуінен кірістің жалпы сомасы, сондай-ақ 160.02.001, 160.02.004, 160.02.005, 160.02.007, 160.02.008 және 160.02.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (осы жолдар бойынша кірісті алу кезінде) бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жататын активтер көрсетіледі.

36. 160.02.002 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан салық төлеушінің залал алуы кезінде осы залал қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш жылды қоса алғанда мерзімге көшіріледі. Аталған сома 160.00.044 жолының сомасын айқындау кезінде ескеріледі.

160.02.003 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сатудан залалды алу жағдайында осы залал салық салу мақсатында есептелмейді.

160.02.005 және 160.02.007 жолдарында кірісті алу кезінде осы сомалар Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағындағы 3-тармақшаға сәйкес 160.00.024С жолына көшіріледі.

160.02.008 жолындағы кірісті алу кезінде осы сома 160.00.024D жолына көшіріледі.

Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде алынуға жататын (алынған) құн өсуінен кіріс, сондай-ақ 160.02.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жатпайтын активтер 160.00.002 жолына көшіріледі.

37. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

38. 160.02.001, 160.02.002, 160.02.003 жолына қосымша нысандарда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сатылған үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың атауы көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде С бағанында бұрынғы салық кезеңінің 160.17.001 және 160.17.002 жолдарына қосымша нысанның Р бағанындағы тиісті жолдарда айқындалған үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде осы бағанда сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда 160.02.001 және 160.02.002 жолдарына қосымша нысандардың С бағанында оны кәсіпкерлік қызметте пайдалануға қарамастан объектінің бастапқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) Е бағанында D және С бағандары бойынша сома айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

160.02.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 160.02.001 жолына, 160.02.002 жолына қосымша нысан Е бағаны 160.02.002 жолына, 160.02.003 жолына қосымша нысан Е бағаны 160.02.003 жолына көшіріледі.

39. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

40. 160.02.004 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстар мен бағалы қағаздарды қоспағанда, қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын

пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес амортизацияға жатпайтын сатылған активтердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында:

қатысу үлесі бойынша - сатып алу құны;

Салық кодексінің 82-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша - "0";

өзге жағдайларда - қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес немесе Салық кодексінің 82-бабы 2-тармағына сәйкес объектілердің теңгермелік құны көрсетіледі;

4) D бағанында объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

Осы объектілерді сатудан алынған залалдар E бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде салық салу мақсатында есептелмейді.

160.02.004 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 160.02.004 жолына көшіріледі.

41. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

42. 160.02.005, 160.02.006 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында берешек бағалы қағаздардан басқа, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанында бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;

4) D бағанында бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

160.02.005 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 160.02.005 жолына, 160.02.006 жолына - 160.02.006 жолына қосымша нысан E бағаны көшіріледі.

43. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

44. 160.02.007, 160.02.008, 160.02.009 жолдарына қосымша нысандарда:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында сатылған берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;

3) C бағанында берешек бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

4) D бағанында берешек бағалы қағаздардың айналым мерзімі (күні) көрсетіледі;

5) Е бағанында берешек бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі;
6) F бағанында купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі . Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанында берешек бағалы қағаздарды сатып алу күні көрсетіледі;

8) H бағанында E және F бағандарының сомалары айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйлықақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілген купон сомасы 160.06.002 жолына қосымша нысан G бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;

10) J бағанында берешек бағалы қағаздарды сату күні көрсетіледі;

11) K бағанында берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйлықақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:

$$K = (H/D) \times (J - G), \text{ мұндағы}$$

(J - G) - күндегі берешек бағалы қағазды иелену кезеңі;

12) L бағанында $L = (I - (F + K))$ формуласы бойынша айқындалатын берешек бағалы қағазды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

160.02.007 жолына қосымша нысан L бағанының жиынтық шамасы 160.02.007 жолына, 160.02.008 жолына қосымша нысан L бағаны 160.02.008 жолына, 160.02.009 жолына қосымша нысан L бағаны 160.02.009 жолына көшіріледі.

45. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

46. 160.02.010 жолына қосымша нысанда:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;

3) C бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін E бағанында айқындалатын бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал) көрсетіледі. Осы бағанға 160.02.006, 160.02.009 жолдарының сомасы көшіріледі ;

5) E бағанында одан кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және C бағандары сомасы ретінде айқындалады. Осы сома қолданылатын

салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне немесе Салық кодексі 124-бабының

2-тармағына сәйкес белгіленген залалдарды көшіру үшін мерзім аяқталуына дейін келесі салық кезеңінің С бағанына көшіріледі;

6) F бағанында қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне немесе Салық кодексі 124-бабының 2-тармағына сәйкес көшіру мерзімінің аяқталуымен байланысты одан кейінгі салық кезеңдеріне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

160.02.010 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін С бағанының шамасы 160.02.010 жолына көшіріледі.

47. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер - 160.03 нысанын жасау

48. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша кірістерді айқындауға арналған.

49. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

160.03.001 жолы кіріске енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

50. "Қызметкерлердің кірістері бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

160.03.002 жолы кіріске енгізілетін қызметкерлердің күмәнді міндеттемелерінің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

51. "Күмәнді міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

160.03.003 жолы салық төлеуші күмәнді деп таныған кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 160.03.001С және 160.03.002А жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

52. 160.03.003 жолының шамасы 160.00.004 жолына көшіріледі.

53. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

54. 160.03.01 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) - кредитордың (тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші) толық атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 315-бабына сәйкес кредитордың резиденттілік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредитор - жеткізуші құжатының (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында күмәнді деп танылған міндеттемелер бойынша тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету күні көрсетіледі;

6) F бағанында қосылған құн салығының сомасын ескеріп кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында кредиторлық берешектің туындау сәтіне қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында G бағанында көрсетілген ставканы ескере отырып есептелген қосылған құн салығының сомасының алуы үшін кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 84-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын және күмәнді болып табылатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

160.03.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 160.03.001А жолына, H бағаны - 160.03.001В жолына, I бағаны - 160.03.001С жолына көшіріледі.

55. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

56. 160.03.002 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында қызметкерлердің кірісі көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірісінің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында С бағанында көрсетілген қызметкерлердің есептелген кірістерінен міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында қызметкерлерге кірісті есептеу күні көрсетіледі;

6) F бағанында қызметкерге төленген кіріс сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында міндетті зейнетақы қорларына аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында қызметкерге кірісті төлеу күні көрсетіледі;

9) I бағанында міндетті зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу күні көрсетіледі;

10) J бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және қызметкерлердің кірістері бойынша кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған және міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

160.03.002 жолына қосымша нысан J бағанының жиынтық шамасы 160.03.002A жолына, K бағаны - 160.03.002B жолына көшіріледі.

57. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

6. Басқа да кірістер - 160.04 нысанын жасау

58. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де салық төлеуші алған мүлікті жалға беруден, дивидендтерден түскен салық төлеушінің кірістерін, Салық кодексінің 90-бабы 2-тармағында көрсетілген мүліктерді қоспағанда салық төлеуші тегін алған мүліктерді, жұмыстарды, қызметтерді, бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылары мен Салық кодексінің 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысына енгізілетін, бірақ 160.00.001 бастап 160.00.021 жолдарында көрсетілмеген салық төлеушінің кірістерін айқындауға арналған.

59. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

160.04.001 жолы мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

60. "Тегін алынған мүлік (жұмыстар, қызмет көрсетулер)" бөлімінде:

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған жағдайларда алынған ізгілік көмек түріндегі және бағыты бойынша пайдаланылған мүліктің құны, мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік органнан немесе мемлекеттік кәсіпорыннан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде алынған негізгі құралдары 160.00.024E және 160.00.024F жолдары бойынша жиынтық жылдық кірістен шығарылуға жатады.

1) 160.04.002 жолы қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне немесе Салық кодексінің 91-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес алынған мүліктерді қоспағанда, есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші тегін алған мүліктің (жұмыстардың,

қызмет көрсетулердің), сондай-ақ Салық кодексінің 90-бабының 2-тармағында көрсетілген мүліктің құнын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан негізінде толтырылады;

2) 160.04.003 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

3) 160.04.004 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

4) 160.04.005 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші тегін алған мүліктің (жұмыс, қызмет) жалпы құнын көрсетуге арналған.

160.04.002-ден 160.04.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

61. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 160.04.006 жолы Қазақстан Республикасының аумағында алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 160.04.007 жолы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 2050 - "Дивидендтер" коды бойынша тиісті кіріс түрі С және Е бағандарында бар болған жағдайда 160.26.001 жолына қосымша нысанның F бағанының және 160.26.002 жолына қосымша нысанның H бағанының шамасы көшіріледі;

3) 160.04.008 жолы 160.04.006 және 160.04.007 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық төлеуші алған дивидендтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

62. "Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістер" бөлімінде:

1) 160.04.009 жолы қайтарылған (қайтарылуға тиіс) сақтандыру сыйақыларының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 160.04.010 жолы бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған өзге де кірістерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 160.04.011 жолы бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістердің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 160.04.009 және 160.04.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

63. "Басқа кірістер" бөлімінде:

160.04.012 жолы салық төлеуші алуға тиіс (алған) Декларацияның 160.00.001 бастап 160.00.021 дейінгі жолдарында көрсетілмеген басқа кірістердің жалпы

сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

- 64. 160.04.001 жолының шамасы 160.00.005 жолына көшіріледі;
- 160.04.005 жолының шамасы 160.00.013 жолына көшіріледі;
- 160.04.003 жолының шамасы 160.00.024Е жолына көшіріледі;
- 160.04.004 жолының шамасы 160.00.024F жолына көшіріледі;
- 160.04.008 жолының шамасы 160.00.014 жолына көшіріледі;
- 160.04.011 жолының шамасы 160.00.012 жолына көшіріледі;
- 160.04.012 жолының шамасы 160.00.022 жолына көшіріледі.

65. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

66. 160.04.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында жалға беруші жалға берген мүлік түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ереженің 305-тармағына сәйкес жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында жалға алу шартын жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 5) Е бағанында есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуға жататын (алған) жалға алу төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік үшін (тысқары орналасып жалға берілген) жалға алу төлемін алса (алуға жатса), онда Е бағанында салық сомасын қоса жалға алу төлемінің есептелген сомасы көрсетіледі.

160.04.001 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 160.04.001 жолына көшіріледі.

67. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

68. 160.04.002, 160.04.003, 160.04.004 жолдарына қосымша нысандарда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) осы Ереженің 305-тармағына сәйкес мүлікті (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізушінің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанында С бағанында көрсетілген оның негізінде мүлік алынған, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген құжат нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында тегін алынған мүлік, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер құны көрсетіледі.

160.04.002 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 160.04.002 жолына, 160.04.003 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 160.04.003 жолына, 160.04.004 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 160.04.004 жолына көшіріледі.

69. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

70. 160.04.006 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында дивидендтер алынған заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында дивидендтерді төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында дивидендтерді төлеу көзінен корпорациялық табыс салығын ұстап қалу туралы растаушы құжатты беру нөмірі мен күні көрсетіледі. Растаушы құжатты дивидендтерді төлеген заңды тұлға береді;

5) Е бағанында растаушы құжаттар болған кезде, ұстап алынған салық сомасынан басқа, дивидендтердің алынған сомасы көрсетіледі.

160.04.006 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 160.04.006 жолына көшіріледі.

71. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

72. 160.04.009 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сақтандырушы ұйымның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 305-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген ұйымның резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін сақтандырушы салық төлеуші қайтарған (қайтаруы тиіс) сақтандыру сыйлықақыларының атауы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында ол бойынша сақтандырушы салық төлеуші сақтандыру сыйлықақыларын қайтарған (қайтаруы тиіс) сақтандыру шартын жасасу нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 6) F бағанында сақтандырушы салық төлеуші қайтаратын сақтандыру сыйлықақылары жататын, осы Ереженің 307-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында E бағанында көрсетілген, сақтандыру шарты қолданысының біту күні немесе тоқтатылуы (сақтандыру сыйлықақыларының сомасын жылдық жиынтық кіріске енгізу күні) көрсетіледі;

8) H бағанында есепті салық кезеңі үшін қайтарылған (қайтарылуы тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

160.04.009 жолына қосымша нысан H бағанының жиынтық шамасы 160.04.009 жолына көшіріледі.

73. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

74. 160.04.010 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түріндегі кірісті төлеген заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның аты-жөні) көрсетіледі;

3) C бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 305-тармағына сәйкес B бағанында көрсетілген тұлғаның резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында өтемақы түрінің коды көрсетіледі:

"1" - дебиторлар бұрын шегерімге жатқызылған күмәнді деп танылған талаптардың сомаларын төлеген кезде;

"2" - шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан сомалар төленген кезде;

"3" - бұрын шегерімге жатқызылған шығыстарды (залалдарды) өтеу кезінде;

5) E бағанында жылдық жиынтық табысқа енгізілетін алынған өтемақылар сомасы көрсетіледі.

160.04.010 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 160.04.010 жолына көшіріледі.

75. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

76. 160.04.012 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіріс түрінің тиісті коды көрсетіледі:

01 - тауарларды сатудан кіріс немесе үй-жайларды, ғимараттарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған активтерді сату кезінде құн өсімінен кіріс болып табылмайтын кіріс сомасын қосатын активтерді есептен шығару кезіндегі кіріс;

02 - орналастыру кезінде эмитент алған өз акциялары құнының олардың атаулы құнынан асып кетуі;

03 - мүлікті пайдалану құқығын беруден алуға (алынған) жататын және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған салық төлеушілердің кіріс сомаларын қосатын мүлікті пайдалануға беруден кіріс;

04 - сақтандыру жағдайы болған кезде алынған сақтандыру төлемдері. Аталған код бойынша 160.17.001 және 160.17.002 жолдарына қосымша нысандардың J бағаны бойынша көрсетілген сақтандыру төлемдері есептелмейді;

05 - металл есептері бойынша алуға жататын (алынған) кірістер;

06 - құқыққа жол беруден кірістер;

99 - өзге кірістер.

3) C бағанында кірістер сомасы көрсетіледі. 160.04.012 жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 160.04.012 жолына көшіріледі.

77. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

7. Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар - 160.05 нысанын жасау

78. Бұл нысан кен орындарын әзірлеу салдарларын жою жөніндегі нақты шығыстардың сомасынан кен орнын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының асуынан кірістерді, сондай-ақ қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасын айқындауға арналған.

79. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударым" бөлімінде:

160.05.001 жолы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бағдарламасының (бұдан әрі - бағдарлама) іс-әрекет етудің барлық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

80. "Кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар" бөлімінде:

160.05.002 жолы есепті кезең үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

81. "Шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар" бөлімінде:

160.05.003 жолы шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

82. 160.05.001D немесе 160.05.002C жолдарының шамасы 160.00.009 жолына көшіріледі.

160.05.003 жолының шамасы 160.00.030 жолына көшіріледі.

83. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

84. 160.05.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шартты жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 3) С бағанына В бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;
- 4) D бағанында бағдарламаның қызмет ету мерзіміне белгіленген кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында бағдарламаның қызмет ету кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанына бағдарламаның кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында бағдарламаның кезеңі үшін (Е - F) кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстардың жалпы сомасынан бағдарламаның кезеңі үшін шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдардың асуы нәтижесінде құралған оң айырма түрінде алынған кіріс көрсетіледі.

160.05.001 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 160.05.001A жолына, Е бағаны - 160.05.001B жолына, F бағаны - 160.05.001C жолына, G бағаны - 160.05.001D жолына көшіріледі.

85. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

86. 160.05.002 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 3) С бағанына В бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін бағдарлама шегіндегі кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында есепті салық кезеңі үшін кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

6) F бағанына есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылған кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

Егер жер қойнауын пайдаланушы бағдарламада көзделген кезеңде кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша жұмыстарды жүргізбесе, онда осы бағанда көрсетілген сома 160.00.009 жолына көшіріледі.

160.05.002 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 160.05.002A жолына, E бағаны - 160.05.002B жолына, F бағаны - 160.05.002C жолына көшіріледі.

87. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

88. 160.05.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес кен орнын әзірлеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасаудың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3) C бағанына B бағанында көрсетілген келісім-шарттың қызмет ету мерзімі көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде шегерімге жатқызылуы тиіс жер қойнауын пайдалануға келісім-шартқа сәйкес кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

160.05.003 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 160.05.003 жолына көшіріледі.

89. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

8. Сыйақы - 160.06 нысанын жасау

90. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тысқары жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірістерді айқындауға арналған.

91. "Активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

160.06.001 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақыларды, сондай-ақ резидент еместердің сыйақылары сомаларын

қоспағанда, активтер бойынша сыйақылар сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

92. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

160.06.002 жолы мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды қоспағанда, берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

93. "Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар" бөлімінде:

160.06.003 жолы мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

94. "Шетелдік көздерден алынған сыйақылар" бөлімінде:

160.06.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 2060, 2070 - "Сыйақылар" коды бойынша кіріс түріне тиісті С және Е бағандарында бар болған жағдайда 160.26.001 жолына қосымша нысанның F бағанының және 160.26.002 жолына қосымша нысанның H бағанының шамасы көшіріледі.

95. "Жиыны" бөлімінде:

160.06.005 жолы 160.06.001A, 160.06.002C, 160.06.003C және 160.06.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

96. 160.06.005 жолының шамасы 160.00.016 жолына көшіріледі.

160.06.001B, 160.06.002D және 160.06.003D жолдарының шамасы 160.22.003B жолына көшіріледі.

97. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

98. 160.06.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сыйақы түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанында сыйақы алынған заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты-жөні көрсетіледі;
- 4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақыны төлеген заңды тұлға береді;
- 6) F бағанында төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығының сомасын ескере отырып есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында осы салықты ұстауды растайтын құжаттар болған жағдайда, салық төлеушіге сыйақы төлеу кезінде ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

160.06.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 160.06.001A жолына, G бағанының жиынтық шамасы 160.06.001B жолына көшіріледі.

99. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

100. 160.06.002, 160.06.003 жолдарына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;

3) C бағанында сыйақы алынған (алынуға жататын) заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) D бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында төлем көзінен ұсталатын корпорациялық табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжат сыйақы төлеген заңды тұлға - эмитентке беріледі;

6) F бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында дисконтты немесе сыйақыны ескерусіз есептелген купон сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында эмитенттен төлем көзінде ұстап алынған корпорациялық табыс салығының сомасы ескерілген сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. G және F бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

9) I бағанында осы салықты ұстап қалғандығын растайтын құжат бар болғанда Салық кодексінің 131-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес салық төлеушіге төлеуге жататын (төленген) купон түріндегі сыйақы сомасынан эмитент ұстап қалған корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

160.06.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 160.06.002A жолына, G бағаны - 160.06.002B жолына, H бағаны - 160.06.002C жолына, I бағаны - 160.06.002D, 160.06.003 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 160.06.003A жолына, G бағаны - 160.06.003B жолына, H бағаны - 160.06.003C жолына, I бағаны - 160.06.003D жолына көшіріледі.

101. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Бағамдық айырма - 160.07 нысанын жасау

102. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын оң бағамдық айырманың сомасын не жылдық кірісті алуға байланысты және шегерімге жатқызуға жататын теріс бағамдық айырманың сомасын айқындауға, сондай-ақ Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілуге жататын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуінің немесе Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуінің сомасын айқындауға арналған.

103. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

1) 160.07.001А жолы жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын бағамдық айырманың жалпы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

2) 160.07.001В жолы шегерімге жатқызуға жататын теріс бағамдық айырманың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

104. 160.07.001А жолының шамасы жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың шарттарына сәйкес есептелген сомалардың шегінде 160.00.034 жолына көшіріледі.

160.07.001В жолының шамасы жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың шарттарына сәйкес есептелген сомалардың шегінде 160.00.017 жолына көшіріледі.

105. "2004 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша бағамдық айырманың есебі" бөлімінде:

1) 160.07.002А жолы 160.07.001А және 160.07.001В жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуін көрсетуге арналған;

2) 160.07.002В жолы 160.07.001В және 160.07.001А жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуін көрсетуге арналған.

106. 160.07.002А жолының шамасы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамалық актіге және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес есептелген сомалардың шегінде 160.00.017 жолына көшіріледі.

160.07.002В жолының шамасы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамалық актіге және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес есептелген сомалардың шегінде 160.00.034 жолына көшіріледі.

107. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

108. 160.07.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында нәтижесінде бағамдық айырма құралған шетел валютасындағы операциялардың атауы көрсетіледі:

валюталық шоттар бойынша;

валюталық несиелер бойынша;

сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар бойынша;

жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар бойынша;

өзге де операциялар бойынша;

3) С бағанында есепті салық кезеңінің ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған оң бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінің ішінде тиісті операциялар бойынша пайда болған теріс бағамдық айырманың сомасы көрсетіледі;

160.07.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 160.07.001А жолына, D бағаны - 160.07.001В жолына көшіріледі.

109. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

10. Басқару және жалпы әкімшілік шығыстар - 160.08 нысанын жасау

110. Осы нысан қолданылатын салық режиміне және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес шегерімдерге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын айқындауға арналған және Қазақстан Республикасымен жасалған кіріске немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын-алу және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелерін (бұдан әрі - халықаралық шарт) қолдануға құқығы бар тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын резидент емес толтырады.

111. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) Салық кодексінің 196 немесе 197-баптарына сәйкес көрсетілген шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі;

2) Салық кодексінің 196-бабына сәйкес барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеуде қолданылатын тәсіл;

3) Халықаралық шартты жасасқан елдің коды. Осы Ереженің 305-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

4) резиденттік елдегі резидент емес салық төлеушінің салық кезеңі (көрсетілген салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді);

5) ССКТК - резиденттік елдегі салық төлеушінің салық кезеңіндегі түзету коэффициенті (түзету коэффициентінің мөлшері белгіленеді);

6) ТМСКТК - тұрақты мекемесі арқылы қызметінен Қазақстан Республикасындағы салық кезеңінің түзету коэффициенті (түзету коэффициентінің мөлшері белгіленеді).

Түзету коэффициентін (коэффициенттерін) қолданбау жағдайларында тиісті торкөз (торкөздер) толтырылмайды.

Түзету коэффициенті салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы қызметінің көрсеткіштерін салыстыру мақсатында бөлудің бара-бар әдісін қолдану кезінде және Қазақстан Республикасындағы және салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңдерінің сәйкессіздіктері кезінде қолданылады.

112. ССКТК Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында шегеруге жататын резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын есептеу үшін салық төлеушінің резиденттік елдегі және Қазақстан Республикасындағы салық кезеңдерінің ұзақтығын сәйкестендіру мақсатында енгізіледі. ССКТК базалық салық кезеңінің шеңберіне енетін салық төлеушінің резиденттік елдегі тиісті салық кезеңіне сәйкес келетін айлар санын салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі айларының жалпы санына ара-қатынасы ретінде айқындалады. Базалық салық кезеңіне Қазақстан Республикасындағы есепті салық кезеңі алынады.

1-мысал.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомаларын есептеу кезінде бөлудің бара-бар әдісін қолданады. Есептік көрсеткіш бірінші тәсіл бойынша есептеледі.

Салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі 2000 жылғы 1 қыркүйектен 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейін 15 айдан тұрады.

Базалық кезеңге 2001 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі дейін 12 айдан тұратын салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі қолданылады. Базалық салық кезеңі шеңберіне (2001 жылғы қаңтар - 2001 жылғы желтоқсан) салық төлеушінің резиденттік елдегі 2001 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейінгі салық кезеңі енгізіледі, бұл жағдайда ССКТК 12/15-ті құрайды.

113. ТМСКТК Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы және резиденттік елдегі салық

кезеңдерінің басталу-аяқталу мерзімдерін көрсетілген салық кезеңдерінің ұзақтығы бірдей болған жағдайда есептік көрсеткішін есептеу үшін сәйкестендіру мақсатында енгізіледі. ТМСКТК базалық салық кезеңінің шеңберіне енетін Қазақстан Республикасындағы айлар санының салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі айларының жалпы санының қатынасы ретінде айқындалады.

Базалық салық кезеңіне салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі алынады.

2-мысал.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомаларын есептеу кезінде бөлудің бара-бар әдісін қолданады. Есептік көрсеткіш бірінші тәсіл бойынша есептеледі.

Салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі 2000 жылғы 1 қыркүйектен 2001 жылғы 31 тамызға дейін 12 айдан тұрады. Қазақстан Республикасындағы салық кезеңі 2001 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін 12 айдан тұрады.

Базалық салық кезеңіне салық төлеушінің резиденттік елдегі салық кезеңі алынады.

Базалық салық кезеңі шеңберіне (2000 жылғы қыркүйек- 2001 жылғы тамыз) Қазақстан Республикасындағы екі салық кезеңі: 2000 жылғы қыркүйек-желтоқсан және 2001 жылғы қаңтар-тамыз, тиісінше, ТМСКТК1-4/12; ТМСКТК2 - 8/12 енеді.

114. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 160.08.001 жолы резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған;

2) 160.08.002 жолы бөлудің бара-бар әдісін қолданғанда пайдаланылатын есептік көрсеткішті көрсетуге арналған;

3) 160.08.003 жолы резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алу мақсатында шеккен, Қазақстан Республикасында шегеруге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетуге арналған.

Бөлудің бара-бар әдісін қолданғанда 160.08.003А жолының шамасы 160.08.001А және 160.08.002А жолдарының қосындысы ретінде айқындалады.

Шығыстарды шегерулерге тікелей (тура) жатқызу әдісін қолданғанда 160.08.003В жолында резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алу мақсатында шеккен және Салық кодексінің 197-бабына сәйкес құжаттармен расталған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын көрсетіледі. Шығыстар сомасы осындай шығыстарды бухгалтерлік есепте бөлек есептеу жүргізу негізінде айқындалады. Бұл ретте резидент еместің есеп саясаты қоса тіркеледі.

115. 160.08.001 және 160.08.002А жолдары қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

116. 160.08.003 жолының шамасы 160.09.006 жолына көшіріледі.

117. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

118. 160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында тиісті көрсеткіштер айқындалады;

3) С бағанында ССКТК немесе ТМСКТК түзету коэффициенттерін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент емес салық төлеуші және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме алған (алуға тиіс) жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында ССКТК немесе ТМСКТК түзету коэффициенттерін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент емес заңды тұлғаның және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің негізгі құрал-жабдықтарының алғашқы (ағымдағы) құнының сомалары көрсетіледі;

5) E бағанында ССКТК немесе ТМСКТК түзету коэффициенттерін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент емес салық төлеушінің және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында қолданылатын әдіс бойынша есептелген айлық есептік көрсеткіш көрсетіледі. Есептік көрсеткіш өзімен барабар бөлістіру әдісін қолдану кезінде қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу әдісіне байланысты, 00005 С жолында немесе 00005C, 00005D және 00005E жолдары сомаларының 3-ке қатынасы ретінде $(00005C+00005D+00005E)/3$ айқындалатын резидент еместің салыстырылатын көрсеткіштеріне тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған салыстырылатын көрсеткіштердің қатынасын білдіреді.

Тиісті есептік көрсеткіш мөлшері Салық кодексінің 196-бабының ережелеріне сәйкес есептеледі. Есептік көрсеткіштің шамасын айқындау кезінде мыңдық үлестер көрсетіледі;

7) G бағанында ССКТК түзету коэффициентін есепке алумен немесе есепке алусыз резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі.

3 мысал.

1 мысалдың деректері қолданылады.

ССКТК 12/15 құрайды.

Резидент еместің салық кезеңіндегі ССКТК қолданылмаған жиынтық кірісі 20 млн теңге құрайды.

Есепті салық кезеңі үшін резидент еместің ССКТК қолданылған жиынтық жылдық кірісі:

$$20 \text{ млн.} \times 12/15 = 16 \text{ млн. теңге құрайды.}$$

Көрсетілген көрсеткіш 160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00002С жолында көрсетіледі.

Резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары 1 млн теңге құрады.

Резидент еместің ССКТК қолданылған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы:

$$1 \text{ млн} \times 12/15 = 0,8 \text{ млн теңге құрады.}$$

Көрсетілген көрсеткіш 160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00002G жолында көрсетіледі.

ССКТК түзету коэффициентін есепке алумен 00002С және 00002G тиісті жолдарын есептеу кезінде есеп қоса беріледі.

Салық төлеушінің ТМСКТК қолданусыз тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алған жылдық жиынтық кірісі 0,4 млн. теңгені құрады.

Көрсетілген көрсеткіш 160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00003С жолында көрсетіледі.

Көрсетілген жағдайда есептік көрсеткіш:

$$0,4 \text{ млн.} / 16 \text{ млн} = 0,025 \text{ құрайды.}$$

Көрсетілген көрсеткіш 160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00005С және 00005G жолдарында көрсетіледі.

ССКТК қолданып резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының шамасы 0,8 млн теңгені құрағанын ескерсек, онда Қазақстан Республикасында көрсетілген шығыстарды мына сомада шегеруге рұқсат етіледі:

$$0,8 \text{ млн.} \times 0,025 = 0,02 \text{ млн. теңге.}$$

Көрсетілген көрсеткіштер 160.08 қосымшасында көрсетіледі.

4 мысал.

2 мысалдың деректері қолданылады.

ТМСКТК1-4/12; ТМСКТК2 - 8/12.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне ТМСКТК қолданылмаған жиынтық жылдық кірісі 2000 жылы 0,5 млн теңге; 2001 жылы - 0,55 млн теңге құрады.

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметіне ТМСКТК1 және ТМСКТК2 қолданылған жиынтық жылдық кірісі:

$$0,5 \text{ млн} \times 4,12 + 0,55 \text{ млн} \times 8/12 \times 15 = 166667 + 366667 = 533334 \text{ теңге құрады.}$$

Көрсетілген көрсеткіш 160.11.001, 160.11.002 жолдарына қосымша нысан 00004С жолының тиісті көрсеткішін есептеу кезінде есеп қоса беріледі.

ССКTK қолданусыз резидент еместің есепті салық кезеңіндегі жиынтық жылдық кірісі 50 млн. теңгені құрайды.

Көрсетілген көрсеткіш 160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00001С жолында көрсетіледі.

Осы жағдайда есептік көрсеткіш:

$533334/50 \text{ млн} = 0,011$ құрайды.

Көрсетілген көрсеткіш 160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00005С және 00005F жолдарында көрсетіледі.

ССКTK қолданусыз резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы 2 млн. теңге құрайды.

Қазақстан Республикасында көрсетілген шығыстарды:

$2 \text{ млн.} \times 0,011 = 0,022 \text{ млн.}$ теңге сомада шегеруге рұқсат етіледі.

Көрсетілген көрсеткіштер 160.11 қосымшасында көрсетіледі.

8) Н бағанында G бағанында көрсетілген шығындарды есепке алумен салық төлеуші шығындарының жалпы сомасы көрсетіледі.

160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00001G немесе 00002G жолында айқындалған резидент еместің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы, ССКTK түзету коэффициентінің қолданылуына немесе қолданылмауына байланысты, 160.08.001A жолына көшіріледі.

160.08.001, 160.08.002 жолдарына қосымша нысанның 00005F жолында айқындалған есептік көрсеткіштің шамасы, 160.08.002A жолына көшіріледі.

119. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар - 160.09 нысанын жасау

120. Бұл нысан шегерімге жатқызылуға тиіс сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтен бойынша шығыстар сомасын және қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес жылдық жиынтық кіріске (кірістен) енгізуге (алып тастауға) жататын активтерді бағалау әдісінің өзгеруінен кіріс (залал) сомасын айқындауға арналған.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу, шығару мен сату кірісті алу құралы болып табылатын салық төлеушілер есепті салық кезеңінің

басына және соңына тауарлық-материалдық қорлардың (бұдан әрі - ТМҚ) құнын көрсетуге міндетті.

121. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 160.09.001 жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ құны бұрынғы салық кезеңінің соңына ТМҚ құны болып табылады. Деректер бұрынғы салық кезеңі үшін 160.09.002 тиісті жолынан көшіріледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол есепті салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде есепті салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін;

2) 160.09.002 жолы есепті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Бұл ретте, көрсетілген жолда оны сатудан алынған кірістер есепті салық кезеңінде салық салу мақсатында танылған, жылдың соңында тауарлық-материалдық қорлардың қалдықтарында есепке алынатын және жолдағы (мысалы, FAS-порт шарттарындағы тауарларды сату) тауардың құны көрсетілмейді. Есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 160.09.002 жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады;

3) 160.09.003 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі үшін басқа ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлердің материалдарды (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары), тауарларды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді салық төлеушінің есепті салық кезеңінің ішінде сатып алған, тегін алған құны көрсетіледі. Қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылатын 160.09.003A, 160.09.003B, 160.09.003C, 160.09.003D, 160.09.003E, 160.09.003F, 160.09.003H, 160.09.003I, 160.09.003K, 160.09.003L, 160.09.003M, 160.09.003N, 160.09.003O, 160.09.003P, 160.09.003R, 160.09.003Q жолдарының сомаларын қосумен айқындалады;

4) 160.09.004 жолы қолданылатын салық режиміне және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған. Бұл ретте, еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстарға материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірістерді қоса, ақшалай және заттай нысанда жұмыс беруші төлейтін қызметкерлердің кез-келген кірістері жатады. 160.09.004A, 160.09.004B, 160.09.004C және 160.09.004D жолдарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалады (160.09.004A+160.09.004B+160.09.004C-160.09.004D);

5) 160.09.004A жолында қызметкерлерге есептелген еңбекақы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 160.09.004B 160.09.004A жолында көрсетілген еңбекақы төлемдерінен қоспағанда, Салық кодексінің 149-бабына сәйкес айқындалатын қызметкерлердің табыстары көрсетіледі;

7) 160.09.004C жолында 160.09.004A және 160.09.004B жолдарында көрсетілмеген қызметкерлердің еңбекақылары бойынша шығыстар көрсетіледі. Мысалы: жұмыс беруші заңды тұлғаны қайта құрумен, қызметкерлердің штатын қысқартумен байланысты қызметкерлерге төлемдер;

8) 160.09.004D жолында негізгі қаражаттарды жөндеуге қызметкерлерге есептелген кіріс сомасы мен оларға берілген материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі;

9) 160.09.005 жолында 160.09.005A, 160.09.005G және 160.09.005I жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, 160.09.003 жолында ескерілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) шығару мен сату бойынша шығыстардың барлық басқа да сомалары көрсетіледі;

10) 160.09.005A жолында 160.09.005B-дан 160.09.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. 160.09.005B жолында бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, іссапар және кері орнына жолға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 160.09.005C жолында бронь үшін шығыстарға төлемді қоса, тұрғын үй-жайды жалдауға нақты жүргізілген шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 160.09.005D және 160.09.005E жолдарында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт жасалған сәтте қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары іссапарлар бойынша тәуліктік төленетін тиісті сома көрсетіледі;

11) 160.09.005F жолында нақты жүргізілген өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

12) 160.09.005G жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жататын алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

160.09.003 - 160.09.005 жолдарында келтірілген деректер 160.00.026 - 160.00.037 жолдарында көрсетілген деректерді қайталамауы тиіс;

13) 160.09.006 жолында Салық кодексінің 195-197-баптарына сәйкес шегерімдерге жатқызылатын резидент емес салық төлеушінің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомалары көрсетіледі және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші толтырады. Көрсетілген сома 160.11.003 жолынан көшіріледі;

14) 160.09.007 жолында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығысқа қосылған ТМҚ және басқа да шығыстардың жиынтық сомасы, (160.09.001 - 160.09.002) + 160.09.003 - 160.09.006 аралығындағы жолдардың сомасы көрсетіледі;

15) 160.09.008 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

16) 160.09.009 жолында аяқталмаған құрылысқа жіберілген ТМҚ, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны көрсетіледі;

17) 160.09.010 жолында жылдық жиынтық кірісті алу мақсатында емес пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызметтердің құны көрсетіледі;

18) 160.09.011 жолында салық кезеңінің соңына алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы көрсетіледі;

19) 160.09.012 жолында 160.09.007 жолының сомасынан 160.12.008, 160.09.009 және 160.09.010 жолдарының сомасын шегерумен айқындалатын сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

20) 160.09.013А жолында есепті салық кезеңінің соңына ТМҚ өзіндік құнын бағалаудың қолданылатын әдісі көрсетіледі. Өзіндік құнын "ЛИФО" әдісі бойынша бағалауды көрсетуге арналған торкөз толтырылмайды;

21) 160.09.013В жолында пайдаланылатын бағалау әдісінің өзгеру фактісі көрсетіледі. Осы жолды ТМҚ өзіндік құнын олардың бағалау әдісін өзгертуі кезінде салық төлеуші толтырады;

22) 160.09.014 жолында 160.09.013С жолының сомасынан 160.09.013D жолының сомасын шегерумен айқындалатын ТМҚ өзіндік құнының бағалау әдісінің өзгеруі кезінде алынған кіріс (залал) сомасы көрсетіледі.

122. 160.09.012 жолының шамасы 160.00.026 жолына көшіріледі.

160.09.014 жолының шамасы 160.00.024G жолына көшіріледі.

123. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

124. 160.09.003A, 160.09.003B, 160.09.003C, 160.09.003D, 160.09.003E, 160.09.003F, 160.09.003I, 160.09.003K, 160.09.003L, 160.09.003M, 160.09.003N, 160.09.003O, 160.09.003P, 160.09.003Q, 160.09.003R жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кірістерді алушы осы Ереженің 313-бабына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанында резиденттік елі көрсетілген кезде толтырылады;

4) С бағанында шығыстар сомасы көрсетіледі;

160.09.003А жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 160.09.003А жолына көшіріледі, 160.09.003В жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003В жолына көшіріледі, 160.09.003С жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003С жолына көшіріледі, 160.09.003D жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003D жолына көшіріледі, 160.09.003Е жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003Е жолына көшіріледі, 160.09.003F жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003F жолына көшіріледі, 160.09.003I жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003I жолына көшіріледі, 160.09.003K жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003K жолына көшіріледі, 160.12.003L жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003L жолына көшіріледі, 160.09.003M жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 160.09.003M жолына көшіріледі, 160.12.003N жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003N жолына көшіріледі, 160.09.003O жолына қосымша нысан D бағанының - 160.09.003O жолына көшіріледі, 160.09.003P жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 160.09.003P жолына көшіріледі, 160.09.003Q жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 160.09.003Q жолына көшіріледі, 160.09.003R жолына қосымша нысан D бағанының - шамасы 160.09.003R жолына көшіріледі.

125. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

126. 160.09.003Н жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сақтандырушы - ұйымның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген, осы Ереженің

305-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында резиденттік елінде кіріс алатын ұйымның салық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған С бағанында резиденттік елі көрсетілген кезде толтырылады;

5) Е бағанында Салық кодексі 99-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, ол бойынша сақтандырушы-салық төлеуші сақтандыру сыйақыларын төлейтін шарттың нөмірі мен жасалу күні көрсетіледі;

6) F бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 307-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

7) G бағанында бухгалтерлік есепте (тауарлы ілеспе жүкқұжатында) айқындалған сақтандырылатын мүліктің теңгермелік құны (құны) көрсетіледі. Бұл ретте, кәсіпкерлік тәуекелді және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың сыныптары бойынша F және G бағандары толтырылмайды;

8) H бағанында сақтандыру шартында айқындалған мүліктің құны көрсетіледі ;

9) I бағанында есепті салық кезеңі үшін төленуге жататын (төленген) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

160.09.003H жолына қосымша нысан I бағанының жиынтық шамасы 160.09.003H жолына көшіріледі.

127. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

128. 160.09.005G жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған қатысты алдыңғы кезеңдердің шығыстарына жататын шығыстар жүргізілген, осы Ереженің 305-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) C бағанында резиденттік елінде кіріс алатын ұйымның салықтық тіркеу нөмірі. Баған B бағанында резиденттік елі көрсетілген жағдайда толтырылады;

4) D бағанында алдағы кезеңдердің шығыстарына (аудиторлық қызмет көрсетулері бойынша - "L"; кеңес беру қызметтері бойынша шығыстар - "M"; жарнамаға шығыстар - "N" маркетинг бойынша шығыстар - "O") жататын шығыстар сәйкес келетін 160.09.003 жолының астыңғы жолының әріптік индексі көрсетіледі;

5) E бағанында салық кезеңінің басына алдағы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында алдағы есепті кезеңдерге жататын ағымдағы салық кезеңінің шығыстары көрсетіледі;

7) G бағанында ағымдағы салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдердің шығыс сомалары көрсетіледі;

8) H бағанында салық кезеңінің соңына алдағы кезеңдердің шығыс сомалары $(E + F - G)$ көрсетіледі. Осы сома келесі салық кезеңінің қосымша нысанының E бағанына көшіріледі;

160.09.005H жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 160.09.005G жолына, G бағанының жиынтық шамасы - 160.09.012 жолына көшіріледі.

12. Сыйақы бойынша шығыстар - 160.13 нысанын жасау

130. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

131. "2004 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес есептелетін сыйақылар" бөлімі 2004 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес есептелген сыйақы сомаларын айқындауға арналған.

132. "Кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылар, теңгеде" бөлімінде:

160.10.001 жолы салық төлеуші теңгеде кредиттерді (заемдар) алған кезде шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

133. "Кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылар, шетел валютасында" бөлімінде:

160.10.002 жолы салық төлеуші кредиттерді (заемдар) алған кезде шегерімге жатқызылатын сыйақылардың шетелдік валютада жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

134. "Кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 160.10.003А жолында шегерімге жататын, $(160.10.001E + 160.10.002E) + (160.10.001C + 160.10.002C) \times 15 \text{ пайыз} / 30 \text{ пайыз}$ формуласы бойынша айқындалатын сыйақылардың ең жоғарғы сомасы көрсетіледі.

Келісім-шарттарында салық режимінің нормаларында шегерімге жататын сыйақылар сомасының шегін қосымша шектеу көзделмеген салық төлеушілер осы жолды толтырмайды;

2) 160.10.003В жолында шегерімге жататын кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылар сомасы көрсетіледі.

135. "Теңгемен берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

160.10.004 жолы теңгедегі ақша шығарудағы берешек бағалы қағаздарды салық төлеушінің орналастыруы кезінде шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

136. "Шетел валютасындағы берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

160.10.005 жолы шетел валютасында ақша шығарудағы берешек бағалы қағаздарды салық төлеушінің орналастыруы кезінде шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақының жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

137. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

160.10.006 жолында 160.10.004Е және 160.10.005Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар сомасы көрсетіледі.

138. "Мүлік бойынша сыйақы" бөлімінде:

160.10.007 жолы салық төлеушінің сенімгерлік басқаруға мүлікті алуы кезінде шегерімге жататын сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

139. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

160.10.008 жолында 160.10.003В, 160.10.006, 160.10.007D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі.

140. 160.10.008 жолының шамасы 160.00.027 жолына көшіріледі.

141. "2004 жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізілген салық заңнамасына сәйкес есептелген сыйақылар" бөлімі 2004 жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданылған салық заңнамасына сәйкес есептелген сыйақы сомаларын айқындауға арналған.

142. "Кредиттер (заемдар) бойынша сыйақылар" бөлімінде:

1) 160.10.009 жолы кредиттерді (заемдарды) салық төлеуші резидентке төлейтін сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 160.10.010 жолы кредиттерді (заемдарды) салық төлеуші резидент емеске төлейтін сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады.

143. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

160.10.011 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысан негізінде толтырылады.

144. "Есептік көрсеткіштер бөлімінде":

1) 160.10.012 жолы есепті салық кезеңінің әр айының соңына өз капиталының орташа арифметикалық сомаларына тең өз капиталының орташа жылдық сомаларын көрсетуге арналған;

2) 160.10.013 жолы есепті салық кезеңінің әр айының ішінде сыйақы төленетін міндеттемелердің орташа арифметикалық жоғарғы сомаларына тең міндеттемелерінің орташа жылдық сомаларын көрсетуге арналған;

3) 160.10.014 жолы қаржы ұйымдары үшін 7 тең, өзге заңды тұлғалар үшін - 4 тең шекті коэффициентті көрсетуге арналған.

145. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 160.10.015 жолында 160.10.009В және 160.10.011D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын резиденттерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 160.10.016 жолында 160.10.010В және 160.10.011G жолдарының сомасы ретінде айқындалатын резидент еместерге төленетін сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 160.10.017 жолында 160.10.015 және 160.10.016 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 160.10.019 жолында $160.10.015 + 160.10.012/160.10.013 \times 160.10.014 \times 160.10.016$ формуласы бойынша айқындалатын, шегерімге жататын сыйақылардың шекті сомасы көрсетіледі. Егер $160.10.012/160.10.013 \times 160.10.014 \times 160.10.016$ шамасы теріс мәнде болса, бұл жолға 160.10.015 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 160.10.019 жолында 160.10.017 және 160.13.018 жолдары бойынша сомалардан ең азы ретінде айқындалатын, шегерімге жататын сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

146. 160.10.019 жолының шамасы 160.00.027 жолына көшіріледі.

147. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

148. 160.10.001, 160.10.002 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында кредитор-ұйымның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында кредитор салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында кредит шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында кредитті алу күні көрсетіледі: күн, ай, жыл;
- 6) F бағанында алынған кредит (заем) сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында салық төлеуші кредитті (заемды) пайдаланған есепті салық кезеңі күндерінің саны көрсетіледі;
- 8) H бағанында онда белгіленген ставканы қолданумен шарттың жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін резидент салық төлеушіге төленген (төленуі тиіс) сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында онда белгіленген ставканы қолданумен шарттың жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін резидент салық төлеушіге төленген (төленуі тиіс) сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 10) J бағанында кредиттерді алу кезінде теңгедегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы, шетел валютасындағы кредиттерді алу кезінде - заемды беру сәтіне Лондон банкаралық рыногының ставкасы көрсетіледі;
- 11) K бағанында J бағанында көрсетілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселік ресми ставкасының,

немесе Лондон банкаралық рыногының 2 еселік ставкасының мөлшерінде көрсетіледі;

12) L бағанында K бағанында көрсетілген ставканы қолдану арқылы айқындалатын сыйақы сомасының ставкасы көрсетіледі;

13) M бағанында H және L бағандарында көрсетілген сомадан ең азы ретінде айқындалатын, резидентке төленетін шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында I және L бағандарында көрсетілген сомадан ең азы ретінде айқындалатын, резидент емеске төленетін шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы сомасы көрсетіледі.

160.10.001 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 160.10.001A жолына, H - 160.10.001B жолына, I - 160.10.001C жолына, L - 160.10.001D жолына, M - 160.10.001E жолына, N - 160.10.001F жолына көшіріледі, 160.10.002 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 160.10.002A жолына, H - 160.10.002B жолына, I - 160.10.002C жолына, L - 160.10.002D жолына, M - 160.10.002E жолына, N - 160.10.002F жолына көшіріледі.

149. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

150. 160.10.004, 160.10.005 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында эмиссиялар бойынша бөлшектеп берешек бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі;

3) C бағанында берешек бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеудің нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанында берешек бағалы қағаздың атаулы құны көрсетіледі;

5) E бағанында резидентке төлегенде ескерілетін дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында резидентке төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырмасы) (F+E) ретінде айқындалатын сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында теңгедегі берешек бағалы қағаздарды орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы, шетел валютасындағы орналастыру кезінде - берешек бағалы қағаздарды ресімдеу сәтіне Лондон банкаралық рыногының ставкасы көрсетіледі ;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселік ресми ставкасының және H бағанында көрсетілген Лондон банкаралық рыногының 2 еселік ставкасының мөлшерінде көрсетіледі;

10) J бағанында I бағанында көрсетілген ставканы қолдану арқылы айқындалған сыйақы сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында E және J бағандарында көрсетілген сомадан ең азы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы сомасы көрсетіледі.

160.10.004 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 160.10.004A жолына, F бағаны - 160.10.004B жолына, G бағаны - 160.10.004C жолына, J бағаны - 160.10.004D жолына, K бағаны - 160.10.004E жолына көшіріледі, 160.10.005 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы - 160.10.005A жолына, F бағаны - 160.13.005B жолына, G бағаны - 160.10.005C жолына, J бағаны - 160.10.005D жолына, K бағаны - 160.10.005E жолына көшіріледі.

151. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

152. 160.10.007 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
2) B бағанында сенімгерлік басқаруға алынған мүліктің атауы көрсетіледі;
3) C бағанында мүлікті сенімгерлік басқаруға берген заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) D бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында шарт жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында сенімгерлік басқаруға алынған мүлікті ресімдеу күні көрсетіледі;

7) G бағанында сенімгерлік басқаруға алынған мүліктің құны көрсетіледі;

8) H бағанында онда белгіленген ставканы қолданумен шарттың жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеушіге төленген (төленуі тиіс) сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) мүлікті сенімгерлік басқаруға ресімдеу сәтіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы;

10) J бағанында I бағанында көрсетілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселік ресми ставкасы көрсетіледі;

11) K бағанында J (G* J) бағанында көрсетілген ставканы қолдану арқылы айқындалатын сыйақы сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Н және К бағандарының сомасынан ең азы ретінде айқындалатын, резидентке төленетін шегерімге жатқызылуы тиіс сыйақы сомасы көрсетіледі;

160.10.007 жолына қосымша нысанның G бағанының жиынтық шамасы 160.10.007A жолына, Н бағаны - 160.10.007B жолына, К бағаны - 160.10.007C жолына, L бағаны - 160.10.007D жолына көшіріледі.

153. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

154. 160.10.009 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында кредитор ұйымның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында кредитор ұйымның салық төлеушіні тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында кредит шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында алынған кредит (заем) сомасы көрсетіледі. Кредитті (заемды) шет ел валютасында алғанда кредитті (заемды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгемен есептеледі;

6) F бағанында шарт ережесіне сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші резидентке төлеген (төлеуге жататын) сыйақы сомасы көрсетіледі. Хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырма осы бағанда көрсетілуге жатады.

160.10.009 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 160.10.009A жолына, F бағаны - 160.10.009B жолына көшіріледі.

155. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

156. 160.10.009, 160.10.010 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында кредитор ұйымның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ереженің 305-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында кіріс алушы ұйымның резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында кредит шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 6) F бағанында резидент еместен алынған кредит (заем) сомасы көрсетіледі. Кредитті (заемды) шет ел валютасында алғанда кредитті (заемды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен теңгемен есептеледі;
- 7) G бағанында белгіленген ставканы қолданумен шарт жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші резидентке төлеген (төлеуге жататын) сыйақы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде

хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Сыйақыны шет ел валютасында төлегенде сыйақы сомасы сыйақыны төлеу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ішінде төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есепті салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі.

160.10.010 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 160.10.010A жолына, G бағаны - 160.10.010B жолына көшіріледі.

157. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

158. 160.10.011 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында эмиссиялар бойынша бөлшектеп берешек бағалы қағаздардың түрлері көрсетіледі;
- 3) C бағанында берешек бағалы қағаздардың эмиссияларын тіркеудің нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында берешек бағалы қағаздың атаулы құны көрсетіледі. Берешек бағалы қағазды шет ел валютасында шығарғанда берешек бағалы қағаздың атаулы құны берешек бағалы қағазды сату сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі;
- 5) E бағанында резидентке төлегенде ескерілетін дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында резидентке төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырмасы) (F+E) ретінде айқындалатын резидентке төленетін сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Сыйақыны шет ел валютасында төлегенде сыйақы сомасы сыйақыны төлеу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ішінде төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есепті салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі;
- 8) H бағанында резидент емеске сыйақыны төлегенде ескерілетін дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында резидент емеске төленетін дисконт немесе сыйақы есебінсіз купон сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында купон және дисконт (сыйақы) сомасы (айырмасы) (I+H) ретінде айқындалатын резидент емеске төленетін сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Валюта бағамының өзгеруінен қорғану тәсілі ретінде хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық бұл бағанда көрсетуге жатады. Сыйақыны шет ел валютасында төлегенде сыйақы сомасы сыйақыны төлеу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі. Егер сыйақы есепті салық кезеңі ішінде төленбеген жағдайда, сыйақы сомасы есепті салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгеде есептеледі;

160.10.011 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 160.10.011A жолына, E бағаны - 160.10.011B жолына, F бағаны - 160.10.011C жолына, G бағаны - 160.10.011D жолына, H бағаны - 160.10.011E жолына, I бағаны - 160.10.011F жолына, J бағаны - 160.10.011G жолына көшіріледі.

159. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

13. Резиденттің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары - 160.11 нысанын жасау

160. Бұл нысан Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі көздерден кірістер алу мақсатында шеккен, осы Ереженің 306-тармағында көрсетілген халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес халықаралық шарттар жасасылған шетелдік мемлекеттерде орналасқан резидентке және тұрақты мекемеге шегерімдерге жатқызатын, басқару және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

Резидент салық төлеуші шетелдік тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасын Салық кодексінің 195-197-баптарында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпте, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заң актілеріне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың (өнім бөлу туралы келісім-шарттар) ережелеріне сәйкес айқындайды. Бұл ретте, резидент емес салық төлеуші көрсетілген әдістердің бірін таңдауға құқылы:

- 1) барабар бөлу әдісі;
- 2) шегерімге тура (тікелей) жатқызу әдісі.

Таңдалған әдіс салық төлеушінің барлық шетелдік тұрақты мекемелері бойынша жыл сайын қолданады және салық органының келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

161. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) осы Ереженің 160-тармағына сәйкес көрсетілген шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі;

2) барабар бөлу әдісі қолданылған кезде есептік көрсеткішті есептеу әдісі.

162. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 160.11.001 жолы резиденттің Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі көздерден кірістер алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 160.11.002 жолы резиденттің шетелдік мемлекеттердегі көздерден кірістер алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

163. 160.11.002 жолының шамасы 160.00.038В жолын есептеген кезде пайдаланылады.

164. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

165. 160.11.001 және 160.11.002 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шетелдік тұрақты мекеменің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ереженің 305-тармағына сәйкес шетелдік тұрақты мекеме орналасқан елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекемелердің жылдық жиынтық кірісінің ұлттық валютадағы сомалары көрсетіледі;

5) E бағанында әрбір шетелдік тұрақты мекеме бойынша резидент салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіндегі шетелдік тұрақты мекеменің жылдық жиынтық кірісінің үлесі көрсетіледі;

6) F бағанында резиденттің және шетелдік тұрақты мекемелердің негізгі құрал-жабдықтарының бастапқы (ағымдағы) құны құнының ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында әрбір шетелдік тұрақты мекеме бойынша резидент салық төлеушінің негізгі құрал-жабдықтарының бастапқы (ағымдағы) құнының жалпы

сомасындағы шетелдік тұрақты мекеменің негізгі құрал-жабдықтарының бастапқы (ағымдағы) құнының үлесі көрсетіледі;

8) Н бағанында резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекеменің еңбекақы төлеу бойынша шығыстарының ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі ;

9) І бағанында әрбір шетелдік тұрақты мекеме бойынша резидент салық төлеушінің қызметкерлерге еңбекақы төлеу бойынша шығыстарының жалпы сомасындағы шетелдік тұрақты мекеменің қызметкерлерге еңбекақы төлеу бойынша шығыстарының үлесі көрсетіледі;

10) J бағанында әрбір шетелдік мекеме бойынша E бағаны бойынша немесе E, G, I бағандары сомаларының 3-ке қатынасы бағандары сомаларының 3-ке қатынасы $(E \text{ бағаны} + G \text{ бағаны} + I \text{ бағаны})/3$ ретінде айқындалған есептелген есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі;

11) K бағанында резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекеменің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомалары көрсетіледі.

Тиісті шетелдік тұрақты мекеменің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы J және 00001K жолының туындысы ретінде айқындалады ;

00001K бағанында резиденттің жылдық жиынтық жылдық кіріс алу мақсатында есепті салық кезеңінің ішінде шеккен және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарға сәйкес резиденттің тұрақты мекемелеріне барабар бөлуге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында резидент салық төлеушінің және шетелдік тұрақты мекемелердің K бағанында көрсетілген шығындарын есепке алумен шығындарының жалпы сомалары көрсетіледі.

160.11.001, 160.11.002 нысанына қосымша нысанның 00001K жолында көрсетілген резиденттің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы 160.17.001A жолына көшіріледі.

160.11.001, 160.11.002 қосымша нысанның 00002K жолында көрсетілген резиденттің шетелдік көздерден кірістер алу мақсатында шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының, шетелдік мекемелердің осындай шығыстарының сомасы ретінде айқындалатын жалпы сомасы 160.11.002A жолына көшіріледі.

14. Әлеуметтік төлемдерге шығыстар - 160.12 нысанын жасау

167. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстарды айқындауға арналған.

168. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 160.12.001А жолында қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 160.12.001В жолында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеудің мөлшері көрсетіледі;

3) 160.12.001С жолында шегерімге жатқызылуы тиіс қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 00.12.001А және 00.12.001В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

4) 160.12.002А жолы толтырылуға жатпайды;

5) 160.12.002В жолы толтырылуға жатпайды;

6) 160.12.002С жолы толтырылуға жатпайды;

7) 160.12.003А жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 160.12.003В жолында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеудің мөлшері көрсетіледі;

9) 160.12.003С жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 160.12.003А және 160.12.003В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

10) 160.12.004А жолында жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) 160.12.004В жолында Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарында жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша белгіленген мөлшер көрсетіледі;

12) 160.12.004С жолында шегерімдерге жатқызылуға жататын жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша шығыстардың сомалары көрсетіледі. 160.12.004А және 160.12.004В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

13) 160.12.005А жолында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың есептелген сомасы көрсетіледі;

14) 160.12.006 жолында шегерімге жатқызылуға жататын әлеуметтік төлемдерге шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 160.12.001С, 160.12.003С, 160.12.004С, 160.12.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

169. 160.12.006 жолының шамасы 160.00.032 жолына көшіріледі.

170. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

15. Өзге де шегерімдер - 160.13 нысанын жасау

171. Бұл нысан ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық (жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық) жұмыстарға шығыстар бойынша, сондай-ақ тағайындалған немесе танылған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары түрінде шеккен шығыстары бойынша шегерімдер сомасын айқындауға арналған. Сондай-ақ бұл нысанда қолданылатын салық режиміне және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес кәсіпкерлік қызметтен шеккен залалдар сомасы мен шегерімге жатқызылуы тиіс инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құны айқындалады.

172. "Өзге де шегерімдер" бөлімінде:

1) 160.13.001 жолы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа қол қою (жасау) күніне қолданыстағы салық заңнамасына байланысты шегерімге жатқызылуға тиіс ғылыми-зерттеу және жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық немесе ғылыми-техникалық жұмыстарға шығыстардың сомаларын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 160.13.002 жолы шегерімге жатқызылатын айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптарының сомаларын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 160.13.003 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс инвестициялық жобалар шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша жиынтық сомаларды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

4) 160.13.004 жолы өткен салық кезеңдерінен шеккен залалдың жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

173. 160.13.001 жолының шамасы 160.00.031 жолына көшіріледі.

160.13.002 жолының шамасы 160.00.036 жолына көшіріледі.

160.24.001 жолының шамасы 160.00.037F жолына көшіріледі.

160.13.004 жолының шамасы 160.00.047 жолына көшіріледі.

174. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

175. 160.13.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында шартқа сәйкес ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық (жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық) жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 305-тармағына сәйкес резиденттік елдің коды көрсетіледі;

4) D бағанында орындалған ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың түрі көрсетіледі. Бұл бағанды 2005 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес салық режимі белгіленген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт негізінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

5) E бағанында орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар түрінің тиісті коды көрсетіледі:

Р/с N	Ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстардың атауы	Жұмыстардың коды
1	Жаңа ғылыми білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	01
2	Жаңа техникалық білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	02
3	Ғылыми білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	03
4	Техникалық білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	04
5	Баламалы өнімдер іздеу бойынша жұмыстар	05
6	Баламалы технологиялар іздеу бойынша жұмыстар	06
7	Ықтимал жаңа өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	07
8	Ықтимал жетілдірілген өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	08
9	Баламалы өнімдерді бағалау бойынша жұмыстар	09
10	Баламалы технологияларды бағалау бойынша жұмыстар	10
11	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді жобалау	11
12	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді құрастыру	12
13	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді сынау	13
14	Жаңа технологияны пайдаланумен құралдарды, құрал-саймандарды, матрицаларды, штамптарды әзірлеу	14
15	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды жобалау	15

16	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды құрастыру	16
17	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды пайдалану	17
18	Өзге де ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстар	18

Бұл бағанды 2005 жылда қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес салық режимі белгіленген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт негізінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

6) F бағанында ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық (жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық) жұмыстарға сәйкес келетін жүзеге асыруларды растайтын шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық (жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық) жұмыстар актісінің нөмірі мен күні;

8) H бағанында жобалық-сметалық құжаттаманың нөмірі мен күні көрсетіледі ;

9) I бағанында кірістерді алумен байланысты және шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық (жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық) жұмыстарына жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

160.13.001 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 160.13.001 жолына көшіріледі.

176. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

177. 160.13.002 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында оның алдында шаруашылық шарттарын жағдайларын бұзғаны үшін шарт міндеттемелері туындаған ұйым атауы көрсетіледі;
- 3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі/ осы Ереженің 305-тармағына сәйкес ұйымның резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында оған сәйкес салық төлеуші (салық төлеушіге) таныған немесе тағайындалған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптарының шартты (келісім-шартты) немесе сот шешімін жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 5) E бағанында шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кірісті алумен байланысты тағылған немесе танылған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі.

160.13.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 160.13.002 жолына көшіріледі.

178. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

179. 160.13.003 жолына қосымша нысан:

"Жалпы ақпарат" бөлімінде өтелімділік мерзімі; Инвестициялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған келісім-шарттың жасалған нөмірі мен күні; преференциялар берілген кезең көрсетіледі.

"Инвестициялық салық преференциялар бойынша шегерімдер" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында тіркелген активтердің атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында тіркелген активтерді іске қосу күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген тіркелген активтердің құны және объектілерді қайта құруға шығыстар көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы жолға өткен салық кезеңі үшін 160.13.003 жолға қосымша нысанының G бағанының тиісті жолдарындағы тіркелген активтердің қалдық құны және объектілерді қайта құруға шығыстар және келісім-шарттың шарты бойынша есепті салық кезеңінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтердің құны және инвестициялық жоба шеңберінде объектілерді қайта құруға шығыстар көшіріледі;
- 5) E бағанында есеп бойынша инвестициялық салықтық преференциялар берудің ағымдағы кезеңі көрсетіледі (бірінші салық кезеңі - преференцияларды қолданудың бірінші жылы, келесі салық кезеңдері - Инвестиция туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған келісім-шарттың негізінде преференцияларды қолдану жылы). Преференцияларды қолдану мерзімі Салық кодексінің 139-бабының 9-тармағына сәйкес тіркелген активтердегі инвестициялардың көлеміне байланысты айқындалады;
- 6) F бағанында Салық кодексінің 139-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс тіркелген активтердің құны көрсетіледі;
- 7) G бағанында келесі салық кезеңінің 160.13.003 жолына қосымша нысанының D бағанының тиісті жолдарына көшірілетін тіркелген активтердің құны мен қайта құруға шығыстар көрсетіледі (D - F);
- 8) H бағанында Салық кодексінің 110-бабы 1-тармағына сәйкес тіркелген активтер тобының нөмірі көрсетіледі;
- 9) I бағанында Салық кодексінің 110-бабы 1-тармағына сәйкес тіркелген активтердің шағын тобының нөмірі көрсетіледі.

160.13.003 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 160.13.003A жолына, F бағаны - 160.13.003B жолына, G бағаны - 160.13.003C жолына көшіріледі.

180. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

181. 160.13.004 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
2) B бағанында залал пайда болған және осы жол толтырылатын өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдың жиынтық сомасы көрсетіледі;

3) C бағанында өткен салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшірілуге тиісті залал) көрсетіледі. Егер 160.00.042 жолында кіріс алынса, онда салық салынатын кірістің түзетілген сомасына кемітілген кіріс сомасы (160.00.046 жолы) осы бағанға көшіріледі.

Егер 160.00.042 жолында залал алынған жағдайда, онда осы бағанға 160.00.044 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) E бағанында келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және C бағандарының және 160.02.002 жолында көрсетілген (160.00.042 жолының оң мәнінде) үй-жайлар, құрылыстар және ғимараттарды сату кезінде алынған залал айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының C бағанына көшіріледі;

6) F бағанында залалдарды көшіруге арналған мерзімнің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

160.13.004 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңінің C бағанының шамасы 160.13.004 жолына көшіріледі.

182. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

16. Әлеуметтік салада салық салу - 160.14 нысанын жасау

83. Осы нысан коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктердің сомаларын және Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 28-1) тармақшасына сәйкес салық төлеуші көрсеткен демеушілік жәрдем сомасын айқындауға арналған.

184. "Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүлік" бөлімінде:

160.14.001 жолы есепті салық төлеушілермен салық кезеңі ішінде коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

185. "Демеушілік жәрдем көрсету бойынша шығыстар" бөлімінде:

160.14.002 жолы салық кезеңі ішінде салық төлеуші көрсеткен демеушілік жәрдем сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

186. 160.14.001 жолының шамасы 160.00.046В жолына көшіріледі.

160.14.002 жолының шамасы 160.00.046С жолына көшіріледі.

187. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

188. 160.14.001 жолына қосымша нысанда:

160.14.001 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеуші мүлік берген коммерциялық емес ұйымның атауы көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті коммерциялық емес ұйымның салық төлеуші тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында берілген мүлік түрінің коды көрсетіледі:

N p/c	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестиция	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

5) Е бағанында коммерциялық емес ұйымның мүлікті беруді растайтын құжатының нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында берілген мүлік құны көрсетіледі.

160.14.001 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 160.14.001 жолына көшіріледі.

189. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

190. 160.14.002 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында коммерциялық емес ұйымның атауы немесе демеушілік жәрдем көрсетілген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;
- 3) С бағанында В бағанында көрсетілген тұлғаның салық төлеушіні тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында демеушілік жәрдем ретінде берілген мүлік түрінің коды көрсетіледі:

N p/c	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестиция	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

5) E бағанында демеушілік жәрдем түрінде берілген мүлікті растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында демеушілік жәрдем түрінде берілген мүліктің құны көрсетіледі.

160.14.002 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 160.14.002 жолына көшіріледі.

191. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Төленген күмәнді міндеттемелер мен күмәнді талаптар - 160.15 нысанын жасау

192. Бұл нысан қолданылатын салық режиміне және жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелердің сомасын, сондай-ақ күмәнді талаптар сомаларын айқындауға арналған.

Төленген күмәнді және есептен шығарылған міндеттемелер талап ету мерзімі ішінде, оларды жылдық жиынтық кіріске қосқан сәттен бастап шегеруге жатады.

193. "Төленген күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

160.15.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

160.15.002 жолы бұрын кіріс деп танылған, төленген міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

160.15.003 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс бұрын кіріс деп танылған төленген міндеттемелердің жалпы сомасын айқындауға арналған және 160.15.001С және 160.15.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

194. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

160.15.004 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

195. 160.15.003 жолының шамасы 160.00.028 жолына көшіріледі.

160.15.004В жолының шамасы 160.00.029 жолына көшіріледі.

196. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

197. 160.15.001 және 160.15.002 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кіріске жатқызылған және салық төлеуші бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған, сома төленген кредитор - заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) атауы көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 305-бабына сәйкес кредитордың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында кредиторлық берешектің туындауын растайтын құжаттың (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасын кіріске енгізу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

6) F бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешекті өтеу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

8) H бағанында төленген күмәнді міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған және шегерімге жатқызылатын кіріске жатқызылған әрі F және H бағандары сомасының ең азы ретінде айқындалатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

160.15.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 160.15.001A жолына, H бағаны - 160.15.001B жолына, I бағаны - 160.15.001C жолына көшіріледі.

160.15.002 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 160.15.002A жолына, H бағаны - 160.15.002B жолына, I бағаны - 160.15.002C жолына көшіріледі.

198. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

199. 160.15.004 жолына қосымша нысан:

- 1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында салық төлеушіге берешегі үш жыл ішінде өтелмеген, тауарлар сатқан, жұмыстар орындаған, қызмет көрсеткен заңды тұлғаның атауы, жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;
- 3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында талап туындағанын растайтын құжаттың (шот-фактура) күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 6) F бағанында Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімнен банкрот-борышкерді алып тастау туралы әділет органы шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 7) G бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша дебиторлық берешек (жанама салықтарсыз) сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында салық салынатын кірісті айқындау кезінде жылдық жиынтық кіріске H бағанында көрсетілген берешекті енгізу күні (ай, жыл) көрсетіледі;
- 9) I бағанында күмәнді талап болып табылатын және бұрын кіріске қосылған сомалар шегінде шегерімге жататын дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

160.15.004 жолына қосымша нысанның G бағанының жиынтық шамасы 160.15.004A жолына, I бағаны - 160.15.004B жолына көшіріледі.

200. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Геологиялық зерттеуге, барлау мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары - 160.16 нысанын жасау

201. Бұл нысан Салық кодексінің 101-бабына сәйкес шегерімдерге жатқызылуға жататын жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіру басталған уақытқа дейін геологиялық зерттеу мен барлауға, табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсаған шығыстарын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын немесе Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт (өнімді бөлу туралы келісім-шарт) ережелеріне сәйкес шегерімдерге жатқызылуға жататын шығыстарын айқындауға арналған.

202. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) келісім-шартты жасау күні және нөмірі;
- 2) геологиялық зерттеу, жер қойнауын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органның қорларды бекіту күні.

203. "Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар" бөлімінде:

1) 160.16.001 жолы геологиялық зерттеуге шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 160.16.002 жолы бағалау және орналастыру кезеңінде барлау мен пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстардың сомасын көрсетуге көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 160.16.003 жолы жалпы әкімшілік шығыстардың сомасын көрсетуге көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 160.16.004А жолында қол қойылатын төленген бонус сомасы көрсетіледі;

5) 160.16.004В жолында коммерциялық табылудың төленген бонусының сомасы көрсетіледі;

6) 160.16.004С жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жағдайына сәйкес өндіру бонусын төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

7) 160.16.005 жолын жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар (өнімді бөлу туралы келісім-шарт) жағдайына сәйкес тарихи шығыстарды төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;

8) 160.16.006 жолында өндірілген пайдалы қазбаларды сату бойынша шығыстардан басқа Салық кодексінің 101-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге шығыстар көрсетіледі;

9) 160.16.007 жолында 160.16.001 - 160.16.006 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстары мен барлауға, геологиялық зерттеуге шығыстардың жалпы сомасы және салық төлеушінің басқа да шығыстары көрсетіледі;

10) 160.16.008 жолында коммерциялық табудан кейін өндіру басталған уақытқа дейін табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары, барлау, геологиялық зерттеу өткізу кезеңіне келісім-шарт жасалған шектерде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған кірістер сомасы көрсетіледі;

11) 160.16.008А жер қойнауын пайдалану құқығын беруден түскен табыстар сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

12) 160.16.009 жолында 160.16.007 жолында көрсетілген шығыстар сомасына азайтылмайтын 160.16.008 жолынан кірістер сомасы көрсетіледі. 160.16.010 және 160.16.011 жолдарының сомалары ретінде айқындалады;

13) 160.16.010 жолында пайдалы қазбаларды сату кезінде жер қойнауын пайдаланушы алған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

14) 160.16.011 жолында жылдық жиынтық табыстан алып тастауға жататын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 160.16.011А - 160.16.011F жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

15) 160.16.012 жолында 160.16.007 жолында алынған шығыстар сомасына азайтылатын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 160.16.008 және 160.16.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

16) 160.16.013 жолында 160.16.007 және 160.16.012 жолдарының оң айырмасы ретінде алынған, шегерімге жатқызылуы тиіс табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстары мен геологиялық зерттеу, барлауға шығыстар сомасы көрсетіледі.

Егер 160.16.013 жолы бойынша теріс бағам алынған болса, көрсетілген сома табиғи ресурстарды өндіруге геологиялық зерттеу мен дайындық жұмыстарына шыққан шығыстарға, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарына түзетулерден түскен кірістер деп танылады.

204. "Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатып алуға шыққан шығыстар" бөлімінде:

1) 160.16.014 жолы негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатып алуға шыққан шығыстар сомасын көрсетуге арналған. 160.16.014А және 160.16.014В жолдарының қосындысымен айқындалады;

2) 160.16.014А жолы негізгі құралдар сатып алуға шыққан шығыстарды көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 160.16.014В жолы жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуды қоса алғанда, материалдық емес активтерді сатып алуға шыққан шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

205. "Геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына, негізгі және материалдық емес активтерді сатып алуға шыққан шығыстар" бөлімінде:

1) 160.16.015А жолында Геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына, негізгі және материалдық емес активтерді сатып алуға шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі. Келісім-шарттың іс-әрекет етудегі бірінші салық кезеңінде осы жолға 160.16.013 жолында айқындалған сома, одан кейінгі салық кезеңдеріне - бұрынғы салық кезеңі үшін 160.16.013, 160.16.014, 160.16.016 жолдарында айқындалған сома көшіріледі;

2) 160.16.015ВІ жолында 25 проценттер мөлшерінде амортизацияның шекті нормасы көрсетіледі;

3) 160.16.015ВІІ жолында шекті нормадан аспайтын (25 пайыз) жер қойнауын пайдаланушы қолданатын амортизацияның нормасы көрсетіледі;

4) 160.16.015С жолында тиісінше 160.16.015А және 160.16.015ВІІ жолдарының туындысы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңіндегі шегерімге жатқызылуы тиіс амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

5) 160.16.016 жолында 160.16.015А және 160.16.015С жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалған келесі салық кезеңіне көшірілетін шығыстар сомасы көрсетіледі.

206. "Қазақстандық кадрларды оқытуға және әлеуметтік саланы дамытуға шығыстар" бөлімін Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт талаптары мен заң нормаларына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар толтырады:

1) 160.16.017 жолында есепті салық кезеңі үшін келісім-шарт шегінде айқындалған қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі;

2) 160.16.018 жолында есепті салық кезеңі үшін қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға жер қойнауын пайдаланушы нақты жүргізілген шығыстардың соманы көрсетуге арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады;

3) 160.16.019 жолында шегерімге жататын қазақстандық кадрларды оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға шығыстар сомасы көрсетіледі. 160.16.017 және 160.16.018 жолдарының ең аз мәні ретінде айқындалады;

4) 160.16.020 жолында инфрақұрылымды дамытуға шығыстарды қоса алғанда , өзге де шығыстардың сомасы көрсетіледі.

207. 160.16.013 жолының шамасы 160.16.013 жолы бойынша теріс мән көрсетілген жағдайда 160.00.021 жолына көшіріледі.

160.16.015С, 160.16.019 бен 160.16.020 жолдарының шамасы 160.00.033 жолына көшіріледі.

208. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

209. 160.16.001, 160.16.002, 160.16.003, 160.16.014A, 160.16.014B, 160.16.018 жолдарына қосымша нысандарда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/ осы Ережелердің 286-тармағына сәйкес кіріс алушының резиденттік елінің коды көрсетіледі. Бұл ретте жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларға қатысты жүргізілген шығыстар бойынша В бағанында олардың саны, ал Е бағанының деректері бірыңғай сомада көрсетіледі;

3) 160.16.001, 160.16.002, 160.16.003 жолдарына қосымша нысандардың С бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:

N р/с	Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар	Шығыс коды
1	Әуеден суретке түсіруді, геофизикалық, геохимиялық, палеонтологиялық, геологиялық, топографиялық және сейсмикалық түсірулерді, зерттеулерді, іздестіруді, топырақты сұрыптауды, қоршаған ортаға ықпал етуді зерттеу Бойынша жұмыстарды, коллекторларды және ұқсас жұмыстарды зерттеуді және олардың тиісті түсіндірмелерін қоспағанда зерттеу және іздестіру	01
2	Бұрғылау, тереңдету, бұқтыру, жанама оқпандарды бұрғылау, байлау, осындай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде аяқталмаған шартта, барлау ұңғылары мен бағалау ұңғыларын аяқтау және күрделі жөндеу (жағдайларға байланысты)	02
3	Осындай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде аяқталмаған шартта барлау және (немесе) бағалау ұңғылар үшін пайдалануға сатып алынған тауарлық-материалдық қорлар және негізгі құралдар	03
4	Осындай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде бітпеген аяқталмаған шартта барлау және бағалау барысында бұрғылау кезінде пайдаланылатын еңбек және қызмет көрсетулер төлемі	04
5	Жоғарыда сипатталған жұмыстар үшін пайдаланылатын объектілер	05
6	Барлау және бағалау кезеңінде шеккен қызмет көрсетулерге шығыстар мен жалпы әкімшілік шығыстар	06

7	Өзге де шығыстар	07
8	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың шарттарына сәйкес геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғат ресурстарын өндіруге дайындық жұмыстарына өзге де шығыстар	08

160.16.014А жолына қосымша нысанның С бағанында негізгі құралдардың бастапқы құнына қосылатын шығыс түрлері көрсетіледі:

N p/c	Негізгі құралдардың бастапқы құнына қосылатын шығыстардың атауы	Шығыс коды
1	Негізгі құралдарды сатып алуға шығыстар	01
2	Өтелмейтін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар	02
3	Жеткізу бойынша шығыстар	03
4	Монтаждау, қондыру және пайдалануға жіберу бойынша шығыстар	04
5	Негізгі құралдарды мақсатта пайдалану үшін жұмыс қалпына келтірумен тікелей байланысты басқа да шығыстар	05
6	Материалдарға және шикізаттар шығыстары	06
7	Еңбекақы шығыстары	07
8	Үстеме шығыстары	08
9	Сыйлықақы төлемдері шығыстары	09
10	Сақтандыру бойынша шығыстар	10
11	Бөтен ұйымдарға жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) төлеу бойынша шығыстар	11
12	Негізгі құралдардың бастапқы құнына қосатын басқа шығыстар	12

160.16.014В жолына қосымша нысанның С бағанында материалдық емес активтердің атауы көрсетіледі.

160.16.018 жолына қосымша нысанның С бағанында қазақстандық кадрларды оқыту шығыстары бойынша - "01" коды, әлеуметтік саланы дамыту шығыстары бойынша - "02" коды, инфрақұрылымды дамытуға шығыстар бойынша - "03" коды, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың шарттарына сәйкес өзге де шығыстар - "04" коды көрсетіледі;

4) D бағанында E бағанында көрсетілген шығыстардың мәлімденген сомасын растайтын құжаттың (шот-фактуралар, шарттар) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында шығыстар сомасы көрсетіледі.

160.16.001 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 160.16.001 жолына көшіріледі, 160.16.002 жолына қосымша нысанның E бағаны 160.16.002 жолына көшіріледі, 160.16.003 жолына қосымша нысанның E бағаны 160.16.003 жолына көшіріледі, 160.16.014A жолына қосымша нысанның E бағаны 160.16.014A жолына көшіріледі, 160.16.014B жолына қосымша нысанның E бағаны 160.16.014B жолына көшіріледі, 160.16.018 жолына қосымша нысанның E бағаны 160.16.018 жолына көшіріледі.

210. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

211. 160.16.008A жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алған заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) C бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/ осы Ережелердің 305-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алушының резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын өткізу құны;

5) E бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын беруден кіріс сомалары көрсетіледі;

160.16.008A жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 160.16.008A жолына көшіріледі.

212. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

213. 160.16.010 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі;

2) B бағанында тиісті пайдалы қазбаларға Евразиялық экономикалық бірлестіктің ішкі экономикалық қызметінің Тауарлық номенклатурасының коды көрсетіледі;

3) C бағанында тиісті пайдалы қазбаларды өткізуден кірістер сомасы көрсетіледі.

160.16.010 жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 160.16.010 жолына көшіріледі.

214. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

19. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар, жөндеуге шығыстар және басқа да шегерімдер - 160.17 нысанын жасау

215. Бұл нысан салық салу мақсатында тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасын, жөндеуге шығыстарды және басқа да шегерімдерді, сондай-ақ қолданылатын салық режимі мен жер қойнауын пайдалануға арналған Келісім-шарттың ережелеріне сәйкес шағын топтың теңгермелік құнынан есептен шыққан тіркелген активтердің (І және II активтерден басқа) құн асуынан кірістерді айқындауға арналған.

216. "Үйлер, құрылыстар" бөлімінде:

160.17.001 жолы үйлер, құрылыстар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

217. "Ғимараттар" бөлімінде:

160.17.002 жолы ғимараттар бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

218. "Негізгі құрал-жабдықтардың қалған шағын топтары" бөлімінде:

160.17.003 жолы негізгі құрал-жабдықтардың қалған шағын тобы бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

219. "Негізгі құрал-жабдықтар бойынша барлығы" бөлімінде:

160.17.004 жолы негізгі құрал-жабдықтар бойынша шегерімдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 160.17.001, 160.17.002, 160.17.003 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

220. "Үйлер, құрылыстар", "Ғимараттар", "Негізгі құрал-жабдықтардың қалған шағын топтары" бөлімдерінде "Негізгі құрал-жабдықтар бойынша барлығы" бөлімдерінде 160.17.008 жолында көрсетілетін сатып алынған технологиялық жабдықтардың құны есепке алынбайды.

221. "Материалдық емес активтер" бөлімінде:

1) 160.17.005А жолында өткен салық кезеңі үшін 160.17.005Н жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

2) 160.17.005В жолында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заң актісі мен Жер қойнауын пайдалануға арналған

келісім-шарт (өнімді бөлу туралы келісім-шарт) ережелеріне сәйкес шағын топтың материалдық емес активтерінің қайта бағалау сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның негізінде толтырылады;

3) 160.17.005C жолында есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ материалдық емес активтердің жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген материалдық емес активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Бұл бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 160.23.001 жолына қосымша нысанның К бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі;

4) 160.17.005D жолында жарғылық капиталға салым ретінде материалдық емес активтерді сатудан алынған және/немесе алынуға жататын, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ материалдық емес активтерді есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;

5) 160.17.005E жолында есепті салық кезеңінің соңындағы шағын топтың материалдық емес активтерінің құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі ($160.17.005A + 160.17.005B + 160.17.005C - 160.17.005D$);

6) 160.17.005 F жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі ($160.17.005E \times 160.17.005K$);

7) 160.17.005 G жолында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 300 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны немесе қолданылатын салық режимі мен Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың ережелеріне сәйкес көрсетіледі;

8) 160.17.005H жолында Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес егер есепті салық кезеңінің аяғында осы шағын топтың барлық тіркелген активтері жойылса, 160.17.005E жолында көрсетілген сомаға тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны немесе қолданылатын салық режимі мен жер қойнауын пайдалануға арналған Келісім-шарттың ережелеріне сәйкес көрсетіледі;

9) 160.17.005I жолында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзету есебімен ($160.17.005E - 160.17.005F - 160.17.005G - 160.17.005H$) және амортизациялық аударымдар сомасына кемітілген есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны ретінде айқындалатын шағын топтың құндық теңгермесі көрсетіледі;

10) 160.17.005J жолында амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;

11) 160.17.005K жолында салық төлеушілер қолданатын материалдық емес активтер бойынша амортизацияның нормалары, бірақ 160.17.005J жолында көрсетілген шектен жоғары емес процентпен көрсетіледі.

222. "Басқалары" бөлімінде:

1) 160.17.006 жолы шағын топтың құндық теңгермесінен есептен шыққан тіркелген активтердің құнының асуынан кірісті көрсетуге арналған. 160.17.003 жолына қосымша нысан J бағанының және 160.17.005D жолының теріс сомаларын қосуден айқындалады;

2) 160.17.007 жолы Салық кодексінің 113-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс, жал келісім-шартына сәйкес жалға беруші жүргізген және жалға беруші өтемеген жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 160.17.008 жолы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заң актісі мен Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт (өнімді бөлу туралы келісім-шарт) ережелеріне сәйкес белгіленген амортизация нормасының шегінде өндірістік мақсатта пайдаланатын сатып алған технологиялық жабдықтардың құны сомасын көрсетуге арналған;

4) 160.17.009 жолы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заң актісі мен Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт ережелеріне сәйкес белгіленген пайдалану мерзімімен өз құрылысы бойынша шығыстарды көрсетуге арналған.

223. 160.17.004F және 160.17.008C жолдарының шамасы 160.00.037A жолына көшіріледі.

160.17.005F жолының шамасы 160.00.037B жолына көшіріледі.

160.17.004J және 160.17.005H жолдарының шамасы 160.00.037D жолына көшіріледі.

160.17.004I және 160.17.005G жолдарының шамасы 160.00.037E жолына көшіріледі.

160.17.004G және 160.17.007I жолдарының шамасы 160.00.037G жолына көшіріледі.

160.17.006 жолының шамасы 160.00.008 жолына көшіріледі.

160.17.008D жолының шамасы 160.00.037H жолына көшіріледі.

160.17.009C жолының шамасы 160.00.037I жолына көшіріледі.

224. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

225. 160.17.001, 160.17.002, 160.17.003 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

- 2) В бағанында амортизациялық аударымдар есептеуді жүргізетін негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында амортизациялық аударымдарды есептеу үшін негізгі құралдар тобының нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында амортизациялық аударымдар есептелетін негізгі құралдардың тиісті тобының амортизациялық шағын тобының нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында амортизацияның шекті нормалары процентпен көрсетіледі;
- 6) F бағанында салық төлеуші қолданатын амортизациялық нормалар әрбір шағын топ бойынша процентпен, бірақ E бағанында көрсетілген шектен асырылмай көрсетіледі;
- 7) G бағанында әрбір салық шағын тобы бойынша өткен салық кезеңі үшін 160.17.001, 160.17.002, 160.17.003 жолдарына қосымша нысанның R бағанының тиісті жолдарынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заң актісі мен Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт (өнімді бөлу туралы келісім-шарттар) ережелеріне сәйкес есептелген әрбір салық шағын тобы бойынша қайта бағалау сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында шағын топтар бөлінісінде есепті салық кезеңінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ негізгі құралдардың жарғылық капиталға салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Осы бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 160.18.001 жолына қосымша нысанның K бағанында айқындалған Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген негізгі құралдардың қалдық құны көрсетіледі;
- 10) J бағанында жарғылық капиталға салым ретінде негізгі құралдарды сатудан алынған және/немесе алынуы, қаржы лизингіне берілуі тиіс, сондай-ақ негізгі құралдардың есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сома көрсетіледі;
- 11) K бағанында есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың негізгі құралдарының теңгерімдік құнының шамасы (G+H+I-J) айқындалады;
- 12) L бағанында есептелген есепті салық кезеңдегі (KxF) амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;
- 13) M бағанында шегерімге жатқызылуы тиіс негізгі құралдардың әрбір шағын тобы бойынша жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;
- 14) N бағанында жалпы шыққан шығыстар сомасына тепе-тең негізгі құралдардың тиісті тобының, шағын тобының теңгерімдік құны артатын, M бағанында көрсетілген сомадан асатын негізгі құралдарды жөндеуге салық

төлеушінің шыққан нақты шығыстарының сомасы, сондай-ақ шағын топтың тиісті құндық теңгермесін ұлғайтатын инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

15) О бағанында 300 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

16) Р бағанында егер осы шағын топтың барлық тіркелген активтері есепті салық кезеңінің соңына есептен шықса, К бағанында көрсетілген сомаға тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

17) Q бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзетулер (K-L+N-O-P) есебімен есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі;

Жиынтық шама:

160.17.001 жолға қосымша нысанның G бағаны 160.17.001A жолына, H бағаны - 160.17.001B жолына, I бағаны - 160.17.001C жолына, J бағаны - 160.17.001D жолына, K бағаны - 160.17.001E жолына, L бағаны - 160.00.001F жолына, M бағаны - 160.17.001G жолына, N бағаны - 160.17.001H жолына, O бағаны - 160.17.001I жолына, P бағаны - 160.17.001J жолына, Q бағаны - 160.17.001K жолына көшіріледі;

160.17.002 жолға қосымша нысанның G бағаны 160.17.002A жолына, H бағаны - 160.17.002B жолына, I бағаны - 160.17.002C жолына, J бағаны - 160.17.002D жолына, K бағаны - 160.17.002E жолына, L бағаны - 160.17.002F жолына, M бағаны - 160.17.002G жолына, N бағаны - 160.17.002H жолына, O бағаны - 160.17.002I жолына, P бағаны - 160.17.002J жолына, Q бағаны - 160.17.002K жолына көшіріледі;

160.17.003 жолға қосымша нысанның G бағаны 160.17.003A жолына, H бағаны - 160.17.003B жолына, I бағаны - 160.17.003C жолына, J бағаны - 160.17.003D жолына, K бағаны - 160.17.003E жолына, L бағаны - 160.17.003F жолына, M бағаны - 160.17.003G жолына, N бағаны - 160.17.003H жолына, O бағаны - 160.17.003I жолына, P бағаны - 160.17.003J жолына, Q бағаны - 160.17.003K жолына көшіріледі.

226. 160.17.003 жолға қосымша нысанның K бағаны мен 160.17.005E жолы 160.17.006 жолына көшіріледі.

227. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

228. 160.17.007 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

- 2) В бағанында негізгі құралдарды жылдық жиынтық табыс алу мақсатында алған жалға берушінің атауы (аты-жөні, тегі) көрсетіледі;
- 3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, олар бойынша жөндеуге кеткен шығыстар келісім-шартқа сәйкес жалға беруші өтемеген негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;
- 5) E бағанында D бағанында көрсетілген негізгі құралдар топтарының нөмірі көрсетіледі;
- 6) F бағанында D бағанында көрсетілген негізгі құралдардың ішкі топ нөмірі көрсетіледі;
- 7) G бағанында негізгі құралдар жалға алу шартының нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 8) H бағанында жал шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жал төлемінің сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында өткен салық кезеңі үшін әр салықтық ішкі топтар бойынша 160.17.007 жолына қосымша нысанның Q бағанының тиісті жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің басында қалыптасқан бөлек ішкі тобының құндық балансының шамасы көрсетіледі;
- 10) J бағанында амортизацияның шектелген нормалары процентте көрсетіледі ;
- 11) K бағанында әр ішкі топ бойынша салық төлеуші J бағанда көрсетілген шектерден жоғары емес процентте қолданатын амортизация нормалары көрсетіледі;
- 12) L бағанында есептелген амортизациялық аударымдар түрінде шегерімге жататын жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі ($I \times K$);
- 13) M бағанында есепті салық кезеңінде жүргізілген жалға алынған негізгі құралдарға жөндеуге шыққан нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;
- 14) N бағанында жалға берушімен өтелетін жөндеуге шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі;
- 15) O бағанында шегерімге жататын жалға алынған негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;
- 16) P бағанында салық төлеуші жүргізген тиісті бөлек ішкі топтың құндық балансы өсетін O бағанында көрсетілген соманы өсіретін жалға алынған негізгі құралдарды жөндеуге кеткен нақты шығыстар сомасы көрсетіледі ($M - N - O$);
- 17) Q бағанында есепті салық кезеңінің соңына қалыптасқан бөлек ішкі топтың құндық балансының шамасы көрсетіледі ($I - L + P$);
- 18) R бағанында шегерімге жатқызылатын жалға алынған негізгі құралдарды жөндеуге шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі ($L + O$).

160.17.007 жолына қосымша нысанның Н бағанының жиынтық шамасы 160.17.007А жолына, І бағанының жиынтық шамасы 160.17.007В жолына, L бағанының жиынтық шамасы 160.17.007С жолына, М бағанының жиынтық шамасы 160.17.007D жолына, N бағанының жиынтық шамасы 160.17.007E жолына, О бағанының жиынтық шамасы 160.17.007F жолына, Р бағанының жиынтық шамасы 160.17.007G жолына, Q бағанының жиынтық шамасы 160.17.007H жолына, R бағанының жиынтық шамасы 160.17.007I жолына көшіріледі.

229. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

230. 160.17.008 жолына қосымша нысан:

"Өндірістік мақсатта пайдаланатын сатып алған технологиялық жабдықтардың құны" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында негізгі қорлардың жіктеуішіне сәйкес өндірістік мақсатта пайдаланатын технологиялық жабдықтардың коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында өндірістік мақсатта пайдаланатын технологиялық жабдықтарды пайдалануға енгізу күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында алдыңғы салық кезеңі үшін 160.17.008 жолына қосымша нысанның І бағанынан көшірілетін салық кезеңінің басына өндірістік мақсатта пайдаланатын технологиялық жабдықтардың құны көрсетіледі;
- 5) E бағанында келіп түскен өндірістік мақсатта пайдаланатын технологиялық жабдықтардың құны көрсетіледі;
- 6) F салық салу мақсатында амортизация нормасы көрсетіледі. Бұл баған технологиялық жабдықтардың амортизациясы жағдайында толтырылады, бұл ретте Н бағаны толтырылмайды;
- 7) G бағанында салық салу мақсатында амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі. Бұл баған технологиялық жабдықтардың амортизациясы жағдайында толтырылады, бұл ретте Н бағаны толтырылмайды;
- 8) H бағанында өндірістік мақсатта пайдаланатын технологиялық жабдықтардың шегерімге жататын құны көрсетіледі. Бұл баған F және D бағандары толтырылған жағдайда толтырылмайды;
- 9) I бағанында өндірістік мақсатта пайдаланатын технологиялық жабдықтардың салық кезеңінің соңына D немесе E мен G бағандарының немесе D немесе E мен H бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын құны көрсетіледі;
- 10) J бағанында технологиялық жабдықтарды есептен шығару күні көрсетіледі.

160.17.008 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 160.17.008А жолына көшіріледі, E бағаны - 160.17.008В жолына, G бағаны - 160.17.008С жолына, H бағаны - 160.17.008D жолына, I бағаны - 160.17.008E жолына көшіріледі.

231. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

232. 160.17.009 жолына қосымша нысан:

"Өндірістік мақсат үшін өз құрылысы бойынша шығыстар" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында негізгі қорлардың жіктеуішіне сәйкес өз құрылысы объектісінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында салық кезеңінің басына аяқталмаған құрылыс құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында орындалған жұмыстардың құны және салық кезеңі үшін шығындар көрсетіледі;
- 5) E бағанында шегерімге жататын құрылыс бойынша шығыстар көрсетіледі;
- 6) F бағанында салық кезеңінің соңына C, D және E бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын аяқталмаған құрылыс құны көрсетіледі;
- 7) G бағанында өз құрылысы объектісін пайдалануға енгізу күні көрсетіледі;
- 8) H бағанында өз құрылысы объектісін есептен шығару күні көрсетіледі;

160.17.009 жолына қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 160.17.009А жолына көшіріледі, D бағаны - 160.17.009В жолына, E бағаны - 160.17.009С жолына, F бағаны - 160.17.009D жолына көшіріледі.

233. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар - 160.18 нысанын жасау

234. Бұл нысан салық төлеуші алғаш рет пайдалануға берілген және қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды айқындауға арналған.

Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарын салық төлеуші шегерімге жатқызған кезде, осы

нысан үш жыл ішінде жиынтық жылдық табыс алу мақсатында тіркелген активтерді пайдалануды растау үшін өткен үш салық кезеңіне беріледі.

235. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" бөлімінде:

160.18.001 жолы алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады.

236. 160.18.001В жолының шамасы 160.00.037С жолға көшіріледі.

237. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

238. 160.18.001 жолға қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында тіркелген активтердің атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында Қазақстан Республикасының аумағында тиісті тіркелген активті іске қосу күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында тіркелген актив тобының нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында тіркелген активтің шағын тобының нөмірі көрсетіледі;
- 6) F бағанында тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның шекті нормалары көрсетіледі. Бұл ретте F, G, H, K бағандарының қос амортизация нормасын қолданылған өткен салық кезеңдеріндегі Қазақстан Республикасы аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша толтырылмайды;
- 7) G бағанында бағанында F бағанда көрсетілген шектен аспайтын, тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша процентпен салық төлеуші қолданатын амортизацияның нормалары көрсетіледі;
- 8) H бағанында салық төлеуші Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес ($G \times 2$) қолданатын, амортизацияның екі еселенген нормалары көрсетіледі ;
- 9) I бағанында Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, түскен тіркелген активтердің құны көрсетіледі;
- 10) J бағанында кемінде үш жылда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында ($I \times H$) тіркелген активтердің деректерін пайдалану шарты кезінде амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизация аударымдарының сомалары көрсетіледі;
- 11) K бағанында Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін (I-J) пайдаланылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде

осы бағанның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті шағын топтың теңгерімдік құнына енгізуге жатады және келесі салық кезеңінің 160.18.001, 160.18.002, 160.18.003 жолдарға қосымша нысанның Н бағанының және 160.18.005 жолға қосымша нысанның Г бағанының тиісті жолдарына көшіріледі;

12) L бағанында тиісті тіркелген активтің жойылған күні көрсетіледі.

160.18.001 жолға қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 160.18.001А жолына, J бағаны - 160.18.001В жолына, K бағаны - 160.18.001С жолына көшіріледі.

239. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

21. Қосарланған салық салудан босату туралы халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірісті есептеу - 160.19 нысанын жасау

240. Осы нысан Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен мүліктерге (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарт ережелері (бұдан әрі - халықаралық шарт) бойынша салық салудан босатылатын салық салынатын кіріс (залал) сомасын айқындауға арналған.

160.19 нысанын Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес толтырады. Бұл нысанға салық төлеуші-резидент еместің резиденттігін растайтын құжат қоса тіркеледі.

241. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан, осы Ереженің 305-тармағына сәйкес елдің коды;

2) шығыстарды есептеудің қолданылатын әдісі (тиісті торкөзде әдістердің бірі көрсетіледі).

242. "Есеп" бөлімінде:

1) 160.19.001 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған жиынтық жылдық табысының жалпы сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 160.19.025 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 160.19.002 жолы Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепте осындай кірістерге бөлек есеп жүргізу негізінде есептелген Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын халықаралық жүк тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден алынған кіріс сомасын көрсетуге арналған;

3) 160.19.003 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алу үшін шеккен шығыстарының шегерілетін жалпы сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 160.00.038А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 160.19.004 жолы салық төлеушінің халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарының сомасын көрсетуге арналған. Салық төлеуші шығыстарды есептеудің тура әдісін қолданған жағдайда осы жолда бухгалтерлік есепте осындай шығыстарды есептеудің бөлек әдісін қолдану негізінде есептелген құжаттармен расталған сома көрсетіледі. Шығыстарды есептеудің жанама әдісін қолданған жағдайда осы 160.19.004 жолы 160.19.003 жолының үлес салмағы және деректерінің қосындысы ретінде есептеледі. Үлес салмағы 160.19.002 жолы деректерінің 160.19.001 жолы деректеріне қатынасы ретінде айқындалады. Бұл ретте, салық төлеуші халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарын есептеудің көрсетілген әдістерінің бірін дербес таңдауға құқылы;

5) 160.19.005 жолы халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кіріс (залал) сомасын көрсетуге арналған. 160.19.005 жолының деректері 160.19.002 және 160.19.004 жолдары деректерінің айырмашылығы ретінде есептеледі.

243. 160.19.005 жолының шамасы 160.00.041А жолына көшіріледі.

244. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

22. Шетелдік салық есебі - 160.20 нысанын жасау

245. Бұл нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа (бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды ұстағанын және (немесе) төлегенін растайтын

құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел елдеріндегі көздерден алынған кіріс және ұсталған және (немесе) төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы мүмкін.

246. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кірістер" бөлігінде:

160.20.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

247. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)":

160.20.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

248. "Барлығы" бөлігінде:

160.20.003 жолы 160.20.001С, 160.20.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалған, Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

249. 160.20.003 жолының шамасы 160.20.003А көшіріледі.

250. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

251. 160.20.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ереженің 303-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі бойынша ашылатын сома тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ереженің 305-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;
- 4) D бағанында әрбір төлем көзі - елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, F бағанының деректері D және E бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, H бағанның деректері D және G бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

160.20.001 жолға қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 160.20.001A жолына, F бағаны - 160.20.001B жолына, H бағаны - 160.20.001C жолына көшіріледі.

252. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

253. 160.20.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ереженің 305-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - елі көрсетіледі;

3) C бағанында есепті салық кезеңінің ішінде олардың салық заңнамаларына сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша салық төлеуші есептеген салық салынатын кірістің (пайданың) сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел мемлекетінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген салық салынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында әрбір кірістің төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының қосындысы ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері С және F бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

160.20.002 жолға қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 160.20.002А жолына, Е бағаны - 160.20.002В жолына, G бағаны - 160.20.002С жолына көшіріледі.

254. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

23. Салық міндеттемесін есептеу - 160.29 нысанын жасау

255. Бұл нысан салық төлеушінің корпорациялық табыс салығының сомасын есептеуіне резидент еместің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен таза кіріске салық және төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке алулар, есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша басқа да есеп айырысуларды, сондай-ақ заңды тұлға бойынша жалпы деректерді көрсетуге арналған.

256. "Салық есептеу және жүргізілген төлем бойынша есеп" бөлімінде:

1) 160.21.001 жолында 160.00.048 жолында айқындалған салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 160.21.002 жолында ставка бойынша корпорациялық табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі. 160.21.002С жолында 160.25.010 жолында көрсетілген сома көрсетіледі;

3) 160.21.003 жолында 160.21.003А және 160.21.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін жүргізілген есептің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 160.21.003А жолында Қазақстан Республикасы шегінен тыс төленген, осы декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған және Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығын төлеу кезінде есепке алуға қабылданған салық сомалары көрсетіледі. Осы жолға 160.20.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 160.21.003В Қазақстан Республикасында есептелген (алынған) сыйлықақылар мен ұтыстардың сомаларынан ұсталған салық сомасы көрсетіледі. Осы жолға 160.06.001В, 160.06.002D және 160.06.003D жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 160.21.004 жолында Салық кодексінің 125-бабына , салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы заң актілеріне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт (өнімді бөлу туралы келісім-шарттар) ережелеріне сәйкес есепті салық кезеңі үшін корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі және 160.21.002 мен 160.21.003 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

7) 160.21.005 жолын Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар толтырады. Бұл жолда 160.21.006 мен 160.21.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын таза кіріс сомасы көрсетіледі;

8) 160.21.006 жолын Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар толтырады. Осы жолда қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне немесе Салық кодексінің 185 немесе 201-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметтен резидент емес заңды тұлғаның таза кірісіне салық сомасы көрсетіледі. 160.21.006А немесе 160.21.006В жолдарының деректері негізінде айқындалады;

9) 160.21.004А жолында қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне немесе Салық кодексінің 185-бабы 1-тармағына сәйкес белгіленген ставка бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі;

10) 160.21.006В жолында Салық кодексінің 201-бабына сәйкес халықаралық шарттарда белгіленген ставка бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі;

11) 160.21.006С жолында Қазақстан Республикасымен қолданылатын халықаралық шарт жасалған осы Ереженің 305-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі;

12) 160.21.007 жолында 160.21.004 және 160.21.006 сомаларының қосылуымен айқындалатын корпорациялық табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі;

13) 160.21.008 жолы толтырылуға жатпайды;

14) 160.21.008А жолы толтырылуға жатпайды;

15) 160.21.008В жолы толтырылуға жатпайды;

16) 160.21.009 жолы толтырылуға жатпайды;

17) 160.21.010 жолы толтырылуға жатпайды.

257. "Басқа да ақпараттар" бөлімінде:

1) 160.21.011 жолында статистика органының деректері бойынша Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне сәйкес кәсіпкерлік қызмет түрлері көрсетіледі;

2) 160.21.012 жолында статистика органының деректері бойынша КҰЖЖ (кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуіші) коды көрсетіледі;

3) 160.21.013 жолында заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны көрсетіледі;

4) 160.21.014 жолында заңды тұлғаның меншік түрі көрсетіледі: жеке не мемлекеттік;

258. 160.21.002 жолының шамасы 160.00.049 жолына көшіріледі.

160.21.003 жолының шамасы 160.00.051 жолына көшіріледі.

160.21.006 жолының шамасы 160.050 жолына көшіріледі.

160.21.007 жолының шамасы 160.00.052 жолына көшіріледі.

160.21.008 жолының шамасы 160.00.053 жолына көшіріледі.

160.21.009 жолының шамасы 160.00.054 жолына көшіріледі.

160.21.010 жолының шамасы 160.00.055 жолына көшіріледі.

259. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

24. Таза кірісті бөлу кезінде алынған және әр құрылтайшының, қатысушының үлестерін сақтай отырып резидент-заңды тұлғаның жарғылық капиталын өсіруге бағытталған кіріс - 160.22 нысанын жасау

260. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабы 2-тармағының 15-1) тармақшасына сәйкес таза кірісті бөлу кезінде алынған және әр құрылтайшының, қатысушының үлестерін сақтай отырып резидент-заңды тұлғаның жарғылық капиталын өсіруге бағытталған кіріс сомаларын айқындауға арналған.

261. "Кіріс" бөлімінде:

160.22.001 жолы салық кезеңі ішінде таза кірісті бөлу кезінде алынған және әр құрылтайшының, қатысушының үлестерін сақтай отырып резидент-заңды тұлғаның жарғылық капиталын өсіруге бағытталған кірісті көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

262. 160.22.001 жолының шамасы 160.00.015 және 160.00.024Н жолдарына көшіріледі.

263. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

264. 160.22.001 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында В бағанында салық төлеуші құрылтайшысы, қатысушысы болып табылатын резидент-заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

- 3) С бағанында В бағанында көрсетілген заңды тұлғаның СТН көрсетіледі;
- 4) D бағанында В бағанында көрсетілген заңды тұлғада қатысу үлесі проценттік қатынаста көрсетіледі;
- 5) Е бағанында салық кезеңінің басына В бағанында көрсетілген заңды тұлғада қатысу үлесі, тенгеде көрсетіледі;
- 6) F бағанында В бағанында көрсетілген заңды тұлғаның таза кірісті бөлу кезінде алынған және салық төлеушімен әр құрылтайшының, қатысушының үлестерін сақтай отырып аталған заңды тұлғаның жарғылық капиталын өсіруге бағытталған кіріс сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында салық кезеңінің соңына В бағанында көрсетілген заңды тұлғада салық төлеушінің қатысу үлесі көрсетіледі. Е және F бағандарының қосылуымен айқындалады.

160.22.001 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 160.22.001 жолына көшіріледі.

265. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

25. Салық салуда жеңілдігі бар елде алынған кіріс - 160.23 нысанын жасау

266. Осы нысан салық төлеуші-резиденттің Салық кодексінің 130-бабына сәйкес салық төлеуші-резиденттің салық салынатын кірісіне қосатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес-заңды тұлғалардың пайдаларының жалпы сомаларын айқындауына арналған. Салық салуда жеңілдігі бар елді айқындау Салық кодексінің 130-бабының 2-тармағымен қарастырылған.

267. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

160.23.001 жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентінің салық салынатын кірісіне қосылатын және Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын пайдаларының жалпы сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

268. 160.23.001 жолының шамасы 160.00.040 жолына көшіріледі.

269. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

270. 160.23.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген, жарғылық капиталында салық төлеуші-резиденттің үлесі 10 пайызбен көп үлесті құрайтын заңды тұлға-резидент еместің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 315-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында салық төлеуші-резиденттің В бағанында көрсетілген резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі процентте көрсетіледі;

6) F бағанында осы Ережелердің 304-тармағына сәйкес резидент еместің пайда сомасы айқындалған валюта коды көрсетіледі;

7) G бағанында В бағанында көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның оның шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша айқындалған шоғырландырылған пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі. В бағанында көрсетілген резидент еместің пайдасының жалпы сомасы осы Декларацияға қоса берілген сол сияқты резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталады;

8) H бағанында 100 пайыз $((G+E)/160$ пайызға) G және E бағандарының деректерінің туындысына қатынасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентінің салық салынатын кірісіне қосылатын пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

9) I бағанында В бағанында көрсетілген заңды тұлға-резидент еместің салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының рыноктық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген H бағанында көрсетілген пайда сомасы көрсетіледі.

160.23.001 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 160.23.001 жолына көшіріледі.

271. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

26. Өзге халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық салынатын кіріс - 160.24 нысанын жасау

272. Бұл нысан қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық төлеушінің салық салынатын кіріс сомаларын айқындауға арналған.

273. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

160.24.001 жолы қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық салынатын кірістің жалпы сомаларын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

274. 160.24.001 жолының шамасы 160.00.041В жолына көшіріледі.

275. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

276. 160.24.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында ЭҚЖЖ сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі. Бұл ретте салық төлеуші аталған бағанда жүзеге асырылатын қызмет түрі бойынша жол бойы Е немесе F бағанында көрсетілген халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға жататын кірістер алынған тиісті топты (сынып) көрсетеді;
- 3) С бағанында Е немесе F бағанында көрсетілген халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатуға жататын кіріс алынған салық төлеушімен жұмыстар орындауға (қызмет көрсетулерге) немесе өзге мақсаттарда жасалған келісім-шарттың (шарт, келісім) нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында Е немесе F бағанында түрі немесе атауы көрсетілген халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес салық салудан босатуға жататын, Салық кодексінің 67-бабына сәйкес бухгалтерлік есепте салық салынатын кірісті бөлек есебін жүргізу негізінде есептелген салық төлеушінің салық салынатын кірісінің (залал) сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында оған сәйкес D бағанында көрсетілген салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексімен белгіленген тәртіптен өзгеше салық салу тәртібі белгіленген осы Ережелердің 306-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;
- 6) F бағанында оған сәйкес D бағанында көрсетілген салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексімен белгіленген тәртіптен өзгеше салық салу тәртібі белгіленген халықаралық шарт түрінің атауы көрсетіледі. Осы баған егер салық төлеуші осы Ережелердің 306-тармағына сәйкес "Өзге халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" 22-халықаралық шарт түрінің коды Е бағанын көрсеткен жағдайда ғана толтыруға жатады;
- 7) G бағанында осы Ережелердің 305-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Осы баған егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттардың ережелерін қабылдаған жағдайда толтыруға жатады;

8) Н бағанында Е немесе F бағанында көрсетілген халықаралық шарт бекітілген заң актісінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

160.24.001 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 160.24.001 жолына көшіріледі.

277. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

27. Стандарттық салық жеңілдіктерін алғанда салық міндеттемесін есептеу - 160.35 нысанын жасау

278. Бұл нысан инвестициялар бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартқа сәйкес стандарттық салық жеңілдіктерін алғанда салық төлеуші корпорациялық табыс салығын есептеуге арналған (қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелеріне қарамастан).

279. "Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеу" бөлімінде:

1) 160.25.001 жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасаған бұрынғы үш жылдан ең жоғары болып табылатын салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 160.25.002 жолында салынатын кіріс инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісім-шарт жасаған бұрынғы үш жылдан ең жоғарысы болып табылатын салық кезеңінің жылы көрсетіледі;

3) 160.25.003 жолында есепті салық кезеңіне қатысы бойынша 160.25.002 жолында көрсетілген жыл инфляциясының орташа жылдық индексі көрсетіледі;

4) 160.25.004 жолында инфляция индексі ескеріле отырып, 160.25.001 жолында көрсетілген салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі және 160.25.001 және 160.25.003 жолдарының сомасынан шығарылу ретінде айқындалады;

5) 160.25.005 жолында есепті салық кезеңінде стандарттық салық жеңілдіктерін берген шарттың күші бар айлардың саны көрсетіледі;

6) 160.25.006 жолында инфляция индексі мен жолында есепті салық кезеңінде стандарттық салық жеңілдіктерін берген шарттың күші бар айлардың саны ескеріле отырып, салық салынатын кірістің ең жоғары сомасы көрсетіледі, және $160.25.004 \times 160.25.005 / 12$ формуласы бойынша айқындалады;

7) 160.25.007 жолында есепті салық кезеңінде стандарттық салық жеңілдіктерін берген шарт бойынша қызметтен алынған есепті салық кезеңі үшін салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі. Бұл ретте салық төлеуші басқа қызметтерді жүзеге асыру жағдайында бөлу есебін жүргізуге міндетті;

8) 160.25.008 жолында 160.25.007 және 160.25.004 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, (салық салынатын кіріс - 160.25.001 жолында көрсетуге тиісті салық салынатын кірістің болмаған жағдайында) келісім-шарт бойынша қызметтен алынған салық салынатын кірістің жеңілдетілген өсімінің сомасы көрсетіледі;

9) 160.25.009 жолында шартқа сәйкес корпорациялық табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

10) 160.25.010 жолында шартқа сәйкес корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі.

280. 160.25.010 жолының шамасы 160.21.002С жолына көшіріледі.

281. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

28. Шетел көздерінен табыстар - 160.26 нысанын жасау

282. Осы нысан салық төлеуші-резидентпен міндетті тәртіпте толтырылуға жатады және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған (алынуға жататын) және қолданылатын салық режиміне және Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын кірістерді көрсетуге арналған. Бұл ретте мұндай кірістер Декларацияның 160.00.001-160.00.022 жолдарында көрсетуге жатады.

283. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 160.26.001 жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентімен тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 160.26.002 жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентімен шетел мемлекетіндегі көздерден тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған кірістер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 160.26.003 жолы 160.26.001 және 160.26.002 жолдарының көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын салық төлеуші-резидентпен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

284. 160.26.003 жолының шамасы 160.00.056 жолына көшіріледі.

285. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

286. 160.26.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ережелердің 305-тармағына сәйкес кіріс төлейтін салық төлеуші-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ережелердің 303-тармағының 2) тармақшасына сәйкес салық төлеуші-резидентімен тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 304-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;
- 5) Е бағанында салық төлеуші-резиденттің тұрақты мекемесімен байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден есептелген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;
- 6) F бағанында Е бағанында көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі.

160.26.001 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 160.26.001 жолында көшіріледі.

287. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

288. 160.26.002 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында шетел мемлекетінде орналасқан тұрақты мекеменің толық атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ережелердің 305-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген тұрақты мекеменің орналасу елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осындай тұрақты мекеме орналасқан шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің салық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында осы Ережелердің 303-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шетел мемлекетінде салық төлеуші-резидентпен тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 6) F бағанында осы Ережелердің 304-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;
- 7) G бағанында шетел мемлекетіндегі көздерден шетел мемлекетінде тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған салық төлеушілер-резиденттің есептелген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

8) Н бағанында G бағанында көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістер сомасы көрсетіледі;

160.26.002 жолына қосымша нысанның Н бағанының жиынтық шамасы 160.26.002 жолына көшіріледі.

289. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

29. Бухгалтерлік теңгерме - 160.27-нысанын жасау

290. Бұл нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеушімен толтырылады.

30. Кірістер мен шығыстар туралы есеп - 160.28 нысанын жасау

291. Бұл нысан бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есепті салық кезеңіне әзірленген бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде салық төлеушімен толтырылады.

292. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

160.28.01-160.28.11 жолдары бухгалтерлік есеп деректері бойынша толтырылады. Бұл орайда, 160.28.01-160.28.03 жолдары қосымша нысанның негізінде толтырылады.

293. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

294. 160.28.001, 160.28.002, 160.28.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушілер жүзеге асыратын қызмет түрлері көрсетіледі;

3) С бағанында бухгалтерлік есеп деректері бойынша В бағанда көрсетілген қызмет түрлері бөлігінде тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

4) D бағанында бухгалтерлік есеп деректері бойынша В бағанда көрсетілген қызмет түрлері бөлігінде өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны көрсетіледі;

5) Е бағанында С және D бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын жалпы кіріс көрсетіледі.

160.28.001, 160.28.002, 160.28.003 жолдарына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 160.28.001 жолына, D бағаны - 160.28.002 жолына, E бағаны - 160.28.003 жолына көшіріледі.

295. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

31. Корпорациялық табыс салығы бойынша декларациямен кірістер және шығыстар туралы есепті салыстыру - 160.29 нысанын жасау

296. Бұл нысан олардың арасындағы кірістер және шығыстар туралы есеп және салық салынатын кіріс бойынша айқындалған және айырмашылықтарды айқындау жолымен Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация бойынша айқындалған таза кірісті салыстыруға арналған.

Осы қосымшадағы айырмашылықты айқындау үшін бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі заңдарына, салық заңнамаларының ережелері бойынша айқындалған кіріс пен шегерімдерге сәйкес есепті салық кезеңіне жасалған кірістер және шығыстар туралы есепте салық төлеуші айқындаған кірістерді (залалдарды) салыстыру жүргізіледі.

297. I бағанын толтыру кезінде Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

298. II бағанын толтыру кезінде бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі жөніндегі заңнамаға сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

299. III бағанында 160.29.001, 160.29.002, 160.29.003 жолдардан басқа, I және II бағандардың айырмашылығы көрсетіледі.

300. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 160.29.001 жолында қаржы есептемесі бойынша таза кіріс (залал) көрсетіледі;

2) 160.29.002 жолында 160.00.049 және 160.00.050 жолдарында көрсетілген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 160.29.003 жолында 160.00.048 жолында көрсетілген салық салынатын кіріс көрсетіледі;

4) 160.29.004 жолында:

I бағанына 160.00.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кіріс көрсетіледі;

5) 160.29.005 жолында:

I бағанында 160.29.005A-160.29.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын активтерді сату кезінде құнның өсуінен түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

II бағанда 160.29.005A-160.29.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын бухгалтерлік есеп деректері бойынша 160.29.004 жолында көрсетілген тауарлардан (жұмыстардан, қызмет көрсетулерден) басқа, активтерді сатудан түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 160.29.005A жолында:

I бағанына 160.02.001, 160.02.002 және 160.02.003 жолдарының сомалары көшіріледі;

II бағанда тұрғын-үйлер, ғимараттар, құрылыстардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

7) 160.29.005B:

I бағанына 160.02.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында тұрғын-үйлер, ғимараттар, құрылыстардан басқа, негізгі құралдардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

8) 160.29.005C жолында:

II бағанында материалдық емес активтерді өткізуден түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

9) 160.29.005D жолында:

I бағанда 160.02.005-160.02.009 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шама көрсетіледі;

II бағанда бағалы қағаздарды сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

10) 160.29.005E жолында:

II бағанда басқа да активтерді сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

11) 160.29.006 жолында:

I бағанына 160.00.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында есептен шығару міндеттемесінен түскен кіріс көрсетіледі;

12) 160.29.007 жолында:

I бағанына 160.00.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 160.29.008 жолында:

I бағанына 160.00.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда мүлікті жалға бергеннен түскен кіріс көрсетіледі;

14) 160.29.009 жолында:

I бағанына 160.00.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында борыштың талаптан қайтудан түскен кірісі көрсетіледі;

15) 160.29.010 жолында:

I бағанына 160.00.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе тоқтатуға келісуден алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

16) 160.29.011 жолында:

I бағанына 160.00.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында кен орындарын әзірлеу зардаптарын жою қорына аударымдар сомаларының кен орындарын әзірлеу зардаптарын жоюға шыққан нақты шығыс сомаларынан асуынан түскен кіріс сомалары көрсетіледі;

17) 160.29.012 жолында:

I бағанына 160.00.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жалпы үлестік меншіктен түскен кірісті бөлу кезінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

18) 160.29.013 жолында:

I бағанына 160.00.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұлдар, өсімақылар және басқа да санкция түрлері бойынша кіріс көрсетіледі;

19) 160.29.014 жолында:

I бағанына 160.00.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында бұрын жүргізілген шығыс бойынша алынған өтемақылар көрсетіледі;

20) 160.29.015 жолында:

I бағанына 160.00.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер, соның ішінде тауарлық-материалдық құндылықтардың артығынан тегін алынған мүлік, сондай-ақ оларды тарату кезіндегі негізгі құралдардан бөлшектеу, талқылау кезінде алынған тауарлық-материалдық қорлар түріндегі кіріс көрсетіледі;

21) 160.29.016 жолында:

I бағанына 160.00.014 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанына дивиденд түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

22) 160.29.017 жолында:

I бағанына 160.00.015 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанына сыйақы түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

23) 160.29.018 жолында:

I бағанына 160.00.017 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанына оң бағамдық айырма немесе оң бағамдық айырмашылық сомасы көрсетіледі;

24) 160.29.019 жолында:

I бағанына 160.00.018 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында ұтыс түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

25) 120.29.020 жолында:

I бағанына 160.00.019 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында роялти түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

26) 160.29.021 жолында:

I бағанына 160.00.020 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында әлеуметтік саладағы объектілерді пайдалану кезіндегі шығыстардан кірістің артығынан алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

27) 160.29.022 жолында:

I бағанына 160.00.008, 160.00.015, 160.00.021 және 160.00.022 жолдарының сомасы ретінде айқындалған мөлшер көшіріледі;

II бағанында 160.29.004-160.29.021 жолдарында көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да кірістер көрсетіледі;

28) 160.29.023 жолында:

I бағанында 160.00.024 жолдан көшірілетін жылдық жиынтық кірістің түзетілген сомасы көрсетіледі;

29) 160.29.024 жолында:

I бағанында кірістің жалпы сомасы (160.29.004-160.29.022 жолдардың сомасы алынған 160.40.023 жолы) көрсетіледі;

II бағанында кірістің жалпы сомасы (160.29.004-160.29.022 жолдардың сомасы) көрсетіледі;

30) 160.29.025 жолында:

I бағанына 160.00.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құны ретінде айқындалған, кезеңнің шығысы және басқа да жолдарда көрсетілген шығыстарды есептемегенде, негізгі емес қызмет бойынша шығыстар шамасы көрсетіледі;

31) 160.29.025A жолында:

I бағанына 160.12.005A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

32) 160.29.025AI жолында:

I бағанына 160.12.005B жолынан сома көшіріледі;

II бағанында бронь үшін шығысты төлеуді қоса алғанда, іссапар орны мен кері жолға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

33) 160.29.025AII жолында:

I бағанына 160.12.005C жолынан сома көшіріледі;

II бағанында бронь үшін шығысты төлеуді қоса алғанда, тұрғын үй жалдауға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

34) 160.29.025AIII жолында:

I бағанына 160.12.005D жолынан сома көшіріледі;

II бағанда Қазақстан Республикасы шегіндегі іссапар бойынша тәуліктік мөлшері көрсетіледі;

35) 160.29.025AIV жолында:

I бағанына 160.12.005E жолынан сома көшіріледі;

II бағанында Қазақстан Республикасы шегіндегі іссапар бойынша тәуліктік мөлшері көрсетіледі;

36) 160.29.025B жолында:

I бағанына 160.12.005F жолынан сома көшіріледі;

II бағанында өкілеттік шығыстар сомасы көрсетіледі;

37) 160.29.026 жолында:

I бағанына 160.00.027 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында сыйақы бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

38) 160.29.027 жолында:

I бағанына 160.00.028 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

39) 160.29.028 жолында:

I бағанына 160.00.029 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында күмәнді борыш бойынша резерв көрсетіледі;

40) 160.29.029 жолында:

I бағанына 160.00.030 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда резервтік қорларға аударымдар сомасы көрсетіледі;

41) 160.29.030 жолында:

I бағанына 160.00.031 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ғылыми-зерттеуге, ғылыми-техникалық (жобалық, іздестіруші және тәжірибелік-конструкторлық) жұмыстарға кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

42) 160.29.031 жолында:

I бағанына 160.00.032 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында әлеуметтік төлемдерге шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі;

43) 160.29.032 жолында:

I бағанына 160.00.033 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарының сомасы көрсетіледі;

44) 160.29.033 жолында:

I бағанына 160.00.034 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында теріс бағамдық айырма немесе теріс бағамдық айырмасының оң бағамдық айырмадан асу сомасы көрсетіледі;

45) 160.29.034 жолында:

I бағанына 160.00.035 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кірісті айқындағанға дейін пайдаланылған салықтардан басқа, салықтар және Қазақстан Республикасында төленген корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ басқа мемлекеттерде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

46) 160.29.035 жолында:

I бағанына 160.00.036 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында айыппұл, өсімақы, тұрақсыздық айыбы деп көрсетілген немесе танылған сома көрсетіледі;

47) 160.29.036 жолында:

I бағанына 160.00.037A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

48) 160.29.036A жолында:

II бағанында жылдық жиынтық табыс алу мақсатында пайдаланылмайтын негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

49) 160.29.037 жолында:

I бағанына 160.00.037B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

50) 160.29.037A жолында:

II бағанына жылдық жиынтық табыс алу мақсатында пайдаланылмайтын материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

51) 160.29.038 жолында:

I бағанына 160.00.037C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

52) 160.29.039 жолында:

I бағанына 160.00.037D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

53) 160.29.040 жолында:

I бағанына 160.00.037E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

54) 160.29.041 жолында:

I бағанына 160.00.037F жолында көрсетілген сома көшіріледі;

55) 160.29.042 жолында:

I бағанына 160.00.037G жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында жөндеуге кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

56) 160.29.043 жолында:

II бағанында негізгі құралдардың жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

57) 160.29.044 жолында:

II бағанында материалдық емес активтердің жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

58) 160.29.045 жолында:

II бағанында материалдық құндылықтар нормативтен тыс ысырап, бүлінген және жетпеген, сондай-ақ басқа да өндірістік емес шығыстар және ысырап сомасы көрсетіледі;

59) 160.29.046 жолында:

II бағанында айыпкер белгіленбеген немесе егер айыпкер жақтың есебінен қажетті соманы өтеу мүмкін болмаған жағдайда, талан-тараждан түскен залал көрсетіледі;

60) 160.29.047 жолында:

II бағанда өндірістік қуаттық пен консервацияда болып табылатын объектілерді ұстап тұруға шығындар сомасы көрсетіледі;

61) 160.29.048 жолында:

II бағанында жұмысшылардың еңбек демалыстарын төлеуге резервтегі сома көрсетіледі;

62) 160.29.049 жолында:

II бағанында негізгі құралдарды алда тұрған жөндеуге кететін шығыстарға резервтегі сома көрсетіледі;

63) 160.29.050 жолында:

II бағанында бухгалтерлік есепте көрсетілген, 160.29.025-160.29.049 жолдарында көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

64) 160.29.051 жолында:

I бағанында 160.00.046 жолынан көшірілетін салық салынатын кірістің түзету сомасы көрсетіледі;

65) 160.29.052 жолында:

I бағанында 160.29.025-160.29.051 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

II бағанында 160.29.025-160.29.051 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

66) 160.29.053 жолында:

III бағанында III бағандағы 160.29.024 және 160.29.052 жолдарының айырмашылығы ретінде анықталатын шығыс пен кіріс арасындағы айырмашылық көрсетіледі;

67) 160.29.054 жолында:

III бағанында 160.29.053 жолдың сомасына түзетілген 160.29.001 және 160.29.002 сомасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріс көшіріледі. Осы сома 160.00.042 және 160.00.046 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріске сәйкес келуі қажет.

301. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

32. Ақша қозғалысы туралы есеп - 160.30 және 160.31 нысандарын жасау

302. Осы нысан Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі бойынша заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде салық төлеушімен жасалады.

33. Кірістердің, валюталардың, елдердің, халықаралық келісімдер мен сақтандыру сыныптары түрлерінің кодтары

303. Декларацияны толтырғанда табыс түрлерін мынадай кодтауды пайдалану керек:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасындағы аумағында орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

1021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар ;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 проценттен астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 проценттен астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша міндеттемелерін резиденттер мен резидент еместердің орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - заңды тұлға-резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент-эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - резидент-эмитенттерден, егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти түріндегі кірістер;

1081 - тұрақты мекемесі арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен кірістер;

1160 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы кірістер;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1131 - Қазақстан Республикасында өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстардың өтем нысанындағы табыстары немесе Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың өзге де материалдық пайдалары, оның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға жұмсалған шығыстар, отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін табыстар;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық, (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда), агенттік, ақпараттық қызмет көрсетуден алынатын табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге немесе резидент еместерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі

қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық, (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда), агенттік, ақпараттық қызмет көрсетуден алынатын табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - бағамдық оң айырма;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан артуы;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алған табыстары;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - оларға Қазақстан Республикасында салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген, алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар.

2) Қазақстан Республикасы шегінен тыс көздерден табыстар:

2010 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

2021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар ;

2022 - заңды тұлға-резиденттің қатысу үлесін немесе Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - заңды тұлға-резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

2160 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2110 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

2131 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметтен түскен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

2150 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар әртістеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасы шегінен тыс қызметтен төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін (алынған) табыстар;

2220 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын табыстар.

304. Валюта кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды мәлімдеу ережелеріне "Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет.

305. Резидент емес - салық төлеушінің резиденттік елінің кодын және елдердің кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген Тауарларды мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктемесі 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

306. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

- 03 - Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;
- 04 - Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;
- 05 - Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;
- 06 - Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;
- 07 - Өзара түсіністік туралы меморандум;
- 08 - Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;
- 09 - Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;
- 10 - Халықаралық валюталық қордың келісімі;
- 11 - Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;
- 12 - Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;
- 13 - Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;
- 14 - Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;
- 15 - Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;
- 16 - Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;
- 17 - "Нұр-Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;
- 18 - Өуе қатынасы туралы келісім;
- 19 - "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;
- 20 - "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;
- 21 - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;
- 22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).
307. Декларацияны толтыру кезінде сақтандыру сыныптарының мынадай кодталуын пайдалану керек:
- 1) 01 - кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру;
 - 2) 02 - темір жол көлігін сақтандыру;
 - 3) 03 - әуе көлігін сақтандыру;
 - 4) 04 - су көлігін сақтандыру;
 - 5) 05 - жүктерді сақтандыру;
 - 6) 06 - осы тармақтың 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда мүлікті сақтандыру;
 - 7) 07 - кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру;

- 8) 08 - автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 9) 09 - темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 10) 10 - әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ;
- 11) 11 - су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 12) 12 - тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ;
- 13) 13 - шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- 14) 14 - осы тармақтың 8)-12)-тармақшаларында көрсетілген топтарды қоспағанда, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.

РҚАО-ның ескертуі: 160.01-160.31 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жеке табыс салығы бойынша декларацияны жасау ережелері (200.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Жеке табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны төлем көздерінен салық салынбайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс кіріс алатын жеке тұлғалардың (жеке кәсіпкерлерді қоспағанда) жеке табыс салығын есептеуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алатын салық төлеушілер, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктердің шоттарында ақшалары бар жеке тұлғалар, сондай-ақ Салық кодексінің 144-бабы 12) тармақшасында көрсетілген кірістерінің мөлшері аталған тармақшада белгіленген шектерден асқан жеке тұлғалар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (200.00-нысан) және жеке табыс салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (200.01 - 200.08 нысандар) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Осы Декларация жасау ережелерінде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "x" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымшалар берілмейді.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып түскен жағдайда, қосымшаның осындай парағы толтырылады.

8. Тиісті қосымша нысанның көрсеткіштерін ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, көрсетілген қосымша нысандар толтыруға жатады.

9. Қосымшалар мен қосымша нысандардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібімен қағаз тасығышта - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта арқылы салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (200.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі).

Декларацияны беру үшін салық кезеңі салық жылы болып табылады. Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі. Егер салық кезеңінің ұзақтығы мынаны құраса:

күнтізбелік жылдан аз болса - онда "Ай" тор көзінде Декларация берілетін айлар саны көрсетіледі, ал "Жыл" тор көзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

толық күнтізбелік жыл болса, онда "Ай" тор көзі толтырылмайды, ал "Жыл" тор көзінде Декларация берілетін салық жылы көрсетіледі;

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

Адвокаттар, жеке нотариустар ЭҚЖЖ бойынша тек негізгі қызмет түрінің кодын және олардың үлес салмағын көрсетеді.

ЭҚЖЖ торкөзінде ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет.

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер адвокат, жеке нотариус мемлекеттік тіркелгеннен кейін, сондай-ақ төлем көзінен салық салынбайтын кірістерден табыс алатын жеке тұлғаларда (жеке кәсіпкерлерді қоспағанда) жеке табыс салығын есептеу бойынша міндеттемелер туындаған сәттен бастап, сондай-ақ жеке тұлғалардың Салық кодексінің 144-бабы 12) тармақшасында көрсетілген кірістерінің мөлшері аталған тармақшада белгіленген шектерден асқан жағдайда алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" тор көзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгіленеді.

"Тарату" торкөзі адвокаттық (нотариаттық) қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) Хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация тапсырылған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) Декларация резидент емеспен тапсырылған кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді;

8) Резидент еместің Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындау (қызмет көрсетулер көрсету) кезеңі:

А жолында - Салық кодексі 527-бабының 5-тармағына сәйкес айқындалатын резидент еместің Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындауының (қызмет көрсетулер көрсетуінің) басталу күні;

В жолында - Қазақстан Республикасында резидент емес жасасқан бір немесе бірнеше келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша жұмыстар (қызмет көрсетулер) жүргізілетін жұмыстарды орындаудың (қызмет көрсетулер көрсетудің) нақты аяқталу күні. Көрсетілген жол Қазақстан Республикасында резидент емес жұмыстарды орындауды (қызмет көрсетулер көрсетуді) нақты (түпкілікті) аяқтаған соң толтырылады. Егер, есепті салық кезеңінің ішінде жұмыстар (қызмет көрсетулер) аяқталмаған жағдайда, көрсетілген жол толтырылмайды.

9) берілген қосымшалар.

Берілген қосымшалардың тиісті торкөзі белгіленеді.

14. "Кірістердің түрлері" бөлімінде:

1) 200.00.001 жолына 200.01.001В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 200.00.002 жолында 200.00.002А, 200.00.002В және 200.00.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, төлем көзінен салық салынбайтын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 200.00.002А жолына 200.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 200.00.002В жолына 200.05.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 200.00.002С жолына 200.02.018В жолында көрсетілген сома көшіріледі.

15. "Салық салынбайтын кірістер" бөлімінде:

1) 200.00.003 жолында 200.00.003А және 200.00.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық салуға жатпайтын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 200.00.003А жолында 200.02.022В және 200.02.012 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 144-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға жатпайтын кірістердің сомасы көрсетіледі;

3) 200.00.003В жолында халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға жатпайтын кірістердің сомасы көрсетіледі. 200.00.003В жолына 200.06.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

4) 200.00.004 жолына 200.02.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

16. "Салықты есептеу" бөлімінде:

1) 200.00.005 жолында 200.00.002, 200.00.003 және 200.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша салық салуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

2) 200.00.006 жолына 200.01.001С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 200.00.007 жолында Салық кодекстің 164-бабына сәйкес есептелген төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

4) 200.00.008 жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыста төленген және Салық кодексінің 173-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеген кезде есепке жатқызылатын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жолға 200.07.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 200.00.009 жолында төлем көзінен салық салынбайтын кірістер бойынша салық кезеңі үшін төленуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Салық сомасы 200.00.007 және 200.00.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

6) 200.00.010 жолы толтырылуға жатпайды.

7) 200.00.011 жолы толтырылуға жатпайды;

8) 200.00.012 жолы толтырылуға жатпайды.

17. "Адвокаттың/жеке нотариустың кірістерінен салық есептеу" бөлімінде:

1) 200.00.013 жолына 200.03.001 немесе 200.04.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 200.00.014 жолында 200.00.013 және 200.00.003А жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салуға жататын адвокаттың немесе жеке нотариустың кірістер сомасы көрсетіледі;

3) 200.00.015 жолында Салық кодексінің 145-бабының 1-тармағында белгіленген жеке табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

4) 200.00.016 жолында 200.00.014 немесе 200.00.015 жолдары ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 200.00.017 жолы толтырылуға жатпайды;

6) 200.00.018 жолы толтырылуға жатпайды;

7) 200.00.019 жолы толтырылуға жатпайды.

18. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде.

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің (жеке кәсіпкердің, адвокаттың, жеке нотариустың) не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. "Төлем көзінен салық салынатын кірістер"

қосымшасын жасау

(200.01-нысаны)

19. Осы нысанды кіріс мөлшерлері осы тармақшада көрсетілген шектен асатын Салық кодексі 144-бабының 12) тармақшасында көрсетілген жеке тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы

қызметін жүзеге асыратын резидент емес тұлғаларды қоспағанда, Салық кодексінің 192-бабы 2-тармағында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар толтырады.

20. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 200.01.001В жолында 200.01.002В - 200.01.005В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен салық салынатын есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.01.001В жолында көрсетілген сома 200.00.001 жолына көшіріледі;

2) 200.01.001С жолында 200.01.002С - 200.01.005С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен салық салынатын кірістерден ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.01.001С жолында көрсетілген сома 200.00.006 жолына көшіріледі;

3) 200.01.002А - 200.01.005А жолдарында Салық кодексінің 149-бабында көрсетілген кірістерден басқа, Салық кодексінің 146-бабына сәйкес төлем көзінен салық салынатын кірістердің есепті кезеңі үшін есептелген түрлері көрсетіледі. Есептелген кірістердің түрлері салық агенттері берген құжаттар негізінде көрсетіледі;

4) 200.01.002В - 200.01.005В және 200.01.002С - 200.01.005С жолдарында салық агенттері берген құжаттар негізінде төлем көзінен салық салынатын есептелген кірістер мен ұсталған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

21. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. "Мүліктік және өзге де кірістер"

қосымшасын жасау

(200.02-нысан)

22. Осы нысан Қазақстан Республикасындағы көздердің шегінен тыста алынған кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 166 және 170-баптарында айқындалған жеке тұлғалардың мүліктік және өзге де кірістерін мәлімдеуге, сондай-ақ төлем көзінен салық салынатын кірістерге салық салу кезінде бұрын ескерілгендерді қоспағанда, Салық кодексінің 144 және 152-баптарына сәйкес айқындалған салық салынуға жатпайтын және салық шегерімдерін мәлімдеуге арналған.

23. "Мүліктік кіріс" бөлімінде:

200.02.001 жолында 200.02.002D, 200.02.012, 200.02.013 және 200.02.014С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүліктік кірістің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.02.001 жолында көрсетілген сома 200.00.002А жолына көшіріледі.

24. "Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған бағалы қағаздардан басқа, мүлікті өткізу кезіндегі құнның өсуі" бөлімінде:

1) 200.02.002D жолында 200.02.003D және 200.02.006D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған мүлікті өткізу кезіндегі құн өсуі түрінде алынған кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 200.02.003A - 200.02.006A жолдарында бағалы қағаздардан басқа, Кодекстің 166-бабының 1-тармағындағы 1) тармақшаға сәйкес құн өсуінен өткізу кезінде алынған кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған мүліктің атауы көрсетіледі;

3) 200.02.003B - 200.02.006B жолдарында өткізілетін мүліктің құны көрсетіледі. Сатып алу құны болмаған кезде, өткізілетін мүліктің бағалау құны көрсетіледі;

4) 200.02.003C - 200.02.006C жолдарында мүліктің өткізу құны көрсетіледі;

5) 200.02.003D - 200.02.006D жолдарында Кодекстің 166-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған, мүлікті өткізу кезінде алынған құнның өсуінен кіріс айқындалады.

25. "Бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құнның өсуі" бөлімінде:

1) 200.02.007 жолына салық кезеңі үшін 200.02.007 жолына қосымша нысанның 00001E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 200.02.008 жолына салық кезеңі үшін 200.02.008 жолына қосымша нысанның 00001E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 200.02.009 жолына салық кезеңі үшін 200.02.009 жолына қосымша нысанның 00001L жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 200.02.010 жолына салық кезеңі үшін 200.02.010 жолына қосымша нысанның 00001L жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 200.02.011 жолына салық кезеңі үшін 200.02.011 жолына қосымша нысанның 00001L жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 200.02.012 жолында өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын акциялар мен облигациялардың қор биржасына ашық сауда әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін, және 200.02.007, 200.02.009 және 200.02.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын кіріс көрсетіледі;

7) 200.02.013 жолында 200.02.008 және 200.02.011 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын басқа да бағалы қағаздарды өткізуден кіріс көрсетіледі.

26. 200.02.007, 200.02.008 жолдарына қосымша нысандар берешек бағалы қағаздардан басқа, бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құнның өсуін айқындауға арналған.

27. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

28. "Өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын акциялардың қор биржасына ашық сауда әдісімен өткізу" және "Басқа да бағалы қағаздарды өткізу" бөлімдерінде:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында өткізілген бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында бағалы қағаздарды өткізу құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын бағалы қағаздарды өткізуден кіріс көрсетіледі.

200.02.007 жолына қосымша нысанның 00001E жолы 200.02.007 жолына, 200.02.008 жолына қосымша нысан 00001E жолы - 200.02.008 жолына көшіріледі

29. 200.02.009, 200.02.010, 200.02.011 жолдарына қосымша нысандар өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын облигацияларды, мемлекеттік бағалы қағаздар мен басқа да берешек бағалы қағаздарды қор биржаларында ашық сауда әдісімен өткізу кезіндегі құнның өсуін айқындауға арналған.

30. "Өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын облигациялардың қор биржасына ашық сауда әдісімен өткізу", "Мемлекеттік бағалы қағаздарды өткізу" және "Басқа да берешек бағалы қағаздарды өткізу" бөлімдерінде:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында өткізілген берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;
- 4) D бағанында берешек бағалы қағаздардың айналыс мерзімі (күнмен) көрсетіледі;

5) E бағанында берешек бағалы қағаздардың атауы құны көрсетіледі;

6) F бағанында купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа, берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі. Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон сомасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;

7) G бағанында берешек бағалы қағаздарды сатып алған күн көрсетіледі;

8) H бағанында E және F бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын, дисконт не сыйақы сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында олар бойынша сыйақы төлемі күніне дейін оларды өткізу кезінде сатып алушыдан алынған купонның есебінсіз бағалы берешек қағаздарды

өткізу құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілмеген купон сомасы 200.02-нысанының "Өзге де кірістер" бөлімінің тиісті жолдарында көрсетіледі;

10) J бағанында берешек бағалы қағаздарды өткізу күні көрсетіледі;

11) K бағанында мынадай ретінде есептелетін берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконттың немесе сыйақының амортизация сомасы көрсетіледі:

$K = (H/D) \times (J-G)$, онда

(J-G) - күндердегі берешек бағалы қағазды иелену кезеңі;

12) L бағанында $L = (I - (F + K)) \times C$ формуласы бойынша айқындалатын берешек бағалы қағаздарды өткізуден кіріс көрсетіледі.

200.02.009 жолында қосымша нысанның 00001L жолы 200.02.009 жолына, 200.02.010 жолына қосымша нысанның 00001L жолы 200.02.010 жолына, 200.02.011 жолына қосымша нысанның 00001L жолы 200.02.011 жолына көшіріледі.

31. "Мүлікті жалға беруден кіріс" бөлімінде:

1) 200.02.014C жолында 200.02.015C - 200.02.017C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлікті жалға беруден алынған кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 200.02.015A - 200.02.017A жолдарында оның орналасқан жерін көрсете отырып, жалға берілген мүлік көрсетіледі;

3) 200.02.015B - 200.02.017B жолдарында есепті салық кезеңінде мүлікті жалға беру кезеңі көрсетіледі;

4) 200.02.015C - 200.02.017C жолдарында мүлікті жалға беруден алынған кіріс көрсетіледі.

32. "Өзге де кірістер" бөлімінде:

1) 200.02.018B жолында 200.02.019B - 200.02.021B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын алынған өзге де кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.02.018B жолында көрсетілген сома 200.00.002C жолына көшіріледі;

2) 200.02.019A - 200.02.021A жолдарында салық төлеуші алған өзге де кірістердің түрлері көрсетіледі;

3) 200.02.019B - 200.02.021B жолдарында алынған өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі.

33. "Салық салуға жатпайтын кірістер" бөлімінде өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын акциялар мен облигацияларды, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды қор биржасында ашық сауда әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түскен кірістерден басқа салық салуға жатпайтын кірістер көрсетіледі:

1) 200.02.022B жолында 200.02.023B - 200.02.025B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық салуға жатпайтын кірістердің жалпы сомасы

көрсетіледі. 200.02.022В жолында көрсетілген сома 200.00.003А жолына көшіріледі;

2) 200.02.023А - 200.02.025А жолдарында Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын және төлем көзіне салық салынбайтын кірістердің түрлері көрсетіледі;

3) 200.02.023В - 200.02.025В жолдарында салық салуға жатпайтын кірістер сомасы көрсетіледі.

34. "Салық шегерімдері" бөлімінде:

1) 200.02.026 жолында 200.02.027 - 200.02.031 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 164-бабына сәйкес төлем көзіне салық салынбайтын кірістерден шегерімге жататын жалпы сома көрсетіледі. Салық шегерімдері әр кіріс алған ай үшін қолданылады. 200.02.026 жолында көрсетілген сома 200.00.004 жолына көшіріледі;

2) 200.02.027 жолында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес айқындалатын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

3) 200.02.028 жолында тиісті кіріс есептеу айына Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленген ең төмен жалақы мөлшеріндегі салық шегерімінің сомасы көрсетіледі;

4) 200.02.029 жолында өз пайдасына енгізілетін ерікті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

5) 200.02.030 жолында жинақтау сақтандыру шарттары бойынша жеке тұлға өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

6) 200.02.031 жолында жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған заемдары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалған сомалар көрсетіледі.

35. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. "Адвокаттың кірісі" қосымшасын жасау (200.03-нысан)

36. Осы нысан Салық кодексінің 167-бабына сәйкес айқындалатын кірістерді адвокаттардың мәлімдеуіне арналған. Кірістер көрсетілген қызметтер бойынша айқындалады.

37. "Кірістің барлығы" бөлімінде:

200.03.001 жолында есепті салық кезеңінде адвокаттың, оның ішінде есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.03.001 жолы 200.03.002 - 200.03.005 жолдарына сәйкес келетін сома ретінде айқындалады.

38. "Көрсетілген қызметтер бойынша кіріс" бөлімінде:

1) 200.03.002 - 200.03.004 жолдарында есепті салық кезеңі үшін, оның ішінде есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кірістердің сомасын көрсете отырып, адвокат көрсеткен қызмет көрсетулердің түрі көрсетіледі;

2) 200.03.005 жолында 200.03.002 - 200.03.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша адвокаттардың кірістері көрсетіледі. 200.03.005 тиісті жолына есепті салық кезеңі үшін 200.03.005 жолына қосымша нысан 01 жолында көрсетілген сомалар көшіріледі.

39. 200.03.005 жолына қосымша нысан 200.03 нысанының 200.03.002 - 200.03.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша адвокаттардың кірістерін көрсетуге арналған.

40. Ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі.

41. "Көрсетілген қызмет көрсетулер бойынша кірістер" бөлімінде:

1) 01 жолында есепті салық кезеңінің 200.03.002 - 200.03.004 жолдарында көрсетілмеген, оның ішінде тиісті жолдардың сомасы ретінде айқындалатын әрбір ай үшін қызмет көрсетулердің басқа түрлерінен адвокат алған кірістердің жиынтық сомасы көрсетіледі. 01 жолында көрсетілген сома 200.03 нысанының 200.03.005 тиісті жолдарына көшіріледі;

2) одан кейінгі жолдарда жолдың кезекті рет нөмірі қойылады және алынған кірістердің тиісті сомасы көрсетіледі.

42. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

6. "Жеке нотариустың кірісі" қосымшасын жасау (200.04-нысан)

43. Осы нысан Салық кодексінің 167-бабына сәйкес айқындалатын кірістерді жеке нотариустардың мәлімдеуіне арналған. Кірістер көрсетілген қызмет көрсетулердің түрлері бойынша айқындалады.

44. "Кірістің барлығы" бөлімінде:

1) 200.04.001 жолында есепті салық кезеңі үшін, оның ішінде есепті салық кезеңінің әрбір айлары үшін жеке нотариус алған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.04.001 жолы 200.04.002 - 200.04.005 жолдарына сәйкес келетін сома ретінде айқындалады.

45. "Көрсетілген қызмет көрсетулер бойынша кіріс" бөлімінде:

1) 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында есепті салық кезеңі үшін, оның ішінде, есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін алынған кірістердің сомасын көрсете отырып, жеке нотариустар көрсеткен қызмет көрсетулердің түрлері көрсетіледі;

2) 200.04.005 жолында 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша жеке нотариустардың кірістері көрсетіледі. 200.04.005 тиісті жолына есепті салық кезеңі үшін 200.05.005 жолына қосымша нысан 01 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

46. 200.04.005 жолына қосымша 200.04 нысанының 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлері бойынша жеке нотариустардың кірістерін көрсетуге арналған.

47. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

48. "Көрсетілген қызметтер бойынша кіріс" бөлімінде:

1) 01-жолында есепті салық кезеңі үшін, соның ішінде тиісті жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, әрбір ай үшін 200.04.002 - 200.04.004 жолдарында көрсетілмеген қызмет көрсетулердің басқа түрлерінен жеке нотариустар алған кірістердің жиынтық сомасы көрсетіледі. 01 жолында көрсетілген сома 200.04 нысанының 200.04.005 тиісті жолына көшіріледі;

2) одан кейінгі жолдарға жолдың кезекті рет нөмірі қойылады және алынған кірістердің тиісті сомасы көрсетіледі.

49. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

7. "Шетел мемлекеттеріндегі көздерден алынған кірістер" қосымшасын жасау (200.05-нысан)

50. Бұл нысан Салық кодексінің 164 және 170-бабына сәйкес салық төлеуші-резидентпен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған кірістерін мәлімдеуіне арналған.

51. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

200.05.001 жолында салық төлеушімен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған және Қазақстан Республикасында салық салуға жататын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі, және салық кезеңі үшін 200.05.001 жолына қосымша нысанның 00001F бағанының жиынтық шамасын өзіне енгізеді. 200.05.001 жолының шамасы 200.00.002В жолына көшіріледі.

52. 200.05.001 жолына қосымша нысан салық төлеуші-резидентпен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған кірістер сомасын көрсетуге арналған.

53. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

54. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ережелердің 82-тармағына сәйкес кірісті төлейтін резидент емес салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында шетелдік көздерден резидент салық төлеуші алатын осы Ережелер 80-тармағының 2) тармақшасына сәйкес кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 81-тармағына сәйкес кірісті алу валютасының коды көрсетіледі;
- 5) Е бағанында шетелдік валютада, Қазақстан республикасының шегінен тыс көздерден алынған және Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын резидент салық төлеушінің есептелген кірістерінің сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында Салық кодексінің 65-тармағына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген Е бағанында көрсетілген кірістердің сомасы көрсетіледі.

55. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

8. "Халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын кірістер" қосымшасын жасау (200.06-нысан)

56. Бұл нысан салық төлеушілердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған және Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері жасасқан халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын кірістерді мәлімдеуге арналған. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттар және басқа халықаралық шарттар осындай шарттар болып табылады.

57. "Халықаралық шарттарға сәйкес салық салуға жатпайтын кірістер" бөлімінде:

200.06.001 жолында салық төлеушімен алынған және халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға жататын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.06.001 жолына салық кезеңі үшін 200.06.001 жолына қосымша нысанның 00001Е бағанының жиынтық сомасы көшіріледі. 200.06.001 жолының шамасы 200.00.003В жолына көшіріледі.

58. 200.06.001 жолына қосымша нысан әр кіріс түрлері бойынша бөлек халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында салық салуға жатпайтын кірістерді көрсетуге арналған.

59. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

60. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелер 79-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кіріс түрлерінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында Е немесе F бағанында көрсетілген халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын кіріс алынған салық төлеуші жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетулерге) немесе өзге мақсаттарда жасасқан келісім-шарттың (шарттың, келісімнің) нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанында салық төлеушінің Е немесе F бағанында түрі немесе атауы көрсетілген халықаралық шартқа сәйкес салық салынудан босатылуға жататын салық салынатын кірісі көрсетіледі.

Декларацияны толтыру кезінде резидент емес-жеке тұлға бұл бағанда Салық кодексінің 187-191-баптарына сәйкес салық салынуға жататын кірістің сомасын көрсетеді;

5) E бағанында осы Ережелердің 83-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, оған сәйкес салық төлеушінің D бағанында көрсетілген салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі белгіленген.

6) F бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, оған сәйкес салық төлеушінің D бағанында көрсетілген салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі белгіленген. Көрсетілген баған егер салық төлеуші E бағанында осы Ережелердің 83-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

7) G бағанында осы Ережелердің 82-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасасылған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

8) H бағанында E және F бағандарында көрсетілген халықаралық шарт бекітілген заңнамалық актінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

61. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

9. "Шетел салығын есепке жатқызу" қосымшасын жасау (200.07-нысан)

62. Бұл нысан жеке табыс салығы мен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден салық төлеуші-резидентпен алынған кірістерге салынған және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде төленген және Салық кодексінің 173-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын

төлеу кезінде есепке жатқызылатын салықтардың сомаларын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде салық төлеуші-резидентпен төленген табыс салығын есепке жатқызу салықтардың ұсталғанын және (немесе) төленгенін растайтын құжат бар болған кезде жүргізіледі.

Шетел мемлекетіндегі көздерден алынған кірістердің және осы кірістерден ұсталған және (немесе) төленген салықтардың сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органымен куәландырылған анықтамасы осындай құжат болуы мүмкін.

63. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 200.07.001А жолында жеке тұлғамен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған дивидендтер түріндегі кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 200.07.001В жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген дивидендтер түріндегі кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.001В жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 200.07.001С жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс дивидендтер түріндегі кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.001С жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

64. "Сыйақы" бөлімінде:

1) 200.07.002А жолында жеке тұлғамен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.002А жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 200.07.002В жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген сыйақылардан алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.002В жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 200.07.002С жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Салық кодексінің 173-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс сыйақылардан алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.001С жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

65. "Роялти" бөлімінде:

1) 200.07.003А жолында жеке тұлғамен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған роялти түріндегі кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.003А жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 200.07.003В жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген роялти түріндегі кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.003В жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 200.07.003С жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс роялти түріндегі кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.003С жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

66. "Халықаралық тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден түсетін кірістер" бөлімінде:

1) 200.07.004А жолында жеке тұлғамен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған халықаралық тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден түсетін кірістер сомасы көрсетіледі. 200.07.004А жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 200.07.004В жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген халықаралық тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден түсетін кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.004В жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 200.07.004С жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Салық кодексінің 173-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс халықаралық тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден түсетін кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.004С жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

67. "Тұрақты мекемесіз қызметтерден түсетін өзге де кірістер" бөлімінде:

1) 200.07.005А жолында жеке тұлғамен Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған тұрақты мекемесіз қызметтерден түсетін басқа да кірістердің жалпы сомасы. 200.07.005А жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 200.07.005В жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген тұрақты мекемесіз қызметтерден түсетін басқа да кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.005В жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 200.07.005С жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Салық кодексінің 173-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс тұрақты мекемесіз қызметтерден түсетін өзге де кірістерден алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.005С жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

68. "Тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметтен түсетін салық салынатын кіріс (пайда)" бөлімінде:

1) 200.07.006А жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметтен түсетін салық салынатын кірістің (пайданың) жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.006А жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 200.07.006В жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметтен түсетін салық салынатын кірістен (пайдадан) алынған Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.006В жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 200.07.006С жолында, Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Салық кодексінің 173-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметтен алынған салық салынатын кірістен (пайдадан) алынған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 200.07.006А жолы қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

Жеке тұлғалармен көрсетілген тәуелді жеке қызметтер (жалдамалы жұмыс) осындай жеке тұлғаның тұрақты мекеме құруына әкелмейді.

69. "Барлығы" бөлімінде:

200.07.007 жолында 200.07.001С-200.07.006С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс салықтың жиынтық сомасы көрсетіледі.

70. 200.07.007 жолының шамасы 200.00.008 жолына көшіріледі.

71. 200.07.001, 200.07.002, 200.07.003, 200.07.004 жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 82-тармағына сәйкес кірістің төлем көзінің-елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанында әр төлем көзі-елі бойынша есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеушіге есептелген кірістердің сомалары көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көзден кіріс алған жағдайда, онда осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі-елдің заңнамасымен немесе халықаралық шартпен белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында әр кірістердің төлем көзінде-елде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте Е бағанының деректері С және D бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады.

6) F бағанында Салық кодексінің 173-бабының ережелеріне сәйкес төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 173-бабының ережелеріне сәйкес әр төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте G бағанының деректері С және F бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады.

200.07.001 жолына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 200.07.001А жолына, Е бағаныныкі - 200.07.001В жолына, G бағаныныкі - 200.07.001С жолына көшіріледі,

200.07.002 жолына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 200.07.002А жолына, Е бағаныныкі - 200.07.002В жолына, G бағаныныкі - 200.07.002С жолына көшіріледі,

200.07.003 жолына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 200.07.003А жолына, Е бағаныныкі - 200.07.003В жолына, G бағаныныкі - 200.07.003С жолына көшіріледі,

200.07.004 жолына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 200.07.004А жолына, Е бағаныныкі - 200.07.004В жолына, G бағаныныкі - 200.07.004С жолына көшіріледі.

72. 200.07.005 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 80-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тұрақты мекемеге байланысты емес қызметтерден алынған, сомасы кіріс төлем көздері-елдері бойынша ашылатын кіріс түрінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 82-тармағының сәйкес кіріс төлем көзі-елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында әр төлем көзі-елі бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көзден кіріс алған жағдайда, онда кіріс түрінің әрқайсысы бойынша осы шетел мемлекеті бойынша есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында тиісті төлем көзі-елдің заңнамасымен немесе халықаралық шартпен белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында әр кірістердің төлем көзі-елінде төленген табыс салығының сомасы. Бұл ретте F бағанының деректері D және E бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады;

7) G бағанында Салық кодексінің 173-бабының ережелеріне сәйкес әр төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында Салық кодексінің 173-бабының ережелеріне сәйкес әр төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс табыс салығының сомалары көрсетіледі. Бұл ретте H бағанының деректері D және G бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады;

200.07.005 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 200.07.005A жолына, F бағаныныкі - 200.07.005B жолына,

H бағаныныкі - 200.07.005C жолына көшіріледі.

73. 200.07.006 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 82-тармағына сәйкес кіріс төлем көздері-елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында әр төлем көзінің-елі бойынша олардың салық заңнамаларына сәйкес есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушімен есептелген салық салынатын кірістердің сомалары көрсетіледі. Егер салық төлеуші бір шетел мемлекетінде есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кірістер алған жағдайда, онда осы шетел мемлекет бойынша есептелген салық салынатын кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі-елдің заңнамасымен немесе халықаралық шартпен белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында әр кірістердің төлем көзі-елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте E бағанының деректері C және D бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 173-бабына сәйкес әр төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуға тиіс табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанында Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде төленген және Салық кодексінің 173-бабына сәйкес әр төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызуға тиіс табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте G бағанының деректері C және F бағандарының деректерінің туындысы ретінде айқындалады;

200.07.006 жолына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 200.07.006А жолына, Е бағаныныкі - 200.07.006В жолына, G бағаныныкі - 200.07.006С жолына көшіріледі.

74. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

10. "Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктердің шоттарындағы ақша" қосымшасын жасау (200.08-нысан)

75. Бұл нысанды Салық кодексінің 171-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетел банктеріндегі шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар толтырады.

76. 200.08.001А-200.08.007А жолдарында жеке тұлғалардың ақшасы бар Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктердің атауы көрсетіледі.

77. 200.08.001В-200.08.007В жолдарында осы Ережелердің 82-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың ақшасы бар Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктердің резиденттілік елінің коды көрсетіледі.

78. 200.08.001С-200.08.007С жолдарында осы Ережелердің 81-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде жеке тұлғалар ақшасын орналастырылған валютаның коды көрсетіледі.

79. "Осы Декларацияны толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Кірістердің, валюталардың, елдердің және халықаралық шарттардың кодтары

80. Декларацияны толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуы пайдаланылсын:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан кірістер;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден кірістер;

1020 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті өткізу кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін кірістер;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер;

1031 - резидент еместердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекемелер арқылы қызметіне байланысты қарыздарын талап ету құқығын беруден түсетін кірістер;

1040 - резиденттердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - Қазақстан Республикасында осындай резидент еместердің қызметтері барысында туындаған резидент еместердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, соның ішінде жұмыстарды орындауға жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге ішкі сауда келісім-шарттары бойынша тұрақсыздық (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент-заңды тұлғадан түсетін дивидендтер нысанындағы кірістер;

1060 - резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1070 - эмитент-резиденттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы кірістер;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты

мекемесі немесе мүлкі бар осы эмитент-резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

1080 - резиденттерден алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1081 - резидент еместен Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметіне байланысты алынатын роялти нысанындағы кірістер;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен түсетін кірістер;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары бойынша қызметтен түскен кірістер;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындау орны маңызды емес;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруына байланысты төленетін үстемелер;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы кірістер, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін кірістер;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған кірістер;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы кірістер, осындай мүліктен кірістерді, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы кірістерді қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден кірістер;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан кірістер;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан кірістер;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған кірістер;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын кірістер;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын кірістер;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын кірістер;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кірістердің шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кірістер;

1350 - Салық кодексінің 178-бабы 1)-23) тармақшаларымен қамтылмаған Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындаған басқа да кірістер;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден кірістер:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан кірістер;

2011 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден кірістер;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен кірістер;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін кірістер;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы кірістер;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы кірістер;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы кірістер;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы кірістер;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден кірістер;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын кірістер;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы кірістер;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден кірістер;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен кірістер;

2131 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс өзге де азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызметтен кірістер;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы кірістер;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін кірістер;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған кірістер;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы кірістер, осындай мүліктен кірістерді, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы кірістерді қоса алғанда;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де кірістер.

81. Валюта кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі.

82. Елдің кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшаға сәйкес елдердің сандық кодталуын пайдалану қажет.

83. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарттар (келісімдер) түрінің мынадай кодталуын пайдалану қажет:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 - Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 - Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 - Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 - Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 - Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 - Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 - Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 - Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 - Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 - Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 - Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 - Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 - Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 - Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 - "Нұр-Мұбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 - Өуе қатынасы туралы келісім;

19 - "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 - "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 200.01-200.08 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жеке табыс салығы бойынша есепті жасау ережелері (201.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша жеке тұлғалар есептеген және төлеген төлем көзінен салық салынатын кірістерді (бұдан әрі - төлем көзінен салық салынатын кірістер), Салық кодексінің 24-тарауына сәйкес бюджетке есептелген және аударылған жеке табыс салығын ол бойынша Салық кодексінің 50-тарауында көзделген тәртіппен әлеуметтік салық есептелетін жұмыс берушінің қызметкерлердің табыстарын төлеуге шығыстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес әлеуметтік аударымдарды көрсетуге арналған Жеке табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

Есепті арнаулы салық режимдерін қолданатын шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалардан басқа, Салық кодексінің 148-бабына сәйкес салық агенттері жасайды.

2. Есеп осы Есептің (201.00-нысан) өзінен және қосымша нысаннан тұрады. Қосымша нысан жыл қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Есеппен бірге, сондай-ақ "Таратылған" торкөзі белгіленген Есепті тапсырған кезде табыс етіледі.

3. Есеп қағаз тасығышта қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымша нысандарда көрсетілуі тиіс деректер болмаған жағдайда, қосымша нысаны берілмейді.

7. Есепке қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып түскен жағдайда, қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" қосымша нысан бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген сәйкес деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

10. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық агенті почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

11. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті жасау (201.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) есепті кезең - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады;

3) салық агентінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есеп салық агенті мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық агенті таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Ұяшықтар хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) Қазақстан Республикасы Құзыретті органымен келісім-шартты-жасасу күні ;

8) келісім-шарттың Қазақстан Республикасының Құзыретті органы берген тіркеу нөмірі;

7 және 8-торкөздерді заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасымен жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық агенттері толтырады. Бөлек есептеу қажеттілігі қарастырылған жер қойнауын пайдаланушылар, егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта өзгеше қарастырылмаса, келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жеке тұлғалардың кірістері бойынша бөлек Есеп жасайды. Бұл ретте, жер қойнауын пайдалануға әрбір келісім-шарт бойынша бөлек Есеп беріледі;

9) салық агенті қызметін жүзеге асыратын салық режимі. Көрсетілген торкөздерде салық агенті қолдана отырып, өзінің қызметін жүзеге асыратын салық режимі түрінің мынадай кодтардың бірі көрсетіледі:

01 - жалпыға бірдей белгіленген тәртіп (жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер);

02 - адвокат;

03 - жеке нотариус;

04 - Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі;

05 - кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимі;

06 - біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі.

13. "Жеке табыс салығы" бөлімінде:

1) 201.00.001А, 201.00.001В және 201.00.001С жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларына салық агенті есептеген көрсетілген кірістерге жеке табыс салығын салуға болатын не болмайтынына қарамастан жеке тұлғаларға, оның ішінде ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызметкерлерге, жалдау, мердігерлікке төленген кірістер, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары және жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі. Бұл ретте, Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларына сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістер бұл жолдарда көрсетілмейді.

201.00.001D жолында 201.00.001А, 201.00.001В және 201.00.001С жолдарының жиынтық сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген кірістер көрсетіледі.

201.00.001Е жолында есепті кезең Есебінің 201.00.003D және бұрынғы кезеңнің Есебінің 201.00.003Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап есептелген кірістер көрсетіледі;

2) 201.00.002А, 201.00.002В және 201.00.002С жолдарында 201.00.001 сәйкес жолдарында көрсетілген есептелген кірістер мен Салық кодексінің 144 және 152-баптарына сәйкес салық салуға жатпайтын кірістердің арасындағы айырма ретінде болатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін төлем көзінен салық салынатын кірістер (Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда) көрсетіледі.

201.00.002D жолында 201.00.002А, 201.00.002В және 201.00.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін жеке табыс салығы салынатын кірістер көрсетіледі.

201.00.002Е жолында есепті кезең Есебінің 201.00.002D және бұрынғы кезең Есебінің 201.00.002Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап төлем көзінен салық салынатын кірістер көрсетіледі;

3) 201.00.003А, 201.00.003В және 201.00.003С жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларында жеке тұлғаларға есептелген кірістерден есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

201.00.003D жолында 201.00.003А, 201.00.003В және 201.00.003С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

201.00.003Е жолында Есепті кезеңнің есебі 201.00.003D және Бұрынғы кезеңнің есебі 201.00.003Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап есептелген жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі;

4) 201.00.004 жолында жеке тұлғаларға есептелген, бірақ салық агенті бекіткен Есеп беру мерзіміне дейін төленбеген кірістер сомасы көрсетіледі.

201.00.004 жолында міндетті, ерікті зейнетақы және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйақыларын және жеке табыс салығын есепке алусыз сомалар көрсетіледі;

5) 201.00.005A, 201.00.005B және 201.00.005C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларында жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі. Бұл ретте, Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларына сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістер бұл жолдарда көрсетілмейді.

201.00.005D жолында 201.00.005A, 201.00.005B және 201.00.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңінде жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі.

201.00.005E жолында Есепті кезеңнің есебі 201.00.005D және Бұрынғы кезеңнің есебі 201.00.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі;

6) 201.00.006A, 201.00.006B және 201.00.006C жолдарында жеке тұлғаларға төленген кірістерден есептелген, және есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

201.00.006D жолында 201.00.006A, 201.00.006B және 201.00.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жеке тұлғаларға төленген кірістерден есептелген, және есепті кезеңде бюджетке аударылуға жататын, жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

201.00.006E жолында Есепті кезеңнің есебі 201.00.006D және Бұрынғы кезеңнің есебі 201.00.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап бюджетке аударылуға жататын, кірістерден есептелген, жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

14. "Міндетті зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 201.00.007A, 201.00.007B және 201.00.007C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі.

201.00.007D жолында 201.00.007A, 201.00.007B және 201.00.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі.

201.00.007E жолында Есепті салық кезеңінің есебі 201.00.007D және Бұрынғы салық кезеңі үшін есептің 201.00.007E жолдарының сомасы ретінде

айқындалатын, жыл басынан бастап жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі;

2) 201.00.008A, 201.00.008B және 201.00.008C жолдарында қызметкерлерге төленген кірістерден есептелген және зейнетақы заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңінің 1, 2 және 3-ші айларында жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары Жұмыс беруші материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде берген табыстарды қоса алғанда, ақшалай немесе заттай түрде есептеген ай сайынғы кірістен он пайыз мөлшерінде ұсталады. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жетпіс бес еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспауы керек.

201.00.008D жолында 201.00.008A, 201.00.008B және 201.00.008C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, қызметкерлерге төленген кірістерден есептелген және есепті салық кезеңі үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

201.00.008E жолында Есепті салық кезеңінің есебі 201.00.008D және Бұрынғы салық кезеңі үшін есептің 201.00.008E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, қызметкерлерге төленген кірістерден есептелген және жыл басынан бастап жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

15. "Әлеуметтік аударымдар" бөлімінде:

1) 201.00.009A, 201.00.009B, 201.00.009C жолдарында жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айларында әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі Комитеті, қаржы полициясы органдарының және мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлеріне ақшалай жалақы кіріс түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстарына енгізумен қызметкерге кіріс түрінде төленетін шығыстары көрсетіледі;

201.00.009D жолында 201.00.009A, 201.00.009B және 201.00.009C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі Комитеті, қаржы полициясы органдарының және мемлекеттік өртке қарсы қызмет

қызметкерлеріне ақшалай жалақы кіріс түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстарына енгізумен қызметкерге кіріс түрінде төленетін шығыстары көрсетіледі;

201.00.009E жолында 201.00.009D есепті кезең Есебінің және бұрынғы есепті кезең Есебінің 201.00.009E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жұмыс берушінің шығыстары көрсетіледі;

2) 201.00.010A, 201.00.010B, 201.00.010C жолдарында Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айларында әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісінде белгіленген мөлшерде әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын ай сайынғы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін он еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспауға тиіс.

201.00.010D жолында 201.00.010A, 201.00.010B және 201.00.010C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

201.00.010E жолында 201.00.010D есепті кезең Есебінің және бұрынғы есепті кезең Есебінің 201.00.010E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде.

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус өткізетін болса, жол жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын тегі, аты, әкесінің аты қамтылуы керек.

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) жеке табыс салығы бойынша бенефициар - салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002

жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Салық кодексінің ережелеріне сәйкес Есеп тапсырылған салық агентінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар - салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы мен міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнама актісіне сәйкес Есеп тапсырылған орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

7) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

8) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

9) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

10) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

17. 201.00 нысанына қосымша нысан әрбір жеке тұлға бойынша мыналарды: есептелген және салық салуға жатпайтын кірістерді, міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын, жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банкттерінен алған тұрғын үй заемдары және аралық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалған сомаларды, Салық кодексінің 152-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақылар, жеке табыс салығын, әлеуметтік аударымдарды және төленген кірістерді көрсетуге арналған.

Бұл қосымша нысанда Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларына сәйкес салық салынбайтын жеке тұлғалардың кірістері, сондай-ақ құмар ойынынан және (немесе) бәс тігуден алған мүлік түріндегі табысы көрсетілмейді.

Қозғалыс тірек аппараттары бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін Салық кодексінің 121-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйымдар аталған жұмыскерлердің табыстары бойынша бөлек қосымша нысан толтырады.

Қосымша нысан жыл қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Есеппен бірге, сондай-ақ "Таратылған" ұяшығын белгілеген Есепті тапсырған кезде табыс етіледі.

18. Ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі:

1) "00001 Барлығы" жолы тек бірінші бетте толтырылады.

00001F, 00001G, 00001H, 00001I, 00001J, 00001K, 00001L, 00001M, 00001N, 00001O, 00001P, 00001Q6, 00001R, 00001S жолдарында есептелген кірістердің; Салық кодексінің 144-бабында көзделген кірістердің (Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда); құмар ойынынан және (немесе) бәс тігуден алған мүлік түріндегі табыстарының; салық шегерімдерінің; жеке табыс салығы және төленген кірістердің; одан кейінгі жолдарға сәйкес келетін сома ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын кірістердің және әлеуметтік салықтың, жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдар есептелетін шығыстарының, әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомалары көрсетіледі;

2) А бағанында кезекті рет нөмірі қойылады;

3) В бағанында кірістер есептелген және төленген жеке тұлғалардың аты-жөні көрсетіледі;

4) С бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлға салық төлеушілердің тиісті тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) D бағанында торкөз "х" белгісімен, егер В бағанында көрсетілген жеке тұлға Қазақстан Республикасы азаматы болып табылмаса және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиар хаты болмаған жағдайда белгіленеді. Басқа жағдайларда ұяшық толтырылмайды.

6) E бағанында торкөзі жеке тұлға Салық кодексінің 144-бабы 12) тармақшасына сәйкес жеңілдіктер алуға үміткер болып табылса "х" деген белгі белгіленеді.

Қалған жағдайларда ұяшық толтырылмайды.

7) F бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға есепті кезең үшін есептелген кірістер көрсетіледі. Бұл ретте, Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларына сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістер бұл жолдарда көрсетілмейді;

8) G бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген салық шегерімдері көрсетіледі;

9) H бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына белгіленген сәйкес шегерімге жатқызылатын Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есептелген міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

10) I бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жеке тұлға өз пайдасына енгізетін ерікті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

11) J бағанда жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған заемдары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалған және Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын сомалары көрсетіледі;

12) K бағанында Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

13) L бағанында B бағанында көрсетілген, Салық кодексінің 144-бабына сәйкес жеке тұлғалардың B бағанында көрсетілген салық салынуға жатпайтын кірістері (Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда) көрсетіледі;

14) M бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есепті салық кезеңінде есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) N бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға есепті салық кезеңінде төленген кірістерінің сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларына сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістер бұл жолдарда көрсетілмейді;

16) O бағанында міндетті зейнетақы жарналары мен Салық кодексінің 144-бабы 16), 25) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 316-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуметтік салық салынбайтын кірістер көрсетіледі;

17) P бағанында F бағаны алу және I бағаны алу және O бағаны алу ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын кірістердің барлығы көрсетіледі;

18) Q бағанында есепті кезең үшін B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

19) R бағанында міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актіге сәйкес айқындалатын жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдар есептелетін шығыстары көрсетіледі;

20) S бағанында міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актіге сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 201.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Резидент еместердің төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы сомасының есебін жасау ережелері (201.01-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы сомаларын есептеуге арналған Резидент еместердің төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы сомасының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 188-бабына сәйкес салық агенттері жасайды.

2. Есеп осы Есептің (201.01-нысан) өзінен және төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы салынатын объектілер туралы ақпаратты қамтитын жөніндегі қосымша нысандардан тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша нысан(дар)да көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша нысан(дар) берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысан(дар)да көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтырған кезде көрсетілген қосымша нысан(дар) толтыруға жатады.

Есепке 1-6 қосымша нысандар салық кезеңінің әрбір айы бойынша жеке толтырылады. Бұл ретте қосымша нысанның "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық кезеңінің қай айы үшін осы нысан толтырылатыны көрсетіледі.

8. Қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен хабарламамен почта бойынша - салық агенті почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау

13. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің - салық агентінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті табыс ету үшін тоқсан есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық агентінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметтерінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен

көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Көрсетілген торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді:

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп салық агентін мемлекеттік тіркеуден кейін алғашқы рет берілсе белгіленеді;

Келесі Есептерді беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп берген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" деген торкөз егер салық агенті оның негізінде бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілетін Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" деген торкөздерді бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық агенті таратылған (қайта құрылған) жағдайда белгіленеді;

6) хабарламалардың нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп берілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

14. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 201.01.001 жолы резидент емес жеке тұлғаларға есептелген және төлеуге жататын кірістердің қорытынды сомаларын жалпы салық кезеңі үшін және салық кезеңінің әр айы үшін көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау арқылы толтырылады;

2) 201.01.002 жолы есепті салық кезеңінің тиісті айы үшін салық агенті алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған резидент еместерге есептелген, бірақ төленбеген кірістердің қорытынды сомалары көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау арқылы толтырылады;

3) 201.01.003 жолы салық кезеңінің әр айы және тұтас салық кезеңі үшін Салық кезеңінің 187-бабына сәйкес бюджетке аударуға жататын резидент еместердің есептелген және төленген кірістерінен табыс салығының сомаларын көрсетуге арналған резидент емеске есептелген табыстан табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін жиынтықтау арқылы толтырылады;

4) 201.01.004 жолы алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде резидент еместердің есептелген, бірақ төленбеген, Салық кезеңінің 181-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударуға жататын, салық агенті алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған кірістерінен жиынтық табыс салығының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысандардың тиісті деректерін қосу жолымен толтырылады.

15. Салық агентінің жауапкершілігі:

1) "Салық агентінің (Басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық агентінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) Есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

16. Есепке 1-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында дивидендті алушы резидент еместің аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі.

Елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет;

4) D бағанында салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

Есепті толтырған кезде мынадай салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрлерін кодтауды пайдалану қажет:

01 - шетел азаматының паспорты;

02 - шетел азаматының жеке куәлігі (ішкі паспорт);

03 - теңізші паспорты;

5) E бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтығы бар еліндегі салықтық тіркеу нөмірі (осы баған резидент еместе осындай салықтық тіркеу нөмірі болған жағдайда толтырылады);

6) F бағанында дивиденд түрлерін кодтау көрсетіледі. Есепті толтырған кезде мынадай дивиденд түрлерін кодтауды пайдалану қажет:

105001 - акциялар бойынша төленуге тиісті кіріс;

105002 - қордың басқарушы компаниясы пайларды сатып алған кезде пайлар бойынша табыстарды қоспағанда, пайлық инвестициялық қордың пайлары бойынша төленуге тиісті табыс;

105003 - заңды тұлға өз құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза табыстың бір бөлігі;

105004 - заңды тұлғаны тарату кезінде мүлікті бөлуден түсетін табыстар;

105005 - құрылтайшының, қатысушының заңды тұлғаға қатысу үлесін алып қойған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, мүлікті бөлуден түсетін табыстар;

105006 - өзге де дивидендтер;

7) G бағанында резидент емес салық төлеушінің салық агентінің жарғылық капиталындағы акцияларды/пайларды/қатысу үлестерін сатып алу күні көрсетіледі;

8) H бағанында салық агентінің жарғылық капиталындағы акциялардың/пайлардың/қатысу үлестерінің жалпы құны;

9) I бағанында B бағанында көрсетілген резидент еместің салық агентінің жарғылық капиталындағы үлесі пайызбен көрсетіледі;

10) J бағанында есептелген және төленуге тиісті дивидендтер сомасы көрсетіледі.

Шетел валютасында операциялар жүзеге асырылған жағдайда, осы бағанда есептелген және төленуге тиіс, кірістерді төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолдана отырып Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген дивидендтер сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында халықаралық шартта немесе Салық кодексінің 180-бабында белгіленген, дивидендтерге табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

12) L бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес J бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

13) M бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес J бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған.

Көрсетілген баған, егер салық агенті L бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

14) N бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Бұл баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

15) O бағанында нақты төленген сыйақылар сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында Салық кодексінің 187-бабына сәйкес бюджетке аударылуға жататын резидент еместерге есептелген және төленген сыйақылардан табыс салығының сомасы көрсетіледі;

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолдану арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Есепке 2-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сыйақыны алушы резидент еместің аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 4) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды көрсетіледі;

5) Е бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі (осы баған резидент еместе осындай салықтық тіркеу нөмірі болған жағдайда толтырылады);

6) F бағанында резидент емес салық төлеушіге төленетін сыйақы түрінің коды көрсетіледі. Есепті толтырған кезде мынадай сыйақы түрлерін кодтауды пайдалану қажет:

106(0/1)01 - кредиттер үшін төлем;

106(0/1)02 - қаржы лизингі бойынша Қазақстан Республикасының қаржы лизингінің мәселелерін реттейтін заң актілеріне сәйкес сыйақы түрінде берілген (алынған) мүлік үшін;

106(0/1)03 - салымдар (депозиттер) бойынша;

106(0/1)04 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша;

107(0/1)00 - борыштық бағалы қағаздар бойынша төлемдер - дисконт не купон (бастапқы орналастыру құнынан және (немесе) сатып алу құнынан дисконтты не сыйлықақыны ескере отырып);

106(0/1)05 - өзге де сыйақылар;

106(0/1)06 - вексель бойынша төлемдер;

7) G бағанында оларға қатысты сыйақы туындайтын борыштық бағалы қағаздардың, вексельдердің жалпы номиналды құны, кредиттің (заемның), салымның (депозиттің) жалпы сомасы, мүліктің жалпы құны көрсетіледі;

8) H бағанында оларға сәйкес сыйақы туындайтын шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

борыштық бағалы қағаздардың, мүлік және (немесе) кредиттің (займ) жалпы номинальдық құны көрсетіледі;

9) I бағанында оларға қатысты сыйақы туындайтын кредит, борыштық бағалы қағаздар, вексель бойынша, салым (депозит), мүлік бойынша сыйақы ставкасы көрсетіледі;

10) J бағанында есептелген және төленуге тиіс сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

Шетел валютасында операциялар жүзеге асырылған жағдайда, осы бағанда есептелген және төленуге тиіс, кірістерді төлеу күніне немесе резидент еместің кірісін шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күніне) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолдана отырып Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген сыйақылар сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында халықаралық шартта немесе Салық кодексінің 180-бабында белгіленген сыйақыларға табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

12) L бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес K бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі көзделген;

13) M бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес J бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі көзделген.

Көрсетілген баған, егер салық агенті L бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

14) N бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

15) O бағанында нақты төленген сыйақылардың сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында есептелген, бірақ алдыңғы күнтізбелік жылдың ішінде төленбеген, алдыңғы салық кезеңі үшін декларацияда салық агенті шегерімге жатқызған сыйақылар сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда салық агенті шегерімге жатқызған, резидент емес тұлғаның табысын шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күніне) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, резидент еместердің төленбеген сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында Салық кодексінің 187-бабына сәйкес бюджетке аударылуға жататын резидент еместерге есептелген және төленген сыйақылардан табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында есептелген, бірақ алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде төленбеген, салық агенті алдыңғы салық кезеңінің қорытындылары бойынша декларацияда шегерімге жатқызған резидент еместердің сыйақыларынан Салық кодексі 181-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға жататын табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Есепке 3-қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында роялтиді алушы резидент еместің аты-жөні көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3-тармақшасына сәйкес B бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 4) тармақшасына сәйкес B бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі (осы баған резидент еместе осындай салықтық тіркеу нөмірі болған жағдайда толтырылады);

6) F бағанында резидент емес салық төлеушіге төленетін роялти түрін кодтау көрсетіледі. Есепті толтырған кезде мынадай роялти түрлерінің кодталуы көрсетіледі. Есепті толтырған кезде мынадай роялти түрлерін кодтауды пайдалану қажет:

108(0/1)01 - пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құралымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін төленетін төлем;

108(0/1)02 - авторлық құқықтарды,

108(0/1)03 - бағдарламалық қамтамасыз етуді,

108(0/1)04 - "ноу-хауды",

108(0/1)05 - патенттерді,

108(0/1)06 - сызбаларды немесе модельдерді,
108(0/1)07 - тауар белгілерін,
108(0/1)08 - басқа да осыған ұқсас құқық түрлерін,
108(0/1)09 - кинофильмдерді, бейнефильмдерді, дыбыс жазу немесе өзге де жазу құралдарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін төлем;

108(0/1)10 - өнеркәсіп, сауда немесе ғылыми-зерттеу жабдықтарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін төлем;

108(0/1)11 - өзге де роялти;

7) G бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес оған қатысты роялти туындаған құқық немесе мүлікті тіркеу елінің коды көрсетіледі;

8) H бағанында оған қатысты роялти туындаған құқық немесе мүліктің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

9) I бағанында оған қатысты роялти туындаған резидент емес тұлға мен пайдаланушы салық агенті арасында жасалған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

10) J бағанында салық агентінің оған қатысты роялти туындаған құқықтарды немесе мүліктерді пайдалану мерзімі көрсетіледі;

11) K бағанында салық кезеңінің басына төленбеген роялтидің сомасы көрсетіледі.

Шетел валютасында операциялар жүзеге асырылған жағдайда, осы бағанда кірісті төлеу күніне немесе резидент еместің кірісін шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күніне) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолдана отырып Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, есептелген және төленуге тиіс роялти сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында халықаралық шартта немесе Салық кодексінің 180-бабында белгіленген роялтиге табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

13) M бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес K бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі көзделген;

14) N бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес L бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

Көрсетілген баған, егер салық агенті N бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

15) О бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Аталған баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

16) Р бағанында нақты төленген роялти сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында салық агенті өткен жылдың қорытындысы бойынша декларацияда шегерімге жатқызған есептелген, бірақ алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде резидент еместерге төленбеген роялтилер сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент емес тұлғаның табысын шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, резидент еместердің төленбеген роялти сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 187-бабына сәйкес бюджетке аударылуға жататын резидент еместерге есептелген және төленген роялтиден табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетел валютасында жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында резидент еместердің алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде есептелген, бірақ төленбеген, салық агенті алдыңғы салық кезеңі бойынша қорытынды бойынша декларацияда шегерімге жатқызған роялтиінен Салық кодексінің 181-бабы тармағының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға жататын табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент еместің табысын шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күннің соңына) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

20) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

19. Есепке 4-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында табыс алушы резидент еместің аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында Осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 4) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі (осы баған резидент еместе осындай салықтық тіркеу нөмірі болған жағдайда толтырылады);

6) F бағанында Осы Ережелердің 21-тармағына сәйкес резидент еместің еңбек шарты (келісім-шарт, келісім) бойынша Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстары түрінің коды көрсетіледі;

7) G бағанында есептелген және төлеуге жататын табыстардың сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда есептелген және төлеуге жататын, кірістерді төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыстың сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес G бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі көзделген;

9) I бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, оған сәйкес G бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі көзделген;

Көрсетілген баған, егер салық агенті H бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

10) J бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Бұл баған егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарт ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

11) K нақты төленген кірістердің сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында бюджетке аударылуға жататын есептелген және төленген кірістен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, табыс салығының сомасы көрсетіледі;

13) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Есепке 5-қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында табыс алушы резидент еместің аты-жөні көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 4) тармақшасына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды көрсетіледі;
- 5) Е бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі (осы баған резидент еместе осындай салықтық тіркеу нөмірі болған жағдайда толтырылады);
- 6) F бағанында Есепке 1-5 қосымша нысандарда көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 178-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент емес тұлға алған табыс түрінің осы Ережелердің 21-тармағына сәйкес коды көрсетіледі;
- 7) G бағанында резидент емес пен салық агенті арасында жасалған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 8) H бағанында есептелген және төлеуге жататын кірістер сомасы көрсетіледі.
Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда есептелген және төлеуге жататын, кірісті төлеу күніне немесе резидент еместің кірісін шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күніне) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген кіріс сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында халықаралық шарт немесе Салық кодексінің 180-бабында белгіленген кіріске табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 10) J бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес H бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі көзделген;
- 11) K бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі, осыған сәйкес H бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі көзделген;

Көрсетілген баған, егер салық агенті J бағанында осы Ережелердің 23-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық

шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда ғана толтырылуға жатады;

12) L бағанында осы Ережелердің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Көрсетілген баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

13) M бағанында нақты төленген кірістердің сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде резиденттерге есептелген, бірақ төленбеген, салық агенті алдыңғы салық кезеңі үшін қорытынды бойынша декларацияда шегерімге жатқызған кірістердің сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда салық агенті шегерімге жатқызған, резидент еместің кірісін шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күніне) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген резидент еместерге төленбеген кіріс сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында резидент еместердің есептелген және төленген табыстарынан Салық кодексінің 187-бабына сәйкес бюджетке аударылуға табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (табысты төлеу) шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда табысты төлеу күніне валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген, табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде резидент еместерге есептелген, бірақ төленбеген, салық агенті алдыңғы салық кезеңі үшін қорытынды бойынша декларацияда шегерімге жатқызған кірістерден Салық кодексінің 181-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетелдік валютада жасалған кезде, аталған бағанда резидент еместің кірісін шегерімге жатқызу күніне (корпорациялық (жеке) табыс салығы бойынша алдыңғы салық кезеңінің соңғы күнтізбелік күніне) валюта айырбастаудың рыноктік бағамын қолданумен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

21. Есепті толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

Қазақстан Республикасындағы код түрлерінің көздерінен кірістер:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан түсетін табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетуден түсетін табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1032 - резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1033 - борышты талап етуді алған орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент - эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен түсетін табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу

нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға арналған шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен алынған табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелерден бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша түсетін табыстар;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - оларға Қазақстан Республикасында салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген, Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар ;

1361 - Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа да кірістер.

22. Есепті толтыру кезінде халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар) түрінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 - Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 - Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 - Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 - Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 - Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 - Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 - Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 - Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 - Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 - Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 - Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 - Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 - Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 - Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 - "Нұр-Мұбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 - Әуемен хабарласу туралы келісім;

19 - "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 - "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

РҚАО-ның ескертуі: 201.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жеке табыс салығы бойынша есепті жасау ережелері (201.02-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке тұлғаларға есептелген және төленген Салық кодексінің 145-бабының 2 және 3-тармақтарымен белгіленген ставкалар бойынша төлем көзінен салық салынатын дивидендтерді, сыйақыларды, ұтыстарды (бұдан әрі -

дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар), Салық кодексінің 24 тарауына сәйкес бюджетке есептелген және аударылған, жеке табыс салығын көрсетуге арналған Жеке табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

Есепті Салық кодексінің 148-бабына сәйкес салық агенттері жасайды.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (201.02-нысан)

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) есепті кезең - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады;

3) салық агентінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есепті салық агенті төлем көзінен салық салынатын дивидендтерден, сыйақылардан және ұтыстардан жеке табыс салығын есептеу бойынша міндеттемелер туындаған сәттен бастап алғаш рет берсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық агенті таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді;

6) хабарламаның номері мен күні. Хабарлама бойынша қосымша Есепті табыс ету кезінде торкөз толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

9. "Жеке табыс салығы" бөлімінде:

1) 201.02.001А, 201.02.001В және 201.02.001С жолдарында жеке табыс салығын қоса алғанда, есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айлары үшін салық агенті есептеген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.001D жолында көрсетілген 201.02.001А, 201.02.001В және 201.02.001С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар сомасы көрсетіледі.

201.02.001Е жолында есепті кезең Есебінің 201.02.001D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.001Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар сомасы көрсетіледі;

2) 201.02.002А, 201.02.002В және 201.02.002С жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айлары үшін жеке табыс салығы салынатын дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.002D жолында 201.02.002А, 201.02.002В және 201.02.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін, жеке табыс салығы салынатын жыл басынан есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.002Е жолында есепті кезең Есебінің 201.02.002D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.002Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жеке табыс салығы салынатын жыл басынан есептелген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі;

3) 201.02.003А, 201.02.003В және 201.02.003С жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

201.02.003D жолында 201.02.003А, 201.02.003В және 201.02.003С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін, есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

201.02.003Е жолында есепті кезең Есебінің 201.02.003D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.003Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі;

4) 201.02.004 жолында жеке тұлғаларға есептелген, бірақ есепті кезең соңына салық агентімен төлемеген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

5) 201.02.005А, 201.02.005В және 201.02.005С жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айларда жеке тұлғаларға төленген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.005D жолында 201.02.005А, 201.02.005В және 201.02.005С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңде жеке тұлғаларға төленген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі.

201.02.005Е жолында есепті кезең Есебінің 201.02.005D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.005Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңде жеке тұлғаларға төленген дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар көрсетіледі;

6) 201.02.006А, 201.02.006В және 201.02.006С жолдарында есепті кезеңінің 1, 2 және 3 айларда жеке тұлғаларға төленген және бюджетке аударуға тиісті дивидендтер, сыйақылар, ұтыстардан есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

201.02.006D жолында 201.02.006А, 201.02.006В және 201.02.006С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңде жеке тұлғаларға төленген және бюджетке аударуға тиісті дивидендтер, сыйақылар, ұтыстардан есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

201.02.006Е жолында есепті кезең Есебінің 201.02.006D және өткен есепті кезең Есебінің 201.02.006Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан жеке тұлғаларға төленген және бюджетке аударуға тиісті дивидендтер, сыйақылар, ұтыстардан есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

10. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус өткізетін болса, жол жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын тегі, аты, әкесінің аты қамтылуы керек;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 201.02 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жеке табыс салығы бойынша есепті жасау ережелері (201.03-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 145-бабының 1-тармағымен белгіленген ставкалар бойынша төлем көзіне жеке табыс салығы салынатын, кірістерді (бұдан әрі - төлем көзіне салық салынатын кірістер) жеке тұлғаларға есептелген және төленген, Салық кодексінің 24-тарауына сәйкес бюджетке есептелген және аударылған жеке табыс салығының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес әлеуметтік аударымдарды көрсетуге арналған жеке табыс салығы бойынша есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

Есепті Салық кодексінің 148-бабына сәйкес арнаулы салық режимдерін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар - салық агенттері жасайды.

2. Есеп Есептің өзінен (201.03-нысан) және қосымша нысаннан тұрады. Қосымша нысан жыл қорытындысы бойынша толтырылады және Есеппен бірге, сондай-ақ "Таратылған" ұяшығын белгілеген Есепті тапсырған кезде табыс етіледі.

3. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымша нысандарда көрсетілуі тиіс көрсеткіштер жоқ жағдайда, қосымша нысан берілмейді.

7. Есепке қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып түскен жағдайда, қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

8. Қосымша нысанның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген сәйкес деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

10. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық агенті почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

11. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (201.03-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) есепті кезең - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін жыл есепті кезең болып табылады. Бұл орайда, салық агенті 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі кезең үшін есеп бергенде "Ай" торкөзіне "9" санын көрсетеді, 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін есеп бергенде "3" санын көрсетеді;

3) салық агентінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен

көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есеп салық агенті мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық агенті таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда белгіленеді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

13. "Жеке табыс салығы" бөлімінде:

1) 201.03.001А, 201.03.001В және 201.03.001С жолдарында міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйақыларын, әлеуметтік аударымдарды және жеке табыс салығын қоса алғанда, сәйкесінше 1 қаңтардан - 1 қазанға дейінгі, 1 қазаннан - 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін, есепті кезең үшін салық агенті есептеген төлем көзінен салық салынатын кірістері көрсетіледі. Бұл ретте, Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын кірістер (Салық кодексінің 144-бабы 12) тармақшасында көрсетілген кірістерді қоспағанда) бұл жолдарда көрсетілмейді;

2) 201.03.002А, 201.03.002В және 201.03.002С жолдарында сәйкесінше 201.03.001 тиісті жолдарында көрсетілген есептелген кірістер мен Салық кодексінің 152-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын кірістер арасында айырмасы бар, 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін, есепті кезең үшін төлем көзінен салық салынатын кірістер көрсетіледі;

3) 201.03.003А, 201.03.003В және 201.03.003С жолдарында сәйкесінше 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін, есепті кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

4) 201.03.004 жолында жеке тұлғаларға есептелген, бірақ есепті кезеңнің соңына салық агентімен төленбеген кірістер көрсетіледі.

201.03.004 жолында міндетті, ерікті зейнетақы және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын есептемегенде, сақтандыру сыйлықақылары мен жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі;

5) 201.03.005А, 201.03.005В және 201.03.005С жолдарында сәйкесінше 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңінде, есепті кезеңінде жеке тұлғаларға төленген кірістер көрсетіледі;

6) 201.03.006А, 201.03.006В және 201.03.006С жолдарында табыстардан есептелген, заңды тұлғаларға төленген, және сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңінде, есепті кезеңінде бюджетке аударылуға жататын жеке табыс салығы сомасы көрсетіледі.

14. "Міндетті зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 201.03.007А, 201.03.007В және 201.03.007С жолдарында сәйкесінше 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін, есепті кезең үшін жинақтау зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарнасы ұсталатын қызметкерлердің есептелген кірістері көрсетіледі;

2) 201.03.008А, 201.03.008В және 201.03.008С жолдарында сәйкесінше 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңінде, есепті кезеңінде Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес, қызметкерлердің төленген кірістерінен есептелген және жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуға жататын міндетті зейнетақы жарнасының сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары Жұмыс беруші материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде берген табыстарды қоса алғанда, ақшалай немесе заттай түрде есептеген ай сайынғы кірістен он пайыз мөлшерінде ұсталады. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жетпіс бес еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспауы керек.

15. "Әлеуметтік аударымдар" бөлімінде:

1) 201.03.009А, 201.03.009В, 201.03.009С жолдарында 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін, есепті кезеңі үшін жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі Комитеті, қаржы полициясы органдарының және мемлекеттік өртке қарсы қызмет

қызметкерлеріне ақшалай жалақы кіріс түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстарына енгізумен қызметкерге кіріс түрінде төленетін шығыстары көрсетіледі;

2) 201.03.010А, 201.03.010В, 201.03.010С жолдарында 1 қаңтардан - 1 қазан, 1 қазаннан - 31 желтоқсан кезеңі үшін, есепті кезеңі үшін Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес айқындалатын әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісінде белгіленген мөлшерде әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын ай сайынғы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін он еселенген ең төменгі жалақы мөлшерінен аспауға тиіс.

16. 201.03 нысанына қосымша нысан әрбір жеке тұлға бойынша мыналарды: есептелген және кірістерді, міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын, жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған тұрғын үй заемдары және аралық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалған сомаларды, Салық кодексінің 152-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйлықақылар, жеке табыс салығын, әлеуметтік аударымдарды және төленген төлем көзінен салық салынатын кірістерді көрсетуге арналған.

Бұл қосымша нысанда Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салынбайтын жеке тұлғалардың кірістері (Салық кодексінің 144-бабы 12) тармақшасында көрсетілген кірістерді қоспағанда), сондай-ақ құмар ойынынан және (немесе) бәс тігуден алған мүлік түріндегі табысы көрсетілмейді.

Қосымша нысан жыл қорытындысы бойынша толтырылады және Есеппен бірге, сондай-ақ "Таратылған" ұяшығын белгілеген Есепті тапсырған кезде табыс етіледі.

17. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі:

1) "00001 Барлығы" жолы тек бірінші бетте толтырылады. 00001Е, 00001Ғ, 00001Г, 00001Н, 00001І, 00001Ј, 00001К, 00001Л, 00001М, 00001N жолдарында есептелген кірістердің; Салық кодексінің 144-бабы 12) тармақшасында көрсетілген кірістердің; құмар ойынынан және (немесе) бәс тігуден алған мүлік түріндегі табыстардың; жеке табыс салығы мен төленген кірістердің; жұмыс

берушінің әлеуметтік аударымдар есептелетін шығыстарының, кейінгі жолдарға тиісті сома ретінде айқындалатын әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомалары көрсетіледі;

2) А бағанында кезекті рет нөмірі қойылады;

3) В бағанында есептелген, кірістер төленген жеке тұлғалардың аты-жөні көрсетіледі;

4) С бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлға салық төлеушілердің тиісті тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) D бағанында торкөз "х" белгісімен, егер В бағанында көрсетілген жеке тұлға Қазақстан Республикасы азаматы болып табылмаса және Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты болмаған жағдайда белгіленеді. Басқа жағдайларда торкөз толтырылмайды;

6) Е бағанында торкөз жеке тұлға Салық кодексінің 144-бабының 12) тармақшасына сәйкес жеңілдіктер алуға үміткер болып табылса "х" деген белгі белгіленеді.

Қалған жағдайларда ұяшық толтырылмайды;

7) F бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға салық кезеңі үшін есептелген кірістер көрсетіледі;

8) G бағанында Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген салық шегерімі көрсетіледі;

9) H бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың табыстарынан есептелген және Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

10) I бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жеке тұлға өз пайдасына енгізетін және Салық кодексінің 152-бабы, 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын ерікті зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі;

11) J бағанда жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктірінен алған заемдары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалған және Салық кодексінің 152-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын сомалар көрсетіледі;

12) K бағанында Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын жеке тұлға өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйақыларының сомалары көрсетіледі;

13) L бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың Салық кодексінің 144-бабы 12) тармақшасына сәйкес салық салынбайтын кірістері көрсетіледі;

14) М бағанында салық кезеңі үшін В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) N бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға есепті кезеңде төленген кірістер көрсетіледі;

16) О бағанында міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актіге сәйкес айқындалатын жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдар есептелетін шығыстары көрсетіледі;

17) Р бағанында міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актіге сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі.

18. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус өткізетін болса, жол жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын тегі, аты, әкесінің аты қамтылуы керек.

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) жеке табыс салығы бойынша бенефициар - салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Салық кодексінің ережелеріне сәйкес Есеп берілген салық агентінің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар - салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы мен міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнама актісіне сәйкес Есеп тапсырылған орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

7) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

8) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

9) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

10) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 201.03 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін жасау ережелері (201.05-Нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 153-1 немесе 187-1-бабына сәйкес салық агенттері жасайды.

2. Есеп осы Есептің (201.05 нысаны) өзінен және жеке табыс салығы салынатын объектілер туралы ақпаратты қамтитын қосымша нысандардан тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша нысан(дар)да көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша нысан(дар) берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысан(дар)да деректерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтырған кезде аталған қосымша нысан(дар) толтырылуға жатады.

8. Қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау

13. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің - салық агентінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есепті тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық агентінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және

сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Бұл торкөздерге Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгі қойылады. Есеп түріне қарай тиісті торкөзге белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп мемлекеттік тіркелгеннен кейін салық агенті алғаш рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп берген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық агенті бұрын көрсетілген Есепке оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша декларацияны тапсырған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Қазақстан Республикасының аумағына келетін және жеке еңбек шарттары (келісім-шарттар) бойынша салық кезеңінің әр айы үшін Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс төленетін төлем көзінен салық салуға жататын табыс алатын резидент емес болып табылатын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың саны: А жолында - 1 ай; В жолында - 2 ай; С жолында - 3 ай; D

жолында - 4 ай; Е жолында - 5 ай; F жолында - 6 ай; G жолында - 7 ай; H жолында - 8 ай; I жолында - 9 ай; J жолында - 10 ай; K жолында - 11 ай; L жолында - 12 ай;

9) Қазақстан Республикасының аумағына келетін және жеке еңбек шарттары (келісім-шарттар) бойынша салық кезеңінің әр айы үшін Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс төленетін төлем көзінен салық салуға жататын табыс алатын резидент болып табылатын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың саны: A жолында - 1 ай; B жолында - 2 ай; C жолында - 3 ай; D жолында - 4 ай; E жолында - 5 ай; F жолында - 6 ай; G жолында - 7 ай; H жолында - 8 ай; I жолында - 9 ай; J жолында - 10 ай; K жолында - 11 ай; L жолында - 12 ай.

14. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 201.05.001 жолы есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент және резидент еместермен алуға болжалған салық салынатын кірістердің жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және 201.05.001A және 201.05.001B жолдарының деректерін қосу жолымен толтырылады;

201.05.001A жолы есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент еместермен алуға болжалған кірістің болжалған сомаларын көрсетуге арналған және Есепке 1-қосымша нысан M бағанының жиынтық жолынан толтырылады;

201.05.001B жолы есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидентпен алуға болжалған кірістің болжалған сомаларын көрсетуге арналған және Есепке 2-қосымша нысан Q бағанының жиынтық жолынан толтырылады;

2) 201.05.002 жолы есепті салық кезеңі үшін резидент және резидент еместердің кірістеріне салынатын жеке табыс салығының болжалған сомасын көрсетуге арналған және Есепке 1-қосымша нысан N бағанының және Есепке 2-қосымша нысан R бағанының жиынтық жолдарын қосу жолымен толтырылады;

3) 201.05.003 жолында салық кезеңінің әрбір айы үшін төленуге жататын аванстық төлемдердің ай сайынғы сомасын көрсетуге арналған және салық кезеңінің әрбір айының қимасындағы 1 қосымша нысанның J бағанын ескере отырып O бағанының деректері мен салық кезеңінің әрбір айының қимасындағы 2 қосымша нысанның L бағанын ескере отырып, S бағанының деректерін қосу жолымен толтырылады.

15. Салық агентінің жауапкершілігі:

1) "салық агентінің Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық агентінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) Есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Салық кодексінің ережелеріне сәйкес берілген Есеп тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

16. Есепке 1-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кірісті алушы резидент еместің аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) елінің коды көрсетіледі. Егер салық төлеуші - шетел азаматы болған жағдайда, онда азаматтық елінің коды көрсетіледі, ал егер салық төлеуші - азаматтығы жоқ тұлға болса, резиденттік елінің коды көрсетіледі.

Елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет;

4) D бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ нөмірі мен күні көрсетіледі.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің кодын толтырған кезде мынадай құжат түрлерін кодтауды пайдалану қажет:

01 - шетел азаматының төлқұжаты;

02 - шетел азаматының жеке куәлігі (ішкі төлқұжаты);

03 - теңізшінің төлқұжаты;

5) E бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі (осы баған резидент еместе осындай салықтық тіркеу нөмірі болған жағдайда толтырылады);

6) F бағанында Салық кодексінің 178-бабына сәйкес резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын, осы Ережелердің 18-тармағына сәйкес кіріс түрінің коды көрсетіледі;

7) G бағанында ол бойынша салық міндеттемелері туындайтын жеке тұлға - резидент емес пен салық агентінің арасында жасалған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында резидент еместің өткен салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;

9) I бағанында резиденттің есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;

10) J бағанында есепті салық кезеңі үшін резиденттің Қазақстан Республикасына келу және кету күндері көрсетіледі;

11) K бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің Қазақстан Республикасында болу күндерінің жалпы саны көрсетіледі;

12) L бағанында алдыңғы салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген кірістің нақты сомасы көрсетіледі (бұл баған алдыңғы салық кезеңінде резидент емес тұлға кіріс алған жағдайда толтырылады);

13) M бағанында Салық кодексінің 178 және 187-1-баптарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент емес тұлға алатын болжалды кірістің сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 187-1-бабына сәйкес Салық кодексі 145-бабының 1-тармағында белгіленген салық ставкасына M бағаны көрсеткішінің қосындысы ретінде есептелген, есепті салық кезеңі үшін жеке табыс салығының болжалды сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында N бағаны көрсеткіштерінің I бағаны көрсеткіштеріне қатынасы ретінде есептелген аванстық төлемдердің ай сайынғы сомасы көрсетіледі;

16) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Есепке 2-қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында резидент болып табылатын кірісті алушы шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;
- 3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес азаматтық (резиденттік) елінің коды көрсетіледі ;
- 4) D бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің осы Ереженің 16-тармағы 4) тармақшасына сәйкес коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі;
- 5) Е бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі (бұл баған салық төлеушіде салық тіркеу нөмірі болған кезде толтырылады);
- 6) F бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 7) G бағанында резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын, осы Ережелердің 18-тармағына сәйкес кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 8) H бағанында оған сәйкес кіріс туындайтын резидент жеке тұлға мен салық агенті арасында жасалған шарттың (келісім-шарттың) нөмірі мен күні көрсетіледі ;
- 9) I бағанында резиденттің өткен салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;
- 10) J бағанында резиденттің есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;
- 11) K бағанында өткен салық кезеңі үшін резидентке Қазақстан Республикасындағы көздерден есептелген кірістердің нақты сомасы көрсетіледі (бұл баған алдыңғы салық кезеңінде резидент емес тұлға кіріс алған жағдайда толтырылады);
- 12) L бағанында есепті салық кезеңі үшін резиденттің Қазақстан Республикасына келу және кету күндері көрсетіледі;
- 13) M бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің Қазақстан Республикасында болу күндерінің жалпы саны көрсетіледі;
- 14) N бағанында Салық кодексінің 153-1 бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент алуға болжамды кіріс сомасы көрсетіледі;
- 15) O бағанында осы тармақтың 16) тармақшасында көзделген шегерімдерді қоспағанда Салық кодексінің 144 және 152-баптарына сәйкес салық салынбайтын кірістер мен шегерімдер сомасы көрсетіледі;

16) Р бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың кірістерінен есептелетін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі (осы нысан аталған аударымдар жүзеге асырылған кезде толтырылады);

17) Q бағанында N, O және P бағандары көрсеткіштерінің арасындағы айырма ретінде есептелген, есепті салық кезеңі үшін салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 153-1-бабына сәйкес Салық кодексі 145-бабының 1-тармағында белгіленген салық ставкасы мен М бағаны көрсеткіштерінің туындысы ретінде есептелген, есепті салық кезеңі үшін жеке табыс салығының болжалды сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында R бағаны көрсеткіштерінің J бағанының көрсеткіштеріне қатынасы ретінде есептелген жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің ай сайынғы сомасы көрсетіледі;

20) "осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Есепті толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс түрлерінің кодтары:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан түсетін табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1032 - резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1033 - борышты талап етуді алған орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент-эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік,

аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстар;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды

нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - Қазақстан Республикасында салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген, Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларда қамтылмаған басқа да табыстар ;

1361 - Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа кірістер.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынатын кіріс түрлерінің кодтары:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан түсетін табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден түсетін табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түсетін табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де табыстар.

РҚАО-ның ескертуі: 201.05 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

**Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың
кірістеріне салынатын жеке табыс салығы сомаларының
есебін жасау ережелері
(201.06-Нысан)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістерінен жеке табыс салығы сомаларын есептеуге арналған Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың кірістеріне салынатын жеке табыс салығы сомаларының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 153-1 немесе 187-1-бабына сәйкес салық агенті жасайды.

2. Есеп осы Есептің (201.06 нысан) өзінен және жеке табыс салығы салынатын объектілер туралы ақпаратты қамтитын қосымша нысандардан тұрады.

3. Есеп жасау кезінде қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша нысан(дар)да көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша нысан(дар) берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысан(дар)да деректерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтырған кезде аталған қосымша нысан(дар) толтырылуға жатады.

8. Қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау

13. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық агентінің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есепті табыс ету үшін күнтізбелік жыл есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық агентінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Бұл торкөздерге Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгі қойылады. Есеп түріне қарай тиісті торкөзге белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп мемлекеттік тіркелгеннен кейін салық агенті алғаш рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп берген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық агенті бұрын көрсетілген Есепке оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есепті тапсырған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Қазақстан Республикасының аумағына келетін және жеке еңбек шарттары (келісім-шарттар) бойынша салық кезеңінің әр айы үшін Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс төленетін төлем көзінен салық салуға жататын табыс алатын резидент емес болып табылатын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың саны: А жолында - 1 ай; В жолында - 2 ай; С жолында - 3 ай; D жолында - 4 ай; Е жолында - 5 ай; F жолында - 6 ай; G жолында - 7 ай; H жолында - 8 ай; I жолында - 9 ай; J жолында - 10 ай; K жолында - 11 ай; L жолында - 12 ай;

9) Қазақстан Республикасының аумағына келетін және жеке еңбек шарттары (келісім-шарттар) бойынша салық кезеңінің әр айы үшін Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс төленетін төлем көзінен салық салуға жататын табыс алатын резидент болып табылатын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың саны: А жолында - 1 ай; В жолында - 2 ай; С жолында - 3 ай; D жолында - 4 ай; Е жолында - 5 ай; F жолында - 6 ай; G жолында - 7 ай; H жолында - 8 ай; I жолында - 9 ай; J жолында - 10 ай; K жолында - 11 ай; L жолында - 12 ай.

14. "Салықты есептеу" бөлімінде:

1) 201.06.001 жолы есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент және резидент еместерге есептелген салық салынатын кірістердің нақты жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және 201.06.001А және 201.06.001В жолдарының тиісті деректерін қосу жолымен толтырылады;

201.06.001А жолы есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден есептелген резидент емес кірістерінің нақты жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және Есепке 1-қосымша нысан К бағанының жиынтық жолынан толтырылады;

201.06.001В жолы есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден есептелген резиденттердің салық салынатын кірістерінің нақты жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және Есепке 2-қосымша нысан О бағанының жиынтық жолынан толтырылады;

2) 201.06.002 жолы есепті салық кезеңі үшін резидент және резидент еместердің есептелген кірістеріне салынатын жеке табыс салығының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған және Есепке 1-қосымша нысан L бағанының және Есепке 2-қосымша нысан Р бағанының жиынтық жолдарын қосу жолымен толтырылады;

3) 201.06.003 жолы есепті салық кезеңі үшін аванстық төлемдердің төленген сомаларын көрсетуге арналған және Есепке 1-қосымша нысан М бағанының және Есепке 2-қосымша нысан Q бағанының жиынтық жолдарын қосу жолымен толтырылады;

4) 201.06.004 жолы 201.06.002 және 201.06.003 жолдарының көрсеткіштері арасындағы айырма ретінде есептелген бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығының жиынтық сомаларын көрсетуге арналған;

5) 201.06.005 жолы толтырылуға жатпайды.

15. Салық агентінің жауапкершілігі:

1) "салық агентінің Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық агентінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) Есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген)

бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

16. Есепке 1-қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында кірісті алушы резидент еместің аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) елінің коды көрсетіледі. Егер салық төлеуші - шетел азаматы болған жағдайда, онда азаматтық елінің коды көрсетіледі, ал егер салық төлеуші - азаматтығы жоқ тұлға болса, резиденттік елінің коды көрсетіледі.

Елдің кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіштері" 6-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет;

4) D бағанында осы Ережелердің 22-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ нөмірі мен күні көрсетіледі.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің кодын толтырған кезде мынадай құжат түрлерін кодтауды пайдалану қажет:

01 - шетел азаматының төлқұжаты;

02 - шетел азаматының жеке куәлігі (ішкі төлқұжаты);

03 - теңізшінің төлқұжаты;

5) Е бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі (осы баған резидент еместе осындай салықтық тіркеу нөмірі болған жағдайда толтырылады);

6) F бағанында Салық кодексінің 178-бабына сәйкес резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын, осы Ережелердің 18-тармағына сәйкес кіріс түрінің коды көрсетіледі;

7) G бағанында ол бойынша салық міндеттемелері туындайтын жеке тұлға - резидент емес пен салық агентінің арасында жасалған шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында резидент еместің өткен салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;

9) I бағанында резиденттің есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;

10) J бағанында есепті салық кезеңі үшін резидент емес Қазақстан Республикасына келген және кеткен күндері көрсетіледі;

11) K бағанында есепті салық кезеңі үшін резидент емеске есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Салық кодексінің 187-1-бабына сәйкес Салық кодексі 145-бабының 1-тармағында көзделген салық ставкасына K бағаны көрсеткішінің қатынасы ретінде есептелген, резидент еместің есептелген кірістеріне салынатын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында есепті салық кезеңі үшін жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің төленген сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында L және M бағандары көрсеткіштері арасындағы айырма ретінде есептелген бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында M және L бағандары көрсеткіштері арасындағы айырма ретінде есептелген артық төленген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл бағанда M және L бағандарының көрсеткіштері арасындағы тек оң айырма ғана көрсетіледі;

16) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Есепке 2-қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шетел азаматының немесе резидент болып табылатын кіріс алушы азаматы жоқ тұлғалар тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) C бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің осы Ереженің 16-тармағы 3) тармақшасына сәйкес азаматтық (резиденттік) елінің коды көрсетіледі ;

4) D бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің осы Ереженің 16-тармағы 4) тармақшасына сәйкес коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі;

5) Е бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі (бұл баған салық төлеушіде салық тіркеу нөмірі болған кезде толтырылады);

6) F бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

7) G бағанында резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын, осы Ережелердің 18-тармағына сәйкес кіріс түрінің коды көрсетіледі;

8) H бағанында оған сәйкес кіріс туындайтын резидент жеке тұлға мен салық агенті арасында жасалған шарттың (келісім-шарттың) нөмірі мен күні көрсетіледі ;

9) I бағанында резиденттің өткен салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;

10) J бағанында резиденттің есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында болу айларының саны көрсетіледі;

11) K бағанында есепті салық кезеңі үшін резиденттің Қазақстан Республикасына келу және кету күндері көрсетіледі;

12) L бағанында есепті салық кезеңінде резидентке есептелген кіріс сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында осы тармақтың 14) тармақшасында көзделген шегерімдерді қоспағанда Салық кодексінің 144 және 152-баптарына сәйкес салық салынбайтын кірістері мен шегерімдері сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес резиденттердің кірістерінен есептелетін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі (осы нысан аталған аударымдар жүзеге асырылған кезде толтырылады);

15) O бағанында L, M және N бағандары көрсеткіштерінің арасындағы айырма ретінде есептелген, есепті салық кезеңі үшін резиденттің салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында Салық кодексінің 153-1-бабына сәйкес Салық кодексі 145-бабының 1-тармағында көзделген салық ставкасы мен O бағаны көрсеткіштерінің туындысы ретінде есептелген резиденттің есептелген салық салынатын кірісіне салынатын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында есепті салық кезеңі үшін жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің төленген сомасы көрсетіледі;

18) R бағанында P және Q бағандары көрсеткіштері арасындағы айырма ретінде есептелген бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

19) S бағанында Q және P бағандары көрсеткіштері арасындағы айырма ретінде есептелген артық төленген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Осы бағанда Q және P бағандарының көрсеткіштері арасындағы оң айырма ғана көрсетіледі;

20) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

18. Есепті толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек.

Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын кіріс түрлерінің кодтары:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан түсетін табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1032 - резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1033 - борышты талап етуді алған орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер)

бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1070 - резидент-эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы түсетін табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы түсетін табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы түсетін табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы түсетін табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен түсетін табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді

қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша түсетін табыстар;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1360 - оларға Қазақстан Республикасында салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген, Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларында қамтылмаған басқа да табыстар;

1361 - Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа кірістер.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынатын кіріс түрлерінің кодтары:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан түсетін табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен түсетін табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден түсетін табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түсетін табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де табыстар.

РҚАО-ның ескертуі: 201.06 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ тұлғадан
жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер
сомаларының есебін жасау ережелері
(201.07 Нысан)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған Шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ тұлғадан жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 164 немесе 191-бабына сәйкес шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ тұлғалар жасайды.

2. Есеп осы Есептің (201.07 нысан) өзінен және жеке табыс салығы салынатын объектілер туралы ақпаратты қамтитын қосымша нысандардан тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымша нысанда көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, қосымша нысан берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанда деректерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтырған кезде аталған қосымша нысан толтырылуға жатады.

8. Қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

9. Қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші келесі деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық агентінің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есепті табыс ету үшін күнтізбелік жыл есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты. Шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрі, нөмірі және берілген күні. Салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі: А жолында - түрі; В жолында - нөмірі; С жолында - күні.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрінің кодын толтырған кезде мынадай құжат түрлерін кодтауды пайдалану қажет:

01 - шетел азаматының төлқұжаты;

02 - шетел азаматының жеке куәлігі (ішкі төлқұжаты);

03 - теңізшінің төлқұжаты;

5) азаматтық (резиденттік) елінің коды. Салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) елінің коды көрсетіледі. Егер салық төлеуші - шетел азаматы болған жағдайда, онда азаматтық елінің коды көрсетіледі, егер салық төлеуші - азаматтығы жоқ тұлға болатын болса, резиденттік елінің коды көрсетіледі.

Ел кодын толтырған кезде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Әлем елдерінің жіктемесі" 6-қосымшасына сәйкес елдерді цифрлы кодтауды пайдалану қажет;

6) азаматтық (резиденттік) еліндегі салық тіркеуі нөмірі. Салық төлеушінің азаматтық (резиденттік) еліндегі салық тіркеуі нөмірі көрсетіледі;

7) Есеп түрі.

Бұл торкөздерге Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгі қойылады. Есеп түріне қарай тиісті торкөзге белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп мемлекеттік тіркелгеннен кейін салық агенті алғаш рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есептерді беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп берген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық агенті бұрын көрсетілген Есепке оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін Салық

кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгілейді;

8) Хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есепті тапсырған жағдайда толтырылады;

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

9) салық төлеушінің мәртебесі (резидент, резидент емес). Салық төлеушінің салықтық мәртебесі көрсетіледі;

10) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

14. "Есеп" бөлімінде:

1) 201.07.001 жолында есепті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден салық төлеушімен алуға болжалды кірістердің жиынтық сомасы көрсетіледі және қосымша J бағанының жиынтық жолынан толтырылады;

2) 201.07.002 жолында Салық кодексі 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставканы қолданумен Салық кодексінің 191 немесе 164-бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының болжалды сомасы көрсетіледі;

3) 201.07.003 жолында салық кезеңінде Қазақстан Республикасындағы шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ тұлғаның болу айларының саны көрсетіледі;

4) 201.07.004 жолында 201.07.003 жолының көрсеткішіне 201.07.002 жолы көрсеткішінің қатынасы ретінде есептелген есепті салық кезеңінің әрбір айы үшін бюджетке төленуге жататын аванстық төлемдердің орташа айлық сомасы көрсетіледі;

5) 201.07.005 жолында шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына салық кезеңінде келу кезеңі көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат

Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық агентінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

2) Есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

3) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

6) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

16. Есептің 201.07.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның атауы, немесе кіріс төлейтін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) С бағанында В бағанында көрсетілген тұлғаның осы Ереженің 13-тармағы 5) тармақшасына сәйкес резиденттік (азаматтық) елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында В бағанында көрсетілген тұлғаның резиденттік (азаматтық) еліндегі салықтық тіркеу нөмірі немесе СТН-і;

5) E бағанында Қазақстан республикасындағы көздерден шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ тұлғалар алған кіріс түрінің осы Ереженің 17-тармағына сәйкес коды көрсетіледі;

6) F бағанында G бағанында көрсетілген кірістің мәлімделген сомасын растайтын шарттың (келісім-шарт, келісім) нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында Қазақстан Республикасындағы көздерден есепті салық кезеңінде алу болжанған кіріс сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында осы тармақтың 9) тармақшасында көзделген шегерімдерді қоспағанда, Салық кодексінің 144 және 152-баптарына сәйкес Қазақстан

Республикасының резиденті - жеке тұлғаның шегерімдері мен салық салынбайтын кірістері, сондай-ақ жеке кәсіпкерге қатысты Салық кодексінде белгіленген шегерімдер көрсетіледі;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес кірістерден есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі (осы баған аталған аударымдар жүзеге асырылған кезде толтырылады);

10) J бағанында G, H және I бағандары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде есептелген салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

11) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. Есептің 201.07.001 жолына қосымша нысанның B бағанын толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану қажет.

Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс түрлерінің кодтары:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды сатудан түсетін табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүлікті сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1021 - резиденттер шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1022 - резидент еместермен шығарылған акцияларды сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1023 - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құнның өсімінен түсетін табыстар;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

1032 - резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1033 - борышты талап етуді алған орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын

резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің, мұндай резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент-эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түсетін табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары түріндегі түсетін табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы түсетін табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызмет көрсетулерінен түсетін табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен түсетін табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың материалдық, әлеуметтік игіліктері немесе өзге де материалдық пайдалары үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстарды өтеу нысанындағы табыстар, соның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді

қоспағанда), кеңес берушілік, аудиторлық, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда) қызмет көрсетулерден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу және қолдау бойынша қызмет көрсетулерден түсетін табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім беру үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының шағын топтың құн теңгермесінен асып кетуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып кетуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан асып кетуі;

1330 - стипендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табыстар;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1351 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елдердің резиденттері болып табылатын тұлғалармен, оларды нақты көрсету орнына қарамастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге қызмет көрсетулер көрсетуден алынған табыстар;

1360 - оларға Қазақстан Республикасында салық салу құқығы Қазақстан Республикасы жасасқан және бекіткен халықаралық шарттарда көзделген, Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларында қамтылмаған басқа да табыстар;

1361 - Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа кірістер.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынатын кіріс түрлерінің кодтары:

2010 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатудан табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2021 - резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2022 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғаға, консорциумға қатысу үлесін немесе мүлікті сату кезінде құн өсімінен табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс алынатын борышты талап етуді беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - резидент заңды тұлғадан дивидендтер нысанындағы табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті жалға беруден табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетулерден табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша қызметтен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) резидент емес заңды тұлғаға қатысты осындай тұлғаларға жүктелген басқарушылық міндеттерді орындаумен байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін атқарудың нақты орнының маңызы жоқ;

2150 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент емес-жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - өнер қызметкерлеріне: кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға төленетін табыстар;

2190 - резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, осындай мүліктен табыстарды, сондай-ақ тегін алынған (орындалған) жұмыстар (қызмет көрсетулер) нысанындағы табыстарды қоса алғанда;

2220 - Қазақстан Республикасының шегінен тыс алынатын өзге де табыстар.

РҚАО-ның ескертуі: 201.07 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жеке табыс салығы бойынша декларация жасау ережесі (210.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 6-бөліміне сәйкес төлем көзіне салық

салынбайтын, кірістер, кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді мәлімдеуге, сондай-ақ меншік құқығындағы және салық салу объектісі болып табылатын мүлік туралы мәліметтерді беруге арналған Жеке табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны Салық кодексінің 171-бабына сәйкес мынадай жеке тұлғалар береді:

- 1) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары;
- 2) судьялар;
- 3) Қазақстан Республикасының сайлау туралы және сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заң актілеріне сәйкес декларация беру бойынша міндет жүктелген тұлғалар.

2. Декларация Декларацияның өзінен (210.00-нысан) және жеке табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (210.01 - 210.03 нысандар) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазартуға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерін ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, көрсетілген қосымша толтыруға жатады.

8. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып түскен жағдайда, қосымшаның осындай парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен почта арқылы - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (210.00 нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Декларацияны беру үшін салық кезеңі салық жылы болып табылады. Егер салық кезеңінің ұзақтығы мынаны құраса:

күнтізбелік жылдан азы - онда "Ай" торкөзінде Декларация берілетін айлар саны көрсетіледі, ал "Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

толық күнтізбелік жыл, "Ай" торкөзі толтырылмайды, ал "Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеуші алғаш рет Декларация табыс еткен жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі Декларациялар беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

6) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың тиісті тор көздері белгіленеді;

7) жеке тұлға мәртебесі. Жеке тұлғаның мәртебесіне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"А" торкөзін мынадай тұлғалар белгілейді:

Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткер болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы);

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттығына үміткер болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы);

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттығына үміткер болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы);

маслихат депутаттығына үміткер болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы);

жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне үміткер болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы);

мемлекеттік қызметке не мемлекеттік немесе оған теңестірілген қызметтерді орындауға байланысты қызметке үміткер болып табылатын тұлға және оның жұбайы (зайыбы).

"В" торкөзін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және олардың жұбайлары, сондай-ақ мемлекеттік қызметте жұмыс істейтін адамдар және олардың жұбайлары белгілейді.

"С" торкөзін жағымсыз себептер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар және олардың жұбайлары белгілейді.

"D" торкөзін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес декларация беру бойынша міндет жүктелген басқа да тұлғалар белгілейді;

8) жұмыс орны. Жеке тұлғаның жұмыс орны көрсетіледі.

14. "Кірістердің түрлері" бөлімінде:

1) 210.00.001 жолына 200.01.001В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 210.00.002 жолында 210.00.002А, 210.00.002В және 210.00.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, төлем көзінен салық салынбайтын кірістердің сомасы көрсетіледі;

3) 210.00.002А жолына 210.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 210.00.002В жолына 210.02.010В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 210.00.002С жолында 210.00.002 және 210.00.014 (200.00-нысаны) жолдарының сомасы ретінде айқындалған сома, немесе 220.00.005 жолында (220.00-нысаны), немесе арнаулы салық режимдері үшін белгіленген салық есептілігінде айқындалған сома көрсетіледі;

6) 210.00.003 жолына 210.01.001D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 210.00.004 жолына Салық кодексінің 164-бабына сәйкес айқындалатын, төлем көзіне салық салынатын кірістер бойынша салық сомасы көрсетіледі;

8) 210.00.005 жолы толтырылуға жатпайды;

9) 210.00.006 жолы толтырылуға жатпайды.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) декларацияны беру күні. Декларацияны берген ағымдағы күн көрсетіледі;

3) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

6) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі;

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. "Төлем көзінен салық салынатын кірістер, меншік құқығындағы мүлік" қосымшасын жасау (210.01-нысаны)

16. Осы нысан Салық кодексінің 146-162-баптарына сәйкес төлем көзіне салық салынатын кірістерді, сондай-ақ меншік құқығындағы жеке тұлғаға тиісті және салық салу объектісі болып табылатын мүлікті мәлімдеуге арналған.

7А торкөзін белгілеген тұлғалар Декларацияны берген кезде "Төлем көзінен салық салынатын кірістер" бөлімін толтырады. "Меншік құқығындағы мүлік" және "Шетел банктерінің шоттарындағы ақша" бөлімдері толтырылмайды.

17. "Төлем көзінен салық салынатын кірістер" бөлімінде:

1) 210.01.001B жолында 210.01.002B - 210.01.006B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзіне салық салынатын есептелген кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі. 210.01.001B жолында көрсетілген сома 210.00.001 жолына көшіріледі;

2) 210.01.001C жолында 210.01.002C - 210.01.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзіне салық салынатын кірістерден ұсталған (есептелген) міндетті зейнетақы жарналарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 210.01.001D жолында 210.01.002D - 210.01.006D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен ұсталған салықтың жалпы сомасы көрсетіледі. 210.01.001D жолында көрсетілген сома 210.00.003 жолына көшіріледі;

4) 210.01.002A - 210.01.006A жолдарында төлемнің әр көзі бойынша Салық кодексінің 146-бабына сәйкес төлем көзіне салық салынатын алынған кірістердің түрлері көрсетіледі;

5) 210.01.002B - 210.01.006B, 210.01.002C - 210.01.006C, 210.01.002D - 210.01.006D жолдарында салық агенттері берген құжаттар негізінде есептелген кірістер, ұсталған (есептелген) міндетті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

18. "Меншік құқығындағы мүлік" бөлімі:

1) 210.01.007A жолында жинақтаушы зейнетақы қорының атауы көрсетіледі;

2) 210.01.007B жолында жинақтаушы зейнетақы қоры берген, көшірме негізіндегі есепті салық кезеңінен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтау сомасы көрсетіледі;

3) 210.01.008 жолында жылжымайтын мүліктің орналасқан жерін көрсете отырып, зейнетақы жинақтаудан басқа, салық салу объектілері болып табылатын, меншік құқығына тиесілі мүлік, сондай-ақ көлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірі көрсетіледі.

19. "Шетел банктерінің шоттарындағы ақша" бөлімінде:

210.01.009 жолында валюта коды және Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан банк мекемелеріндегі салымдарының сомасы көрсетіледі.

Валюта кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі.

4. "Мүліктік кірістер" қосымшасын жасау (210.02-нысаны)

20. Осы нысан Салық кодексінің 170-бабына сәйкес айқындалған, алынған мүлік және өзге де кірістерді көрсетуге арналған.

21. "Мүліктік кіріс" бөлімінде:

210.02.001 жолында 210.02.002D және 210.02.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлік кірісінің жалпы сомасы көрсетіледі. 210.02.001 жолында көрсетілген сома 210.00.002A жолына көшіріледі.

22. "Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын мүлікті сату кезіндегі құн өсімін айқындау" бөлімінде:

1) 210.02.002D жолында 210.02.003D және 210.02.006D жолдарының сомасы ретінде айқындалатын кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын мүлікті сату кезіндегі құн өсімінің түрінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 210.02.003A - 210.02.006A жолдарында құн өсімі алынған сату кезіндегі кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын мүлік атауы көрсетіледі;

3) 210.02.003B - 210.02.006B жолдарында сатылатын мүліктің сатып алу құны көрсетіледі. Сатып алу құны болмаған кезде Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған оны сатып алу сәтіне сатылған мүліктің бағалау құны көрсетіледі;

4) 210.02.003C - 210.02.006C жолдарында мүлікті сату құны көрсетіледі;

5) 210.02.003D - 210.02.006D жолдарында Салық кодексінің 166-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын, мүлікті сату кезінде алынған құн өсімінен кіріс көрсетіледі.

23. "Мүлікті жалға беруден түскен кіріс" бөлімінде:

1) 210.02.007C жолына 210.02.008C және 210.02.009C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын мүлікті жалға беруден алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 210.02.008A және 210.02.009A жолдарында оның орналасқан жерін көрсете отырып, жалға берілген мүлік атауы көрсетіледі;

3) 210.02.008B және 210.02.009B жолдарында мүлікті жалға беру кезеңі көрсетіледі;

4) 210.02.008C және 210.02.009C жолдарында мүлікті жалға беруден алынған кіріс көрсетіледі.

24. "Өзге де кірістер" бөлімінде:

1) 210.02.010B жолында 210.02.011B - 210.02.017B жолдарының сомасы ретінде айқындалатын алынған өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі. 210.02.010B жолында көрсетілген сома 210.00.002B жолына көшіріледі;

2) 210.02.011A - 210.02.017A жолдарында Салық кодексінің 170-бабына сәйкес алынған өзге де кірістердің түрлері көрсетіледі;

3) 210.02.011B - 210.02.017B жолдарында алынған өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі.

5. "Меншік құқығындағы мүлік" қосымшасын жасау (210.03-нысаны)

25. Осы нысан мерзімді әскери қызметін өтейтін әскери қызметкерлерден (бұдан әрі - үміткерлер) қоспағанда, Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы Қазақстан Республикасы Заң актісінің 9-бабы 1-тармағында көрсетілген тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау туралы заң актілерінде айқындалған тұлғалардың, және олардың жұбайларының (зайыптарының) меншік құқығындағы мүлкін мәлімдеуіне арналған.

26. "Қаржы қаражаттары" бөлімінде:

1) 210.03.001В жолында Декларацияны беру сәтінде бар қолма-қол ақшаның валюта коды көрсетіледі.

Валюта кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюталардың сандық кодталуын пайдалану қажет;

2) 210.03.001С жолында қолма-қол ақша сомасы көрсетіледі;

3) 210.03.002А жолында үміткерлердің салымдары бар банк мекемелерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс банк мекемелерінің атауы көрсетіледі;

4) 210.03.002В жолында валюта коды көрсетіледі.

Валюта кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюталардың сандық кодталуын пайдалану қажет;

5) 210.03.002С жолында салымдар сомасы көрсетіледі;

6) 210.03.003А жолында бағалы қағаздардың, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары түрлері көрсетіледі;

7) 210.03.003В жолында бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

8) 210.03.003С жолында бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

9) 210.03.004А жолында үміткерлер жеке өзі немесе басқа тұлғалармен бірге иелік етуге құқылы өзге де қаржы қаражаттары көрсетіледі;

10) 210.03.004В жолында қаржы қаражаттары көрсетіледі.

27. "Меншік құқығындағы мүлік" бөлімінде:

1) 210.03.005А жинақтаушы зейнетақы қорының атауы көрсетіледі;

2) 210.03.005В жолында жинақтаушы зейнетақы қоры берген көшірме негізіндегі Декларация беру күніне зейнетақы жинақтарының сомасы көрсетіледі ;

3) 210.03.006А жолында зейнетақы жинақтаушыларынан басқа, салық салу объектісі болып табылатын, меншік құқығындағы орналасқан, оның ішінде жылжымайтын мүліктің орналасқан жерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан мүлік, сондай-ақ көлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірін суреттейді;

4) 210.03.006В жолында суреттелетін мүліктің бағалау құны көрсетіледі.

28. "Жарғылық капиталда қатысу үлесі" бөлімінде үміткер тиісті торкөзі заңды тұлғалардың акционері немесе құрылтайшысы (қатысушы) ретінде өзі тура немесе тікелей қатысу туралы көрсетеді:

1) 210.03.007С жолында барлық заңды тұлғалар бойынша жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің мөлшері көрсетіледі;

2) А бағанында үміткердің қатысу үлесі бар жарғылық капиталдағы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) В бағанында А бағанында көрсетілген салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері көрсетіледі;

4) С бағанында А бағанында көрсетілген заңды тұлғаның қатысу үлесінің мөлшері көрсетіледі.

29. "Басқа да мәліметтер" бөлімінде:

1) 210.03.008В жолында сенімгерлік басқаруға берілген мүліктің жалпы құны көрсетіледі;

2) В бағанында сенімгерлік басқаруға берілген мүлік суреттеледі, сондай-ақ егер үміткер немесе оның жұбайы (жары) осы трастардың бенефициары болып табылатын тиісті банк шоттарындағы нөмірлерін көрсете отырып, олар тіркелген трастар туралы және мемлекеттер туралы мәлімет көрсетіледі;

3) В бағанында А бағанында көрсетілген мүлік құны көрсетіледі;

4) 210.03.009А жолында 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын, мөлшерде үміткерге немесе оның жұбайына (жарына) тиісті материалдық және қаржы қаражаттарының жалпы сомасы көрсетіледі;

5) А бағанында 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын, мөлшерде үміткерге немесе оның жұбайына (жарына) тиісті материалдық және қаржы қаражаттарын ұстап тұру мен уақытша сақтау бойынша үміткердің шарт қатынастары, келісім-шарт пен міндеттемелер (оның ішінде ауызша) бар заңды тұлға көрсетіледі;

6) В бағанында А бағанында көрсетілген заңды тұлға - салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері көрсетіледі;

7) С бағанында жоғарыда аталған материалдық және қаржы қаражаттарының тиісті сомасы көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 210.00-210.03 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жеке табыс салығы бойынша декларацияны жасау ережелері (220.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығын есептеу мен кірістерді мәлімдеуге арналған Жеке табыс салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтарды есептеуді және төлеуді жүзеге асырушы жеке тұлғалар - жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ Салық кодексінің 7-бөліміне сәйкес қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (220-нысан) және жеке табыс салығы бойынша салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (220.01-ден 220.26-ға дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - нысандар айналмалы немесе қауырсын қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас әріптерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, тазартуға, былғауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшада және (немесе) қосымша нысанда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда, аталған қосымша және (немесе) қосымша нысан берілмейді.

7. Тиісті қосымша нысанда көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша нысандар толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың немесе қосымша нысандардың "Жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымның хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды).

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (220.00 нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты;

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі;

5) Декларацияның түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер салық төлеуші жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет Декларация бергенде, сондай-ақ Қазақстан

Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалар белгілейді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі декларацияларды табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі енгізілетін өзгерістер жататын салық кезеңі үшін Декларация өткізген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы, 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық міндеттемелерін орындау жөніндегі салық қызметі органдарының хабарламасын алып, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі жеке кәсіпкерлік қызмет тоқтаған жағдайда белгіленеді. Салық кодексінің 136-бабының 4-тармағына сәйкес күнтізбелік жыл ішінде құрылған және кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан салық төлеуші Декларацияны өткізген жағдайда, "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарттар" торкөзі бір жылдан аса қолданыс мерзімі бар тауарларды жөнелтуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге келісім-шарты болған жағдайда белгіленеді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларацияны табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Осы Ереженің 162-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) резидент емес берген кезде "Резидент емес" торкөзі белгіленеді;

9) жұмыстарды орындау кезеңі:

9А жолында - Салық кодексі 527-бабының 5-тармағына сәйкес айқындалатын Қазақстан Республикасында резидент еместің жұмыстарды орындауының (қызмет көрсетулер көрсетуінің) басталу күні көрсетіледі;

9В жолында - резидент еместің Қазақстан Республикасында оларға сәйкес жұмыстар жүргізілетін осы резидентпен жасасылған бір немесе бірнеше келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындауының (қызмет көрсетулер көрсетуінің) нақты аяқталу күні көрсетіледі. Осы баған резидент еместің Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындауы (қызмет көрсетулер көрсетуі) нақты аяқталғаннан кейін толтырылады. Егер салық кезеңінің ішінде резидент емеспен жұмыстарды орындау (қызмет көрсетулер көрсету) аяқталмаған жағдайда, аталған баған толтырылмайды;

10) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалар торкөзі белгіленеді;

11) Декларацияны жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттан тыс; келісім-шарт бойынша жүзеге асырылған қызмет бойынша жасалды. Декларация жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

11А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінен шығатын қызмет бойынша;

11В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша.

А және В торкөздерін заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасқан жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер белгілейді. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта өзгеше көзделмесе, бөлек есеп жүргізу қажеттілігі көзделген жер қойнауын пайдаланушылар келісім-шарттан тыс жүзеге асырылатын қызмет бойынша және келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бөлек Декларация жасайды.

12) Жасасқан келісім-шарттың нөмірі мен күні. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Декларация жасалған кезде жер қойнауын пайдаланушы белгілейді:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасау күні.

13. Салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне Салық кодексінің 80, 184-баптарына сәйкес айқындалатын салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері енгізіледі.

14. "Салық салынатын кірістер есебі" бөлімінде:

1) 220.00.001 жолына 220.01.019 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.00.002 жолына 220.02.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.00.003 жолына 220.03.017 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.00.004 жолы 220.00.001, 220.00.002 және 220.00.003 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

15. "Салықты есептеу" бөлімінде:

1) 220.00.005 жолына 220.04.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.00.006 жолына 220.21.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.00.007 жолына 220.21.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.00.008 жолына 220.21.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.00.009 жолы толтырылуға жатпайды;

6) 220.00.010 жолында есептелген аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

7) 220.00.011 жолы толтырылуға жатпайды;

8) 220.00.012 жолы толтырылуға жатпайды.

220.00.012 жолын толтыру кезінде сома салық органы мен салық төлеуші куәландырған салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу

жағдайы туралы салық төлеушінің дербес шотынан үзінді көшірім негізінде көрсетіледі.

16. "Басқа да ақпарат" бөлімінде:

220.00.013 жолына 220.25.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

17. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы тиіс, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) декларацияны өткізу күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. "Жылдық жиынтық кіріс" қосымшасын жасау (220.01 нысан)

18. "Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу" бөлімінде:

1) 220.01.001 жолына 220.05.001С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.01.002 жолына 220.06.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.01.003 жолына Салық кодексінің 83-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кірістер сомасы көрсетіледі. Сондай-ақ осы жолда салық төлеушіні тарату кезінде тарату балансын бекітуде кредиторлармен талап етілмеген міндеттеме көрсетіледі;

4) 220.01.004 жолына 220.07.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.01.005 жолына 220.08.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 220.01.006 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес берешекті талап етуді беруден салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

7) 220.01.007 жолында Салық кодексінің 80-бабы , 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе тоқтатуға келіскені үшін салық төлеуші алған және алуға жататын кірістер сомасы көрсетіледі;

8) 220.01.008 жолына 220.17.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 220.01.009 жолында Салық кодексінің 80-бабы , 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ортақ үлестік меншіктен кірісті бөлу кезінде алынатын кірістер сомасы көрсетіледі;

10) 220.00.010 жолында егер бұл сомалар бұрын Салық кодексінің 80-бабы , 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылмаса, бюджеттен қайтарылған бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдардан басқа сот тағайындаған немесе борышкер мойындаған айыппұлдар, өсімпұлдар мен санкциялардың басқа да түрлерінің сомасы көрсетіледі;

11) 220.01.011 жолына 220.08.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 220.01.012 жолына 220.08.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде ізгілік көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құны 220.02.006 жолы бойынша жылдық жиынтық кірістен алынып тасталады;

13) 220.01.013 жолына 220.08.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 220.01.014 жолына 220.09.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 220.01.015 жолына 220.10.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 220.01.016 жолына Салық кодексінің 80-бабы , 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес ұтыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

17) 220.01.017 жолында Салық кодексінің 80-бабы, 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес салық төлеуші роялти түрінде алған кіріс көрсетіледі;

18) 220.01.018 жолына 220.08.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

19) 220.01.019 жолында 220.01.001-220.01.018 жолдары сомаларын қосу жолымен айқындалатын жылдық жиынтық кірістің жалпы сомасы көрсетіледі; 220.01.019 жолының шамасы 220.00.001 жолына көшіріледі.

19. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. "Салық салынуға жатпайтын кірістер" қосымшасын жасау (220.02 нысан)

20. "Салық салынуға жатпайтын кірістер" бөлімінде:

1) 220.02.001 жолында Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салынуға жатпайтын кірістердің жалпы сомасы, сондай-ақ 220.02.002 - 220.02.020 жолдарының сомасын қосумен айқындалатын Салық кодексінің 91-бабы , 1-тармағының 1), 3)-5), 10) тармақшаларына сәйкес жылдық жиынтық кірісті түзету көрсетіледі. 220.02.001 жолының шамасы 220.00.002 жолына көшіріледі;

2) 220.02.002 жолына 220.06.005 және 220.06.007 жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.02.003 жолына 220.06.008 және 220.06.003С жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.02.004 жолында дивидендтер көрсетіледі;

5) 220.02.005 жолына 220.09.004 жолын алумен 220.09.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 220.02.006 жолына 220.08.002А жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 220.02.007 - 220.02.020 жолдарында осы Ережелердің 163, 166-тармақтарына сәйкес, 220.02.002-220.02.006 жолдарында көрсетілмеген және Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын кірістер түрінің коды көрсетіледі.

21. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. "Шегерімдер" қосымшасын жасау (220.03 нысан)

22. "Шегерімдер" бөлімінде:

1) 220.03.001 жолына 220.10.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 220.03.002 жолына 220.12.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 220.03.003 жолына 220.13.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.03.004 жолына 220.13.004В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.03.005 жолына 220.14.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
6) 220.03.006 жолына 220.15.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
7) 220.03.007 жолына 220.16.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
8) 220.03.008 жолына 220.10.002В жолында көрсетілген сома көшіріледі;
9) 220.03.009 жолында Салық кодексінің 103-бабына сәйкес есептелген шекте бюджетке төленген салық сомалары көрсетіледі.

10) 220.03.010 жолында 220.14.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

11) 220.03.011 жолында 220.03.011А - 220.03.011Е жолдарының сомасын қосумен айқындалатын амортизациялық аударымдардың, жөндеуге шығыстар мен тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

12) 220.03.011А жолына 220.17.003Е жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 220.03.011В жолына 220.18.001В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 220.03.011С жолына 220.17.003К жолында көрсетілген сома көшіріледі;

15) 220.03.011D жолына 220.17.003J жолында көрсетілген сома көшіріледі;

16) 220.03.011Е жолына 220.17.003F, 220.17.003H, 220.17.005D жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

17) 220.03.012 жолында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес айқындалатын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

18) 220.03.013 жолында жолда Салық кодексінің 152-бабы, 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ең төменгі еңбекақы төлемдері мөлшерінде салық шегерімінің сомасы көрсетіледі;

19) 220.03.014 жолында Салық кодексінің 152-бабы, 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өз пайдасына аударатын ерікті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

20) 220.03.015 жолында Салық кодексінің 152-бабы, 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес жинақтау сақтандыру шарттары бойынша жеке тұлға өз пайдасына енгізетін сыйлықақы аударымдарының сомасы көрсетіледі;

21) 220.03.016 жолында Салық кодексінің 152-бабы, 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғалары Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында тұрғын-үй жағдайын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізуге Тұрғын үй құрылыс жинақ банкілерінен алған заемдары бойынша сыйақыларды өтеуге бағытталған сомалар көрсетіледі;

22) 220.03.017 жолында 220.03.001-ден 220.03.016-ға дейінгі жолдардың сомаларын қосу арқылы айқындалатын шегерімдердің жалпы сомасы көрсетіледі . 220.03.017 жолының шамасы 220.00.003 жолына көшіріледі.

23. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

6. "Салық салынатын кіріс есебі" қосымшасын жасау (220.04-нысан)

24. "Салық салынатын кіріс есебі" бөлімінде:

- 1) 220.04.001 жолына 220.00.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 2) 220.04.002 жолына 220.22.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 3) 220.04.003 жолына 220.04.003А және 220.04.003В жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;
- 4) 220.04.003А жолына 220.19.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 5) 220.04.003В жолына 220.23.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 6) 220.04.004 жолында 220.04.001, 220.04.002, 220.04.003 жолдарының сомалары арасындағы айырма ретінде айқындалатын салық салынатын кірістің (залалдың) жиынтық сомасы көрсетіледі;
- 7) 220.04.005 жолында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағы үштен бір бөлігіне сәйкес 220.04.004 жолындағы залалды алу кезінде көшірілуге жатпайтын Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеуші шеккен залал сомасы көрсетіледі. Бұл ретте егер 220.03.011В жолы бойынша сома 220.04.001 жолының сомасынан көп немесе тең болса, онда 220.04.005 жолында 220.04.001 жолында көрсетілген сома көрсетіледі. Егер 220.03.011В жолы бойынша сома 220.04.001 жолының сомасынан аз болса, онда 220.04.005 жолына 220.03.011В жолының сомасы көшіріледі;
- 8) 220.04.006 жолында көшірілуге жатпайтын, есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша алынған залал сомасы ретінде айқындалған, көшірілуге жатпайтын залал сомасынан азайтылған және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын ғимараттарды, үй-жайларды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) өткізу кезінде алынған залал сомасына қосылған залал сомасы көрсетіледі 220.04.004-220.04.005+220.06.002;
- 9) 220.04.007 жолында Салық кодексінің 122-бабына сәйкес $(220.04.004 \times 3 \text{ пайыз} + (220.04.007D - 220.04.007E \text{ жолдарының сомасы}) - 220.04.007F) \text{ сомасы}$ шегінде салық салынатын кірістен(-ке) (-) алынып тасталатын (қосылатын) (220.04.007А-220.04.007С жолдарының сомасы) жалпы шығыс (кіріс) сомасы көрсетіледі;
- 10) 220.04.007А жолына 220.24.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 11) 220.04.007В жолында 220.24.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 220.04.007C жолында Салық кодексінің 122-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғаларға көрсетілген атаулы әлеуметтік көмек сомасы көрсетіледі;

13) 220.04.007D жолын мүгедектердің еңбегін пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолда Салық кодексінің 122-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі;

14) 220.04.007E жолында Салық кодексінің 122-бабының 3-тармағына сәйкес негізгі қаражаттардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақы сомасы көрсетіледі;

15) 220.04.007F жолында Салық кодексінің 122-бабының 5-тармағына сәйкес пайдаланудың үш жылдық кезеңінің аяқталуына дейін тіркелген активтерді сату кезінде Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес бұрын шегерімге жатқызылған амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі.

Егер 220.04.007A - 220.04.007C жолдарында көрсетілген шығыстардың нақты сомасы салық салынатын кірістен үш пайыздан кем сомасын құраса (220.04.004), онда салық салынатын кірістен алып тастауға жүргізілген шығыстардың нақты сомасы жатады. Егер сома салық салынатын кірістен үш пайыздан астам құраған жағдайда, онда салық салынатын кірістің үш пайыздары мөлшерінде айқындалған сома алып тастауға жатады;

16) 220.04.008 жолында Салық кодексінің 123-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалған және Салық кодексінің 124-бабына сәйкес өткен салық кезеңдерінен көшірілген залал сомасы көрсетіледі. Осы жолға 220.14.003 жолында айқындалған залал сомасы көшіріледі;

17) 220.04.009 жолында 220.04.004, 220.04.006 және 220.04.008 жолдардың арасындағы айырма ретінде айқындалған түзетулер ескеріле отырып, салық салынатын кіріс көрсетіледі. Егер 220.04.008 жолында көрсетілген сома 220.04.004 және 220.04.006 жолдарының арасындағы айырмадан көп болса, онда осы жолдың шамасы теріс болады. Алынған сома 220.00.005, 220.21.001 жолына көшіріледі.

25. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

7. "Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен кірістер" қосымшасын жасау (220.05 нысан)

26. Осы нысан Салық кодексінің 81-бабына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен кірісті айқындауға арналған.

27. "Тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізу" бөлімінде:

1) 220.05.001 жолы кіріс сомасы енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

220.05.001С жолы 220.01.001 жолына көшіріледі.

28. 220.05.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында ЭҚЖЖ сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызметтің түрлері көрсетіледі. Бұл ретте, салық төлеуші қызметтің жүзеге асырылатын түрлері бойынша әр жол бойынша тиісті топты (класс) көрсетеді;

3) С бағанында есепті салық кезеңінің ішінде сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 81-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген түзету сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 81-бабы , 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, егер шарт талаптарына сәйкес сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлем шетел валютасындағы белгілі сомаға тең сомада теңгемен жүргізілсе, оларды төлеу кезінде сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны түзетуге жатады;

5) Е бағанында аталған өзгерістер болған сол салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізілетін, жүргізілген түзетуден кейін сатылған тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. С және D бағандарының сомасы (айырмасы) ретінде айқындалады. Түзету болмаған жағдайда Е бағанына С бағанында көрсетілген деректер көшіріледі.

220.05.001 жолына қосымша нысан С бағанының жиынтық шамасы 220.05.001А жолына, D бағаны - 220.05.001В жолына, Е бағаны 220.05.001С жолына көшіріледі.

29. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

8. "Үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда), сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кіріс" қосымшасын жасау (220.06 нысан)

30. Осы нысан Салық кодексінің 82-бабына сәйкес үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда),

сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған активтерден басқа амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен түсетін кірісті айқындауға арналған.

31. "Үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату" бөлімінде:

1) 220.06.001-жолы үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

2) 220.06.002-жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.06.002-жолының шамасы 220.04.006-жолына көшіріледі;

3) 220.06.003 жолы кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

32. "Амортизациялауға жатпайтын активтерді сату" бөлімінде:

220.06.004 жолы үй-жайлар, ғимараттар мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсуінен кірістің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

33. "Бағалы қағаздарды сату" бөлімінде:

1) 220.06.005 жолы өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын акцияларды қор биржасына ашық сауда әдісімен өткізу кезінде түсетін кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. Осы жол бойынша кіріс көрсетілген кезде, оның шамасы 220.02.002-жолына көшіріледі;

2) 220.06.006 жолы берешек бағалы қағаздардан басқа, өзге бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.06.006 жолының шамасы 220.06.010 жолына қосымша нысанның D бағанына көшіріледі;

3) 220.06.007 жолы өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын облигацияларды қор биржасына ашық сауда әдісімен өткізу кезінде түсетін кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. Осы жол бойынша кіріс көрсетілген кезде, оның шамасы 220.02.002-жолына көшіріледі;

4) 220.06.008 жолы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.06.008-жолының шамасы 220.02.003-жолына көшіріледі;

5) 220.06.009 жолы басқа берешек бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.06.009 жолының шамасы 220.06.010 жолына қосымша нысанның D бағанына көшіріледі;

6) 220.06.010 жолы Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңінен көшірілген өткізу күнінде қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын акциялар мен облигациялардан басқа, бағалы қағаздарды сатудан залал сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 220.06.011 жолы 220.06.010 жолының сомасына азайтылған 220.06.006, 220.06.009 жолдарының сомасы мен (немесе) әртүрлілігі ретінде айқындалатын шеккен залалдар сомасын ескеріп өткізу күнінде қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын акциялар мен облигациялардан басқа, бағалы қағаздарды сатудан кірістің (залалдың) сомасын көрсетуге арналған.

34. "Барлығы" бөлімінде:

220.06.012 жолында үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде қосылған құн өсуінен кірістің жалпы сомасы, сондай-ақ 220.06.001, 220.06.004, 220.06.005, 220.06.007, 220.06.008 және 220.06.011 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын (осы жолдар бойынша кірісті алу кезінде) бағалы қағаздарды қоса амортизациялауға жататын активтер көрсетіледі.

35. Салық төлеуші 220.06.002 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сатудан залал алған кезде осы залал Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағына сәйкес бұрынғы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш жылды қоса алғанда мерзімге көшіріледі. Аталған сома 220.04.006 жолының сомасын айқындау кезінде ескеріледі.

220.06.003 жолында айқындалған, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды сатудан залалды алу жағдайында осы залал салық салу мақсатында есептелмейді.

220.06.005 және 220.06.007 жолдарында кірісті алу кезінде осы сомалар Салық кодексінің 91-бабының 1-тармағындағы 3-тармақшаға сәйкес 220.02.002 жолына көшіріледі.

220.06.008 жолында кірісті алу кезінде осы сома 220.02.003 жолына көшіріледі.

Үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде алынуға жататын (алынған) құн өсуінен кіріс, сондай-ақ 220.06.012 жолында айқындалған бағалы қағаздарды қоса амортизацияға жатпайтын активтер 220.01.002 жолына көшіріледі.

36. 220.06.001 жолына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сату кезінде кіріс алған "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Мемлекеттік жіктеуішін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитет Төрағасының 2005 жылғы 24 мамырдағы N 150 бұйрығымен бекітілген "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне (бұдан әрі - "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуіші) сәйкес сатылған үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) көрсетіледі;
- 3) кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде С бағанында тиісті салық кезеңінің 220.17.001 жолына қосымша нысанның F бағанындағы тиісті жолдарда айқындалған Салық кодексінің 82-бабының 3-тармағына сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) қалдық құны көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі.

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда С бағанында кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

- 4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;
- 5) E бағанында Салық кодексінің 113-бабы 2-1 тармағы 1) тармақшасына сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) құндарының өсуінен кіріс кемітілетін жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі. Осы сома D және с (D - C) бағандары сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын және 220.17.001 жолына қосымша нысанның N бағанының тиісті жолынан көшірілетін көрсетілген активтердің құн өсімінен кірістердің сомасынан аспауы тиіс;
- 6) F жолында D бағаны мен C және E бағандары бойынша сома айырмасы (D - C - E) ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс көрсетіледі.

220.06.001 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.06.001 жолына көшіріледі.

37. 220.06.002, 220.06.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында сату кезінде кіріс алған "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес сатылған үй-жайлардың, ғимараттардың (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) коды көрсетіледі;

3) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын үй-жайларды, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде С бағанында тиісті салық кезеңінің 220.17.001 жолына қосымша нысаны F бағанының тиісті жолдарында айқындалатын Салық кодексінің 82-бабы 3-тармағына сәйкес үй-жайлардың, ғимараттардың (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) қалдық құны көрсетіледі. Бұл ретте, кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылмайтын үй-жайларды, ғимараттарды сату кезінде осы бағанда аталған баптың 2-тармағына сәйкес сатылған объектінің теңгермелік құны көрсетіледі;

Егер объект есепті салық кезеңінің ішінде сатып алынған және сатылған жағдайда, онда 220.06.002 жолына қосымша нысанның С бағанында кәсіпкерлік қызметінде оны пайдалануға қарамастан объектінің алғашқы құны көрсетіледі;

4) D бағанында аталған объектілерді сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандарында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын оларды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

220.06.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 220.06.002 жолына, 220.06.003 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 220.06.003 жолына көшіріледі.

38. 220.06.004 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) мен бағалы қағаздардан басқа Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағында көрсетілген амортизацияға жатпайтын сатылған активтердің атауы көрсетіледі;

3) С бағанында:

қатысу үлесі бойынша - сатып алу құны;

Салық кодексінің 82-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша - "0";

өзге жағдайларда - көрсетілген баптың 2-тармағына сәйкес объектілердің теңгермелік құны көрсетіледі;

4) D бағанында объектілердің сату құны көрсетіледі;

5) E бағанында D және C бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын кіріс (залал) көрсетіледі.

Е бағанының жиынтық сомасын айқындау кезінде осы объектілерді сатудан келген залалдар салық салу мақсатында есептелмейді.

220.06.004 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.06.004 жолына көшіріледі.

39. 220.06.005, 220.06.006 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында берешек бағалы қағаздардан басқа, сатылған бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі;
- 5) Е бағанында D және С бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын кіріс (залал) көрсетіледі.

220.06.005 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.06.005 жолына, 220.06.006 жолына - 220.06.006 жолына қосымша нысан Е бағаны көшіріледі.

40. 220.06.007, 220.06.008, 220.07.009 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында сатылған берешек бағалы қағаздардың атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында берешек бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;
- 4) D бағанында берешек бағалы қағаздардың айналым мерзімі (күні) көрсетіледі;
- 5) Е бағанында берешек бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі;
- 6) F бағанында купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздардан басқа берешек бағалы қағаздарды сатып алу құны көрсетіледі . Купон сомасын енгізетін құн бойынша сатып алынған берешек бағалы қағаздар сатушыға сатып алушы төлеген купон шамасына кемітілген сатып алу құны бойынша көрсетіледі;
- 7) G бағанында берешек балы қағаздарды сатып алу күні көрсетіледі;
- 8) H бағанында Е және F бағандары бойынша сомалар айырмасы ретінде айқындалатын дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында олар бойынша сыйақы төлеу күніне дейін сату кезінде сатып алушыдан алынған купон есебінсіз берешек бағалы қағаздарды сату құны көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілген купон сомасы 220.12.002 жолына қосымша нысан G бағанының тиісті жолдарында көрсетіледі;
- 10) J бағанында берешек бағалы қағаздарды сату күні көрсетіледі;
- 11) K бағанында берешек бағалы қағазды иелену кезеңі үшін дисконт немесе сыйақы амортизациясының сомасы көрсетіледі, ол былай есептеледі:
$$K = (H/D) \times (J-G), \text{ онда}$$

(J-G) - күндегі берешек бағалы қағазды иелену кезеңі;

12) L бағанында $L=(I-(F+K))$ формуласы бойынша айқындалатын берешек бағалы қағазды сатудан кіріс (залал) көрсетіледі.

220.06.007 жолына қосымша нысан L бағанының жиынтық шамасы 220.06.007 жолына, 220.06.008 жолына қосымша нысан L бағаны 220.06.008 жолына, 220.06.009 жолына қосымша нысан L бағаны 220.06.009 жолына көшіріледі.

41. 220.06.010 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
2) B бағанында залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;

3) C бағанында бұрынғы салық кезеңі үшін E бағанында айқындалатын бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал) көрсетіледі. Осы бағанға есепті салық кезеңі үшін 220.06 нысанының 220.06.006, 220.06.009 жолдарының сомасы көшіріледі.

5) E бағанында одан кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін залал көрсетіледі. D және C бағандары сомасы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағымен белгіленген залалдарды көшіру үшін мерзім аяқталуына дейін келесі салық кезеңінің C бағанына көшіріледі.

6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 2-тармағына сәйкес көшіру мерзімінің аяқталуымен байланысты одан кейінгі салық кезеңдеріне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

220.06.010 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңі үшін C бағанының шамасы 220.06.010 жолына көшіріледі.

42. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

9. "Күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер" қосымшасын жасау (220.07 нысан)

43. Бұл нысан Салық кодексінің 84-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша кірістерді айқындауға арналған.

44. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

220.07.001 жолы кіріске енгізілетін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша күмәнді міндеттемелер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

45. "Қызметкерлердің кірістері бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

220.07.002 жолы кіріске енгізілетін қызметкерлердің күмәнді міндеттемелерінің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

46. "Күмәнді міндеттемелердің барлығы" бөлімінде:

220.07.003 жолы салық төлеуші күмәнді деп таныған кредиторлық берешектің жалпы сомасын көрсетуге арналған және 220.07.001С және 220.07.002А жолдарының сомасы ретінде айқындалады. 220.07.003 жолының шамасы 220.01.004 жолына көшіріледі.

47. 220.07.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес кредитордың резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредитор-жеткізуші құжатының (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында күмәнді деп танылған міндеттемелер бойынша тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету күні көрсетіледі;
- 5) E бағанында қосылған құн салығының сомасын ескеріп кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында кредиторлық берешектің туындау сәтіне қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында G бағанында көрсетілген ставканы ескере отырып есептелген қосылған құн салығының сомасының алуы үшін кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында Салық кодексінің 84-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жылдық жиынтық кіріске енгізуге жататын және күмәнді болып табылатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

220.07.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 220.07.001А жолына, G бағаны - 220.07.001В жолына, H бағаны - 220.07.001С жолына көшіріледі.

48. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

10. "Басқа да кірістер" қосымшасын жасау (220.08-нысан)

49. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабы , 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де мүлікті жалға

беруден кірістерді, Салық кодексінің 80-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енетін салық төлеушінің табыстарын, Салық кодексінің 90-бабына сәйкес салық төлеуші өтеусіз алған мүлік, жұмыстар және қызметтер түріндегі кірістерін, салық төлеуші алған дивидендтер түріндегі табысы, сондай-ақ Салық кодексінің 89-бабына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақы түрінде алынған кірістерді айқындауға арналған.

50. "Мүлікті жалға беру" бөлімінде:

220.08.001 жолы мүлікті жалға беруден кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.08.001 жолының шамасы 220.01.005 жолына көшіріледі.

51. "Мүлік" бөлімінде:

1) 220.08.002 жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші тегін алған мүліктің (жұмыс, қызмет) жалпы құнын көрсетуге арналған. 220.08.002А және 220.08.002В жолдарының сомасы ретінде айқындалады. 220.08.002 жолының шамасы 220.01.012 жолына көшіріледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде ізгілік көмек түрінде алынған және Салық кодексінің 91-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құны 220.02.006 жолы бойынша жылдық жиынтық кірістен алынып тасталады;

2) 220.08.002А жолы есепті салық кезеңінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабы , 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес тегін алған мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады. 220.08.002А жолының шамасы 220.02.006 жолына көшіріледі;

3) 220.08.002В жолы есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші Салық кодексінің 91-бабы , 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алынған мүліктерді қоспағанда, тегін алынған мүліктің (жұмыс, қызмет) құнын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

52. "Дивидендтер" бөлімінде:

1) 220.08.003 жолы 220.08.003А және 220.08.003В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық төлеуші алған дивидендтердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 220.08.003 жолының шамасы 220.01.013 жолына көшіріледі. Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес айқындалатын кірістер олардың төлем нысандарына қарамастан дивидендтер болып табылады;

2) 220.08.003А жолы Қазақстан Республикасының аумағында алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 220.08.003В жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған дивидендтердің сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 220.25.001 жолына қосымша нысанның F бағаны мен 220.25.002 жолына қосымша

нысанның Н бағанының шамалары көшіріледі, С және Е бағандарында "Дивидендтер" - 2050 кодына кіріс түрі бар болғанда, сәйкесінше 220.35.002 жолына қосымша нысанның F бағандарында көрсетілген сома көшіріледі.

53. "Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістер" бөлімінде:

1) 220.08.004 жолы бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі және 220.08.004А және 220.08.004В жолдарының сомасы ретінде айқындалады. 220.08.004 жолының шамасы 220.01.011 жолына көшіріледі;

2) 220.04.004А жолы қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 220.04.004А жолы Салық кодексінің 89-бабы 1-тармағына сәйкес бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақылар түрінде алынған өзге де кірістерді анықтауға арналған.

54. "Өзге де табыстар" бөлімінде:

220.08.005 жолы салық төлеуші алуы (алған) тиіс және Декларацияның 220.01.001 бастап 220.01.017 жолдарында көрсетілмеген өзге де кірістердің жалпы сомасын айқындауға арналған, және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады. 220.08.005 жолының шамасы 220.01.018 жолына көшіріледі.

55. 220.08.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында жалға беруші жалға берген мүлік түрі көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес жалға алушы - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында жалға алу шартының нөмірі мен оны жасасу күні көрсетіледі;
- 5) Е бағанында есепті салық кезеңі үшін жалға алу шартына сәйкес жалға беруші алуға жататын (алған) жалға алу төлемінің сомасы көрсетіледі.

Егер салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлік үшін (шегінен тыс орналасып жалға берілген) жалға алу төлемін алса (алуға жатса), онда Е бағанында салық сомасын қоса жалға алу төлемінің есептелген сомасы көрсетіледі.

220.08.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.08.001 жолына көшіріледі.

56. 220.08.002А, 220.08.002В жолдарына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес мүлікті (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында өтеусіз алынған мүліктің, орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтің атауы көрсетіледі;

4) D бағанында С бағанында көрсетілген оның негізінде мүлік алынған, жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында тегін алынған мүліктің, орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтің құны көрсетіледі.

220.08.002A жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 220.08.002A жолына көшіріледі, 220.08.002B жолына қосымша нысанның E бағаныныкі - 220.08.002B жолына көшіріледі.

57. 220.08.003A жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында дивидендтерді төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында дивидендтерге төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу туралы растайтын құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі. Растайтын құжатты дивиденд төлеген заңды тұлға береді;

4) D бағанында Қазақстан Республикасында есептелген дивидендтер сомасы көрсетіледі;

220.08.003A жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 220.08.003A жолына көшіріледі.

58. 220.08.004A жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында B бағанында көрсетілген сақтандыру ұйымының осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында сол бойынша сақтандырушы - салық төлеуші сақтандыру сыйақылары қайтарған (қайтаруы тиіс) сақтандыру шартының нөмірі мен жасасу күні көрсетіледі;

4) D бағанында сақтандырушы - салық төлеуші төлейтін сақтандыру сыйақылары жататын, осы Ереженің 165-тармағына сәйкес сақтандыру сыныбының коды көрсетіледі;

5) E бағанында E бағанында көрсетілген, сақтандыру шарты қолданысының біту күні немесе тоқтатылуы (сақтандыру сыйақылары сомаларын жылдық жиынтық кіріске енгізу күні) көрсетіледі;

6) F бағанында есеп салық кезеңі үшін қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

220.08.004А жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 220.08.004А жолына көшіріледі.

59. 220.08.004В жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес А бағанында көрсетілген тұлғаның резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында өтемақы түрінің коды көрсетіледі:
 - "1" - бұрын шегерімге жатқызылған күмәнді деп танылған талаптардың сомаларын дебиторлар төлеген кезде;
 - "2" - мемлекеттік бюджет қаражатынан субсидияларды қоспағанда шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан сомаларды төлеген кезде;
 - "3" - бұрын шегерімге жатқызылған шығыстарды (залалдарды) өтеу кезінде;
- 4) D бағанында жылдық жиынтық табысты қосатын алынған өтемақылар сомасы көрсетіледі.

220.08.004В жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 220.08.004В жолына көшіріледі.

60. 220.08.005 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
 - 2) В бағанында тиісті кіріс түрінің коды көрсетіледі:
 - 01 - тауарларды сатудан түскен кіріс немесе үй-жайларды, ғимараттарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсімінен түскен кіріс болып табылмайтын, және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған кіріс сомасына қосылған активтерді шығару кезіндегі кіріс ;
 - 02 - орналастыру кезінде эмитент алған өздерінің акцияларының құнын атаулы құнынан өсіру;
 - 03 - мүлікті пайдалану құқығын беруден алуға жататын (алған) салық төлеушілердің кіріс сомаларын қосатын және бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес кіріс ретінде танылған мүлікті пайдалану құқығын беруден кіріс;
 - 04 - сақтандыру жағдайлары болған кезде алынған сақтандыру төлемдері. Осы код бойынша 220.24.001 және 220.24.002 жолдарына қосымша нысанның H бағаны бойынша көрсетілген сақтандыру төлемдері есептелмейді;
 - 05 - металл есебі бойынша алуға жататын (алынған) кірістер;
 - 99 - өзге кірістер.
 - 3) С бағанында кіріс сомалары көрсетіледі.
- С бағанының жиынтық шамасы 220.08.005 жолына көшіріледі.

61. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

11. "Сыйақы" қосымшасын жасау (220.09 нысан)

62. Осы нысан Салық кодексінің 80-бабы , 2-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тысқары жерлерде де салық төлеуші алуға жататын (алынған) сыйақылар түріндегі кірістерді айқындауға арналған. Салық кодексінің 10-бабы , 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес кірістер сыйақылар болып табылады.

63. "Активтер бойынша сыйақылар" бөлімінде:

220.09.001 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар, сондай-ақ резидент еместердің сыйақылары сомаларынан басқа сыйақылар сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

64. "Берешек бағалы қағаздар бойынша сыйақылар" бөлімінде:

220.09.002 жолы берешек бағалы қағаздар бойынша алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

65. "Мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар" бөлімінде:

220.09.003 жолы мемлекеттік бағалы қағаздар және агенттік облигациялар алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

66. "Шетелдік көздерден алынған сыйақылар" бөлімінде:

220.09.004 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынуға жататын (алынған) сыйақылар сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға С және Е бағандарында "Сыйақы" - 2060, 2070 кодтары бойынша кіріс түрі бар болғанда, сәйкесінше 220.25.001 жолына қосымша нысанның F бағанының және 220.25.002 жолына қосымша нысанның H бағанының шамасы көшіріледі.

67. "Барлығы" бөлімінде:

220.09.005 жолы 220.09.001A, 220.09.002C, 220.09.003C және 220.09.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын сыйақылар бойынша кірістердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

220.09.005 жолының шамасы 220.01.014 жолына көшіріледі.

220.09.005 жолының шамасы 220.09.004 жолын алумен 220.02.005 жолына көшіріледі.

220.09.001B, 220.09.002D және 220.09.003D жолдарының шамасы 220.21.003B жолына көшіріледі.

68. 220.09.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
2) В бағанында алынуға тиіс (алынған) сыйақы түрлерінің тиісті коды көрсетіледі:

1 - ауыл шаруашылығын несиелеу бойынша сыйақыны қоспағанда, несиелер бойынша сыйақы (займдар);

2 - ауыл шаруашылығын несиелеу бойынша сыйақы;

3 - қаржы лизингі бойынша сыйақы;

4 - салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы;

5 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сыйақы;

6 - вексель бойынша сыйақы;

3) С бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында төлем көзінен ұсталатын Жеке табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақыны төлеген заңды тұлға береді;

5) E бағанында төлем көзінен ұсталатын Жеке табыс салығының сомасын ескере отырып есептелген сыйақы сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында осы салықты ұстауды растайтын құжаттар болған жағдайда, салық төлеушіге сыйақы төлеу кезінде ұсталған салық сомасы көрсетіледі.

220.09.001 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 220.09.001A жолына, F бағанының жиынтық шамасы 220.09.001B жолына көшіріледі.

"Ауыл шаруашылығын несиелеу бойынша сыйақы" коды бойынша сыйақыларға сәйкес келетін 220.09.001 жолына қосымша нысанның E бағанының мәндері сомасы 220.09.001C жолына көшіріледі.

69. 220.09.002, 220.09.003 жолдарына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Салық кодексінің 10-бабының 1-тармағындағы 8) тармақшаға сәйкес берешек бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;

3) С бағанында сыйақы төлеген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында төлем көзінен ұсталатын Жеке табыс салығын ұстауды растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Растаушы құжатты сыйақы төлеген эмитент заңды тұлға береді;

5) E бағанында есепті салық кезеңінде салық төлеушіге тиесілі дисконт немесе сыйақы сомасы көрсетіледі.

6) F бағанында дисконтты немесе сыйақыны ескерусіз есептелген купон сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында эмитент төлем көзінде ұстап қалған Жеке табыс салығының сомасы ескерілген сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі. Е және F бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

8) H бағанында осы салықты ұстап қалғандығын растайтын құжат бар болғанда Салық кодексінің 131-бабының 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес салық төлеушіге төлеуге жататын (төленген) купон түріндегі сыйақы сомасынан эмитент ұстап қалған Жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

220.09.002 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 220.09.002A жолына, F бағаны - 220.09.002B жолына, G бағаны - 220.09.002C жолына, H бағаны - 220.09.002D жолына, 220.09.003 жолына қосымша нысан E бағанының жиынтық шамасы 220.09.003A жолына, F бағаны - 220.09.003B жолына, G бағаны - 220.09.003C жолына, H бағаны - 220.09.003D жолына көшіріледі.

70. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

12. "Бағамдық айырма" қосымшасын жасау (220.10 нысан)

71. Бұл нысан Салық кодексінің 80-бабының 2-тармағындағы 17) тармақшаға сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілуге жататын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан артуын, немесе Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан артуын айқындауға арналған.

72. "Бағамдық айырма" бөлімінде:

220.10.001 жолы салық кезеңі ішінде алынған оң және теріс бағамдық айырманың жалпы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі заңнамасына сәйкес толтырылады.

73. "Бағамдық айырманы есептеу" бөлімінде:

1) 220.10.002A жолы 220.10.001A және 220.10.001B жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

2) 220.10.002B жолы 220.10.001B және 220.10.001A жолдарының оң айырмасы ретінде айқындалатын, теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асуын көрсетуге арналған;

220.10.002A жолының шамасы 220.01.015 жолына көшіріледі.

220.10.002B жолының шамасы 220.03.008 жолына көшіріледі.

74. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

13. "Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстар" қосымшасын жасау (220.11 нысан)

75. Бұл нысан Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар сомасы мен Салық кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес жылдық жиынтық табысқа(-тан) қосуға (алып тастауға) жататын тауарлық-материалдық запастарды (бұдан әрі - ТМЗ) бағалау әдісінің өзгеруінен түскен кіріс (залал) сомаларын айқындауға арналған.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу, шығару мен сату кірісті алу құралы болып табылатын салық төлеушілер есепті салық кезеңінің басына және соңына ТМЗ-дың құнын көрсетуге міндетті.

ТМҚ есебі Салық кодексінің 65-бабының 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

76. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 220.11.001 жолында есепті салық кезеңінің басында ТМҚ құны болып бұрынғы салық кезеңінің соңына ТМҚ құны табылады. Деректер бұрынғы салық кезеңі үшін 220.11.002 тиісті жолынан көшіріледі. Бастапқы Декларацияда аталған жол есепті салық кезеңінің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде есепті салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін.

220.11.001-жолында келтірілген деректер есепті немесе алдыңғы салық кезеңдерінде 220.03.002-бастап 220.03.011 дейінгі жолдар бойынша, сондай-ақ 220.11.003, 220.11.004, 220.11.005 жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын (жатқызылған) шығыстарды қоспауы керек;

2) 220.11.002 жолы есепті салық кезеңінің соңына кірістер мен шығыстарды есепке алу кітабының деректеріне сәйкес толтырылады. Бұл ретте осы жолда жылдың соңына ТМЗ қалдықтарына кіретін және есептік салық кезеңінде өткізуден түскен кірісі салық салу мақсатында деп танылған жолда (мысалы, тауарды FAS-порт шартында өткізу) болатын тауарлардың құны көрсетілмейді. Есепті салық кезеңінің ішінде салық төлеуші берген тарату Декларациясында 220.11.002 жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады.

220.11.002-жолында келтірілген деректер есепті немесе алдыңғы салық кезеңдерінде 220.03.002-бастап 220.03.011 дейінгі жолдар бойынша, сондай-ақ

220.11.003, 220.11.004, 220.11.005 жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын (жатқызылған) шығыстарды қоспауы керек;

3) 220.11.003 жолында салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметі үшін басқа ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлердің материалдарды (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары), тауарларды, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді салық төлеушінің есепті салық кезеңінің ішінде сатып алған, тегін алған құны көрсетіледі. Қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылатын 220.11.003A, 220.11.003B, 220.11.003C, 220.11.003D, 220.11.003E, 220.11.003F, 220.11.003H, 220.11.003I, 220.11.003K, 220.11.003L, 220.11.003M, 220.11.003 N, 220.11.003O, 220.11.003P, 220.11.003Q жолдарының сомасын қосумен айқындалады;

4) 220.11.004 жолы Салық кодексінің 92-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар сомасын айқындауға арналған. Бұл ретте, еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстарға материалдық, әлеуметтік игілік немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірістерді қоса, ақшалай және заттай нысанда жұмыс беруші төлейтін қызметкерлердің кез-келген кірістері жатады;

5) 220.11.004A жолында қызметкерлерге есептелген еңбекақының жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 220.11.004B жолында 220.11.004A жолында көрсетілген еңбекақыдан басқа Салық кодексінің 149-бабына сәйкес айқындалатын кірістер көрсетіледі;

7) 220.11.004C жолында 220.11.004A және 220.11.004B жолдарында көрсетілмеген қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі. Мысалы: жеке кәсіпкер қызметін тоқтатуына, қызметкерлердің штатын қысқартумен байланысты қызметкерлерге төлемдер;

8) 220.11.004D жолында жұмыс беруші төлейтін және шегерімге жатқызылуға жататын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі. 220.11.004A, 220.11.004B, 220.11.004C жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

9) 220.11.004E жолында негізгі құралдарды жөндеумен айналысып жатқан қызметкерлерге есептелген кіріс сомасы мен оларға берілген материалдық және әлеуметтік игіліктердің сомасы көрсетіледі;

10) 220.11.005 жолында 220.11.003 жолында есептелмеген, 220.11.005A, 220.11.005B және 220.11.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру және іске асыру бойынша барлық басқа да шығыстардың сомалары көрсетіледі;

11) 220.11.005A жолында іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

12) 220.11.005B жолында Салық кодексінің 93-бабы 2-тармағына сәйкес шегеруге жатқызылатын нақты жүргізілген өкілдік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

13) 220.11.005C жолында есепті салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдердің шығыстар сомасы көрсетіледі және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

220.11.003 - 220.11.005 жолдарында келтірілетін деректер 220.03.002 - 220.03.011 жолдарында көрсетілген деректерді қайталамауы тиіс;

14) 220.11.006-жолда Салық кодексінің 92-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің мүшелік жарналарының сомасы көрсетіледі;

15) 220.11.006A жолында бір жылға орташа салық төлеуші қызметкерлерінің тізімдік санағы көрсетіледі;

16) 220.11.006B жолында салық төлеуші төлеген мүшелік жарналарының нақты сомасы көрсетіледі;

17) 220.11.006C жолында 220.15.006A жолының мен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткішінің мәндерін шығарумен айқындалатын шектелген мүшелік жарналарының сомасы көрсетіледі;

220.11.006D жолында шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің мүшелік жарналарының сомасы көрсетіледі. 220.11.006B және 220.11.006C жолдарында көрсетілген сомалардан ең кемі ретінде айқындалады. 220.11.006D жолының шамасы 220.11.006 жолына көшіріледі;

18) 220.11.007 жолында ТМҚ және сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығысқа қосылған басқа да шығыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі, $(220.11.001 - 220.11.002) + 220.11.003 - 220.11.006$ жолдарының сомасы;

19) 220.11.008 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес шегеруге жатқызылған, негізгі құралдардың нормативтік қызмет мерзімінен асырмайтын және өндіріс қуатын арттырмайтын техникалық құжаттарға сәйкес негізгі құралдың техникалық жай-күйін сақтау және ұстап тұру мақсатында өндірілетін негізгі құралдардың детальдары (бөліктерін) мен компоненттерін ауыстырумен байланысты жөндеуге шыққан шығыстарды қоса алғанда, жөндеу жұмыстарын жүргізуге пайдаланылған ТМҚ, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

20) 220.11.009 жолында аяқталмаған құрылысқа бағытталған ТМҚ, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің нақты құны көрсетіледі;

21) 220.11.010 жолында жылдық жиынтық кіріс алу мақсатында пайдаланылмаған ТМҚ, жұмыстар, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

22) 220.11.011 жолында кейінгі салық кезеңдерінде шегерімге жатқызылуы тиіс соңғы салық кезеңіне алдағы кезең шығыстарының сомалары көрсетіледі;

23) 220.11.012 жолында 220.11.008, 220.11.009 және 220.11.010 жолдарының сомаларын 220.11.007 жолының сомасынан шегерумен айқындалатын сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 220.11.012 жолының шамасы 220.03.001 жолына көшіріледі;

77. 220.11.003A, 220.11.003B, 220.11.003C, 220.11.003D, 220.11.003E, 220.11.003F, 220.11.003I, 220.11.003K, 220.11.003L, 220.11.003M, 220.11.003N, 220.11.003O, 220.11.003P, 220.11.003Q жолдарына қосымша нысандар:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 163-тармағына сәйкес кірістерді алушының салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында шығыстар сомасы көрсетіледі;

220.11.003A жолына қосымша нысанның С бағанының жиынтық шамасы 220.11.003A жолына, 220.11.003B жолына қосымша нысанның С бағаны 220.11.003B жолына, 220.11.003C жолына қосымша нысанның С бағанының 220.11.003C жолына, 220.11.003D жолына қосымша нысан С бағанының 220.11.003D жолына, 220.11.003E жолына қосымша нысан С бағанының шамасы 220.11.003E жолына, 220.11.003F жолына қосымша нысанның С бағанының 220.11.003F жолына, 220.11.003I жолына қосымша нысан С бағанының 220.11.003I жолына, 220.11.003K жолына қосымша нысанның С бағанының 220.11.003K жолына, 220.11.003L жолына қосымша нысанның С бағаны 220.11.003L жолына, 220.11.003M жолына қосымша нысан С бағанының шамасы 220.11.003M жолына, 220.11.003N жолына қосымша нысан 220.11.003 N жолына, 220.11.003O жолына қосымша нысан С бағанының 220.11.003O жолына, 220.11.003P жолына қосымша нысан С бағанының шамасы 220.11.003P жолына, 220.11.003 жолына қосымша нысан 220.11.003P жолына, 220.11.003Q жолына қосымша нысан С бағанының 220.11.003Q жолына көшіріледі.

78. 220.11.003N жолына қосымша нысанда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында көрсетілген ұйымның салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ереженің 163-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында ол бойынша сақтандырушы-салық төлеуші Салық кодексінің 99-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйақыларын төлейтін шарттың жасалған нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанында есепті салық кезеңі үшін төленуі тиіс (төленген) сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі;

220.11.003N жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 220.11.003N жолына көшіріледі;

79. 220.11.005С жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес оған қатысты алдағы кезеңдердің шығыстарына жататын шығыстар жүргізілген тұлғаның салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында алдағы кезеңдердің шығыстарына (аудиторлық (кеңес алу) қызмет көрсетулері бойынша - "L"; жарнамаға шығыстар - "M"; маркетинг бойынша шығыстар - "N") жататын шығыстар сәйкес келетін 220.11.003 жолының астыңғы жолының әріптік индексі көрсетіледі;
- 4) D бағанында салық кезеңінің басына алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында алдыңғы есепті кезеңдерге жататын ағымдағы салық кезеңінің шығыстары жатады;
- 6) F бағанында ағымдағы салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында салық кезеңінің соңына алдыңғы кезеңдер шығыстарының сомалары (D+E-F) көрсетіледі. Осы сома келесі салық кезеңінің қосымша нысанының D бағанына көшіріледі;

220.11.005Н жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.11.005Н жолына, G бағанының жиынтық шамасы - 220.11.011 жолына көшіріледі.

80. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

14. "Сыйақы бойынша шығыстар" қосымшасын жасау (220.12 нысан)

Бұл нысан Салық кодексінің 94-бабына сәйкес шегерімге жатқызуға жататын сыйақы бойынша шығыстардың сомасын айқындауға арналған.

81. "Кредиттер (займдар) бойынша сыйақылар" бөлімінде:

1) 220.12.001 жолы салық төлеуші резидентке төлейтін кредиттер (займдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

2) 220.12.002 жолы салық төлеуші резидент емеске төлейтін кредиттер (займдар) бойынша сыйақылардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады;

82. "Сыйақылардың барлығы" бөлімінде:

1) 220.12.003 жолына 220.12.001В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

- 2) 220.12.004 жолына 220.12.002В жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 3) 220.12.005 жолына 220.12.003 және 220.12.004 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;
- 4) 220.12.006 жолына 220.12.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;
- 5) 220.12.007 жолында 220.12.005 және 220.12.006 жолдары бойынша ең төменгі сомасы ретінде айқындалатын, шегерімге жатқызылуға тиіс сыйақылардың сомасы көрсетіледі; 220.12.007 жолының шамасы 220.03.002 жолына көшіріледі.

83. 220.12.001, 220.12.002 жолдарына қосымша нысандар:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында кредитор-ұйымның атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ереженің 163-тармағына сәйкес кредитор-ұйымның салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында кредит шартын жасау күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында алынған кредит (займ) сомасы көрсетіледі. Кредитті (займды) шет ел валютасында алғанда кредитті (займды) алу сәтіндегі валюта айырбастаудың рыноктық бағамын қолданумен теңгемен есептеледі;
- 6) F бағанында белгіленген ставканы қолданумен шарт жағдайына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық төлеуші резидентке төлеген (төлеуге жататын) сыйақы сомасы көрсетіледі. Хеджирлеуді қолданғанда туындайтын айырмашылық осы бағанда көрсетілуге жатады.

220.12.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.12.001А жолына, F бағаны - 220.12.001В жолына, 220.12.002 жолына қосымша нысан Е бағаны 220.12.002А жолына, F бағаны - 220.12.002В жолына көшіріледі.

84. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

15. "Төленген күмәнді міндеттемелер"

қосымшасын жасау (220.13 нысан)

85. Бұл нысан Салық кодексінің 95-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелердің сомасын айқындауға және Салық кодексінің 96-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған.

Төленген күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттемелер Салық кодексінің 38-бабымен белгіленген оларды жылдық жиынтық кіріске енгізген уақыттан бастап мерзімнің ескіруі ішінде шегерімге жатқызылуы тиіс.

86. "Күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

220.13.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс төленген күмәнді міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

87. "Есептен шығарылған міндеттемелер" бөлімінде:

220.13.002 жолы Салық кодексінің 83-бабына сәйкес бұрын кіріс деп танылған, төленген міндеттемелер сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады.

88. 220.13.003 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс бұрын кіріс деп танылған төленген міндеттемелердің жалпы сомасын айқындауға арналған және 220.13.001С және 220.13.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалады. 220.13.003 жолының шамасы 220.03.003 жолына көшіріледі.

89. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

220.13.004 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс күмәнді талаптардың сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.13.004В жолының шамасы 220.03.004 жолына көшіріледі.

90. 220.13.001 және 220.13.002 жолдарына қосымша нысандарда:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген кредитордың салық төлеушінің тіркеу нөмірі/ резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) С бағанында кредиторлық берешектің туындауын растайтын құжаттың (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар мен басқаларының актісі) нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) D бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасын кіріске енгізу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

6) Е бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

7) F бағанында күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған кредиторлық берешекті өтеу күні (айы, жылы) көрсетіледі;

8) G бағанында төленген күмәнді міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

9) H бағанында бұрын күмәнді немесе есептен шығарылған міндеттеме деп танылған және шегерімге жатқызылатын кіріске жатқызылған әрі Е және G бағандары сомасының ең азы ретінде айқындалатын кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

220.13.001 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.13.001А жолына, G бағаны - 220.13.001В жолына, H бағаны - 220.13.001С жолына көшіріледі.

220.13.002 жолына қосымша нысан Е бағанының жиынтық шамасы 220.13.002А жолына, G бағаны - 220.13.002В жолына, H бағаны - 220.13.002С жолына көшіріледі.

91. 220.13.004 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 3) С бағанында салық төлеушіде бар дебиторлық берешек бойынша құжат күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында дебиторды банкрот деп тану туралы сот шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімнен банкрот-борышкерді алып тастау туралы әділет органы шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 6) F бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату бойынша дебиторлық берешек (жанама салықтарсыз) сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында салық салынатын кірісті айқындау кезінде жылдық жиынтық кіріске G бағанында көрсетілген берешекті енгізу күні (ай, жыл) көрсетіледі;
- 8) H бағанында бұрын кіріске енгізілген сомалар шегінде шегеруге жатқызылуы тиіс күмәнді талап болып табылатын дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

220.13.004 жолына қосымша нысан F бағанының жиынтық шамасы 220.13.004А жолына, H бағаны - 220.13.004В жолына көшіріледі.

92. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

16. "Өзге де шегерімдер" қосымшасын жасау (220.14-нысан)

93. Бұл нысан:

Салық кодексінің 98-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс және кіріс алумен байланысты жүргізілген ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға;

Салық кодексінің 92-бабы 5-тармағына сәйкес бюджетке енгізуге тиістілерден басқа, шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кіріс алумен байланысты тағайындалған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын айқындауға;

Салық кодексінің 124-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметтен көшірілген залалдар сомасының есебіне арналған.

94. "Өзге де шегерімдер" бөлімінде:

1) 220.14.001 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу, жобалық, іздестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыс сомасын айқындауға арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады. 220.14.001 жолының шамасы 220.03.005 жолына көшіріледі;

2) 220.14.002 жолы шегерімге жатқызылуы тиіс айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады. 220.14.002 жолының шамасы 220.03.010 жолына көшіріледі;

3) 220.14.003 жолы өткен салық кезеңдерінен көшірілетін залалдың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.14.003 жолының шамасы 220.04.008 жолына көшіріледі.

95. 220.14.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 163-тармағына сәйкес тиісті салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанында орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар жұмыстардың түрлерінің коды көрсетіледі:

Р/с N	Ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстардың атауы	Жұмыстардың коды
1	Жаңа ғылыми білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	01
2	Жаңа техникалық білімдер мен түсініктер алуға бағытталған жұмыстар	02
3	Ғылыми білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	03
4	Техникалық білімдерді қолдану бағыттарын іздеу бойынша жұмыстар	04
5	Баламалы өнімдер іздеу бойынша жұмыстар	05
6	Баламалы технологиялар іздеу бойынша жұмыстар	06
7	Ықтимал жаңа өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	07
8	Ықтимал жетілдірілген өнімдер немесе технологиялар әзірлеу бойынша жұмыстар	08
9	Баламалы өнімдерді бағалау бойынша жұмыстар	09
10	Баламалы технологияларды бағалау бойынша жұмыстар	10
11	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді жобалау	11
	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді	

12	құрастыру	12
13	Тәжірибелік үлгілер мен модельдерді сынау	13
14	Жаңа технологияны пайдаланумен құралдарды, құрал-саймандарды, матрицаларды, мөртаңбаларды әзірлеу	14
15	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды жобалау	15
16	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды құрастыру	16
17	Ауқымы жағынан коммерциялық өндіріс үшін экономикалық жарамсыз болып табылатын эксперименттік қондырғыларды пайдалану	17
18	Өзге де ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстар	18

4) D бағанында ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға сәйкес келетін жүзеге асыруларды растайтын шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында орындалған ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстар актісінің нөмірі мен күні;

6) F бағанында жобалық-сметалық құжаттаманың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында кірістерді алумен байланысты және шегерімге жатқызылуы тиіс ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарына жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

220.14.001 жолына қосымша нысан G бағанының жиынтық шамасы 220.14.001 жолына көшіріледі.

96. 220.14.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында оған сәйкес салық төлеушіге (салық төлеуші) танылған немесе тағайындалған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптарының шартты (келісім-шартты) және (немесе) сот шешімін жасау нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) D бағанында шегерімге жатқызылатын жылдық жиынтық кірісті алумен байланысты тағылған немесе танылған айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыптары көрсетіледі.

220.14.002 жолына қосымша нысан D бағанының жиынтық шамасы 220.14.002 жолына көшіріледі.

97. 220.14.003 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында залалдар туындаған және осы жол толтырылған салық кезеңі көрсетіледі;
- 3) С бағанында бұрынғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанында есепті салық кезеңінде алынған кіріс (көшіруге жататын залал) көрсетіледі. Егер 220.04.004 жолында кіріс алынса, онда салық салынатын кірістің түзетілген сомасына кемітілген кіріс сомасы (220.04.007 жолы) осы бағанға көшіріледі. Егер 220.04.004 жолында залал алынған жағдайда, онда осы бағанға 220.04.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі.
- 5) Е бағанында келесі салық кезеңіне көшірілетін залал көрсетіледі. D және С бағандарының және 220.06.002 жолында көрсетілген (220.04.004 жолының оң мәнінде) үй-жайлар, ғимараттарды (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) сату кезінде алынған залал айырмашылығы ретінде айқындалады. Осы сома Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзім өтіп кеткенге дейін келесі салық кезеңнің қосымша нысанының С бағанына көшіріледі.
- 6) F бағанында Салық кодексінің 124-бабының 1-тармағында белгіленген залалдарды көшіруге арналған мерзімінің өтіп кетуіне байланысты келесі салық кезеңіне көшіруге жатпайтын залал көрсетіледі.

220.14.003 жолына қосымша нысанның тиісті салық кезеңінің С бағанының шамасы 220.14.003 жолына көшіріледі.

98. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. "Әлеуметтік төлемдерге шығыстар" қосымшасын жасау (220.15 нысан)

99. Бұл нысан Салық кодексінің 100-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге шығыстарды айқындауға арналған.

100. "Шығыстар" бөлімінде:

1) 220.15.001А жолында қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 220.15.001В жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеудің мөлшері көрсетіледі;

3) 220.15.001С жолында шегерімге жатқызылуы тиіс қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне төлеу бойынша шығыстардың сомасы

көрсетіледі. 220.15.001А және 220.15.001В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

4) 220.15.002А жолында жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 220.15.002В жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеудің мөлшері көрсетіледі;

6) 220.15.002С жолында шегерімге жатқызылуы тиіс жүктілігі мен тууы жөніндегі демалысқа төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.15.002А және 220.15.002В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

7) 220.15.003А жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 220.15.003В жолында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеудің мөлшері көрсетіледі;

9) 220.15.003С жолында өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауы кезінде олардың мертігуіне не денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты қызметкерге (бұрынғы қызметкеріне) келтірілген зиянның өтемін төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.15.003А және 220.15.003В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

10) 220.15.004 жолында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі;

11) 220.15.005А жолында жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша нақты шығыстардың сомасы көрсетіледі;

12) 220.15.005В жолында Қазақстан Республикасының зейнетақы туралы заңымен белгіленген жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының мөлшері көрсетіледі;

13) 220.15.005С жолында жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 220.15.005А және 220.15.005В жолдарында көрсетілген соманың ең азы ретінде айқындалады;

14) 220.15.006 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 220.15.001С, 220.15.002С, 220.15.003С, 220.15.004, 220.15.005С жолдарының сомасы ретінде айқындалады. 220.15.006 жолының шамасы 220.03.006 жолына көшіріледі.

101. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

18. "Жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстары" қосымшасын жасау (220.16 нысан)

102. Бұл нысан Салық кодексінің 100-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес шегеруге жататын жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстарының сомаларын айқындауға арналған.

103. "Жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге немесе қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстары" бөлімінде:

1) 220.16.001 жолы жұмыскерлерді оқыту, біліктілігін көтеру, қайта даярлау төлемдеріне арналған шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және 220.16.001А және 220.16.001В жолдарын қоса отырып айқындалады;

2) 220.16.001А жолы Қазақстан Республикасы аумағында жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

3) 220.16.001В жолы Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

4) 220.16.002 жолы қызметкерлердің оқуға тапсырған кезде тұруына және тамағына, оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және 220.16.002А және 220.16.002В жолдарын қоса отырып айқындалады;

5) 220.16.002А Қазақстан Республикасы аумағында қызметкерлердің оқуға тапсырған кезде тұруына және тамағына, оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

6) 220.16.002В жолы Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде қызметкерлердің оқуға тапсырған кезде тұруына және тамағына, оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған жеке тұлғаларды оқытуға кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

7) 220.16.003 жолы жұмыскер емес жеке тұлғаларды оқытуға кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және 220.21.003А және 220.21.003В жолдарын қоса отырып айқындалады;

8) 220.16.003А жолы Қазақстан Республикасы аумағында жеке тұлғаларды оқытуға шыққан шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

9) 220.16.003В жолы Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке тұлғаларды оқытуға кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

10) 220.16.004 жолы қызметкер емес жеке тұлғалардың оқуға тапсырған кезде тұруына және тамағына, оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған шығыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және 220.16.004А және 220.16.004В жолдарының қосындысымен айқындалады;

11) 220.16.004А жолында Қазақстан Республикасы аумағында қызметкер емес жеке тұлғалардың оқуға тапсырған кезде тұруына және тамағына, оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған шығыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

12) 220.16.004В жолында Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде қызметкер емес жеке тұлғалардың оқуға тапсырған кезде тұруына және тамағына , оқу орнына бару және оқу аяқталғаннан кейін қайту жолына кеткен шығыстар сомасын көрсетуге арналған шығыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады;

13) 220.16.005 жолында жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға кеткен шығыстардың жиынтық сомалары көрсетіледі және 220.16.005А және 220.16.005В жолдарының қосындысымен айқындалады;

14) 220.16.005А жолында Қазақстан Республикасы аумағында жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға кеткен шығыстардың жиынтық сомалары көрсетіледі және 220.16.001А, 220.16.002А, 220.16.003А және 220.16.004А жолдарының қосындысымен айқындалады;

15) 220.16.005В жолында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін көтеруге, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстардың сомалары көрсетіледі және 220.16.001В, 220.16.002В, 220.16.003В және 220.16.004В жолдарының қосындысымен айқындалады. 220.16.005 жолының шамасы 220.03.007 жолына көшіріледі.

104. 220.16.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес жұмыскерлерді оқыту, біліктілігін арттыру, қайта даярлауды,

жұмыскер болып табылатын жеке тұлғаларды оқытуды жүргізетін ұйымдардың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында оқытушы ұйымның резиденттік елінің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанында оқытушы тұлғаның жұмыскер салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында салық төлеушіден ақша алушының тиісті коды көрсетіледі:

1 - төлем тікелей оқытушы ұйымға төленеді;

2 - төлем жұмыскер жеке тұлғаға оқытушы ұйымның көрсетілген сомасын кейін беру шартымен төленеді;

6) F бағанында жұмыскерді оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға оқытушы ұйыммен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға жеке тұлғамен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында шығыстың тиісті коды көрсетіледі:

1 - оқыту;

2 - біліктілігін арттыру;

3 - қайта даярлау;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының резидентіне - оқытушы ұйымға төлеуге тиіс (төленген) оқу төлеміне кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында Қазақстан Республикасының резиденті емес - оқытушы ұйымға төлеуге тиіс (төленген) оқу төлеміне кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

220.16.001 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 220.16.001A жолына, J - 220.16.001B жолына көшіріледі.

105. 220.16.002 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіріс алатын ұйымның салық төлеушінің тіркеу нөмірі/ резиденттік елінің коды осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес көрсетіледі;

3) C бағанында кіріс алатын ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған В бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанында жұмыскердің салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында жұмыскердің тұруы мен тамағына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тұруы мен тамағына кеткен шығыстардың шектеулі сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында шегерімге жатқызылатын жұмыскердің тұруы мен тамағына кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі. E және F бағандарында көрсетілген сомалардан ең азы ретінде айқындалады;

8) H бағанында Қазақстан Республикасының резидентіне төлеуге тиіс (төленген) жұмыскердің оқуға тапсырған кезде оқу орнына және оқуы аяқталған соң кейін қарай жолына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының резидентіне төлеуге тиіс (төленген) жұмыскердің тұруына және тамағына кеткен шығыстар, оқуға тапсырған кезде оқу орнына және оқуы аяқталған соң кейін қарай жолына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі. Осы жолдың B бағанында Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетілген жағдайда G және H бағандарының тиісті сомаларының қосындысымен айқындалады;

10) J бағанында Қазақстан Республикасының резидентіне төлеуге тиіс (төленген) жұмыскердің тұруына және тамағына кеткен шығыстар, оқуға тапсырған кезде оқу орнына және оқуы аяқталған соң кейін қарай жолына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі. Осы жолдың B бағанында Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісінің резиденттік елінің коды көрсетілген жағдайда G және H бағандарының тиісті сомаларының қосындысымен айқындалады;

220.16.002 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 220.16.002A жолына; J - 220.16.002B жолына көшіріледі.

106. 220.16.003 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес жұмыскер емес жеке тұлғаны оқытатын ұйымның салық төлеушісінің тіркеу нөмірі/резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) C бағанында оқытуды жүргізетін ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған B бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанында жеке тұлғаны оқытатын салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында салық төлеушіден ақша алушының тиісті коды көрсетіледі:

1 - төлем тікелей оқытушы ұйымға төленеді;

2 - төлем жұмыскер жеке тұлғаға оқытушы ұйымның көрсетілген сомасын кейін беру шартымен төленеді;

6) F бағанында жеке тұлғаны оқытуға оқытушы ұйыммен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

7) G бағанында оқытуға жеке тұлғамен жасасқан шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында Қазақстан Республикасының резидентіне - оқытушы ұйымға төлеуге тиіс (төленген) сома көрсетіледі;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының резиденті емес - оқытушы ұйымға төлеуге тиіс (төленген) сома көрсетіледі;

10) J бағанында оқыту кезеңі көрсетіледі;

11) K бағанында жеке тұлғаның шартқа сәйкес салық төлеушіде жұмыспен өтеу міндетін орындау мерзімі көрсетіледі.

220.16.003 жолына қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 220.16.003A жолына; I - 220.16.003B жолына көшіріледі.

107. 220.16.004 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында кіріс алатын ұйымның салық төлеушінің тіркеу нөмірі/ резиденттік елінің коды осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес көрсетіледі;

3) C бағанында кіріс алатын ұйымның резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған B бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

4) D бағанында оқытылатын жеке тұлғаның салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында оқытатын жеке тұлғаның тұруы мен тамағына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тұруы мен тамағына кеткен шығыстардың шектеулі сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында шегерімге жатқызылатын оқытылатын жеке тұлғаның тұруы мен тамағына кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі. E және F бағандарында көрсетілген сомалардан ең азы ретінде айқындалады;

8) H бағанында оқытылатын жеке тұлғаның оқуға тапсырған кезде оқу орнына және оқуы аяқталған соң кейін қарай жолына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Қазақстан Республикасының резиденттеріне төлеуге тиіс (төленген) оқытылатын жеке тұлғаның тұруына және тамағына кеткен шығыстар, оқуға тапсырған кезде оқу орнына және оқуы аяқталған соң кейін қарай жолына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі. Осы жолдың B бағанында Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісінің тіркеу нөмірі көрсетілген жағдайда G және H бағандарының тиісті сомаларының қосындысымен айқындалады;

10) J бағанында Қазақстан Республикасының резидентіне төлеуге тиіс (төленген) оқытылатын жеке тұлғаның тұруына және тамағына кеткен шығыстар,

оқуға тапсырған кезде оқу орнына және оқуы аяқталған соң кейін қарай жолына кеткен шығыстардың нақты сомасы көрсетіледі. Осы жолдың В бағанында Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісінің резиденттік елінің коды көрсетілген жағдайда G және H бағандарының тиісті сомаларының қосындысымен айқындалады;

220.16.004 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 220.16.004А жолына; J - 220.16.004В жолына көшіріледі.

108. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

19. "Кесімді активтер бойынша амортизациялық аударымдар, жөндеуге шығыстар және басқа да шегерімдер" - қосымшасын жасау (220.17 нысан)

109. Бұл нысан Салық кодексінің 4-бөлімі 3-параграфына сәйкес салық салу мақсатында кесімді активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомасын, жөндеуге шығыстарды және басқа да шегерімдерді, сондай-ақ Салық кодексінің 87-бабына сәйкес шағын топтың (топтың) теңгермелік құнынан есептен шыққан кесімді активтердің (топтың I активінен басқа) құн асуынан кірістерді айқындауға арналған.

110. "Үйлер, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда)" бөлімінде:

220.17.001 жолы үй-жайлар, ғимараттар (мұнай, газ ұңғымалары мен беріліс құрылғыларын қоспағанда) бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

111. "Тіркелген активтердің қалған тобы" бөлімінде:

220.17.002 жолы тіркелген активтердің қалған шағын тобы бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

112. "Тіркелген активтер бойынша барлығы" бөлімінде:

220.17.003 жолы тіркелген активтер бойынша шегерімдердің жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 220.17.001 және 220.17.002 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

113. "Басқалары" бөлімінде:

1) 220.17.004 жолы шағын топтың (топтың) құндық теңгермесінен есептен шыққан тіркелген активтердің құнының асуынан кірісті көрсетуге арналған. 220.17.001 жолына қосымша нысан I бағанының, 220.06.001 жолына қосымша нысанның F бағанында көрсетілген сомаларды қоспағанда, және 220.17.002

жолына қосымша нысанның I бағанының теріс сомаларын қосумен айқындалады ;

2) 220.17.005 жолы Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс, жал келісім-шартына сәйкес жалға беруші жүргізген және жалға беруші өтемеген жалға алған негізгі құралдарды жөндеуге кеткен шығыстардың сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады.

220.17.003E жолының шамасы 220.03.011A жолына көшіріледі.

220.17.003K жолының шамасы 220.03.011C жолына көшіріледі.

220.17.003J жолының шамасы 220.17.011D жолына көшіріледі.

220.17.003F, 220.17.003H және 220.17.005C жолдарының шамасы 220.03.011E жолына көшіріледі. 220.17.004 жолының шамасы 220.01.008 жолына көшіріледі.

114. 220.17.001, 220.17.002 жолдарына қосымша нысандар:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында "Негізгі қорлардың жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес тіркелген активтердің I тобы бойынша негізгі құралдар коды немесе Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеуші амортизациялық аударымдар есептеуді жүргізетін тіркелген активтердің II, III және IV топтары бойынша тобының атауы көрсетіледі;

3) C бағанында Салық кодексінің 107-бабы мен 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу үшін тіркелген активтер тобының нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес амортизацияның шекті нормалары пайызбен көрсетіледі;

5) E бағанында салық төлеуші қолданатын амортизациялық нормалар әрбір шағын топ (топ) бойынша пайызбен, бірақ D бағанында көрсетілген шектен асырылмай көрсетіледі;

6) F бағанында әрбір салық шағын тобы (тобы) бойынша өткен салық кезеңі үшін 220.17.001, 220.17.002, 220.17.003, 220.17.005G жолдарына қосымша нысандардың P бағанының тиісті жолдарында қалыптасатын есепті салық кезеңінің басындағы шағын топтың (топтың) құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі;

7) G бағанында шағын топтар (топтар) бөлінісінде есепті салық кезеңінде сатып алынған, тегін алынған, сондай-ақ негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің жарғылық капиталына салымы ретінде түскен және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын құны көрсетіледі. Көрсетілген негізгі активтердің және материалдық емес активтердің құны Салық кодексінің 106-бабына сәйкес айқындалады. Осы бағанда, сондай-ақ өткен салық кезеңі үшін 220.18.001 жолына қосымша нысанның J бағанында айқындалған Салық

кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес екі еселенген нормамен амортизациялық аударымдар сомасы есептелген негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің қалдық құны көрсетіледі;

8) Н бағанында жарғылық капиталға салым ретінде тіркелген активтерді сатудан алынған және/немесе алынуы, қаржы лизингіне берілуі тиіс, есептен шығарылуы, жоғалуы, жойылуы, ысырабы кезіндегі сақтандырылған тіркелген активтер бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы, сондай-ақ Салық кодексінің 109-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес айқындалған тіркелген активтерді өзге шығару кезіндегі сома көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың негізгі құралдарының теңгерімдік құнының шамасы ($F+G-H$) айқындалады;

10) J бағанында Салық кодексінің 107-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес ($I \times E$) есептелген есепті салық кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында Салық кодексінің 113-бабы 1-тармағында көрсетілген, Салық кодексінің 92-бабына сәйкес шегеруге жататын негізгі құралдардың нормативтік қызмет мерзімінен асырмайтын және өндіріс қуатын арттырмайтын техникалық құжаттарға сәйкес негізгі құралдың техникалық жай-күйін сақтау және ұстап тұру мақсатында өндірілетін негізгі құралдардың детальдары (бөліктерін) мен компоненттерін ауыстырумен байланысты жөндеуге шыққан нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында K бағанында көрсетілген жөндеуге шығыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 113-бабына 1-тармағында көрсетілген негізгі құралдарды жөндеуге шыққан нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында Салық кодексінің 113-бабы 2-тармағында белгіленген нормалар шегінде шегеруге жатқызылуы тиіс нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 113-бабының 1, 2 және 5 тармақтарына нақты шығыстарға барабар тиісті шағын топтың теңгерме құны өсетін M бағанында көрсетілген сомадан асатын, салық төлеуші негізгі құралдарға жөндеу жүргізген нақты шығыстар сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында Салық кодексінің 111-бабының 2-тармағына сәйкес 300 айлық есептік көрсеткіштен кем соманы құрайтын есепті салық кезеңінің аяғындағы шамасы, шағын топтың (топтың) теңгерімдік құны көрсетіледі;

16) P бағанында егер Салық кодексінің 111-бабының 1-тармағына сәйкес осы шағын топтың (топтың) барлық кесімді активтері есепті салық кезеңінің соңына есептен шықса, I бағанында көрсетілген оң сомасына тең есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың (топтың) теңгерімдік құны көрсетіледі;

17) Q бағанында Салық кодексінің 108-бабының 2-тармағында көзделген түзетулер (I - J + N - O - P) есебімен есепті салық кезеңінің аяғындағы шағын топтың теңгерімдік құны көрсетіледі. Шағын топтың (I тобы бойынша) барлық тіркелген активтері шығарылған жағдайда осы бағанда нөл көрсетіледі. Топтың (II, III және IV топтары бойынша) барлық тіркелген активтері шығарылған жағдайда осы баған бойынша шама I бағаны бойынша теріс мәні есепке алынбай айқындалады.

Жиынтық шама:

220.17.001 жолға қосымша нысанның F бағаны 220.17.001A жолына, G бағаны - 220.17.001B жолына, H бағаны - 220.17.001C жолына, I бағаны - 220.17.001D жолына, J бағаны - 220.17.001E жолына, K бағаны - 220.17.001F жолына, L бағаны - 220.17.001G жолына, M бағаны - 220.17.001H жолына, N бағаны - 220.17.001I жолына, O бағаны - 220.17.001J жолына, P бағаны - 220.17.001K жолына, Q бағаны - 220.17.001L жолына көшіріледі;

220.17.002 жолға қосымша нысанның F бағаны 220.17.002A жолына, 220.17.002 жолға қосымша нысанның G бағаны 220.17.002B жолына, H бағаны - 220.17.002C жолына, I бағаны - 220.17.002D жолына, J бағаны - 220.17.002E жолына, K бағаны - 220.17.002F жолына, L бағаны - 220.17.002G жолына, M бағаны - 220.17.002H жолына, N бағаны - 220.17.002I жолына, O бағаны - 220.17.002J жолына, P бағаны - 220.17.002K жолына, Q бағаны - 220.17.002L жолына көшіріледі;

220.17.001 жолға қосымша нысанның F бағанында көрсетілген сомаларды қоспағанда 220.06.001 жолға қосымша нысанның I бағаны мен 220.17.002 жолға қосымша нысанның I бағаны бойынша теріс сомалар 220.17.004 жолына көшіріледі.

115. 220.17.005 жолына қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында B бағанында көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) C бағанында жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, олар бойынша жөндеуге кеткен шығыстар келісім-шартқа сәйкес жалға беруші өтемеген "Негізгі қорлар жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес негізгі құралдардың атауы көрсетіледі;

4) D бағанында Салық кодексінің 110-бабындағы 1-тармаққа сәйкес, D бағанында көрсетілген негізгі құралдар топтарының нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында негізгі құралдар жалға алу шартының нөмірі мен күні көрсетіледі;

6) F бағанында жал шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін жалдау төлемінің сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында есепті салық кезеңінің ішінде жүргізілген жалға алынған негізгі құралдарды жөндеуге нақты шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында жалға берушімен өтеуге жататын жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында Салық кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес шегерімге жататын және жалға берушімен өтелмейтін жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі. Осы сома H және I (H - I) бағандарының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын өтелмейтін жөндеуге шығыстар сомасынан аспауы керек;

220.17.005 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 220.17.005A жолына, G бағанының жиынтық шамасы 220.17.005B жолына, H бағанының жиынтық шамасы 220.17.005C жолына, I бағанының жиынтық шамасы 220.17.005D жолына көшіріледі.

116. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

20. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" - қосымшасын жасау (220.18 нысан)

117. Бұл нысан салық төлеуші алғаш рет пайдалануға берілген және Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды айқындауға арналған.

Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдарын салық төлеуші шегерімге жатқызған кезде, осы нысан үш жыл ішінде жиынтық жылдық табыс алу мақсатында тіркелген активтерді пайдалануды растау үшін өткен үш салық кезеңіне беріледі.

118. "Алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар" бөлімінде:

220.18.001 жолы алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған және осы қосымша нысанның негізінде толтырылады. 220.18.001B жолының шамасы 220.03.011B жолға көшіріледі.

119. 220.18.001 жолға қосымша нысан:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында тіркелген активтердің Қазақстан Республикасы аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтердің "Негізгі қорлар жіктеуіші" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес коды көрсетіледі;

- 3) С бағанында Қазақстан Республикасының аумағында тиісті тіркелген активті іске қосу күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағына сәйкес тіркелген актив тобының нөмірі көрсетіледі;
- 5) E бағанында Салық кодексінің 110-бабының 1-тармағында белгіленген тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша пайызбен салық төлеуші қолданатын амортизацияның шекті нормалары көрсетіледі. Бұл ретте F, G, H, K бағандарының қос амортизация нормасын қолданылған өткен салық кезеңдеріндегі Қазақстан Республикасы аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша толтырылмайды;
- 6) F бағанында E бағанда көрсетілген шектен аспайтын, тіркелген активтердің әрбірінің атауы бойынша пайызбен салық төлеуші қолданатын амортизацияның нормалары көрсетіледі;
- 7) G бағанында салық төлеуші Салық кодексінің 110-бабының 2-тармағына сәйкес ($F \times 2$) қолданатын, амортизацияның екі еселенген нормалары көрсетіледі;
- 8) H бағанында Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланатын, түскен тіркелген активтердің құны көрсетіледі;
- 9) I бағанында кемінде үш жылда жылдық жиынтық табыс алу мақсатында ($H \times G$) тіркелген активтердің деректерін пайдалану шарты кезінде амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизация аударымдарының сомалары көрсетіледі;
- 10) J бағанында ағымдағы салық кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін ($H - I$) пайдаланылатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. Келесі салық кезеңінде осы бағанның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті шағын топтың теңгерімдік құнына енгізуге жатады және келесі салық кезеңінің 220.17.001, 220.17.002 жолдарға қосымша нысанның G бағанының тиісті жолдарына көшіріледі;
- 11) K бағанында пайдаланудың үш жыл кезеңі өткенге дейін сатқан жағдайда тиісті тіркелген активтің жойылған күні көрсетіледі.
- 220.18.001 жолға қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 220.18.001A жолына, I бағаны - 220.18.001B жолына, J бағаны - 220.18.001C жолына көшіріледі.
120. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

21. "Халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кірісті есептеу" - қосымшасын жасау (220.19 нысан)

121. Осы нысан Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуға жол бермеу және кірістер мен мүліктерге (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарт ережелері (бұдан әрі - халықаралық шарт) бойынша салық салудан босатылатын салық салынатын кіріс сомасын айқындауға арналған.

220.19 нысанын Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, халықаралық шарт ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес толтырады. Бұл нысанға салық төлеуші-резидент еместің резиденттігін растайтын құжат қоса тіркеледі.

122. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) қолданылатын халықаралық шарттың толық атауы;
- 2) шығыстарды есептеудің қолданылатын әдісі (тиісті торкөзде әдістердің бірі көрсетіледі).

123. "Есеп" бөлімінде:

1) 220.19.001 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған жиынтық жылдық табысының жалпы сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 220.01.019 және 220.02.001 жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалған сома көшіріледі (220.01.019-220.02.001);

2) 220.19.002 жолы Салық кодексінің 199-бабының 1-тармағына сәйкес бухгалтерлік есепте осындай кірістерге бөлек есеп жүргізу негізінде есептелген Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған халықаралық жүк тасымалдауда көлік қызметін көрсетуден алынған кіріс сомасын көрсетуге арналған;

3) 220.19.003 жолы резидент емес салық төлеушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алу үшін шеккен шығыстарының шегерілетін жалпы сомасын көрсетуге арналған. Осы жолға 220.03.017 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 220.19.004 жолы салық төлеушінің халықаралық тасымалдауларда көлік қызметін көрсетуден кіріс алу мақсатында шеккен шығыстарының сомасын көрсетуге арналған;

5) 220.19.005 жолы халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуға жататын салық салынатын кіріс сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолдар Салық төлеуші шығыстарды есептеудің тура әдісін қолданған жағдайда осы жолда бухгалтерлік есепте осындай шығыстарды есептеудің бөлек әдісін қолдану негізінде есептелген құжаттармен расталған сома көрсетіледі. 220.19.005 жолының деректері 220.19.002 және 220.19.004 жолдары арасындағы айырмасы ретінде есептеледі. 220.19.005 жолының шамасы 220.04.003А жолына көшіріледі.

124. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

22. "Шетелдік салық есебі" - нысанын жасау (220.20 нысан)

125. Бұл нысан Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке алынған шетел мемлекеттеріндегі көздерден салық төлеуші алған кіріс бойынша табыс салығы және табысқа (бұдан әрі - табыс салығы) салық сомасын айқындауға арналған.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерде салық төлеуші төлеген табыс салығының сомасы салықтарды төлегенін растайтын құжаттардың болуы кезінде жүргізіледі. Мұндай құжат шетел мемлекеттеріндегі көздерден алынған кіріс және төленген салықтар сомасы туралы шетел мемлекетінің салық органы растаған анықтама болуы мүмкін.

126. "Тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс" бөлігінде:

220.20.001 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен өзгелей кірістен салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

127. "Тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кіріс (пайда)":

220.20.002 жолы Қазақстан Республикасының шегінен тыс төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен түскен салық салынатын кірістен (пайдадан) салықтың жалпы сомасын айқындауға арналған және қосымша нысанның негізінде толтырылады.

128. "Барлығы" бөлігінде:

220.20.003 жолы 220.20.001С, 220.20.002С, 220.20.003С, 220.20.004С, 220.20.005С, 220.20.006С жолдарында айқындалған, Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған. 220.20.003 жолының шамасы 220.21.003А жолына көшіріледі.

129. 220.20.001 жолына қосымша нысан:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ереже 161-тармағының 2-тармақшасына сәйкес сомасы төлем көзі - мемлекет бойынша ашылатын тұрақты мекеме құрмай жүзеге асырылатын қызметтен түскен кіріс түрінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ереженің 163-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - мемлекет коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында әрбір төлем көзі - мемлекет бойынша есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге есептелген кіріс сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел елінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден кіріс алған жағдайда, осы шетел елі бойынша әрбір кіріс түрі және төленген салық ставкасы бойынша есептелген кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында әрбір төлем көзі - елінде төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, F бағанының деректері D және E бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады;
- 7) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі ;
- 8) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;
- 9) H бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл орайда, H бағанның деректері D және G бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады .

220.20.001 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 220.20.001А жолына, F бағаны - 220.20.001В жолына, H бағаны - 220.20.001С жолына көшіріледі.

10) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі

130. 220.20.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 163-тармағына сәйкес кірістің төлем көзі - мемлекетінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінің ішінде олардың салық заңнамаларына сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша салық төлеуші есептеген салық салынатын кірістің (пайданың) сомасы көрсетіледі. Егер бір шетел елінде салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде бірнеше көздерден салық салынатын кіріс алған жағдайда, онда осы шетел елі бойынша әрбір төленген салық ставкасы бойынша есептелген салық салынатын кірістің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында тиісті төлем көзі - елі заңдарында немесе халықаралық шартта белгіленген төленген табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында әрбір кірістің төлем көзі - елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, E бағанының деректері C және D бағандарының қосындысы ретінде айқындалады;

6) F бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі-елі бойынша Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

7) "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі ;

8) G бағанында Салық кодексінің 129-бабының ережелеріне сәйкес әрбір төлем көзі - елі бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген және Қазақстан Республикасында Жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл орайда, G бағанның деректері C және F бағандарының деректерінің қосындысы ретінде айқындалады.

220.20.002 жолға қосымша нысанның C бағанының жиынтық шамасы 220.20.002А жолына, E бағаны - 220.20.002В жолына, G бағаны - 220.20.002С жолына көшіріледі.

131. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

23. "Салық міндеттемесін есептеу"

- қосымшасын жасау (220.21 нысан)

132. Бұл нысан салық төлеушінің жеке табыс салығы сомасын есептеуіне және төленген аванстық төлемдер мен жүргізілген есепке жатқызулар, есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша басқа да есеп айырысуларды, сондай-ақ заңды тұлға бойынша жалпы деректерді көрсетуге арналған.

133. "Салық есептеу және жүргізілген төлем бойынша есеп" бөлімінде:

1) 220.21.001 жолында 220.04.009 жолында айқындалған салық салынатын кірістің сомасы көрсетіледі;

2) 220.21.002 жолында Салық кодексінің 145-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша Жеке табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі. 220.21.002 жолының шамасы 220.00.006 жолына көшіріледі;

3) 220.21.003 жолында 220.21.003А және 220.21.003В жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалатын, салық кезеңі ішінде жүргізілген есептің жалпы сомасы көрсетіледі. 220.21.003 жолының шамасы 220.00.007 жолына көшіріледі;

4) 220.21.003А жолында осы Декларацияда көрсетілген кірістен ұсталған және Қазақстан Республикасынан тысқары жерде төленген, Салық кодексінің 129-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.20.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 220.21.003В жолында Қазақстан Республикасында есептелген (алынған) сыйақылар мен ұтыстардан ұсталған салық сомасы көрсетіледі. Осы жолға 220.09.001В, 220.09.002D және 220.09.003D жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 220.21.004 жолында 220.21.002 және 220.21.003 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған есепті салық кезеңі үшін жеке табыс салығының есептелген сомасы көрсетіледі. 220.21.004 жолының шамасы 220.00.008 жолына көшіріледі;

7) 220.21.005 жолы толтырылуға жатпайды;

8) 220.21.005А жолы толтырылуға жатпайды;

9) 220.21.005В жолы толтырылуға жатпайды;

10) 220.21.006 жолы толтырылуға жатпайды;

11) 220.21.007 жолы толтырылуға жатпайды.

134. "Басқа ақпарат" бөлімінде:

220.21.008 жолында статистика органдарының деректері бойынша Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне сәйкес кәсіпкерлік қызмет түрлері көрсетіледі.

135. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

24. "Салық салуда жеңілдігі бар елде алынған кіріс"

қосымшасын жасау (220.22 нысан)

136. Осы нысан салық төлеуші-резиденттің Салық кодексінің 130-бабына сәйкес салық төлеуші-резиденттің салық салынатын кірісіне қосатын салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген резидент емес-заңды тұлғалардың пайдаларының жалпы сомаларын айқындауына арналған. Салық салуда жеңілдігі бар елді айқындау Салық кодексінің 130-бабының 2-тармағымен қарастырылған.

137. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

220.22.001 жолы Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентінің салық салынатын кірісіне қосылатын және Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын пайдаларының жалпы сомаларын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.22.001 жолының шамасы 220.04.002 жолына көшіріледі.

138. 220.22.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық салуда жеңілдігі бар елдерде орналасқан және (немесе) тіркелген, жарғылық капиталында салық төлеуші-резиденттің үлесі 10 пайыздан көп үлесті құрайтын заңды тұлға-резидент еместің атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес В бағанында көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында В бағанында көрсетілген салық төлеуші-резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 5) Е бағанында салық төлеуші-резиденттің В бағанында көрсетілген резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі пайызға көрсетіледі;
- 6) F бағанында осы Ережелердің 162-тармағына сәйкес резидент еместің пайда сомасы айқындалған валюта коды көрсетіледі;
- 7) G бағанында В бағанында көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның оның шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша айқындалған шоғырландырылған пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі. В бағанында көрсетілген резидент еместің пайдасының жалпы сомасы осы Декларацияға қоса берілген сол сияқты резидент еместің шоғырландырылған қаржылық есептілігімен расталады;
- 8) H бағанында 100 пайыз ((G+E)/100 пайыз) G және E бағандарының деректерінің туындысына қатынасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасының салық төлеуші-резидентінің салық салынатын кірісіне қосылатын пайда сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

9) I бағанында B бағанында көрсетілген заңды тұлға-резидент еместің салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының рыноктық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген H бағанында көрсетілген пайда сомасы көрсетіледі.

220.22.001 жолына қосымша нысанның I бағанының жиынтық шамасы 220.22.001 жолына көшіріледі.

139. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

25. "Өзге халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық салынатын кіріс" қосымшасын жасау (220.23 нысан)

140. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық төлеушінің салық салынатын кірісінің сомаларын айқындауға арналған.

141. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

220.23.001 жолы қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттарды қоспағанда, халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық салынатын кірістің жалпы сомаларын айқындауға арналған және қосымша нысан негізінде толтырылады. 220.23.001 жолының шамасы 220.04.003B жолына көшіріледі.

220.23.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында ЭҚЖЖ сәйкес салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі. Бұл ретте салық төлеуші аталған бағанда жүзеге асырылатын қызмет түрі бойынша жол бойы E немесе F бағанында көрсетілген халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салудан босатуға жататын кірістер алынған тиісті топты (сынып) көрсетеді;
- 3) C бағанында E немесе F бағанында көрсетілген халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатуға жататын кіріс алынған салық төлеушімен жұмыстар орындауға (қызмет көрсетулерге) немесе өзге мақсаттарда жасалған келісім-шарттың (шарт, келісім) нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында E немесе F бағанында түрі немесе атауы көрсетілген халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес салық салудан босатуға жататын, Салық кодексінің 67-бабына сәйкес бухгалтерлік есепте салық салынатын кірісті бөлек есебін жүргізу негізінде есептелген салық төлеушінің салық салынатын кірісінің сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында оған сәйкес D бағанында көрсетілген салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексімен белгіленген тәртіптен өзгеше салық салу тәртібі белгіленген осы Ережелердің 164-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

6) F бағанында оған сәйкес D бағанында көрсетілген салық төлеушінің салық салынатын кірісіне қатысты Салық кодексімен белгіленген тәртіптен өзгеше салық салу тәртібі белгіленген халықаралық шарт түрінің атауы көрсетіледі. Осы баған егер салық төлеуші осы Ережелердің 164-тармағына сәйкес "Өзге халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" 22-халықаралық шарт түрінің коды E бағанын көрсеткен жағдайда ғана толтыруға жатады;

7) G бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі.

Осы баған егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттардың ережелерін қабылдаған жағдайда толтыруға жатады;

8) H бағанында E немесе F бағанында көрсетілген халықаралық шарт бекітілген заң актісінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

220.23.001 жолына қосымша нысанның D бағанының жиынтық шамасы 220.23.001 жолына көшіріледі.

142. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

26. "Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік және демеушілік көмек" қосымшасын жасау (220.24 нысан)

143. Осы нысан коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктердің сомаларын айқындауға және Салық кодексінің 10-бабы 1-тармағының 28-1) тармақшасына сәйкес салық төлеуші көрсеткен демеушілік көмектің сомасын айқындауға арналған.

144. "Коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз берілген мүлік" бөлімінде:

220.24.001 жолы есепті салық төлеушілермен салық кезеңі ішінде коммерциялық емес ұйымдарға өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын көрсетуге арналған және қосымша нысанның деректері негізінде толтырылады. 220.24.001 жолының шамасы 220.04.007А жолына көшіріледі.

145. "Демеушілік көмек" бөлімінде:

220.24.002 жолы салық кезеңі ішінде салық төлеуші көрсеткен демеушілік көмек сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректері негізінде толтырылады. 220.24.001 жолының шамасы 220.04.007В жолына көшіріледі.

146. 220.24.001 жолына қосымша нысанда:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тиісті коммерциялық емес ұйымның салық төлеуші тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында берілген мүлік түрінің коды көрсетіледі

N p/c	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестициялар	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

4) D бағанында коммерциялық емес ұйымның мүлікті беруді растайтын құжатының нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) E бағанында берілген мүлік құны көрсетіледі.

220.24.001 жолына қосымша нысанның E бағанының жиынтық шамасы 220.24.001 жолына көшіріледі.

147. 220.24.002 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында В бағанында көрсетілген тұлғаның салық төлеушіні тіркеу нөмірі көрсетіледі;

3) С бағанында демеушілік көмек ретінде берілген мүлік түрінің коды көрсетіледі:

N p/c	Мүліктің атауы	Мүлік коды
1	Ақша	01
2	Қаржылық инвестициялар	02
3	Тауарлық-материалдық қорлар	03
4	Негізгі құралдар	04
5	Материалдық емес активтер	05
6	Қызмет көрсетулер	06
7	Жұмыстар	07
8	Басқалар	08

4) D бағанында демеушілік көмек түрінде мүлікті беруді растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) Е бағанында демеушілік көмек түрінде берілген мүлік құны көрсетіледі.
220.24.002 жолына қосымша нысанның Е бағанының жиынтық шамасы 220.24.002 жолына көшіріледі.

148. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

27. "Шетел көздерінен табыстар" қосымшасын жасау (220.25 нысан)

149. Осы нысан резидент салық төлеушінің міндетті тәртіпте толтыруына жатады және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған (алынуға жататын) және Салық кодексінің 79-80-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын кірістерді көрсетуге арналған. Бұл ретте мұндай кірістер Декларацияның 220.01.001-220.01.018 жолдарында көрсетілуі тиіс.

150. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) Декларация өткізілетін салық кезеңі.

151. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 220.25.001 жолы Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекеттеріндегі көздерден алған (алуға жататын) кірістер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

2) 220.25.002 жолы Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі шетел мемлекеттеріндегі көздерден тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алған (алуға жататын) кірістер сомасын көрсетуге арналған және қосымша нысан деректерінің негізінде толтырылады;

3) 220.25.003 жолы 220.25.001 және 220.25.002 жолдарының көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс (шетел мемлекеттеріндегі) көздерден алған (алуға жататын) кірістерінің жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

220.25.003 жолының шамасы 220.00.013 жолына көшіріледі.

152. 220.25.001 жолына қосымша нысанда:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес кіріс төлейтін резидент емес салық төлеушінің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында осы Ережелердің 161-тармағының 2) тармақшасына сәйкес резидент салық төлеуші тұрақты мекемесіне байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден алған кірісі түрінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осы Ережелердің 162-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 80-бабымен қарастырылған резидент салық төлеушінің тұрақты мекемесімен байланысты емес шетел мемлекетінде көздерден есептеген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

6) F бағанында E бағанында көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістердің сомасы көрсетіледі.

220.25.001 жолына қосымша нысанның F бағанының жиынтық шамасы 220.25.001 жолында көшіріледі.

153. 220.25.002 жолына қосымша нысанда:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында шетел мемлекетінде орналасқан тұрақты мекеменің толық атауы көрсетіледі;

3) C бағанында осы Ережелердің 163-тармағына сәйкес B бағанында көрсетілген тұрақты мекеменің орналасу елінің коды көрсетіледі;

4) D бағанында осындай тұрақты мекеме орналасқан шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің салық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5) E бағанында осы Ережелердің 161-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шетел мемлекетінде резидент салық төлеуші тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алған кіріс түрінің коды көрсетіледі;

6) F бағанында осы Ережелердің 162-тармағына сәйкес кіріс алу валютасының коды көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 80-бабымен қарастырылған шетел мемлекетіндегі көздерден шетел мемлекетінде тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудан алынған резидент салық төлеушілердің есептелген кірістерінің сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

8) H бағанында G бағанында көрсетілген Салық кодексінің 65-бабына сәйкес ұлттық валютада қайта есептелген кірістер сомасы көрсетіледі;

220.25.002 жолына қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 220.25.002 жолына көшіріледі.

**28. "Жеке табыс салығы бойынша декларациямен
кірістер мен шығыстарды салыстыру" қосымшасын жасау
(220.26 нысан)**

154. Бұл нысан олардың арасындағы кірістер және шығыстар туралы есеп және салық салынатын кіріс бойынша айқындалған және айырмашылықтарды айқындау жолымен жеке табыс салығы бойынша декларация бойынша айқындалған таза кірісті салыстыруға арналған.

Осы қосымшадағы айырмашылықты айқындау үшін бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі заңдарына, салық заңнамаларының ережелері бойынша айқындалған кіріс пен шегерімдерге сәйкес есепті салық кезеңіне жасалған кірістер және шығыстар туралы есепте салық төлеуші айқындаған кірістерді (залалдарды) салыстыру жүргізіледі.

155. I бағанын толтыру кезінде Декларацияда көрсетілген деректер пайдаланылады.

156. II бағанын толтыру кезінде бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі жөніндегі заңнамаға сәйкес алынған бухгалтерлік есеп деректері пайдаланылады.

157. III бағанында 220.25.001, 220.25.002 жолдардан басқа, I және II бағандардың айырмашылығы көрсетіледі.

158. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) Декларация берілетін салық кезеңі.

159. "Көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 220.25.001 жолында 220.00.006 жолында көрсетілген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 220.25.002 жолында 220.04.009 жолында көрсетілген салық салынатын кіріс көрсетіледі;

3) 220.25.003 жолында:

I бағанында 220.01.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізуден түсетін кірістер сомасы көрсетіледі;

4) 220.25.004 жолында:

I бағанында 220.25.004А-220.25.004Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын активтерді сату кезінде құн өсімінен түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

II бағанда 220.25.004А-220.25.004Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын бухгалтерлік есеп деректері бойынша 220.25.004 жолында көрсетілген тауарлардан (жұмыстардан, қызмет көрсетулерден) басқа, активтерді сатудан түскен кірістің (залалдың) жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 220.25.004А жолында:

I бағанына 220.06.001, 220.06.002 және 220.06.003 жолдарының сомалары көшіріледі;

II бағанда ғимараттар, үй-жайлардан, құрылыстардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

6) 220.25.004B:

I бағанына 220.06.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында ғимараттар, үй-жайлардан, құрылыстардан басқа, негізгі құралдардан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

7) 220.25.004C жолында:

II бағанында материалдық емес активтерді өткізуден түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

8) 220.25.004D жолында:

I бағанда 220.06.005-220.06.009 жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шама көрсетіледі;

II бағанда құнды қағаздарды сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

9) 220.25.004E жолында:

II бағанда басқа да активтерді сатудан түскен кіріс (залал) көрсетіледі;

10) 220.25.005 жолында:

I бағанына 220.01.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс көрсетіледі;

11) 220.25.006 жолында:

I бағанына 220.01.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 220.25.007 жолында:

I бағанына 220.01.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда мүлікті жалға беруден түскен кіріс көрсетіледі;

13) 220.25.008 жолында:

I бағанына 220.01.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар көрсетіледі;

14) 220.25.009 жолында:

I бағанына 220.01.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе тоқтатуға келісуден түскен кіріс сомасы көрсетіледі;

15) 220.25.010 жолында:

I бағанына 220.01.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда жалпы үлестік меншіктен түскен кірісті бөлу кезінде алынған кіріс сомасы көрсетіледі;

16) 220.25.011 жолында:

I бағанына 220.01.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда айыппұлдар, өсімақылар және басқа да санкция түрлері бойынша кіріс көрсетіледі;

17) 220.25.012 жолында:

I бағанына 220.01.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында бұрын жүргізілген шығыстар бойынша алынған өтемақылар көрсетіледі;

18) 220.25.013 жолында:

I бағанына 220.00.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер, соның ішінде тауарлық-материалдық құндылықтардың артығынан тегін алынған мүлік, сондай-ақ оларды тарату кезіндегі негізгі құралдардан бөлшектеу, талқылау кезінде алынған тауарлық-материалдық қорлар түріндегі кіріс көрсетіледі;

19) 220.25.014 жолында:

I бағанына 220.01.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанына дивидендтер түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

20) 220.25.015 жолында:

I бағанына 220.01.014 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанына сыйақы түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

21) 220.25.016 жолында:

I бағанына 220.00.015 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанына оң бағамдық айырманың теріс бағамдық айырмадан асып түскен сомасы көрсетіледі;

22) 220.25.017 жолында:

I бағанына 220.01.016 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында ұтыс түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

23) 220.25.018 жолында:

I бағанына 220.01.017 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында роялти түріндегі кіріс сомасы көрсетіледі;

24) 220.25.019 жолында:

I бағанына 220.01.008, 220.01.018 жолдарының сомасы ретінде айқындалған шама көшіріледі;

II бағанында 220.25.003-220.25.018 жолдарында көрсетілмеген бухгалтерлік есеп деректері бойынша басқа да кірістер көрсетіледі;

25) 220.25.020 жолында:

I бағанына 220.02.001 жолынан көшірілетін салық салынуға жатпайтын кіріс сомасы көрсетіледі;

26) 220.25.021 жолында:

I бағанында кірістің жалпы сомасы (220.25.004-220.25.019 жолдарының сомасы алынған 220.25.020 жолы) көрсетіледі;

II бағанында кірістің жалпы сомасы (220.25.004-220.25.019 жолдарының сомасы) көрсетіледі;

27) 220.25.022 жолында:

I бағанына 220.03.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құнының, осы қосымшаның басқа жолдарында көрсетілген шығыстарды қоспағанда, кезең шығыстарының және негізгі емес қызмет бойынша шығыстардың шамасы ретінде айқындалатын шама көрсетіледі;

28) 220.25.022A жолында:

I бағанына 220.11.005A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында іссапар шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі;

29) 220.25.022B жолында:

I бағанына 220.11.005B жолынан сома көшіріледі;

II бағанында өкілеттік шығыстар сомасы көрсетіледі;

30) 220.25.023 жолында:

I бағанына 220.03.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында сыйақы бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

31) 220.25.024 жолында:

I бағанына 220.03.003 жолынан сома көшіріледі;

32) 220.25.025 жолында:

I бағанына 220.03.004 жолынан сома көшіріледі;

II бағанында күмәнді борыш бойынша резерв көрсетіледі;

33) 220.25.026 жолында:

I бағанына 220.03.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда қызметкерлерді оқытуға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға және жеке тұлғаларды оқытуға шығыстар сомасы көрсетіледі;

34) 220.25.027 жолында:

I бағанына 220.03.005 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық жұмыстарға кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

35) 220.25.028 жолында:

I бағанына 220.03.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында әлеуметтік төлемдерге шыққан шығыстар сомасы көрсетіледі;

36) 220.25.029 жолында:

I бағанына 220.03.008 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанда теріс бағамдық айырманың оң бағамдық айырмадан асып түсу сомасы көрсетіледі;

37) 220.25.030 жолында:

I бағанына 220.03.009 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден түскен кірісті айқындағанға дейін пайдаланылған салықтардан басқа, салықтар және

Қазақстан Республикасында төленген корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ басқа мемлекеттерде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

38) 220.25.031 жолында:

I бағанына 220.03.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында айыппұл, өсімақы, тұрақсыздық айыбы деп көрсетілген немесе танылған сома көрсетіледі;

39) 220.25.032 жолында:

I бағанына 220.03.011A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

40) 220.25.032A жолында:

II бағанында жылдық жиынтық табыс алу мақсатында пайдаланылмайтын негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

41) 220.25.033 жолында:

I бағанына 220.03.011B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

42) 220.25.034 жолында:

I бағанына 220.03.011C жолында көрсетілген сома көшіріледі;

43) 220.25.035 жолында:

I бағанына 220.03.011D жолында көрсетілген сома көшіріледі;

44) 220.25.036 жолында:

I бағанына 220.03.011E жолында көрсетілген сома көшіріледі;

II бағанында жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

45) 220.25.037 жолында:

II бағанында негізгі құралдардың жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

46) 220.25.038 жолында:

II бағанында материалдық емес активтердің жойылуы және істен шығуынан залалдар сомасы көрсетіледі;

47) 220.25.039 жолында:

II бағанында материалдық құндылықтар нормативтен тыс залалдар, бүлінген және жетпеген, сондай-ақ басқа да өндірістік емес шығыстар және залалдар сомасы көрсетіледі;

48) 220.25.040 жолында:

II бағанында айыпкер белгіленбеген немесе егер айыпкер жақтың есебінен қажетті соманы өтеу мүмкін болмаған жағдайда, талан-тараждан түскен залал көрсетіледі;

49) 220.25.041 жолында:

II бағанда өндірістік қуатты және консервацияда болып табылатын объектілерді ұстап тұруға шығындар сомасы көрсетіледі;

50) 220.25.042 жолында:

II бағанында жұмысшылардың еңбек демалыстарын төлеуге резервтегі сома көрсетіледі;

51) 220.25.043 жолында:

II бағанында негізгі құралдарды алдағы жөндеуге кететін шығыстарға резерв сомасы көрсетіледі;

52) 220.25.044 жолында:

II бағанында бухгалтерлік есепте көрсетілген, 220.25.022-220.25.043 жолдарында көрсетілмеген басқа да шығыстар сомасы көрсетіледі;

53) 220.25.045 жолында:

I бағанында 220.04.007 жолынан көшірілетін салық салынатын кірістің түзету сомасы көрсетіледі;

54) 220.25.046 жолында:

I бағанында 220.25.022-220.25.045 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

II бағанында 220.25.022-220.25.045 жолдарын қосумен айқындалатын сома көрсетіледі;

55) 220.37.047 жолында:

III бағанында III бағандағы 220.25.021 және 220.25.046 жолдарының әртүрлілігі ретінде анықталатын шығыстар мен кірістер арасындағы айырма көрсетіледі;

56) 220.25.048 жолында:

III бағанында 220.25.047 жолдың сомасына түзетілген 220.25.001 жолынан салық салынатын кіріс көрсетіледі. Осы сома 220.04.004 және 220.04.007 жолдарының айырмасы ретінде айқындалған салық салынатын кіріске сәйкес келуі қажет.

160. "Осы нысанды толтырған салық төлеушінің аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

29. Табыстардың, валюталардың, халықаралық келісімдер мен сақтандыру сыныптары түрлерінің кодтары

161. Декларацияны толтырғанда табыс түрлерін мынадай кодтауды пайдалану керек:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін табыстар:

1010 - Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан түсетін табыстар;

1011 - Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен табыстар;

1020 - Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен табыстар;

1021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен табыстар ;

1022 - егер осындай акцияларының немесе активтерінің құнының 50 пайыздан көбін Қазақстан Республикасындағы мүлкі құраса, резидент еместер шығарған акцияларды сату кезінде баға өсімінен түсетін табыстар;

1023 - резидент заңды тұлғадағы, консорциумда немесе Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікте қатысу үлесін сату кезінде баға өсімінен табыс;

1024 - резидент емес заңды тұлғадағы қатысу үлесін сату кезінде құнның өсімінен табыстар, егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай қатысу үлесі немесе активтері құнының 50 пайыздан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құраса;

1030 - резиденттерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1031 - Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыруына байланысты резидент еместерге борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1032 - резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1033 - борышты талап етуді алған орнына қарамастан, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резиденттен борышты талап ету құқығын алған кезде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

1040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1041 - резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы қызметі барысында туындаған міндеттемелерін, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша міндеттемелерін резиденттер мен резидент еместердің орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

1050 - заңды тұлға - резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

1060 - резиденттерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1061 - егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар осы резидент еместерден алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1070 - резидент - эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1071 - резидент - эмитенттерден, егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар резидент емес эмитенттерден алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

1080 - резиденттерден алынған роялти нысанындағы табыстар;

1081 - тұрақты мекемесі арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидент еместерден алынатын роялти нысанындағы табыстар;

1090 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

1100 - Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1110 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1111 - Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары нысанындағы табыстар;

1120 - тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

1130 - Қазақстан Республикасында жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

1140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына карамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

1150 - Қазақстан Республикасында тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

1160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер үшін жұмыс беруші немесе жалдаушы шеккен шығыстардың өтем нысанындағы табыстары немесе Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін резидент емес жеке тұлғалардың

өзге де материалдық пайдалары, оның ішінде тамақтандыруға, тұруға, оқу мекемелерінде балалар оқытуға жұмсалған шығыстар, отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келу шығыстарын қоса алғанда, демалысқа байланысты шығыстар;

1170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1190 - резиденттер төлейтін ұтыстар;

1200 - Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1210 - Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін табыстар;

1220 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан резиденттерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда), агенттік, ақпараттық қызмет көрсетуден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу мен демеу бойынша қызмет көрсетулерден алынатын табыстар;

1221 - нақты қызмет көрсетілген жеріне қарамастан, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын және осындай тұрақты мекемемен байланысты резиденттерге немесе резидент еместерге көрсетілетін басқару, қаржылық (сақтандыру және (немесе) тәуекелдерді қайта сақтандыру жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, маркетингтік, заңдық, (адвокаттық қызмет көрсетулерді қоспағанда), агенттік, ақпараттық қызмет көрсетуден, бағдарламалық өнімдерді сүйемелдеу мен демеу бойынша қызмет көрсетулерден алынатын табыстар;

1230 - міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыстар;

1240 - күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар;

1250 - Қазақстан Республикасының заңдарымен провизиялар жасауға рұқсат етілген банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар;

1260 - кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар;

1270 - шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар;

1280 - кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыстар;

1290 - ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар;

1300 - бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1310 - бағамдық оң айырма;

1320 - әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан артуы;

1330 - степендиялар;

1340 - жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алған табыстары;

1350 - Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын елдің салық салу жеңілдіктері бар резиденті болып табылатын тұлғалар алған, қайда болуына қарамастан резиденттерге қызмет көрсетуден түскен кіріс;

1351 - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын және Салық кодексінің 130-бабына сәйкес айқындалатын елдің салық салу жеңілдіктері бар резиденті болып табылатын тұлғалар алған, қайда болуына қарамастан осындай тұрақты мекемелермен байланысты резидент еместерге қызмет көрсетуден түскен кіріс;

1360 - Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасымен жасалған және бекітілген халықаралық шарттармен көзделген салық салу құқықтары Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа кірістер;

1361 - Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде туындайтын Салық кодексінің 178-бабының алдыңғы тармақшаларымен қамтылмаған басқа кірістер;

2) Қазақстан Республикасы шегінен тыс көздерден табыстар:

2010 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан түсетін табыстар;

2011 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетулерден түскен табыстар;

2020 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен түсетін табыстар;

2021 - резидент шығарған бағалы қағаздарды сатудағы баға өсімінен түсетін табыстар;

2022 - заңды тұлға - резиденттің қатысу үлесін немесе Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті сатудағы баға өсімінен түсетін табыстар;

2030 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар;

2040 - резидент еместердің міндеттемелерді, оның ішінде жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасасқан келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұлдар);

2050 - заңды тұлға - резиденттен дивидендтер нысанында түсетін табыстар;

2060 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған, борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

2070 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын борыштық бағалы қағаздар сыйақылар нысанындағы табыстар;

2080 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынған роялти нысанындағы табыстар;

2090 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті жалға беруден түскен табыстар;

2100 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2110 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы түсетін табыстар;

2111 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақылары нысанындағы табыстар;

2120 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде халықаралық тасымалдарда көлік қызметін көрсетуден түскен табыстар;

2130 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке еңбек шарты (келісім-шарт) бойынша қызметтен түскен табыстар;

2140 - басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай тұлғаларға жүктелген басқару міндеттерін нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органының (директорлар кеңесінің, басқарманың немесе өзге де сол сияқты органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

2150 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұруға байланысты төленетін үстемеақылар;

2160 - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда нысанындағы табыстар;

2170 - резидент жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2180 - кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, өнер қызметкерлеріне, театр, кино, радио, теледидар артистеріне, музыканттарға, суретшілерге, спортшыларға Қазақстан Республикасы шегінен тыс қызметтен төленетін табыстар;

2190 - резидент еместерге төлейтін ұтыстар;

2200 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2210 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде орналасқан мүлікті тегін алу нысанындағы табыстар, оның ішінде осындай мүліктен түсетін (алынған) табыстар;

2220 - Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде алынатын табыстар.

162. Валюта кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Кедендік ресімдеу үшін пайдаланылатын валюта жіктеуіштері" 10-қосымшаға сәйкес сандық кодтауды пайдалану қажет.

163. Ел кодын толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарларды және көлік құралдарын мәлімдеу ережелеріне "Әлем елдерінің" 6-қосымшасына сәйкес елдерді сандық кодтауды пайдалану қажет.

164. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 - Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 - Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 - Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 - Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 - Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 - Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 - Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 - Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 - Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 - Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 - Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 - Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 - Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 - Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 - Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 - Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 - "Нұр-Мұбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 - Әуе қатынасы туралы келісім;

19 - "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 - "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 - Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

165. Декларацияны толтыру кезінде сақтандыру сыныптарының мынадай кодталуын пайдалану керек:

1) 01 - автомобиль көлігін сақтандыру;

2) 02 - темір жол көлігін сақтандыру;

3) 03 - әуе көлігін сақтандыру;

4) 04 - су көлігін сақтандыру;

5) 05 - жүктерді сақтандыру;

6) 06 - осы тармақтың 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген топтарды қоспағанда мүлікті сақтандыру;

7) 07 - кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру;

8) 08 - автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

9) 09 - темір жол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

10) 10 - әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ;

11) 11 - су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

12) 12 - тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ;

13) 13 - шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

14) 14 - осы тармақтың 8)-12)-тармақшаларында көрсетілген топтарды қоспағанда, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.

166. Декларацияны толтыру кезінде кіріс түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

3001 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемдер;

3002 - балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

3003 - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерге еңбек міндеттерін орындау кезінде мертігуіне немесе денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты келтірілген залалды өтеу;

3004 - қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын және борыштық құнды қағаздар бойынша сыйақыларды реттеу және қадағалау бойынша мемлекеттік уәкілетті органның лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарда олардың салымдары бойынша жеке тұлғаларға төленетін сыйақылар;

3005 - мемлекеттік құнды қағаздармен және агенттік облигациялармен операциялардан түскен кірістер;

3006 - пайлар және акционерлік инвестициялық қорлардың акциялары бойынша дивидендтер, сондай-ақ пайлық инвестициялық қорлардың компания басқарушысы оларды сатып алған кезде пайлар бойынша кірістер;

3007 - әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге, белгіленген тәртіппен арнайы атақ берілген, оны қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған ішкі істер органдарының, қаржы полициясының және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкерлеріне берілетін төлемдердің барлық түрі;

3008 - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақыдан 50 пайыз шегінде лотерея бойынша ұтыстар;

3009 - тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде мемлекеттік бюджет және гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіби оқуларға байланысты төлемдер;

3010 - гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

3011 - тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұру сипатында болатын не қызмет көрсететін учаскелер шегінде қызмет бабындағы сапарлармен байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде төленетін төлемдер;

3012 - экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленетін төлемдер;

3013 - 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілетін адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің, сондай-ақ бала кезінен мүгедек адамның ата-аналарының біреуінің 27-еселенген тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы шегінде, III топтағы мүгедектердің бір жыл ішіндегі табысы;

3014 - өткізу күнінде ең жоғары және ең жоғары санаттан кейінгі листинг бойынша қор биржасының ресми тізімдерінде болып табылатын акциялар мен облигацияларды қор биржасына ашық сауда әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс;

3015 - мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

3016 - салық жылы ішінде медициналық қызмет көрсетулердің (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақысын төлеу үшін, бала туған кезде, жерлеу үшін берілетін, құжатпен расталған, 8-еселенген тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы шегіндегі төлемдер;

3017 - қызметтік іссапарлар кезінде Салық кодексінің 93-бабында белгіленген мөлшерде төленетін өтемдер;

3018 - қызметкер ұйымымен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқан не көшкен кездегі жол жүруі, мүлкін көшіруі, үй-жай жалдауы бойынша құжатпен расталған шығындардың өтемдері;

3019 - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;

3020 - шет мемлекеттің мемлекеттік қызметінде жүрген шетелдік жеке тұлғалардың сол елде салық салынуға тиіс ресми табыстары;

3021 - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінде қызметте жүрген жеке тұлғалардың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;

3022 - Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан берілетін зейнетақы төлемдері;

3023 - нақты жеке тұлғаның кірісі болып табылмайтын, жылдық жиынтық табысты алумен байланысты емес және шегеріміне жатқызылмайтын жұмыс берушінің шығыстары;

3024 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде дала жағдайында геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлердің далалық жабдықтылым ақшасы;

3025 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйақылар (мемлекеттің сыйақылары);

3026 - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерлерді өздерінің өндірістік қызметіне байланысты мамандық бойынша оқытуға және біліктілігін арттыруға бағытталған шығыстар;

3027 - Салық кодексінің 100-бабы 4-тармағына сәйкес жүргізілген оқуға арналған шығыстар;

3028 - жұмыс берушінің вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдарға өндіріс объектісінде болу кезеңінде жұмыстарды орындауы мен ауысымаралық демалысы үшін жағдай жасай отырып, олардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін тұрғын үй жалдауына және Салық кодексінің 93-бабына сәйкес белгіленген тәулікақы шегінде тамақтануға арналған шығыстары; қызметкерлерді Қазақстан Республикасындағы тұратын (келген) орнынан жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуге байланысты шығыстар;

3029 - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер;

3030 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде, жүкті болғанда және босанғанда берілетін әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ ұл бала немесе қыз бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) берілетін әлеуметтік жәрдемақылар;

3031 - білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік стипендияларға арналған мөлшерде төленетін стипендиялар;

3032 - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар бойынша берілген арнаулы киімнің, арнаулы аяқкиімнің, басқа да жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдарының, сабынның, зарарсыздандыру құралдарының, сүт немесе құндылығы соған тең басқа да емдеу-профилактикаға арналған азық-түлік өнімдерінің құны;

3033 - Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте өздерінің қызметін жүзеге асыру мақсатында жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат алған мүлікті, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорлары төлейтін мұраланған зейнетақы жинақтарын қоспағанда, жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны;

3034 - ізгілік, қайырымдылық көмек түрінде алынған мүліктің құны;

3035 - он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагеріне жолдамалардың құны;

3036 - еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдері;

3037 - Салық кодексінің 161-бабында көзделген табыстарды қоспағанда, шарттың қолданылу кезеңінде болған сақтандыру оқиғасына байланысты сақтандырудың кез келген түрі кезінде төленетін сақтандыру төлемдерінің сомалары;

3038 - өз қызметкерлерін міндетті және (немесе) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жұмыс беруші төлейтін сақтандыру сыйлықақыларының сомалары;

3039 - салықты төлем көзінен ұсталғанын растайтын құжаттардың болған кезде төлем көзінен бұрын салық салынған дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар;

3040 - материалдық зиянның орнын толтырудың сот шешімі бойынша тағайындалған сомалары;

3041 - жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жасасқан сақтандыру сыйлықақыларын (аннуитет) төлеу үшін өмірді сақтандыру жөнінде сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетақы жинағының сомалары;

3042 - жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандырылғанның қаза тапқан жағдайында жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі;

3043 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мөлшерде жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті кәсіби зейнетақы жарналары;

3044 - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде уақтылы ұсталмағаны (есептелмеген) үшін есептелген өсімақы сомалары және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын аудару.

РҚАО-ның ескертуі: 220.01-220.26 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер
сомаларының есебін жасау Ережелері**

(221.01 - 221.04 нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған Жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

Есепті Салық кодексінің 126-бабына сәйкес жеке табыс салығы бойынша 200.00 нысан мен 220.00-нысанның Декларациясын табыс ететін жеке тұлғалар - жеке кәсіпкерлер береді.

2. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қалам немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен Есеп екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен почта бойынша - салық агенті почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (221.01-нысан)

8. Осы Есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес Декларацияны тапсыруға дейін төленуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер жер учаскесін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға алғаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Осы Ереженің 24-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Есепті келісім-шарттан тыс; келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын қызмет жөнінде жер қойнауын пайдаланушылар жасайды. Есеп жасалған қызметке белгі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығып кететін қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберіндегі қызмет бойынша.

А және В торкөздерін заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасқан жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер белгілейді. Бөлек есеп жүргізу қажет деп көзделген жер қойнауын пайдаланушылар егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта басқаша көзделмесе, келісім-шарттан тыс жүзеге асырылатын қызмет бойынша және келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша бөлек Есеп жасайды. Бұл ретте әрбір жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша бөлек Есеп беріледі;

9) келісім-шарт жасау күні мен нөмірі. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді: А жолында - келісім-шарт нөмірі; В жолында - жасасқан күні.

10. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.01.001 жолында өткен салық кезеңі үшін салық төлеуші есептеген аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

2) 221.01.002 жолында өткен салық кезеңінде салық төлеуші аванстық төлемдерді төлеген айлардың жалпы саны көрсетіледі;

3) 221.01.003 жолында 221.01.001 жолында көрсетілген өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының 221.01.002 жолында көрсетілген өткен салық кезеңі айларының санына қатынасы ретінде есептелген өткен салық кезеңі үшін орташа айлық аванстық төлем көрсетіледі;

4) 221.01.004 жолында Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленуге жататын аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

221.01.004A, 221.01.004B, 221.01.004C жолдарында айлар бойынша бөле отырып Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі.

221.01.004D, 221.01.004E, 221.01.004F жолдары Салық кодексында белгіленген тәртіппен салық төлеуші Декларацияны табыс ету мерзімін ұзартқан кезде толтырылады. Бұл ретте Декларация тапсыру мерзімі тұтас айға (айларға) ұзартылмаған жағдайда, толық емес айға төленуге жататын аванстық төлемдер сомалары 221.01.003 жолында көрсетілген сомалардың және осы айдағы күндер санының негізінде пропорционалды әдіспен есептеледі.

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес құрылтай құжаттарына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығышта Есепке салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Есепті жасау (221.02-нысаны)

12. Осы Есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

Одан кейінгі Декларациялар беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Ұяшықтар хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Осы Ереженің 24-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Есепті келісім-шарттан тыс; келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын қызмет жөнінде жер қойнауын пайдаланушылар жасайды. Есеп жасалған қызметке белгі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығып кететін қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберіндегі қызмет бойынша.

А және В торкөздерін заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасқан жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер белгілейді. Бөлек есеп жүргізу қажет деп көзделген жер қойнауын пайдаланушылар егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта басқаша көзделмесе, келісім-шарттан тыс жүзеге асырылатын қызмет бойынша және келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша бөлек Есеп жасайды. Бұл ретте әрбір жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша бөлек Есеп беріледі;

9) келісім-шарт жасау күні мен нөмірі. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді: А жолында - келісім-шарт нөмірі; В жолында - жасасқан күні.

14. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.02.001 жолында өткен салық кезеңі үшін Декларацияның 220.00.011 жолында немесе 200.00.007 жолында айқындалған өткен салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 221.02.002 жолында есепті салық кезеңі үшін салықтың болжалды сомасы көрсетіледі;

3) 221.02.003 жолында 221.02.002 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңі үшін төленуге тиісті аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 221.02.004 жолында 221.01.004 жолынан көшірілетін Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін есептелген аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

5) 221.02.005 жолында 221.02.003 және 221.02.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

6) 221.02.006 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейінгі есепті салық кезеңі айларының саны көрсетіледі;

7) 221.02.007 жолында төленуге тиісті және 221.02.005 жолында көрсетілген аванстық төлемдер сомаларының 221.02.006 жолында көрсетілген есепті салық кезеңі айларының санына қатынасы ретінде айқындалатын, Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті орташа айлық аванстық төлемнің сомасы көрсетіледі;

8) 221.02.008 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейін аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы (сәуір, немесе салық төлеуші Салық кодексінде белгіленген тәртіппен Декларацияны төлеу мерзімін ұзартса, мамыр не маусым немесе шілде) және аванстық төлемдерді енгізген есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

Салық төлеуші Салық кодексінің 71-бабына сәйкес қосымша Декларация тапсырылған ретте, сондай-ақ тексеру қорытындылары бойынша жеке табыс салығының сомасы өзгертілген кезде салық төлеуші төленуге тиісті аванстық төлемдер сомаларын түзете отырып қосымша есеп табыс ету қажет.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес құрылтай құжаттарына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығышта Есепке салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

4. Есепті жасау (221.03-нысан)

16. Осы Есеп залал шеккен немесе Салық кодексінің 126-бабына сәйкес өткен салық кезеңі үшін салық салынатын кірісі болмаған салық төлеушілердің Декларацияны тапсырғаннан кейін төлеуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N

542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

Одан кейінгі Декларациялар беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Осы Ереженің 24-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Есепті келісім-шарттан тыс; келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын қызмет жөнінде жер қойнауын пайдаланушылар жасайды. Есеп жасалған қызметке белгі көрсетіледі:

А - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығып кететін қызмет бойынша;

В - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберіндегі қызмет бойынша.

А және В торкөздерін заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасқан жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер белгілейді. Бөлек есеп жүргізу қажет деп көзделген жер қойнауын пайдаланушылар егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта басқаша көзделмесе, келісім-шарттан тыс жүзеге асырылатын қызмет бойынша және келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша бөлек Есеп жасайды. Бұл ретте әрбір жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша бөлек Есеп беріледі;

9) келісім-шарт жасау күні мен нөмірі. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді: А жолында - келісім-шарт нөмірі; В жолында - жасасқан күні.

15. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.03.001 жолында есепті салық кезеңіне аванстық төлемдердің болжалды сомасы көрсетіледі;

2) 221.03.002 жолында 221.01.004 жолынан көшірілетін Декларацияны тапсыруға дейінгі кезең үшін төленетін аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі ;

3) 221.03.003 жолында 221.03.001 және 221.03.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Декларацияны тапсырғаннан кейінгі кезең үшін төленетін аванстық төлемдердің сомасы көрсетіледі;

4) 221.03.004 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейінгі есепті салық кезеңі айларының саны көрсетіледі;

5) 221.03.005 жолында төленуге тиісті және 221.03.003 жолында көрсетілген аванстық төлемдер сомаларының 221.03.004 жолында көрсетілген есепті салық кезеңі айларының санына қатынасы ретінде айқындалатын, Декларацияны тапсырғаннан кейін төленуге тиісті орташа айлық аванстық төлемнің сомасы көрсетіледі;

6) 221.03.006 жолында Декларацияны тапсырғаннан кейін аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы (сәуір, немесе салық төлеуші Салық кодексінде белгіленген тәртіппен Декларацияны төлеу мерзімін ұзартса, мамыр не маусым немесе шілде) және аванстық төлемдерді енгізген есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

Салық төлеуші Салық кодексінің 71-бабына сәйкес қосымша Декларация тапсырылған ретте, сондай-ақ тексеру қорытындылары бойынша жеке табыс салығының сомасы өзгертілген кезде салық төлеуші төленуге тиісті аванстық төлемдер сомаларын түзете отырып қосымша есеп табыс ету қажет.

19. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес құрылтай құжаттарына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығышта Есепке салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

5. Есепті жасау (221.04-нысан)

20. Осы Есеп Салық кодексінің 126-бабына сәйкес өз қызметін алғаш рет бастаған жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус, сондай-ақ салық кезеңі ішінде арнаулы салық режимінен жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне көшкен салық төлеушілер төлеуге тиісті жеке табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеуге арналған.

21. СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты.

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі;

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Есепті жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус ретінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін салық төлеуші, сондай-ақ арнаулы салық режимінен жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне көшкен салық төлеушілер алғаш рет берсе белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады;

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Осы Ереженің 24-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) Есепті келісім-шарттан тыс; келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын қызмет жөнінде жер қойнауын пайдаланушылар жасайды. Есеп жасалған қызметке белгі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығып кететін қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберіндегі қызмет бойынша.

А және В торкөздерін заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасқан жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер белгілейді. Бөлек есеп жүргізу қажет деп көзделген жер қойнауын пайдаланушылар егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта басқаша көзделмесе, келісім-шарттан тыс жүзеге асырылатын қызмет бойынша және келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша бөлек Есеп жасайды. Бұл ретте әрбір жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша бөлек Есеп беріледі;

9) келісім-шарт жасау күні мен нөмірі. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Есеп жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді:

А жолында - келісім-шарт нөмірі;

В жолында - жасасқан күні.

22. "Есеп" бөлімінде:

1) 221.04.001 жолында қайта құрылған салық төлеуші бойынша жеке кәсіпкер ретінде салық төлеушіні мемлекеттік тіркеген күннен бастап және арнаулы салық режимінен жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне көшкен салық төлеушінің жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне көшкен күнінен бастап есепті салық кезеңі үшін аванстық төлемдердің болжалды сомасы көрсетіледі;

2) 221.04.002 жолында қайта құрылған салық төлеуші бойынша жеке кәсіпкер ретінде салық төлеушіні мемлекеттік тіркеген күннен бастап және арнаулы салық режимінен жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне көшкен салық төлеушінің жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне көшкен күнінен бастап есепті салық кезеңіндегі айлар саны көрсетіледі;

3) 221.04.003 жолында 221.04.001 жолында көрсетілген аванстық төлемдер сомаларының 221.04.002 жолында көрсетілген айлар санына қатынасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін орташа айлық аванстық төлем көрсетіледі;

4) 221.04.004 аванстық төлемдерді төлеудің бірінші айы және аванстық төлемдерді енгізген есепті салық кезеңінің соңғы айы көрсетіледі.

23. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес құрылтай құжаттарына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығышта Есепке салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары

мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

24. Валюта кодын толтыру кезінде Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталар жіктеушісі" 10-қосымшасына сәйкес валюталардың сандық кодталуын пайдалану қажет.

РҚАО-ның ескертуі: 221.01-221.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Қосылған құн салығы бойынша декларацияны жасау ережелері (300.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қосылған құн салығын есептеуге арналған Қосылған құн салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Қосылған құн салығы бойынша декларацияны Салық кодексінің 8-бөліміне сәйкес қосылған құн салығын төлеушілер жасайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен (300.00-нысан), қосылған құн салығы бойынша салық салу объектілері туралы ақпаратты ашу бойынша оған қосымшалардан (300.01 - 300.12-нысандар) және қосымша нысандардан тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта-қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу; "=" - тең.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көз толтырылмайды.

6. Қосымша(лар)да және (немесе) қосымша нысан(дар)да көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша(лар) берілмейді.

7. Тиісті қосымша(лар)да және (немесе) қосымша нысан(дар)да ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтырғанда көрсетілген қосымша(лар) және (немесе) қосымша нысан(дар) толтыруға жатады.

8. Қосымша немесе қосымша нысан парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның немесе қосымша нысан осыған ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымша және (немесе) қосымша нысандардың "Қосылған құнға салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Қосылған құнға салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз түрінде келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен салық төлеуші почта арқылы почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларация жасау (300.00-нысан)

13. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде қосылған құн салығын төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) қосылған құн салығын төлеушінің (төлеушінің) тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы торкөздердің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) декларацияның түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөзде белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзі егер Декларация салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркелгеннен кейін алғаш рет табыс етілген жағдайда белгіленеді

Одан кейінгі декларацияларды беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация тапсыру жолымен бұрын тапсырылған Декларацияға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер қосылған құн салығын төлеуші Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген хабарламаны алса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі таратылған (қайта ұйымдастыру), немесе қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылған жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер Хабарлама бойынша қосымша Декларация тапсырылған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) торкөзді жер қойнауын пайдаланушылар белгілейді. Декларация жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

9) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша Декларация жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушылар келісім-шарт нөмірі және жасалған күнін көрсетеді: А жолында келісім-шарт; В жолында - жасалған күні;

10) қосылған құн салығын төлеуді есепке жатқызу әдісі Салық кодексінің 239-бабына сәйкес таңдалады. Таңдап алынған әдіске сүйене отырып, сәйкес торкөзге белгі қойылады.

Кепілге қойылған мүлікті (тауарларды) алумен және өткізумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдану құқығын пайдаланатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер, микрокредиттік ұйымдар және банктік ұйымдар, сондай-ақ мүлікті қаржы лизингіне берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдану құқығын пайдаланатын лизинг берушілер, басқа да алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданған кезде, есепке жатқызудың бара-бар әдісіне белгі қойылады;

11) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы және нөмірі. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректемелері көрсетіледі;

12) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

14. "ҚҚС есептеу" бөлімінде:

1) 300.00.001 жолы 300.00.001А және 300.00.001В жолдарынан тұрады. 300.00.001А жолына 300.01.009 жолының шамасы көшіріледі. 300.00.001В жолында 300.00.001А жолының шамасын Салық кодексі 245-бабының 1-тармағында белгіленген ставкаға көбейту жолымен айқындалатын шама көрсетіледі.

Қызметтерін жер қойнауын пайдалануға берілген келісім-шартпен белгіленген салық режиміне сәйкес жүзеге асыратын, қосылған құн салығына өзге салық ставкасы қолданылатын, жер қойнауын пайдаланушылар 300.00.001В жолында 300.00.001А жолының шамасын келісім-шартқа сәйкес қолданылатын салық ставкасына көбейту жолымен айқындалатын шаманы көрсетеді;

2) 300.00.002 жолына 300.02.010 жолының шамасы көшіріледі;

3) 300.00.003 жолы 300.00.003А және 300.00.003В жолдарынан тұрады. 300.00.003А жолына 300.03.007А жолының шамасы көшіріледі, 300.00.007В жолына 300.03.006В жолының шамасы көшіріледі.

4) 300.00.004 жолында қосымша құн салығын төлеушінің салық кезеңі кезінде жүзеге асыру орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі айналымы көрсетіледі;

Жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыру орны Салық кодексінің 215-бабына сәйкес айқындалады. 300.00.004 жолында атқарылған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны көрсетіледі;

5) 300.00.005 жолына 300.04.003 жолының шамасы көшіріледі;

6) 300.00.006 жолында өзіне салық салынатын айналым көлеміне енгізілген түзетулер сомасын да қосатын салық кезеңі кезінде жүзеге асырылған тауарларды (жұмыстар, қызметтер) сату жөніндегі айналымның жалпы сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы $300.00.001А + 300.00.002 + (-) 300.00.003А + 300.00.004 + 300.00.005$ формуласы бойынша айқындалады.

7) 300.00.007 жолында $(300.00.001А + 300.00.002 + (-) 300.00.003А) / 300.00.006 \times 100$ пайыздан формуласымен айқындалатын сату бойынша жалпы айналымдағы салық салынатын айналымның үлесі көрсетіледі;

8) 300.00.008 жолында салық салынатын жалпы айналымдағы нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі. Осы ставканың шамасы $300.00.002 / (300.00.001А + 300.00.002 + (-) 300.00.003А) \times 100$ пайыздан формуласымен айқындалады;

9) 300.00.009 жолында салық кезеңі ішінде импортталған тауарлар бойынша Салық кодексінің 250-бабына сәйкес есепке алу әдісімен төленген қосылған құн салығы көрсетіледі. Сонымен қатар, аталған жолда салық кезеңі ішінде импортталған тауарлар бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомалары бойынша мәліметтер көрсетіледі. 300.00.009 жолына 300.09.001В жолының шамасы көшіріледі.

10) 300.00.010 жолында $300.00.001В + (-) 300.00.003В + 300.00.009$ формуласы бойынша айқындалатын есепті салық кезеңінде қосылған құн салығына есептелген салықтың толық шамасы көрсетіледі.

15. "Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" бөлімінде:

1) 300.00.011 жолы 300.00.011А және 300.00.011В жолдарынан тұрады.

Есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда 300.00.011А жолына 300.05.010А жолында көрсетілген сома, 300.00.011В жолына 300.05.010С жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда 300.00.011А жолына 300.06.031А жолында көрсетілген сома, 300.00.011В жолына 300.06.031С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 300.00.012 жолында:

Салық кодексінің 234-бабына немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импортталатын тауарлардан;

Салық кодексінің 250-бабында қарастырылған қосылған құн салығына салықты есепке алу әдісімен төлеп импортталатын тауарлардан;

Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық төлеу мерзімі өзгертілген тауарлардан басқа импорт бойынша сатып алынған тауарлар жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

Есепке бара-бар жатқызу әдісін қолданғанда осы жол жүк кедендік декларацияларында көрсетілген мәліметтер негізінде толтырылады. Бұл ретте 300.00.012А жолында Салық кодексінің 220-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын импорт көлемі, 300.00.012В жолында жүк кедендік декларацияларына сәйкес төленген қосылған құн салығының көлемі көрсетіледі.

Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданған кезде, 300.00.012А жолына 300.06.035А жолында көрсетілген сома, 300.00.012В жолына 300.06.035С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 300.00.013 жолында Салық кодексінің 234-бабына немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі. 300.00.013 жолына 300.09.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 300.00.014 жолы жүк кедендік декларациялары негізінде толтырылады. Осы жолға салық органдары Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық төлеу мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдаған импортталатын тауарлардың құны енгізіледі;

5) 300.00.015 жолы 300.00.015А және 300.00.015В жолдарынан тұрады.

Бұл жолға Салық кодексінің 250-бабына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген салық салынатын импорт сомасы мен салық кезеңі ішінде импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы сомасы бойынша мәліметтер көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл жолда жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт ережелеріне сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген салық салынатын импорт сомасы мен салық кезеңі ішінде импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы сомасы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда 300.00.015А жолына 300.09.001А жолының шамасы, 300.00.015В жолына 300.09.001В жолының шамасы көшіріледі.

Есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда 300.00.015А жолына 300.06.039А жолының шамасы, 300.00.015В жолына - 300.06.039С жолының шамасы көшіріледі;

6) 300.00.016 жолының шамасы 300.00.011А, 300.00.012А, 300.00.013, 300.00.014 және 300.00.015А жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

7) 300.00.017 жолына 300.08.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 300.00.018 жолында Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық кезеңі ішінде салық төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарларға қосылған құн салығының бюджетке нақты төленген сомасы көрсетіледі.

Есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда 300.00.018 жолына 300.07.003Е жолының шамасы көшіріледі.

Есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда 300.00.018 жолына 300.06.043В жолының шамасы көшіріледі;

9) 300.00.019 жолында салық кезеңіне жатқызылатын, $300.00.011В + 300.00.012В + 300.00.015В + (-) 300.00.017 + 300.00.018$ формуласы бойынша айқындалатын қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 300.00.020 жолы қосылған құн салығын есепке бөлек жатқызу әдісін қолданғанда толтырылады. Осы жолда 300.00.019 жолында көрсетілген сома көрсетіледі;

11) 300.00.021 жолы қосылған құн салығын есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданғанда толтырылады.

Осы жолдың шамасы 300.00.019 жолының шамасын $300.00.007$ жолында көрсетілген шамаға көбейту жолымен айқындалады.

Кепілге қойылған мүлікті (тауарларды) алумен және өткізумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдану құқығын пайдаланатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер, микрокредиттік ұйымдар және банктік ұйымдар, сондай-ақ мүлікті қаржы лизингіне берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдану құқығын пайдаланатын лизинг берушілер, басқа да алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданған кезде, аталған жолдың шамасы туынды шама $(300.00.019 * 300.00.007)$ мен 300.06.031, 300.06.035, 300.06.039, 300.06.043 жолдарының шамаларын жиынтықтаумен айқындалады.

16. "Салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша есептер" бөлімінде:

1) 300.00.022 жолында "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген есепті салық кезеңінде төлеуге жататын салық сомасы көрсетіледі. Осы сома айқындалады:

есепке жатқызудың бөлек әдісі кезінде - 300.00.010 және 300.00.020 жолдарының айырмашылығы ретінде;

есепке жатқызудың бара-бар әдісі кезінде - 300.00.010 және 300.00.021 жолдарының айырмашылығы ретінде.

Салық кодексінің 244-1-бабы қолданылған 300.00.022 жолына 300.12.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

Егер есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан артық болса 300.00.022 жолы толтырылмайды;

2) 300.00.023 жолы есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан артық болған жағдайда толтырылады. Осы жолдың шамасы айқындалады:

3) 300.00.020 және 300.00.010 жолдарының айырмасы ретінде-есепке жатқызудың бөлек әдісі кезінде;

4) 300.00.021 және 300.00.010 жолдарының айырмасы ретінде-есепке жатқызудың бара-бар әдісі кезінде;

5) 300.00.024 жолына 300.10.003 жолының шамасы көшіріледі;

6) 300.00.025 жолында 300.00.022 жолы мен 300.00.024 жолының айырмашылығы ретінде айқындалатын, өткен салық кезеңдерінен көшірілетін, есептерді ескере отырып бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

7) 300.00.026 жолы барлық түзетулерді енгізген соң есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан артық қалған жағдайда толтырылады. Осы жол толтырылғанда 300.00.025 жолы толтырылмайды.

300.00.026 жолының шамасы 300.00.023 және 300.00.024 жолдарының сомасы ретінде, немесе 300.00.024 жолы мен 300.00.022 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады;

8) 300.00.027 жолына 300.02.020 жолында көрсетілген сома көшіріледі. Егер 300.02.020 жолының шамасы 300.00.026 жолында көрсетілген шамадан артық болса 300.00.027 жолына 300.00.026 жолының шамасы көшіріледі.

Декларация жасау кезінде қосылған құн салығына салық төлеуші Салық кодексінің 251-бабының 2-тармағында қарастырылған шарттарды орындаса, осы жолға 300.00.026 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

17. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын

болса, жолда "Салық төлеушінің аты-жөні" болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияны салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) ҚҚС төлеушінің нақты орналасқан жерінің мекен-жайы. Қосылған құн салығын төлеушінің нақты орналасқан жерінің мекен-жайы көрсетіледі;

6) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

7) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

8) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

9) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

10) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады..

1. Тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер)

сату бойынша қосылған құн салығы салынатын айналым

- 300.01 нысанын жасау

18. 300.01 нысанында есепті салық кезеңі ішінде жүзеге асырылған және нөлдік ставкамен салық салынатын айналымнан басқа, қосылған құн салығы салынған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату бойынша айналым туралы барлық мәліметтер көрсетіледі.

Осы нысанда көрсетілетін салық салынатын айналым мөлшері Салық кодексінің 217-бабына сәйкес айқындалады.

Осы нысанға 300.00 нысанның "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген жасалған күні есепті салық кезеңіне келетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату бойынша айналымдар енгізіледі.

Айналымның жасалған күні Салық кодексінің 216-бабына сәйкес айқындалады.

19. "Салық салынатын айналым мөлшері" бөлімінде:

1) 300.01.001 жолында тауарларды сату (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырғанда, оны жасағанда тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) меншік құқығын сатып алушыға өткізу болғанда жалпы айналым мөлшері көрсетіледі.

Осы бағанда тауарды өтеусіз беру бойынша айналым есепке алынбайды.

300.01.001 жолының мөлшері 300.01.001A, 300.01.001B, 300.01.001C, 300.01.001D, 300.01.001E және 300.01.001F жолдарының сомасы ретінде айқындалады, оларда:

300.01.001A жолында - тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсетуді өткізу бойынша айналым;

300.01.001B жолында - айырбас шарттары бойынша жасалған, тауарды тиеп жөнелту, жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулерді көрсету;

300.01.001C жолында - кепілдікке қойылған мүлікті (тауарды) беру бойынша айналым;

300.01.001D жолында - Салық кодексінің 217-бабы 7-тармағына сәйкес оларды сатып алу күніне қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу көзделмеген тауарларды сату құны мен баланстық құны арасындағы оң айырма ретінде мөлшері айқындалатын тауарларды өткізу бойынша айналым;

300.01.001E жолында - жұмыс беруші қызметкерге жалақы есебінен тауарларды беру, жұмыстар орындау, қызмет көрсетулер жүргізу бойынша айналым;

300.01.001F жолында 300.01.001A, 300.01.001B, 300.01.001C, 300.01.001D және 300.01.001E жолдарында көрсетілмеген жағдайларда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу жөніндегі айналымдар көрсетіледі.

2) 300.01.002 жолы қаржы лизингіне мүлікті беру жөніндегі айналымдарды көрсетуге арналған. Аталған жолда Салық кодексінің 228-бабына сәйкес қосылған құн салығын төлеуден босатылмаған мүлікті қаржы лизингіне беру бойынша айналым көрсетіледі;

3) 300.01.003 жолы комиссияның шарттары бойынша жасалған тауарларды сату бойынша айналымды көрсетуге арналған;

4) 300.01.004 жолы бұрын экспорттау режимінде әкелінген қайта импорттау режиміндегі тауарды қайтару бойынша айналымды көрсетуге арналған;

5) 300.01.005 жолы дербес қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасындағы, сондай-ақ заңды тұлға мен қосылған құн салығын дербес төлеуші болып табылатын құрылымдық бөлімшелер арасындағы тауарларды тиеп-жөнелту, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету бойынша айналымды көрсетуге арналған.

6) 300.01.006 жолы кәсіпкерлік қызметтің мақсатында бұрын сатып алынған, бірақ қосылған құн салығын төлеуші не оның жалдамалы жұмысшылары, қатысушылары және (немесе) басқа да тұлғалары кәсіпкерлік қызметке жатпайтын мақсатта пайдаланған тауарларды сату бойынша айналымды көрсетуге арналған;

7) 300.01.007 жолы тауарды тегін беру бойынша айналымды көрсетуге арналған;

8) 300.01.008 жолы қосылған құн салығын төлеушінің қосылған құн салығы бойынша есептен шығару кезінде туындайтын айналымды көрсетуге арналған. Бұл жолда Салық кодексінің 235-бабына сәйкес бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығының, қосылған құн салығы бойынша оны есептен шығару туралы өтініш беру күніндегі жағдай негізінде қосылған құн салығын төлеушідегі қалдықтағы негізгі қаражаттарды қоса сол тауарлар бойынша ғана айналым көрсетіледі.

9) 300.01.009 жолы 300.01.001-ден 300.01.008-ге дейінгі жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салық салынатын айналымның жалпы мөлшерінің шегін көрсетуге арналған.

300.01.009 жолдарының шамасы 300.00.001А жолына көшіріледі.

21. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

2. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын сату бойынша айналым - 300.02-нысанын жасау

22. 300.02 нысаны нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығымен салық салынатын айналымдар туралы, сондай-ақ нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдардың мақсаттарына пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомалары туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

23. "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын сатулар бойынша айналым" бөлімінде Салық кодексінің 36-тарауына, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қолданылатын "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 60 және 61-баптарына сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар көрсетіледі.

Осы тараудың жолдарында:

- 1) 300.02.001 жолында - тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым;
- 2) 300.02.002 - халықаралық тасымалдау бойынша айналым;
- 3) 300.02.003 жолында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарлар мен жабдықтарды сату бойынша айналым;
- 4) 300.02.004 жолында - "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құрудың мақсатына сәйкес келетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қызметтің түрлерін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыруға арналған әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізу бойынша айналым;
- 5) 300.02.005 жолында - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құрудың мақсатына сәйкес келетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қызметтің түрлерін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыруға арналған әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізу бойынша айналым;
- 6) 300.02.006 жолында - Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өзі өндірген тауарларды өткізу бойынша айналымдар;
- 7) 300.02.007 жолында Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн

салығынан босатылатын салық төлеушілерге өзі өндірген тауарларды өткізу бойынша айналымдар;

8) 300.02.008 жолында - Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдарды - алтынды, платинаны Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне және қаржылық ұйымдарға өткізуі бойынша айналым;

9) 300.02.009 жолында - нөлдік ставка бойынша салық салынатын басқа да айналымдар;

10) 300.02.010 жолында - қосылған құн салығы нөлдік ставка бойынша салынатын өткізуден жиынтық айналым. Аталған жолдың шамасы 300.02.001-300.02.009 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

300.02.007 жолының шамасы 300.00.002 жолына көшіріледі.

24. 300.02.001, 300.02.003, 300.02.004, 300.02.005, 300.02.006, 300.02.007 және 300.02.008 жолдары қосымша нысандардың негізінде толтырылады.

25. "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылған, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын мақсатында пайдаланылған тауарлар бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Осы тарауды Салық кодексінің 251-бабының 2-тармағында көзделген шарттар орындалған қосылған құн салығын төлеушілер толтырмайды.

Осы тараудың жолдарында:

1) 300.02.011 жолында - тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналымдардың мақсаты үшін пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

2) 300.02.012 жолында - халықаралық тасымалдаулар бойынша қызметтерді сату бойынша айналымдар мақсаты үшін пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.02.013 жолында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында тауарлар мен жабдықтарды сату бойынша айналымдар мақсаты үшін пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

4) 300.02.014 жолында - "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құрудың мақсатына сәйкес келетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қызметтің түрлерін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыруға арналған әкімшілік және өндірістік мақсаттағы

объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарлар бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

5) 300.02.015 жолында - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құрудың мақсатына сәйкес келетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қызметтің түрлерін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыруға арналған әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарлар бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

6) 300.02.016 жолында Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өткізілген өзі өндірген тауарлар бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

7) 300.02.017 жолында Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге өткізілген өзі өндірген тауарлар бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

8) 300.02.018 жолында Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдарды - алтынды, платинаны өткізу бойынша айналымдардың мақсатында пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығының сомасы;

9) 300.02.019 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу бойынша басқа да айналымдар бойынша пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

10) 300.02.020 жолында - нөлдік ставка бойынша салық салынатын, айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың шамасы 300.02.011-300.02.019 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

300.02.020 жолының шамасы, егер осы жолдың шамасы 300.00.026 жолының шамасынан аспаса, 300.00.027 жолына көшіріледі.

26. 300.02.011, 300.02.013, 300.02.014, 300.02.015, 300.02.016, 300.02.017 және 300.02.018 жолдары қосымша нысандардың негізінде толтырылады.

27. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

28. 300.02.001 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Тауарлар экспорты" тарауында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - экспортқа сатылатын тауардың атауы;
- 3) С бағанында - тауар экспорттың кедендік режиміне орналастырылған жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;
- 4) D бағанында - тауардың нысаналы елінің сандық және әріптік коды (альфа 3). Нысаналы елдің коды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 9 маусымда N 2355 тіркелген, "Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен бекітілген, Тауарларды декларациялау ережелеріне "Әлем елдерінің жіктеуіші" 6-қосымшаға сәйкес көрсетіледі;

5) E бағанында - экспортталатын тауарды өткізу бойынша айналым.

E бағанының жиынтық шамасы 300.02.001 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

29. 300.02.003 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Астана - жаңа қала" АЭА аумағында тауарларды сату" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар мен жабдықтардың атауы;
- 3) С бағанында - тиелген тауар, жабдық еркін кеден аймағының кеден режиміне орналастырылған жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;
- 4) D бағанында - тауарлар мен жабдықтарды алушының аты-жөні немесе атауы;
- 5) E бағанында - D бағанында көрсетілген тауарлар алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 6) F бағанында - В бағанында көрсетілген тауар алушыға қойылған шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;
- 7) G бағанында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату бойынша айналым көрсетіледі.

G бағанының қорытынды шамасы 300.02.003 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

27. 300.02.004 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА аумағына тауарларды өткізу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймақтың аумағында өткізілетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарлардың атауы;
- 3) С бағанында - оған сәйкес тиеп-жөнелтілген тауар еркін кеден аймағының кеден режиміне орналастырылған жүк кеден декларациясының анықтамалық нөмірі;
- 4) D бағанында - тауарларды алушының аты-жөні немесе атауы;
- 5) E бағанында - D бағанында көрсетілген тауарларды алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 6) F бағанында - В бағанында көрсетілген тауар алушыға ұсынылған шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;
- 7) G бағанында - "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймақтың аумағында өткізілетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды өткізу бойынша айналым көрсетіледі.

Қорытынды шама 300.02.004 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

28. 300.02.005 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Оңтүстік" АЭА аумағына тауарларды өткізу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймақтың аумағында өткізілетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарлардың атауы;
- 3) С бағанында - оған сәйкес тиеп-жөнелтілген тауар еркін кеден аймағының кеден режиміне орналастырылған жүк кеден декларациясының анықтамалық нөмірі;

- 4) D бағанында - тауарларды алушының аты-жөні немесе атауы;
- 5) E бағанында - D бағанында көрсетілген тауарларды алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 6) F бағанында - B бағанында көрсетілген тауар алушыға ұсынылған шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;
- 7) G бағанында - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймақтың аумағында өткізілетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілердің құрылысы мен пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды өткізу бойынша айналым көрсетіледі.

Қорытынды шама 300.02.005 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

29. 300.02.006 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өзі өндірген тауарларды өткізу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) A бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) B бағанында - Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өткізілген өзі өндірген тауарлардың тауар номенклатурасының коды;
- 3) C бағанында - Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан заңды тұлғаға жеткізуге шарт жасасудың нөмірі мен күні;
- 4) D бағанында - тауарларды алушының атауы;
- 5) E бағанында - D бағанында көрсетілген алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 6) F бағанында - D бағанында көрсетілген тауарларды алушыға ұсынылған шот-фактураның нөмірі мен жасалған күні;
- 7) G бағанында - Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушінің мекен-жайына өзі өндірген тауарларды өткізу бойынша айналымдар.

Жиынтық шама 300.02.006 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

30. 300.02.007 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шартың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол

келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге өзі өндірген тауарларды өткізу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге өткізілген өзі өндірген тауарлардың тауар номенклатурасының коды;

3) С бағанында - шартта жеткізілетін тауарлар жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың жұмыс бағдарламасын орындау үшін жеткізілетіндігін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге жеткізуге шарт жасасудың нөмірі мен күні;

4) D бағаныда - тауарларды алушының атауы;

5) E бағанында - D бағанында көрсетілген алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

6) F бағанында - D бағанында көрсетілген тауарларды алушыға ұсынылған шот-фактураның нөмірі мен жасалған күні;

7) G бағанында - Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілердің мекен-жайына өзі өндірген тауарларды өткізу бойынша айналымдар.

Жиынтық шама 300.02.007 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

31. 300.02.008 жолына қосымша нысан:

Осы нысанның "Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдарды - алтынды, платинаны өткізуі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - тауарлардың атауы;

3) С бағанында - өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдарды - алтынды, платинаны Ұлттық Банкке және қаржылық ұйымдарға жеткізуге шарт жасасудың нөмірі мен күні;

4) D бағанында - тауарларды алушының атауы;

5) Е бағанында - D бағанында көрсетілген алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

6) F бағанында - D бағанында көрсетілген тауарларды алушыға ұсынылған шот-фактураның нөмірі мен жасалған күні;

7) G бағанында - Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдарды - алтынды, платинаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және қаржылық ұйымдарға өткізуі бойынша айналым.

Жиынтық шама 300.02.008 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

32. 300.02.011 жолына қосымша нысан.

Осы нысанның "Тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым мақсатына пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - экспортталатын тауарлардың құнына енгізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген экспортталатын тауарлардың құнына енгізілген қосылған құн салығынсыз тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны;

4) D бағанында - В бағанында көрсетілген, тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған және экспортталатын тауарлардың құнына енгізілген тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсетулер) бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы.

D бағанының қорытынды шамасы 300.02.011 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

33. 300.02.013 жолына қосымша нысан.

"Астана - жаңа қала" АЭА аймағында тауарларды, жабдықтарды өткізу бойынша айналым мақсатына пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) мен жабдықтардың атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында сатылатын тауарлар мен жабдықтардың құнына қосылған сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны;

4) D бағанында - В бағанында көрсетілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағында тауарларды, жабдықтарды өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы.

D бағанының қорытынды шамасы 300.02.013 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

34. 300.02.014 жолына қосымша нысан:

"Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА аумағында тауарларды өткізу бойынша айналым мақсатына пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында өткізілетін тауарлардың құнына енгізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында сатылатын тауарлардың құнына енгізілген сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны;

4) D бағанында - В бағанында көрсетілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағында тауарларды өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы.

D бағанының қорытынды шамасы 300.02.014 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

35. 300.02.015 жолына қосымша нысан:

"Оңтүстік" АЭА аумағында нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарларды өткізу бойынша айналым мақсатына пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағында өткізілетін тауарлардың құнына енгізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының аумағында сатылатын тауарлардың құнына енгізілген сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны;

4) D бағанында - В бағанында көрсетілген "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағында тауарларды өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы.

D бағанының қорытынды шамасы 300.02.015 жолына көшіріледі.

300.02.016 жолына қосымша нысан.

"Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өткізілетін өзі өндірген тауарлардың құнына енгізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - өзі өндірген тауардың тауар номенклатурасының коды;

3) С бағанында - Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өткізілетін өзі өндірген тауарлардың құнына енгізілген тауарлардың тауар номенклатурасының коды;

4) D бағанында - Қазақстан Республикасының Үкіметімен инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға концессиялық шарт жасасқан салық төлеушіге өткізілетін өзі өндірген тауарлардың құнына енгізілген жұмыстардың және қызмет көрсетулердің атауы коды;

5) Е бағанында - С және D бағандарында көрсетілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны;

6) F бағанында С және D бағандарында көрсетілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

F бағанының жиынтық шамасы 300.02.016 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

36. 300.02.017 жолына қосымша нысан.

"Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге өткізілетін өзі өндірген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - өзі өндірген тауардың тауар номенклатурасының коды;

3) С бағанында - Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге өткізілетін өзі өндірген тауарлардың құнына енгізілген тауарлардың тауар номенклатурасының коды;

4) D бағанында - Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталатын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілерге өткізілетін өзі өндірген тауарлардың құнына енгізілген жұмыстардың, қызмет көрсетулердің атауы. D бағаны толтырылған кезде С бағаны толтырылмайды.

5) E бағанында С бағаны мен D бағанында көрсетілген тауарлардың құны не жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құны;

6) F бағанында С бағаны мен D бағанында көрсетілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы.

E бағанының жиынтық шамасы 300.02.017 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

37. 300.02.018 жолына қосымша нысан:

"Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдарды - алтынды, платинаны өткізуі бойынша айналымның мақсатында пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында - өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдардың - алтынның, платинаның құнына енгізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы;

3) С бағанында - өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдардың - алтынның, платинаның құнына енгізілген сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны;

4) D бағанында - Қазақстан Республикасы резиденттерінің өзі өндірген шикізаттан жасалған аффилиирленген құнды металдарды - алтынды, платинаны өткізуі бойынша айналымның мақсатында пайдаланылған, В бағанында көрсетілген тауарлар бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

D бағанының жиынтық шамасы 300.02.018 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

3. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету

- 300.03-нысанын жасау

38. 300.03-нысаны есепті салық кезеңінде жүргізілген салық салынатын айналым мөлшерінің және қосылған құн салығының түзетулерін көрсетуге арналған. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету Салық кодексінің 218 және 219-баптарында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте жүргізіледі.

Қосымша нысандарда көрсетілетін салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы қосымша шот-фактурада, немесе салық салынатын айналым мөлшеріне түзету жүргізілетін жағдайлардың келгенін растайтын өзге құжатта көрсетілген сомаға сәйкес келуі тиіс. Егер салық салынатын айналым мөлшерін түзету жүргізілетін жағдайлардың келгенін растайтын өзге құжатта қосылған құн салығының сомасы көрсетілмесе, онда осы сома салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасына салық ставкасын қолдану жолымен айқындалады.

Осы нысанның жолдары теріс немесе оң мәнге ие болуы мүмкін.

39. "Салық салынатын айналым мөлшерін түзету" бөлімінде:

1) 300.03.001 жолында - тауарды жартылай немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

2) 300.03.002 жолында - салық салынатын айналым мөлшерін тиісті түзетуге әкеп соққан мәміле шарты өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

3) 300.03.003 жолында - сатылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты жүргізілген салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

4) 300.03.004 жолында - күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

5) 300.03.005 жолында - бұрын салық салынатын айналым мөлшеріне кему жағына түзету жүргізілген күмәнді талаптарға байланысты күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;

6) 300.03.006 жолында - Салық кодексінің 218-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларда салық салынатын айналым мөлшерінің түзету сомасы;

7) 300.03.007 жолында - салық салынатын айналым мөлшерін түзетудің жиынтық шамасы және осындай түзетуге келетін қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

300.03.001, 300.03.002, 300.03.003, 300.03.004, 300.03.005 жолдары қосымша нысандардың негізінде толтырылады.

300.03.007А жолының шамасы 300.00.003А жолына, 300.03.007В жолының шамасы - 300.00.003В жолына көшіріледі.

40. 300.03.001 жолына қосымша нысан тауарды жартылай немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасын көрсетуге арналған.

"Тауарды қайтару" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - толық немесе ішінара қайтарылған тауарға байланысты қосымша шот-фактураның нөмірі мен күні;
- 3) С бағанында - оған қосымша шот-фактура жасалған шот-фактураның нөмірі мен күні;
- 4) D бағанында - тауарды қайтаруды жүзеге асырушы, оны алған салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 5) Е бағанында - өзіне қайтарылған тауардың қосылған құн салығынсыз құнын қосатын салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;
- 6) F бағанында - салық салынатын айналымның түзету сомасына келетін қосылған құн салығының сомасы.

Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.001А жолына, F бағанының қорытынды шамасы 300.03.001В жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

41. 300.03.002 жолына қосымша нысан нәтижесінде бұрын жасалған мәміле шарттары өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша (мысалы, тауар сатып алу-сату шарты бойынша тиелген, бірақ нәтижесінде оны өтеусіз беру, жалға беру және тағы да басқа туралы шешім қабылданған) салық салынатын айналымдар туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

"Мәміле шарттарының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - соның негізінде мәміле шарттары өзгертілген құжат атауы;
- 3) С бағанында - В бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;
- 4) D бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;

5) Е бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерінің сомасына келетін қосылған құн салығының сомасы;

6) F бағанында - салық салынатын айналымның түзету сомасына келетін қосылған құн салығының сомасы.

Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.002А жолына, Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.002В жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

42. 300.03.003 жолына қосымша нысан сатылған тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулер) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзетуді көрсетуге арналған.

Егер қосылған құн салығын төлеуші сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін оларды төлеу кезінде құнындағы айырмашылықты теңгемен алса, салық салынатын айналым теңгемен алынған ақшаның сомасы мен салық төлеуші тауарды тиеген, жұмысты орындаған, қызмет көрсеткен сәттегі теңгемен есептелген сату құны арасындағы сату құны валюта курсына орай түзетіледі.

"Сатылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның өтемақының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - тауар (жұмыстар, қызметтер) алған салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 3) С бағанында - соның негізінде салық салынатын айналымның мөлшеріне түзету жүргізілген құжат атауы;
- 4) D бағанында - С бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;
- 5) Е бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;
- 6) F бағанында - салық салынатын айналым мөлшерінің сомасына келетін қосылған құн салығының сомасы.

Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.003А жолына, F бағанының қорытынды шамасы 300.03.003В жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

43. 300.03.004 жолына қосымша нысан күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерінің түзетулері бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған. Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерінің түзетулері Салық кодексінің 96-бабында көрсетілген талаптарды орындаған жағдайда жүргізіледі.

"Күмәнді талаптар" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
 - 2) В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы берешегі бар салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 3) С бағанында - В бағанында көрсетілген берешегі бар адамның аты-жөні, немесе атауы;
 - 4) D бағанында - соның негізінде салық салынатын айналымның мөлшеріне түзету жүргізілетін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактуралардың нөмірі және жасалған күні;
 - 5) E бағанында - борышкерді банкрот деп тану туралы шығарылған сот шешімінің нөмірі және күні;
 - 6) F бағанында - борышкерді заңды тұлғалардың Мемлекеттік тізілімінен шығару туралы әділет органдарының шығарған шешімінің нөмірі және күні;
 - 7) G бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым ескерілген күмәнді талап деп танылған салық кезеңі;
- E және F бағандары егер салық салынатын айналым мөлшерін түзету Салық кодексінің 96-бабының 3-тармағында және 219-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында қарастырылған жағдайларда жүргізілсе толтырылады;
- 8) H бағанында - олар бойынша берешек күмәнді талап деп танылған сатылған тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) құнын өзіне қосатын салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы;
 - 9) I бағанында - G бағанында көрсетілген салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығының ставкасы;
 - 10) J бағанында - салық салынатын айналым мөлшерін түзетуге келетін қосылған құн салығының сомасы.

H бағанының қорытынды шамасы 300.03.004A жолына, J бағанының қорытынды шамасы 300.03.004B жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

44. 300.03.005 жолына қосымша нысан күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшеріне бұрын азаю тарабына қарай түзетулер жүргізілген осындай талаптар бойынша төлем алумен байланысты салық салынатын айналым мөлшерін түзету жөніндегі мәліметтерді көрсетуге арналған.

"Күмәнді талаптар бойынша төлем алу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - күмәнді талаптар бойынша берешекті өтеуді жүзеге асырған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген алушының аты-жөні, немесе атауы;

4) D бағанында - күмәнді талаптар бойынша алынған төлемнің жалпы сомасы ;

5) E бағанында - салық салынатын айналымның мөлшерін түзету сомасы;

6) F бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тиеу жүзеге асырылған салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығының ставкасы;

7) G бағанында - салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасына келетін қосылған құн салығының ставкасы.

Егер төлем толық көлемде алынса, онда түзету мөлшері мен қосылған құн салығының сомасы күмәнді талаптар бойынша бұрынғы салық кезеңінде жүргізілген түзету мөлшері мен қосылған құн салығының сомасына сәйкес келуі тиіс. Төлемді жартылай алған жағдайда салық салынатын айналым мөлшерін түзету:

егер 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатылған, 20 пайыз ставка бойынша салық салынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша күмәнді талап туындаса 1,2 коэффициентіне бөлінген төлемнен алынған сома;

егер 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатылған, 10 пайыз ставка бойынша салық салынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша күмәнді талап туындаса 1,1 коэффициентіне бөлінген төлемнен алынған сома;

егер күмәнді талап 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап 2003 жылдың 1 желтоқсанына дейін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша туындаса, 1,16 коэффициентіне бөлінген алынған төлем сомасы ретінде айқындалады;

егер күмәнді талап 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2006 жылдың 31 желтоқсанынан кейін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша туындаса, 1,15 коэффициентіне бөлінген алынған төлем сомасы ретінде айқындалады;

егер күмәнді талап 2007 жылдың 1 қаңтарынан кейін сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша туындаса, 1,15 коэффициентіне бөлінген алынған төлем сомасы ретінде айқындалады.

Е бағанының қорытынды шамасы 300.03.005А жолына, G бағанының қорытынды шамасы 300.03.005В жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

4. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша айналым - 300.04-нысанын жасау

45. 300.04 нысанында қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналымдар көрсетіледі.

46. "ҚҚС-нан босатылған айналым" бөлімінде:

1) 300.04.001 жолында қосылған құн салығынан босатылған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі айналым көрсетіледі.

300.04.001 жолының шамасы 300.04.001А, 300.04.001В, 300.04.001С, 300.04.001D, 300.04.001Е, 300.04.001F, 300.04.001G, 300.04.001H, 300.04.001I, 300.04.001J, 300.04.001K, 300.04.001L, 300.04.001M, 300.04.001O және 300.04.001P жолдарының сомасы ретінде айқындалады, оларда:

300.04.001А жолында - тізбесі Салық кодексінің 227-бабының 2-тармағында көрсетілген қаржы қызметтерін сату жөніндегі айналым көрсетіледі.

Осы жолда ескерілетін сату жөніндегі айналымның мөлшері бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру кезінде Салық кодексінің 240-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалады;

300.04.001В жолында - Салық кодексінің 230-бабына сәйкес айқындалатын геологиялық-барлау және геологиялық-ізвестіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі айналым;

300.04.001С жолында - жарғылық капиталға жарна ретінде берілген мүлік (тауар) құны;

300.04.001D жолында - жарғылық капиталға жарна ретінде алынған мүлікті қайтару жөніндегі айналым;

300.04.001Е жолында - есепті салық кезеңінде қосылған құн салығын төлеушілер алған (алуға жататын) қаржы лизингінің шартына сәйкес сондағы оның бөлігіндегі қаржы лизингіне берілген мүлік бойынша тиісті сыйақы сомасы ;

300.04.001F жолында - Салық кодексі 228-бабының 2-тармағында белгіленген шарттарды сақтаған кезде қосылған құн салығынан босатылатын мүлікті қаржы лизингіне беру бойынша айналым;

300.04.001G жолында - Салық кодексінің 229-бабына сәйкес коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтерді сату жөніндегі айналым;

300.04.001H жолында - және Салық кодексінің 232-бабына сәйкес қосымша құн салығынан босатылған және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген медициналық және ветеринариялық қызмет саласындағы тауарлар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыру жөніндегі айналым;

300.04.001I жолында - Салық кодексінің 231-бабына сәйкес мәдениет, ғылым және білім саласындағы қызмет көрсету мен жұмысты іске асыру жөніндегі айналым;

300.04.001J жолында - Салық кодексінің 233-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған бір салық төлеуші кәсіпорынның немесе дербес қызмет ететін кәсіпорынның екінші қосылған құн салығынан босатылған төлеушіге сатуы жөніндегі айналым;

300.04.001K жолында - "Астана - жаңа қала", "Ақпараттық технологиялар паркі", "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймақтарының аумағында өткізу бойынша айналым, оның ішінде:

"Астана - жаңа қала" АЭА аумағында жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді);

"Ақпараттық технологиялар паркі" және "Оңтүстік" АЭА аумақтарында Салық кодексінің 140-1-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді), сондай-ақ көрсетілген АЭА-тарды құру мақсатына сәйкес келетін, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қызмет түрлерін АЭА аумақтарында жүзеге асыру үшін арналған құрылыс объектілерін және (немесе) әкімшілік және өндірістік мақсаттағы объектілері бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары;

300.04.001K - "Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА аумағына және "Оңтүстік" АЭА аумағына аталған АЭА-тарды құру мақсатына сәйкес келетін қызмет түрлерін АЭА аумақтарында жүзеге асыру процесі барысында тұтынылатын тауарларды өткізу бойынша айналымдар;

300.04.001M бағанында - Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес белгіленген "Еркін қойма" кеден режимі қолданылатын аумағында шығарылған және Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне аталған аумақтан өткізілетін, Салық кодексінің 225-бабы 17) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын қазақстандық тауарларды өткізу бойынша айналымдар;

300.04.001O бағанында - Салық кодексінің 230-1-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын инфрақұрылымдық жобаларды іске асырумен байланысты жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдар ;

300.04.001P бағанында - Салық кодексінің 225-бабы 12-1) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын Қазақстан Республикасының кеден

аумағына "Қазақстан Республикасының кеден аумағында тауарларды ұқсату" кеден режимінде әкелінген тауарларды ұқсату және (немесе) жөндеу бойынша қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдар;

300.04.001Q бағанында - Салық кодексінің 225-бабы 12-2) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын халықаралық тасымалдарға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдар;

300.04.001R бағанында - Салық кодексінің 226-бабына сәйкес жерге және тұрғын үй ғимараттарына байланысты айналымдар;

300.04.001S жолында - қосылған құн салығынан босатылатын және 300.04.001A, 300.04.001B, 300.04.001C, 300.04.001D, 300.04.001E, 300.04.001F, 300.04.001G 300.04.001H, 300.04.001I, 300.04.001J, 300.04.001K, 300.04.001L, 300.04.001M және 300.04.001O, 300.04.001P, 300.04.001Q және 300.04.001R жолдарында көрсетілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша айналымдар көрсетіледі.

2) 300.04.002 жолында - осындай босату қарастырылатын халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі айналым көрсетіледі.

3) 300.04.003 жолында - 300.04.001 мен 300.04.002 жолдарының сомасы көрсетіледі.

300.04.003 жолының шамасы 300.00.005 жолына көшіріледі.

47. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

5. Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы - 300.05-нысанын жасау

48. 300.05 нысанын Салық кодексінің 240-бабында көзделген сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың бара-бар әдісін пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады. Осы нысанды кепілдік мүліктерді (тауарларды) алумен және сатумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомаларын есепке алудың бөлек әдісін қолдану құқығын пайдаланатын банктер және жекелеген банк операцияларын жүзеге асырушы ұйымдар басқа алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған кезде толтырмайды.

Қосылған құн салығын есепке жатқызу Салық кодексінің 235-бабымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Салық кодексінің 236-бабында қарастырылған жағдайларда қосылған құн салығы есепке жатқызылмайды.

300.05 нысанында қосылған құн салығын төлеушілер салық кезеңінің ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер), сондай-ақ Ресей Федерациясында сатып алынған газ конденсатын қоса, табиғи газ бен мұнайды сатып алу бойынша мәліметтер көрсетіледі.

49. "Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС салығының сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында - сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығы енгізілмеген құны;

2) В бағанында - шот-фактураны жазып беру күніне қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) төлеушілерге төленуге жататын қосылған құн салығының сомасы, ал резидент еместен жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жағдайында - Салық кодексінің 221-бабына сәйкес осындай резидент емес үшін бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

50. "Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС салығының сомасы" бөлімінің жолдары мынадай ақпараттарды көрсетуге арналған:

1) 300.05.001 жолында:

негізгі қаражаттардан;

Салық кодексінің 236-бабына сәйкес ҚҚС бойынша есепке рұқсат етілмеген тауарлардан басқа ҚҚС-пен сатып алынған тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

2) 300.05.002 жолы:

ғимараттар;

Салық кодексінің 236-бабына сәйкес ҚҚС бойынша есепке рұқсат етілмеген тауарлардан басқа ҚҚС-пен сатып алынған негізгі қаражаттар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

3) 300.05.003 жолы тұрғын үй қорынан басқа (қонақ үй ретінде пайдаланылатындардан басқа) қосылған құн салығымен сатып алынған ғимараттар бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

4) 300.05.004 жолы:

ғимараттардың құрылысымен және жөндеумен байланысты құрылыс, жөндеу жұмыстары мен қызмет көрсетулерінен;

қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместерден сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулерден басқа қосылған құн салығымен сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

5) 300.05.005 жолы:

қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместерден сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулерден;

жалға беру шартына сәйкес жалға беруші осы қызметтер құнын қайтаратын және жөндеуді жүзеге асырған жалға алушының салық салынатын айналымына қосылатын жағдайлардан басқа жалға алып отырған ғимараттарын жөндеу жөніндегі қызметтерінен;

қосылған құн салығымен сатып алынған ғимараттардың құрылысы және жөндеуімен байланысты құрылыс, жөндеу, монтаж жұмыстары мен қызметтері бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

6) 300.05.007 жолы негізгі қаражаттарды қоса, қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетуге арналған. Бұл жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

7) 300.05.007 жолы Салық кодексінің 225-бабына немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған жұмыстар мен қызмет көрсетулерден басқа қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша мәліметтер көрсетіледі.

300.05.007А жолына 300.11.001 жолының шамасы, 300.05.007В жолына 300.11.002 жолының шамасы, 300.05.007С жолына 300.11.007 жолының шамасы көшіріледі;

8) 300.05.008 жолы Салық кодексінің 236-бабына сәйкес есепке рұқсат етілмеген қосылған құн салығымен сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетуге арналған;

9) 300.05.009 жолы Салық кодексінің 235-бабына сәйкес ҚҚС бойынша есепке тұру күніне қалған тауарлар (негізгі құралдарды қоса алғанда) мәліметтерді көрсетуге арналған.

10) 300.05.010 жолы 300.05.001-ден 300.05.009-ға дейінгі жолдарында көрсетілген шамаларды жинақтау жолымен әрбір бағана бойынша жиынтық сомаларды көрсетуге арналған.

300.05.010А жолының шамасы 300.00.011А жолына көшіріледі.

300.05.010С жолының шамасы 300.00.011В жолына көшіріледі.

51. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

52. 300.05.006 немесе 300.06.006, 300.06.016, 300.06.026 жолдарына қосымша нысан ҚҚС-сыз сатып алынған тауарлар, негізгі құралдарды қоса алғанда, жұмыстар мен қызметтер бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған. Бұл нысанда қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және "ҚҚС-сыз" деген белгі қоя отырып, шот-фактура немесе Салық кодексінің 235-бабы 2-тармағына сәйкес басқа құжаттар жазып беретін салық төлеушілерден сатып алулар бойынша мәліметтер көрсетіледі. Одан басқа осы нысанда Салық кодексіне немесе халықаралық шарттарға сәйкес ол тауарларды өткізу бойынша айналым қосылған құн салығынан босатылғандықтан, қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетіледі.

300.05 қосымшасының 300.05.006 немесе 300.06 қосымшасының 300.06.006, 300.06.016, 300.06.026 жолдарына қосымша нысанның "Қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- А бағанында жолдың реттік нөмірі;
- В бағанында - ҚҚС-сыз сатып алынған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің тіркеу нөмірі;
- С бағанында - тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығынсыз сатып алынғандығын растайтын құжаттың (шот-фактура немесе Салық кодексінің 235-бабы 2-тармағына сәйкес жазып берілетін басқа құжаттар) атауы;
- D бағанында - С бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі мен күні;
- Е бағанында ҚҚС-сыз сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны.

53. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

6. Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы - 300.06-нысанын жасау

54. 300.06 нысанын Салық кодексінің 241-бабында қарастырылған сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың бөлшек әдісін пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады.

Банктер, микрокредитті ұйымдар мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар кепілдік мүліктерді (тауарларды) алумен және сатумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомаларын есепке алудың бөлек әдісін қолдануды пайдалану кезінде осы нысанды осы Ережелердің 55-тармағында қарастырылған талаптарды ескере отырып толтырады.

Лизинг берушілер осы нысанды қаржы лизингіне берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алу бойынша бөлек әдіс қолдану кезінде осы Ережелердің 55-тармағында қарастырылған талаптарды ескере отырып толтырады.

55. 300.06-нысаны жеті бөлімнен, әр бөлім - А, В және С бағандарынан тұрады.

1) А бағанында сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны қосылған құн салығының сомасынсыз көрсетіледі; айқындалады.

2) В бағанында шот-фактураны жазып беру күніне қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізушілер төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы, ал тауарлар (жұмыстар, қызметтер) резидент еместен сатып алынған жағдайда - Салық кодексінің 221-бабына сәйкес резидент үшін бюджетке төленуі тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

"ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінде Қазақстан Республикасында сатып алынған және айналымдар мақсатында ғана пайдалануға арналған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Осы жолдарды толтыру 300.05 нысанының жолдарын толтыруға қарастырылған тәртіппен жүргізіледі.

56. "ҚР аумағында сатып алынған және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінде Қазақстан Республикасында сатып алынған және босатылған айналымдар мақсатында ғана пайдалануға арналған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Осы бағанның жолдарын толтыру 300.05 нысанының жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен жүргізіледі.

57. "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын және босатылған айналымдар мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімі Қазақстан Республикасында сатып алынған және пайдалану мақсатын

айқындау қиын жағдайда (босатылған немесе салық салынатын айналымдар) толтырылады.

Бөлімнің С бағанының шамасы осы бөлімнің В бағанының тиісті жолдарында көрсетілген шамалардың және 300.00.007 жолында көрсетілген шаманың туындысы ретінде айқындалады.

58. "ҚР аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" бөлімінде:

1) 300.06.031А жолында - 300.06.010А, 300.06.020А және 300.06.030А жолдарының сомасы;

2) 300.06.031В жолында - 300.06.010В, 300.06.020В және 300.06.030В жолдарының сомасы;

3) 300.06.031С жолында - 300.06.010С және 300.06.030С жолдарының сомасы көрсетіледі.

300.06.031А жолының шамасы 300.00.011А жолына, 300.06.031С жолының шамасы 300.00.011В жолына көшіріледі.

59. "Импорт бойынша сатып алынған тауарлар" бөлімі импорт бойынша сатып алынған тауарлар бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын есептеуге арналған.

300.06.032 жолы "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен толтырылады.

300.06.033 жолы "ҚР аумағында сатып алынған және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен толтырылады.

300.06.034 жолы "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің жолдарын толтыру үшін қарастырылған тәртіппен толтырылады.

300.06.035 жолында А, В және С бағандарының тиісінше 300.06.032, 300.06.033 және 300.06.034 жолдарының сомалары ретінде айқындалатын шама көрсетіледі.

300.06.035А жолының шамасы 300.00.012А жолына, 300.06.035С жолының шамасы 300.00.012В жолына көшіріледі.

60. "Есеп әдісімен төленетін ҚҚС бойынша тауарлар импорты" бөлімі Салық кодексінің 250-бабында қарастырылған импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын есеп әдісімен төлеу тәртібін көрсетуге арналған.

Осы бөлімді толтыру "Импорт бойынша сатып алынған тауарлар" бөлімін толтыру үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

300.06.039 жолында А, В және С бағандарының тиісінше 300.06.036, 300.06.037 және 300.06.038 жолдарының сомалары ретінде айқындалатын шама көрсетіледі.

300.06.039А жолының шамасы 300.00.015А жолына, 300.06.039С жолының шамасы 300.00.015В жолына көшіріледі.

61. "Төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты бойынша төленген ҚҚС-ның есебі" бөлімі Салық кодексінің 249-бабына сәйкес салық төлеу мерзімі өзгертілген, импортталатын тауарлар бойынша бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасын көрсетуге арналған. Осы бөлім екі бағаннан тұрады:

1) А бағанында төлеу мерзімі өзгертілген қосылған құн салығы бойынша берешекті өтеу есебінен есепті салық кезеңінде нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

2) В бағанында есепке жатқызуға жататын қосымша құн салығының нақты сомасы көрсетіледі.

62. "Төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты бойынша төленген ҚҚС-ның есебі" бөлімінің жолдарында:

1) 300.06.040 жолында - салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар импорты бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы;

2) 300.06.041 жолында - босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар импорты бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.06.042 жолында - салық салынатын айналым мақсатында да, босатылған айналым мақсатында да пайдаланылатын тауарлар импорты бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

300.06.042А жолының шамасы 300.07.003Е, 300.06.040А және 300.06.041 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады.

300.06.042В жолының шамасы 300.06.042А және 300.00.007 жолдарында көрсетілген шамалардың туындысы ретінде айқындалады.

4) 300.06.043 жолында:

300.06.043А жолында - 300.06.040А, 300.06.041 және 300.06.042А жолдарының сомасы;

300.06.043В жолында - 300.06.040В және 300.06.042В жолдарының сомасы көрсетіледі.

300.06.043В жолының шамасы 300.00.018 жолына көшіріледі.

63. Кепілге қойылған мүлікті (тауарларды) алумен және өткізумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдану құқығын пайдаланатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер, микрокредиттік

ұйымдар және банктік ұйымдар, сондай-ақ мүлікті қаржы лизингіне берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығын есепке алу бойынша бөлек есептеу әдісін қолдану құқығын пайдаланатын лизинг берушілер, басқа да алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың бара-бар әдісін қолданған кезде 300.06 нысанын мынадай тәртіппен толтырады:

1) "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімінің тиісті жолдарында тек алынған кепілдік мүліктер (тауарлар) бойынша мәліметтер көрсетіледі;

2) "ҚР аумағында сатып алынған және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімі толтырылмайды;

3) "ҚР аумағында сатып алынған және салық салынатын және босатылған айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер)" бөлімі толтырылмайды.

4) "ҚР аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" бөлімінің 300.06.031 жолына 300.06.010 жолының мәні көшіріледі;

5) "Импорт бойынша сатып алынған тауарлар", "ҚҚС есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар импорты", "Төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты бойынша төленген ҚҚС-ның есебі" бөлімдерінде осы бөлімдердің жиынтық жолдарына (300.06.035, 300.06.039 және 300.06.043) көшірілетін 300.06.034, 300.06.038 және 300.06.042 жолдары ғана толтырылады.

64. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

7. Қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген тауарлардың импорты - 300.07-нысанын жасау

65. 300.07 нысаны тауарлардың импорты жүзеге асырылған салық кезеңі үшін Декларация жасау кезінде, және сол сияқты қосылған құн салығы бойынша берешекті толық өтелгенге дейінгі кейінгі салық кезеңдері үшін Декларация жасау кезінде толтырылады.

66. "Тауарлар импорты бойынша төлеу мерзімдері өзгертілген ҚҚС сомасын өтеу" бөлімі А, В, С, D, E, F және G бағандарынан тұрады.

1) А бағанында жүк кеден декларациясында көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

2) В бағанында есепті салық кезеңінде сатылған тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында өткен салық кезеңдерінде сатылған тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында үш ай кезеңі ішінде сатылған тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелмеген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында есепті салық кезеңінде бюджетке нақты төленген салық сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында өткен салық кезеңдерінде бюджетке нақты төленген салық сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында бюджетке төлейтін берешегі бар, сатылған тауарлар бойынша үш ай кезең ішінде бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелмеген және нақты төленбеген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

67. "Тауарлар импорты бойынша төлеу мерзімі өзгертілген ҚҚС сомасын өтеу" бөлімінің жолдарында:

1) 300.07.001 жолында - өндірістік ұқсату үшін арналған тауарлардың импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Өндірістік ұқсату ұғымы Салық кодексінің 249-бабының 2-тармағымен айқындалады;

2) 300.07.002 жолында - судың, газдың және электр энергиясының импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі.

300.07.001 және 300.07.002 жолдары қосымша нысандар негізінде толтырылады;

3) 300.07.003 жолында - тиісінше А, В, С, D, E және F бағандарының 300.07.001 және 300.07.002 жолдарының сомалары көрсетіледі.

300.07.003E жолының шамасы:

бара-бар әдісін қолданғанда - 300.00.018 жолына;

бөлек әдісті қолданғанда - тиісті мөлшерде 300.06.040А, 300.06.041 және 300.06.042А жолдарына көшіріледі.

68. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

69. 300.07.001 жолына қосымша нысан.

"Өндірістік ұқсату үшін арналған тауарлар импорты" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

- 2) В бағанында - жүк кеден декларациясының анықтама нөмірі;
- 3) С бағанында - жүк кеден декларациясына сәйкес қосылған құн салығының сомасы;
- 4) D бағанында - салықты өтеу үшін белгіленген мерзім (өзгертілген);
- 5) E бағанында - Салық кодексінің 249-бабының 6-тармағына сәйкес төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасы бойынша берешектерді өтеу есебіне есеп беру салық кезеңінде ескерілетін қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Салықтың осы сомасы есепті салық кезеңі үшін жасалған 300.00 нысанының 300.00.010 және 300.00.009 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады;
- 6) F бағанында - Салық кодексінің 249-бабының 6-тармағына сәйкес өткен салық кезеңдерінде өтелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Осы сома өткен салық кезеңі үшін 300.07.001 жолына құрылған қосымша нысанның E және F бағандарында жүк кеден декларациясының анықтама нөміріне сәйкес жолдарында көрсетілген мөлшерлердің сомасы ретінде айқындалады;
- 7) G бағандарында - сатылған тауарлар бойынша үш ай кезең ішінде бюджетпен өзара есеп айырысу жолымен өтелмеген қосылған құн салығының сомасы;
- 8) H бағанында - бюджет жіктемесінің тиісті коды көрсетіледі;
- 9) I бағанында - есепті салық кезеңінде импортталатын тауарлар бойынша бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы;
- 10) J бағанында - импортталатын тауарлар бойынша өткен салық кезеңдерінде төленген қосылған құн салығының сомасы. Осы сома өткен салық кезеңі үшін 300.07.001 жолына құрылған қосымша нысанның I және J бағандарында жүк кеден декларациясының анықтама нөміріне сәйкес жолдарында көрсетілген шамалардың сомасы ретінде айқындалады;
- 11) K бағанында - бюджетке төленуге жататын салық бойынша берешек сомасы көрсетіледі. Осы сома С бағанында көрсетілген көлемнен E, F, I және J және H бағандарында көрсетілген көлем сомаларын алу жолымен айқындалады.
- С бағанының жиынтық шамасы 300.07.001A жолына, E бағанының жиынтық шамасы - 300.07.001B жолына, F бағанының жиынтық шамасы 300.07.001C жолына, G бағанының жиынтық шамасы - 300.07.001D жолына, H бағанының жиынтық шамасы 300.07.001E жолына және I бағанының жиынтық шамасы 300.07.001F жолына көшіріледі.

70. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

71. 300.07.002 жолына қосымша нысан.

"Су, газ және электр энергиясы импорты" бөлімі 300.07.001 жолына қосымша нысанның "Өндірістік ұқсату үшін арналған тауарлар импорты" бөлімі үшін белгіленген тәртіппен толтырылады.

С бағанының жиынтық шамасы 300.07.002А жолына, Е бағанының жиынтық шамасы - 300.07.002В жолына, F бағанының жиынтық шамасы 300.07.002С жолына, G бағанының жиынтық шамасы - 300.07.002D жолына, I бағанының жиынтық шамасы 300.07.002Е жолына және J бағанының жиынтық шамасы 300.07.002F, K бағанының жиынтық шамасы G жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

8. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету - 300.08-нысанын жасау

72. 300.08 нысаны Салық кодексінің 237 және 238-баптарына сәйкес жүргізілген, есепке жатқызылған, қосылған құн салығының сомасын түзету жөніндегі мәліметтерді көрсетуге арналған.

Салық кодексінің 237-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзеткенде тиісті жолдары мен қосымшалары (300.05 және 300.06-нысандар) толтырылып, қосымша Декларация (300.00 нысан) жасалады.

Осы нысанның жолдары теріс немесе оң мәндерге ие болуы мүмкін.

"Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын түзету" бөлімі:

1) 300.08.001 жолында тауарлар бойынша олар бүлінген немесе жоғалған жағдайда қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі.

Тауардың (мүліктің) бүлінуі және жоғалуы ұғымы Салық кодексінің 237-бабының 2-тармағында айқындалған. Осы жолдың шамасы тек теріс мәнге ие болады;

2) 300.08.002 жолында қосылған құн салығы алдыңғы салық кезеңдерінде есепке жатқызуға жатқызылған және есепті кезеңде салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзету сомасы көрсетіледі.

Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша есепке жатқызуды түзету мынадай түрде жүргізіледі:

- салық салынбайтын айналым мақсатында пайдаланылатын негізгі құралдар бойынша түзетуге жататын қосылған құн салығының сомасы теңгермелік құн

бойынша айқындалады, бұл дегеніміз негізгі құралды сатып алу сәтіне қолданыста болған қосылған құн салығының ставкасын қолдану жолымен қайта бағалауды есепке алмай, амортизациялық аударымдарды шегерумен;

- бір бөлігі салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланылған тауарлы материалдық қорлар бойынша бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығын түзету салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланылған тауарлар бойынша есепке жатқызуға жатқызылған салық сомасының бөлігінде жүргізіледі;

- жұмыстарды, қызмет көрсетулерді салық салынатын айналым мақсатында емес пайдаланған кезде түзету бұрын салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылмаған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша жүргізіледі;

3) 300.08.003 жолында сатып алынған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты жүргізілген қосылған құн салығы бойынша есепті түзету жөніндегі мәліметтер көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

4) 300.08.004 жолында жеткізушіге жартылай немесе толық қайтарылған тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

5) 300.08.005 жолында мәміле шарттары өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

6) 300.08.006 жолында нормадан тыс шеккен шығыстар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Осы жолды Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады;

7) 300.08.007 жолында күмәнді міндеттемелер бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

8) 300.08.008 жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде бұрын қосылған құн салығы бойынша есепті түзету жүргізілген, күмәнді міндеттемелер бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы көрсетіледі. Жол қосымша нысан негізінде толтырылады;

9) 300.08.009 жолында босатылған айналым мақсатында сатып алынған, тауарларды салық салынатын айналым мақсатында қолданумен байланысты жүзеге асырылатын қосылған құн салығы бойынша есепті түзетудің сомасы көрсетіледі. Бұл жол егер көрсетілген тауарларды сатып алу мезетінде қосылған құн салығын төлеушімен есепке жатқызудың бөлек әдісі қолданылған жағдайда толтырылады;

10) 300.08.010 жолында Салық кодексі 209-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларда қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің күші жойылған кезде тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

11) 300.08.011 жолында 300.08.001 - 300.08.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын қосылған құн салығы бойынша есепті түзетудің қорытынды шамасы көрсетіледі.

300.08.011 жолының шамасы 300.00.017 жолына көшіріледі.

300.08.003, 300.08.004, 300.08.005, 300.08.007, 300.00.008 жолдары қосымша нысандардың негізінде толтырылады.

73. 300.08.003 жолына қосымша нысан сатып алынған тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Сатып алынған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағаның, өтемақының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

В бағанында - тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жеткізуші салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

С бағанында - соның негізінде салық салынатын айналымның мөлшеріне түзету жүргізілген құжат атауы (қосымша шот-фактура немесе басқа растайтын құжат);

Д бағанында - С бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;

Е бағанында - тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағаларын түзету сомасы;

Ғ бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы.

Ғ бағанының қорытынды шамасы 300.08.003 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

74. 300.08.004 жолына қосымша нысан жеткізушіге жартылай немесе толық қайтарылған тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Тауарды қайтару" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - тауарды қайтаруға жазып берілген қосымша шот-фактураның нөмірі мен күні;

3) С бағанында - оған қосымша шот-фактура жасалатын шот-фактураның нөмірі мен күні;

4) D бағанында - тауар жеткізуші салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

5) Е бағанында - қайтарылатын тауардың қосылған құн салығынсыз құны;

6) бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы.

Ғ бағанының қорытынды шамасы 300.08.004 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

75. Е бағанының қорытынды шамасы 300.08.004 жолына көшіріледі. 300.08.005 жолына қосымша нысан нәтижесінде бұрын жасалған мәміле шарттары өзгерген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша (мысалы, тауар сатып алу-сату шарты бойынша тиелген, бірақ нәтижесінде оны өтеусіз беру, жалға беру және т.б. туралы шешім қабылданған) қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Мәміле шарттарының өзгеруі" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - соған сәйкес тауар Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналысқа жіберу жүргізілген жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;

3) С бағанында соның негізінде мәміле шарттары өзгертілген құжат атауы;

4) D бағанында көрсетілген құжаттың нөмірі және жасалған күні;

5) Е бағанында - тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығынсыз құнының түзету сомасы;

6) Ғ бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы.

Ғ бағанының қорытынды шамасы 300.08.005 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

76. 300.08.007 жолына қосымша нысан күмәнді талаптар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепті түзетуді көрсетуге арналған.

"Күмәнді міндеттемелер" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуші міндеттемесі берешегі бар салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) С бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің аты-жөні, немесе атауы;

4) D бағанында - солар бойынша тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алынған шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;

5) Е бағанында - күмәнді міндеттеме болып табылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығынсыз құнының түзету сомасы;

6) Ғ бағанында - қосылған құн салығы бойынша есеп жүргізілген салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығының ставкасы;

- 7) G бағанында - шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығы сомасы;
- 8) H бағанында қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу жүргізілген салық кезеңі;
- 9) I бағанында жалпы айналымда салық салынатын айналымның үлес салмағы;
- 10) J бағанында қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы.

J бағанының қорытынды шамасы 300.08.007 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

77. 300.08.008 жолына қосымша нысан күмәнді міндеттемелер бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке бұрын азаю тарабына қарай түзетулер жүргізілген осындай міндеттемелер бойынша төлем жүргізумен байланысты қосылған құн салығына түзетуді көрсетуге арналған.

"Күмәнді міндеттемелер бойынша төлем" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) A бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) B бағанында - соның алдындағы міндеттемелері өтелген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуші салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 3) C бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің аты-жөні, немесе атауы;
- 4) D бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепке түзету жүргізілген салық кезеңі;
- 5) E бағанында - олар бойынша берешектер күмәнді міндеттеме болып танылған сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактураның нөмірі және жасалған күні;
- 6) F бағанында - осы міндеттеме бойынша жүргізілген төлемнің жалпы сомасы;
- 7) G бағанында - тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қосылған құн салығын енгізбей төленген құны;
- 8) H бағанында - қосылған құн салығын есептеу жүргізілген салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығының ставкасы;
- 9) I бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепті түзету сомасы I бағанының қорытынды шамасы 300.08.008 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

78. 300.08.010 жолына қосымша нысан Салық кодексі 209-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларда қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің күші жойылған кезде тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын есебін түзетуді көрсетуге арналған.

"Куәліктің күшін жою" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
 - 2) В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 3) С бағанында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы;
 - 4) D бағанында - сатып алынған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) шот-фактуралардың нөмірі мен күні;
 - 5) Е бағанында - ҚҚС-сыз тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны;
 - 6) F бағанында - қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу жүзеге асырылған салық кезеңінде қолданылған қосылған құн салығы ставкасы;
 - 7) G бағанында - шот-фактура бойынша ҚҚС сомасы;
 - 8) H бағанында - шот-фактура бойынша ҚҚС есебін түзету сомасы.
- H бағанының жиынтық шамасы 300.08.010 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

9. Есепке жатқызу әдісімен төленетін қосылған құн салығы бойынша тауарлар импорты - 300.09-нысанын жасау

79. 300.09 нысаны салық кезеңінің ішінде Салық кодексінің 250-бабында көзделген және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың ережелеріне сәйкес кедендік ресімдеу кезінде қосылған құн салығы есеп әдісі бойынша жүзеге асырылған тауарлар импорты туралы ақпарат беруге арналған.

Сонымен қатар, 300.09 нысанында Салық кодексінің 234-бабына немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын тауарлар импорты бойынша мәліметтер көрсетіледі.

80. "Есеп әдісімен төленетін тауар импорты бойынша ҚҚС есептеу" бөлімінің 300.09.001 жолы қосымша нысан негізінде толтырылады.

300.09.001A жолының шамасы 300.00.015A жолына көшіріледі.

300.09.001B жолының шамасы:

барабар әдісін қолдануда - 300.00.009 және 300.00.015B жолдарына;

бөлек әдісті қолданғанда - 300.00.009 жолына және 300.06.036B, 300.06.037B және 300.06.038B жолдарына тиісті мөлшерде көшіріледі.

81. "ҚҚС төлеуден босатылатын импорт" бөлімінде Салық кодексінің 234-бабына сәйкес импорт бойынша айналымдар көрсетіледі. Жолдар кеден жүк кеден декларациясында көрсетілген мәліметтер негізінде толтырылады.

300.09.002 жолының шамасы: 300.09.002A, 300.09.002B, 300.09.002C, 300.09.002D, 300.09.002E, 300.09.002F, 300.09.002G, 300.09.002H, 300.09.002I, 300.09.002J, 300.09.002K жолдарының сомасы ретінде айқындалады, онда мыналар көрсетіледі:

300.09.002A жолында - ізгілік көмек ретінде әкелінген тауарлар (акцизделетін тауарларды қоспағанда) импорты;

300.09.002B жолында - мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық көмек мақсатында әкелінген тауарлар (акцизделетін тауарларды қоспағанда) импорты;

300.09.002C жолында - шет елдің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ солармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін әкелінген және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес салықтан босатылған тауарлар импорты;

300.09.002D жолында - салық төлеуден босатуды белгілейтін кеден режимдерінде декларациялануға тиісті тауарлар импорты;

300.09.002E жолында - Салық кодексінің 234-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес дәрі-дәрмектік заттардың, оның ішінде субстанция-дәрілердің импорты;

300.09.002F жолында - төлем карточкаларымен қызметтер көрсету үшін жабдықтар импорты, меншікті өндірістік мұқтаждар үшін әкелінетін бағдарламалық қамтамасыз ету және оның қосалқы бөлшектерінің импорты;

300.09.002G жолында - мемлекеттердің, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импорты;

300.09.002H жолында - қаржы лизингі шарты бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген мүлік импорты;

300.09.002I жолында - Салық кодексінің 234-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға жасалған концессиялық шарт шеңберінде әкелінген тауарлар импорты;

300.09.002J жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттарына сәйкес ҚҚС-тан босатылатын тауарлар импорты;

300.09.002K жолында - Салық кодексіне сәйкес ҚҚС-тан босатылатын өзге де тауарлар импорты.

300.09.002 жолының шамасы 300.00.013 жолына көшіріледі.

82. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

83. 300.09.001 жолына қосымша нысан.

"Есеп әдісімен төленетін тауар импорты бойынша ҚҚС есептеу" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - импортталатын тауарлардың атауы;
- 3) С бағанында - соған сәйкес тауар Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналысқа жіберу жүргізілген жүк кеден декларациясының тіркеу нөмірі;
- 4) D бағанында - Салық кодексінің 220-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын импорт мөлшері;

5) Е бағанында - Салық кодексінің 250-бабына сәйкес немесе жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар импорты бойынша қосылған құн салығының сомасы. Осы сома жүк кеден декларациясында көрсетілген салық сомасына сәйкес келуі тиіс.

D бағанының қорытынды шамасы 300.09.001А жолына, Е бағанының қорытынды шамасы 300.09.001В жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

10. Өткен салық кезеңдерінен көшірілген қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызулар - 300.10-нысанын жасау

84. 300.10 нысаны өткен салық кезеңдерінен көшірілетін қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызулар сомасын көрсетуге арналған. "Салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебінен көшірілетін ҚҚС бойынша есепке жатқызулар" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 300.10.001 жолында - өткен салық кезеңі үшін жасалған Декларацияның 300.00.026 жолының шамасы.

2) 300.10.002 жолында - Салық кодексінің 252-бабына сәйкес есепті салық кезеңі ішінде салық төлеушіге қайтарылған қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.10.003 жолында - есепті салық кезеңінде қосылған құн салығы бойынша төлемдер есебіне есептелетін төленген салық сомасынан асатын есепке жатқызылатын қосылған құн салығының жалпы сомасы.

300.10.003 жолының шамасы 300.10.001 және 300.10.002 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады және 300.00.024 жолына көшіріледі.

85. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

11. 300.11-нысанын жасау

86. 300.11 нысаны Салық Кодексінің 221-бабына сәйкес резидент емес үшін төлеуге тиісті және төленген қосылған құн салығы сомасы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

87. "Есепті салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша төлеуге жататын ҚҚС" бөлімінде мынадай мәліметтер енгізіледі:

1) 300.11.001 жолында - ағымдағы салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша салық салынатын айналым. Салық салынатын айналым мөлшері Салық кодексінің 220-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалады.

300.11.001 жолының шамасы:

бара-бар әдісті қолданғанда - 300.05.007А жолына

бөлек әдісті қолданғанда - тиісті мөлшерде 300.06.007А және (немесе) 300.06.017А және (немесе) 300.06.027А жолдарына көшіріледі;

2) 300.11.002 жолында - 300.11.001 жолда көрсетілген айналым бойынша резидент емес үшін төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы.

300.11.002 жолының шамасы:

барабар әдісін қолданғанда - 300.05.007В жолына

бөлек әдісті қолданғанда - тиісті мөлшерде 300.06.007В, 300.06.017В және 300.06.027В жолдарына көшіріледі;

3) 300.11.003 жолында - 300.11.001 жолында көрсетілген айналым бойынша есепті салық кезеңі ішінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы. Осы жолға Салық кодексінің 252-бабына сәйкес жүргізілген есепке жатқызу жолымен төленген салықтың сомасы да енгізіледі. Сонымен қатар, аталған жолға Салық кодексінің 39-бабына сәйкес резидент емес үшін төленуі тиіс қосылған құн салығы бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылған бюджетке артық төленген салықтың сомасы енгізіледі;

300.11.001-300.11.003 жолдары қосымша нысанның негізінде толтырылады.

88. "Өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша төлеуге тиісті ҚҚС" бөлімінде есепті салық кезеңінде резидент емеске қосылған құн салығын төлеу бөлшектеп немесе толық жүргізілген өткен салық кезеңдеріне резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 300.11.004 жолында - өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым. Осы жол егер бюджетке төлеуге есептелген қосылған құн салығы белгіленген мерзімде төленбеген (немесе бөлшектеп төленген) жағдайда толтырылады;

2) 300.11.005 жолында - 300.11.004 жолында көрсетілген айналым бойынша резидент емес үшін төлеуге тиісті қосылған құн салығының сомасы;

3) 300.11.006 жолында - 300.11.004 жолында көрсетілген айналым бойынша есепті салық кезеңінің ішінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы. Осы жолға Салық кодексінің 252-бабына сәйкес жүргізілген есепке жатқызу жолымен төленген салықтың сомасы да енгізіледі. Сонымен қатар, аталған жолға Салық кодексінің 39-бабына сәйкес резидент емес үшін төленуі тиіс қосылған құн салығы бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылған бюджетке артық төленген салықтың сомасы енгізіледі;

4) 300.11.007 жолында - резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша есепті салық кезеңінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының жалпы сомасы.

300.11.007 жолының шамасы 300.11.003 және 300.11.006 жолдарының шамасын жиынтықтау жолымен айқындалады және:

бара-бар әдісті қолдану кезінде 300.05.007С жолына;

бөлек әдісі кезінде - тиісті мөлшерде 300.06.007С және (немесе) 300.06.027С жолдарында көшіріледі.

300.11.004 - 300.11.006 жолдары қосымша нысанның негізінде толтырылады.

89. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

90. 300.11.001, 300.11.002 және 300.11.003 жолдарына қосымша нысан.

"Есепті салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын жұмысты орындаған және қызмет көрсеткен резидент еместің аты-жөні немесе атауы;

3) С бағанында - В бағанында көрсетілген резидент еместің резиденттік елінің коды;

4) D бағанында - В бағанында көрсетілген резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі;

5) Е бағанында - резидент еместен жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алу күні;

6) F бағанында резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым;

7) G бағанында - қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент емес үшін төленуге жататын қосылған құн салығының сомасы;

8) H бағанында - қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент емес үшін бюджетке нақты төленген не бюджеттен қайтаруға жататын артық төленген салық сомасы немесе нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымда қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасы есептелген қосылған құн салығының сомасы;

9) I бағанында - резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын төлем құжатының атауы;

10) J бағанында - резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын төлем құжатының нөмірі мен күні.

F бағанының жиынтық шамасы 300.11.001 жолына, G бағаны - 300.11.002 жолына және H бағаны - 300.11.003 жолына көшіріледі.

"Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

91. 300.11.004, 300.11.005 және 300.11.006 жолдарына қосымша нысан.

"Өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) A, B, C, D, E, F және G бағандары 300.11.001, 300.00.002 және 300.00.003 жолдарына қосымша нысанның тиісті бағандарын толтыру үшін көзделген тәртіпте толтырылады;

2) H бағанында - өткен салық кезеңдерінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасы;

3) I бағанында - өткен салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар және қызмет көрсетулер үшін есепті салық кезеңінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасы;

4) J бағанында - есепті салық кезеңінде резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын төлем құжатының немесе уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген нысан бойынша салық органы берген құжаттың атауы, нөмірі және күні;

5) K бағанында - төлем құжатының немесе уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша есепті салық кезеңінде резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын салық органы берген құжаттың нөмірі мен күні.

Есепті салық кезеңінде резидент емес үшін салықтың төленгенін растайтын құжат нысаны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 23 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылдың 15 қаңтарында N 2672 болып тіркелген бұйрығымен бекітілген "Жеке шот жүргізу ережелерінің" 17-бөлімінде келтірілген.

F бағанының жиынтық шамасы 300.00.004 жолына, G бағаны - 300.11.005 жолына және I бағаны - 300.11.006 жолына көшіріледі.

92. Қосымша Декларацияны беру кезінде "СТН" және аталған өзгеріс пен толықтыру жататын "Салық кезеңі" жолдарының деректемелері көрсетіледі.

93. Бұрын берілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі Декларациядағы түзетілетін жолдың түріне байланысты - әріптік, сандық немесе жиынтық.

Егер әріптік және (немесе) сандық жол түзетілетін жағдайда, қосымша Декларацияда дұрыс деректер көрсетіледі.

Егер жиынтық жол түзетілетін жағдайда, қосымша Декларацияда тек бұрын берілген Декларациямен салыстыру бойынша анықталған айырма сомасы көрсетіледі.

94. Декларацияға Қосымшаға және (немесе) қосымша нысандарға өзгерістер мен толықтыру енгізу кезінде СТН және салық кезеңі, сондай-ақ тек өзгеріс пен толықтыру енгізілетін жолдар мен беттердің нөмірлері көрсетіледі. Бұл ретте осы өзгеріс пен толықтыру жататын "СТН" және "Салық кезеңі" жолдарының деректемелері көрсетілетін Декларация беріледі.

95. Декларацияға Қосымшаның және (немесе) қосымша нысандардың әріптік және (немесе) сандық жолдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде дұрыс деректер көрсетіледі.

96. Декларацияға Қосымшаның және (немесе) қосымша нысандардың жиынтық жолдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде әріптік және (немесе) сандық жолдардың тиісті деректемелері және бұрын берілген деректермен салыстыру бойынша анықталған айырма сомасы көрсетіледі.

97. Егер бұрын қосымша Декларациялар берілген Декларацияға қосымша Декларация берілетін болса, онда осы қосымша Декларация бұрын берілген қосымша Декларацияларды ескере отырып берілуі тиіс.

98. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

**12. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді
жүзеге асыратын ұйымдар төлеуі тиіс қосылған құн
салығы - 300.12-нысанын жасау**

99. 300.12 нысаны Салық кодексінің 244-1-бабына сәйкес бюджетке төленуі тиіс қосылған құн салығының сомалары туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

100. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Декларация табыс етілетін салық кезеңі. Салық кезеңі Салық кодексінің 246-бабына сәйкес айқындалады. Егер салық кезеңі тоқсан болып табылса, онда айды көрсетуге арналған торкөз толтырылмайды. Салық кезеңі араб сандарымен көрсетіледі.

Егер айдың нөмірі екі символдан кем болса, онда ол оң торкөзде көрсетіледі;

ЭҚЖЖ коды. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет түрінің коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ тор көздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" тор көздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы тор көздердің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

4) Қызметтің түрлері. Қосылған құн салығын төлеушілер тиісті торкөздерге белгі қояды:

01 - ет және ет өнімдерін өндіру;

02 - жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу;

03 - өсімдіктер мен жануарлар майын өндіру;

04 - сүтті қайта өңдеу мен ірімшік өндіру;

05 - ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерін өндіру;

06 - жануарлар үшін дайын жемшөп өндіру;

07 - нан өндіру;

08 - балалар тағамын және диеталық тағам өнімдерін өндіру.

101. "Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдар төлеуі тиіс ҚҚС" бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 300.12.001 жолында салық кезеңі үшін жалпы белгіленген тәртіппен есептелген бюджетке төленуі тиіс ҚҚС сомасы көрсетіледі. Аталған сома былайша анықталады:

есепке жатқызудың бөлек әдісі кезінде - 300.00.010 және 300.00.020 жолдарының айырмашылығы ретінде;

есепке жатқызудың бара-бар әдісі кезінде - 300.00.010 және 300.00.021 жолдарының айырмашылығы ретінде.

Егер есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы есептелген салық сомасынан асып кетсе, 300.12.001 жолы толтырылмайды;

2) 300.12.002 жолында салық кезеңі үшін ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдар төлеуі тиіс ҚҚС сомасы көрсетіледі. Аталған сома 300.12.001 жолын 30 пайызға көбейту жолымен айқындалады.

102. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 300.01-300.12 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Салық кезеңі (есептік тоқсан) барысында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралар тізілімін жасау ережелері (307.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы аумағында салық кезеңі (есепті тоқсан) барысында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралар тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жасау тәртібін айқындайды, және оны толтыру тәртібін айқындайды.

2. Тізілім осы Тізілімнің өзінен (307.00-нысан) және Тізілімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, Қазақстан Республикасы аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралар туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (307.01-нысан) тұрады.

Тізілім 300.00 немесе 310.00 нысанының қосылған құн салығы бойынша декларацияларымен бір мезгілде табыс етіледі.

3. Тізілім қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Тізілімді толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Тізілімнің тиісті тор көздер толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осыған ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшаның "Жалпы ақпарат" бөлімінде Тізілімнің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Тізілімді беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Тізілімді тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Тізілімге қосымшаға алдын-ала төлем (аванс) алуға жазылып берілген шот-фактуралар енгізілмейді. Осы шот-фактуралар Тізілімге қосымшаға нақты тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) алынған салық кезеңінде (есепті токсанда) енгізіледі.

Егер бұрын алынған шот-фактураларға қосымша шот-фактуралар жазылған жағдайда, олар да Тізілімге қосымшаға енгізіледі.

13. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Тізілім (Тізілімнің 307.00-нысанын) жасау

14. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші келесі деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Салық кодексінің 247-бабының 3-тармағына сәйкес Тізілім жасалатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) ҚҚС төлеушінің аты-жөні немесе атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты;

4) тізілім түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Негізгі" торкөзі "Бастапқы" немесе "кезекті" Қосылған құн салығы бойынша декларацияға Тізілім берген кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Тізілім жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер қосылған құн салығын төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша тізілімді тапсырған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

6) ҚҚС туралы куәліктің сериясы мен нөмірі. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректемелері көрсетіледі;

7) торкөзді жер қойнауын пайдаланушылар ҚҚС бойынша Декларацияға Тізілім берген жағдайда белгіленеді.

А жолында - келісім-шарттан тыс жүзеге асырылған қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы берген ҚҚС бойынша Декларацияға Тізілім жасау жағдайында белгіленеді;

В жолында - жер қойнауын пайдалану келісім-шарты шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы берген ҚҚС бойынша Декларацияға Тізілім жасау жағдайында белгіленіледі;

8) келісім-шарттың нөмірі мен жасалған күні. Торкөзді жер қойнауын пайдалану келісім-шарты шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы берген қосылған құн салығы бойынша Декларацияға Тізілім жасау кезінде жер қойнауын пайдаланушы белгілейді:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасау күні

9) торкөз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші-заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимін қолданатын ҚҚС төлеуші арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша аталған ҚҚС төлеушілер берген ҚҚС бойынша Декларацияға Тізілім жасау жағдайында белгіленеді.

"Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мыналар көрсетіледі:

1) 307.00.001 жолы бойынша сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығының сомасы. Осы жолға I бағанының 000001 жолының сомасы көшіріледі;

2) 307.02.002 жолы бойынша есепті салық кезеңінде есепке жатқызуға жататын қосылған құн салығының сомасы. Осы жолға J бағанының 000001 жолының сомасы көшіріледі.

15. Салық төлеушінің жауапкершілігі бөлімінде:

1) "тізілімді жасауға жауапты тұлғаның аты-жөні" Тізілімді жасауға жауапты лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты.

Қағаз тасығыштағы Тізілімге Тізілімді жасауға жауапты лауазымды тұлға қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің мөрімен куәландырылады. Тізілім электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

2) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Тізілім тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

3) "Тізілімді қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Тізілімді қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

4) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

5) Тізілімнің салық органында қабылданған күні. Тізілімнің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

6) пошта штемпелінің күні. Тізілім пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Тізілім қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 307.01-нысанын жасау - Салық кезеңі ішінде (есепті тоқсанда) сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактуралар тізіліміне қосымша

16. 307.01-нысан Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шот-фактуралар туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

17. "Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде мыналар көрсетіледі:

А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

В бағанында - шот-фактурада көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

С бағанында - шот-фактурада көрсетілген жеткізушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлігінің сериясы, нөмірі және беру күні;

D бағанында - белгі қойылады, егер берілген жол бойынша қосымша шот-фактурадан мәліметтер көрсетілсе;

E бағанында - шот-фактура (немесе Салық кодексінің 243-бабына сәйкес салық салынатын айналымды түзеткенде жеткізуші жасайтын қосымша шот-фактураның) нөмірі;

F бағанында - шот-фактура көшірмесінің (немесе Салық кодексінің 243-бабына сәйкес салық салынатын айналымды түзеткенде жеткізуші жасайтын қосымша шот-фактураның) күні;

G бағанында - шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығы есептелмеген сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жалпы құны;

H бағанында - қосылған құн салығы есептелмеген, қосылған құн салығы есептелетін сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жалпы құны;

I бағанында - шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі. I-бағанының жиынтық шамасы 300.07 нысанның тек бірінші бетінде көрсетіледі және барлық беттердің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау жолымен айқындалады;

J бағанында - есепті салық кезеңінде есепке жатқызуға жатқызылуы тиіс қосылған құн салығының сомасы. J бағанының жиынтық шамасы 307.00 нысанның тек бірінші бетінде көрсетіледі және барлық беттердің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау жолымен айқындалады.

J бағанында Салық кодексінің 236-бабына сәйкес есепке жатқызылмайтын ҚҚС сомасы көрсетілмейді.

18. Бұрын берілген Тізілімге өзгеріс пен толықтыру енгізу тәртібі Тізілімдегі түзетілген жолдың түріне байланысты - әріптік, сандық немесе жиынтық.

Егер әріптік немесе сандық жолы түзетілген жағдайда, қосымша Тізілімде дұрыс деректер көрсетіледі.

Егер жиынтық жолы түзетілген жағдайда, Тізілімде тек бұрын берілген Тізіліммен салыстыру бойынша анықталған айырма сомасы ғана көрсетіледі.

19. Тізілімге Қосымшаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде СТН және салық кезеңі, сондай-ақ жолдар мен беттердің тек өзгеріс пен толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана көрсетіледі.

Тізілімге қосымшаға өзгерістер мен толықтыру енгізу жіберілген қателердің сипатына байланысты мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) тізілімнің "Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде B, C, D, E немесе F бағандарында қате табылған жағдайда қосымша Тізілімде осы деректемелерді дұрыс көрсету қажет.

Сонымен қатар бағандардың бірінде қате жіберілсе, қосымша Тізілімде барлық көрсетілген деректемелер көрсетілетінін ескеру қажет.

Бұл ретте Тізілімге Қосымшаның В парағы толтырылмайды;

2) тізілімнің "Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде G, H, I немесе J бағандарында қате табылған жағдайда, қосымша Тізілімде бұрын берілген Тізіліммен салыстыру арқылы анықталған айырманың сомасын көрсету қажет.

Бұл ретте B, C, D, E және F бағандарының деректемелерін және G, H, I және J бағандарының анықталған айырмасының сомасын көрсету қажет. G, H, I және J бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістерді енгізу кезінде анықталған айырманың сомасы минус белгісімен көрсетіледі;

3) тізілімнің "Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөліміндегі шот-фактураларды жою қажет болған жағдайда B, C, D, E және F бағандарының деректемелерін көрсету қажет, ал G, H, I және J бағандарында қарсы белгілермен өзгеріс енгізілетін Тізілімнің тиісті бағандарында көрсетілген сомалар көрсетілуі тиіс;

4) "сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде көрсетілген салық кезеңі үшін Тізілімге қосымша шот-фактура енгізу жағдайында толықтыру енгізілетін кезең үшін Тізілімде соңғы жолдан кейін келесі жолдың нөмірін көрсету қажет.

20. Егер бұрын қосымша Тізілімдер табыс етілген Тізілімге қосымша Тізілім табыс етіледі, не аталған қосымша Тізілім бұрын берілген қосымша Тізілімдерді ескере отырып, табыс етіледі.

21. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 307.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Қосылған құн салығы бойынша декларацияны жасау ережелері (310.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілердің қосылған құн салығын есептеуіне арналған Қосылған құн салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен (310.00-нысан), қосылған құн салығы бойынша салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (310.01-нысан) тұрады.

Декларация қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көз толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша берілмейді.

7. Тиісті қосымшада ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтырған кезде көрсетілген қосымша міндетті түрде толтыруға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осыған ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз түрінде келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен салық төлеуші почта арқылы почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Декларациядағы Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларация нысанын жасау

13. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде қосылған құн салығын төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - қосылған құн салығын төлеуші - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) есепті тоқсан - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (тоқсан);

3) ҚҚС төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы торкөздердің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) декларация түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөзде белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзінде белгі, егер салық төлеуші Декларацияны қосылған құн салығын төлеушілер ретінде оны тіркегеннен кейін алғаш рет берген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі декларацияны беру кезінде, "Кезекті" тор көзіне белгі қойылады.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация тапсыру жолымен бұрын тапсырылған Декларацияға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер қосылған құн салығын төлеуші Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген хабарламаны алса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі таратылған (қайта құрылған), қосылған құн салығы бойынша есептен шығарған кезде белгі жасалады;

6) хабарлама нөмірі мен күні. Хабарлама бойынша қосымша Декларация берген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы мен нөмірі. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректемелері көрсетіледі;

9) патент нөмірі мен сериясы. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолдану құқығына патенттің (бұдан әрі - Патент) нөмірі мен сериясы.

14. "Патент бойынша ҚҚС-ты есептеу" бөлімінде Патент құнының Есебіне сәйкес қосылған құн салығын есептеу туралы ақпарат көрсетіледі. Патент құнына енгізілген қосылған құн салығын есептеу Салық кодексінің 338-бабында айқындалған.

Осы бөлімді толтыру кезінде 931.00 нысаны пайдаланылады.

1) 310.00.001А жолында 931.00.003 жолының, 310.00.001В жолында - 931.00.008 жолының шамасы көрсетіледі;

2) 310.00.002 жолында 931.00.004 және 931.00.005 жолдарының сомасы көрсетіледі;

3) 310.00.003А жолында 931.00.011 жолының, 310.00.003В жолында - 931.00.017 жолының шамасы көрсетіледі;

4) 310.00.004 жолында 931.00.012 және 931.00.013 жолдарының сомасы көрсетіледі;

5) 310.00.005 жолында 931.00.018 жолының шамасы көрсетіледі.

15. "Есепті тоқсан үшін ҚҚС есептеу" бөлімінде есепті тоқсан үшін жүзеге асырылған сату бойынша нақты айналымдар (кірістер) және олар бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі:

1) 310.00.006А жолында 15 пайыз ставкасы бойынша қосылған құн салығы салынатын есепті тоқсан үшін сату бойынша нақты айналым (кіріс) көрсетіледі.

310.00.006В жолында 310.00.006А көрсетілген салық салынатын айналым мөлшерінен қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

2) 310.00.007 жолында қосылған құн салығын есептеу жүргізілмейтін есепті тоқсан ішінде жүзеге асырылған нақты айналымдар (кірістер) көрсетіледі;

Бұл жолға қосылған құн салығының ставкасы қолданылатын айналымдар, сондай-ақ Салық кодексінің 225-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған айналымдар енгізіледі;

3) 310.00.008В жолында Декларацияға Қосымша N 1 көрсетілген, өзіне 310.01.001Е жолының қорытынды шамасын енгізетін Салық кодексінің 250-бабына сәйкес тауарларды импорттау кезінде есептелген қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі;

4) 310.00.009А жолында Салық кодексінің 250-бабына сәйкес есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеумен есепті тоқсан үшін жүзеге асырылатын импортталатын тауарларды қоспағанда, қосылған құн салығының есебінсіз сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны, 310.00.009В жолында аталған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) импорты кезінде және жеткізушілерге төленген (төлеуге жататын) қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) 310.00.010 жолында қосылған құн салығын енгізбейтін бағалар бойынша есепті тоқсанның ішінде сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны көрсетіледі. Бұл ретте, осы жолдың шамасы Салық кодексінің 225-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құнын, сондай-ақ Салық кодексінің 36-тарауына сәйкес нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын шығыстарды енгізеді;

6) 310.00.011 жолында Салық кодексінің 250-бабына сәйкес есепке алу әдісімен қосылған құн салығын төлеумен есепті тоқсан үшін жүзеге асырылатын импортталатын тауарлар бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 310.00.012 жолында $(310.00.006В + 310.00.008В) - (310.00.009В + 310.00.011В)$ формуласы бойынша айқындалатын, есепті тоқсан үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

16. "Жыл басынан бастап ҚҚС-ты есептеу" бөлімінде жыл басынан бастап жүзеге асырылған сату бойынша нақты айналымдар (кірістер) көрсетіледі. Осы бөлімнің жолын толтыру "Есепті тоқсан үшін ҚҚС-ты есептеу" бөлімінің жолын толтыру үшін белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Бұл ретте, осы бөлімнің әрбір жолының шамасы ұлғаймалы жиынтықпен есептеледі және есепті тоқсан үшін осы нысанның "Есепті тоқсан үшін ҚҚС-ты есептеу" бөлімінің тиісті жолында және бұрынғы есепті тоқсан үшін 310.00 нысанының "Жыл басынан бастап ҚҚС-ты есептеу" бөлімінің тиісті жолында көрсетілген шама сомасы ретінде айқындалады.

310.00.019 жолында $(310.00.013В + 310.00.015) - (310.00.016В + 310.00.018)$ формуласы бойынша айқындалатын, жыл басынан бастап есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

17. "Бюджетпен есеп айырысулар" бөлімінде Салық кодексінің 388-бабында көзделген салықтарды төлеу жөніндегі жеңілдіктерді ескеріп бюджетпен нақты есеп айырысулар туралы ақпарат көрсетіледі:

1) 310.00.020 жолында Патент бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Осы жолға 931.00.016 жолының шамасы көшіріледі;

2) 310.00.021 жолында 0,2 коэффициентіне 310.00.012 жолының шамасын көбейту жолымен айқындалатын, 80 пайызға жеңілдікті ескеріп есепті тоқсан үшін қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

3) 310.00.022 жолында 0,2 коэффициентіне 310.00.019 жолының шамасын көбейту жолымен айқындалатын, 80 пайызға жеңілдікті ескеріп жыл басынан бастап қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

4) 310.00.023 жолы толтырылуға жатпайды;

5) 310.00.024 жолы толтырылуға жатпайды.

18. "Шот-фактуралар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 310.00.025 жолының А және В бағандарында-есептік тоқсанда және сәйкесінше жыл басынан тіркелген бланктер саны;

2) 310.00.026 жолының А және В бағандарында - есептік тоқсанда және сәйкесінше жыл басынан қолданылған бланктер саны көрсетіледі.

19. Салық төлеушінің жауапкершілігі бөлімінде:

1) "басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агентінің не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары

мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Қосылған құн салығы есептеу әдісімен төленетін тауарлар импорты - 310.01-нысанын жасау

20. 310.01 нысаны Салық кодексінің 250-бабында көзделген салық кезеңі барысында кедендік ресімдеу кезінде тауарлар импорты бойынша есептеу әдісімен төленетін қосылған құн салығы мәліметтерін көрсетуге арналған.

21. "Есептеу әдісімен төленетін тауарлар импорты бойынша ҚҚС есептеу" бөлімінде келесі мәліметтер:

1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;

2) В бағанында - импортталатын тауарлардың атауы;

3) С бағанында осыған сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды еркін айналымға шығару жүзеге асырылған - кедендік жүк декларациясының тіркеу нөмірі;

4) D бағанында - Салық кодексінің 220-бабына сәйкес айқындалатын, салық салынатын импорт мөлшері;

5) E бағанында - Салық кодексінің 250-бабына сәйкес есептеу әдісімен төленген ҚҚС сомасы көрсетіледі. Осы сома кедендік жүк декларациясында көрсетілген салық сомасына сәйкес болуы қажет.

310.01.001E жолының қорытынды шамасы Декларацияның 310.00.008 жолына көшіріледі.

22. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 310.00, 310.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімдерін өзгерту туралы өтінішті толтыру ережелері (312.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 249-бабына сәйкес Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) толтыру тәртібін айқындайды.

2. Өтініш осы Өтініштің өзінен (312.00-нысан) және оған қосымшалардан (312.01 және 312.02-нысан) тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта жасалады және қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Қосымшаларда көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша берілмейді.

6. Тиісті қосымшаларда ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтырған кезде көрсетілген қосымшалар толтыруға жатады.

7. Қосымшалар парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшалардың осындай парағы толтырылады.

8. Өтінішті беру кезінде:

1) келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен қосылған құн салығын төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - қосылған құн салығын төлеуші почта байланыс ұйымының хабарламасын алады.

9. Өтінішке қосылған құн салығын төлеуші тауарларды жеткізуге шарттардың (келісім-шарттардың) көшірмесін қоса береді.

10. Кеден органы жүк кедендік декларацияны қабылданған күннен бастап үш ай ішінде жарамды Импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту туралы салық органының шешімін алу үшін осы Ережелердің 6-тармағында көрсетілген Өтініш пен құжаттар ҚҚС төлеушіні тіркеу орны бойынша салық органына беріледі.

11. Бір жыл ішінде жарамды Импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту туралы мемлекеттік уәкілетті органның шешімін алу үшін осы Ережелердің 6-тармағында көрсетілген Өтініш пен құжаттар, сондай-ақ оның өндірістік қуаттары мен үй-жайларының барлығы туралы ҚҚС төлеушіні тіркеу орны бойынша салық органының қорытындысы уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

12. Өтініш Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Өтініш - 312.00 нысанын толтыру тәртібі

13. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде қосылған құн салығын төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) ҚҚС төлеушінің аты-жөні немесе атауы. ҚҚС төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы көрсетіледі;
- 3) ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы мен нөмірі. ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің деректемелері көрсетіледі.

14. "Импортталатын тауарлар туралы мәліметтер" бөлімінде:

- 1) импортталатын тауарлардың түрі.

Бұл ретте, егер импортталатын тауарлар өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған шикізат немесе материалдар болып табылса, өтінішке 2-қосымшаны толтыру қажет;

2) 5-жолда импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімін өзгерту туралы салық қызметі органының шешімі берілетін кезең көрсетіледі.

15. Салық төлеушінің жауапкершілігі бөлімінде:

- 1) "басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

Қағаз тасығыштағы Өтінішке салық төлеуші (басшы) не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады;

- 2) өтініш беру күні. Өтінішті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

3) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары

мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

4) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

6) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Оларға сәйкес тауарлар импорты жүзеге асырылатын шарттар (келісім-шарттар) туралы ақпарат - 312.01 нысанын толтыру

16. 312.01 нысаны ҚҚС төлеуші оларға сәйкес ҚҚС төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты жүзеге асырылатын шарттар (келісім-шарттар) туралы ақпаратты көрсетуі үшін толтырылады.

17. Беттердің нөмірін көрсетуге арналған жолда ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

18. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы мәліметтер" бөлімінің 1-жолында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

19. "Тауарларды жеткізуге шарттардың (келісім-шарттардың) деректемелері" бөлімінде мынадай деректер:

А-бағанында жолдың реттік нөмірі;

В-бағанында шарттың (келісім-шарттың) жасалған күні;

С-бағанында шарттың (келісім-шарттың) нөмірі;

Д-бағанында импортталатын тауарларды ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының коды (бұдан әрі - кеден органының коды) көрсетіледі. Кеден органының коды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы кеден органдарының жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

20. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

4. Шикізаттар мен материалдардың сипаттамасы - 312.02 нысанын толтыру

21. 312.01 нысаны өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін арналған шикізаттар мен материалдарды импорттауды жүзеге асыратын ҚҚС төлеушімен толтырылады.

22. Беттердің нөмірін көрсетуге арналған жолда ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

23. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы мәліметтер" бөлімінде мынадай деректер:

- 1) 1-жолда салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) шарттың (келісім-шарттың) жасалған күні;
- 3) шарттың (келісім-шарттың) нөмірі көрсетіледі.

24. "Қайта өңдеу өнімі" бөлімінде:

А-бағанында Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының (бұдан әрі - СЭҚ ТН) коды;

В-бағанында өндіру мақсатында шикізаттар мен материалдардың импорты жүзеге асырылған қайта өңдеу өнімінің атауы (бұдан әрі - қайта өңдеу өнімі) көрсетіледі.

25. "Шикізаттар мен материалдардың тізбесі" бөлімінде:

А-бағанында СЭҚ ТН коды;

В-бағанында санаттар мен сұрыптар бойынша бөлмей, қайта өңдеу өнімін өндіру үшін импортталатын шикізаттар мен материалдардың атауы (бұдан әрі - шикізаттар мен материалдар);

С-бағанында шарт (келісім-шарт) бойынша қайта өңдеу өнімін өндіру үшін импортталатын шикізаттар мен материалдардың шарт (келісім-шарт) валютасындағы құны (бұдан әрі - шарт (келісім-шарт) бойынша шарт (келісім-шарт) валютасындағы құны);

Д-бағанында валюта коды көрсетіледі. Валюта коды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кедендік ресімдеу мақсатында пайдаланылатын валюта жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

26. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 312.00-310.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар
(жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген
қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы
өтінішті жасау ережелері
(322.00-нысан)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын бюджеттен қайтару туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды.

2. Өтініш осы Өтініштің өзінен (322.00-нысан) және 322.00 Өтініштің 322.00.001 жолына қосымша нысаннан тұрады.

3. Өтініш қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Өтініштің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымша нысанның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымша нысанның осындай парағы толтырылады.

7. Қосымша нысанның "Жалпы ақпарат" бөлімінде Өтініштің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

8. Өтінішті қағаз тасығышта келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады.

9. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Өтініш жасау (322.00-нысанын)

10. "Жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) өтініштің жасалған күні - Өтініш жасалған ағымдағы күн көрсетіледі;

3) грант алушының немесе орындаушының аты-жөні немесе атауы. Грант алушының немесе орындаушының тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы көрсетіледі;

4) оған сәйкес грант берілген халықаралық шарттың өзіне оның атауын, нөмірі мен күнін қамтитын деректемелері көрсетіледі;

5) грант бөлінген мақсаттары. Грант бөлінген мақсаттары көрсетіледі;

6) қосымша нысан парақтарының саны. Берілген қосымша нысан парақтарының саны көрсетіледі;

7) өтініш түрі. Бұл торкөздер берілген Өтініш түріне қарай белгіленеді.

"Негізгі" торкөзі бастапқы немесе кезекті Өтініш берген кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі егер негізгі Өтініш бойынша қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының бұрынғы сомасы салық тексеру актісімен қайтаруға толық мөлшерде расталмаған жағдайда грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығының қалған сомасын растау үшін қосымша Өтініш жасау кезінде белгіленеді.

11. "Қайтаруға жататын ҚҚС сомасы туралы мәліметтер" бөлімінде 322.00.001 жолында өзіне Өтініштің 322.00.001 жолына қосымшаның Н бағанының қорытынды шамасын енгізетін қайтаруға жататын қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі.

Қосымша Өтініш толтырылған жағдайда 322.00.001 жолында негізгі Өтініш бойынша қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының бұрынғы сомасы салық тексеру актісімен қайтаруға толық емес көлемде расталған жағдайда, грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша төленген қосылған құн салығының қалған сомасы көрсетіледі.

12. "Грант алушының немесе орындаушының аты-жөні немесе атауы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес грант алушының немесе орындаушының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Өтінішке грант алушы немесе орындаушы қол қояды, сондай-ақ грант алушының немесе орындаушының мөрімен расталады.

13. Салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

"Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

14. Өтініштің екінші жақ бетінде қосылған құн салығын қайтаруды жүзеге асыру үшін грант қаражаты есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізушілердің қосылған құн салығын төлегенін растайтын қоса берілген құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

15. Өтініштің 322.00.001 жолына Қосымша нысан.

"Грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша төленген ҚҚС сомасы" бөлімінде мыналар көрсетіледі:

А бағанында - жолдың рет нөмірі;

В бағанында - жеткізуші салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

С бағанында - шот-фактурада көрсетілген жеткізушінің қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлігінің сериясы мен нөмірі;

Д бағанында - шот-фактураны жасау күні мен нөмірі;

Е бағанында - төлемді растайтын құжат нөмірі (төлем құжаттары);

Г бағанында - Е бағанында көрсетілген құжатты жасау күні;

Г бағанында - қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны;

Н бағанында - қайтаруға көрсетілген қосылған құн салығының жиынтық сомасы. Н-бағанының жиынтық шамасы Өтініштің 322.00.001 жолына көшіріледі

Қосымша Өтініш толтырылған кезінде 322.00.001 жолына қосымша нысан толтырылмайды.

16. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 322.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Есептелген салық сомасынан есепке жатқызуға
жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып**

кетуін қайтару туралы өтінішті толтыру ережесі (392.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Есептелген салық сомасынан есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып кетуін қайтару туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) толтыру тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексін енгізгенге дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша салық режимінің тұрақтылығы нормаларына сәйкес есептелген салық сомасынан есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып кетуін қайтару көзделген салық төлеушілер толтырады.

2. Өтініш қағаз түрінде - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен , баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Өтініштің тиісті ұяшықтары толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

6. Өтінішті беру кезінде:

1) Өтініш қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) салық төлеуші хабарламаны почта арқылы хабарламалы тапсырысты хатпен қағаз түрінде почта немесе өзгелей байланыс ұйымы арқылы алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

7. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Өтінішті толтыру

8. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) ҚҚС төлеушінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің толық атауы көрсетіледі;

3) ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік. Сериясын, нөмірін және өзіне қою күнін тұратын қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректері көрсетіледі;

4) Келісім-шарттың нөмірі мен жасау күні. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың нөмірі мен жасау күні көрсетіледі;

5) Салық кезеңдері. Нәтижелері бойынша қосылған құн салығы қайтарылуға жататын салық кезеңдері көрсетіледі;

6) Банктік деректемелер. Бенефициар банктің атауынан, бенефициар банктің тіркеу нөмірінен, банктік сәйкестендіру кодынан (БСК) және жеке сәйкестендіру кодынан (ЖСК) тұратын банктік деректемелер көрсетіледі;

7) Өтініштің түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Өтініштің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Негізгі" торкөзі есепке жатқызылған салық сомасының салық кезеңі ішінде есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайда белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгертулер мен толықтырулар салық кезеңіне жататын, ол үшін қосымша Өтінішті жасағанда белгіленеді.

Қосымша өтініш егер бұрын негізгі Өтініш бойынша қайтаруға мәлімделген қосылған құн салығының сомасы салық тексеруінің актісінде қайтаруға толық емес мөлшерде расталған жағдайда, есептелген салық сомасынан есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы асып кетуінің қалған сомасын растау үшін жасалады.

9. "Қайтарылуға жататын ҚҚС сомалары туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 392.00.001 жолында Өтінішті беру күніне қосылған құн салығын төлеушіде қалыптасқан есептелген салық сомасынан есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып кетуі көрсетіледі.

2) 392.00.002 жолында қайтаруға ұсынылған салықтың сомасы көрсетіледі. Осы жолдың шамасы Өтінішті беру күнінің алдындағы салық кезеңі үшін жасалған 300.00 нысанның 300.00.026 жолында көрсетілген шамадан аспауы тиіс.

Қосымша өтінішті толтыру кезінде осы жолда, егер бұрын негізгі өтініш бойынша қайтаруға мәлімделген қосылған құн салығының сомасы салық тексеруінің актісімен қайтаруға толық емес расталған жағдайда, есептелген салық сомасынан есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығы асып кетуінің қалған сомасы көрсетіледі. Бұл ретте осы жолдың мәні негізгі Өтініштің осы жолында көрсетілген мәннен аспауы тиіс.

10. "Төлеушінің аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген салық есептілігіне салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс.

Салық есептілігі электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс.

11. Салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі .

"Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі.

Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі.

Пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 392.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Акциз бойынша декларация жасау ережесі (400.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және акциз төлеушілердің Салық кодексінің 9 бөліміне сәйкес акцизделетін тауарлар бойынша акциз төлеуіне арналған Акциз бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (400.00-нысан) және акцизбен салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (400.01-400.09 нысандар), сондай-ақ қосымшаның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша нысандардан тұрады.

3. Декларация қағаз түрінде - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда және (немесе) қосымша нысандарда көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымшалар және (немесе) қосымша нысандар берілмейді.

7. Тиісті қосымшаларда және (немесе) қосымша нысандарда ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтырған кезде көрсетілген қосымшалар және (немесе) қосымша нысандар толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың немесе қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Қосымшалардың немесе қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

400.02 қосымшасы алкоголь өнімінің әр бюджеттік жіктеу коды бойынша бөлек толтырылады;

400.04 қосымшасын жер қойнауын пайдаланушылар әрбір келісім-шарт бойынша толтырады;

9. Қосымшаның және(немесе) қосымша нысандардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) декларация қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен салық төлеуші почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. 400.03 нысанын толтыру кезінде - темекі өнімінің бір талына және/немесе килограмна есепті ескере отырып акциз ставкасы көрсетіледі. Бұл үшін темекі

өнімдерінің және құрамында темекі бар өзгелей өнімдерге белгіленген бірлік өлшеміне акциз ставкасын 1000-ға бөлу қажет.

13. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Акциз бойынша декларация - 400.00-нысанын жасау

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Акциз бойынша күнтізбелік ай есепті салық кезеңі болып табылады. Егер ай нөмірінде екі белгіден аз болса, онда ол оң торкөзде көрсетіледі;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) декларацияның түрі. Бұл торкөздерге Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгі қойылады. Декларацияның түріне қатысты тиісті торкөзге белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзі егер акцизделетін тауарларға байланысты қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін салық төлеуші алғашқы рет декларация берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация беру арқылы бұрын тапсырылған Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші бұрын көрсетілген Декларацияға оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін

Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген хабарлама алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі Салық органына берілетін соңғы декларацияда салық төлеушіні тарату немесе қайта ұйымдастыру кезінде, белгі жасалады;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша декларацияны тапсырған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) ұсынылған қосымшалар. Ұсынылған қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) ұсынылған 400.02 қосымшаларының саны. 400.02 қосымшаларының жалпы саны көрсетіледі;

10) 400.04 қосымшаларының саны. 400.04 қосымшаларының жалпы ұсынылған саны көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушы - салық төлеушілер белгілейді;

11) құрылымдық бөлімшелер үшін ұсынылған есеп айырысулар. Құрылымдық бөлімшелер үшін толтырылған есеп айырысулар нысанына қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

15. "Төлеуге акциздер есептелді" бөлімінде:

1) 400.00.001 жолына 400.01.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 400.00.002 жолына 400.02 барлық нысандары бойынша 400.02.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 400.00.003 жолына 400.03.011, 400.03.022, 400.03.033, 400.03.044 және 400.03.055 жолында көрсетілген шамалардың сомасы көшіріледі;

4) 400.00.004 жолына 400.04.012 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 400.00.005 жолына 400.05.003С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 400.00.006 жолына 400.05.006С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 400.00.007 жолына 400.09.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 400.00.008 жолында өзге де акцизделетін тауарлар бойынша есептелген акциз сомалары көрсетіледі. Бұл жолды жер қойнауын пайдалануға

келісім-шартта белгіленген салық режимінде акцизді есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын салық төлеушілер толтырады;

9) 400.00.009 жолында 400.00.001-400.00.008 жолдарында көрсетілген шамаларды қосу арқылы айқындалатын есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 400.00.010 жолына 400.06.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

11) 400.00.011 жолында 400.00.009 және 400.00.010 жолдарында көрсетілген шамалардың айырмашылығы ретінде айқындалатын есептелген акциздер сомасының барлығы көрсетіледі;

12) 400.00.012 жолына 400.07.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 400.00.013 жолы толтырылуға жатпайды;

14) 400.00.013A, 400.00.013B, 400.00.013C және 400.00.013D жолдарында толтырылуға жатпайды.

16. "Акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар" бөлімінде:

400.00.014 жолына 400.08.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

17. Салық төлеушінің жауапкершілігі бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, жолда "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы керек, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу

және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Спирт бойынша салық салынатын операциялар

- 400.01 нысанын жасау

18. 400.01 нысаны спирттің (бұдан әрі - спирт) барлық түрлері бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған және оны мынадай салық төлеушілер толтырады:

спирт өндірушілер;

тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген спирттің конкурстық массасын өткізуді жүзеге асыратын;

емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсету үшін сатып алынған спиртті мақсатсыз пайдалануды жүзеге асыратын, сондай-ақ базалықтан төмен ставка бойынша акцизбен сатып алынған спирт және оны алкоголь өнімінің өндірісіне пайдаланбайтын.

19. "Спирт бойынша салық салынатын операциялар" бөлімі үш бағаннан тұрады:

1) А бағанында салық базасының мөлшері көрсетіледі;

2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

20. "Спирт бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.01.001 жолында алкоголь өнімінің өндірісі үшін өткізілген өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) 400.01.002 жолында алкоголь өнімінің өндірісі үшін емес өткізілген өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі.

Осы жолда алкоголь өнімін өндірушілерге өткізілген спирт туралы мәліметтер, сондай-ақ емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсетулер үшін өткізілген спирт туралы мәліметтер көрсетілмейді;

3) 400.01.003 жолында өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) 400.01.004 жолында акцизделетін тауарларды өзі өндіру үшін пайдаланылған өз өндірісінің спирті бойынша есептелген акциз туралы мәліметтер көрсетіледі;

5) 400.01.005 жолында алыс-беріс негізінде қайта өңдеуге берілген өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

6) 400.01.006 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

7) 400.01.007 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

8) 400.01.008 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиесілігіне берілген өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

9) 400.01.009 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген спирттің конкурстық массасын өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

10) 400.01.010 жолында бүлінуі немесе жоғалуы фактісі анықталған өз өндірісінің спирті бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

11) 400.01.011 жолында алкоголь өнімінің өндірісі, емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсетулер көрсету үшін сатып алынған, бірақ мақсаты бойынша пайдаланылмаған спирт бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

12) 400.01.012 жолында алкоголь өнімінің өндірісі үшін сатып алынған кезде спиртті жеткізушілерге төленген акциз сомасы көрсетіледі.

400.01.012 жолы 400.01.011 жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Жол спиртті жеткізушіге акцизді есепке алумен төленгенін растайтын төлем құжаттарының негізінде толтырылады;

13) 400.01.013 жолында 400.01.001С-400.01.010С жолдарында көрсетілген шамалардың және 400.01.012 жолында көрсетілген шаманың айырмашылығы ретінде айқындалатын спирт бойынша салық салынатын операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы көрсетіледі.

400.01.013А, 400.01.013В және 400.01.013С жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күніне бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

400.01.013 жолының шамасы Декларацияның 400.00.001 жолына көшіріледі.

21. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

4. Алкоголь өнімі бойынша салық салынатын операциялар - 400.02 нысанын жасау

22. 400.02 нысан өз өндірісінің алкоголь өнімдері бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Сондай-ақ осы нысанда тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген алкоголь өнімдерінің конкурстық массасын өткізу жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

Алкоголь өнімінің әрбір түріне жеке бет жасалады.

23. "Алкоголь өнімдері бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

- 1) 400.02.001А жолында алкоголь өнімінің түрі көрсетіледі;
- 2) 400.02.001В жолында бюджеттік жіктемеге сәйкес код көрсетіледі;
- 3) 400.02.002 жолында өз өндірісінің сатылған алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;
- 4) 400.02.003 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісінің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;
- 5) 400.02.004 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған өз өндірісінің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;
- 6) 400.02.005 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген өз өндірісінің алкоголь өнімдерінің саны көрсетіледі;
- 7) 400.02.006 жолында салық төлеушінің өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған өз өндірісі алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі;
- 8) 400.02.007 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген алкоголь өнімінің өткізілген конкурстық массасының көлемі көрсетіледі;
- 9) 400.02.008 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған өз өндірісі алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі;
- 10) 400.02.009 жолында есепке алу-бақылау маркасы бүлінген немесе жоғалған кезде салық салынатын базаға енгізілетін өз өндірісі алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі. 400.02.009 жолы бағаннан тұрады:

А бағанында маркалардың саны көрсетіледі;

В бағанында тұтынушылық ыдыстың сыйымдылығы көрсетіледі;

С бағанында А және В бағандарының туындысы ретінде есептелетін салық базасының мөлшері көрсетіледі.

400.02.009 жолының шамасы С бағанының деректерін акциз ставкасына көбейтумен айқындалады;

11) 400.02.010 жолында 400.02.002-400.02.009 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалатын есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;

12) 400.02.011 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

13) 400.02.012 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

400.02.012А, 400.02.012В, 400.02.012С және 400.02.012D жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күніне бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

Осы Ереженің 21-тармағы 3)-10) тармақшаларында көрсетілген жолдар салық базасын көрсетуге арналған. Салық базасы литрмен көрсетіледі.

400.02.012 жолының шамасы Декларацияның 400.00.002 жолына көшіріледі.

24. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

5. Темекі бұйымдары бойынша салық салынатын операциялар - 400.03 нысанын жасау

25. 400.03 нысаны тұтынушы ыдысына қорапталған және соңғы тұтынушыға арналған фильтрлі сигареталарды, фильтрсіз сигареталарды, папиростарды, сигараларды, сигариллаларды, шегетін, шайнайтын, иіскейтін темекіні (бұдан әрі - темекі) қоса алғанда, өз өндірісінің темекі бұйымдары бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген темекі бұйымдарының конкурстық массасын өткізу бойынша есепті салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

26. "Фильтрлі сигареталар бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.03.001 жолында сатылған өз өндірісінің фильтрлі сигареталарының саны көрсетіледі;

2) 400.03.002 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісінің фильтрлі сигареталарының саны көрсетіледі;

3) 400.03.003 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған өз өндірісінің фильтрлі сигареталарының саны көрсетіледі;

4) 400.03.005 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиіп-жөнелтілген өз өндірісінің фильтрлі сигареталарының саны көрсетіледі;

5) 400.03.005 жолында салық төлеушінің өндірістік қажеттіліктеріне және акцизделетін тауарларды өзі өндіру үшін пайдаланылған өз өндірісінің фильтрлі сигареталарының саны көрсетіледі;

б) 400.03.006 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген фильтрлі сигареталардың өткізілген конкурстық массасының саны көрсетіледі;

7) 400.03.007 жолында бұліну немесе жоғалу фактісі анықталған, өз өндірісінің фильтрлі сигареталарының саны көрсетіледі;

8) 400.03.008 жолында акциздік маркалар бүлінген немесе жоғалған кезде салық салынатын базаға енгізілетін фильтрлі сигареталардың көлемі көрсетіледі:

400.03.008А жолында бұлінген және жоғалған акциздік маркалардың саны көрсетіледі;

400.03.008В жолында акциздік маркалардың бүлінуі, жоғалуы болған кезеңнің алдындағы салық кезеңінің ішінде өнімді қораптау жүргізілген, қораптағы сигарета санының барынша көп саны көрсетіледі.

400.03.008 жолының шамасы 400.03.008А және 400.03.008В жолдарында көрсетілген шамалардың туындысы ретінде есептеледі;

9) 400.03.009 жолында фильтрлі сигареталар бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 400.03.001-400.03.008 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

10) 400.03.010 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

11) 400.03.011 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

400.03.011A, 400.03.011B және 400.03.011C жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күніне бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

27. "Фильтрсіз сигареталар, папиростар бойынша салық салынатын операциялар" бөлімі фильтрсіз сигареталар бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген фильтрсіз сигареталардың, папиростардың конкурстық массасын өткізу бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

400.03.012-400.03.022 жолдарын толтыру 400.03.001-400.03.011 жолдарына толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.

28. "Темекі бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.03.023 жолында өз өндірісі темекісінің өткізілген көлемі көрсетіледі:

- 2) 400.03.024 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісі темекісінің көлемі көрсетіледі;
- 3) 400.03.025 жолында заттай төлеу кезінде пайдаланылған өз өндірісі темекісінің көлемі көрсетіледі;
- 4) 400.03.026 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген өз өндірісі темекісінің көлемі көрсетіледі;
- 5) 400.03.027 жолында салық төлеушінің өзіндік өндірістік қажеттіліктері үшін пайдаланылған өз өндірісі темекісінің көлемі көрсетіледі;
- 6) 400.03.028 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген темекінің өткізілген конкурстық массасының көлемі көрсетіледі;
- 7) 400.03.029 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған өз өндірісі темекісінің көлемі көрсетіледі;
- 8) 400.03.030 жолында акциздік маркалар бүлінген немесе жоғалған кезде салық салынатын базаға енгізілетін темекінің көлемі көрсетіледі:
400.03.030А жолында бүлінген және жоғалған акциздік маркалардың саны көрсетіледі;
400.03.030В жолында қорапта килограммен темекі саны көрсетіледі;
- 9) 400.03.031 жолында темекі бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 400.03.023-400.03.030 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;
- 10) 400.03.032 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;
- 11) 400.03.033 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
400.03.033А, 400.03.033В және 400.03.033С жолдарында сәйкесінше есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күніне бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.
29. 400.03.034 - 400.03.044 жолдарын толтыру 400.03.023 - 400.03.033 жолдарына толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.
30. 400.03.045 - 400.03.055 жолдарын толтыру 400.03.023 - 400.03.033 жолдарына толтыру жүргізілетін тәртіпте жүргізіледі.
31. 400.03.011, 400.03.022, 400.03.033, 400.03.044 және 400.03.055 жолдары шамаларының Декларацияның 400.00.003 жолына көшіріледі.
32. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

6. Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша салық салынатын операциялар - 400.04-нысанын жасау

33. 400.04 нысаны шикі мұнай (бұдан әрі - мұнай), газ конденсаты бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнайдың конкурстық массасын өткізу бойынша салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

34. Қосымшаның ағымдағы бетінің нөмірі, сондай-ақ "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 3 және 4-жолдарын жер қойнауын пайдаланушы-салық төлеушілер толтырады.

3-жолда қосымша жасалатын қызмет түрі көрсетіледі:

3А - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша.

Егер салық төлеуші - жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт бойынша да, келісім шарт шегінен тыс та қызметті жүзеге асырса, осы қызмет түрлері бойынша қосымша жеке жасалады.

Егер аталған салық төлеушілер бір уақытта бірнеше келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын болса, онда әрбір келісім-шарт бойынша бөлек қосымша жасалады;

3В - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша.

4-жолда егер қосымша келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жасалатын болса, келісім-шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

35. "Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша салық салынатын операциялар" бөлімінде:

1) 400.04.001 жолында экспортқа өткізілген шикі мұнайдан, газ конденсатынан басқа, өз өндірісінің өткізілген шикі мұнайының, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

2) 400.04.002 жолында Ресей Федерациясына экспорт бойынша өткізілген өз өндірісі шикі мұнайының, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

3) 400.04.003 жолында алыс-беріс негізінде қайта өңдеуге жіберілген өз өндірісі шикі мұнайының, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

4) 400.04.004 жолында салық төлеушінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған өз өндірісі шикі мұнайының көлемі көрсетіледі;

5) 400.04.005 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісі шикі мұнайының көлемі көрсетіледі;

6) 400.04.006 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған өз өндірісі шикі мұнайының көлемі көрсетіледі;

7) 400.04.007 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиесілі жөнелтілген өз өндірісі шикі мұнайының көлемі көрсетіледі;

8) 400.04.008 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген шикі мұнайдың, газ конденсатының өткізілген конкурстық массасының көлемі көрсетіледі;

9) 400.04.009 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған өз өндірісі мұнайының көлемі көрсетіледі;

10) 400.04.010 жолында шикі мұнай, газ конденсаты бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері анықталады. Осы жолдың шамасы 400.04.001-400.04.009 жолдарында көрсетілген соманы қосумен айқындалады;

11) 400.04.011 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

12) 400.04.012 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

400.04.012А, 400.04.012В және 400.04.012С жолдарына есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күніне бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

400.04.012 жолының шамасы Декларацияның 400.00.005 жолына көшіріледі.

36. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

7. Бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны бойынша салық салынатын операциялар - 400.05-нысанын жасау

37. 400.05 нысаны бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны (бұдан әрі - мұнай өнімдері) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнай өнімдерінің конкурстық массасын өткізу бойынша есепті салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

38. "Бензин (авиациялықты қоспағанда)" бөлімінде:

1) А бағанында тиісті жолда көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері көрсетіледі. Салық базасы тоннамен көрсетіледі;

2) В бағанында белгіленген акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексі 269-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі.

39. "Бензин (авиациялықты қоспағанда)" бөлімінде:

1) 400.05.001 жолы көтерме саудада өткізілген бензин (авиациялықты қоспағанда) (бұдан әрі - бензин) бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

400.05.001 жолының шамасы 400.05.001(I), 400.05.001(II), 400.05.001(III), 400.05.001(IV) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.001(I) жолында өз өндірісінің бензинін көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.001(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импорт бойынша бензинді көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.001(III) жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне өз өндірісінің мұнайын тиеп-жөнелту бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.001(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензиннің конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

2) 400.05.002 жолы бөлшек сауда саласында өткізілген бензин бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетуге арналған.

400.05.002 жолының шамасы 400.05.002(I), 400.05.002(II), 400.05.002(III), 400.05.002(IV), 400.05.002(V), 400.05.002(VI), 400.05.002(VII) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.002(I) жолында өз өндірісінің бензинін бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(III) жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісінің бензині бойынша мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензиннің конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(V) жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, бензин бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(VI) жолында меншік өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған өз өндірісінің бензині бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.002(VII) жолында өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған алдағы өткізулер үшін ерте сатып алынған бензин бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

3) 400.05.003 жолында 400.05.001 және 400.05.002 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операция бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады.

400.05.003 жолының шамасы 400.05.001 және 400.05.002 жолдарында көрсетілген шамаларды жиынтықтау жолымен айқындалады.

40. "Дизель отыны" бөлімінде:

1) 400.05.004 жолы көтерме сауда саласында сатылған дизель отыны бойынша акциз есептелгені туралы мәліметтер көрсетуге арналған;

400.05.004 жолының шамасы 400.05.004(I), 400.05.004(II), 400.05.004(III), 400.05.004(IV) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.004(I) жолында өз өндірісінің дизель отынын көтерме саудада сату бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

400.05.004(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған дизель отынын көтерме саудада сату бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.004(III) жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне өз өндірісінің дизель отынын тиеп-жөнелту бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.004(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

2) 400.05.005 жолы бөлшек сауда саласында өткізілген дизель отыны бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетуге арналған.

400.05.005 жолының шамасы 400.05.005(I), 400.05.005(II), 400.05.005(III), 400.05.005(IV), 400.05.005(V), 400.05.005(VI), 400.05.005(VII) жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады:

400.05.005(I) жолында өз өндірісінің дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(II) жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.04.005(III) жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісінің дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(IV) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(V) жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(VI) жолында меншік өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған өз өндірісінің дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

400.05.005(VII) жолында өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған, Қазақстан Республикасы аумағында алдағы өткізулер үшін ерте сатып алынған дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

3) 400.05.005 жолында 400.05.004 және 400.05.005 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операция бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады.

41. "Белгіленген төлемдер мерзімдеріне сәйкес акцизді есептеу" бөлімінде:

1) А бағанында бюджеттік жіктеме бойынша код көрсетіледі;

2) В бағанында есепті салық кезеңінде айдың 13-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде айдың 23-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында келесі есепті салық кезеңінде айдың 3-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

42. 400.05.003С және 400.00.006С жолдарының шамасы Декларацияның 400.00.005 және 400.00.006 жолдарына көшіріледі.

43. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

8. Салықтан шегерім - 400.06 нысанын жасау

44. "Салықтан шегерім" нысаны есепті салық кезеңінде акцизделетін өнімдер өндіруге нақты пайдаланылған шикізатқа төленген және Салық кодексінің 270-бабына сәйкес шегерімге жатқызылған акциз сомасын есептеуге арналған.

45. "Шегерім сомасы" бөлімінде:

400.06.001 жолдары бес бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

- 2) В бағанында бюджеттік жіктеу коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында есепті салық кезеңінде акцизделетін тауар өндіруге пайдаланылған шикізаттың көлемі көрсетіледі;
- 4) D бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында шегерімге жатқызылатын акциз сомасы көрсетіледі.

Е бағанының жиынтық шамасы Декларацияның 400.00.010 жолына көшіріледі.

46. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

9. Бас ұйым және құрылымдық бөлімшелер бойынша акцизді есептеу - 400.07 нысанын жасау

47. 400.07 нысаны бас ұйым және оның құрылымдық бөлімшелері бойынша акцизді есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

Бұл нысанды құрылымдық бөлімшелері жоқ және акцизделетін өнімдерді өндіруді және өткізуді дербес жүзеге асыратын салық төлеушілер де толтырады.

48. "Бас ұйым және оның құрылымдық бөлімшелері бойынша акцизді есептеу" бөлімінде:

1) 400.07.001 жолында есепті салық кезеңінде бас ұйым, сондай-ақ акцизделетін өнімдерді өндіруді және өткізуді дербес жүзеге асыратын салық төлеушілер жасаған салық салынатын операциялар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

2) 400.07.002 жолында есепті салық кезеңінде құрылымдық бөлімшелермен жасалған салық салынатын операциялар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жол акцизделетін өнімдерді өндіретін және өткізетін ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері болған кезде толтырылады.

400.07.002 жолының шамасы Декларацияның 400.00.012 жолына көшіріледі.

49. 400.07.001 және 400.07.002 жолдары қосымша нысандар негізінде толтырылады.

50. 400.07.001 жолына қосымша нысанда:

"Бас ұйым бойынша есептелген, акциз сомасы" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында бюджеттік жіктеме бойынша код көрсетіледі;
- 3) С бағанында есепті салық кезеңінде айдың 13 күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
- 4) D бағанында есепті салық кезеңінде айдың 23 күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

5) Е бағанында келесі есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

С, D, Е бағандарының шамасы жиынтықталады және қорытынды сома 400.07.001 жолына көшіріледі.

51. 400.07.002 жолына қосымша нысанда:

"Құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген акциз сомасы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында құрылымдық бөлімшенің СТН-і көрсетіледі;

3) С бағанында құрылымдық бөлімшенің атауы көрсетіледі;

4) D бағанында құрылымдық бөлімшені тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) Е бағанында бюджеттік жіктеме бойынша код көрсетіледі;

6) F бағанында бюджеттік жіктеме кодына сәйкес көрсетілген құрылымдық бөлімше үшін төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

F бағанының қорытынды шамалары 400.07.002 жолына көшіріледі.

52. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

10. Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар - 400.08 нысанын жасау

53. 400.08 нысаны Салық кодексі 259-бабының 2-тармағына сәйкес акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар бойынша ақпаратты көрсетуге арналған

54. "Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар" бөлімінде:

1) 400.08.001 жолында экспортталатын акцизделетін тауарлардың (Ресей Федерациясына мұнай, газ конденсатының экспортынан басқа) көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы жолдың шамасы акцизделетін тауарлар бөлігінде экспорт бойынша мәлімет көрсетілетін 400.08.001A-400.08.001L жолдарын жиынтықтау жолымен айқындалады;

2) 400.08.002 жолында акциз салудан босатылған емдік және фармацевтік құралдарды дайындауға жіберілген этиль спиртінің құны көрсетіледі;

3) 400.08.003 жолында мемлекеттік медициналық мекемелерге жіберілген этиль спиртінің құны көрсетіледі;

4) 400.08.004 жолында акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлардың жиынтық құны көрсетіледі. Осы жолдың шамасы "Өткізу құны" бағанының 400.08.001-400.08.003 жолдарында көрсетілген соманы қосу жолымен айқындалады.

"Өткізу құны" бағанының 400.08.004 жолының шамасы Декларацияның 400.00.013 жолына көшіріледі.

55. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

11. Жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арнайы арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа) бойынша салық салынатын операциялар - 400.09 нысанын жасау

56. 400.09 нысаны жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арнайы арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа) (бұдан әрі - жеңіл автомобильдер) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген жеңіл автомобильдердің конкурстық массасын өткізу бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

57. "Жеңіл автомобильдер бойынша салық салынатын операциялар":

1) 400.09.001 жолында өз өндірісі жеңіл автомобильдерінің сатылған саны көрсетіледі;

2) 400.09.002 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өз өндірісі жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

3) 400.09.003 жолында заттай төлеу кезінде пайдаланылған өз өндірісі жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

4) 400.09.004 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген жеке өндіріс жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

5) 400.09.005 жолында салық төлеушінің өзіндік өндірістік қажеттіліктері үшін пайдаланылған өз өндірісі жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

6) 400.09.006 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген жеңіл автомобильдердің өткізілген конкурстық массасының саны көрсетіледі;

7) 400.09.007 жолында бүліну немесе жоғалу анықталған өз өндірісі жеңіл автомобильдерінің саны көрсетіледі;

8) 400.09.008 жолында жеңіл автомобильмен есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жолдың шамасы 400.09.001-400.09.007 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалады;

9) 400.09.009 жолында қозғалтқыштың 1 текше см көлемі үшін акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

10) 400.09.010 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

400.09.010А, 400.09.010В және 400.09.010С жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есепіден кейінгі есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күніне сәйкес бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомалары көрсетіледі.

400.09.010 жолының шамасы Декларацияның 400.00.007 жолына көшіріледі.

58. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 400.00-400.09 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Акциз бойынша декларацияны жасау ережелері (410.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) әзірленді және Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес лотерея ұйымдастыру мен өткізу бойынша қызметті жүзеге асырудан акциз есептеуге арналған Акциз бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (410.00-нысан) және мәлімделген түсім сомасы туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (410.01-нысан) тұрады.

3. Декларация қағаз түрінде - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөз толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша берілмейді.

7. Тиісті қосымшада ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтырған кезде көрсетілген қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Қосымшаның осындай парағы толтырылады.

9. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) декларация қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) салық төлеуші хабарламаны почта арқылы хабарламалы тапсырысты хатпен қағаз түрінде почта немесе өзгелей байланыс ұйымы арқылы алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

11. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Акциз бойынша декларация жасау - 410.00 нысаны

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Акциз бойынша күнтізбелік ай есепті салық кезеңі болып табылады. Егер ай нөмірінде екі белгіден аз болса, онда ол оң торкөзде көрсетіледі;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) декларацияның түрі. Бұл торкөздерге Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгі қойылады. Декларацияның түріне қатысты тиісті торкөзге белгі қойылады.

"Бастапқы" торкөзі егер Декларацияны салық төлеуші лотерея ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыра бастағаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация беру арқылы бұрын тапсырылған Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші бұрын көрсетілген Декларацияға оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген хабарлама алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздері бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі Салық органына берілетін соңғы декларацияда салық төлеушіні тарату немесе қайта ұйымдастыру кезінде, белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша декларацияны тапсырған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) ұсынылған қосымшалар. Ұсынылған қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) лотерея билеттерін шығаруды тіркеу күні. Лотерея билеттерін шығаруды тіркеу күні көрсетіледі.

13. "Акцизді есептеу" бөлімінде:

1) 410.00.001 жолына 410.01.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 410.00.002 жолында жүлделік қордың сомасы көрсетіледі;

3) 410.00.003 жолында оған акциздің сомасын қоспастан, Салық кодексінің 261-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын салық базасы көрсетіледі;

4) 410.00.004 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

5) 410.00.005 жолында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциздің сомасы көрсетіледі.

14. Салық төлеушінің жауапкершілігі бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, жолда "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы керек, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Мәлімделген түсім - 410.01 нысанын жасау

15. 410.01 нысаны есепті салық кезеңі ішінде сатуға шығарылған лотерея билеттерін тіркеу кезінде мәлімделген түсімнің сомасын көрсетуге арналған.

16. "Мәлімделген түсім" бөлімі бес бағаннан тұрады:

- 1) А бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында лотереялардың түрі және атауы көрсетіледі;
- 3) С бағанында жіберілген лотерея билеттерінің саны көрсетіледі;
- 4) D бағанында бір билеттің өткізу құны көрсетіледі;
- 5) Е бағанында мәлімделген түсімнің жалпы сомасы көрсетіледі.

Е бағанының жиынтық жолында осы бағанның келесі жолының шамасы жинақталады.

Е бағанының жиынтық шамасы 410.00.001 жолына көшіріледі.

17. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 410.00-410.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Құрылымдық бөлімше үшін есепті жасау ережесі (421-нысаны)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және құрылымдық бөлімшесі (лері) бар акциз төлеушілердің Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес құрылымдық бөлімше (лер) жүзеге асырған операциялар бойынша акциз сомаларын есептеуіне арналған Есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп Есептің (421.00-нысан) өзінен және акциз салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (421.01-421.04-нысандар) тұрады.

3. Есеп қағаз түрінде - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге тиісті деректер болмаған жағдайда, көрсетілген қосымша берілмейді.

7. Тиісті қосымшаларда ақпаратты ашуды талап ететін жолдарды толтырған кезде көрсетілген қосымшалар толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшалардың осындай парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) Есеп қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) салық төлеуші хабарламаны почта арқылы хабарламалы тапсырысты хатпен қағаз түрінде почта немесе өзгелей байланыс ұйымы арқылы алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарландыруды (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Құрылымдық бөлімше үшін есепті жасау (421.00-нысаны)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің СТН-і;

4) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы;

5) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды. Құрылымдық бөлімшенің орналасқан орны бойынша салық органының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының коды" анықтамалығына сәйкес коды көрсетіледі;

6) есептің түрі. Есептің түріне қатысты тиісті тор көзге белгі қойылады.

Егер акцизделетін тауарларға байланысты қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін салық төлеуші алғашқы рет Есеп берген жағдайда, "Бастапқы" торкөзге белгі жасалады.

"Кезекті" торкөзі кейінгі декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі бұрын берілген Есептерге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші бұрын көрсетілген Есепке оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген хабарлама алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі Салық органына берілетін соңғы Есепте салық төлеушіні тарату немесе қайта ұйымдастыру кезінде белгіленеді.

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есепті тапсырған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) берілген қосымшалар. Берілген қосымшалардың тиісті тор көздеріне белгі қойылады.

14. "Құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген акциз" бөлімі өз өндірісінің спиртті мен алкоголь өнімдері бойынша есепті салық кезеңінің ішінде құрылымдық бөлімшелер жасаған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған:

1) 421.00.001 жолына 421.00.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 421.00.002 жолына 421.02.002 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 421.00.003 жолына 421.03.003 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 421.00.004 жолына 421.00.001-421.00.003 жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалатын, құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

5) 421.00.005 жолына 421.04.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 421.00.006 жолына 421.00.004 және 421.00.005 жолдарында көрсетілген шамалардың айырмасы ретінде айқындалатын, есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

15. Салық төлеушінің жауапкершілігі бөлімінде:

1) "басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Салық кодексінің ережелеріне сәйкес берілген Есеп құрылымдық бөлімшенің бас ұйымының тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

7) салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Салық кодексінің ережелеріне сәйкес берілген Есеп құрылымдық бөлімшенің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

8) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

9) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

10) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

11) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Спирт - 421.01 нысанын жасау

16. 421.01-нысан өз өндірісінің спирті бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

17. "Акциз сомасы" бөлімі үш бағаннан тұрады:

- 1) А бағанында салық базасы көрсетіледі;
- 2) В бағанында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;
- 3) С бағанында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

18. "Акциз сомасы" бөлімі мынадай ақпаратты көрсетуге арналған:

1) 421.01.001 жолында өз өндірісінің спирті бойынша есептелген акциз туралы мәліметтер көрсетіледі;

421.01.001I және 421.01.001II жолдарында сәйкесінше өндіріс үшін және алкоголь өнімдері өндірісі үшін емес жөнелтілген өз өндірісінің спирті бойынша есептелген акциз туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) 421.01.002 жолында 421.01.001IC және 421.01.001II жолдарында көрсетілген шамаларды қосумен айқындалатын өз өндірісінің спирті бойынша есептелген жалпы акциз сомасы көрсетіледі;

421.01.002A, 421.01.002B және 421.01.002C жолдарында есепті салық кезеңінің 13 мен 23 күніне және есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күніне бюджетке төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

4. Алкоголь өнімі - 421.02-нысанын жасау

20. 421.02-нысан алкоголь өнімдерінің жеке өндірісі бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

21. "Акциз сомасы" бөлімі тоғыз бағаннан тұрады:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында алкоголь өнімінің түрлері көрсетіледі;
- 3) С бағанында салық базасы көрсетіледі;

- 4) D бағанында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі;
- 7) G бағанында есепті салық кезеңінде айдың 13 күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында есепті салық кезеңінде айдың 23 күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында келесі есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3 күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

22. E бағанының жиынтық жолында осы бағанның келесі жолдарының шамасы жинақталады.

E бағанының жиынтық шамасы Есептің 421.00.002 жолына көшіріледі.

23. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

5. Конкурстық масса, тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген спирт және алкоголь өнімі - 421.03-нысан жасау

24. 421.02-нысаны конкурстық масса, тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген спирт және алкоголь өнімі туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

25. "Акциз сомасы" бөлімі тоғыз бағаннан тұрады:

- 1) A бағанында реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанында акцизделетін тауардың атауы көрсетіледі;
- 3) C бағанында салық базасы көрсетіледі;
- 4) D бағанында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында Салық кодексінің 269-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында бюджеттік жіктеме коды көрсетіледі;
- 7) G бағанында есепті салық кезеңінде айдың 13-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында есепті салық кезеңінде айдың 23-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанында есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 3-күні бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

26. Е бағанының жиынтық жолында осы бағанның келесі жолдарының шамасы жиынтықталады.

Е бағанының жиынтық шамасы Есептің 421.00.003 жолына көшіріледі.

27. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады.

6. Салықтан шегерім - 421.04-нысанын жасау

28. 421.04-нысан есепті салық кезеңінде алкоголь өнімінің өндірісі үшін нақты пайдаланылған және Салық кодексінің 270-бабына сәйкес шегерімге жататын шикізат үшін төленген акциз сомасының есебіне арналған.

29. "Шегерім сомасы" бөлімі бес бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында бюджеттік жіктеу коды көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде алкоголь өнімінің өндірісіне пайдаланған шикізаттың көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында шегерімге жататын акциздің сомасы көрсетіледі.

Е бағанының жиынтық жолында осы бағанның келесі жолының шамасы жинақталады.

Е бағанының жиынтық шамасы Есептің 421.00.005 жолына көшіріледі.

30. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында осы нысанды толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және оның қолы қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 421.00-421.04 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Құрылымдық бөлімше үшін төлеуге тиісті акциз
сомасы бойынша есепті жасау ережелері
(431-нысан)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және құрылымдық бөлімшесі (лері) бар акциз төлеушілердің Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес құрылымдық бөлімше (лер) жүзеге асырған операциялар бойынша акциз сомаларын есептеуіне арналған Есепті (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәндері тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) салық төлеуші хабарламаны почта арқылы хабарламалы тапсырысты хатпен қағаз түрінде почта немесе өзгелей байланыс ұйымы арқылы алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Құрылымдық бөлімше үшін Акциз бойынша есепті жасау (431.00-нысаны)

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші келесі деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі).

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің СТН-і;

4) Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы;

5) Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды. Құрылымдық бөлімшенің орналасқан орны бойынша салық органының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 Қазақстан Республикасының

салық төлеушілерінің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының коды" анықтамалығына сәйкес коды көрсетіледі;

6) Есептің түрі. Есептің түріне қатысты тиісті тор көзге белгі қойылады.

Егер акцизделетін тауарларға байланысты қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін салық төлеуші алғашқы рет Есеп берген жағдайда, "Бастапқы" торкөзге белгі жасалады.

"Кезекті" торкөзі кейінгі декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі бұрын берілген Есептерге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші бұрын көрсетілген Есепке оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында көзделген хабарлама алған жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі Салық органына берілетін соңғы Есепте салық төлеушіні тарату немесе қайта ұйымдастыру кезінде белгіленеді;

7) Хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есепті тапсырған жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

9. "Құрылымдық бөлімшелер жүзеге асыратын бензин бойынша (авиациялықтан басқа) операциялар" бөлімі бензин бойынша (авиациялықтан басқа) салық кезеңінің ішінде құрылымдық бөлімшелер жүзеге асыратын салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

10. "Құрылымдық бөлімшелер жүзеге асыратын бензин (авиациялықтан басқа) бойынша операциялар" бөлімінде:

1) А бағанында салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері көрсетіледі. Салық базасы тоннада көрсетіледі;

2) В бағанында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 269-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциз сомасы көрсетіледі

11. "Құрылымдық бөлімшелер жүзеге асыратын бензин (авиациялықтан басқа) бойынша операциялар" бөлімінің жолдары мынадай ақпараттарды көрсетуге арналған:

1) 431.00.01 жолы құрылымдық бөлімше жүзеге асыратын көтерме сауда саласында өткізілген бензин (авиациялықтан басқа) бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

431.00.001 жолының шамасы 431.00.001 (I), 431.00.001 (II) және 431.00.001 (III) жолдарында көрсетілген шамаларды жинақтау жолымен айқындалады:

431.00.001 (I) жолында құрылымдық бөлімшелер жүргізген бензинді көтерме өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.001 (II) жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған бензинді көтерме өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.001 (III) жолында тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша көшкен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген бензиннің конкурстық массасын көтерме өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) 431.00.002 жол бөлшек сауда саласында өткізілген бензин бойынша акциз есептеу туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

431.00.002 жолының шамасы 431.00.002 (I), 431.00.002 (II), 431.00.002 (III), 431.00.002 (IV), 431.00.002 (V), 431.00.002 (VI) жолдарында көрсетілген шамаларды жиынтықтау жолымен айқындалады:

431.00.002 (I) жолында құрылымдық бөлімшелер жүргізген бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.002 (II) жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.002 (III) жолында тәркіленген және (немесе) иесі жоқ, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген бензиннің конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.002 (IV) жолында оның бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленген бензин бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.002 (V) жолында өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған жеке өндірістің бензині бойынша акциз есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.002 (VI) жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған және өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған бензин бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

3) 431.00.003 жолы 431.00.001, 431.00.002 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшерін, сондай-ақ осы операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасын айқындауға арналған.

12. "Құрылымдық бөлімшелер жүзеге асыратын дизель отыны бойынша операциялар" бөлімі дизель отыны бойынша есепті салық кезеңінің ішінде құрылымдық бөлімшелермен жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

13. "Құрылымдық бөлімшелер жүзеге асыратын дизель отыны бойынша операциялар" бөлімінде:

1) 431.00.004 жолы құрылымдық бөлімшемен жүзеге асырылған көтерме сауда саласында сатылған дизель отыны бойынша акциз есептелгені туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

431.00.004 жолының шамасы 431.00.004(I), 431.00.004(II) және 431.00.004(III) жолдарында көрсетілген шамаларды қосу жолымен айқындалады:

431.00.004(I) жолында құрылымдық бөлімшемен өндірілген дизель отынын көтерме саудада сату бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі;

431.00.004(II) жолында бас ұйымнан немесе жабдықтаушылардан алынған дизель отынын көтерме саудада сату бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

431.00.004(III) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

2) 431.00.005 жолы бөлшек сауда саласында өткізілген дизель отыны бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі.

431.00.005 жолының шамасы 431.00.005(I), 431.00.005(II), 431.00.005(III), 431.00.005(IV), 431.00.005(V), 431.00.005(VI) жолдарында көрсетілген шамаларды жиынтықтау жолымен айқындалады:

431.00.005(I) жолында құрылымдық бөлімшемен өндірілген дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

431.00.005(II) жолында бас ұйымнан немесе жабдықтаушылардан алынған дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

431.00.005(III) жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

431.00.005(IV) жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты, дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

431.00.005(V) жолында өзіндік өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған жеке өндірістің дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

431.00.005(VI) жолында бас ұйымнан немесе жабдықтаушылардан алынған және өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған, дизель отыны бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

3) 431.00.006 жолы 431.00.004 және 431.00.005 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операция бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасын айқындауға арналған.

431.00.006 жолының шамасы 431.00.004 және 431.00.005 жолдарында көрсетілген шамаларды жиынтықтау жолымен айқындалады.

14. "Белгіленген төлемдер мерзімдеріне сәйкес акцизді есептеу" бөлімінде:

431.00.007 төрт бағаннан тұрады:

1) А бағанында бюджеттік жіктеме бойынша код көрсетіледі. Бюджеттік жіктеменің бір кодына бір жол сәйкес келеді;

2) В бағанында есепті салық кезеңінде айдың 13-күніне бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде айдың 23-күніне бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында келесі есепті салық кезеңінде айдың 3-күніне бюджеттік жіктеме кодына сәйкес төленуге жататын есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

15. Салық төлеушінің жауапкершілігі:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) Есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) Салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Салық кодексінің ережелеріне сәйкес берілген Есеп құрылымдық бөлімшенің бас ұйымының тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

7) Салық органының коды. Қазақстан Республикасы Кіріс министрінің міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген, Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" Анықтамасы" 18-қосымшаға сәйкес, Салық кодексінің ережелеріне сәйкес берілген Есеп құрылымдық бөлімшенің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

10) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

11) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

12) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 431.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Роялти бойынша декларация жасау ережесі (500.00-Нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдаланушылар роялтиді есептеуге арналған Роялти бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (500.00-нысан), оған қосымшадан (500.01) және роялти салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын қосымша нысаннан тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "/" - бөлу.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті тор көздері толтырылмайды.

6. Қосымшалар мен қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып кеткен жағдайда, қосымша мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

7. Қосымшалардың және (немесе) қосымша нысандардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

8. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

9. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде - Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен қағаз тасығышта почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

10. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (500.00-нысан)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін (араб сандарымен көрсетіледі) есепті салық кезеңі. Күнтізбелік ай не болмаса тоқсан салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде тек негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеуіші" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз, егер салық төлеуші қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін Декларацияны бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі Декларацияларды берген кезде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгертулер мен толықтырулар салық кезеңіне жататын, ол үшін қосымша Декларация толтырғанда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде

бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдаланушы "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеушіні таратқан (қайта құрған), кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация өткізген жағдайда белгіленеді:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

12. "Төленуге роялти есептелді" бөлімінде:

1) А-бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В-бағанына 500.01 қосымшасында көрсетілген Құзыретті органмен берілген келісім-шарттың тиісті тіркеу нөмірі көшіріледі;

3) С-бағанына келісім-шарт бойынша 500.01.001 жолында көрсетілген роялти сомасы көшіріледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу

және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт бойынша роялти есептеу - 500.01-нысанын жасау (Декларацияға N 1 қосымша)

14. Берілген нысан жер қойнауын пайдалануға әрбір келісім-шарт бойынша есепті салық кезеңіне роялти есептеу бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

15. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) келісім-шарттың атауы. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың атауы көрсетіледі;

2) кен орнының атауы. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шартқа сәйкес кен орнының атауы көрсетіледі;

3) келісім-шартты жасасу күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;

4) келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті органы берген келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

16. "Төлеуге роялти есептелді" бөлімінде:

500.01.001 жолына 500.01.001 жолына қосымша нысан М бағанының жиынтық шамасы көшіріледі.

17. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

18. 500.01.001 жолына қосымша нысан:

1) А-бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В-бағанында осы Ережелердің 20-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың кодтарына сәйкес пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;

3) С-бағанында өндірілген пайдалы қазбалардың немесе бірінші тауарлық өнімнің көлемінің өлшем бірлігі (тоннада, куб. м., унцияда, грамда және т. б.) көрсетіледі;

4) D-бағанында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың шарттарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін салық салу объектісі көрсетіледі; өндірілген пайдалы қазбалар көлемі; өндірілген пайдалы қазбалардан алынған бірінші тауарлық өнімнің көлемі; өткізілген пайдалы қазбалар көлемі;

5) E-бағанында салық кезеңі үшін бірінші тауарлық өнімін өткізу көлемі; осындай өткізу орын алған соңғы салық кезеңі үшін бірінші тауарлық өнімін өткізу көлемі көрсетіледі;

6) F-бағанында салық кезеңі үшін пайдалы қазбаларды сатудан түскен кіріс көрсетіледі.

Өндірілген пайдалы қазбаларды өткізуді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушылар үшін аталған баған толтырылмайды;

7) G-бағанында E және F бағандарында көрсетілген сомалар, және D бағанының сомасы айырмасы ретінде айқындалған роялтиді есептеу үшін өндірілген пайдалы қазбалардың құны; салық кезеңі үшін өткізілген пайдалы қазбалар көлемі үшін есептелген жанама салық сомасы көрсетіледі;

8) H-бағанында алтынды, күмісті және платинаны қоспағанда, пайдалы қазбаларды сату (түсіру) орнына дейін тасымалдауға шыққан шығыстар көрсетіледі;

9) I-бағанында $(F - G - H) / E$ формуласы бойынша есептелген пайдалы қазбалардың бірінші тауарлық өнім бірлігінің орташа өткізу бағасы; Салық кодексінің 299-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген бірінші тауарлық өнім бірлігінің орташа өткізу бағасы; Салық кодексінің 299-бабы 3-тармағына сәйкес есептелген бірінші тауарлық өнім бірлігінің орташа өткізу бағасы; жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың шарттарына сәйкес есептелген пайдалы қазба бірлігінің өткізу бағасы көрсетіледі.

Алтын, күміс және платина бойынша салық кезеңі үшін Халықаралық (Лондон) биржада пайда болған орташа баға негізінде есептелетін орташа баға көрсетіледі.

Өндірілген пайдалы қазбаларды өткізуді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушылар үшін толтырылмайды;

10) J бағанында D және I бағандарында көрсетілген сомалар туындысы ретінде айқындалатын роялти есептеу үшін салық базасы; бірінші тауарлық өнім болмаған кезде өндірілген мұнайдың, жер асты суының және алтын, күміс, платина және жалпы таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы

қазбалардың құны салық кезеңіне мұнай өндіруге, жер асты суларын және көрсетілген жер асты қазбаларын өндіруге нақты пайда болған шығыстар негізінде айқындалады;

11) К бағанында жер қойнауын пайдалануға келісім-шартпен белгіленген роялти ставкасы көрсетіледі. Егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шартпен роялти ставкасы қарастырылмаған жағдайда осы бағанда Салық кодексінің 281 , 297 , 300-баптарына сәйкес роялти ставкасы көрсетіледі;

12) L бағанында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына сәйкес роялти сомаларына түзету көрсетіледі. Егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шартпен роялти сомаларына түзету қарастырылмаған жағдайда осы бағанда роялти сомаларына түзету Салық кодексі 299-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетіледі;

13) М бағанында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың шарттарына сәйкес түзетулер ескеріле отырып, J және К бағандарында, және L бағанында көрсетілген сомалар туындысының сомасы немесе айырмасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін роялти сомасы көрсетіледі.

500.01.001 жолына қосымша нысан М бағанының жиынтық шамасы 500.01 нысанның 500.01.001 жолына көшіріледі.

19. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Пайдалы қазбалардың кодтары пайдалы қазбалардың мынадай тізбесіне сәйкес көрсетіледі:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Берилий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор

0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал

0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары

0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-құм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балқуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары
0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121	Тоқпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

РҚАО-ның ескертуі: 500.00-501.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қол қойылатын бонус бойынша декларацияны жасау

Ережелері (510.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қол қойылатын бонусты есептеуге арналған қол қойылатын бонус бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті ұяшығы толтырылмайды.

5. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" - алу белгісімен белгіленеді.

6. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады;

2) почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (510.00-нысан)

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің аты-жөні және атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі;

"ЭҚЖЖ" торкөзінде тек негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Декларацияны салық төлеуші қызметін жүзеге асыруды бастағаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының

7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) келісім-шарттың атауы. Кен орындарын көрсете отырып, келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі;

9) пайдалы қазбаның коды. Осы Ережелердің 11-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың кодтарына сәйкес пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;

10) келісім-шартты жасасу күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;

11) келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

9. "Төлеуге қол қойылатын бонус" бөлімінде:

510.00.001 жолында уәкілетті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес бюджетке төленуге жататын қол қойылатын бонус сомасы көрсетіледі.

10. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

11. Пайдалы қазбалардың кодтары пайдалы қазбалардың мынадай тізбесіне сәйкес көрсетіледі:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Берилий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән

0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний

0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-құм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балкуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары
0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары

0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121	Токпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

РҚАО-ның ескертуі: 510.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Коммерциялық табу бонусы бойынша декларацияны жасау

Ережесі

(520.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Жер қойнауын пайдаланушылардың коммерциялық табу бонусы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация осы Декларацияның (520.00-нысан) өзінен, оған қосымшадан (520.01-нысан) коммерциялық табу бонусына салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын қосымша нысаннан тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, кара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті тор көздері толтырылмайды.

6. Қосымшалар мен қосымша нысандардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып кеткен жағдайда, қосымша мен қосымша нысандардың осындай парағы толтырылады.

7. Қосымшалардың және қосымша нысандардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

8. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

9. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен қағаз тасығышта почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

10. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (520.00 нысан)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

3) Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30

желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде тек негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет.

5) Декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Декларацияны салық төлеуші қызметін жүзеге асыруды бастағаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

12. "Төлеуге коммерциялық табу бонусы есептелді" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанына декларацияға N 1 қосымшада көрсетілген келісім-шарттың уәкілетті орган берген тиісті тіркеу нөмірі көшіріледі;

3) С бағанының жолдарына 520.01-нысан бойынша қосымшаның 520.01.001. жолының жиынтық сомасы бойынша айқындалатын коммерциялық табу бонусының сомасы көшіріледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

**3. Жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт
бойынша коммерциялық табу бонусын есептеу
- 520.01-нысанын жасау**

14. Осы нысан әр жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша салық кезеңі үшін коммерциялық табу бонусы бойынша ақпараттарды көрсетуге арналған.

15. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) келісім-шарттың атауы. Кен орындарын көрсете отырып, жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі;

2) келісім-шартты жасау күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;

3) келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті орган берген келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) Тапсыру мерзімі. Декларацияны берудің белгіленген мерзімі (араб цифрларымен көрсетіледі) көрсетіледі.

Егер ай нөмірінде екі белгіден кем болса, онда ол оң торкөзде көрсетіледі.

16. "Төлеуге коммерциялық табу бонусы есептелді" бөлімінде:

1) 520.01.001 жолына 520.01.001 жолына қосымша нысанның Н бағанының жиынтық шамасы көшіріледі.

17. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

18. 520.01.001 жолына қосымша нысан:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың кодтарына сәйкес пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;

3) С бағанында алынатын пайдалы қазбалардың қорларын өлшеу көлемінің бірлігі (тонна, текше метр, унция, грамм және тағы да басқа) көрсетіледі;

4) D бағанында кен орындарындағы алынатын пайдалы қазбалардың қорларын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен көлем (тонна, текше метр, унция, грамм және тағы да басқа) көрсетіледі;

5) E бағанында төлемді жүзеге асыру күніне қалыптасқан осы пайдалы қазбаның биржалық бағасы көрсетіледі;

6) F бағанында D және E бағандарында көрсетілген мөлшерлерді жинақтау ретінде айқындалатын төлемді есептеу базасы көрсетіледі;

7) G бағанында коммерциялық табу бонусының ставкасы көрсетіледі;

8) H бағанында F және G бағандарында көрсетілген мөлшерлерді жинақтау ретінде айқындалатын коммерциялық табу бонусының сомасы көрсетіледі.

Егер келісім-шартпен коммерциялық табу бонусының тіркелген сомасы белгіленсе, онда D, E және G бағандары толтырылмайды, ал бюджетке төлеуге жататын бонус сомасы H бағанына көшіріледі.

520.01.001 жолына қосымша нысанның H бағанының жиынтық шамасы 520.01.001 жолына көшіріледі.

19. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

20. Пайдалы қазбалардың кодтары пайдалы қазбалардың мынадай тізбесіне сәйкес көрсетіледі:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Берилий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырш
0031	Галлий

0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций

0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-құм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балқуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тактатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары

0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121	Токпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

РҚАО-ның ескертуі: 520.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Өнімді бонусы бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі декларацияны жасау ережелері (530.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеуге арналған Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен (530.00-нысан) және өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жөніндегі салық салу объектілері

туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (530.01-530.03-нысандар) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам не қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті тор көздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтырылуға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осындай ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде" - " - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;

2) почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (530.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Күнтізбелік ай салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде тек негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Декларацияны жер қойнауын пайдаланушы өнімді бөлу туралы келісім-шарт жасасқаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияны беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының

7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушы "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

- 8) Келісім-шарт атауы. Кен орындарын көрсете отырып, өнімді бөлу туралы келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі;
- 9) Пайдалы қазба коды. Осы Ережелердің 28-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың кодтарына сәйкес пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;
- 10) Келісім-шартты жасасу күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;
- 11) Келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 12) Тапсырылған қосымшалар. Тапсырылған қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді;
- 13) Өлшем бірлігі. Келісім-шартқа сәйкес өндірілген пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі (тоннада, куб./м., унциясы және тағы да басқа) көрсетіледі.
14. "2004 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу" бөлімінде:
- 1) 530.00.001 жолында есепті салық кезеңі үшін өндірілген өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі. Осы жолды жер қойнауын пайдаланушылар, егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін база болып өндірілген өнімнің жалпы көлемі табылатын жағдайда толтырады;
- 2) 530.00.002 жолында есепті салық кезеңі үшін сатылған өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі. Осы жолды жер қойнауын пайдаланушылар, егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін база болып сатылған өнімнің жалпы көлемі табылатын жағдайда толтырады;
- 3) 530.00.003 жолында өндірілген өнімнің құны көрсетіледі. Осы жолды жер қойнауын пайдаланушылар, егер жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін база болып өндірілген өнімнің жалпы құны табылатын жағдайда толтырады;
- 4) 530.00.004 жолында жанама салықтар есебінсіз өнімді сатудан кіріс көрсетіледі. Осы жолға 530.01 қосымшасы Е жолының жиынтық шамасы көшіріледі. Осы жолды жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шарттарына сәйкес сатылған өнімнің жалпы көлемін пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушылар толтырады;
- 5) 530.00.005 жолында өнімді сатумен байланысты шығындар көрсетіледі, егер келісім-шарттың шарттарына сәйкес аталған шығындар өтемақылық және

пайда әкелетінге бөлінуге жататын жағдай болса, өнімнің құнын айқындау кезінде есепке алынады. Осы жолға 530.02 қосымшасы С бағанының жиынтық шамасы көрсетіледі;

6) 530.00.006 жолында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына сәйкес есепті салық кезеңі үшін роялтидің нақты төленген сомасы көрсетіледі;

7) 530.00.007 жолында келісім-шарт шарттарына сәйкес айқындалатын өтемақылық және пайдалық бөлуге жататын өнім жалпы құны көрсетіледі;

8) 530.00.008 жолында келісім-шарт шарты бойынша ең жоғарғы рұқсат етілетін мөлшерден асырылмай есепті салық кезеңі үшін өтемақылық өнім есебінен өтелген шығыстар сомасы көрсетіледі. Осы жолға 530.03.005 жолының шамасы көшіріледі;

9) 530.00.009 жолында 530.00.007 мен 530.00.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы бөлуге жататын пайдалық өнімінің сомасы көрсетіледі;

10) 530.00.010 жолында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің қолданылатын ставкасы көшіріледі;

11) 530.00.011 жолында 530.00.009 және 530.00.010 жолдарында көрсетілген шамалардың туындысы ретінде айқындалатын бюджетке төлеуге жататын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің есептелген сомасы көрсетіледі.

15. "2004 жылдың 1 қаңтарынан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу" бөлімінде:

1) 530.00.012 жолында жанама салықтарсыз есепті салық кезеңі үшін сатылған өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі. Аталған жолға 530.01 қосымшасы Е бағанының жиынтық шамасы көшіріледі;

2) 530.00.013 жолында есепті салық кезеңі үшін роялтидің нақты төленген сомасы көрсетіледі;

3) 530.00.014 жолында келісім-шарт шарттарына сәйкес 530.00.012 және 530.00.013 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын өтемақылық және пайдалық бөлуге жататын өнімнің жалпы құны көрсетіледі;

4) 530.00.015 жолында келісім-шарт шарты бойынша ең жоғарғы рұқсат етілетін мөлшерден асырылмай есепті салық кезеңі үшін өтемақылық өнім есебінен өтелген шығыстар сомасы көрсетіледі. Осы жолға 530.03.009 жолының шамасы көшіріледі;

5) 530.00.016 жолында 530.00.014 және 530.00.015 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы бөлуге жататын кіріс сомасы көрсетіледі;

6) 530.00.017 жолында (нарықтық баға)/(сатудың орташа өлшенген нақты бағасы) формуласы бойынша айқындалатын сатудың нарықтық бағасын ескерумен түзетудің коэффициенті көрсетіледі. Орташа өлшенген баға 530.01 қосымшасы Е бағанының жолы/530.01 қосымшасы С бағанының жолы формуласы бойынша айқындалады;

7) 530.00.018 жолына 530.00.016 және 530.00.017 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын түзетуді ескерумен Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы бөлуге жататын кіріс сомасы көрсетіледі;

8) 530.00.019 жолында Салық кодексінің 312-1-бабының ережелеріне сәйкес айқындалатын пайдалы түсімді өнімдегі жер қойнауын пайдаланушының үлесі көрсетіледі;

9) 530.00.020 жолында 530.00.018 және 530.00.019 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын бюджетке төленуге жататын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің есептелген сомасы көрсетіледі.

16. "2005 жылдың 1 қаңтарынан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу" бөлімінде:

1) 530.00.021 жолында есепті салық кезеңі үшін өндірілген өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі;

2) 530.00.022 жолында жанама салықтарсыз өнімді сатудан кіріс көрсетіледі. Аталған жолға 530.01 нысанының Е бағанының жиынтық шамасы көшіріледі;

3) 530.00.023 жолында өнімді өткізумен байланысты шығындар көрсетіледі, егер келісім-шарттың шарттарына сәйкес аталған шығындар өтемақылық және пайда әкелетінге бөлінуге жататын жағдай болса, өнімнің құнын айқындау кезінде есепке алынады. Аталған жолға 530.02 нысаны С бағанының жиынтық шамасы көшіріледі;

4) 530.00.024 жолында есепті салық кезеңі үшін өткізілген өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі;

5) 530.00.025 жолында бөлу нүктесіндегі өнімді өткізудің орташа бағасы көрсетіледі, өзімен 530.00.022 және 530.00.023 жолдарының айырмасын 530.00.024 жолына бөлуді білдіреді;

6) 530.00.026 жолында 530.00.021 және 530.00.025 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын өндірілген өнімнің құны көрсетіледі;

7) 530.00.027 жолында өтемақылық өнімнің үлесі көрсетіледі;

8) 530.00.028 жолында өтемақылық өнімнің көлемі көрсетіледі;

9) 530.00.029 жолында өтелетін шығындар көрсетіледі, есепті салық кезеңінде өтемақылық өнім есебінен нақты өтелген. Аталған жолға 530.03.009 жолының шамасы көшіріледі;

10) 530.00.030 жолында Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы бөлінуге жататын өнімнің көлемі көрсетіледі (530.00.021 - 530.00.028);

11) 530.00.031 жолында Салық кодексінің 312-1-бабына сәйкес айқындалатын R-факторы (кірістілік көрсеткіші) көрсетіледі;

12) 530.00.032 жолында Салық кодексінің 312-1-бабына сәйкес айқындалатын РІН (рентабельділіктің ішкі нормасы) көрсетіледі;

13) 530.00.033 жолында Салық кодексінің 312-1-бабына сәйкес айқындалатын Р-факторы (баға коэффициенті) көрсетіледі;

14) 530.00.034 жолында жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі көрсетіледі;

15) 530.00.035 жолында Салық кодексінің 312-1-бабына сәйкес айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі көрсетіледі;

16) 530.00.036 жолында 530.00.029 және 530.00.035 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі көрсетіледі;

17) 530.00.037 жолында 530.00.025 және 530.00.036 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, құндық түріндегі өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі көрсетіледі.

17. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Өнімді сатудан кірістер - 530.01 нысанын жасау

18. Осы нысан есепті салық кезеңі үшін өнімді сатудан кірістерді айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

Егер Қазақстан Республикасы үлесінің есебі үшін есептің кассалық әдісі қолданылатыны көзделсе, онда есепте төлем жер қойнауын пайдаланушының немесе уәкілетті органның шотына түскен өткізу бойынша айналымдар ғана көрсетіледі.

19. "Өткізу көлемі" бөлімі бес бағаннан тұрады:

1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;

3) С бағанында сатылған өнім көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында осы өнімді сату бағасы көрсетіледі;

5) E бағанында өнімді сатудан кіріс көрсетіледі.

530.01 қосымшасының E жолында өткізуден кіріс E бағанының жиынтық шамасы көрсетіледі.

530.01 қосымшасы E бағанының шамасы 530.00 нысанының 530.00.004 немесе 530.00.012 немесе 530.00 нысанының 530.00.022 жолына көшіріледі.

20. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Өтемдік және пайдалыға бөлуге тиісті өнімнің құнын айқындау кезіндегі шегерімге жатқызуға жататын шығындар - 530.02 нысанын жасау

21. Осы нысан егер келісім-шарт шарты бойынша осы шығындар өтемдік және пайдалыға бөлуге тиісті өнімнің құнын айқындау кезінде ескерілетін жағдайда есепті салық кезеңі үшін өнімді өткізумен байланысты шығындарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған. Бұл ретте, осы нысанды 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін және 2005 жылғы 1 қаңтардан кейін келісім-шарттар жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

22. "Шегерімге жататын шығындар" бөлімі үш бағаннан тұрады:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында шығыстардың баптары бөлшегінде есепті салық кезеңі үшін өнімді өткізумен байланысты шығыстар көрсетіледі;
- 3) С бағанында өнімді өткізумен байланысты шығындар сомасы көрсетіледі.

530.02 қосымшасының С бағанында шегерімге жатқызылуы тиіс шығындар С бағанының жиынтық шамасы көрсетіледі.

530.02 қосымшасы С бағанының жиынтық шамасы 530.00 нысанының 530.00.005 немесе 530.00.023 жолына көшіріледі.

23. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Өтемдік өнім есебінен өтелетін шығындар - 530.03 нысанын жасау

24. Осы нысан өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығындарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

25. "2004 жылға дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарына сәйкес өтелетін шығындар" бөлімінде:

1) 530.03.001 жолына 530.03.006 жолынан есепті салық кезеңінің басына өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығыс сомасы көшіріледі. Егер Декларация қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін бірінші рет берілсе, онда аталған жол толтырылмайды;

2) 530.03.002 жолында келісім-шарттардың талаптарына Салық кодексінің 313, 313-4- баптарына сәйкес өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын есепті салық кезеңі үшін жүргізілген нақты шығындар сомасы көрсетіледі;

3) 530.03.003 жолында 530.03.001 және 530.03.002 жолдарында көрсетілген соманы қосумен айқындалатын өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 530.03.004 жолында келісім-шарт шартына сәйкес есепті салық кезеңінің басында өтелмеген шығындардың қалдығына есептелген сома көрсетіледі;

5) 530.03.005 жолында келісім-шарт шартына сәйкес есепті салық кезеңі үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін мөлшерден асырылмай өтемдік өнім есебінен өтелетін шығындар сомасы көрсетіледі;

6) 530.03.006 жолында есепті салық кезеңінің соңына, өтелмеген шығыстар қалдығына есептелген соманы ескеріп өтемдік өнім есебінен өтелетін шығыстар сомасы көрсетіледі, ол кейінгі салық кезеңдеріне көшіріледі және 530.03.003 және 530.03.004 жолдарын қосып 530.03.005 жолын шегерумен айқындалады.

26. "2004 жылдан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарына сәйкес өтелетін шығындар" бөлімінде:

1) 530.03.007 жолында салық кезеңінің басына жер қойнауын пайдаланушы өтемеген өтелетін шығындар көрсетіледі;

2) 530.03.008 жолында есепті салық кезеңінде нақты жүргізілген өтелетін шығындар көрсетіледі;

3) 530.03.009 жолында есепті салық кезеңінде өтемдік өнім есебінен нақты өтелген өтелетін шығындар сомасы көрсетіледі;

4) 530.03.010 жолында келесі салық кезеңдеріне көшірілетін және 530.00.009 жолын шегере отырып 530.00.007, 530.00.008 жолдарын қосу арқылы айқындалатын, салық кезеңінің соңына өтелмеген шығындардың қалдығы көрсетіледі.

27. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

28. Пайдалы қазбалардың кодтары пайдалы қазбалардың мынадай тізбесіне сәйкес көрсетіледі:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Берилий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон

0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур

0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин

0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық сукұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-құм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балкуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тактатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары
0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121	Токпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Үстеме пайда салығы бойынша декларация жасау ережелері (540.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызметтің нәтижесі бойынша үстеме пайда салығын жер қойнауын пайдаланушыларға есептеуіне арналған Үстеме пайда салығы бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті тор көздері толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзінде " -" - алу белгісімен көрсетіледі.

6. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) қағаз тасығышта почта бойынша салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

7. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (540.00-нысан)

8. Осы нысан Салық кодексінің 48-тарауына сәйкес салық кезеңі үшін төлеуге жататын үстеме пайда салығының сомасын көрсетуге арналған.

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады;

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде тек негізгі қызметтің ғана ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз, егер Декларацияны салық төлеуші үстеме пайдаға салықты есептеу бойынша міндеттемелер туындаған сәттен бастап бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының

7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) келісім-шарт атауы. Кен орындарын көрсете отырып, өнімді бөлу туралы келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі;

9) келісім-шартты жасасу күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;

10) келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

10. "2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша үстеме пайда салығы есептелді" бөлімінде:

1) 540.00.001 жолында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жылдық жиынтық кірістің сомасы көрсетіледі. Егер жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттың шегінен шығатын қызметті жүзеге асырмаған жағдайда осы сома Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияның 160.00.025 жолына тең болуы керек;

2) 540.00.002 жолында келісім-шарт бойынша қызмет шегіндегі есепті салық кезеңі үшін күрделі шығындар бойынша жүргізілген деректер көрсетіледі;

3) 540.00.003 жолында келісім-шарт шегінде жүргізілген күрделі шығындар бойынша амортизациялық аударымдар сомасы көрсетіледі;

4) 540.00.004 жолында несие қаражаттары бойынша салық кезеңі үшін есептелген проценттер сомасы көрсетіледі. Егер жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт шегінен шығатын қызметті жүзеге асырған жағдайда, осы жол Корпорациялық табыс салығы бойынша декларация 160.00.027 жолына тең болуы керек;

5) 540.00.005 жолында келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша берілген жеңілдіктер мен болған залалдарды ескеріп салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі;

6) 540.00.006 жолында келісім-шарт шегінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша есепті салық кезеңі үшін есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 540.00.007 жолында 540.00.005 және 540.00.006 жолдарының арасынан алынған айырым ретінде айқындалатын таза кірістің сомасы көрсетіледі;

8) 540.00.008 жолында 540.00.007, 540.00.003 және 540.00.004 жолдарының сомасы алу 540.00.002 жолы ретінде айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша ағысының сомасы көрсетіледі;

9) 540.00.009 жолында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына немесе Салық кодексінің 307-бабына сәйкес есептелген пайданың ішкі нормасының (ПН) коэффициенті көрсетіледі;

10) 540.00.010 жолында Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген тиісті салық кезеңіне инфляцияның индексі көрсетіледі;

11) 540.00.011 жолында инфляцияның жылдық индексіне түзетілген, 540.00.008 және 540.00.010 жолдарының туындысы ретінде есептелген ақша ағысы көрсетіледі;

12) 540.00.012 жолында инфляцияның индексіне түзетуді ескере отырып пайданың ішкі нормасының коэффициенті көрсетіледі;

13) 540.00.013 жолында жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың шарттарына Салық кодексінің 308-бабына сәйкес айқындалған үстеме пайда салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

17) 540.00.014 жолында 540.00.007 және 540.00.013 жолдарының туындысы ретінде есептелген тиісті салық кезеңі үшін төлеуге есептелген үстеме пайда салығының тиісті сомасы көрсетіледі.

11. "2004 жылдан кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша үстеме пайда салығы есептелді" бөлімінде:

1) 540.00.015 жолында корпорациялық табыс салығын және таза кіріске салықты төлегеннен кейінгі жер қойнауын пайдаланушының таза кірісінің сомасы көрсетіледі;

2) 540.00.016 жолында Корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияның 160.00.038 жолында көрініс тапқан шегерімдердің 20 проценттік сомасы көрсетіледі;

3) 540.00.017 жолында 540.00.015 және 540.00.016 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының таза табысының бір бөлігі көрсетіледі;

4) 540.00.018 жолында таза кірістің бөлігін түзету сомасы көрсетіледі: қазақстандық кадрларды оқытуға жұмсалған нақты шығындар және/немесе тіркелген активтердің өсімінен, алайда салық салынатын соманың 10 процентінен артық емес көрсетіледі;

5) 540.00.019 жолында 540.00.017 және 540.00.018 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын таза кірістің салық салынатын сомасы көрсетіледі;

6) 540.00.020 жолында жиналған кірістердің жиналған шығыстарға қатынасының мәні көрсетіледі;

7) 540.00.021 жолында үстеме пайда салығының ставкасы көрсетіледі;

8) 540.00.022 жолында 540.00.019 және 540.00.021 жолдарының туындысы ретінде есептелген үстеме пайда салығы көрсетіледі.

12. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 540.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Өндіру бонусы бойынша Декларацияны жасау ережелері (550.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 282-бабына сәйкес әзірленген және өндіру бонусын есептеуге арналған Өндіру бонусы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексін енгізуге дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша салық режимінің тұрақтылығы нормаларына сәйкес салық төлеушілер жасайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен (550.00-нысан) және өндіру бонусын салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (550.01-нысан) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөзі толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтырылуға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осындай ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (550.00-нысан)

6. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Декларацияны салық төлеуші қызметін жүзеге асыруды бастағаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

14. "Төленуге жататын өндіру бонусы" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанына 550.01 қосымшада көрсетілген Құзыретті орган берген келісім-шарттың тиісті тіркелу нөмірі ауыстырылады;

3) С бағанына 550.01.004 жолында көрсетілген өндіру бонусының сомасы ауыстырылады.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не

оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 550.01 нысанын жасау - жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша өндіру бонусын есептеу

16. Осы нысан әрбір жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша есепті салық кезеңі үшін өндіру бонусын есептеу жөніндегі ақпаратты көрсетуге арналған.

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) Келісім-шарт атауы. Кен орындарын көрсете отырып, жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі;

2) Келісім-шартты жасасу күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;

3) Келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті орган тағайындаған келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) Өлшем бірлігі. Келісім-шартқа сәйкес өндірілген пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі (тоннада, куб./м., унциясы және тағы да басқа) көрсетіледі.

18. "Төленуге жататын бонус" бөлімінде:

1) 550.01.001 жолында келісім-шарт бойынша пайдалы қазбаны өндірудің қол жеткізілген жинақталған көлемі көрсетіледі;

2) 550.01.002 жолында өндірілген пайдалы қазбалардың нақты құны көрсетіледі;

3) 550.01.003 жолында жер қойнауын пайдалау келісім-шартпен белгіленген өндіру бонусының ставкасы көрсетіледі;

4) 550.01.004 жолында уәкілетті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес бюджетке төленуге жататын өндіру бонусының сомасы көрсетіледі.

19. "Осы Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 550.00-550.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер жөніндегі Декларацияны жасау ережелері (560.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық-кодексі) 282-бабына сәйкес әзірленген және тарихи шығындарды есептеуге арналған Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер жөніндегі декларацияны (бұдан әрі - Декларация), оның ішінде жер қойнауын пайдалануға келісім-шартты тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер көзделген Салық кодексі енгізілгенге дейін жасаған салық төлеушілердің жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен (560.00-нысан) және тарихи шығындарды өтеу сомалары туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (560.01-нысан) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті ұяшығы толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша міндетті тәртіпте толтырылуға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осындай ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (560.00-нысан)

6. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология

және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі, егер Декларацияны салық төлеуші қызметін жүзеге асыруды бастағаннан кейін бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

14. "Төленуге жататын тарихи шығындар есептелді" бөлімінде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанына 560.01 қосымшада көрсетілген уәкілетті орган берген келісім-шарттың тиісті тіркелу нөмірі ауыстырылады;

3) С бағанына 560.01.001 жолында көрсетілген тарихи шығындардың сомасы ауыстырылады.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 560.01 нысанын жасау - Жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша тарихи шығындарды есептеу (Декларацияға N 1 Қосымша)

16. Осы нысан әрбір жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша есепті салық кезеңі үшін тарихи шығындарды есептеу жөніндегі ақпаратты көрсетуге арналған.

17. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) келісім-шарт атауы. Кен орындарын көрсете отырып, жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі;

2) келісім-шартты жасасу күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;

3) келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті орган берген келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

18. "Төленуге жататын тарихи шығындар" бөлімінде:

560.00.001 жолында уәкілетті органмен жасалған келісім-шартқа сәйкес бюджетке төленуге жататын тарихи шығындардың сомасы көрсетіледі.

19. "Осы Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған немесе өзге лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 560.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына арналған ренталық салық бойынша декларацияны жасау ережесі (570.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және салық төлеушінің ренталық салықты есептеуге арналған Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына ренталық салық бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (570-нысан) және экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына ренталық салық бойынша салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (570.01, 570.02 нысандар) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам не қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар берілмейді.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтырылуға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осындай ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны жасау (570.00-нысан)

13. Осы нысан Салық кодексінің 91 тарауына сәйкес есепті салық кезеңі үшін экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына арналған ренталық салық бойынша сомаларды көрсетуге арналған.

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Күнтізбелік ай салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Декларацияны салық төлеуші экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын есептеу бойынша міндеттеме туындаған сәттен бастап бірінші рет тапсырған жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының

7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) тапсырылған қосымшалар. Тапсырылған қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді;

9) өлшем бірлігі. Пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі (тоннада, куб./м., унциясы және тағы да басқа) көрсетіледі.

15. "Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына ренталық салық төлеуге есептелді" бөлімінде:

1) 570.00.001 жолында есепті салық кезеңі үшін экспортқа сатылған шикі мұнайдың, газ конденсатының жалпы көлемінің құны көрсетіледі;

2) 570.00.002 жолында есепті салық кезеңінде экспортқа сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының сапалық сипатымен байланысты оң (теріс) айырмасының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеушінің шикі мұнайының, газ конденсатының сапалық сипатының көрсеткіші магистральды құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай, газ конденсаты қоспаларының көрсеткіштерінен жоғары болған жағдайда, онда ұсынылған үстеме бағаның (оң айырмасы) бұл сомасы 570.00.001 жолында көрсетілген сомамен жиынтықталады. Егер салық төлеушінің шикі мұнайының, газ конденсатының сапалық сипатының көрсеткіші магистральды құбыр арқылы тасымалданатын шикі мұнай, газ конденсаты қоспаларының көрсеткіштерінен төмен болған жағдайда, онда ұсынылған үстеме бағаның (теріс айырмасы) бұл сомасы 570.00.001 жолында көрсетілген сомадан шегеріледі;

3) 570.00.003 жолында оң немесе теріс айырмасына байланысты, 570.00.001 және 570.00.002 жолдарының сомасы болмаса айырмасы ретінде айқындалатын экспортқа сатылған шикі мұнайдың, газ конденсатының жалпы көлемінің құны көрсетіледі;

4) 570.00.004 жолында шикі мұнайды, газ конденсатын экспортқа сату бойынша шығындар көрсетіледі;

5) 570.00.005 жолында 570.00.003 және 570.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс көрсетіледі;

6) 570.00.006 жолында Салық кодексінің 278-4-бабына сәйкес экспортқа сатылған шикі мұнайдың, газ конденсатының биржалық бағасы деңгейінде тұрақталған нақты бағаға сәйкес келетін экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына ренталық салық ставкасы көрсетіледі;

7) 570.00.007 жолында 570.00.005 және 570.00.006 жолдарының туындысы ретінде есептелетін экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына ренталық салықтың сомасы көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға

табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Экспортқа шикі мұнайды, газ конденсатын сатудан салық салу базасын айқындау - 570.01 нысанын жасау

17. Осы нысан есепті салық кезеңі үшін экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына ренталық салықты есептеу бойынша салық салу базасын айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

18. "Экспортқа шикі мұнайды, газ конденсатын сату көлемі" бөлімі бес бағаннан тұрады:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі/резиденттік елдің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында экспортқа сатылған шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;
- 4) D бағанында экспортқа сатылған шикі мұнайдың, газ конденсатының нарықтық бағасы көрсетіледі. Сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының нарықтық бағасы есепті кезеңде (күн сайын) халықаралық шикі мұнай сауда-саттығында сатылатын, шикі мұнайдың, газ конденсатының неғұрлым ұқсас сортын іріктеуге қатысты нарықтағы сату бағасынан басым орташа өлшемді баға ретінде қалыптасады;
- 5) E бағанында экспортқа шикі мұнайды, газ конденсатын сатудан кіріс көрсетіледі.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Экспортқа сатылған шикі мұнайдың, газ конденсатының құнын айқындау кезінде шегерімге жататын шығындар - 570.02-нысанын жасау

20. Осы нысан есепті салық кезеңі ішінде экспортталатын шикі мұнайды, газ конденсатын сатумен байланысты шығындарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

21. "Шегерімге жататын шығындар" бөлімі үш бағаннан тұрады:

- 1) А бағанында жолдың рет нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында шығыстардың баптары бөлігінде есепті салық кезеңі үшін экспортталатын шикі мұнайды, газ конденсатын сатумен байланысты шығыстар көрсетіледі. Бұл ретте экспортталатын шикі мұнайды, газ конденсатын тасымалдау бойынша шығындар өзіне өнімді өткізу рыноктарына жеткізу және көлік агенттері қызмет көрсетулеріне төлеуді кіргізеді (магистральды құбыр бойынша тасымалдау үшін көліктік тарифті немесе темір жол тарифін төлеу, порт ұйымдарының жүкті жолда ауыстырып тиеу, сақтандыру бойынша қызмет көрсетулері);
- 3) С бағанында экспортталатын шикі мұнайды, газ конденсатын сатумен байланысты шығындардың сомасы көрсетіледі.

570.02.001 жолы С бағаның шамасы 570.00.004 жолына көшіріледі.

22. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 570.00-570.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қызметін
жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша
төлемі бойынша декларацияны жасау ережесі
(580.00-нысан)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдаланушылармен өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қосымша төлемді есептеуге арналған Өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауының пайдаланушының қосымша төлемі бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация қағаз тасығышта - қалам не қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

6. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен қағаз тасығышта хабарламамен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

7. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (580.00-нысан)

8. Осы нысан Салық кодексінің 49-1-тарауына сәйкес есепті салық кезеңі үшін төленуге жататын өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жер қойнауының пайдаланушының қызметіне сәйкес қосымша төлем сомаларын көрсетуге арналған.

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде жер қойнауын пайдаланушы мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Күнтізбелік ай салық кезеңі болып табылады.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөзінде негізгі қызмет түрінің ЭҚЖЖ кодын (бес белгіге дейін) көрсету қажет;

5) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Декларацияны салық төлеуші өнімді бөлу туралы келісім-шарт жасасқаннан кейін бірінші рет тапсырған жағдайда белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі одан кейінгі Декларацияларды беру кезінде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының

7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл

ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта құрылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) келісім-шарт атауы. Кен орындарын көрсете отырып, өнімді бөлу туралы келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі;

9) пайдалы қазбаның коды. Осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың кодтарына сәйкес пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;

10) келісім-шартты жасасу күні. Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен келісім-шартты жасасу күні;

11) келісім-шарттың нөмірі. Уәкілетті орган берген келісім-шарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

12) өлшем бірлігі. Келісім-шартқа сәйкес өндірілген пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі (тоннада, куб./м., унциясы және тағы да басқа) көрсетіледі.

10. "2005 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған өнімді бөлу туралы келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі" бөлімінде:

1) 580.00.001 өндірілген өнім көлемінің жалпы құны көрсетіледі;

2) 580.00.002 жолында мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі, бұл ретте мемлекет түсімдерінің үлесі өзімен Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін, жанама салықтарды және жер қойнауын пайдаланушы оларға қатысты салық агенті ретінде әрекет ететін салықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы нақты төлеген салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді білдіреді;

3) 580.00.003 жолында салық кезеңінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 10 процентін құрайтын мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі ;

4) 580.00.004 жолында салық кезеңінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 40 процентін құрайтын мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі ;

5) 580.00.005 жолында жер қойнауын пайдаланушының есептелген қосымша төлемінің сомасы көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеген кезде, егер 580.00.003-580.00.002 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтіне дейін және 580.00.004-580.00.002 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтінен кейін оң болып табылса, онда мұндай айырма жер қойнауын пайдаланушы үшін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қосымша төлемі болып табылатынын ескерген жөн.

11. "2006 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған өнімді бөлу туралы келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі" бөлімінде:

1) 580.00.006 жолында өндірілген өнім көлемінің жалпы құны көрсетіледі;

2) 580.00.007 жолында мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі, бұл ретте мемлекет түсімдерінің үлесі өзімен Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін, жанама салықтарды және жер қойнауын пайдаланушы оларға қатысты салық агенті ретінде әрекет ететін салықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы нақты төлеген салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді білдіреді;

3) 580.00.008 жолында келісім-шарттық қызметтің нәтижесінде алынған өнімнің жалпы көлемінің құнынан өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген 5 проценттен бастап 10 процентке дейінгі аралықтағы салық кезеңінде мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі;

4) 580.00.009 жолында келісім-шарттық қызметтің нәтижесінде алынған салық кезеңінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 40 процентін құрайтын мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі;

5) 580.00.010 жолында жер қойнауын пайдаланушының есептелген қосымша төлемінің сомасы көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеген кезде, егер 580.00.008-580.00.007 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтіне дейін және 580.00.009-580.00.007 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтінен кейін оң болып табылса, онда мұндай айырма жер қойнауын пайдаланушы үшін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша қосымша төлемі болып табылатынын ескерген жөн.

12. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға табыс етсе, "Салық төлеушінің аты-жөні" деген жол болуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

13. Пайдалы қазбалардың кодтары пайдалы қазбалардың мынадай тізбесіне сәйкес көрсетіледі:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Берилий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот

0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий

0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас

0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-құм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балқуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары
0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121	Тоқпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

РҚАО-ның ескертуі: 580.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Әлеуметтік салық бойынша декларацияны жасау ережелері (600.00-Нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 11-тарауына сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 121-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін, қозғалыс тірек аппараттары бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелер мен мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Салық кодексінің 177-бабына сәйкес тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер әлеуметтік салықты есептеу және уактылы төлеуге арналған Әлеуметтік салық бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (600.00-нысан) және әлеуметтік салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (600.01 және 600.02 нысандар) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларация тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

11. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

12. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері Салық кодексінің 315-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алады. Құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алатын заңды тұлға осындай шешімді қабылдау туралы бас ұйымның және құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық органдарын хабардар етеді (немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне тапсырма береді). Көрсетілген құрылымдық бөлімшелер Декларацияны дербес тапсырады. Заңды тұлға Декларацияны тапсыру кезінде мұндай құрылымдық бөлімшелер туралы деректерді қамтымайды.

2. Декларацияны жасау (600.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Декларацияны беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N

542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ торкөздерде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер Декларация салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді. 600.01-қосымша жыл қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге беріледі;

8) 600.02-қосымшалардың саны.

Заңмен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасымен жасалынған келісім-шарттардың санына сәйкес келетін 600.02 қосымшалар саны көрсетіледі;

9) құрылымдық бөлімшелер бар ма. Құрылымдық бөлімдердің бар, жоқтығына қарай тиісті торкөз белгіленеді.

14. "Салық кодексі 317-бабының 1-тармағында белгіленген ставкаларды қолданумен есептелген әлеуметтік салық" бөлімінде:

600.00.001A, 600.00.001B және 600.00.001C жолдарында Салық кодексі 317-бабының 1-тармағында белгіленген ставкалар бойынша есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомасына кемітілген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

600.00.001D жолында 600.00.001A, 600.00.001B және 600.00.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.00.001E жолында Есепті салық кезеңі декларациясының 600.00.001D және өткен кезең үшін декларацияның 600.00.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

12. "Келісім-шарттарға сәйкес есептелген әлеуметтік салық" бөлімінде:

600.00.002A, 600.00.002B және 600.00.002C жолдарында 602.02 барлық нысандары бойынша 600.02.012 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айларына есептелген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі;

600.00.002D жолында 600.00.002A, 600.00.002B және 600.00.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

600.00.002E жолында Есепті кезең декларациясының 600.00.002D және Бұрынғы кезең үшін декларацияның 600.00.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, әлеуметтік салықтың жыл басынан бергі сомасы көрсетіледі.

16. "Әлеуметтік салықты төлеуге есептелген әлеуметтік жәрдемақылар":

1) 600.00.003A, 600.00.003B және 600.00.003C жолдарында 1998 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін жұмыс берушінің уақытша жұмысқа қабілетсіздігі, жүктілік және босану, бала тууы, жерлеу кезіндегі есептеген жәрдемақылары, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі - МӘСҚ) төленген сомалар көрсетілген қорға аударымдардан артық болуы нәтижесінде қалыптасқан теріс сальдо қалдықтары көрсетіледі.

600.00.003A, 600.00.003B және 600.00.003C жолдарына Есепті кезең декларациясының 600.00.006C және бұрынғы кезең үшін декларацияның 600.00.006A және 600.00.006B жолдарында сәйкесінше көрсетілген сома көшіріледі;

2) 600.00.004A, 600.00.004B және 600.00.004C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалатын әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелетін әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

3) 600.00.005A, 600.00.005B және 600.00.005C жолдарында 600.00.003 және 600.00.004 жолдарының сомасына сәйкес келетін шаманың ең азы ретінде айқындалатын, сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

600.00.005D жолында 600.00.005A, 600.00.005B және 600.00.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

600.00.005E жолында Есепті кезең декларациясының 600.00.005D және Өткен кезең үшін декларацияның 600.00.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық төлеу есебіне есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

4) 600.00.006A, 600.00.006B және 600.00.006C жолдарында 600.00.003 және 600.00.005 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін келесі есепті айға көшірілетін, МӘСКҚ-ға есептелген аударымдар сомасынан, есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасынан асуы көрсетіледі.

17. "Әлеуметтік салық - барлығы" бөлімінде:

600.00.007A, 600.00.007B және 600.00.007C жолдарында 600.00.005 жолында көрсетілген сомаға азайтылған 600.00.001, 600.00.002 жолдарына сәйкес келетін сома ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

600.00.007D жолында 600.00.007A, 600.00.007B және 600.00.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

600.00.007E жолында Есепті кезең декларациясының 600.00.007D және Өткен кезең үшін декларацияның 600.00.007E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

18. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды

құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесі - 600.01 нысанын жасау

19. Осы нысан жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесін көрсетуге арналған. Жылдың қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі.

20. "Төлемдер түрлері" бөлімінде:

1) 600.01.001 - 600.01.016 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынатын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

2) 600.01.017 - 600.01.042 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

3) 600.01.017 - 600.01.018 жолдарда Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес есептелген міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі;

4) 600.01.019, 600.01.025, 600.01.027, 600.01.028 және 600.01.040 жолдарда Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

5) 600.01.021 жолында Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтаған, штат саны қысқарған немесе жұмысшылар әскери қызметке шақырылған кезде жеке еңбек шартын бұзу кезінде төленетін өтемақылар сомасы көрсетіледі;

6) 600.01.022 жолында Салық кодексі 144-бабының 16) тармақшасына сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар мөлшері көрсетіледі;

7) 600.01.023 жолында қызметкерлерге төлемдерінің әрбір түрі үшін белгіленген 70-еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен айқындалған шек көрсетіледі:

медициналық қызмет көрсетулерді төлеу үшін,

бала туған кезде;

жерлеуге;

8) 600.01.024 жолында Экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

9) 600.01.026, 600.01.031, 600.01.032, 600.01.033, 600.01.034 және 600.01.035 жолдарда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

10) 600.01.029 жолында Салық кодексі 144-бабының 26) тармақшасына сәйкес төленетін төлемдер мөлшері көрсетіледі;

11) 600.01.038 жолында мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер көрсетіледі. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемді әлеуметтік салықтан босату үшін растау шетел мемлекетімен (мемлекеттерімен) немесе халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім-шарт) болып табылады;

12) 600.01.043 жолында 600.01.001 - 600.01.016 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі;

13) 600.01.044 жолында 600.01.017 - 600.01.042 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі.

21. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында 600.01 -нысанын толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілердің әлеуметтік салықты есептеуі - 600.02 нысанын жасау

22. Осы нысан заңдармен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар (бұдан әрі - келісім-шарттар) бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілер әлеуметтік салықты есептеулері үшін арналған.

23. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 3-тармақта шетелдік мамандар-қызметкерлерді және шетелдік жұмысшылар - қызметкерлерді бөлек көрсете отырып қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі;

2) 4-тармақта келісім-шарттың реквизиттері көрсетіледі: келісім шарттың нөмірі мен жасалған күні;

3) 5-тармақта тиісті қаржы жылына Қазақстан республикасының заңдарымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш көрсетіледі.

24. "Қызметкерлер үшін әлеуметтік салық" бөлімінде:

Бұл бөлім шетелдік мамандар-қызметкерлерді және шетелдік жұмысшылар-қызметкерлерді қоспағанда қызметкерлер үшін әлеуметтік салықты есептеуге арналған.

1) 600.02.001A, 600.02.001B және 600.02.001C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айларына сәйкес қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.001D жолында 600.02.001A, 600.02.001B және 600.02.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.001E жолында есепті кезеңнің 600.02.002D қосымшасы жолдарының және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02.001E қосымша жолдарының сомасы ретінде айқындалатын қызметкерлердің жыл басынан бергі табысы көрсетіледі;

2) 600.02.002A, 600.02.002B және 600.02.002C жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін тиісінше әлеуметтік салық ұсталмайтын қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.002D жолында 600.02.002A, 600.02.002B және 600.02.002C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық салынбайтын қызметкерлердің табысы көрсетіледі.

600.02.002E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.002D жолдарының және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.002E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын қызметкерлердің жыл басынан бергі әлеуметтік салық салынбайтын табысы көрсетіледі;

3) 600.02.003A, 600.02.003B және 600.02.003C жолдарында 600.02.001 және 600.02.002 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін салық салынатын кірістері көрсетіледі.

600.02.003D жолында 600.02.003A, 600.02.003B және 600.02.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін салық салынатын кіріс көрсетіледі.

600.02.003E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.003D жолдарының және бұрынғы кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі салық салынатын кіріс көрсетіледі;

4) 600.02.004A, 600.02.004B және 600.02.004C жолдарында келісім-шартқа сәйкес белгіленген қызметкерлер үшін әлеуметтік салықтың ставкасы көрсетіледі ;

5) 600.02.005A, 600.02.005B және 600.02.005C жолдарында 600.02.003 және 600.02.002 жолдарының сомасын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген, қызметкерлер үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.005D жолында 600.02.005A, 600.02.005B және 600.02.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.005E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.005D жолдарының және бұрынғы кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

25. "Шетелдік мамандар-қызметкерлер үшін әлеуметтік салық" бөлімінде:

1) 600.02.007A, 600.02.007B және 600.02.007C жолдарында 600.02.006 жолында көрсетілген әлеуметтік салық ставкасын және "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінің" 5-тармағында айқындалған айлық есептік көрсеткішті көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

600.02.007D жолында 600.02.007A, 600.02.007B және 600.02.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

600.02.007E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.007D және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.007E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

2) 600.02.008A, 600.02.008B және 600.02.008C жолдарында өзімен 600.02.007A, 600.02.007B және 600.02.007C жолдарында көрсетілген салықтың сомалары және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомаларының айырмашылығын білдіретін есептелген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

600.02.008D жолында 600.02.008A, 600.02.008B және 600.02.008C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

600.02.008E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.008D және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.008E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

26. "Шетелдік жұмысшылар-қызметкерлер үшін әлеуметтік салықтар" бөлімінде:

1) 600.02.010A, 600.02.010B және 600.02.010C жолдарында 600.02.009 жолында көрсетілген әлеуметтік салық ставкасын және "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат бөлімінің" 5-тармағында айқындалған айлық есептік көрсеткішті көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

600.02.010D жолында 600.02.010A, 600.02.010B және 600.02.010C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

600.02.010E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.010D және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.010E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

2) 600.02.011A, 600.02.011B және 600.02.011C жолдарында өзімен 600.02.010A, 600.02.010B және 600.02.010C жолдарында көрсетілген салықтың сомалары және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомаларының айырмашылығын білдіретін есептелген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

600.02.011D жолында 600.02.011A, 600.02.011B және 600.02.011C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

600.02.011E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.011D және бұрынғы есепті кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.011E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

27. "Әлеуметтік салық - барлығы" бөлімінде:

600.02.012A, 600.02.012B және 600.02.012C жолдарында 600.02.005, 600.02.008 және 600.02.011 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомалары көрсетіледі.

600.02.012D жолында 600.02.012A, 600.02.012B және 600.02.012C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

600.02.012E жолында есепті кезеңнің 600.02 нысанының 600.02.012D жолдарының және бұрынғы кезең үшін 600.02 нысанының 600.02.012E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бергі әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

28. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында 600.02 -нысанын толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 600.00-600.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Құрылымдық бөлімше бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасының есебін жасау ережелері (601.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 11-бөліміне сәйкес әзірленген және құрылымдық бөлімшелері бар заңды

тұлғалардың өзінің құрылымдық бөлімшелері үшін әлеуметтік салық сомасын есептеуге арналған Құрылымдық бөлімше бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп Есептің өзінен (601.00), қосымша нысаннан және әлеуметтік салық салу объектісі туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (601.01) тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшалар мен қосымша нысандардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген салық төлеуші-занды тұлғаның тиісті деректері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

10. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

11. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Құрылымдық бөлім бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасының есебін жасау (601.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеуші-занды тұлғаның тіркеу нөмірі;

2) салық кезең - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің атауы. Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) салық төлеуші-заңды тұлғаның орналасқан жері;

5) филиалдар/өкілдіктер бойынша берілген қосымшалардың саны;

6) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

13. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 601.00.001 жолында заңды тұлға бойынша есептелген салықтың сомасы көрсетіледі. Осы жолға 600.00.008 жолында немесе 610.00.011 немесе 640.00.016 жолында көрсетілген сомалар көшіріледі;

2) 601.00.002 жолында Салық кодексі 317-бабының 1, 2 және 4 тармақтарында белгіленген ставкалар бойынша есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомасына кемітілген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі;

3) 601.00.003 жолында 601.01 барлық нысандарының 601.01.001 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын филиалдар/өкілдіктер бойынша есептелген салық сомасы көрсетіледі.

14. 601.00.003 жолына қосымша нысан әрбір филиал/өкілдік бойынша есептелген әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

15. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі:

1) 00001С жолында барлық филиалдар/өкілдіктер бойынша әлеуметтік салықтың жиынтық сомасы көрсетіледі;

2) А бағанында рет нөмірі қойылады;

3) В бағанында филиалдың/өкілдіктің СТН-і көрсетіледі;

4) С бағанында филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

5) D бағанында филиал/өкілдік үшін салық төлеген орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есепті электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Филиал/өкілдік бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасының есебі - 601.01-нысанын жасау

17. Осы нысан салық төлеушінің филиал/өкілдік бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасын есептеуіне арналған. Нысан әрбір филиал/өкілдік бойынша жеке жасалады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1) 1-тармақта филиал/өкілдік СТН-і көрсетіледі;
- 2) 3-тармақта филиал/өкілдік атауы көрсетіледі;
- 3) 5-тармақта филиал/өкілдікті тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

19. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

601.01.001A, 601.01.001B және 601.01.001C жолдарында Салық кодексі 317-бабының 1 және 3 тармақтарында белгіленген ставкалар бойынша есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомасына кемітілген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

601.01.001D жолында 601.01.001A, 601.01.001B және 601.01.001C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін филиал/ өкілдік бойынша әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

601.01.001E жолында есепті кезеңнің 601.01 нысаны 601.01.001D және бұрынғы есепті кезең үшін 601.01 нысаны 601.01.001E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

20. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында 601.01 -нысанын толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 601.00-601.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Әлеуметтік салық бойынша декларация жасау ережелері (610.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 11-бөліміне сәйкес мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салықты есептеуге және уақтылы төлеуге арналған әлеуметтік салық бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (бұдан әрі - 610.00-нысан) және әлеуметтік салықты салу объектісі туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (610.01 нысаннан) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

12. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері Салық кодексінің 315-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алады. Құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алатын мемлекеттік мекеме осындай шешімді қабылдау туралы бас ұйымның және құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері

бойынша салық органдарын хабардар етеді (немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне тапсырма береді). Көрсетілген құрылымдық бөлімшелер Декларацияны дербес тапсырады. Мемлекеттік мекеме Декларацияны тапсыру кезінде мұндай құрылымдық бөлімшелер туралы деректерді қамтымайды.

2. Декларация жасау (610.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Декларацияны беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі.

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесі бойынша қызмет негізгі түрінің ЭҚЖЖ коды мен олардың үлес салмағы көрсетіледі;

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер Декларация салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) Табыс етілген қосымша. Қосымша жылдың қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі;

8) құрылымдық бөлімшелері бар ма. Құрылымдық бөлімшелердің бар болуына байланысты тиісті торкөз белгіленеді;

9) қызметкерлер саны.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа қабылданған тұлғалар саны көрсетіледі.

14. "Әлеуметтік салықты есептеу" бөлімінде:

1) 610.00.001А, 610.00.001В және 610.00.001С жолдарында Салық кодексі 317-бабының 1-тармағында белгіленген ставкалар бойынша есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін есептелген және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомасына кемітілген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

610.00.001D жолында 610.00.001А, 610.00.001В және 610.00.001С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

610.00.001Е жолында есепті кезеңнің Декларациясы 610.00.001D және бұрынғы кезең үшін Декларацияның 610.00.001Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

2) 610.00.002А, 610.00.002В және 610.00.002С жолдарында жұмыс берушімен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі - МӘСҚ) төленген уақытша еңбекке қабілетсіздік, жүкті және босану, баланың туылуы кезінде, жерлеу бойынша жәрдемақылар сомаларының есептелген сомалардан есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларының басына сәйкес көрсетілген қорға есептелген аударылған сомадан асып кетуі нәтижесінде 1998 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайда болған теріс сальдо қалдықтары көрсетіледі.

610.00.002А, 610.00.002В және 610.00.002С жолдарына бұрынғы есепті кезең үшін Декларацияның 610.00.005С, есепті кезең Декларациясының 610.00.005А және 610.00.005В тиісті жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

3) 610.00.003А, 610.00.003В және 610.00.003С жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларына Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалатын әлеуметтік салықты төлеу есебіне есепке жатқызылған, есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың МӘСҚ аударуға есептелген сомалардан асып кету сомалары көрсетіледі;

4) 610.00.004А, 610.00.004В және 610.00.004С жолдарында 610.00.002 және 610.00.003 жолдарының сомаларына сәйкес ішіндегі ең кіші шама ретінде айқындалатын сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне есепке жатқызылған есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың МӘСК есептеліп аударылған сомадан асып кету сомалары көрсетіледі;

5) 610.00.005А, 610.00.005В және 610.00.005С жолдарында 610.00.002 және 610.00.004 жолдарына тиісті сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін келесі есепті айға көшірілетін есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың МӘСК есептеліп аударылған сомадан асып кету сомалары көрсетіледі;

6) 610.00.006А, 610.00.006В және 610.00.006С жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес есептелген әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі;

7) 610.00.007А, 610.00.007В және 610.00.007С жолдарында Салық кодексінің 320-бабының 2-тармағына сәйкес көшірілетін әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі.

610.00.007А, 610.00.007В және 610.00.007С жолдарына сәйкесінше бұрынғы салық кезеңі үшін Декларацияның 610.00.007С және есепті кезең Декларациясының 610.00.010А және 610.00.010В жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

8) 610.00.008А, 610.00.008В және 610.00.008С жолдарында 610.00.006 және 610.00.007 жолдарына сәйкес келетін сомалар ретінде айқындалатын есепті кезеңде есептелген және бұрынғы кезеңнің 1, 2 және 3-ші айларынан көшірілген әлеуметтік жәрдемақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

9) 610.00.009А, 610.00.009В және 610.00.009С жолдарында есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін 610.00.001 және 610.00.004 жолдарына тиісті сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын есептелген әлеуметтік салық шегінде әлеуметтік салықты азайтуға жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі.

610.00.009D жолында 610.00.009А, 610.00.009В және 610.00.009С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықты азайтуға жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі.

610.00.009Е жолында есепті салық кезеңінің Декларациясы 610.00.009D және бұрынғы салық кезеңі үшін Декларацияның 610.00.009Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап, әлеуметтік салықты азайтуға жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылардың сомалары көрсетіледі;

10) 610.00.010A, 610.00.010B және 610.00.010C жолдарында 610.00.008 және 610.00.009 жолдарына сәйкес келетін сомалардың айырма ретінде айқындалатын, сәйкесінше есепті салық кезеңінің 1, 2 және 3-ші айларына көшірілетін әлеуметтік жәрдемақылардың сомасы көрсетіледі;

11) 610.00.011A, 610.00.011B және 610.00.011C жолдарында 610.00.001, 610.00.004 және 610.00.009 жолдарына сәйкес сомалардың айырмасы ретінде айқындалатын, есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

610.00.011D жолында 610.00.011A, 610.00.011B және 610.00.011C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

610.00.011E жолында есепті кезеңнің Декларациясы 610.00.011D және бұрынғы кезең үшін Декларацияның 610.00.011E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі

;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесі

- 610.01 нысанын жасау

16. Осы нысан жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесін көрсетуге арналған. Жылдың қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі.

17. "Төлемдер түрлері" бөлімінде:

1) 610.01.001 - 610.01.010 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынатын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

2) 610.01.011 - 610.01.031 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

3) 610.01.011 жолында Салық кодексі 144-бабының 6) тармақшасында көзделген төлемдер көрсетіледі;

4) 610.01.012, 610.01.019, 610.01.026 және 610.01.027 жолдарда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

5) 610.01.013 және 610.01.014 жолдарда Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес есептелген міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі;

6) 610.01.015, 610.01.021, 610.01.023, 610.01.024 және 610.01.030 жолдарда Қазақстан Республикасының еңбек заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

7) 610.01.016 жолында Экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды

әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

8) 610.01.017 жолында қызметкерлерге төлемдерінің әрбір түрі үшін белгіленген 70-еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалған шек көрсетіледі:

медициналық қызмет көрсетулерді төлеу үшін,
бала туған кезде,
жерлеуге;

9) 610.01.018 жолында мемлекеттік кәсіпорындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар сомасы көрсетіледі;

10) 610.01.022 жолында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органды тарату немесе қайта ұйымдастыру, штатты (санын) қысқарту кезінде төленетін шығу жәрдемақысының сомалары көрсетіледі;

11) 610.01.028 жолында мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер көрсетіледі. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемді әлеуметтік салықтан босату үшін растау шетел мемлекетімен (мемлекеттерімен) немесе халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім-шарт) болып табылады;

12) 610.01.032 жолында 610.01.001 - 610.01.010 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі;

13) 610.01.033 жолында 610.01.011 - 610.01.031 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі.

18. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында 610.01 - нысанын толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 610.00-610.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Әлеуметтік салық бойынша Декларация жасау ережелері (620.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық Кодексі) 11-бөліміне сәйкес әзірленген және бюджетпен есеп айырысуды бір жолғы талондардың негізінде жүзеге асыратындарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардан, адвокаттардың (бұдан әрі - жеке тұлғалар) әлеуметтік салықты есептеуі мен уақтылы төлеуіне арналған Әлеуметтік салық бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

6. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

7. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (620.00-нысан)

8. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті кезең. Декларацияны беру үшін есепті кезең есепті тоқсан болып табылады. Есепті кезең араб сандарымен көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

Жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар мен адвокаттар ЭҚЖЖ мәліметтерінде негізгі қызметінің ЭҚЖЖ кодын ғана көрсетеді, жеке нотариустар негізгі қызметінің ЭҚЖЖ коды - 74112, адвокаттар - 74111 деп көрсетеді;

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер Декларация салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) қызметкерлердің саны.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмысқа қабылданған тұлғалар саны көрсетіледі;

8) айлық есептік көрсеткіш.

Қазақстан Республикасының заңнама актісімен жыл сайын бекітілетін айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі;

9) салық төлеушінің мәртебесі.

Жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғалар - "Жеке кәсіпкер" ұяшығын белгілейді.

Жеке нотариус болып табылатын жеке тұлғалар - "Жеке нотариус" ұяшығын белгілейді.

Адвокат болып табылатын жеке тұлғалар - "Адвокат" ұяшығын белгілейді.

9. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) 620.00.001А, 620.00.001В және 620.00.001С жолдарында Салық кодексінің 317-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын, сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін салық төлеуші өзі үшін төлейтін есептелген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

620.00.001D жолында 620.00.001А, 620.00.001В және 620.00.001С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

620.00.001Е жолында Есепті салық кезеңінің декларациясы 620.00.001D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.001Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

2) 620.00.002А, 620.00.002В және 620.00.002С жолдарында сәйкесінше есепті салық кезеңінің 1, 2 және 3-ші айлары үшін Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес өзінің пайдасына төленетін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі.

620.00.002D жолында 620.00.002А, 620.00.002В және 620.00.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

620.00.002Е жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.002D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.002Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

3) 620.00.003А, 620.00.003В және 620.00.003С жолдарында 620.00.001 және 620.00.002 жолдарының тиісті сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын, сәйкесінше, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген, әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

620.00.003D жолында 620.00.003А, 620.00.003В және 620.00.003С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

620.00.003Е жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.003D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.003Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

4) 620.00.004А, 620.00.004В және 620.00.004С жолдарында сәйкесінше, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін Салық кодексінің 317-бабы 2-тармақшасына

сәйкес әрбір қызметкер үшін салық төлеуші төлейтін есептелген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

620.00.004D жолында 620.00.004A, 620.00.004B және 620.00.004C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

620.00.004E жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.004D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.0043E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

5) 620.00.005A, 620.00.005B және 620.00.005C жолдарында сәйкесінше, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес әрбір қызметкер үшін төленетін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі.

620.00.005D жолында 620.00.005A, 620.00.005B және 620.00.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

620.00.005E жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.005D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.0053E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

6) 620.00.006A, 620.00.006B және 620.00.006C жолдарында 620.00.004 және 620.00.005 жолдарының тиісті сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын, сәйкесінше, есепті салық кезеңінің 1, 2 және 3-ші айлары үшін төленуге жататын әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

620.00.006D жолында 620.00.006A, 620.00.006B және 620.00.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

620.00.006E жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.006D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 620.00.007A, 620.00.007B және 620.00.007C жолдарында 620.00.003 және 620.00.006 жолдарының тиісті сомалары ретінде айқындалатын, сәйкесінше, есепті кезеңнің 1, 2 және 3-ші айлары үшін есептелген, әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

620.00.007D жолында 620.00.007A, 620.00.007B және 620.00.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

620.00.007E жолында Есепті кезеңнің декларациясы 620.00.007D және Өткен кезең үшін декларацияның 620.00.007E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

9. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

- 1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;
- 2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;
- 3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 620.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Әлеуметтік салық бойынша декларацияны жасау ережелері (640.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 11-тарауына сәйкес әзірленген және қозғалыс тірек аппараттары бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін, Салық кодексінің 121-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйымдардың әлеуметтік салықты есептеуі мен уақтылы төлеуіне арналған Әлеуметтік салық бойынша декларация (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (640.00-нысан) және әлеуметтік салық салынатын объект туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (640.01) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, кара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

10. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен қағаз тасығышта почта бойынша-салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

12. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері Салық кодексінің 315-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алады. Құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салықты дербес төлеушілер ретінде қарала алатын заңды тұлға осындай шешімді қабылдау туралы бас ұйымның және құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық органдарын хабардар етеді (немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне тапсырма береді). Көрсетілген құрылымдық бөлімшелер Декларацияны дербес тапсырады. Заңды тұлға Декларацияны тапсыру кезінде мұндай құрылымдық бөлімшелер туралы деректерді қамтымайды.

2. Декларацияны жасау (640.00-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін салық кезеңі. Декларацияны беру үшін есепті тоқсан есепті кезеңі болып табылады. Есепті кезең араб цифрларымен көрсетіледі;

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "

Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз егер Декларация салық төлеуші мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) табыс етілген қосымшалар. Жыл қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге беріледі;

8) құрылымдық бөлімшелер бар ма.

Құрылымдық бөлімдердің бар, жоқтығына қарай тиісті ұяшық белгіленеді.

14. "Саны және мүгедек-қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар" бөлімінде:

1) 640.00.001А, 640.00.001В және 640.00.001С жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек -қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі;

2) 640.00.002А, 640.00.002В және 640.00.002С жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек-қызметкерлердің саны көрсетіледі;

3) 640.00.003А, 640.00.003В және 640.00.003С жолдарында 640.00.002 және 640.00.001 тиісті жолдарының қатынасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек-қызметкерлердің санының үлес салмағы көрсетіледі;

4) 640.00.004А, 640.00.004В және 640.00.004С жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 640.00.005А, 640.00.005В және 640.00.005С жолдарында есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін мүгедек-қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) 640.00.006А, 640.00.006В және 640.00.006С жолдарында 600.00.005 және 600.00.004 тиісті жолдарының қатынасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін еңбекке ақы төлеудің жалпы шығыстарындағы мүгедек-қызметкерлер еңбекақыларының үлес салмағы көрсетіледі.

15. "Әлеуметтік салықты есептеу" бөлімінде:

1) 640.00.007А, 640.00.007В және 640.00.007С жолдарында қызметкер - жеке тұлғаларға есепті кезеңнің сәйкесінше 1, 2 және 3-айларына төленетін төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.007D жолында 640.00.007А, 640.00.007В және 640.00.007С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін қызметкер - жеке тұлғаларға төленетін төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.007Е жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.007D жолының және өткен кезең Декларациясының 640.00.007Е жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап қызметкер - жеке тұлғаларға төленетін төлемдердің сомасы көрсетіледі;

2) 640.00.008А, 640.00.008В және 640.00.008С жолдарында есепті кезеңнің сәйкесінше 1, 2 және 3-айлары үшін жеке тұлғаларға төленетін, әлеуметтік салық салынбайтын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.008D жолында 640.00.008А, 640.00.008В және 640.00.008С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін жеке тұлғаларға төленетін, әлеуметтік салық салынбайтын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.008Е жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.008D жолының және өткен кезең Декларациясының 640.00.008Е жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

Есепті кезеңнің 4-тоқсаны үшін Декларацияның 640.00.008Е жолы 640.01.043 жолына сәйкес келуі тиіс;

3) 640.00.009А, 640.00.009В және 640.00.009С жолдарында 640.00.007 және 640.00.008 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін салық салынатын төлемдер сомасы көрсетіледі.

640.00.009D жолында 640.00.009А, 640.00.009В және 640.00.009С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін салық салынатын төлемдердің сомасы көрсетіледі.

640.00.009E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.009D жолының және өткен кезең Декларациясының 640.00.009E жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап салық салынатын төлемдер сомасы көрсетіледі.

Есепті кезеңнің 4-тоқсаны үшін Декларацияның 640.00.009E жолы 640.01.042 жолына сәйкес келуі тиіс;

4) 640.00.010A, 640.00.010B және 640.00.010C жолдарында Салық кодексі 317-бабының 3-тармағында белгіленген әлеуметтік салықтың ставкасы көрсетіледі;

5) 640.00.011A, 640.00.011B және 640.00.011C жолдарында 640.00.009 және 640.00.010 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2, 3-айлары үшін есептелген және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомасына кемітілген әлеуметтік салықтың сомалары көрсетіледі.

640.00.011D жолында 640.00.011A, 640.00.011B және 640.00.011C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті үшін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

640.00.011E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.011D және өткен кезең Декларациясының 640.00.011E жолының сомаларының айырмасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

16. "Әлеуметтік салықты төлеу есебіне жатқызылған әлеуметтік жәрдемақылар" бөлімінде:

1) 640.00.012A, 640.00.012B және 640.00.012C жолдарында жұмыс беруші есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі - МӘСҚ) уақытша еңбекке қабілетсіздік, жүктілік және босану, бала дүниеге келген кезде, сондай-ақ жерлеуге төленетін жәрдемақылардың аталған қорға есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айларының басына есептелген сомадан асып кетуі нәтижесінде 1998 жылдың 31 желтоқсанына қалыптасқан теріс сальдоның қалдықтары көрсетіледі.

640.00.012A, 640.00.012B және 640.00.012C жолдарына есепті кезең Декларациясының 640.00.015A және 640.00.015B жолдарында және өткен кезең Декларациясының 640.00.015C жолында көрсетілген сомалар көшіріледі;

2) 640.00.013A, 640.00.013B және 640.00.013C жолдарында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес айқындалатын, есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3-айлары үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналатын әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

3) 640.00.014A, 640.00.014B және 640.00.014C жолдарында 640.00.012 және 640.00.013 жолдарының тиісті сомаларының ең аз мөлшері ретінде

айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3-айлары үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналған әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

640.00.014D жолында 640.00.014A, 640.00.014B және 640.00.014C жолдарының сомалары ретінде айқындалатын есепті кезең үшін әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналған әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі.

640.00.014E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.014D және өткен есепті кезең Декларациясының 640.00.014E жолының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықты төлеу есебіне саналған әлеуметтік жәрдемақылар сомасы көрсетіледі;

4) 640.00.015A, 640.00.015B және 640.00.015C жолдарында 640.00.012 және 640.00.014 тиісті жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің тиісінше 1, 2 және 3 айлары үшін келесі есепті айға көшірілетін есептелген әлеуметтік жәрдемақылар сомасының МӘСК аударымдардың есептелген сомасынан асуы көрсетіледі.

17. "Әлеуметтік салық - барлығы" бөлімінде:

640.00.016A, 640.00.016B және 640.00.016C жолдарында 640.00.011 және 640.00.014 тиісті жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3 айлары үшін әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі

640.00.016D жолында 640.00.016A, 640.00.016B және 640.00.016C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

640.00.016E жолында есепті кезең Декларациясының 640.00.014D және өткен есепті кезең Декларациясының 640.00.014E жолының сомасы ретінде айқындалатын, жыл басынан бастап әлеуметтік салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

18. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;
5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесі

- 640.01 нысанын жасау

19. Осы нысан жеке тұлғаларға төленетін салық салынатын және салық салынбайтын төлемдер тізбесін көрсетуге арналған. Жылдың қорытындысы бойынша толтырылады және 4-тоқсан үшін Декларациямен бірге табыс етіледі.

20. "Төлемдер түрлері" бөлімінде:

1) 640.01.001 - 640.01.016 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынатын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

2) 640.01.017 - 640.01.041 жолдарда жыл басынан бастап жеке тұлғаларға төленетін әлеуметтік салық салынбайтын төлемдер түрлері бойынша сомалар көрсетіледі;

3) 640.01.017 - 640.01.018 жолдарда Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес есептелген міндетті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі;

4) 640.01.019, 640.01.024, 640.01.026, 640.01.027 және 640.01.039 жолдарда Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

5) 640.01.020 жолында Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтаған, штат саны қысқарған немесе жұмысшылар әскери қызметке шақырылған кезде жеке еңбек шартын бұзу кезінде төленетін өтемақылар сомасы көрсетіледі;

6) 640.01.021 жолында Салық кодексі 144-бабының 16) тармақшасына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар мөлшері көрсетіледі;

7) 640.01.022 жолында қызметкерлерге төлемдерінің әрбір түрі үшін белгіленген 70-еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен айқындалған шек көрсетіледі:

медициналық қызмет көрсетулерді төлеу үшін;

бала туған кезде;

жерлеуге;

8) 640.01.023 жолында Экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

9) 640.01.025, 640.01.030, 640.01.031, 640.01.032, 640.01.033 және 640.01.034 жолдарда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектерде жүргізілетін төлемдер көрсетіледі;

10) 640.01.028 жолдарында Салық кодексі 144-бабының 26) тармақшасына сәйкес төленетін төлемдер мөлшері көрсетіледі;

11) 640.01.037 жолында мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер көрсетіледі. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдар желілері бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемді әлеуметтік салықтан босату үшін растау шетел мемлекетімен (мемлекеттерімен) немесе халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарт (келісім-шарт) болып табылады.

12) 640.01.042 жолында 640.01.001 - 640.01.016 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынатын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі;

13) 640.01.043 жолында 640.01.017 - 640.01.041 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын әлеуметтік салық салынбайтын барлық төлемдер сомасы көрсетіледі.

21. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында 640.01 -нысанын толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 640.00-640.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдары есебін жасау ережелері (641.00-нысан) 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасымен салық режимі тұрақтылығына кепілдік берілген заңдармен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі - келісім-шарттар) жұмыс істейтін салық төлеушілермен автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдары есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін анықтайды.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол тор көзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (641.00-нысан)

8. "Төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) және (немесе) келісім-шарттың қолданысы тоқтатылған жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) келісім-шарт реквизиттері. Есеп жасалатын келісім-шарттың нөмірі және оны жасасқан күн көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарт нөмірі;

В жолында - келісім-шарт жасасу күні.

Есеп әр келісім-шарт бойынша бөлек жасалады.

9. "Төлемдерді есептеу базасы" бөлімінде:

1) 641.00.001А, 641.00.001В, 641.00.001С жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін нақты сату бағаларында өткізілген өнім, орындалған жұмыс және көрсетілген қызметтің нақты көлемдері көрсетіледі.

641.00.001D жолында 641.00.001А, 641.00.001В және 641.00.001С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін нақты сату бағасында сатылған өнімнің, жасалған жұмыстың және ұсынылған қызметтің нақты көлемі көрсетіледі.

641.00.001Е жолында есепті кезең Есебінің 641.00.001D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.001Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап нақты сату бағасында сатылған өнімнің, жасалған жұмыстың және ұсынылған қызметтің нақты көлемі көрсетіледі.

Осы жолдар егер келісім-шарт 1998 жылғы 8 маусымға дейін жасалған жағдайда толтырылады;

2) 641.00.002А, 641.00.002В, 641.00.002С жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

641.00.002D жолында 641.00.002А, 641.00.002В және 641.00.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

641.00.002Е жолында есепті кезең Есебінің 641.00.002D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.002Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жылдық жиынтық кіріс көрсетіледі.

Осы жолдар егер келісім-шарт 1998 жылғы 8 маусымнан кейін жасалған жағдайда толтырылады.

10. "Аударымдар сомасының есебі" бөлімінде:

1) 641.00.003А, 641.00.003В, 641.00.003С жолдарында 641.00.001 немесе 641.00.002 жолдарында көрсетілген төлемдерді есептеу базасына байланысты автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының ставкасы көрсетіледі;

2) 641.00.004А, 641.00.004В, 641.00.004С жолдарында 641.00.001 және 641.00.003 немесе 641.00.002 және 641.00.003 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын бюджетке аударылуға жататын автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

641.00.004D жолында 641.00.004A, 641.00.004B және 641.00.004C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

641.00.004E жолында есепті кезең Есебінің 641.00.004D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 641.00.004E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымдарының сомасы көрсетіледі.

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 641.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық қорларына аударымдар есебін жасау ережесі (651.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасымен салық режимі тұрақтылығына кепілдік берілген заңдармен белгіленген ретте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша (бұдан әрі - келісім-шарттар) жұмыс істейтін салық төлеушілермен Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық қорларына аударымдар есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін анықтайды.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" - алу белгісімен белгіленеді.

6. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

7. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (651.00-нысан)

8. "Төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Есепті беру үшін есепті тоқсан есепті кезең болып табылады.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық агенті оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс етілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) келісім-шарт деректемелері.

Есеп жасалатын келісім-шарттың нөмірі және осы келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарт нөмірі;

В жолында - келісім-шартты жасасу күні.

9. "Жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.001А, 651.00.001В, 651.00.001С жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі

651.00.001D жолында 651.00.001А, 651.00.001В және 651.00.001С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.001Е жолында есепті кезең Есебінің 651.00.001D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.001Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.002А, 651.00.002В, 651.00.002С жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.002D жолында 651.00.002А, 651.00.002В және 651.00.002С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.002Е жолында есепті кезең Есебінің 651.00.002D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.002Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі;

3) 651.00.003А, 651.00.003В, 651.00.003С жолдарында 651.00.001 және 651.00.002 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.003D жолында 651.00.003А, 651.00.003В және 651.00.003С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.003Е жолында есепті кезең Есебінің 651.00.003D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.003Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.004А, 651.00.004В, 651.00.004С жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.005A, 651.00.005B, 651.00.005C жолдарында 651.00.003 және 651.00.004 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.005D жолында 651.00.005A, 651.00.005B және 651.00.005C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.005E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.005D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.005E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жұмыспен қамтуға көмектесу қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

10. "Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.006A, 651.00.006B, 651.00.006C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.006D жолында 651.00.006A, 651.00.006B және 651.00.006C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.006E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.006D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.006E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.007A, 651.00.007B, 651.00.007C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.007D жолында 651.00.007A, 651.00.007B және 651.00.007C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.007E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.007D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.007E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 22 қаңтардағы N 1845 қаулысымен бекітілген Міндетті медициналық сақтандыруға сақтандыру төлемдерін алу және есепке алу тәртібі туралы Нұсқаулықтың 9-тармағында келтірілген;

3) 651.00.008A, 651.00.008B, 651.00.008C жолдарында 651.00.006 және 651.00.007 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1

, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.008D жолында 651.00.008A, 651.00.008B және 651.00.008C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.008E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.008D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.008E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.009A, 651.00.009B, 651.00.009C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.010A, 651.00.010B, 651.00.010C жолдарында 651.00.008 және 651.00.009 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін есептелген міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдар сомалары көрсетіледі.

651.00.010D жолында 651.00.010A, 651.00.010B және 651.00.010C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.010E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.010D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.010E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

11. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар" бөлімінде:

1) 651.00.011A, 651.00.011B, 651.00.011C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі

651.00.011D жолында 651.00.011A, 651.00.011B және 651.00.011C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.011E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.011D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.011E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.012A, 651.00.012B, 651.00.012C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.012D жолында 651.00.012A, 651.00.012B және 651.00.012C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін мемлекеттік

әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.012E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.012D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.012E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есептелмейтін төлемдер тізбесі "Сақтандыру жарнасы есептелмейтін және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы мен жәрдемақы есептеу үшін орташа жалақыны анықтаған кезде есепке алынбайтын төлемдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 наурыздағы N 419 қаулысында келтірілген;

3) 651.00.013A, 651.00.013B, 651.00.013C жолдарында 651.00.011 және 651.00.012 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.013D жолында 651.00.013A, 651.00.013B және 651.00.013C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.013E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.013D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.013E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.014A, 651.00.014B, 651.00.014C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.015A, 651.00.015B, 651.00.015C жолдарында 651.00.013 және 651.00.014 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін есептелген мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.015D жолында 651.00.015A, 651.00.015B және 651.00.015C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.015E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.015D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.015E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасы көрсетіледі.

12. "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 651.00.016A, 651.00.016B, 651.00.016C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі

651.00.016D жолында 651.00.016A, 651.00.016B және 651.00.016C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.016E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.016D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.016E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеу қорының сомасы көрсетіледі;

2) 651.00.017A, 651.00.017B, 651.00.017C жолдарында сәйкесінше есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.017D жолында 651.00.017A, 651.00.017B және 651.00.017C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

651.00.017E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.017D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.017E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есептелмейтін төлемдер тізбесі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібінің 11-тармағында келтірілген;

3) 651.00.018A, 651.00.018B, 651.00.018C жолдарында 651.00.016 және 651.00.017 тиісті жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.018D жолында 651.00.018A, 651.00.018B және 651.00.018C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі.

651.00.018E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.018D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.018E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап еңбекке ақы төлеудің салық салынатын қорының сомасы көрсетіледі;

4) 651.00.019A, 651.00.019B, 651.00.019C жолдарында келісім-шарттың жасалған күніне байланысты зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы көрсетіледі;

5) 651.00.020A, 651.00.020B, 651.00.020C жолдарында 651.00.020 және 651.00.020 жолдарының тиісті сомаларын көбейту жолымен есепті кезеңнің 1, 2 және 3-айлары үшін есептелген зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі.

651.00.020D жолында 651.00.020A, 651.00.020B және 651.00.020C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

651.00.020E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.020D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.020E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

13. "Аударымдар сомасы - барлығы" бөлімінде:

651.00.021A, 651.00.021B, 651.00.021C жолдарында 651.00.005, 651.00.010, 651.00.015 және 651.00.020 тиісті жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасына азайтылған жоғарыда көрсетілген барлық қорлардағы аударымдардың сомалары көрсетіледі.

651.00.021D жолында 651.00.021A, 651.00.021B және 651.00.021C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомасы көрсетіледі.

651.00.021E жолында есепті кезең Есебінің 651.00.021D және бұрынғы есепті кезең Есебінің 651.00.021E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жыл басынан бастап жоғарыда аталған барлық қорларға аударымдардың сомасы көрсетіледі.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат

Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 651.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жер салығы, көлік құралдары салығы және мүлік салығы бойынша Декларацияны жасау ережелері (700.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 12, 13 , 14-бөлімдеріне сәйкес әзірленген және салық төлеушілердің жер салығын, көлік

құралдары салығын және мүлік салығын есептеу мен уақтылы төлеуіне арналған Жер салығы, көлік құралдары салығы және мүлік салығы бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (700.00-нысан) және жер салығы, көлік құралдары салығы және мүлік салығы ережелерімен байланысты бойынша салық салумен байланысты объектілер және салық салу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшалардан (700.01-ден 700.03-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу.

5. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көз толтырылмайды. Қосымшаларда көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша тапсырылмайды.

6. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша міндетті тәртіпте толтыруға жатады.

7. Қосымша әрбір салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объекті үшін бөлек толтырылады.

8. Лизинг шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша Декларацияны және оған тиісті қосымшаларды лизинг алушы толтырады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер салығы мен мүлік салығы салынатын объектілер бойынша Декларацияны пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы толтырады.

9. Концессия шарты бойынша берілген мүлік салығы салынатын объектілер бойынша Декларацияны концессионер толтырады.

10. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы тор көзінде "-" белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) Декларация қағаз түрінде келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен салық төлеуші почта арқылы почта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Декларацияны жасау (700.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркелу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Декларацияны беру үшін есепті жыл салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы торкөздерінің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер жер салығы, көлік салығы және мүлік салығы салынатын сатып алынған объекті бойынша алғаш рет Декларация берілгенде белгіленеді.

Одан кейінгі Декларациялар беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын

алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) салық төлеуші өз қызметін жүзеге асыратын салық режимі. Аталған торкөздерде салық төлеуші қолдана отырып өз қызметін жүзеге асыратын салық режим түрлерінің мынадай кодтарының бірі көрсетіледі:

01 - жалпы белгіленген тәртіппен қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

02 - заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасымен жасалған жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

03 - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысатын заңды тұлғалар;

04 - жеке кәсіпкерлер;

8) Қазақстан Республикасының Құзыретті органымен келісім-шартты жасасу күні көрсетіледі;

9) келісім-шарттың Қазақстан Республикасының Құзыретті органы берген тіркеу нөмірі көрсетіледі.

8 және 9-торкөздерді қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасымен жасалған жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар бойынша жүзеге асыратын салық төлеушілер толтырады. Бөлек есеп жүргізу қажеттілігі көзделген жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға келісім-шартта өзгеше көзделмесе келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бөлек Декларация жасайды. Бұл ретте, жер қойнауын пайдалануға әрбір келісім-шарт бойынша жеке Декларация тапсырылады;

10) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

11) берілген қосымшалар.

Берілген қосымшалардың тиісті тор көздері белгіленеді;

12) қосымшалардың саны.

700.01 және 700.02 нысандар бойынша берілген қосымшалар беттерінің саны көрсетіледі:

А жолында - 700.01;

В жолында - 700.02.

15. "Жер салығы" бөлімінде:

1) 700.00.001 жолында 700.01 барлық нысандары бойынша 700.01.017 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 700.00.002 жолында 700.01 барлық нысандары бойынша 700.01.018 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

3) егер 700.00.001 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.002 жолында көрсетілген есептелген салық сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.003 жолында 700.00.001 және 700.00.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есептеуге салық сомасы көрсетіледі;

4) егер 700.00.002 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.001 жолында көрсетілген есептелген салық сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.004 жолында 700.00.002 және 700.00.001 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есептеуге салық сомасы көрсетіледі.

16. "Көлік құралдары салығы" бөлімінде:

1) 700.00.005 жолында 700.02 барлық нысандары бойынша 700.02.013 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 700.00.006 жолында салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі. 700.00.006 жолында 701.01.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) егер 700.00.005 жолында көрсетілген салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.006 жолында көрсетілген есептелген салық сомасынан көп болған жағдайда, 700.00.007 жолында 700.00.005 және 700.00.006 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, азайтылатын салық сомасы көрсетіледі.

17. "Мүлік салығы" бөлімінде:

1) 700.00.009 жолында барлық 700.03 нысандары бойынша 700.03.018 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

2) 700.00.010 жолында салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі. 700.00.010 жолына 701.00.007 жолында көрсетілген сома плюс (минус) 701.01.019 жолында (салық кезеңі үшін барлық табыс етілген 701.01-нысандары бойынша) көрсетілген сома көшіріледі;

3) 700.00.011 жолында 700.00.009 және 700.00.010 жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, төленуге жататын салық сомасы көрсетіледі;

4) егер, 700.00.010 жолында көрсетілген есептелген салық 700.00.009 жолында көрсетілген есептелген ағымдағы төлемдерден аз жағдайында, 700.00.012 жолында 700.00.010 және 700.00.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын азайтылатын салық сомасы көрсетіледі.

18. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус тапсыратын болса, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты қамтылуы тиіс;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Жер салығы - 700.01-нысанын жасау

19. Осы қосымша Салық кодексінің 12-бөліміне сәйкес заңды тұлғалардың жер салығын есептеуіне арналған. Салық төлеуші 700.01 нысанын салық кезеңі ішінде меншік, тұрақты жер пайдалану, бастапқы тегін уақытша жер пайдалану құқығында болған әрбір жер теліміне жасайды. Егер базар (мал сату бойынша базарлардан басқа) орналасқан жер телімдері үшін қосымшалар жасалатын жағдай болса, онда екі қосымша жасалады: сауда қатарлары орналасқан жер телімі бөлігі үшін, және жер телімінің қалған бөлігі үшін.

20. "Жер салығын есептеу" бөлімінде:

1) 700.01.001 жолында Салық кодексінің 326 және 327-баптарына сәйкес жер телімімен салық салу объектісі болып табылатын жер телімінің атауы, орналасқан жері (жер теліміне жалпы үлестік меншік кезінде - жер үлесі) көрсетіледі;

2) 700.01.002 жолында құқық растаушы құжаттардың негізінде кадастрлық нөмір көрсетіледі;

3) 700.01.003 жолында растаушы құжаттардың негізінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасының ережелеріне сәйкес (теліміне құқық беру туралы жергілікті атқарушы органның құқықтық актілері, сату-сатып алу шарттары (айырбас, сыйға тарту немесе жер телімін иеліктен шығару туралы өзге де мәміле) және жер теліміне жеке меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және өзге де заттай құқықтарды тану туралы сот органдарының шешімдерінің негізінде жер теліміне құқық туындау күні көрсетіледі;

4) 700.01.004 жолында растаушы құжаттар негізінде Қазақстан Республикасының жер заңдары ережелеріне сәйкес жер теліміне құқықты тоқтату күні көрсетіледі;

5) Салық кодексінің 325-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеуші жер салығын төлеген жағдайда, 700.01.003 және 700.01.004 жолдары толтырылмайды ;

6) 700.01.005 жолында салық кезеңінде жер телімін иелену немесе пайдалану айларының саны көрсетіледі;

7) 700.01.006 жолында Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жер санаты көрсетіледі. Бұл ретте, мынадай шартты белгілер пайдаланылады:

АМЖ-1 - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - далалық және жазықтық құрғақ далалық аймақ жерлері;

АМЖ-2 - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - жартылай шөлді, шөлді және тау алды шөлді аймақтарының жерлері;

ЕМПЖ-ҮҚ - үй қорындағы елді мекен пункттерінің жерлері, оның ішінде оның жанындағы құрылыстармен және ғимараттармен;

ЕМПЖ - үй қорындағы жерлерден басқа елді мекен пункттерінің жерлері, оның ішінде оның жанындағы құрылыстармен және ғимараттармен;

ЕМПЖ-ҮЖЖУ - елді мекен пункттерінің жерлері - үй жанындағы жер учаскелері;

ӨЖ - елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлері;

ӨЖ-ЕМ - елді мекендер аумағында орналасқан өнеркәсіп жерлері;

ЕҚТАЖ-АУМ-1 және ЕҚТАЖ-АУМ-2 - ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері;

ЕҚТАЖ - ауыл шаруашылығынан басқа өзге де мақсатта пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері;

ОҚЖ-АУМ-1 және ОҚЖ-АУМ-2 - ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын орман қорының жерлері;

ОҚЖ - ауыл шаруашылығынан басқа өзге де мақсатта пайдаланылатын орман қорының жерлері;

СҚЖ-АУМ-1 немесе СҚЖ-АУМ-1 - ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын су қорының жерлері;

СҚЖ - ауыл шаруашылығынан басқа өзге де мақсатта пайдаланылатын су қорының жерлері;

8) 700.01.007 жолында құқық растаушы құжаттардың (жер теліміне жеке меншік құқығына акт, тұрақты жер пайдалану құқығына акт және уақытша (ақылы, тегін) жер пайдалану құқығына акт) негізінде жер телімі топырағының бонитет баллы көрсетіледі;

9) 700.01.008 жолында жер теліміне құқықты куәландыратын құжаттарға сәйкес жер телімінің жалпы көлемі көрсетіледі. Салық кодексінің 325-бабының 2-тармағымен айқындалған салық төлеушілер нақты иелену мен пайдаланудағы жер телімінің жалпы көлемін көрсетеді. Жер теліміне құқық куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда аумақты айқындау жер телімін өлшеуді жүргізген жеке және заңды тұлғалардың (тиісті лицензиялары бар) қорытындыларының негізінде жүзеге асырылады;

10) 700.01.009 жолында "Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Заңына сәйкес қолданыстағы Салық кодексінің 326-бабының 2-тармағына сәйкес, сондай-ақ, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 123-бабындағы 2-тармақтың 5) тармақшасына сәйкес жер салығы салынбайтын жер телімінің көлемі көрсетіледі;

11) 700.01.010 жолында 700.01.008 және 700.01.009 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, жер салығымен салық салынатын жер телімінің көлемі көрсетіледі;

12) 700.01.011 жолында Салық кодексінің 54-тарауына сәйкес жер салығының базалық ставкасы көрсетіледі;

13) 700.01.012 жолында Салық кодексінің 338-бабының 1-тармағына сәйкес есепті салық кезеңіне жергілікті өкілетті органның шешімімен белгіленген жер салығының ставкасын төмендету немесе көтеру ставкасы көрсетіледі;

14) 700.01.013 жолында Салық кодексінің 337-бабына сәйкес есепті салық кезеңіне жергілікті өкілетті органның шешімімен белгіленген автотұрақтарға, автомай құю станциялары мен рыноктарға арналған жер теліміне жер салығының ставкасын көтеру мөлшері көрсетіледі;

15) 700.01.014 жолында тиісті салық төлеушілер үшін Салық кодексінің 338-бабының 2 және 2-2-тармақтарында белгіленген коэффициент көрсетіледі;

16) 700.01.015 жолында арнаулы экономикалық аймақ аумақтарында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге арналған, Салық кодексінің 355-бабында белгіленген коэффициент көрсетіледі;

17) 700.01.016 жолында 700.01.012, 700.01.013, 700.01.014 және 700.01.015 жолдарында көзделген базалық салық ставкасын түзетумен ескеріп жер салығының ставкасы көрсетіледі;

18) 700.01.017 $(700.01.010 \times 700.01.016) / 12 \times 700.01.005$ формуласы бойынша айқындалатын, салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі;

19) 700.01.018 жолында көрсетілген жер учаскесі бойынша салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі. 700.01.018 жолы салық төлеуші жер салығы бойынша жыл басына ұсынған Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің F бағанының мәні алу (қосу) көрсетілген жер учаскесі бойынша салық кезеңі ішінде салық міндеттемелері өзгерген кезде табыс етілген Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің (701.00) мәні ретінде айқындалады;

20) 700.01.017 жолында көрсетілген жер салығы сомасының 700.01.018 жолында көрсетілген есепті салық кезеңі үшін есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан асып кеткен жағдайда, 700.01.019 жолында есептеуге салық сомасы (+), кері жағдайда жолда азайтылатын салық сомасы (-) көрсетіледі;

21) 700.01.020 жолында уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жер салығының бюджеттік жіктемесінің тиісті коды көрсетіледі.

21. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. Көлік құралдары салығы - 700.02-нысанын жасау

22. Осы нысан Салық кодексінің 13-бөліміне сәйкес заңды тұлғалардың көлік құралдары салығын есептеуге арналған. 700.02 нысанын салық төлеуші әрбір көлік құралына жасайды. Ұқсас көлік құралдары болған жағдайда, (бір үлгі, бірдей двигатель көлемі, отырғызу орындарының саны, двигатель қуаты, пайдалану мерзімі) есептен шыққан және (немесе) сатып алынған көлік құралдарынан басқа, 700.02.012 жолындағы олардың жалпы санын көрсете отырып бір нысан жасалады.

23. Қазақстан Республикасы салық режимінің тұрақтылығына кепілдік беретін заңдарда белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттар бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілер, салықты есептеу мен төлеуді, аталған келісім-шарттың талаптарына сәйкес жүргізеді және осы қосымшаның тиісті жолдарында келісім-шарттың талаптарында белгіленген көрсеткіштерді (айлық есептік көрсеткіш, ең кіші айлық еңбек ақы, ставкалар, түзету коэффициенті) көрсетеді.

24. "Көлік құралдарына салықты есептеу" бөлімінде:

1) 700.02.001 жолында Салық кодексінің 346-бабына сәйкес салық салу объектісі болып табылатын көлік құралы көрсетіледі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 346-бабына сәйкес толтырылады. Көлік құралының түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді:

A - Жеңіл автомобильдер

B - Жүк таситын арнаулы автомобильдер

C - Өздігінен жүретін машиналар мен пневматикалық жүрістегі механизмдер

D - Автобустар

E - Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, көлемі шағын кемелер

F - Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар

G - Ұшу аппараттары;

2) 700.02.002 жолында көлік құралының шыққан жылы көрсетіледі;

3) 700.02.003 жолында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы, соның ішінде Қазақстан Республикасында бұрын есепте тұрмаған көлік құралын нақты иелену кезеңі (айлар саны) көрсетіледі;

4) 700.02.004 жолында өлшеудің тиісті бірліктері:

жеңіл автомобиль двигателінің көлемі - шаршы сантиметрлерде;

жүк және арнайы автомобильдерінің жүк көтерімділігі - тоннада;

автобустардың отырғызу орындарының саны;

катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар двигательдерінің қуаты - ат күшінде;

шағын көлемді кемелер мен ұшу аппараттары двигателінің қуаты - киловаттарда көрсетіледі;

5) 700.02.005 жолында Салық кодексінің 347-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген көлік құралына салық ставкасы көрсетіледі;

6) 700.02.006 жолында салықты төлеу күніне сәйкес қаржы жылы үшін республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі;

7) 700.02.007 жолында Салық кодексінің 347-бабының 2-тармағына сәйкес 1500-ден астам - 2000 шаршы см-гі, 2000-нан астам - 2500 шаршы см-гі, 2500-ден астам - 3000 шаршы см-гі, 3000-нан астам 4000 шаршы см-гі жеңіл автомобиль двигателі көлемінің асуы көрсетіледі;

8) 700.02.008 жолында 700.02.005 жолында жеңіл автомобиль бойынша $700.02.005 \times 700.02.006 + 700.02.007 \times 7$ теңге, қалған көлік құралдары мен ұшу аппараттары үшін $700.02.005 \times 700.02.006$ ретінде айқындалған салық сомасы көрсетіледі;

9) 700.02.009 жолында Салық кодексінің 347-бабының 3, 4, 5 және 7-тармақтарында белгіленген тиісті түзету коэффициенті көрсетіледі;

10) 700.02.010 жолында 700.02.008 және 700.02.009 жолдарын көбейту жолымен айқындалатын түзету коэффициентін ескеріп есепті салық кезеңі үшін салық сомасы көрсетіледі;

11) 700.02.011 жолында $700.02.010/12 \times 700.02.003$ ретінде айқындалатын иеленудің нақты кезеңі үшін салық сомасы көрсетіледі. Егер нақты иелену кезеңі 12 ай құраған жағдайда, онда 700.02.011 жолына 700.02.010 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

12) 700.02.012 жолында осы нысан жасалатын көлік құралдарының саны көрсетіледі;

13) 700.02.013 жолында 700.02.011 және 700.02.012 жолдарын көбейту жолымен айқындалатын көлік құралдарының санын ескеріп салық сомасы көрсетіледі.

25. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Мүлік салығы - 700.03-нысанын жасау

26. Осы нысан Салық кодексінің 14-бөліміне сәйкес заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығын есептеуге арналған. Егер салық кезеңі ішінде мүлік салығын есептеу бірнеше салық режимдерінде (арнаулы салық режимі бойынша, арнайы экономикалық аумақтағы салық режимі бойынша, жалпыға

бірдей белгіленген тәртіпте және тағы да басқа) жүзеге асырылса, онда қосымша әр салық режимі бойынша бөлек жасалады. Бұл ретте, салықты есептеу кезінде әр салық режимі бойынша тиісті ставка қолданылады.

27. "Салық салу объектілерінің баланстық құнын есептеу" бөлімінде:

1) 700.03.001 - 700.03.013 жолдарының А бағанында салық салу объектісі болып табылмайтын есепті салық кезеңінің басына, есепті салық кезеңінің әр айының бірінші күніне және есепті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректері бойынша негізгі қаражаттардың баланстық құны көрсетіледі;

2) 700.03.001 - 700.03.013 жолдарының В бағаны есепті салық кезеңінің басына, есепті салық кезеңінің әр айының бірінші күніне және есепті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректері бойынша материалдық емес активтердің баланстық құны көрсетіледі;

3) 700.03.014А жолында 700.03.001А - 700.03.013А жолдарының сомасы ретінде айқындалатын негізгі қаражаттардың баланстық құны көрсетіледі;

4) 700.03.014В жолында 700.03.001В - 700.03.013В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын материалдық емес активтердің баланстық құны көрсетіледі;

5) 700.03.015А жолында Салық кодексінің 138-140-6-баптарымен белгіленген тәртіпте салық салынатын негізгі қаражаттардың баланстық құны көрсетіледі;

6) 700.03.015В жолында "Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Заңына сәйкес қолданылатын "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 132-бабындағы 2-бөлікке сәйкес оның қызмет ету кезеңіне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында салынған үй-жайлар мен құрылыстардың баланстық құны көрсетіледі.

28. "Мүлік салығын есептеу" бөлімінде:

1) 700.03.016 жолында Салық кодексінің 354-бабының 2-тармағына сәйкес негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтердің орташа жылдық баланстық құны көрсетіледі;

2) 700.03.017 жолында Салық кодексінің 355-бабымен белгіленген мүлік салығының ставкасы көрсетіледі;

3) 700.03.018 жолында 700.03.017 жолында көрсетілген салық ставкасына 700.03.016 жолында көрсетілген негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтердің орташа жылдық баланстық құнын көбейту жолымен айқындалатын салық сомасы көрсетіледі. Барлық 700.03 нысандары бойынша 700.03.018 жолындағы салық кезеңі үшін есептелген салық сомасы 700.00.009 жолына көшіріледі.

29. "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 700.00-700.03 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдер Есебін жасау ережелері (701.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 12 бөліміне сәйкес әзірленген және салық төлеушілердің салық кезеңінің басында өздерінде бар салық салу объектілері бойынша жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу және уақтылы төлеуге арналған жер салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

5. Есеп әрбір салық салу объектісі бойынша бөлек толтырылады.

6. Лизинг шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша Есепті лизинг алушы толтырады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін объектілер бойынша Есепті пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы толтырады.

Концессия шарты бойынша берілген объектілер бойынша Есепті концессионер толтырады.

7. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың бірінші сол жақ торкөзінде "-" - алу таңбасымен белгіленеді.

8. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

9. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (701.00-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі).

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

"Тоқсан" торкөзі "Салық міндеттемелері өзгерген кезде" Есеп түрін тапсырған кезде толтырылады;

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) ұйым қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы торкөздерінің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларация түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеушіде меншік құқығында, тұрақты жер пайдалану құқығында немесе алғашқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығында салық салу объектілері туындаған кезде Есеп берілсе белгіленеді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

11. "Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" бөлімінде:

1) А бағанында уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен жер салығының бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі;

2) жер учаскесінің бюджеттік жіктеме кодына сәйкес келетін бір санаттағы бірнеше жер учаскелері болған кезде А, В, С, D, E, F бағандарында көрсетілген жер учаскелері бойынша ағымдағы төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) Салық кезеңінің басында бар объектілер бойынша Есепті табыс ету кезінде В бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 ақпанынан кешіктірмей төлеуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемелері өзгерген кезде Есепті беру кезінде В бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 ақпанынан кешіктірмей төлеуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

4) Салық кезеңінің басында бар объектілер бойынша Есепті табыс ету кезінде С бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемелері өзгерген кезде Есепті беру кезінде С бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

5) Салық кезеңінің басында бар объектілер бойынша Есепті табыс ету кезінде D бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 тамыздан кешіктірмей төлеуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемелері өзгерген кезде Есепті беру кезінде С бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 тамыздан кешіктірмей төлеуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

6) Салық кезеңінің басында бар объектілер бойынша Есепті табыс ету кезінде Е бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 қарашадан кешіктірмей төлеуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемелері өзгерген кезде Есепті беру кезінде С бағанында тиісті жер учаскесіне сәйкес келетін бюджет жіктемесінің кодына қарама-қарсы, салық кезеңінің 20 қарашадан кешіктірмей төлеуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

7) Салық кезеңінің басында бар объектілер бойынша Есепті табыс ету кезінде F бағанында алдыңғы салық кезеңі үшін төлеуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемелері өзгерген кезде Есепті беру кезінде F бағанында алдыңғы салық кезеңі үшін төлеуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

12. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус тапсыратын болса, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты қамтылуы тиіс;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу

және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 701.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің Есебін жасау ережелері (701.01-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және салық төлеушілерде ағымдағы салық кезеңінің 1 шілдесіне дейін меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында болған көлік құралдарына салықты толық және уақтылы төлеуіне арналған Көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін көздейді.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Есеп әрбір салық салу объектісі бойынша бөлек толтырылады.

5. Лизинг шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша Есепті лизинг алушы толтырады.

6. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың бірінші сол жақ торкөзінде "-" - алу таңбасымен белгіленеді.

7. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

8. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (701.01-нысан)

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы торкөздердің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеушінің меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында көлік құралдарына салық салу объектілері туындаған кезде Есеп берілсе белгіленеді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

10. "Көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" бөлімінде:

1) 701.01.001 жолында Салық кодексінің 348-1-бабында белгіленген мерзімде төленуге тиісті салық төлеуші есептеген көлік құралдары салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есепті электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 701.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің Есебін жасау ережелері (701.02-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және салық төлеушілермен салық кезеңінің басында бар салық салу объектілері бойынша мүлік салығын уақтылы төлеуге және есептеуге арналған Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін көздейді.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

5. Есеп әрбір салық салу объектісі бойынша бөлек толтырылады.

6. Лизинг шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша Есепті лизинг алушы толтырады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін объектілер бойынша Есепті пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы толтырады.

Концессия шарты бойынша берілген объектілер бойынша Есепті концессионер толтырады.

7. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың бірінші сол жақ торкөзінде "-" - алу таңбасымен белгіленеді.

8. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

9. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (701.02-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы торкөздердің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі. Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер салық төлеушінің Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару

құқығында салық салу объектілері туындаған кезде Есеп берілсе белгіленеді, сондай-ақ концессия шарты бойынша концессионер белгілейді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

11. "Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" бөлімінде:

1) 701.02.001 жолында бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық кезеңінің басына негізгі құралдардың баланстық құны көрсетіледі;

2) 701.02.002 жолында бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын есепті кезеңде сатып алынған материалдық емес активтердің баланстық құны көрсетіледі;

3) 701.02.003 жолында 701.02.001 және 701.02.002 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңінің басына негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны көрсетіледі;

4) 701.02.004 жолында Салық кодексінің 355-бабына сәйкес мүлік салығының ставкасы көрсетіледі;

5) 701.02.005 жолында салық кезеңі үшін төленуге тиісті және 701.02.003 және 701.02.004 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

6) 701.02.006 жолында Салық кодексінің 356-бабымен белгіленген алдағы мерзімдер бойынша төленуге жататын ағымдағы төлемдердің сомасы көрсетіледі

12. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус тапсыратын болса, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты қамтылуы тиіс;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 701.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің Есебін жасау ережелері (701.03-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және салық төлеушілермен салық кезеңінің басында бар салық салу объектілері бойынша мүлік салығын есептеуге арналған Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебін жасау (бұдан әрі - Есеп) тәртібін көздейді.

2. Есеп қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

5. Есеп әрбір салық салу объектісі бойынша бөлек толтырылады.

6. Лизинг шарттары бойынша берілген (алынған) объектілер бойынша Есепті лизинг алушы толтырады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін объектілер бойынша Есепті пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы толтырады.

Концессия шарты бойынша берілген объектілер бойынша Есепті концессионер толтырады.

7. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың бірінші сол жақ торкөзінде "-" - алу таңбасымен белгіленеді.

8. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

9. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

2. Есепті жасау (701.03-нысан)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) салық төлеушінің (төлеушінің) тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" торкөздерінде ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" торкөздерінде осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы торкөздердің сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Осы торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есептің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп мүлік салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде бірінші рет жасалып отырса, белгіленеді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні.

11. "Сатып алынған (қайта бағаланған) негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" бөлімінде:

1) 701.03.001 жолында салық кезеңінің басына бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық кезеңі үшін сатып алынған негізгі құралдардың бастапқы (баланстық) құны, оның ішінде тегін алынған, жарғылық капиталға салым ретінде келіп түскен, сондай-ақ аяқталған құрылыс объектілерінің және негізгі құралдардың құнын ұлғайтуға бағытталған келесі күрделі салымдардың құны көрсетіледі;

2) 701.03.002 жолында салық кезеңінің басына бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын есепті кезеңде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы (баланстық) құны көрсетіледі;

3) 701.03.003 жолында бухгалтерлік есеп деректері бойынша олардың құнын ұлғайтуға бағытталған негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау сомасы көрсетіледі;

4) 701.03.004 жолында салық кезеңінде сатып алынған негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің бастапқы (баланстық) құны және (немесе) 701.03.001-ден 701.03.003-ке дейінгі жолдар сомалары ретінде айқындалатын салық кезеңінде өндірілгендердің қайта бағалау сомасы көрсетіледі;

5) 701.03.005 жолында Салық кодексінің 356-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалатын сатып алынған (қайта бағаланған) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің орташа жылдық сомасы көрсетіледі;

6) 701.03.006 жолында Салық кодексінің 355-бабына сәйкес мүлік салығының ставкасы көрсетіледі;

7) 701.03.007 жолында 701.03.005 және 701.03.006 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

8) 701.03.008 жолында Салық кодексінің 356-бабында белгіленген алда тұрғандар бойынша төленуге тиісті ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі:

А жолында - 20 ақпан;

В жолында - 20 мамыр;

С жолында - 20 тамыз;

Д жолында - 20 қараша.

12. "Шығып қалған (қайта бағаланған) негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" бөлімінде:

1) 701.03.009 жолында салық кезеңінің басына бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық кезеңінде шығып қалған, соның ішінде сатылған, жарғылық капиталға салым ретінде және (немесе) тегін берілген негізгі құралдардың баланстық құны көрсетіледі;

2) 701.03.010 жолында салық кезеңінің басына бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын есепті кезеңде шығып қалған материалдық емес активтердің баланстық құны көрсетіледі;

3) 701.03.011 жолында олардың құнын азайтуға бағытталған негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау сомасы көрсетіледі;

4) 701.03.012 жолында 701.03.009-дан 701.03.011-ге дейінгі жолдар сомалары ретінде айқындалатын салық кезеңінде сатып алынған негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны және (немесе) салық кезеңінде өндірілгендердің қайта бағалау сомасы көрсетіледі;

5) 701.03.013 жолында Салық кодексінің 356-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалатын шығып қалған (қайта бағаланған) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің орташа жылдық сомасы көрсетіледі;

6) 701.03.014 жолында Салық кодексінің 355-бабына сәйкес мүлік салығының ставкасы көрсетіледі;

7) 701.03.015 жолында 701.03.013 және 701.03.014 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін азайтуға жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

8) 701.03.016 жолында Салық кодексінің 356-бабында белгіленген алда тұрғандар бойынша азайтуға жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус тапсыратын болса, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты қамтылуы тиіс;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 701.03 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Ойын бизнесіне салық салу бойынша

Декларацияны жасау ережесі

(710.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ойын бизнесіне салық сомасын есептеуіне арналған Ойын бизнесіне салық салу бойынша Декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен және оған қосымшадан (710.01-нысан) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті төркөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетілуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымшалар тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде, аталған қосымша толтыруға жатады.

8. Қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асқан жағдайында, қосымшалардың осындай парағы толтырылады.

9. Қосымшаның "жалпы ақпарат" бөлімінде Декларацияның "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті көрсеткіштері көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" - алу белгісімен көрсетіледі.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растаманы) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны толтыру

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) салық кезеңі - Декларация тапсырылатын (араб сандарымен көрсетіледі) есепті салық кезеңі. Тоқсан Декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні.

Жеке тұлғаның аты-жөні және жеке кәсіпкердің оның атауы бар болса жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес атауы немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъект қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшығында осы қызмет түрінің үлес салмағын (бір ондық белгімен) көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу

тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

6) декларацияның түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларацияның түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөз, егер салық төлеуші қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін Декларацияны бірінші рет берген жағдайда белгіленеді.

Одан кейінгі Декларацияларды берген кезде "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгертулер мен толықтырулар салық кезеңіне жататын, ол үшін қосымша Декларация толтырғанда белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында қарастырылған салық қызметі органдарының салық міндеттемесін орындау жөніндегі хабарламасы алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдаланушы "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бір уақытта белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеушіні таратқан (қайта құрған), кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер хабарлама бойынша қосымша Декларация өткізген жағдайда белгіленеді:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) келісім-шарттың атауы. Кен орнын көрсетумен келісім-шарттың толық атауы көрсетіледі.

14. "Ойын бизнесі салығы" бөлімінде:

1) 710.00.001 жолында қосымшаның 710.00.001 - 710.00.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтап айқындататын, есепті салық кезеңінде бюджетке төлеуге жататын ойын бизнесі салығының сомасы көрсетіледі;

2) 710.00.002 жолында қосымшаның 710.01.006 - 710.01.009 жолдары көрсеткіштерінің қосындысымен айқындалатын, Салық кодексінің 367-7-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын қосымша төлем сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсыратын болса, жол "Салық төлеушінің аты-жөні" тұруы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағазға түсірілген Декларацияға салық төлеуші, салық агенті (басшы және бас бухгалтер) не оның уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ ол салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен расталуға тиіс. Декларация электронды түрде жасалған кезде электрондық құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталуға тиіс;

4) декларацияны өткізген күні. Декларацияны өткізген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Қосымшаны толтыру

16. "Ойын бизнесіне салық" бөлімінде:

1) 710.00.001 жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері болып табылатын ойын үстелдері бойынша деректер көрсетіледі:

710.00.001А жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері - ойын үстелдерінің саны көрсетіледі;

710.01.001В жолында ойын үстелдеріне қолданылатын ойын бизнесі салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

710.01.001С жолында $(710.01.001А \times 710.01.001В)$ формуласы бойынша ойын үстелдерінің санына ойын бизнесі салығының тиісті ставкасын қолдану арқылы айқындалатын ойын бизнесі салығының сомасы көрсетіледі;

2) 710.01.002 жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері болып табылатын ойын автоматтары бойынша деректер көрсетіледі:

710.01.002А жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері - ойын автоматтарының саны көрсетіледі;

710.01.002В жолында ойын автоматтарына қолданылатын ойын бизнесі салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

710.01.002С жолында $(710.01.002А \times 710.01.002В)$ формуласы бойынша ойын автоматтарының санына ойын бизнесі салығының тиісті ставкасын қолдану арқылы айқындалатын ойын бизнесі салығының сомасы көрсетіледі;

3) 710.01.003 жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері болып табылатын тотализатор кассалары бойынша деректер көрсетіледі:

710.01.003А жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері - тотализатор кассаларының саны көрсетіледі;

710.01.003В жолында тотализатор кассаларына қолданылатын ойын бизнесі салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

710.01.003С жолында $(710.01.003А \times 710.01.003В)$ формуласы бойынша тотализатор кассаларының санына ойын бизнесі салығының тиісті ставкасын қолдану арқылы айқындалатын ойын бизнесі салығының сомасы көрсетіледі;

3) 710.01.004 жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері болып табылатын букмекерлік кеңсесі кассалары бойынша деректер көрсетіледі:

710.01.004А жолында ойын бизнесіне салық салу объектілері - букмекерлік кеңсесі кассаларының саны көрсетіледі;

710.01.004В жолында букмекерлік кеңсесі кассаларына қолданылатын ойын бизнесі салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

710.01.004С жолында $(710.01.004А \times 710.01.004В)$ формуласы бойынша букмекерлік кеңсесі кассаларының санына ойын бизнесі салығының тиісті ставкасын қолдану арқылы айқындалатын ойын бизнесі салығының сомасы көрсетіледі;

5) 710.00.005С жолында 710.01.001С-дан 710.01.004С дейінгі жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге тиісті ойын бизнесі салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

17. "Қосымша төлем" бөлімінде:

1) 710.01.006 жолында казино бойынша деректер көрсетіледі:

710.01.006А жолында казино табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.006В жолында Салық кодексінің 367-7-бабының 2-тармағымен белгіленген кірістің нақты мөлшері мен кірістің шекті мөлшері сомаларының оң айырма сомасы ретінде айқындалатын жолында казино табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.006С жолында ($710.01.006В \times 30$ пайызға) формуласы бойынша кірістің шекті мөлшерінен артатын сомаға Салық кодексінің 367-8-бабының 1-тармағымен белгіленген ставканы қолдану арқылы айқындалатын қосымша төлемнің сомасы көрсетіледі;

2) 710.01.007 жолында ойын автоматтары залы бойынша деректер көрсетіледі :

710.01.007А жолында ойын автоматтары залы табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.007В жолында Салық кодексінің 367-7-бабының 2-тармағымен белгіленген кірістің нақты мөлшері мен кірістің шекті мөлшері сомаларының оң айырма сомасы ретінде айқындалатын жолында ойын автоматтары залы табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.007С жолында ($710.01.007В \times 30$ пайызға) формуласы бойынша кірістің шекті мөлшерінен артатын сомаға Салық кодексінің 367-8-бабының 1-тармағымен белгіленген ставканы қолдану арқылы айқындалатын қосымша төлемнің сомасы көрсетіледі;

3) 710.01.008 жолында тотализатор бойынша деректер көрсетіледі:

710.01.008А жолында тотализатор табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.008В жолында Салық кодексінің 367-7-бабының 2-тармағымен белгіленген кірістің нақты мөлшері мен кірістің шекті мөлшері сомаларының оң айырма сомасы ретінде айқындалатын жолында тотализатор табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.008С жолында ($710.01.008В \times 30$ пайызға) формуласы бойынша кірістің шекті мөлшерінен артатын сомаға Салық кодексінің 367-8-бабының 1-тармағымен белгіленген ставканы қолдану арқылы айқындалатын қосымша төлемнің сомасы көрсетіледі;

4) 710.01.009 жолында букмекер кеңсесі бойынша деректер көрсетіледі:

710.01.009А жолында букмекер кеңсесі табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.009В жолында Салық кодексінің 367-7-бабының 2-тармағымен белгіленген кірістің нақты мөлшері мен кірістің шекті мөлшері сомаларының оң айырма сомасы ретінде айқындалатын жолында букмекер кеңсесі табысының нақты мөлшері көрсетіледі;

710.01.009С жолында (710.01.009В х 30 пайызға) формуласы бойынша кірістің шекті мөлшерінен артатын сомаға Салық кодексінің 367-8-бабының 1-тармағымен белгіленген ставканы қолдану арқылы айқындалатын қосымша төлемнің сомасы көрсетіледі;

5) 710.00.010С жолында 710.01.006С-дан 710.01.009С дейінгі жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге тиісті ойын бизнесі салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

18. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 710.00-710.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Аукциондардан алым бойынша декларацияны жасау ережесі (810.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және аукциондардан алым есептеуге арналған аукциондардан алым бойынша декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Аукциондардан алынатын алым бойынша декларацияны Салық кодексінің 427-бабына сәйкес аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сатуға шығаратын жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация осы Декларациядан (810.00-нысан) және аукциондардан алым салынатын объектілер туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (810.01-нысан) тұрады.

3. Декларация қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгі қолданылады: "/" - бөлу.

5. Тиісті торкөздердің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда қосымша тапсырылмайды.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша толтырылуға тиіс.

8. Бірнеше аукциондарда мүлікті (мүліктік құқықтарды) сатуға шығарған жағдайда, әр аукцион бойынша бөлек қосымша парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны толтыру

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Декларация тапсыру үшін ай есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен

көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларация түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер аукциондардан алым бойынша объектінің туындағаннан кейін бірінші рет Декларация табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының

7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) Декларацияны жүзеге асырған қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жасаған.

"Келісім-шарттан тыс" және "келісім-шарт бойынша" торкөздерін жер қойнауын пайдаланушы белгілейді. Салық есептілігі жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

8) келісім-шарттың нөмірі мен оны жасасқан күн. Келісім-шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыру бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт деректемелері көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасасу күні;

9) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосымшалар саны. Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

14. "Аукциондардан алым" бөлімінде:

1) 810.00.001 жолда өткізілген аукцион нәтижесі бойынша аукциондарда сатқан (мүлік құқығын) мүліктің 810.01 нысан бойынша 810.01.005 жолынан көшірілетін мүліктің құны көрсетіледі. Егер салық төлеуші 810.01 нысан бойынша қосымшаның бірнеше беттерін толтырған жағдайда, бұл жолда өткізілген аукцион нәтижесі бойынша аукциондарда сатқан (мүлік құқығын) мүліктің 810.01 нысан бойынша 810.01.005 жолының көрсеткіштеріне қосып анықтайды;

2) 810.00.002 жолда 810.01 нысан бойынша 810.00.006 жолынан көшірілетін бюджетке төлеуге тиісті орындау шараның сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 810.01 нысан бойынша қосымшаның бірнеше беттерін толтырған жағдайда, бұл жолда бюджетке төлеуге тиісті орындау шараның жалпы сомасы 810.01 нысан бойынша 810.00.006 жолының көрсеткіштеріне қосып анықтайды;

3) 810.00.003 жолда аукциондарда сатқан мүліктің (мүліктік құқықтардың) құны атқарушылық санкцияның сомасына кемітілген 810.00.001 және 810.00.002 жолдарының айырмашылығы ретінде көрсетіледі;

4) 810.00.004 жолда аукциондардан алым ставкасы пайызбен көрсетіледі;

5) 810.00.005 жолда $(810.00.003 \times 810.00.004)$ формуласы бойынша аукциондарда сатқан мүліктің және алым ставкасынан анықтап, бюджетке төлеуге тиісті аукциондардан алым сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде

жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) Декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі ;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 810.01 нысан бойынша қосымшаны жасау

16. "Ағымдағы парақ нөмірін көрсетіңіз" деген жолда 810.01-нысан бойынша ағымдағы парактың нөмірі көрсетіледі.

17. "Аукциондардан алым сомасы" бөлімінде:

1) 810.01.001 жолда аукциондарда мүлікті сатқан (мүліктік құқықтарды) күні көрсетіледі;

2) 810.01.002 жолда аукцион өткізушінің аты-жөні немесе толық атауы көрсетіледі;

3) 810.01.003 жолда салық төлеуші - аукцион өткізушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) 810.01.004 жолда аукцион өткізу орны көрсетіледі:

810.01.004А жолда облыс атауы көрсетіледі;

810.01.004В жолда қала немесе аудан атауы көрсетіледі;

810.01.004С жолда кент, ауыл атауы көрсетіледі;

810.01.004D жолда көшенің (даңғыл, гүлзар, тұйық көше және тағы да басқа) атауы көрсетіледі;

810.01.004E жолда үйдің нөмірі көрсетіледі;

5) 810.01.005 жолда сатқан мүліктің (мүліктік құқықтардың) құны көрсетіледі ;

6) 810.01.006 жолда бюджетке енгізілуге тиісті атқарушылық санкцияның сомасы көрсетіледі;

7) 810.01.007 жолда аукциондарда сатқан мүліктің құны атқарушылық санкцияның сомасына кемітілген 810.01.005 және 810.01.006 жолдарының айырмашылығы ретінде аукциондарда сатқан мүліктің (мүліктік құқықтардың) құны көрсетіледі;

8) 810.01.008 жолда аукциондардан алынатын алым ставкасы пайызбен көрсетіледі;

9) 810.01.009 жолда $(810.01.007 \times 810.01.008)$ формуласы бойынша мүліктің (мүліктік құқықтардың) алым ставкасы мен құнына байланысты анықталатын бюджетке төлеуге тиісті аукциондардан алым сомасы көрсетіледі.

18. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _____

РҚАО-ның ескертуі: 810.00-810.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасының есебін жасау ережелері (851.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуге арналған жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасының есебін Салық кодексінің 446-бабына сәйкес жер учаскесін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға алған жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен (851.00 нысан) және жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем алу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (851.01 нысан) тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "х" - көбейту; "/" - бөлу.

5. Тиісті торкөздердің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда қосымша толтырылмайды.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша толтырылуға жатады.

8. Салық төлеушіде уақытша ақылы жер пайдалану құқығында бірнеше жер телімі бар болған жағдайда, әр жер телімі бойынша бөлек қосымша парағы толтырылады. Бұл ретте қосымша парақтарының жалпы саны жер учаскесін өтемін төлеп уақытша жер пайдалану құқығындағы жер телімдерінің санына сәйкес болуы тиіс.

Уақытша ақылы жер пайдалану құқығындағы және базар аумағына бөлініп берілген жер учаскелері бойынша қосымша сауда орындары орналасқан бөлігінде және базардың қызмет көрсету аймақтары алып жатқан бөлігінде жеке-жеке ұсынылады.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті жасау

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есеп тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер жер учаскесін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға алғаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан

жағдайларда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеушілер жылдық Есеп тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарт" торкөзі қолданыс мерзімі бір жылдан асатын тауарларды жөнелтуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге келісім-шарты болған жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) Есепті жүзеге асырған қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жасаған.

"Келісім-шарттан тыс" және "келісім-шарт бойынша" торкөздерін жер қойнауын пайдаланушы белгілейді. Салық есептілігі жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

8) келісім-шарттың нөмірі мен оны жасасқан күн. Келісім-шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыру бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт деректемелері көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасасқан күні;

9) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосымшалар саны. Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

14. "Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 851.00.001 жолында 851.01 нысаны бойынша қосымшаның 851.01.012 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 851.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырған жағдайда, бұл жолда 851.01 формуласы бойынша қосымшаның барлық парақтарының 851.01.012 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын барлық жер

телімдері бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 851.00.002 - 851.00.006 жолдарында Салық кодексінің 448-бабына сәйкес белгіленген мерзімде төленуге жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі. Бұл ретте, әрбір жол бойынша жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасы төлемнің жалпы сомасын салық кезеңінің соңына дейін қалған төлеу мерзімдері санына бөлумен анықталады;

3) 851.00.007 жолында Салық кодексінің 448-бабы 7-тармағына сәйкес белгіленген мерзімде төленуге жататын, ол бойынша өзгерістер болған (851.01.012), Салық кодексі 450-бабының 5-тармағына сәйкес салық төлеуші тек қана нақты жер телімі бойынша есептеген жер телімдерін пайдалану үшін төлемнің сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

- 7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;
- 8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;
- 9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.
- Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 851.01-нысан бойынша қосымша жасау

16. "Ағымдағы парақ нөмірін көрсетіңіз" деген жолда 851.01 нысан бойынша ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі.

17. "Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемді есептеуге арналған мәліметтер" бөлімінде:

- 1) 851.01.001 жолында жер телімін жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;
- 2) 851.01.002 жолында жер телімін жалға алу шартын жасау нөмірі көрсетіледі;
- 3) 851.01.003 "бастап" жолында жалға алу шартын жасау күні көрсетіледі;
- 4) 851.01.003 "бойынша" жолында уақытша жер пайдалану туралы шарттың қолданыс мерзімінің аяқталуының немесе оны салық кезеңі басталған соң жергілікті атқарушы органмен бұзудың нақты күні көрсетіледі;
- 5) 851.01.004 жолында жер телімінің орналасқан жері көрсетіледі:

851.01.004А жолында жер телімін нақты пайдалану және жер телімін пайдаланғаны үшін төлемді төлеу жүргізілетін салық органының коды көрсетіледі;

851.01.004В жолында облыс атауы көрсетіледі;

851.01.004С жолында қала, аудан атауы көрсетіледі;

851.01.004D жолында поселка немесе село атауы көрсетіледі;

851.01.004Е жолында көше (даңғыл, бульвар, тұйық көше және тағы да басқа) атауы көрсетіледі;
- 6) 851.01.005 жолында жер заңнамасына сәйкес жер телімінің тиісті санатына белгі қойылады;
- 7) 851.01.006 жолында жер заңнамасына сәйкес жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;
- 8) 851.01.007 жолында бонитет баллы көрсетіледі;
- 9) 851.01.008 жолында жер телімін тиісті мақсатты пайдаланудың белгісі жүргізіледі;
- 10) 851.01.009 жолында есепті салық кезеңінде жер телімінің жалға алу айларының сандары көрсетіледі.

18. "Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 851.01.010 жолында жер телімін жалға алу шартына сәйкес жер телімінің жалпы көлемі көрсетіледі. Бұл кезде А немесе В торкөздерінде тиісті өлшем бірлікке белгі қойылады;

2) 851.01.011 жолында жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем ставкасының мөлшері көрсетіледі;

3) 851.01.012 жолында $(851.01.010 \times 851.01.011) / 12 \times 851.01.009$ формуласы бойынша есепті салық кезеңінде жер телімдерін пайдалану үшін төлем ставкасы, жер телімінің көлемі мен пайдалану кезеңі негізінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

20. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _

РҚАО-ның ескертуі: 851.00-851.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасының есебін жасау ережесі (861.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерді есептеуге арналған жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасының есебін жасау тәртібін айқындайды.

Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомасының есебін Салық кодексінің 452-бабына сәйкес құрылыстарды, техникалық құралдарды немесе құрылғыларды қолдана отырып, жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануды жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Есеп осы Есептің (861.00-нысан) өзінен және жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем алынатын объектілер туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (861.01, 861.01-нысандары) тұрады.

Бұл ретте 861.01 нысаны бойынша қосымшаны шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерден басқа, төлеушілер толтырады. 861.02-нысаны бойынша қосымшаны шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер толтырады.

3. Есеп қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгі қолданылады: "х" - көбейту

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшаларда көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда көрсетілген қосымшалар тапсырылмайды.

7. Тиісті қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде аталған қосымша толтырылуға тиіс.

8. Арнаулы су пайдаланудың бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, әр түрі бойынша бөлек 861.01-нысаны бойынша немесе 861.02-нысаны бойынша қосымша парағы толтырылады. Бұл ретте 861.01-нысаны бойынша немесе 861.02-нысаны бойынша қосымша парағының жалпы саны арнаулы су пайдалану түрлерінің санына сәйкес болуы керек.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті жасау

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есеп тапсыру үшін тоқсан есепті кезең болып табылады. Бұл ретте шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер үшін күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71 баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу объектісі туындағаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі

органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеушілер жылдық Есеп тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарт" торкөзі қолданыс мерзімі бір жылдан асатын тауарларды жөнелтуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге келісім-шарты болған жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) Есепті жүзеге асырған қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жасаған.

"Келісім-шарттан тыс" және "келісім-шарт бойынша" торкөздерін жер қойнауын пайдаланушы белгілейді. Салық есептілігі жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

8) келісім-шарттың нөмірі мен оны жасасқан күн. Келісім-шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыру бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт деректемелері көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасасу күні;

9) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосымшалар саны. Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

14. "Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу" бөлімі төлеушілермен (шаруа (фермерлік) қожалықтары

үшін және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерден басқа) толтырылады:

1) 861.00.001 жолында есепті салық кезеңі үшін арнайы су пайдаланудың, оның ішінде 861.00.002, 861.00.003 және 861.00.004 жолдарының көрсеткіштерін қосумен айқындалатын тиісті рұқсат құжатынсыз су объектілерін пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын жалпы сомасы көрсетіледі:

860.00.001А жолында есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін, 861.00.002А, 861.00.003А және 861.00.004А жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

860.00.001В жолында есепті салық кезеңінің екінші айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін, 861.00.002В, 861.00.003В және 861.00.004В жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

860.00.001С жолында есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін, 861.00.002С, 861.00.003С және 861.00.004С жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

860.00.001D жолында есепті тоқсан үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін, 861.00.001А, 861.00.001В және 861.00.001С жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

860.00.001Е жолында есепті салық кезеңінің 861.00.001D жолдарының көрсеткіштері мен алдағы салық кезеңінің 861.00.001Е жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомалары көрсетіледі. Бірінші тоқсан үшін Есеп жасалған жағдайда 861.00.001Е жолында 861.00.001D жолынан көшірілетін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомалары көрсетіледі;

2) 861.00.002 жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.012 жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңі үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша белгіленген лимит шектерінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.012 жолдары қосымшаларының барлық

парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шектерінде пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі:

861.00.002A жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.012A жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша белгіленген лимит шектерінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.012A жолдары қосымшаларының барлық парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шектерінде пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.002B жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.012B жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінің екінші айы үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша белгіленген лимит шектерінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.012B жолдары қосымшаларының барлық парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шектерінде пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.002C жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.012C жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша белгіленген лимит шектерінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.012C жолдары қосымшаларының барлық парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шектерінде пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.002D жолында 861.01.002A, 861.01.002B және 861.01.002C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен анықталатын, есепті тоқсан үшін бюджетке төленуге тиіс арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шектерінде пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.002E жолында есепті салық кезеңінің 861.00.001D жолдарының көрсеткіштері мен алдағы салық кезеңінің 861.00.001E жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын есепті тоқсан үшін белгіленген лимит шектерінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны

үшін төлем сомасы көрсетіледі. Бірінші тоқсан үшін Есеп жасалған жағдайда 861.00.002E жолында 861.00.002D жолынан көшірілетін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомалары көрсетіледі;

3) 861.00.003 жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.013 жолынан көшірілетін, Есепті салық кезеңі үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.013 жолдары қосымшаларының барлық парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі:

861.00.003A жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.013A жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.013A жолдары қосымшаларының барлық парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.003B жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.013B жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінің екінші айы үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.013B жолдары қосымшаларының барлық парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.003C жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.013C жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырса, осы жол бойынша 861.01 нысаны бойынша 861.01.013C жолдары қосымшаларының барлық парақтары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.003D жолында 861.01.003А, 861.01.003В және 861.01.003С жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен анықталатын, есепті тоқсан үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.003Е жолында салық кезеңінің 861.00.003D жолдарының көрсеткіштері мен алдағы салық кезеңінің 861.00.001Е жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын есепті тоқсан үшін белгіленген лимит шектерінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Бірінші тоқсан үшін Есеп жасалған жағдайда 861.00.003Е жолында 861.00.003D жолынан көшірілетін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомалары көрсетіледі;

4) 861.00.004 жолында 861.01 нысан бойынша қосымшаның 861.01.014 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңі үшін рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеушімен 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парағы толтырылған жағдайда, осы жолда 861.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарының 861.01.014 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен анықталатын рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерінің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

861.00.004А жолында 861.01 нысан бойынша қосымшаның 861.01.014А жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеушімен 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парағы толтырылған жағдайда, осы жолда 861.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарының 861.01.014А жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен анықталатын рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерінің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

861.00.004В жолында 861.01 нысан бойынша қосымшаның 861.01.014В жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің екінші айы үшін рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеушімен 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парағы толтырылған жағдайда, осы жолда 861.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарының 861.01.014А жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен анықталатын рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерінің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

861.00.004C жолында 861.01 нысан бойынша қосымшаның 861.01.014C жолынан көшірілетін есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеушімен 861.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парағы толтырылған жағдайда, осы жолда 861.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарының 861.01.014C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен анықталатын рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерінің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

861.00.004D жолында 861.00.004A, 861.00.004B және 861.00.004C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен анықталатын, есепті тоқсан үшін арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

861.00.004E жолында есепті салық кезеңінің 861.00.004D жолдарының көрсеткіштері мен алдағы салық кезеңінің 861.00.004E жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын есепті тоқсан үшін рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Бірінші тоқсан үшін Есеп жасалған жағдайда 861.00.004E жолында 861.00.004D жолынан көшірілетін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомалары көрсетіледі.

15. "Салық кодексінің 456-бабы 1-тармағында белгіленген салық төлеушілер есептейтін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлем" бөлімін шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілері толтырады:

1) 861.00.005-жолда 861.02-нысаны бойынша 861.02.009-жолдан көшірілетін есепті салық кезеңі (жыл) үшін белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.02-нысаны бойынша қосымшалардың бірнеше парағын толтырған жағдайда, осы жолда 861.02-нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 861.02.009-жолының көрсеткіштерінің жиынтығымен анықталатын белгіленген лимит шегіндегі жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 861.00.006-жолда 861.02-нысаны бойынша 861.02.010-жолдан көшірілетін есепті салық кезеңі (жыл) үшін белгіленген лимиттен тыс жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.02-нысаны бойынша қосымшалардың бірнеше парағын

толтырған жағдайда, осы жолда 861.02-нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 861.02.010-жолының көрсеткіштерінің жиынтығымен анықталатын белгіленген лимиттен тыс жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 861.00.007-жолда 861.02-нысаны бойынша 861.02.010-жолдан көшірілетін есепті салық кезеңі (жыл) үшін тиісті рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 861.02-нысаны бойынша қосымшалардың бірнеше парағын толтырған жағдайда, осы жолда 861.02-нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтарының 861.02.010-жолының көрсеткіштерінің жиынтығымен анықталатын тиісті рұқсат құжатынсыз жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстары пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 861.00.008-жолда 861.00.005, 861.00.006 және 861.00.007 жолдарының көрсеткіштерінің жиынтығымен айқындалатын есепті салық кезеңі (жыл) үшін бюджетке төленуі тиіс жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі:

861.00.008I және 861.00.008II жолдарында Салық кодексінің 456-бабы 1-тармағына сәйкес белгіленген төлеуге жататын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдері сомасы көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан

Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 861.01 нысан бойынша қосымша жасау

17. "Ағымдағы парақ нөмірін көрсетіңіз" деген жолда 861.01 нысан қосымшасы бойынша ағымдағы парақтың нөмірі көрсетіледі.

18. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) арнайы су пайдалану түрі. Тиісті торкөз белгіленеді:

А жолында - тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызмет көрсетулер;

В жолында - өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда;

С жолында - ауыл шаруашылығы;

Д жолында - су көздерінен тоған шаруашылықтары;

Е жолында - су көздерінде балық аулауды жүргізетін шаруашылығы, тұтанышы;

Ф жолында - су энергетикасы;

Г жолында - су көлігі;

2) арнайы су пайдалануды жүзеге асыру орны бойынша салық органының коды. 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының коды" анықтамалығына салық салу объектісінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

3) су пайдаланудың өлшем бірлігі. Жүргізілген арнайы су пайдаланудың тиісті өлшем бірліктеріне белгіленеді:

А жолында - текше метр;

В жолында - КВт сағ.;

С жолында - тонна;

D жолында - тонна/км;

19. "Су пайдалану көлемі" бөлімінде 6-жолда көрсетілген өлшем бірліктерімен толтырылады.

Егер су пайдалану лимиті тоқсан немесе айларға бөлінбей бір жылға белгіленген жағдайда, мынадай тәртіппен толтырылады:

1) 861.01.001 жолында кезең басында арнайы су пайдаланудың белгіленген лимитінің қалдығы көрсетіледі;

861.01.001A жолы өткен салық кезеңінің соңында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда 861.01.001 жолына 861.01 нысаны бойынша 861.01.007D жолының өткен салық кезеңіндегі көрсеткіші көшіріледі. 861.01. нысаны бойынша қосымша бірінші тоқсан үшін жасалған жағдайда 861.01.001A жолында белгіленген лимит көрсетіледі;

861.01.001B жолы өткен салық кезеңінің бірінші айының соңында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда 861.01.001B жолына 861.01 нысаны бойынша 861.01.007A жолының есепті салық кезеңінің бірінші айындағы көрсеткіші көшіріледі;

861.01.001C жолы өткен салық кезеңінің екінші айының соңында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл жағдайда 861.01.001C жолына 861.01 нысаны бойынша 861.01.007B жолының есепті салық кезеңінің екінші айындағы көрсеткіші көшіріледі;

861.01.001D жолына осы 861.01 нысан бойынша осы қосымшадағы 861.01.001A жолының көрсеткіштері көшіріледі;

2) 861.01.002 жолында кезең басында белгіленген лимиттен артығы көрсетіледі:

861.01.002A жолы өткен кезеңдерде (тоқсандар, жылдар) арнайы су пайдаланудың нақты көлемі лимиттен артық болған жағдайда толтырылады. 861.01 нысаны бойынша қосымшаны бірінші тоқсанның бірінші айы үшін толтырғанда 861.01.002A жолында нөлдер көрсетіледі. 861.01 нысаны бойынша қосымшаны екінші-төртінші тоқсандар үшін толтырғанда 861.01.002A жолы өткен салық кезеңінің соңында лимиттен артық болған жағдайда толтырылады, бұл жағдайда 861.01.002A жолына 861.01.008D жолының өткен есептік салық кезеңінің көрсеткіштері көшіріледі;

861.01.002B жолы есептік салық кезеңінің бірінші айы үшін арнайы су пайдаланудың нақты көлемі лимиттен асқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.002B жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.008A жолынан көшірілетін екінші айдың басындағы лимиттің асуы көрсетіледі;

861.01.002С жолы есептік салық кезеңінің екінші айы үшін арнайы су пайдаланудың нақты көлемі лимиттен асқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.002С жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 861.01.008В жолынан көшірілетін үшінші айдың басындағы лимиттің асуы көрсетіледі;

861.01.001D жолына осы 861.01 нысан бойынша осы қосымшадағы 861.01.001А жолының көрсеткіштері көшіріледі;

3) 861.01.003 жолында есепті салық кезеңі үшін арнайы су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі:

861.01.003А жолында жоғары есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін арнайы су пайдаланудың лимит шегіндегі және лимиттен артық нақты көлемі көрсетіледі;

861.01.003В жолында жоғары есепті салық кезеңінің екінші айы үшін арнайы су пайдаланудың лимит шегіндегі және лимиттен артық нақты көлемі көрсетіледі ;

861.01.003С жолында жоғары есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін арнайы су пайдаланудың лимит шегіндегі және лимиттен артық нақты көлемі көрсетіледі ;

861.01.003D жолында 861.01 нысаны бойынша қосымшаның 860.01.003А, 860.01.003В және 860.01.003С жолдары көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын есепті салық кезеңі үшін арнайы су пайдаланудың лимит шегіндегі және лимиттен артық нақты көлемі көрсетіледі;

4) 861.01.004 жолы есепті салық кезеңінің басында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.004 жолында арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегіндегі көлемі көрсетіледі:

861.01.004А жолы айдың басында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.004А жолында есептік салық кезеңінің бірінші айы үшін арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегіндегі көлемі көрсетіледі;

861.01.004В жолы айдың басында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.004В жолында есептік салық кезеңінің екінші айы үшін арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегіндегі көлемі көрсетіледі;

861.01.004С жолы айдың басында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.004С жолында есептік салық кезеңінің үшінші айы үшін арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегіндегі көлемі көрсетіледі;

861.01.004D жолы есептік салық кезеңінің басында лимит қалдығы болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.004D жолында 861.01.004А, 861.01.004В және 861.01.004С жолдары көрсеткіштерін жинақтаумен

айқындалатын есептік салық кезеңі үшін арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегіндегі көлемі көрсетіледі;

5) 861.01.005 жолы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің шамасы арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегінен артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.005 жолында тиісті кезең үшін арнайы су пайдаланудың нақты көлемі (861.01.003) мен арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті (861.01.004) арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын арнайы су пайдаланудың бір айда (тоқсанда) белгіленген лимитінен артық көлемі көрсетіледі;

861.01.005A жолы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің жалпы шамасы арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегінен артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.005A жолында 861.01.003A және 861.01.004A жолдары арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын арнайы су пайдаланудың есептік салық кезеңінің бірінші айы үшін белгіленген лимитінен артық көлемі көрсетіледі;

861.01.005B жолы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің жалпы шамасы арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегінен артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.005B жолында 861.01.003B және 861.01.004B жолдары арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын арнайы су пайдаланудың есептік салық кезеңінің екінші айы үшін белгіленген лимитінен артық көлемі көрсетіледі;

861.01.005C жолы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің жалпы шамасы арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегінен артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.005C жолында 861.01.003C және 861.01.004C жолдары арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын арнайы су пайдаланудың есептік салық кезеңінің екінші айы үшін белгіленген лимитінен артық көлемі көрсетіледі;

861.01.005D жолы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің жалпы шамасы арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті шегінен артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.005D жолында 861.01.003D және 861.01.004D жолдары арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын арнайы су пайдаланудың есептік салық кезеңі үшін белгіленген лимитінен артық көлемі көрсетіледі;

6) 861.01.006 жолы су пайдалануды тиісті рұқсат құжатынсыз жүзеге асырған жағдайда толтырылады:

861.01.006A жолы су пайдалануды тиісті рұқсат құжатынсыз жүзеге асырған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.006A жолында есептік салық кезеңінің бірінші айы үшін тиісті рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдалану көлемі көрсетіледі;

861.01.006B жолы су пайдалануды тиісті рұқсат құжатынсыз жүзеге асырған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.006B жолында есепті салық кезеңінің екінші айы үшін тиісті рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдалану көлемі көрсетіледі;

861.01.006C жолы су пайдалануды тиісті рұқсат құжатынсыз жүзеге асырған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.006C жолында есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін тиісті рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдалану көлемі көрсетіледі;

861.01.006D жолы су пайдалануды тиісті рұқсат құжатынсыз жүзеге асырған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.006D жолында 861.01.006A, 861.01.006B және 861.01.006C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін тиісті рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдалану көлемі көрсетіледі;

7) 861.01.007 жолы арнайы су пайдалану лимитінің кезең басындағы қалдығы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің шамасынан артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.007 жолында кезең басындағы лимит қалдығы (861.01.001) мен тиісті кезең үшін арнайы су пайдаланудың нақты көлемі (861.01.003) арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын лимит қалдығы көрсетіледі;

861.01.007A жолы есептік салық кезеңінің бірінші айының басындағы арнайы су пайдалану лимитінің қалдығы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің шамасынан артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.007A жолында 861.01.001A жолы мен 861.01.003A жолы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын бірінші айдың соңындағы лимит қалдығы көрсетіледі;

861.01.007B жолы есептік салық кезеңінің екінші айының басындағы арнайы су пайдалану лимитінің қалдығы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің шамасынан артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.007B жолында 861.01.001B жолы мен 861.01.003B жолы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын екінші айдың соңындағы лимит қалдығы көрсетіледі;

861.01.007C жолы есептік салық кезеңінің үшінші айының басындағы арнайы су пайдалану лимитінің қалдығы арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің шамасынан артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.007C жолында 861.01.001C жолы мен 861.01.003C жолы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын үшінші айдың соңындағы лимит қалдығы көрсетіледі;

861.01.007D жолы есептік салық кезеңінің басындағы арнайы су пайдалану лимитінің қалдығы есептік салық кезеңіндегі арнайы су пайдаланудың нақты көлемінің шамасынан артық болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте

861.01.007D жолында 861.01.001D жолы мен 861.01.003D жолы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын есептік салық кезеңінің соңындағы лимит қалдығы көрсетіледі;

8) 861.01.008 жолы кезең басында лимиттен асқан және есептік салық кезеңінде белгіленген лимиттен артық арнайы су пайдалану көлемі болған жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.008 жолында кезең басында лимиттен артық (861.01.002) және белгіленген лимиттен артық арнайы су пайдалану көлемдері сомасы (861.01.005) ретінде айқындалатын есептік салық кезеңінің соңында лимиттен асуы көрсетіледі:

861.01.008A жолы есептік салық кезеңінің бірінші айының соңында лимиттен асқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.008A жолында 861.01.002A жолы мен 861.01.005A жолы көрсеткіштерінің жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңінің бірінші айының соңында лимиттен асуы көрсетіледі;

861.01.008B жолы есептік салық кезеңінің екінші айының соңында лимиттен асқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.008B жолында 861.01.002B жолы мен 861.01.005B жолы көрсеткіштерінің жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңінің екінші айының соңында лимиттен асуы көрсетіледі;

861.01.008C жолы есептік салық кезеңінің үшінші айының соңында лимиттен асқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.008C жолында 861.01.002C жолы мен 861.01.005C жолы көрсеткіштерінің жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңінің үшінші айының соңында лимиттен асуы көрсетіледі;

861.01.008D жолы есептік салық кезеңінің соңында лимиттен асқан жағдайда толтырылады. Бұл ретте 861.01.008D жолында 861.01.002D жолы мен 861.01.005D жолы көрсеткіштерінің жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңінің соңында лимиттен асуы көрсетіледі.

20. Егер лимит тоқсан бойынша белгіленген жағдайда, 861.01 нысан бойынша қосымшаның 861.01.001A жолында тоқсан басына белгіленген лимит көрсетіледі . Бұл жағдайда жолдарда:

861.01.001A жолына алдыңғы тоқсан үшін 861.01.007D жолының көрсеткіші көшірілмейді;

861.01.002A жолына алдыңғы тоқсан үшін 861.01.007D жолының көрсеткіші көшірілмейді.

Егер лимит ай бойынша белгіленген жағдайда, онда 861.01.001A, B, C жолдарында ағымдағы айға белгіленген лимит көрсетіледі.

Бұл ретте:

861.01.001A, B және C жолдарына алдыңғы ай үшін 861.01.007 жолының көрсеткіштері көшірілмейді;

861.01.002 "Кезең басына лимиттің асып кетуі" жолы толтырылмайды.

Осыған байланысты жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді есептеуге 861.01.001D, 861.01.002D, 861.01.007D және 861.01.008D жолдарының көрсеткіштері әсер етпегендіктен, аталған жолдар толтырылмайды.

21. "Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкасы" бөлімінде:

1) 861.01.009 жолында белгіленген жыл лимиті шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкасы көрсетіледі;

2) 861.01.010 жолында Салық кодексінің 454-бабының 2-тармағына сәйкес жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген жылдық лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем ставкасы көрсетіледі;

3) 861.01.011 жолында Салық кодексінің 454-бабының 3-тармағына сәйкес жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем ставкасы көрсетіледі.

22. "Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы" бөлімінде:

1) 861.01.012 жолында $(861.01.004 \times 861.01.009)$ формуласы бойынша арнайы су пайдалану көлемі және жоғарғы қабаттағы қайнарлардан су ресурстарын белгіленген лимит шегінде пайдаланғаны үшін төлем ставкалары негізінде белгіленетін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі:

861.01.012A жолында $(861.01.004A \times 860.01.009)$ формуласы бойынша белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есептік салық кезеңінің бірінші айы үшін бюджетке төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.012B жолында $(861.01.004B \times 861.01.009)$ формуласы бойынша белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есептік салық кезеңінің екінші айы үшін бюджетке төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.012C жолында $(861.01.004C \times 861.01.009)$ формуласы бойынша белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есептік салық кезеңінің үшінші айы үшін бюджетке төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.012D жолында белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есептік салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын және 860.01.012A, 860.01.012B және 861.01.012C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын төлем сомасы көрсетіледі;

2) 861.01.013 жолында ($861.01.005 \times 861.01.010$) формуласы бойынша арнайы су пайдалану көлемі және жоғарғы қабаттағы қайнарлардан су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем ставкалары негізінде белгіленетін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі:

861.01.013A жолында ($861.01.005A \times 861.01.010$) формуласы бойынша анықталатын есептік кезеңнің бірінші айы үшін арнайы су пайдалану көлемі және жоғарғы қабаттағы қайнарлардан су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі:

861.01.013B жолында ($861.01.005B \times 861.01.010$) формуласы бойынша анықталатын есептік кезеңнің екінші айы үшін арнайы су пайдалану көлемі және жоғарғы қабаттағы қайнарлардан су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.013C жолында ($861.01.005C \times 861.01.010$) формуласы бойынша анықталатын есептік кезеңнің үшінші айы үшін арнайы су пайдалану көлемі және жоғарғы қабаттағы қайнарлардан су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.013D жолында жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін есептік салық кезеңі үшін және 860.01.013A, 860.01.013B және 861.01.013C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жалпы төлем сомасы көрсетіледі;

3) 861.01.014 жолында рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдалану көлемі мен жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем ставкасы негізінде ($861.01.006 \times 860.01.011$) формуласы бойынша айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі:

861.01.014A жолында ($861.01.006A \times 861.01.011$) формуласы бойынша анықталатын есептік салық кезеңінің бірінші айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.014B жолында ($861.01.006B \times 861.01.011$) формуласы бойынша анықталатын есептік салық кезеңінің екінші айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.014C жолында ($861.01.006C \times 861.01.011$) формуласы бойынша анықталатын есептік салық кезеңінің үшінші айы үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

861.01.014D жолында 860.01.014A, 860.01.014B және 861.01.014C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңі үшін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 861.01.015 жолында жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шеңберінде (861.01.012), артық (861.01.013) және рұқсат құжатынсыз (861.01.014) пайдаланғаны үшін төлем сомасы ретінде айқындалатын есептік салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі:

861.01.015A жолында 861.01.012A, 861.01.013A және 861.01.014A жолдарының сомаларын жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңінің бірінші айы үшін бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі ;

861.01.015B жолында 861.01.012B, 861.01.013B және 861.01.014B жолдарының сомаларын жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңінің екінші айы үшін бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі;

861.01.015C жолында 861.01.012C, 861.01.013C және 861.01.014C жолдарының сомаларын жинақтаумен айқындалатын есептік салық кезеңінің үшінші айы үшін бюджетке төлеуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі ;

861.01.015D жолында 860.01.015A, 860.01.015B және 861.01.015C жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есептік салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын жалпы төлем сомасы көрсетіледі.

23. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 861.02-нысан бойынша қосымшаны жасау

24. "Ағымдағы парақ нөмірін көрсетіңіз" жолында 861.02 нысан бойынша қосымшаның ағымдағы парағының нөмірі көрсетіледі.

25. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) арнайы су пайдалану түрі. Тиісті торкөз белгіленеді:

A жолында - тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызмет көрсетулер;

B жолында - өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда;

C жолында - ауыл шаруашылығы;

D жолында - су көздерінен тоған шаруашылықтары;

E жолында - су көздерінде балық аулауды жүргізетін шаруашылығы, тұтанышы;

Ғ жолында - су энергетикасы;

Г жолында - су көлігі;

2) арнайы су пайдалануды жүзеге асыру орны бойынша салық органының коды. 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының коды" анықтамалығына салық салу объектісінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

3) су пайдаланудың өлшем бірлігі. Жүргізілген арнайы су пайдаланудың тиісті өлшем бірліктеріне белгіленеді:

А жолында - текше метр;

В жолында - КВт сағ.;

С жолында - тонна;

Д жолында - тонна/км.

26. "Су пайдалану көлемі" бөлімінде 6-жолда көрсетілген өлшем бірліктерімен толтырылады:

1) 861.02.001-жолда кезең басында арнайы су пайдаланудың белгіленген лимиті көрсетіледі;

2) 861.02.002-жолда есепті салық кезең үшін арнайы су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі;

3) 861.02.003-жолда есепті салық кезеңі үшін белгіленген лимит шегінде арнайы су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі;

4) 861.02.004-жолда есепті салық кезеңі үшін белгіленген лимиттен тыс арнайы су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі;

5) 861.02.005-жолда есепті салық кезеңі үшін рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі.

27. "Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкасы" бөлімінде:

1) 861.02.006 жолында белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкасы көрсетіледі;

2) 861.02.007 жолында Салық кодексінің 454-бабының 2-тармағына сәйкес жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем ставкасы көрсетіледі;

3) 861.02.008 жолында Салық кодексінің 454-бабының 3-тармағына сәйкес жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем ставкасы көрсетіледі.

28. "Жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем сомасы" бөлімінде:

1) 861.02.009 жолында $(861.02.003 \times 861.02.006)$ формуласы бойынша белгіленген лимит шегінде арнайы су пайдаланудың нақты көлемі мен жоғарғы

қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шегінде пайдаланғаны үшін төлем ставкалары негізінде белгіленген лимит шегінде жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі;

2) 861.02.010 жолында (861.02.004 x 861.02.007) формуласы бойынша есепті салық кезеңі үшін белгіленген лимит шегінен артық арнайы су пайдаланудың нақты көлемі және жоғарғы қабаттағы қайнарлардан су ресурстарын белгіленген лимиттен артық пайдаланғаны үшін төлем ставкалары негізінде белгіленетін жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын төлем сомасы көрсетіледі;

3) 861.02.011 жолында (861.02.005 x 860.02.008) формуласы бойынша рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдаланудың көлемі мен жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем ставкасы негізінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын рұқсат құжатынсыз пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

4) 861.02.012 жолында жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын белгіленген лимит шегінде (861.02.009), белгіленген лимиттен артық (861.02.010) және рұқсат құжатынсыз (861.02.011) шектерінде пайдаланғаны үшін төлем сомасы ретінде айқындалатын есептік салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын жоғарғы қабаттағы көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

29. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 861.00-861.02 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомалары есебін жасау ережесі (871.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес

әзірленген және қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны есептеуге арналған Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомалары есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ағымдағы төлемдер сомалары есебі Салық кодексінің 460-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында арнайы табиғат пайдалану тәртібінде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен (871.00 нысан) және Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (871.01 нысан) тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгі қолданылады: "х" - көбейту ; "=" - тең.

5. Тиісті торкөздердің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда қосымша табыс етілмейді.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша толтырылуға жатады.

8. Егер салық төлеуші арнайы табиғат пайдаланудың бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, рұқсаттық құжатта көрсетілген ластағыш заттың әрбір түрі бойынша 871.01 нысан бойынша қосымшаның жеке парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті жасау

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есеп тапсыру үшін тоқсан есепті кезең болып табылады. Бұл ретте төлемдерінің көлемі шағын төлеушілер (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) немесе шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер) үшін Есепті тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) есеп түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеу объектілері туындағаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған

болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеушілер жылдық Есеп тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарт" торкөзі қолданыс мерзімі бір жылдан асатын тауарларды жөнелтуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге келісім-шарты болған жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) есепті жүзеге асырған қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жасаған.

"Келісім-шарттан тыс" және "келісім-шарт бойынша" торкөздерін жер қойнауын пайдаланушы белгілейді. Салық есептілігі жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

8) келісім-шарттың нөмірі мен оны жасасқан күн. Келісім-шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыру бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт деректемелері көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарттың;

В жолында - жасасу күні;

9) төлемдерінің көлемі шағын ұйымдар (жиынтық жылдық көлемде 100 АЕК дейін). Есепті жыл үшін толық алдын ала төлеумен қоршаған ортаны ластағаны үшін лимитті сатып алу кезінде және рұқсаттық құжатты ресімдеу кезінде төлемдерінің көлемі аз ұйымдар (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) белгілейді.

9А жолында - рұқсаттық құжаттың нөмірі көрсетіледі;

9В жолында - рұқсаттық құжатты ресімдеу күні көрсетіледі;

10) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын

декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

11) қосымшалар саны. Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

14. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы" бөлімінде:

1) 871.00.001 жолында белгіленген лимит (871.00.002) және белгіленген лимиттен жоғары (871.00.003) шектеріндегі қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасының жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі:

Шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер ғана толтыратын 871.00.001I және 871.00.001II жолдарында Салық кодексінің 463-бабының 6-тармағында белгіленген мерзімде төленуге жататын қоршаған ортаға эмиссия үшін ағымдағы төлемдердің сомасы көрсетіледі;

2) 871.00.002 жолында 871.01 нысаны бойынша қосымшаның 871.01.011 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңіндегі белгіленген лимит шектеріндегі қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 871.01 нысан бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырылатын жағдайда, бұл жолда 871.01 нысан бойынша қосымшаның барлық парақтарын 871.01.011 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындайтын арнайы табиғат пайдаланудың барлық түрлері бойынша белгіленген лимит шектеріндегі қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 871.00.003 жолында 871.01 нысаны бойынша қосымшаның 871.01.012 жолынан көшірілетін есепті салық кезеңіндегі белгіленген лимиттен жоғары қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 871.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырған жағдайда, бұл жолда 871.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарын 871.01.012 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын арнайы табиғат пайдаланудың барлық түрлері бойынша белгіленген лимиттен жоғары қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 871.01-нысан бойынша қосымша жасау

16. "Ағымдағы парақ нөмірін көрсетіңіз" деген жолда 871.01 нысан бойынша ағымдағы парақ нөмірі көрсетіледі.

17. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) табиғат пайдалану түрі. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарға сәйкес тиісті торкөз белгіленеді;

2) ластау орны бойынша салық органының коды. 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің Ережесіне "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының коды" анықтамалығына сәйкес салық салу объектісінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

3) ластаушы заттарды төгу (шығару) мен қалдықтарды орналастыру көлемінің өлшем бірліктері. Ластаушы заттарды төгу (шығару) мен қалдықтарды орналастыру көлемінің тиісті өлшем бірліктерінің торкөзі белгіленеді.

18. "Ластау көлемі" бөлімі 5-жолда көрсетілген өлшем бірлігімен толтырылады:

1) 871.01.001 жолында төлеушілер (төлемдерінің көлемі шағын ұйымдардан (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) немесе шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерден басқа) кезеңнің басына лимиттің қалдығын көрсетеді. 871.01 нысаны қосымшасының 871.01.001 жолында есепті салық жылының бірінші тоқсаны үшін Есепті жасау жағдайында белгіленген лимит шегі көрсетіледі.

Есепті салық кезеңінің екінші - төртінші тоқсаны үшін Есепті жасау жағдайында, 871.01.001 нысаны бойынша қосымшаның 871.01 жолы бұрынғы тоқсан соңына лимит қалдығының барлығы кезінде толтырылады. Бұл ретте, 871.01.001 жолына бұрынғы тоқсан үшін 871.01 нысаны бойынша қосымшадан 871.01.007 жолының көрсеткіштері көшіріледі;

2) 871.01.002 жолында төлеушілер (төлем көлемдері шағын ұйымдардан (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) немесе шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерден басқа) кезеңнің басына лимиттің асуын көрсетеді. 871.01 нысаны бойынша қосымшадан 871.01.002 жолында есепті салық жылының бірінші тоқсаны үшін Есепті жасау жағдайында нөлдер көрсетіледі.

Есепті салық кезеңінің екінші-төртінші тоқсандары үшін Есеп жасау жағдайында, 871.01 нысаны бойынша қосымшаның 871.01.002 жолы бұрынғы тоқсан соңына лимиттің асуы барлығы кезінде толтырылады. Бұл ретте, 871.01.002 жолына бұрынғы тоқсан үшін 871.01 нысаны бойынша қосымшадан 871.01.008 жолының көрсеткіштері көшіріледі;

3) 871.01.003 жолын Есептің 9, 9А және 9В-жолдарында көрсеткіштер бар болған кезде төлемдерінің көлемі шағын ұйымдар (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) немесе шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер толтырады.

Бұл ретте аталған жолда:

төлемдерінің көлемі шағын ұйымдар (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) - қоршаған ортаны ластауға сатып алынған лимиттің көлемін;

шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер - арнайы табиғатты пайдаланудың белгіленген лимитінің көлемі көрсетеді;

4) 871.01.004 жолында есепті тоқсан үшін ластаушы заттарды нақты шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастырудың жалпы көлемі көрсетіледі;

5) 871.01.005 жолы белгіленген лимиттің шегінде есепті салық кезеңі үшін ластаушы заттар шығарудың (төгу) мен қалдықтарды орналастырудың нақты көлемі көрсетіледі.

Бұл ретте төлеушілер (төлемдерінің көлемі шағын ұйымдардан (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) немесе шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерден басқа) 871.01.005 жолын тоқсанның басына лимит қалдығы бар болған кезде толтырады.

Лимит белгіленбейтін арнайы табиғат пайдалануды жүзеге асыру жағдайында , 871.01.005 жолына 871.01.004 жолының деректері көшіріледі. Бұл ретте 871.01.006 жолы толтырылмайды;

6) 871.01.006 жолы белгіленген лимит шектеріндегі ластаушы заттар шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастырудың жалпы нақты асуы жағдайында толтырылады. Бұл ретте, 871.01.006 жолында 871.01.004 және 871.01.005 жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын белгіленген лимиттен жоғары нақты ластаушы заттар шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастыру көрсетіледі;

7) 871.01.007 жолын төлеушілер (төлемдерінің көлемі шағын ұйымдардан (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) немесе шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерден басқа) есепті салық кезеңі үшін ластаушы заттар шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастырудың жалпы көлемінен кезең басындағы лимиттің қалдығы асуы жағдайында толтырады. Бұл ретте, 871.01.007 жолында 871.01.001 және 871.01.004 жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын кезең соңына лимит қалдығы көрсетіледі;

8) 871.01.008 жолын төлеушілер (төлемдерінің көлемі шағын ұйымдардан (жиынтық жылдық көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке дейін) немесе шаруа (фермер) қожалықтарына арналған және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілерден басқа) есепті салық кезеңі үшін белгіленген лимиттен жоғары ластаушы заттар шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастырудың нақты көлемі

бар болған және кезең басына лимиттің асуы жағдайында толтырады. Бұл ретте, 871.01.008 жолында кезең басына лимиттің асу сомасы (871.01.002) мен ластаушы заттар шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастырудың нақты көлемі ретінде айқындалатын есепті салық кезеңінің соңына лимиттің асуы (871.01.006) көрсетіледі.

19. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы" бөлімінде:

1) 871.01.009 жолында белгіленген лимит шегінде қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі;

2) 871.01.010 жолында Салық кодексінің 462-бабына сәйкес белгіленген лимиттен жоғары қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі.

20. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы" бөлімінде:

1) 871.01.011 жолында $(871.01.005 \times 871.01.009)$ формуласы бойынша белгіленген лимит шегінде нақты ластаушы заттар шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастыруды ескеріп айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын белгіленген лимит шектеріндегі қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы көрсетіледі;

2) 871.01.012 жолында $(871.01.006 \times 871.01.010)$ формуласы бойынша белгіленген лимиттен жоғары төлем ставкасы мен белгіленген лимиттен жоғары нақты ластаушы заттар шығару (төгу) мен қалдықтарды орналастыруды ескеріп айқындалатын есепті салық кезеңі үшін белгіленген лимиттен жоғары қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы көрсетіледі;

3) 871.01.013 жолында белгіленген лимит шегінде қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы (871.01.011) мен белгіленген лимиттен жоғары қоршаған ортаның ластануы үшін төлем сомасын (871.01.012) қосумен айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

21. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. _

РҚАО-ның ескертуі: 871.00-871.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің
ағымдағы төлемдер сомаларының есебін жасау ережелері**

(881.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуге арналған радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін ағымдағы төлемдер сомасының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды:

Радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін ағымдағы төлемдер сомасының есебін Салық кодексінің 480-бабына сәйкес белгіленген заңнама актісі тәртібінде радиожилік спектрін пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен (881.00 нысан) және радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу объектісі туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (881.01 нысан) тұрады.

3. Есеп қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда қосымша табыс етілмейды.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша міндетті тәртіпте толтырылуға жатады.

8. Егер салық төлеуші олар бойынша радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы әр түрлі ставкалар бойынша есептелетін әр түрлі радио байланыс түрлеріне бірнеше радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат құжаттары болған кезде, 881.01 нысан бойынша қосымшаның жеке парағы толтырылады. Бұл ретте 881.01 нысан бойынша қосымша парақтарының жалпы саны радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат құжаттардың санына сәйкес болуы керек.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" - алу белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен қағаз тасығышта хабарламамен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті жасау

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі (жыл) - Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есеп тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы;

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Есеп түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер заңнама актісі тәртібінде радиожилік спектрін пайдалану құқығын алғаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық

кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеушілер жылдық Есеп тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарт" торкөзі қолданыс мерзімі бір жылдан асатын тауарларды жөнелтуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге келісім-шарты болған жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) есепті жүзеге асырған қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жасаған.

"Келісім-шарттан тыс" және "келісім-шарт бойынша" торкөздерін жер қойнауын пайдаланушы белгілейді. Салық есептілігі жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

8) келісім-шарттың нөмірі мен оны жасасқан күн. Келісім-шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыру бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт деректемелері көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасасу күні;

9) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосымшалар саны. Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

14. "Радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 881.00.001 жолында 881.01 нысаны бойынша қосымша 881.01.012 жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінде бюджетке төлеуге жататын радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші 881.01 нысаны бойынша қосымшаның бірнеше парақтарын толтырған жағдайда, онда бұл жол бойынша 881.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарын 881.01.012 жолының көрсеткіштерін жинақтап айқындататын радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 881.00.002 жолында 20 наурыздан кешіктірмейтін мерзімде радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

3) 881.00.003 жолында 20 маусымнан кешіктірмейтін мерзімде радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

4) 881.00.004 жолында 20 қыркүйектен кешіктірмейтін мерзімде радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

5) 881.00.005 жолында 20 желтоқсаннан кешіктірмейтін мерзімде радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу

және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 881.01 нысаны бойынша қосымшаны жасау

16. "Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз" деген жолда ағымдағы парақтың нөмірі көрсетіледі.

17. "Радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемді есептеуге арналған мәліметтер бөлімінде:

1) 881.01.001 жолында радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кестеден радиобайланыстың түріне және пайдалану аумағына сәйкес келетін жолдардың нөмірі көрсетіледі;

2) 881.01.002 жолында радиожиилік спектрін пайдалану орны көрсетіледі:

881.01.002А жолында облыстың атауы көрсетіледі;

881.01.002В жолында қала не ауданның атауы көрсетіледі;

881.01.002С жолында кент немесе ауыл атауы көрсетіледі;

3) 881.01.003 жолында хабар құралының күші көрсетіледі;

4) 881.01.004 жолында:

егер радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын станциялардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.004А жолында станциялардың саны көрсетіледі;

егер радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын арналардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.004В жолында арналардың саны көрсетіледі;

егер радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын радиожииліктің санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.004С жолында радиожиилік саны көрсетіледі;

егер радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын өтулердің санына байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.004D жолында өтулердің саны көрсетіледі;

5) егер радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы жолақ еніне байланысты белгіленетін жағдайда, 881.01.005 және 881.01.006 жолдары толтырылады. 881.01.005 жолында радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кесте бойынша жолақ ені көрсетіледі:

881.01.005A жолы радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кестеде жолақ ені кГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

881.01.005B жолы радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қосымша кестеде жолақ ені МГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

6) 881.01.006 жолында радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсаттық құжатқа сәйкес бөлінген радиожиилік спектрі жолағының ені көрсетіледі:

881.01.006A жолы егер жолақ ені, радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсаттық құжат бойынша кГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

881.01.006B жолы егер жолақ ені, радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсаттық құжат бойынша кГц-те көрсетілген жағдайда толтырылады;

7) 881.01.007 жолында радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсаттық құжатқа сәйкес есепті салық кезеңінде радиожиилік спектрін пайдаланудың айлар саны көрсетіледі;

8) 881.01.008 жолында байланыс саласындағы уәкілетті органның радиожиилік спектрін пайдалану үшін төлемді төлеуге хабарламасы туралы және Қазақстан Республикасының радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсаттық құжаттың мәліметтері көрсетіледі:

881.01.008A жолында хабарламаны беру күні көрсетіледі;

881.01.008B жолында хабарлама нөмірі көрсетіледі;

881.01.008C жолында рұқсаттық құжаттың берілген күні көрсетіледі;

881.01.008D жолында рұқсаттық құжаттың нөмірі көрсетіледі.

18. "Радиожиилік спектрді пайдаланғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 881.01.009 жолында радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасын белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес айлық есептік көрсеткіштердегі радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің жылдық ставкасы көрсетіледі;

2) 881.01.010 жолында есепті салық кезеңі үшін айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі;

3) 881.01.011 жолында $(881.01.009 \times 881.01.010)$ формуласы бойынша есептелген радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемнің жылдық ставкасы көрсетіледі;

4) 881.01.012 жолында радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі:

егер радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын станциялардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы $(881.01.004A \times 881.01.011)/12 \times 881.01.007$ формуласы бойынша есептеледі;

егер радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын арналардың санына байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы $(881.01.004B \times 881.01.011)/12 \times 881.01.007$ формуласы бойынша есептеледі;

егер радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын радио жиліктің санына байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы $(881.01.004C \times 881.01.011)/12 \times 881.01.007$ формуласы бойынша есептеледі;

егер радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы пайдаланылатын радиожиліктердің санына байланысты белгіленетін жағдайда, радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы $(881.01.004D \times 881.01.011)/12 \times 881.01.007$ формуласы бойынша есептеледі;

егер радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы жолақ еніне байланысты белгіленетін жағдайда, онда радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы $(881.01.006/881.01.005 \times 881.01.011)/12 \times 881.01.007$ формуласы бойынша есептеледі.

егер радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы станциялардың , арналардың, радиожиліктердің, өтулердің және жолақ еніне байланысты бір уақытта белгіленетін жағдайда, радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем сомасы тиісті толтырылған жолдардан шыға оларды $(881.01.011 \times 881.01.007)/12$ жолдарына көбейту жолымен есептеледі.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 881.00-881.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің ағымдағы төлемдер сомаларының есебін жасау ережелері (891.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемақыны есептеуге арналған қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін ағымдағы төлемдер сомаларының есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды.

Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін ағымдағы төлемдер сомаларының есебін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен құқық алған, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы операторлары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар.

2. Есеп осы Есептің өзінен (891.00 нысан) және қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемақы төлеу объектілері туралы ақпаратты қамтитын оған қосымшадан (891.01 нысан) тұрады.

3. Есеп қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті тор көздер толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда қосымша табыс етілмейді.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша толтырылуға жатады.

8. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

9. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

10. Есепті беру кезінде:

- 1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;
- 2) тапсырысты хатпен қағаз тасығышта хабарламамен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;
- 3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

11. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті жасау

12. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 2) салық кезеңі (жыл) - Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есеп тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады;
- 3) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің фирмалық атауы немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) есеп түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер заңнама актісі тәртібінде радиожилік спектрін пайдалану құқығын алғаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есепті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін, адвокаттық (нотариалдық) қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді. Күнтізбелік жыл ішінде құрылған және таратылған салық төлеушілер жылдық Есеп тапсырған жағдайда "Бастапқы" және "Тарату" торкөздері белгіленеді.

"Ұзақ мерзімді келісім-шарт" торкөзі қолданыс мерзімі бір жылдан асатын тауарларды жөнелтуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге келісім-шарты болған жағдайда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Есеп табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) есепті жүзеге асырған қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жасаған.

"Келісім-шарттан тыс" және "келісім-шарт бойынша" торкөздерін жер қойнауын пайдаланушы белгілейді. Салық есептілігі жасалған қызмет белгісі көрсетіледі:

А жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінен шығатын қызмет бойынша;

В жолында - жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша;

8) келісім-шарттың нөмірі мен оны жасасқан күн. Келісім-шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыру бойынша жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт деректемелері көрсетіледі:

А жолында - келісім-шарттың нөмірі;

В жолында - жасасу күні.

9) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

10) қосымшалар саны. Тапсырылған қосымшалардың саны көрсетіледі.

13. "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 891.00.001 жолында 891.01 нысаны бойынша қосымшаның 891.01.012 жолынан көшірілетін, есепті салық кезеңінде бюджетке төлеуге жататын қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

2) 891.00.002 жолында 20 наурыздан кешіктірмейтін мерзімде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

3) 891.00.003 жолында 20 маусымнан кешіктірмейтін мерзімде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

4) 891.00.004 жолында 20 қыркүйектен кешіктірмейтін мерзімде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

5) 891.00.005 жолында 20 желтоқсанның кешіктірмейтін мерзімде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Есепті жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген)

бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 891.01 нысаны бойынша қосымша жасау

15. "Ағымдағы парақтың нөмірін көрсетіңіз" деген жолда 891.01-нысан бойынша ағымдағы парақтың нөмірі көрсетіледі.

16. "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемді есептеу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 891.01.001 жолында байланыстың түрі көрсетіледі;

2) 891.01.002 жолында абоненттер саны көрсетіледі:

891.01.002А жолында есепті салық кезеңі үшін рұқсат беру құжатында байланыс операторы мәлімдеген абоненттер саны (N есеп) көрсетіледі;

891.01.002В жолында өткен салық кезеңі үшін абоненттер саны (N қор) көрсетіледі;

891.01.002С жолында (891.01.002А/891.01.002Вх100) формуласы бойынша айқындалатын өткен кезеңмен салыстырғанда есепті кезең үшін абоненттер санының өзгеруі (ΔN , пайыз) көрсетіледі;

3) 891.01.003 жолында өткен кезең үшін телекоммуникация қызмет көрсетулерін көрсеткені үшін қызметінен алынған табыс деңгейінен есептелген қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы операторының кірісі (Q) көрсетіледі;

4) 891.01.004 жолында (891.01.003/891.01.002А) формуласы бойынша айқындалатын 1 абонентке қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы операторының кірісі (q) көрсетіледі;

5) 891.01.005 жолында қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы операторының 1 абонентінің табыстық коэффициенті (I) көрсетіледі;

6) 891.01.006 жолында байланыс саласындағы уәкілетті орган жазып берген қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлем төлеуге хабарлама жөнінде мәліметтер көрсетіледі:

891.01.006А жолында хабарламаны беру күні көрсетіледі;

891.01.006В жолында хабарламаның нөмірі көрсетіледі.

17. "Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс ұсынғаны үшін төлем" бөлімінде:

1) 891.01.007 жолында осы ставканы белгілейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес айлық есептік көрсеткіште бір абонент үшін төлемнің бірыңғай жылдық ставкасы көрсетіледі;

2) 891.01.008 жолында айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі;

3) 891.01.009 жолында өткен кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңде абоненттер санының өзгеру серпінін ескеретін, есепті кезеңде бір абонент үшін төлем сомасының есебіне арналған түзету коэффициенті (k_1 , k_2) көрсетіледі:

k_1 түзету коэффициенті өткенмен салыстырғанда есепті кезеңде оператордың абоненттері санының өзгеруінің оң серпінін ескереді;

k_2 түзету коэффициенті өткенмен салыстырғанда есепті кезеңде оператордың абоненттері санының өзгеруінің теріс серпінін ескереді;

4) 891.01.010 жолында қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс ұсынғаны үшін төлемнің жылдық сомасы көрсетіледі:

есепті кезеңде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынатын операторда абоненттер саны өскен жағдайда қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық сомасы мынадай формула бойынша есептеледі: $(891.01.007 \times 891.01.008 \times (891.01.002В + 891.01.009 \times (891.01.002А - 891.01.002В))) \times 891.01.005$);

есепті кезеңде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынатын операторда абоненттер саны азайған жағдайда қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық сомасы мынадай формула бойынша есептеледі: $(891.01.007 \times 891.01.008 \times (891.01.002А + 891.01.009 \times (891.01.002В - 891.01.002А))) \times 891.01.005$);

5) 891.01.011 жолында есепті салық кезеңінде нақты қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс ұсыну айларының саны көрсетіледі;

6) 891.01.012 жолында қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төленуге төлем сомасы көрсетіледі. Егер есепті салық кезеңінде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсыну кезеңі бір жылдан кем болатын жағдай болса, онда қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс ұсынғаны үшін төлем сомасы $(891.01.010 / 12 \times 891.01.011)$ формуласы бойынша есептеледі.

18. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 891.00, 891.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияны жасау ережелері (910.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және оңайлатылған декларация негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимі бойынша бюджетпен есеп айырысуға арналған Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 377-бабы 7-тармағына сәйкес оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері жасайды.

2. Декларация қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

6. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - Декларация екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

7. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны толтыру

8. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Декларация тапсыру үшін тоқсан есепті салық кезеңі болып табылады;

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

3) салық төлеушінің аты-жөні және атауы;

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) Декларация түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Декларация оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолдана бастағаннан кейін бірінші рет табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық

қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

9. "Салық сомасын есептеу үшін мәлімет" бөлімінде:

1) 910.00.001 жолында Салық кодексінің 370-бабының 4 және 7 тармақтарына сәйкес нақты кіріс көрсетіледі;

2) 910.00.002 жолында жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі. Жеке кәсіпкерлер осы жолды толтырған кезде жалдамалы қызметкерлердің санына жеке кәсіпкердің өзі де енеді.

910.00.002А жолында есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі;

910.00.002В жолында есепті салық кезеңінің екінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі;

910.00.002С жолында есепті салық кезеңінің үшінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің саны көрсетіледі;

3) 910.00.003 жолында $((910.00.002A + 910.00.002B + 910.00.002C) / 3)$ формуласы бойынша айқындалатын есепті салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі. Бұл орайда, егер қызметкерлердің орташа тізімдік саны 0,5 және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектенеді, ал 0,5-тен төмен сандар дөңгелектенбейді;

4) 910.00.004 жолында Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағымен белгіленген шектен асатын орташа тізбелі саны көрсетіледі;

5) 910.00.005 жолында Салық кодексінің 377-бабымен белгіленген, ставкалар бойынша есептелген салықтардың сомасы көрсетіледі;

6) 910.00.006 жолында Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағымен белгіленген кірістің шекті сомасынан асатын кірістен салықтардың сомасы көрсетіледі;

7) 910.00.007 жолында есепті салық кезеңі үшін бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы көрсетіледі;

8) 910.00.008 жолы егер бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы Салық кодексінің 377-бабының 4-тармағына сәйкес жеке кәсіпкерлерде айлық еңбекақының 2 еселенген ең аз мөлшерінен кем емес, заңды тұлғаларда 2,5 еселенген ең аз мөлшерінен кем емес болған жағдайда толтырылады.

Осы шартты сақтау кезінде жолда $((910.00.005 - 910.00.006) \times (910.00.003 - 910.00.004) \times 0,015)$ формуласы бойынша айқындалатын Салық кодексінің 377-бабының 4-тармағына сәйкес қызметкерлердің орташа тізбелі санына байланысты салық сомасының кемуі көрсетіледі;

9) 910.00.009 жолында 910.00.005 және 910.00.008 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын түзетуден кейінгі салықтардың сомалары көрсетіледі;

10) 910.00.010 жолында $(910.00.009 \times 0,5)$ формуласы бойынша айқындалатын бюджетке төлеуге жататын жеке (корпорациялық) табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл кезде есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді: 50 тиыннан көп сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан аз сома есепке қабылданбайды;

11) 910.00.011 жолында $(910.00.009 \times 0,5) - 910.00.012 - 910.00.014$ формуласы бойынша айқындалатын, бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі. Бұл кезде есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді: 50 тиыннан көп сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан аз сома есепке қабылданбайды;

Салық кодексінің 377-бабының 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салықтың сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салықтың сомасы нөлге тең;

12) 910.00.012 жолында 201.00 нысанның 201.00.010 D жолынан көшірілген қызметкерлер үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

13) 910.00.013 жолында жеке кәсіпкерлер үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін кіріс көрсетіледі;

14) 910.00.014 жолында жеке кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

15) 910.00.015 жолында жеке кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналары есептелетін кіріс көрсетіледі;

16) 910.00.016 жолында жеке кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

10. Мысалы:

1) 910.00.001 жолы бойынша жеке кәсіпкердің есепті кіріс кезеңі үшін кірісі 12 000 000 теңгені құрады;

2) 910.00.002А жолы бойынша есепті салық кезеңінің бірінші айында жалдамалы қызметкерлердің саны 30 адам құрады;

3) 910.00.002В жолы бойынша есепті салық кезеңінің екінші айында жалдамалы қызметкерлердің саны 25 адам құрады;

4) 910.00.002С жолы бойынша есепті салық кезеңінің бірінші айында жалдамалы қызметкерлердің саны 26 адам құрады;

5) 910.00.003 жолы бойынша жеке кәсіпкердің өзін қоса, қызметкерлердің орташа тізбелі саны $((30 + 25 + 26) : 3 \text{ ай})$ 27 адам құрады;

6) 910.00.004 жолы бойынша шекті санынан асатын орташа тізбелі саны 2 адам құрады $(27 - 25)$, онда Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағымен белгіленген 27 адам - нақты орташа тізбелі саны, 25 адам - шекті саны;

7) 910.00.005 жолы бойынша Салық кодексінің 377-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген салық сомасы 360 000 теңге $((12\ 000\ 000 \text{ теңге} \times 3 \text{ пайыз})$ құрайды;

8) 910.00.006 жолы бойынша Салық кодексінің 376-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген кірістің шекті сомасынан асатын кірістен салық сомасы 60 000 теңге $(120\ 000\ 000 \text{ теңге} - 10\ 000\ 000 \text{ теңге}) \times 3 \text{ пайыз}$ құрайды;

9) 910.00.007 жолы бойынша есепті салық кезеңі үшін бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы мынадай жолмен айқындалатын 21 539 теңге құрады:

мысалы, есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін жалдамалы қызметкерлердің есептелген еңбекақының барлық сомасы 626 000 теңге $(75\ 000 \text{ теңге} + 400\ 000 + 81\ 000 + 70\ 000)$, оның ішінде бес адамның еңбекақысы 15000 теңге құрады $(75\ 000 \text{ теңге} (5 \times 15\ 000 \text{ теңге}))$, жиырма адам 20 000 теңге $(400\ 000 \text{ теңге} (20 \times 20\ 000 \text{ теңге}))$, үш адам 27 000 теңге $(81\ 000 \text{ теңге} (3 \times 27\ 000 \text{ теңге}))$, екі адам 35 000 теңге $(70\ 000 \text{ теңге} (2 \times 35\ 000 \text{ теңге}))$.

Мәселен, есепті салық кезеңінің бірінші айы үшін бір жалдамалы қызметкерге орташа айлық еңбекақы 22 867 теңге құрады $(626\ 000 : 30 \text{ адам})$, онда 30 адам - есепті салық кезеңінің бірінші айындағы жалдамалы қызметкерлердің саны.

Осындай жолмен есепті салық кезеңінің екінші және үшінші айлары үшін бір жалдамалы қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы айқындалады.

Мысал үшін, бір жалдамалы қызметкерге есепті салық кезеңінің екінші айында еңбекақы сомасы - 19 350 теңге, үшіншіде - 22 400 теңге құрады.

Онда, есепті салық кезеңі үшін бір жалдамалы қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы 21 539 теңге $((22\ 867 \text{ теңге} + 19\ 350 \text{ теңге} + 22\ 400 \text{ теңге}) : 3 \text{ ай})$ құрады.

Біздің мысалда 2007 жылға заңнама актісімен белгіленген еңбекақының екі еселік орташа ең аз айлық мөлшері 19 504 теңге ($9\,752 \text{ теңге} \times 2$) құрады. Есепті салық кезеңінің жиынтығы бойынша бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы ең төменгі еңбекақының екі еселік мөлшерінен асқандықтан, Салық кодексінің 377-бабының 4-тармағымен көзделген орташа тізімдік санды ескере отырып, қызметкерлердің шекті санына түзету жүргізіледі;

10) 910.00.008 жолы бойынша қызметкерлердің орташа тізімдік санына байланысты азайтылған салық сомасы $112\,500 \text{ теңге}$ құрады ($(360\,000 \text{ теңге} - 60\,000 \text{ теңге}) \times (27 \text{ адам} - 2 \text{ адам}) \times 0,015$), мұндағы 0,015 - қызметкерлердің орташа тізімдік санын ескере отырып әрбір қызметкер үшін салық сомасын түзету коэффициенті;

11) 910.00.009 жолы бойынша бюджетке төлеуге жататын салық сомасы $247\,500 \text{ теңге}$ құрайды ($360\,000 \text{ теңге} - 247\,500 \text{ теңге}$);

12) 910.00.010 жолы бойынша жеке (корпорациялық) табыс салығы $123\,750 \text{ теңгені}$ құрайды ($247\,500 \text{ теңге} \times 0,5$);

13) 910.00.011 жолы бойынша бюджетке төлеуге жататын, есептелген әлеуметтік салық сомасы $70\,307 \text{ теңгені}$ құрайды ($(123\,750\,500 \text{ теңге} \times 0,5) - 878 \text{ теңге} - 52\,565 \text{ теңге}$) (орташа айлық еңбекақы $\times$ жалдамалы жұмысшылардың орташа саны).

Бұл ретте, Салық кодексінің 377-бабының 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салықтың сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салықтың сомасы нөлге тең;

14) 910.00.012 жолы бойынша жалдамалы қызметкерлер үшін әлеуметтік аударымдарының сомасы $52\,565 \text{ теңгені}$ құрады;

15) 910.013 жолы бойынша жалдамалы қызметкерлер үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін кірістің сомасы көрсетіледі (9752 теңге ең төменгі еңбекақы $\times 3 \text{ ай}$);

16) 910.00.014 жолы бойынша жеке кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымның сомасы 878 теңгені құрады (9752 теңге ең төменгі еңбекақы $\times 3 \text{ пайызға}$ әлеуметтік аударымдар $\times 3 \text{ ай}$);

17) 910.00.015 жолы бойынша жеке кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналары есептелетін кірістің сомасы 29256 теңге (9752 теңге ең төменгі еңбекақы $\times 3 \text{ ай}$);

18) 910.00.016 жолы бойынша жеке кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 2925 теңгені құрады (9752 теңге ең төменгі еңбекақы $\times 10 \text{ пайыз}$ міндетті зейнетақы жарналары $\times 3 \text{ ай}$).

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

РҚАО-ның ескертуі: 910.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Жеке кәсіпкерлер үшін патент алуға өтініш жасау ережелері (912.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке кәсіпкерлерге жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтарды, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есептеуге арналған патент алуға Өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 374-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер жасайды.

2. Өтініш қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Өтініштің тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "-" - алу; "х" - көбейту.

5. Өтінішті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) түрде алады.

6. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Өтінішті толтыру

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

2) жеке кәсіпкердің аты-жөні және атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және бар болған жағдайда оның жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес атауы көрсетіледі;

3) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі;

4) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

5) 5-жолда торкөз Өтініш электронды түрде берілген кезде белгіленеді.

8. "Патент алу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 912.00.001 жолда жүзеге асырылатын қызмет түрі көрсетіледі.

Жеке кәсіпкер автомобильмен жолаушылар және жүк тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асырған жағдайда жолда тасымалдаудың түрі көрсетіледі: тұрақты және тұрақты емес тасымалдау;

2) 912.00.002 жолда алынатын патент бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны көрсетіледі;

912.00.002A жолда облыстың атауы көрсетіледі;

912.00.002B жолда қала немесе ауданның атауы көрсетіледі;

912.00.002C жолда поселкенің немесе ауылдың атауы көрсетіледі;

912.00.002D жолда көше (даңғыл, гүлзар, бұрылыс және тағы да басқа) атауы көрсетіледі;

912.00.002E жолда үйдің нөмірі көрсетіледі;

912.00.002F жолда пәтер нөмірі көрсетіледі;

912.00.002G жолы әмбебап дүкендерде, супермаркеттерде, автомобильмен жолаушылар мен жүктерді тұрақты тасымалдау бойынша және тағы да басқа кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру кезінде толтырылады;

Бұл ретте, жолда әмбебап дүкеннің, супермаркеттің және тағы да басқа және де бөлімнің нөмірі мен атауы, бағыттың нөмірі мен бағдары көрсетіледі;

3) 912.00.003 жолда патент бойынша алынатын қызметтің жүзеге асыру мерзімі көрсетіледі.

9. "Патент құнын есептеу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 912.00.004 жолында болжанатын кіріс сомасы көрсетіледі;

2) 912.00.005 жолында Салық кодексінің 375-бабына сәйкес (912.00.004 x 2 пайызға) формуласы бойынша айқындалатын бюджетке төленуге жататын есептелген салықтардың сомасы көрсетіледі;

3) 912.00.006 жолында (912.00.005 x 0,5) формуласы бойынша айқындалатын бюджетке төленуге жататын есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенуге жатады: 50 тиыннан көп сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан аз сома есепке қабылданбайды;

4) 912.00.007 жолында (912.00.005 x 0,5) - 912.00.008 формуласы бойынша айқындалатын бюджетке төленуге жататын есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте, Салық кодексінің 377-бабының 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салықтың сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салықтың сомасы нөлге тең;

5) 912.00.008 жолында Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасымен белгіленген тәртіпте айқындалатын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

10. "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 912.00.009 жолында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген тәртіпте айқындалатын, жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін мәлімделген кіріс көрсетіледі;

2) 912.00.010 жолында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген тәртіпте айқындалатын, жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

11. "Лицензия туралы мәліметтер" бөлімі лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асырған кезде толтырылады:

912.00.011 жолында лицензия туралы мәліметтер көрсетіледі;

912.00.011А жолында оның жүзеге асырылуына лицензия берілген қызмет түрі көрсетіледі;

912.00.011В жолында лицензияның тиісті түрінің белгісі жүргізіледі;

912.00.011С жолында лицензия нөмірі көрсетіледі;

912.00.011D жолында лицензияны беру күні көрсетіледі;

912.00.011Е жолында "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңның 4-бабына сәйкес лицензия белгілері (субъектілер бойынша, қызмет етудің аумақтық саласы бойынша) көрсетіледі.

12. "Патент құнының, әлеуметтік аударымдардың және міндетті зейнетақы жарналарының төленгені туралы мәліметтер" бөлімі Өтініш электронды түрде берілген кезде толтырылады:

912.00.012 жолында Салық кодексінің 374-бабының 4-тармағына сәйкес патент алынғанға дейін төленген жеке табыс және әлеуметтік салықтар, әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналары бойынша мәліметтер көрсетіледі;

912.00.012А жолында төлемдердің атауы көрсетіледі;

912.00.012В жолында БЖК көрсетіледі;

912.00.012С жолында төлем құжатының нөмірі көрсетіледі;

912.00.012D жолында төленген күні көрсетіледі;

912.00.012Е жолында сомасы көрсетіледі.

13. Салық төлеушінің жауапкершілігі.

1) "Жеке кәсіпкердің аты-жөні" жолында жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығышта Өтінішке салық төлеуші не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылуы тиіс. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

2) өтінішті беру күні. Өтінішті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

3) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

4) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

6) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

РҚАО-ның ескертуі: 912.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияны жасау ережелері (920.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және бірыңғай жер салығы мен әлеуметтік салықтарды, төлем көздерінен салық салынатын кірістерден жеке табыс салығын, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге үшін бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 382-бабы 1-тармағына сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілер жасайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен және оған қосымшалардан (920.01 және 920.02 нысандары) тұрады.

3. Декларацияны қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу.

5. Тиісті торкөздердің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетілуге тиіс деректер жоқ болған жағдайда көрсетілген қосымша(лар) тапсырылмайды.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде көрсетілген қосымша(лар) толтырылуға тиіс.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осыған ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растауды) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны толтыру

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Декларация тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні және атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және бар болған жағдайда атауы;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі;

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) декларация түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер шаруа (фермерлік) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолдана бастағаннан кейін бірінші рет Декларация табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді.

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) АЕК. Жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің мөлшері көрсетіледі;

9) қосымша парақтарының саны. Табыс етілген қосымша парақтарының саны көрсетіледі.

14. "Бірыңғай жер және әлеуметтік салықтар" бөлімінде:

1) 920.00.001 жолында 920.01 нысаны бойынша қосымшаның барлық парақтарының 920.01.004 жолдарының көрсеткіштерін қосумен айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін төленуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі;

2) 920.00.002 жолында 921.00 нысаны бойынша Бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебінің 921.00.004 жолынан көшірілетін бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлемнің сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 382-бабының 2-тармағына сәйкес Ағымдағы төлемнің есебін тапсырмаған салық төлеушілер, алдыңғы салық кезеңі үшін Декларацияда есептелген бірыңғай жер салығының жалпы сомасының 1/2 бөлігін көрсетеді;

3) 920.00.003 жолы бірыңғай жер салығы бойынша есептелген ағымдағы төлемдер сомасынан Декларация бойынша төленуге жататын бірыңғай жер салығы сомасының асып кеткен жағдайында толтырылады. Бұл ретте, жолда (920.00.001 - 920.00.002) формуласы бойынша айқындалатын Декларация бойынша қосымша есептеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі;

4) 920.00.004 жолы салық кезеңі үшін Декларация бойынша төленуге жататын салық сомасынан есептелген ағымдағы төлем сомасының асып кеткен жағдайында толтырылады. Бұл ретте, 920.00.004 жолында (920.00.002 - 920.00.001) формуласы бойынша айқындалатын 920.00 нысаны бойынша декларация бойынша азайтылуға жататын бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі.

15. "Жеке табыс салығы" бөлімінде:

1) 920.00.005A, 920.00.005B және 920.00.005C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін міндетті зейнетақы және ерікті зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйлықақыларын және жеке табыс салығын қоса алғанда, салық агенті есептеген табыстар көрсетіледі;

2) 920.00.006A, 920.00.006B және 920.00.006C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін төлем көзінде салық салынатын табыстар көрсетіледі;

3) 920.00.007A, 920.00.007B және 920.00.007C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі;

4) 920.00.008 жолында жеке тұлғаларға есептелген, бірақ есепті кезеңнің соңына салық агенті төлемеген табыстар көрсетіледі;

5) 920.00.009A, 920.00.009B және 920.00.009C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жеке тұлғаларға төленген табыстар көрсетіледі;

6) 920.00.010A, 920.00.010B және 920.00.010C жолдарында сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жеке тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және бюджетке аударылуға жататын жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі.

16. "Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 920.00.011A, 920.00.011B және 920.00.011C жолдарында сәйкесінше 920.02 нысаны бойынша қосымшалардың 00001R жолдарынан көшірілетін, сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде шаруа (фермер) қожалығының кәмелетке толған мүшелері, басшысы мен жалдамалы қызметкерлері үшін бюджетке төленуге жататын әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

2) 920.00.012А, 920.00.012В және 920.00.012С жолдарында сәйкесінше 920.02 нысаны бойынша қосымшалардың 00001Т жолдарынан көшірілетін, сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде шаруа (фермер) қожалығының кәмелетке толған мүшелері, басшысы мен жалдамалы қызметкерлері үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

3) 920.00.012А, 920.00.012В және 920.00.012С жолдарында сәйкесінше 920.02 нысаны бойынша қосымшалардың 00001ІІ жолдарынан көшірілетін, сәйкесінше есепті кезең үшін 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде шаруа (фермер) қожалығының кәмелетке толған мүшелері, басшысы мен жалдамалы қызметкерлері үшін жинақтаушы зейнетақы қорына есептелген міндетті әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

17. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі

;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 920.01 нысаны бойынша қосымшаны толтыру

18. 920.01 нысаны бойынша есепке қосымша:

тұрақты және (немесе) уақытша алғашқы жер пайдалану, жеке меншік құқығындағы қожалықта барлық жер телімдері бойынша;

қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығын есептеуге арналған.

19. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) жер телімі. Жер телімінің тиісті түрінің торкөзі белгіленеді.

20. "Бірыңғай жер салығын есептеу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 4-жолда жер заңнамасына сәйкес жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 5-жолда жер телімінің аумағы көрсетіледі;

3) 6-жолда жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген деректер бойынша 1 гектар жердің орташа бағалануы көрсетіледі;

4) 7 және 8-жолдар шаруа (фермер) қожалықтарында қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша толтырылады.

Шаруа (фермер) қожалығында қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша қайталама жер пайдалану туралы шарт туралы мәліметтер көрсетіледі.

21. "Бірыңғай жер салығы" бөлімінде:

1) 920.01.001 жолында жер телімінің бағалау құнын айқындау актісінің дерегіне сәйкес жер телімінің бағаланған құны көрсетіледі. Жер телімінің бағаланған құнын айқындау актісі болмаған жағдайда, 920.01.001 жолында Салық кодексінің 382-бабына сәйкес аудан бойынша орташа 1 гектар жердің бағаланған құнын ескеріп айқындалған, жер телімінің бағаланған құны көрсетіледі;

2) 920.01.002 жолында Салық кодексінің 380-бабына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы көрсетіледі;

3) 920.01.003 жолында жеке меншік, тұрақты және (немесе) уақытша бастапқы жер пайдалану құқығында және қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша салық кезеңінің ішінде жер телімін пайдаланудың (иеленудің) ай саны көрсетіледі;

4) 920.01.004 жолында бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі. Көрсетілетін сома $(920.00.001 \times 920.01.002/12 \times 920.01.003)$ формуласы бойынша жер телімінің бағаланған құнына бірыңғай жер салығының ставкасын қолдану жолымен жер телімін иелену (жалдау) кезеңін ескеріп айқындалады.

22. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 920.02 нысаны бойынша қосымшаны толтыру

23. 920.02 нысаны бойынша қосымша әрбір жеке тұлға бойынша: есепті кезеңнің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін есептелген және салық салынуға жататын табыстарды, міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын, Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге құрылыс жинақ банктерінен Қазақстан Республикасының жеке тұлға резиденті алған тұрғын үй заемдары және аралық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақыларды өтеуге бағытталған сомаларды, Салық кодексінің 152-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйлықақыларын, жеке табыс салығын, әлеуметтік аударымдарды және төленген табыстарды көрсетуге арналған.

Есепті кезеңнің 1 қаңтарына бастап 1 қазанына дейінгі және 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін 920.02 нысаны бойынша қосымшаны жасаған кезде, әрбір кезең бойынша 920.02 нысаны бойынша бөлек қосымша толтырылады.

24. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) қосымша толтырылған кезең көрсетіледі.

25. "Есептік көрсеткіштер" бөлімінде:

1) "00001 Жиыны" жолы бірінші бетте ғана толтырылады. 00001G, 00001H, 00001I, 00001J, 00001K, 00001L, 00001M, 00001 N, 00001O, 00001P, 00001Q, 00001R, 00001S, 00001T жолдарында есептелген табыстардың, салықтық шегерімдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы

жарналарының, жиынтық сомалары; Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге құрылыс жинақ банкілерінен Қазақстан Республикасының жеке тұлға резиденті алған тұрғын үй заемдары және аралық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақыларды өтеуге бағытталған; сақтандыру сыйлықақыларының; салық салынуға жатпайтын табыстардың; жеке табыс салығының; төленген табыстардың; аударылуға жататын жеке табыс салығының сомалары, жұмыс айларының саны; әлеуметтік салықтың; жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдар есептелетін шығыстарының сомалары; әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі;

2) А бағанында кезекті реттік нөмірі қойылады;

3) В бағанында табыстар есептелген, төленген жеке тұлғалардың тегі, инициалдары көрсетіледі;

4) С бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлға салық төлеушілердің тиісті тіркеу нөмірлері көрсетіледі;

5) D бағанында егер В бағанында көрсетілген жеке тұлға Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмаған және тұруға рұқсаты жоқ болса "х" белгісі қойылады. Қалған жағдайларда торкөз толтырылмайды;

6) E бағанында ұяшыққа:

егер жеке тұлға қызметімен байланысты табыс алған жеке кәсіпкер, адвокат немесе жеке нотариус болып табылған жағдайда "1" деген белгі қойылады;

егер жеке тұлға Салық кодексінің 144-бабының 12) тармақшасына сәйкес жеңілдіктер алуға үміткер болып табылса "2" деген белгі қойылады. Қалған жағдайларда торкөз толтырылмайды;

7) F бағанындағы ұяшыққа, егер В бағанында көрсетілген жеке тұлға шаруа (фермер) қожалығының мүшесі, басшысы болып табылған жағдайда белгі қойылады. Қалған жағдайларда торкөз толтырылмайды. Бұл ретте:

егер В бағанында көрсетілген жеке тұлға шаруа (фермер) қожалығының кәмелетке толған мүшесі болып табылса "1" деген белгі қойылады;

егер В бағанында көрсетілген жеке тұлға шаруа (фермер) қожалығының кәмелетке толмаған мүшесі болып табылса "2" деген белгі қойылады;

8) G бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғаларға есепті кезең үшін есептелген табыстар көрсетіледі;

9) H бағанында Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген салықтық шегерім көрсетіледі;

10) I бағанында В бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың, соның ішінде шаруа қожалығының кәмелетке толған мүшелерінің, басшысының, жалдамалы

қызметкерлерінің табысынан Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес есептелген міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі.

Бұл ретте, шаруа (фермер) қожалығының кәметке толған мүшелерінің (қатысушыларының) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары олар кәметке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың басынан бастап есептелуге және төленуге жатады.

Мысалы: шаруа қожалығы 5 мүшесінің және басшысының 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі кезең үшін әрбір мүшесінің, соның ішінде басшысының табыс сомасы 150 мың теңгені құрады. Бұдан өзге, осындай кезең үшін 10 жалдамалы қызметкердің әрбір қызметкерге табыстың сомасы 90 мың теңгені құрады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын есептеу мынадай тәртіппен жүргізіледі: шаруа қожалығының мүшелері мен басшысы үшін табыс сомасынан 10 пайыз, бірақ ең төменгі еңбекақының 10 пайыздан төмен емес және тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген еңбекақының ең төменгі жетпіс бес еселенген мөлшерінен жоғары емес - мүшелер мен басшы үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 90 мың теңгені (150 мың теңге x 10 пайыз x 6 (5 мүше және басшы) құрады. Жалдамалы қызметкерлер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 90 мың теңгені (90 мың теңге x 10 пайыз x 10) құрады. Барлығы міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 180 мың теңгені құрады = 90 мың теңге (шаруа қожалығының мүшелері мен басшысы үшін) + 90 мың теңге (жалдамалы қызметкерлер үшін);

11) J бағанында жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес өзінің пайдасына енгізетін және Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызатын ерікті зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі;

12) K бағанында Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге құрылыс жинақ банкінен Қазақстан Республикасының жеке тұлға резиденті алған тұрғын үй заемдары және аралық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақыларды өтеуге бағытталған және Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын сомалар көрсетіледі;

13) L бағанында жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өзінің пайдасына енгізетін және Салық кодексінің 152-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызатын сақтандыру сыйлықақыларының сомалары көрсетіледі;

14) M бағанында B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық салынуға жатпайтын табыстары көрсетіледі;

15) N бағанында есепті кезең үшін B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың табысынан есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) O бағанында B бағанында көрсетілген тұлғаларға есепті кезеңде төленген табыстар көрсетіледі;

17) P бағанында тиісті кезең үшін B бағанында көрсетілген жеке тұлғалардың табыстарынан аударылуға жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

18) Q бағанында шаруашылық қожалықтағы мүшелер мен басшының нақты мүше болған айлардың саны, сондай-ақ жалдамалы қызметкердің нақты жұмыс істеген айларының саны көрсетіледі;

19) R бағанында Салық кодексі 383-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі (Q бағаны x жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімінде бекітілетін айлық есептік көрсеткіштен 20 пайыз) - T бағаны). Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салықтың сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салықтың сомасы нөлге тең.

Мысалы: 5 мүшесі мен басшысы, сондай-ақ 10 жалдамалы қызметкері бар шаруа қожалығы бойынша 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі кезең үшін әлеуметтік салық сомаларын есептейік. Бірыңғай жер салығын төлеушілер әлеуметтік салықтың сомасын шаруа (фермер) қожалығының әрбір қызметкері, сондай-ақ басшысы мен мүшесі үшін айлық есептік көрсеткіштен 20 пайыз ставка бойынша есептейтін болғандықтан, сәйкесінше көрсетілген кезең үшін әлеуметтік салықтың сомасы 29,66 мың теңгеге тең болады (1030 (2006 жылға айлық есептік көрсеткіш) x 20 пайыз x 16 (шаруа қожалығының мүшелері мен басшысы + жалдамалы қызметкерлердің саны) x 9 ай (1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі кезең)). Әлеуметтік аударымдардың сомасына кемітілген төленетін әлеуметтік салықтың сомасы 1,7 мың теңгені құрайды (29,66 мың теңге - 27,44 мың теңге);

20) S бағанында жұмыс берушінің міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық кесіміне сәйкес айқындалатын, әлеуметтік аударымдар есептелетін табыстары көрсетіледі.

Бұл ретте, шаруа (фермер) қожалығының кәмелетке толған мүшелерінің (қатысушыларының) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары олар кәмелетке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың басынан бастап есептелуге және төленуге жатады;

21) T бағанында міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңнамалық кесімге сәйкес кәмелетке толған мүшелер, басшы, жалдамалы қызметкерлер үшін есептелген әлеуметтік аударымдардың сомалары көрсетіледі.

Мысалы, 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 қазанға дейінгі кезең үшін көрсетілген кезең үшін 5 мүше мен басшы және 10 жалдамалы қызметкердің

әрқайсысының табысы 90 мың теңге болғанда, әлеуметтік аударымдардың сомаларын есептейік. Арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлер үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін қолданылатын табыстың мөлшері тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі еңбекақының мөлшеріне теңестіріледі. Сәйкесінше, көрсетілген кезең үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы 9,94 мың теңгені құрайды (9,2 мың теңге (2006 жылға ең төменгі еңбекақының мөлшері) x 2 пайыз (2006 жылға белгіленген әлеуметтік аударымдардың ставкасы) x 6 (басшыны қоса алғанда мүшелердің саны) x 9 (кезеңдегі айлардың саны). Табысы 90 мың теңге құрайтын 10 жалдамалы қызметкер үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы 18 мың теңгені құрайды (90 мың теңге x 10 қызметкер x 2 пайыз (2006 жылға әлеуметтік аударымдардың ставкасы). Барлығы мүшелер мен басшы, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлер үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы 27,94 мың теңгені құрады (9,94 мың теңге + 18 мың теңге).

26. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 920.00-920.02 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебін жасаудың ережелері (921.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және бірыңғай жер салығын есептеуге арналған бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 382-бабы 2-тармағына сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілер жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен және оған қосымшадан (921.01 нысан) тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып

толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға, өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "x" - көбейту; "/" - бөлу.

5. Тиісті торкөздердің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда қосымша толтырылмайды.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша толтырылуға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осындай ұқсас парағы толтырылады.

Салық төлеушіде әр түрлі көрсеткіштері бар жер телімдері (иелік ету кезеңі; жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар және тағы да басқа) болған жағдайда әр жер телімі бойынша бөлек қосымша парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті толтыру

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есеп тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні және атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және бар болған жағдайда атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша негізгі қызмет түрінің коды көрсетіледі;

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) декларация түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер шаруа (фермерлік) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолдана бастағаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" торкөзі осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Есеп жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының

7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) қосымша парақтарының саны. Табыс етілген қосымша парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

14. "Бірыңғай жер салығы" бөлімінде:

1) 921.00.001 жолында $(921.00.002 + 921.00.003)$ формуласы бойынша айқындалатын есеп бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 921.00.002 жолында жеке меншік, тұрақты және (немесе) уақытша алғашқы жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі, ол қосымшаның 3А жолына тиісті белгімен қосымшалардың барлық парақтарының 921.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады;

3) 921.00.003 жолында қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша бірыңғай жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі, ол 921.01 нысаны бойынша қосымшаның 3В жолына тиісті белгімен қосымшалардың барлық парақтарының 921.01.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалады;

4) 921.00.004 жолында 921.00.001 жолында есептелген бірыңғай жер салығының жалпы сомасының жартысынан кем емесі мөлшерінде айқындалатын , бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем сомасы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі .

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Қосымшаны толтыру

16. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 3-жолда жер телімінің тиісті түріне белгі қойылады.

17. "Бірыңғай жер салығын есептеу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 4-жолда жер заңнамасына сәйкес жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 5-жолда жер телімінің аумағы көрсетіледі;

3) 6-жолда жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген деректер бойынша 1 гектар жердің орташа бағалауы көрсетіледі;

4) 7 және 8-жолдар шаруа (фермер) қожалықтарында қайталама жер пайдалану құқығындағы жер телімдері бойынша толтырылады.

Шаруашылықта қайталама жер пайдалану құқығында болған жер учаскелері бойынша қайталама жер пайдалану туралы шарт туралы мәліметтер көрсетіледі.

18. "Бірыңғай жер салығы" бөлімінде:

1) 921.01.001 жолында жер телімінің бағалау құнын айқындау актісінің дерегіне сәйкес жер телімінің бағалау құны көрсетіледі. Жер телімінің бағалау құнын айқындау актісі болмаған жағдайда, 921.01.001 жолында Салық кодексінің 382-бабына сәйкес аудан бойынша орташа 1 гектар жердің бағалау құнына ескеріп айқындалған, жер телімінің бағалау құны көрсетіледі;

2) 921.01.002 жолында Салық кодексінің 380-бабына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы көрсетіледі;

3) 921.01.003 жолында жекеменшік, тұрақты және (немесе) уақытша бастапқы жер пайдалану құқығында және қайталама жер пайдалану құқығында жер телімдері бойынша салық кезеңінің ішінде жер телімін пайдаланудың (иеленудің) айлар саны көрсетіледі;

4) 921.01.004 жолында бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі. Аталған сома $(921.01.001 \times 921.01.002/12 \times 921.01.003)$ формуласы бойынша жер телімінің бағалау құнына бірыңғай жер салығының ставкасын қолдану жолымен жер телімін иелену (жалдау) кезеңін ескеріп айқындалады.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 920.00, 921.01 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін патент құны есебін жасау ережелері (931.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер телімдерін пайдаланғаны үшін салықтар мен төлемақыларды есептеуге арналған ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін патент құнының Есебін (бұдан әрі - Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті Салық кодексінің 387-бабы 2-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер жасайды.

2. Есеп осы Есептің өзінен және оған қосымшадан (931.01 бастап 931.15 дейінгі нысандар) тұрады.

3. Есеп қағаз тасығышта - қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Есепті толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "x" - көбейту; "=" - тең.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде нысандардың тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Қосымша(лар)да көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда аталған қосымша(лар) берілмейді.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша міндетті тәртіпте толтырылуға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осыған ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

11. Есепті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Есепті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Есепке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Есепті толтыру

8. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Есеп тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

"ЭҚЖЖ" ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағын көрсетіңіз" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу

тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) А жолында - есеп тұрпаты. Есеп тұрпатының тиісті торкөзі белгіленеді (өзгертілген Есеп): есеп; өзгертілген.

В жолында - Декларация түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолдана бастағаннан кейін бірінші рет Есеп табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Есепті табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларация жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл ретте, салық төлеуші, салық агенті "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдасқан) жағдайда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз Хабарлама бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) тапсырылған қосымшалар. Тапсырылған қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

14. "Патент құнының есебі" бөлімінде:

1) 931.00.001 жолда 931.00.002, 931.00.005 және 931.00.006 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын табыс (ҚҚС-сыз жылдық жиынтық табыс) көрсетіледі;

2) 931.00.002 жолда 931.00.003 және 931.00.004 жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын қосылған құн салығы салынатын (бұдан әрі - ҚҚС) тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

3) 931.00.003 жолда 13 пайызға ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі. Сату бойынша айналымдар (931.01 нысаны бойынша

00001O жолы + 931.02 нысаны бойынша қосымша 00001M жолы + 931.03 нысаны бойынша 00001K жолы) формуласы бойынша айқындалады;

4) 931.00.004 жолда нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі. Сату бойынша айналымдар мынадай формула бойынша (931.01 нысаны бойынша қосымшаның 00001P жолы + 931.02 нысаны бойынша қосымшаның 00001 N жолы+ 931.03 нысаны бойынша қосымшаның 00001L жолы) айқындалады;

5) 931.00.005 жолда ҚҚС салынбаған және ҚҚС-тан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетілмейді. Сату бойынша айналымдар мынадай формула бойынша (931.01 нысаны бойынша қосымшаның 00001Q жолы + 931.02 нысаны бойынша қосымшаның 00001O жолы + 931.03 нысаны бойынша қосымшаның 00001M жолы) айқындалады;

6) 931.00.006 жолында 931.14 нысан бойынша қосымшасының 00001I жолынан көшірілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) және жұмысшылардың табыстары бойынша күмәнді міндеттемелер бойынша кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 931.00.007 жолында 931.14 нысаны бойынша қосымшасының 0001F қорытынды жолынан көшірілетін күмәнді міндеттемелер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

8) 931.00.008 жолында (931.00.003 жолы $\times$ 0,13) - 931.00.015 жолы) формуласы бойынша айқындалатын өткізу бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

9) 931.00.009 жолында Салық кодексінің 4-тарауына сәйкес салық салынатын кірістерді айқындау кезінде шегерімге жататын, 931.00.011, 931.00.013 және 931.00.014 жолдарының көрсеткіштерінің сомалары түрінде айқындалатын шығыстар сомасы (салықты есепке алмағанда) көрсетіледі;

10) 931.00.010 жолында ҚҚС салынатын және 931.00.011 және 931.00.012 жолдарының көрсеткіштерінің сомасы түрінде айқындалатын сатып алынған тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер бойынша шығыстары (айналымдар) көрсетіледі;

11) 931.00.011 жолында 13 пайыз ставка бойынша ҚҚС салынатын сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша шығыстар (айналымдар). Шығыстар (айналымдар) (931.04 нысаны бойынша қосымша 00001O жолы + 931.05 нысаны бойынша 00001O жолы + 931.06 нысаны бойынша қосымша 00001O жолы) формуласы бойынша айқындалады;

12) 931.00.012 жолында бойынша ҚҚС салынатын сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер бойынша шығыстар (айналымдар) көрсетіледі.

Шығыстар (айналымдар) (931.04 нысаны бойынша қосымша 00001P жолы + 931.05 нысаны бойынша 00001P жолы + 931.06 нысаны бойынша қосымша 00001P жолы) формуласы бойынша айқындалады;

13) 931.00.013 жолында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС босатылған шығыстар көрсетіледі. Шығыстар (айналымдар) (931.04 нысаны бойынша қосымша 00001Q жолы + 931.05 нысаны бойынша 00001Q жолы + 931.06 нысаны бойынша қосымша 00001Q жолы) формуласы бойынша айқындалады;

14) 931.00.014 жолында 931.14 нысаны бойынша қосымшасының 0001K қорытынды жолынан көшірілген күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

15) 931.00.015 жолында 931.14 нысаны бойынша қосымшасының 0001F қорытынды жолынан көшірілген күмәнді талаптар бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі;

16) 931.00.016 жолында шығыстарға қосылмаған айналымдар бойынша сатып алу бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі (Салық кодексінің 38-тарауына сәйкес есепке жатқызуға қабылданған ҚҚС сомасы);

17) 931.00.017 жолында сатып алу бойынша ҚҚС сомалары көрсетіледі (Салық кодексінің 8-тарауына сәйкес есепке жатқызуға қабылданған ҚҚС сомасы).

Көрсетілетін сома $((931.00.011 \times 0,13 + 931.00.016 - 931.00.007) \times 931.00.031)$ формуласы бойынша айқындалады;

18) 931.00.018 жолы 931.00.008 жолының мәні 931.00.017 жолының мәнінен асып кету жағдайында толтырылады. Бұл ретте 931.00.018 жолында 931.00.006 және 931.00.013 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын төлемге ҚҚС сомасы көрсетіледі;

19) 931.00.019 жолы 931.00.017 жолының мәні 931.00.08 жолының мәнінен асып кету жағдайында толтырылады. Бұл ретте 931.00.019 жолында есепке жатқызылған ҚҚС сомасының (сатып алу бойынша) 931.00.013 және 931.00.006 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын ҚҚС-тың есептелген сомасынан (айналымдар бойынша, өткізу бойынша) асып кету сомасы туралы анықтамалық ақпарат (бюджетпен есеп айырысу сальдосын айқындау кезінде ескерілмейді) көрсетіледі;

20) 931.00.020 жолында $(931.10.018 \times 0,2)$ формуласы бойынша айқындалатын 80 пайызға жеңілдікті ескере отырып төленетін ҚҚС сомасы көрсетіледі;

21) 931.00.021 жолында $(931.07 \text{ нысанының } 00001 \text{ қорытынды жолының көрсеткіші} \times 0,2)$ формуласы бойынша айқындалатын 80 пайызға жеңілдікті ескере отырып төленетін жер салығының сомасы көрсетіледі;

22) 931.00.022 жолында (931.08 нысанының 00001 қорытынды жолының көрсеткіші $\times 0,2$) формуласы бойынша айқындалатын 80 пайызға жеңілдікті ескере отырып төленетін мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

23) 931.00.023 жолында (көлік құралдары салығының жалпы сомасы (931.09 нысаны бойынша 00001 қорытынды жолы көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын 931.09 нысаны бойынша қосымшалардың барлық парақтары) $\times 0,2$) формуласы бойынша айқындалатын 80 пайызға жеңілдікті ескере отырып төленетін көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

24) 931.00.024 жолында (931.10.008С $\times 0,2$) формуласы бойынша айқындалатын 80 пайызға жеңілдікті ескере отырып төленетін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

25) 931.00.025 жолында (жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдердің жалпы сомасы (931.13 нысаны бойынша 931.13.012 жолдарының барлық парақтары сомасының көрсеткіші ретінде айқындалатын) $\times 0,2$) формуласы бойынша айқындалатын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдердің сомасы көрсетіледі;

26) 931.00.026 жолында (931.00.001 - 931.00.009 - 931.00.021 - 931.00.022 - 931.00.023 - 931.00.024 - 931.00.025) формуласы бойынша жолдардың айырмасы ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс сомасы көрсетіледі. Салық салынатын кірісті айқындау кезінде бұрынғы жылдың залалдары ескерілмейді;

27) 931.00.027 жолында 931.00.023 жолы кірістерден шегерімдерге жатқызылатын шығыстардың асуы кезінде толтырылады. Бұл ретте 931.00.027 жолында ((931.00.009 + 931.00.021 + 931.00.022 + 931.00.023 + 931.00.024 + 931.00.025) - 931.00.001) формуласы бойынша жолдардың айырмасы ретінде айқындалатын салық есебі бойынша залал сомасы туралы анықтамалық ақпарат (келесі салық кезеңінде 931.00 нысаны бойынша есепті толтыру кезінде ескерілмейді) көрсетіледі;

28) 931.00.028 жолда 931.00.026 жолының көрсеткішіне салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен айқындалатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

29) 931.00.029 жолда (931.00.026 $\times 0,2$) формуласы бойынша айқындалатын 80 пайызға жеңілдік ескеріле отырып төленетін корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

30) 931.00.030 жолында (931.00.020 + 931.00.021 + 931.00.022 + 931.00.023 + 931.00.024 + 931.00.025 + 931.00.029) жолдарының көрсеткіштерін қосындылау жолымен айқындалатын 931.00 нысаны бойынша есеп бойынша бюджетке төлеуге жататын салықтар сомасы көрсетіледі;

31) 931.00.031 жолында (931.00.002/931.00.001 x 100) формуласы бойынша айқындалатын айналымның жалпы сомасында салық салынатын айналымның үлес салмағы көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің басшының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Есепті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Есепке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Есеп электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) есепті беру күні. Есепті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Есеп тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Есептің салық органында қабылданған күні. Есептің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Есеп пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Есеп қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. 931.01 нысан бойынша қосымшаны толтыру

16. "Кіріс туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес шығарылатын дақылдың коды көрсетіледі:

- 001 - бидай;
- 002 - арпа;
- 003 - күріш;
- 004 - дәнді бұршақты дақылдар;
- 005 - картоп және егілетін материал;
- 006 - қант қызылшасы мен тұқымдар;
- 007 - майлы дақылдар мен тұқымдар;
- 008 - жем дақылдары мен тұқымдар;
- 009 - бақша дақылдары;
- 010 - шикізатты мақта;
- 011 - көкөніс, олардың тұқымдары мен көшеті;
- 012 - гүлдер және гүлді дақылдар;
- 013 - жүзім, жемістер және жидектер, жаңғақтар;
- 014 - дәмдеуіш дақылдар;
- 015 - өзге де өсімдік шаруашылығының дақылдары;
- 016 - жүн;
- 017 - тері;
- 018 - мал шаруашылығы өнімдері;
- 019 - етке жіберілетін құстар, асыл тұқымды құс және төл;
- 020 - жұмыртқа;
- 021 - ара шаруашылығы өнімдері;
- 022 - ет өнімдері;
- 023 - сүт өнімдері;
- 024 - ұн және ұн өнімдері;
- 025 - жемістер мен көкөністерді өңдеу және сүрлеу;
- 026 - басқа өңдеу өнімдері;

3) С бағанының жолдарында әрбір дақыл бойынша егіс көлемі көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында кәсіпорынның әрбір дақыл бойынша орташа шығымдылығы (бастапқы есепті берген кезде - кәсіпорынның соңғы 5 жыл үшін есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында С бағанының жолдары мен D бағанының жолдарының көрсеткіштері ретінде айқындалатын оны тоннаға аудара отырып өнімнің жалпы жиыны көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әрбір түрі бойынша рефакция көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өз мұқтажына пайдаланылатын өнімнің әрбір түрі бойынша көлемі көрсетіледі;

8) Н бағанының жолдарында өз ұқсатуына бағытталған өз өндірісі өнімінің көлемі көрсетіледі;

9) І бағанының жолдарында (Е бағанының жолдары - F бағанының жолдары - G бағанының жолдары - Н бағанының жолдары) формуласы бойынша айқындалатын сатуға жататын ағымдағы жыл өнімінің көлемі көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында ағымдағы кезең басына сатылмаған өз өндірісі өнімінің артық қалғандары көрсетіледі;

11) К бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің соңына артық қалғандар көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында (І бағанының жолы +J бағанының жолы - К бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын сататын өнім көлемі көрсетіледі;

13) М бағанының жолдарында өнімнің әрбір түрін сатудың орташа бағасы (бастапқы есепті тапсырған кезде - кәсіпорынның бұрынғы жыл үшін есеп беру деректері бойынша) көрсетіледі;

14) N бағанында (L бағанының жолы x М бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын өнімді сатудан кіріс сомасы көрсетіледі. Бұл ретте N бағанының жолдар көрсеткіштері О, Р және Q бағандарының тиісті жолдарына сәйкес келетін көрсеткіштер сомасына сәйкес келуі тиіс;

15) О бағанының жолдарында 13 пайыз ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

16) Р бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-тан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі.

17. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

4. 931.02 нысан бойынша қосымшаны толтыру

18. "Кіріс туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанында рет нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес шығарылатын өнімнің коды көрсетіледі;

001 - бидай;

002 - арпа;

003 - күріш;

004 - дәнді бұршақты дақылдар;

- 005 - картоп және егілетін материал;
- 006 - қант қызылшасы мен тұқымдар;
- 007 - майлы дақылдар мен тұқымдар;
- 008 - жем дақылдары мен тұқымдар;
- 009 - бақша дақылдары;
- 010 - шикізатты мақта;
- 011 - көкөніс, олардың тұқымдары мен көшеті;
- 012 - гүлдер және гүлді дақылдар;
- 013 - жүзім, жемістер және жидектер, жаңғақтар;
- 014 - дәмдеуіш дақылдар;
- 015 - өзге де өсімдік шаруашылығының дақылдары;
- 016 - жүн;
- 017 - тері;
- 018 - мал шаруашылығы өнімдері;
- 019 - етке жіберілетін құстар, асыл тұқымды құс және төл;
- 020 - жұмыртқа;
- 021 - ара шаруашылығы өнімдері;
- 022 - ет өнімдері;
- 023 - сүт өнімдері;
- 024 - ұн және ұн өнімдері;
- 025 - жемістер мен көкөністерді өңдеу және сүрлеу;
- 026 - басқа өңдеу өнімдері;

3) С бағанының жолдарында ауыл шаруашылығы малдарының (ара балұясының, құстардың сандары) басы көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өнімнің әрбір түрінің орташа шығуы (бастапқы есепті тапсырған кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылы үшін есеп беру деректері бойынша) көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында С бағаны мен D бағанының жолдар көрсеткіштерінің туындысын тоннаға (мың данаға) аудара отырып айқындалатын өнімнің жалпы шығуының сомасы көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің басына өткізілмеген өнімнің қалдықтары көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өз қажеттіліктеріне пайдаланылатын мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімінің әрбір түрінің көлемі көрсетіледі;

8) H бағанының жолдарында өзі қайта өңдеуге жіберілетін мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімінің көлемі көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің соңына өткізілмеген өнімнің артық қалғандары көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында (E бағанының жолы + F бағанының жолы - G бағанының жолы - H бағанының жолы - I бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын өткізуге жататын өнімнің көлемі көрсетіледі;

11) K бағанының жолдарында кәсіпорынның есеп беру деректері бойынша (бастапқы есепті берген кезде - кәсіпорынның бұрынғы жыл үшін есептілік деректері бойынша) мал шаруашылығы (омарта шаруашылығы, құс шаруашылығы) өнімінің әрбір түрі бойынша 1 тоннасы (1000 данасы) үшін сатудың орташа бағасы көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында (J бағанының жолдары x K бағанының жолдары) формуласы бойынша J және K бағандарының тиісті жолдарының туындысы ретінде айқындалатын өнімді өткізуден кіріс сомасы көрсетіледі. Бұл ретте L бағаны жолдарының көрсеткіштері M, N және O бағандарының тиісті жолдарының көрсеткіштеріне сәйкес келуі тиіс;

13) M бағанының жолдарында 15 пайыз ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

15) O бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-тан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі.

19. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. 931.03 нысан бойынша қосымшаны толтыру

20. "Кіріс туралы ақпарат" бөлімінде:

1) A бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанының жолдарында қоса беріліп отырған тізімге сәйкес өндірілетін өнімдердің коды көрсетіледі;

001 - бидай;

002 - арпа;

003 - күріш;

004 - дәнді бұршақты дақылдар;

005 - картоп және егілетін материал;

006 - қант қызылшасы мен тұқымдар;

007 - майлы дақылдар мен тұқымдар;

008 - жем дақылдары мен тұқымдар;

009 - бақша дақылдары;

010 - шикізатты мақта;

- 011 - көкөніс, олардың тұқымдары мен көшеті;
- 012 - гүлдер және гүлді дақылдар;
- 013 - жүзім, жемістер және жидектер, жаңғақтар;
- 014 - дәмдеуіш дақылдар;
- 015 - өзге де өсімдік шаруашылығының дақылдары;
- 016 - жүн;
- 017 - тері;
- 018 - мал шаруашылығы өнімдері;
- 019 - етке жіберілетін құстар, асыл тұқымды құс және төл;
- 020 - жұмыртқа;
- 021 - ара шаруашылығы өнімдері;
- 022 - ет өнімдері;
- 023 - сүт өнімдері;
- 024 - ұн және ұн өнімдері;
- 025 - жемістер мен көкөністерді өңдеу және сүрлеу;
- 026 - басқа өңдеу өнімдері;

3) С бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің басына өткізілмеген өнімнің артық қалғандары көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өз өндірісінен шығарылатын жалпы өнім көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында одан әрі өз өңдеуіне жіберілетін өнімнің көлемі (мысалы, өндірілген ұнның бір бөлігі макарон өнімдерін өндіруге жіберіледі. Бұл жағдайда ұнның осы көлемі макарон өндірісі үшін шикізат болып табылады);

6) F бағанының жолдарында өзінің шаруашылық қажеттілігіне жұмсау көзделетін өнім көлемі көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында ағымдағы кезеңнің соңына өткізілмеген өнімнің артық қалғандары көрсетіледі;

8) H бағанының жолдарында (C бағанының жолдары + D бағанының жолдары - E бағанының жолдары - F бағанының жолдары - G бағанының жолдары) формуласы бойынша айқындалатын өткізуге жатқызылған өнім көлемі көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында кәсіпорын есептілігінің деректері бойынша (бастапқы есепті табыс еткен кезде - кәсіпорынның өткен жыл үшін есептілік деректері бойынша) өнімнің әр түрі бойынша орташа өткізу бағасы көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында (H бағанының жолы x I бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын H және I бағандарының тиісті көрсеткіштерінің туындысы ретінде айқындалатын өнімді өткізуден кіріс сомасы көрсетіледі;

11) К бағанының жолдарында 15 пайыз ставкасы бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында нөлдік ставкасы бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі;

13) М бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған тауарларды сату бойынша айналымдар көрсетіледі.

21. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

6. 931.04-нысан бойынша қосымшаны толтыру

22. "Өткізілетін тауардың 1 бірлігіне шығындар туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында қоса берілген тізбеге сәйкес өндірілетін дақылдың коды көрсетіледі;

001 - бидай;

002 - арпа;

003 - күріш;

004 - дәнді бұршақты дақылдар;

005 - картоп және егілетін материал;

006 - қант қызылшасы мен тұқымдар;

007 - майлы дақылдар мен тұқымдар;

008 - жем дақылдары мен тұқымдар;

009 - бақша дақылдары;

010 - шикізатты мақта;

011 - көкөніс, олардың тұқымдары мен көшеті;

012 - гүлдер және гүлді дақылдар;

013 - жүзім, жемістер және жидектер, жаңғақтар;

014 - дәмдеуіш дақылдар;

015 - өзге де өсімдік шаруашылығының дақылдары;

016 - жүн;

017 - тері;

018 - мал шаруашылығы өнімдері;

019 - етке жіберілетін құстар, асыл тұқымды құс және төл;

020 - жұмыртқа;

021 - ара шаруашылығы өнімдері;

022 - ет өнімдері;

023 - сүт өнімдері;

024 - ұн және ұн өнімдері;

025 - жемістер мен көкөністерді өңдеу және сүрлеу;

026 - басқа өңдеу өнімдері;

3) С бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігіне пайдаланылатын тұқымдар сатып алу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша жұмсалған тұқым салмақтық көрсеткіште ескеріледі);

4) D бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне жанар-жағармай материалдарын (бұдан әрі - ЖЖМ) сатып алуға жұмсалатын шығын сомасы көрсетіледі (бастапқы есеп беру кезінде соңғы 5 жыл үшін кәсіпорын есептілігінің деректері бойынша жұмсалған ЖЖМ көлемі ескеріледі);

5) E бағанының жолдарында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне пайдаланылатын тұқымдар сатып алу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне пайдаланылатын минералды тыңайтқыш бойынша шығындар сомасы көрсетіледі (бастапқы есепті берген кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша жұмсалған минералды тыңайтқыштардың салмақ көлемі ескеріледі);

7) G бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне пайдаланылатын электр қуаты бойынша шығындар сомасы көрсетіледі. Бастапқы есепті берген кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша аталған соманы айқындау үшін жұмсалған электр қуатының көлемі қолданылады;

8) H бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне ескіріп-тозу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне еңбекақыға жұмсалатын шығынының (шығысының) сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне салық төлеушіге басқа ұйымдар көрсететін

көлік қызметтері бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

11) К бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне кәсіпорынның басқа да шығындарының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында өсірілетін дақылдардың әр түрі бойынша өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебіне С, D, E, F, G, H, I, J және К бағандарының тиісті жолдарын жинақтаумен айқындалатын барлық шығындарының жиынтық сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі. Бұл жағдайда өнім өндіруге жұмсалатын шығындар бабына енгізілген шығындар оны одан әрі өңдеуге жұмсалатын шығындар бабына қосылмайды;

13) М бағанының жолдарында сатылатын өнімнің көлемі көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында L бағанының жолдарын М бағанының жолдарында көбейту формуласы бойынша айқындайтын, өсімдік шаруашылығының барлық өнімдеріне жұмсалатын шығынның сомасы көрсетіледі;

15) О бағанының жолдарында 15 пайызға ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) сатып алу бойынша айналым көрсетіледі;

16) Р бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды сату бойынша шығындар (айналымдар) көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған тауарларды сату бойынша айналым көрсетіледі.

23. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

7. 931.05-нысан бойынша қосымшаны толтыру

24. "Өткізілетін өнімнің 1 бірлігіне шығындар туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында қоса берілген өндірілетін өнімдердің коды көрсетіледі:

001 - бидай;

002 - арпа;

003 - күріш;

004 - дәнді бұршақты дақылдар;

- 005 - картоп және егілетін материал;
- 006 - қант қызылшасы мен тұқымдар;
- 007 - майлы дақылдар мен тұқымдар;
- 008 - жем дақылдары мен тұқымдар;
- 009 - бақша дақылдары;
- 010 - шикізатты мақта;
- 011 - көкөніс, олардың тұқымдары мен көшеті;
- 012 - гүлдер және гүлді дақылдар;
- 013 - жүзім, жемістер және жидектер, жаңғақтар;
- 014 - дәмдеуіш дақылдар;
- 015 - өзге де өсімдік шаруашылығының дақылдары;
- 016 - жүн;
- 017 - тері;
- 018 - мал шаруашылығы өнімдері;
- 019 - етке жіберілетін құстар, асыл тұқымды құс және төл;
- 020 - жұмыртқа;
- 021 - ара шаруашылығы өнімдері;
- 022 - ет өнімдері;
- 023 - сүт өнімдері;
- 024 - ұн және ұн өнімдері;
- 025 - жемістер мен көкөністерді өңдеу және сүрлеу;
- 026 - басқа өңдеу өнімдері;

3) С бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі үшін жем-шөпке жұмсалатын шығындар сомасы көрсетіледі (бастапқы есепті берген кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша жем-шөп шығындары салмақтық көрсеткіште ескеріледі);

4) D бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде ЖЖМ-ге жұмсалатын шығындар сомасы көрсетіледі (бастапқы есеп беру кезінде кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша жұмсалған ЖЖМ көлемі ескеріледі);

5) E бағанының жолдарында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде негізгі құралдарды жөндеуге кететін шығынының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде мал дәрігерлік препараттар сатып алуға кететін шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде электр қуатына кететін шығындар сомасы көрсетіледі (бастапқы есепті берген кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша жұмсалған электр қуатының көлемі ескеріледі);

8) H бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде ескіріп-тозу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде жұмыс берушінің еңбекақы шығындарының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде салық төлеушінің сырт ұйымдардан көлік қызмет көрсету бойынша шығынының сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

11) K бағанының жолдарында өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде басқа да шығындардың сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында C, D, E, F, G, H, I, J, K бағандарының жолдарын жинақтаумен айқындалатын өткізілетін тауардың 1 бірлігі есебінде шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда өнім өндіруге жұмсалатын шығындар бабына енгізілген шығындар оны одан әрі өндеуге жұмсалатын шығындар бабына қосылмайды;

13) M бағанының жолдарында өнімнің әр түрінің саны көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында L бағанының жолдарын M бағанының жолдарында көбейту формуласы бойынша айқындалатын, барлық өткізілетін өнімдерді өндіруге жұмсалатын шығындар сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда N бағаны жолдарының сомасы O, P және Q бағандары жолдарының сомасымен сәйкес келуі тиіс;

15) O бағанының жолдарында 13 пайызға ставка бойынша ҚҚС салынатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсету) сатып алу бойынша айналым көрсетіледі;

16) P бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарларды сату бойынша айналым көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған тауарларды сату бойынша айналым көрсетіледі.

25. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

8. 931.06-нысаны бойынша қосымшаны толтыру

26. "Өткізілетін өнімнің 1 бірлігіне шығындар туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында қоса берілген тізімге сәйкес өндірілетін өнімдердің коды көрсетіледі:

001 - бидай;

002 - арпа;

003 - күріш;

004 - дәнді бұршақты дақылдар;

005 - картоп және егілетін материал;

006 - қант қызылшасы мен тұқымдар;

007 - майлы дақылдар мен тұқымдар;

008 - жем дақылдары мен тұқымдар;

009 - бақша дақылдары;

010 - шикізатты мақта;

011 - көкөніс, олардың тұқымдары мен көшеті;

012 - гүлдер және гүлді дақылдар;

013 - жүзім, жемістер және жидектер, жаңғақтар;

014 - дәмдеуіш дақылдар;

015 - өзге де өсімдік шаруашылығының дақылдары;

016 - жүн;

017 - тері;

018 - мал шаруашылығы өнімдері;

019 - етке жіберілетін құстар, асыл тұқымды құс және төл;

020 - жұмыртқа;

021 - ара шаруашылығы өнімдері;

022 - ет өнімдері;

023 - сүт өнімдері;

024 - ұн және ұн өнімдері;

025 - жемістер мен көкөністерді өңдеу және сүрлеу;

026 - басқа өңдеу өнімдері;

3) С бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде шикізаттар мен материалдар алуға жұмсалатын шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде ЖЖМ-ге жұмсалатын шығындар сомасы көрсетіледі (бастапқы есепті берген

кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша жұмсалған ЖЖМ көлемі ескеріледі);

5) Е бағанының жолдарында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде негізгі құралдарды жөндеуге кететін шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде үй-жайларды, жабдықтарды және т.б. жалға алуға кететін шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

7) G бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде электр қуатына кететін шығындар сомасы көрсетіледі (бастапқы есепті берген кезде кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша жұмсалған электр қуатының көлемі ескеріледі);

8) H бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде ескіріп-тозу бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

9) I бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде жұмыс берушінің еңбекақы шығынының (шығысының) сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

10) J бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде салық төлеушіге басқа ұйымдар көрсететін көлік қызметтері бойынша шығындар сомасы (бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

11) K бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде басқа да шығындардың сомасы бастапқы есепті берген ретте - кәсіпорынның соңғы 5 жылдағы есептілік деректері бойынша) көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында C, D, E, F, G, H, I, J және K бағандарының жолдарын жинақтаумен айқындалатын, өткізілетін қайта өңдеу өнімінің бірлігі есебінде шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда өнім өндіруге жұмсалатын шығындар бабына енгізілген шығындар оны одан әрі өндеуге жұмсалатын шығындар бабына қосылмайды;

13) M бағанының жолдарында өткізілетін қайта өңдеу өнімдердің жалпы көлемі көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында L және M бағандарының тиісті жолдарын көбейту бойынша айқындалатын, барлық өткізілетін өнімді өндіруге жұмсалатын шығынның сомасы көрсетіледі. Бұл жағдайда N бағаны жолдарының сомасы O, P және Q бағандары жолдарының сомасымен сәйкес келуі тиіс;

15) О бағанының жолдарында 13 пайызға ставка бойынша ҚҚС салынатын шығындар (айналым) көрсетіледі;

16) Р бағанының жолдарында нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынатын шығындар (айналым) көрсетіледі;

17) Q бағанының жолдарында ҚҚС салынбайтын және ҚҚС-нан босатылған шығындар (айналым) көрсетіледі.

27. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

9. 931.07 нысан бойынша қосымшаны толтыру

28. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) парақтар жалпы саны. Қосымша парақтарының жалпы саны көрсетіледі;

2) жер телімінің санаты. Жер заңдарына сәйкес жер телімінің тиісті санатының торкөзі белгіленеді;

3) аудан өлшемі. Жер телімі ауданының тиісті өлшемінің торкөзі көрсетіледі.

29. "Жер салығы бойынша ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағаны 4F жолы толтырылған жағдайда ғана толтырылады.

В бағанының жолдарында қоса берілген тізбеге сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің коды көрсетіледі:

001 - егістік;

002 - тыңайған жер;

003 - көпжылдық екпелер;

004 - шабындықтар;

005 - жайылым;

3) С бағанының жолдарында жер телімдерінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында жер телімдерінің ауданы (га., қажет жағдайда шаршы метр) көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында тиісті бонитет баллы көрсетіледі;

6) F бағанының жолдарында Салық кодексінің 329-бабына сәйкес жер салығының ставкасы көрсетіледі;

7) G бағанының 00001 жолында 931.07 нысаны бойынша қосымша парақтарының 00002 жолдары көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын есептелген жер салығының жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл ретте осы сома 931.07 нысаны бойынша қосымшаның бірінші парағында ғана көрсетіледі;

8) G бағанының 00002 жолында 931.07 нысаны бойынша қосымша парақтарының 00002 жолдары көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалатын

есептелген жер салығының жалпы жиынтық сомасы көрсетіледі. Бұл ретте осы сома 931.07 нысаны бойынша қосымшаның бірінші парағында ғана көрсетіледі;

9) G бағанының 00002 жолында жер телімдерінің тиісті санаттары бойынша есептелген жер салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. Жер телімінің бір санаты бойынша бірнеше парақ толтырылған жағдайда, жер салығының сомасы 931.07 нысаны бойынша қосымшада жер телімінің тиісті санаты бойынша парақтардың бірінде ғана көрсетіледі.

30. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

10. 931.08-нысан бойынша қосымшаны толтыру

31. "Мүлік салығы бойынша ақпарат" бөлімінде:

1) A бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;
2) B бағанының жолдарында негізгі құралдар мен материалдық емес активтер тізімі көрсетіледі;

3) C бағанының жолдарында негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің жыл басындағы қалдық құны көрсетіледі;

4) D бағанының жолдарында Салық кодексінің 355-бабына сәйкес мүлік салығының ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанының жолдарында C және D бағандарының тиісті жолдарының көрсеткіштерін көбейтумен анықтайтын мүлік салығын есептеу сомасы көрсетіледі;

6) E бағанының 0001 жолдарында есептелген мүлік салығының жалпы жиынтық сомасы көрсетіледі.

32. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

11. 931.09-нысан бойынша қосымшаны толтыру

33. "Көлік құралдарына салынатын салық" бөлімінде:

1) A бағанының жолдарында реттік нөмірі көрсетіледі;
2) B бағанының жолдарында қоса берілген тізбеге сәйкес көлік құралдарының (КҚ) коды көрсетіледі:

1 - жеңіл автомобильдер;

2 - жүк таситын арнаулы автомобильдер;

3 - өздігінен жүретін машиналар мен механизмдер;

4 - автобустар;

- 5 - мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, көлемі шағын кемелер;
- 6 - катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар;
- 7 - ұшу аппараттары;
- 3) С бағанының жолдарында көлік құралының түрі, маркасы мен моделі көрсетіледі;
- 4) D бағанының жолдарында көлік құралының шыққан жылы көрсетіледі;
- 5) E бағанының жолдарында көлік құралдарының саны көрсетіледі;
- 6) F бағанының жолдарында көлік құралдарының салығы салынатын объекті (тонна, куб. см., отырғызу орындары, ат күшімен өлшенетін қуаты, киловаттпен өлшенетін қуаты) көрсетіледі;
- 7) G бағанының жолдарында Салық кодексінің 347-бабы 2-тармағына сәйкес жеңіл автомобильдердің қозғалтқыштары көлемінің асып кетуі көрсетіледі;
- 8) H бағанының жолдарында салық кезеңі ішінде көлік құралына меншік құқтарын өткізудің нақты кезеңі (ай саны) көрсетіледі;
- 9) I бағанының жолдарында Салық кодексінің 347-бабы 1-тармағына сәйкес көлік құралдарына салық ставкасы көрсетіледі;
- 10) J бағанының жолдарында жеңіл автомобильдер бойынша 931.09.007+ 931.09.005 x 7 ретінде, басқа көлік құралдары мен ұшу аппараттары үшін 931.09.007 жолында көрсетілген сома ретінде айқындалатын салық сомасы көрсетіледі;
- 11) K бағанының жолдарында Салық кодексінің 347-бабының 3, 4, 5, 7-тармақтарында белгіленген тиісті түзету коэффициенті көрсетіледі;
- 12) L бағанының жолдарында J бағаны мен K бағанының жолдарының көрсеткіштерін көбейту бойынша айқындалатын есепті салық кезеңі үшін салық сомасы, түзету коэффициентін ескере отырып, көрсетіледі;
- 13) M бағанының жолдарында (L бағанының жолы/12 x H бағанының жолы) формуласы бойынша айқындалатын нақты иелену кезеңі үшін салық сомасы көрсетіледі. Егер нақты иелену уақыты 12 айды құраса, L бағанының жолында көрсетілген сома M бағанының жолына көшіріледі;
- 14) N бағанының жолдарында E бағаны мен M бағанының жолдарының көрсеткіштерінің туындысы бойынша айқындалатын көлік құралдарының санын ескере отырып, көрсетіледі.
- 15) N бағанының 00001 жолында есептелген көлік құралдарына салықтың жалпы жиынтық сомасы көрсетіледі.

34. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

12. 931.10-нысан бойынша қосымшаны толтыру

35. "Әлеуметтік салық" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық қызметкер жұмысын атқаратын шет елдік мамандар бойынша мәліметтер толтырылады;

931.10.001А жолында өткен жылғы 1 жұмысшының орташа еңбекақысы көрсетіледі;

931.10.002А жолында 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынбайтын кірісі көрсетіледі;

931.10.003А жолында 931.10.001А және 931.10.002А жолдарының айырмасы түрінде айқындалатын 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.004А жолында Салық кодексінің 317-бабына сәйкес есептелген 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.005А жолында ағымдағы жылға мәлімделген жұмысшылардың саны көрсетіледі;

931.10.006А жолында 931.10.004А және 931.10.005А жолдарының туындысы бойынша айқындалатын әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

Өзгертілген есепті табыс еткен кезде әлеуметтік салықтың нақты есептелген сомасы көрсетілген 931.10.006А жолы ғана көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық қызметкер жұмысын атқаратын шет елдік мамандардан басқа барлық жұмыс істеушілер бойынша көрсеткіштер толтырылады;

931.10.001В жолында өткен жыл үшін 1 жұмысшының орташа еңбекақысы көрсетіледі;

931.10.002В жолында 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынбайтын кірісі көрсетіледі;

931.10.003В жолында 931.10.001В және 931.10.002В жолдары көрсеткіштерінің айырмасы ретінде айқындалатын, 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынатын кірісі көрсетіледі;

931.10.004В жолында Салық кодексінің 317-бабына сәйкес есептелген 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.005В жолында ағымдағы жылға мәлімделген жұмысшылардың саны көрсетіледі;

931.10.006В жолында Салық кодексінің 317-бабына сәйкес әлеуметтік салықтың ставкасы көрсетіледі;

931.10.007В жолында 931.10.004В және 931.10.005В жолдарының туындысымен айқындалатын әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі.

Өзгертілген есепті табыс еткен кезде әлеуметтік салықтың нақты есептелген сомасы көрсетілген 931.10.006В жолы ғана көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында әкімшілік-басқару, инженерлік-техникалық қызметкер жұмысын атқаратын шет елдік мамандарды қоса, барлық жұмыс істеушілер бойынша көрсеткіштер толтырылады;

931.10.001С жолында 931.10.001А және 931.10.001В жолдарының көрсеткіштері түрінде айқындалатын өткен жыл үшін 1 жұмысшының орташа еңбекақысы көрсетіледі;

931.10.003С жолында 931.10.001А жолы мен 931.10.001В жолдарының көрсеткіштері түрінде айқындалатын 1 жұмысшының әлеуметтік салық салынатын кірісі көрсетіледі;

931.10.004С жолында 931.10.004А және 931.10.004В жолдарының көрсеткіштерінің сомасы түрінде айқындалатын Салық кодексінің 317-бабына сәйкес есептелген 1 жұмысшыға әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.10.005С жолында 931.10.005А және 931.10.005В жолдары көрсеткіштерінің сомасы түрінде айқындалатын, ағымдағы жылға жұмысшылардың мәлімделген саны көрсетіледі.

Өзгертілген есепті табыс еткен кезде 931.10.006С жолы ғана толтырылады.

931.10.007 жолында 201.00 нысан бойынша 201.00.010D жолынан көшірілген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

931.10.008С жолында 931.10.006С - 931.10.007С формуласы бойынша айқындалатын төленетін әлеуметтік салық көрсетіледі.

36. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

13. 931.11-нысан бойынша қосымшаны толтыру

37. "Мерзім бойынша патент құнын үлестіру" бөлімінде:

1) 931.11.001 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын ҚҚС сомалары көрсетіледі;

931.11.001А жолында Есептің 931.00.020 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.11.001В жолында Есептің 931.00.020 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.11.001С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.11.001А - 931.11.001В - Есептің 931.00.020 жолы) формуласымен айқындалатын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

2) 931.11.002 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес төлем мерзімдері бойынша бөле отырып, соның ішінде 80 пайызға жеңілдікті ескере отырып

бюджет жіктемесінің тиісті кодтарына бөле отырып төленуге жататын жер салығының сомалары көрсетіледі.

931.11.002А жолында Есептің 931.00.021 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын жер салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.002В жолында Есептің 931.00.021 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын жер салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.002С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (931.00 - 931.11.002А - 931.11.002В - Есептің 931.00.021 жолы) формуласымен айқындалатын жер салығының сомасы көрсетіледі.

Бюджет жіктемесінің тиісті кодтарына бөлуге (931.07 нысаны бойынша қосымшаның 00002 жиынтық жолының көрсеткіші (жер телімінің әр санаты бойынша) $\times 0,2$) формуласы бойынша айқындалатын жер салығының сомасы жатады.

"БЖК 104303" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4D жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104304" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4А жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104305" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4В жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104306" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4Е жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104307" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4F жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

"БЖК 104308" жолы 931.07 нысаны бойынша қосымшаның 4С жолында белгі бар болған жағдайда толтырылады;

3) 931.11.003 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын мүлік салығының сомалары көрсетіледі;

931.11.003А жолында Есептің 931.00.022 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.003В жолында Есептің 931.00.022 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.003С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (Есептің 931.00.022 жолы - 931.11.003А - 931.11.003В) формуласымен айқындалатын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

4) 931.11.004 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары бюджетке төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын көлік құралдары салығының сомалары көрсетіледі;

931.11.004А жолында Есептің 931.00.023 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.004В жолында Есептің 931.00.023 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.004С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (Есептің 931.00.023 жолы - 931.11.004А - 931.11.004В) формуласымен айқындалатын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

5) 931.11.005 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес бюджетке сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп төленуге жататын әлеуметтік салық сомалары көрсетіледі;

931.11.005А жолында Есептің 931.00.024 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.11.005В жолында Есептің 931.00.024 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.11.005С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (Есептің 931.00.024 жолы - 931.11.005А - 931.11.005В) формуласымен айқындалатын әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

6) 931.11.006 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп бюджетке төленуге жататын корпорациялық табыс салығының сомалары көрсетіледі;

931.11.006А жолында Есептің 931.00.029 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.006В жолында Есептің 931.00.029 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.11.006С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (Есептің 931.00.029 жолы - 931.11.006А - 931.11.006В) формуласымен айқындалатын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 931.11.007 жолында Салық кодексінің 389-бабына сәйкес сомалары төлем мерзімдері бойынша бөлініп бюджетке төленуге жататын жер телімін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

931.11.007А жолында Есептің 931.00.025 жолының 1/6 бөлігі мөлшерінде 20 мамырдан кешіктірмей төлеуге жататын жер телімін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

931.11.007В жолында Есептің 931.00.025 жолының 1/2 бөлігі мөлшерінде 20 қазаннан кешіктірмей төлеуге жататын жер телімін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

931.11.007С жолында келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеуге және (Есептің 931.00.025 жолы - 931.11.007А - 931.11.007В) формуласымен айқындалатын жер телімін пайдаланғаны үшін төлемдер көрсетіледі.

38. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

14. 931.12-нысан бойынша қосымшаны толтыру

39. "Мерзім бойынша патент құнын үлестіру" бөлімінде:

1) А бағанының жолдарында өзгертілген есепке сәйкес бюджетке төлеуге жататын салықтар сомалары көрсетіледі;

931.12.001А жолында өзгертілген Есептің 931.00.020 жолынан көшірілетін ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.12.002А жолында өзгертілген Есептің 931.00.021 жолынан көшірілетін жер салығының сомасы көрсетіледі, соның ішінде 80 пайызға жеңілдікті ескере отырып бюджет жіктемесінің тиісті кодтарына бөле отырып төленуге жататын жер салығының сомалары көрсетіледі;

931.12.003А жолында өзгертілген Есептің 931.00.022 жолынан көшірілетін мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.004А жолында өзгертілген Есептің 931.00.023 жолынан көшірілетін көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.005А жолында өзгертілген Есептің 931.00.024 жолынан көшірілетін әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.12.006А жолында өзгертілген есептің 931.00.029 жолынан көшірілетін корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.007А жолында өзгертілген есептің 931.00.025 жолынан көшірілетін жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі;

2) В бағанының жолдарында Есепке сәйкес алғашқы екі мерзім бойынша нақты есептелген салықтар сомалары көрсетіледі;

931.12.001В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.12.002В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген жер салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.003В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.004В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.005В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.12.006В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.007В жолында төлеу мерзімдері 20 мамыр және 20 қазан болатын нақты есептелген жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі;

3) С бағанының жолдарында А және В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, келесі салық кезеңінің 20 наурызына дейінгі мерзімде төлеуге жататын салықтар сомалары көрсетіледі;

931.12.001С жолында 931.12.001А және 931.12.001В бағаналарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын ҚҚС сомасы көрсетіледі;

931.12.002С жолында 931.12.002А және 931.12.002В бағаналарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын жер салығының сомасы көрсетіледі;

С бағанының 931.12.003 жолында 931.12.003А және 931.12.003В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын мүлік салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.004С жолында 931.12.004А және 931.12.004В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын көлік құралдары салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.005С жолында 931.12.005А және 931.12.005В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

931.12.006С жолында 931.12.006А және 931.12.006В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын корпорациялық табыс салығының сомасы көрсетіледі;

931.12.007С жолында 931.12.007А және 931.12.007В бағандарының тиісті жолдары көрсеткіштерінің айырмасы түрінде айқындалатын, 20 наурызға дейінгі мерзімде төлеуге жататын жер телімін пайдаланғаны үшін төлем сомасы көрсетіледі.

40. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

15. 931.13 нысан бойынша қосымшаны толтыру

41. "Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) парақтардың жалпы саны. Қосымша парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

42. "Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемді есептеу үшін мәлімет" бөлімінде:

1) Жалдау шартының күні. Жер телімін жалдау шартын жасасу күні көрсетіледі;

2) Жалдау шартының нөмірі. Жер телімін жалдау шартының нөмірі көрсетіледі;

3) Жалдау шартының мерзімі. Жер телімін жалдау шартының мерзімі көрсетіледі;

4) жер телімінің орналасқан жері. Облыс, қала, аудан, кент немесе ауыл, көше (даңғыл, бульвар, тұйық көше) атауларын қоса алғанда, жер телімінің орналасқан жері көрсетіледі;

5) жер телімінің санаты. Жер заңнамасына сәйкес жер телімінің тиісті санатының торкөзі белгіленеді;

6) кадастрлік нөмірі. Жер заңдарына сәйкес жер телімінің кадастрлік нөмірі көрсетіледі;

7) бонитет баллы. Бонитет баллы көрсетіледі;

8) жер телімін жалға беру айларының саны. Есепті салық кезеңінде жер телімін жалға беру айларының саны көрсетіледі;

9) өлшем бірлігі. Тиісті өлшем бірлігінің торкөзі белгіленеді;

10) жер телімінің аумағы. Гектардағы (шаршы метр) жер телімінің аумағы көрсетіледі;

11) төлем ставкасы. Жер телімінің аумағы үшін 1 гектарға (шаршы метрге) жер телімін пайдаланғаны үшін төлем ставкасының мөлшері көрсетіледі;

12) төлемдер сомасы. $(931.13.010 \times 931.13.01)/12 \times 931.31.008$ формуласы бойынша есепті салық кезеңінде жер телімін пайдалану үшін төлем ставкасы негізінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасы көрсетіледі.

43. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

16. 931.14 нысан бойынша қосымшаны толтыру

44. "Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша және жұмысшылардың табыстары бойынша күмәнді міндеттемелер" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық төлеуші-кредитордың тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 3) С бағанында өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша жеткізуші-кредитор құжатының (шот-фактуралардың, орындалған жұмыс актісінің және басқалардың) нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында ҚҚС-сыз кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында кредиторлық берешек туындаған кезде қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында Е бағанында көрсетілген ставканы негізге ала отырып, есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған жұмысшылардың табыстары бойынша кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында салық төлеуші күмәнді деп таныған міндетті зейнетақы жарналары бойынша кредиторлық берешек сомасы;
- 9) I бағанының жолында (00001D жолы + 00001G жолы + 00001H жолы) формуласы бойынша айқындалатын күмәнді міндеттемелердің жалпы сомасы көрсетіледі.

45. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

17. 931.15 нысан бойынша қосымшаны толтыру

46. "Күмәнді талаптар" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында салық төлеушіге берешек үш жыл ішінде өтелмеген, тауарлар сатылған, жұмыстар орындалған, қызмет көрсетілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 3) С бағанында салық төлеушіде бар дебиторлық берешек бойынша құжат (шот-фактура) күні мен нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында ҚҚС-сыз тауарларды өткізу (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
- 5) Е бағанында дебиторлық берешек туындалған кезде қолданылатын қосылған құн салығының ставкасы көрсетіледі;
- 6) F бағанында Е бағанында көрсетілген ставка негізінде есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

47. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 931.00-931.15 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар
үшін арнаулы салық режимін қолдану құқығына патент
алуға өтініш жасау ережелері
(932.00-нысан)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнаулы салық режимін қолдану құқығына патент алуға арналған Заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолдану құқығына патент алуға өтініш (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 387-бабы 1-тармағына сәйкес заңды тұлғалар жасайды.

2. Өтінішті қағаз тасығышта - қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге берілмейді.

4. Көрсеткіштер жоқ болған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Өтінішті беру кезінде:

1) қағаз тасығышта келу тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) тапсырысты хатпен хабарлама арқылы почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

6. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Өтінішті толтыру

7. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Өтініш ұсынылатын есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Өтінішті тапсыру үшін күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады;

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) өтініш түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71-баптарына сәйкес белгіленеді. Өтініш түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Өтініш ағымдағы жылы бірінші рет беріліп отырған болса белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Өтінішті жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Өтініш табыс етілген жағдайда толтырылады:

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

7) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеушісі" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі.

8. "Патент алу үшін мәліметтер" бөлімінде:

- 1) 932.00.001 жолда қызметтің түрінің тиісті белгісі қойылады;
- 2) 932.00.002 жолда мәлімделетін қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі;
- 3) 932.00.003 жолда тиесілі жер телімінің аумағы көрсетіледі:
932.00.003А жолда егіс алаңы көрсетіледі;
932.00.003В жолда шабындық көрсетіледі;
932.00.003С жолда жайылым көрсетіледі;
932.00.003D жолда басқа да жерлер көрсетіледі;

4) 932.00.004 жолда ағымдағы салық кезеңінде болжанған түсімнің сомасы көрсетіледі;

5) 932.00.005 жолда ағымдағы салық кезеңінде болжанған шығын сомасы көрсетіледі;

6) 932.00.006 жолда ағымдағы салық кезеңінде шот-фактура бланкілерінің саны көрсетіледі;

7) 932.00.007 жолда пайдаланылмаған шот-фактура бланкілері туралы мәлімет көрсетіледі:

932.00.007А жолда пайдаланылмаған шот-фактура бланкілерінің саны көрсетіледі;

932.00.007В жолда пайдаланылмаған шот-фактура бланкілері бойынша ҚҚС сомасы көрсетіледі.

9. "Салық төлеуші туралы қосымша ақпарат" бөлімінде:

1) 932.00.008 жолда қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы мәлімет көрсетіледі:

932.00.008А жолда куәліктің сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

932.00.009В жолда есепке қою күні көрсетіледі;

2) 932.00.009 жолда салық кезеңнің басына өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімінің өткізілмей қалғандары және оны қайта өңдеу өнімдерінің артық қалғандары туралы белгі қойылады.

10. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің басшысының аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Есепті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Өтінішке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) өтінішті беру күні. Өтінішті берудің ағымдағы күні көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады. _____

РҚАО-ның ескертуі: 932.00 графикалық нысаны Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

**Тіркелген жиынтық салық пен акциз бойынша бірыңғай
оңайлатылған декларацияны жасау ережелері**

(940.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және тіркелген жиынтық салықты есептеуге арналған Тіркелген жиынтық салық бойынша бірыңғай оңайлатылған декларацияны (бұдан әрі - Декларация) жасаудың тәртібін көздейді. Декларацияны Салық кодексінің 396-бабы 2-тармағына сәйкес жекелеген қызмет түрлері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер жасайды.

2. Декларация осы Декларацияның өзінен және оған қосымшадан (940.01 нысан) тұрады.

3. Декларация қағаз тасығышта - қара немесе көк сия қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

4. Осы ережелерде мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" - қосу; "-" - алу; "х" - көбейту; "/" - бөлу.

5. Тиісті торкөздерінің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.

6. Қосымшада көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда қосымша толтырылмайды.

7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша толтырылуға жатады.

8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осыған ұқсас парағы толтырылады.

9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.

10. Сомалардың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзіне "-" белгісімен белгіленеді.

11. Декларацияны беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.

12. Декларацияға Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Декларацияны толтыру

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) салық кезеңі - Декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі). Декларация тапсыру үшін күнтізбелік ай есепті салық кезеңі болып табылады;

3) салық төлеушінің аты-жөні.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, егер бар болған жағдайда жеке кәсіпкердің фирмалық атауы немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес);

5) валюта коды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 219 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2355 болып тіркелген) бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау ережесіне 10 "Кедендік ресімдеу мақсаттары үшін пайдаланылатын валюталардың жіктеуіші" қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі;

6) декларация түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69-71 -баптарына сәйкес белгіленеді. Декларация түріне қарай тиісті торкөздер белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Декларация жекелеген қызмет түрлеріне арналған арнайы салық режимін қолдана бастағаннан кейін бірінші рет табыс етілсе белгіленеді.

"Кезекті" торкөзі кейінгі Декларацияны табыс еткен кезде белгіленеді.

"Қосымша" осы өзгерістер мен толықтырулар жататын салық кезеңі үшін қосымша Декларацияны жасаған кезде белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі егер салық төлеуші оның негізінде бұрын табыс етілген Декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілген Салық кодексінің 31-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салық қызметі органдарының салық міндеттемелерін орындау жөніндегі хабарламасын алған болса, белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеуші "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" торкөздерін бірге белгілейді.

"Тарату" торкөзі салық төлеуші таратылған (қайта ұйымдастырылған), кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан жағдайларда белгіленеді;

7) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөз хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс етілген жағдайда толтырылады;

А жолында - нөмірі;

В жолында - күні;

8) қосымша парақтарының саны. Ұсынылған қосымша парақтарының саны көрсетіледі.

14. "Тіркелген жиынтық салық" бөлімінде:

1) 940.00.001-жолында есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс, қосымшаның 940.01.01-жолының көрсеткіштерін жиынтықтау арқылы айқындалатын тіркелген жиынтық салық сомасы көрсетіледі;

2) 940.00.002-жолында есепті салық кезеңі үшін тіркелген жиынтық салық есептелген мөлшерінен төленуге тиіс 70 пайызға құрайтын және $(940.00.001 \times 0,7)$ формуласы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) 940.00.003-жолында тіркелген жиынтық салық есептелген мөлшерінен төленуге тиіс 30 пайызға құрайтын және $(940.00.001 \times 0,3)$ формуласы бойынша корпорациялық (жеке) табыс салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Декларацияны толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Декларацияны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Декларацияға салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Декларация электронды түрде

жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) декларацияны беру күні. Декларацияны берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Декларация тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Декларацияның салық органында қабылданған күні. Декларацияның салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Декларация пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Декларация қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Қосымшаны толтыру

16. "Тіркелген жиынтық салық" бөлімінде:

1) 3-жолда салық кезеңінде салық салу объектісінің бар екендігі туралы белгі соғылады.

940.01 нысан бойынша қосымшаның жеке парағы жасалады:

3А жолына тиісті белгімен толық салық кезеңіне тіркелген жиынтық салық бойынша салық салу объектісі болып табылатын объектілер бойынша;

3В жолына тиісті белгімен салық кезеңінің 15-ші күнінен кейін енгізілген тіркелген жиынтық салық бойынша салық салу объектісі болып табылатын объектілер бойынша;

3С жолына тиісті белгімен салық кезеңінің 15-ші күніне дейін шығарылған тіркелген жиынтық салық бойынша салық салу объектісі болып табылатын объектілер бойынша;

15-ші күннен кейін енгізілген және салық кезеңінің 15-ші күніне дейін шығарылған объектілер бойынша 940.01 нысан бойынша қосымшаларды жасау

кезінде осы салық салу объектісіне сәйкес келетін тіркелген жиынтық салық ставкасының мөлшерінен 50 пайыз мөлшерінде айқындалатын тіркелген жиынтық салық сомасы көрсетіледі;

2) 940.01.001С жолында 940.01.002С-тан 940.01.007С жолдарының көрсеткіштерін жинақтаумен айқындалатын, есепті салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс тіркелген жиынтық салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 940.01.002 жолда тіркелген жиынтық салықтың салық салынатын объектілері болып табылатын бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыстары бар ойын автоматтары бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.002А жолда бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыстары бар ойын автоматтарының - салық салу объектілерінің саны көрсетіледі;

940.01.002В жолда бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыстары бар ойын автоматтарына қолданылатын тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасы көрсетіледі;

940.01.002С жолда бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыстары бар ойын автоматтары санына тиісті тіркелген жиынтық салықтың ставкасын қолдану жолымен $(940.01.002А \times 940.01.002В)$ формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті сомасы көрсетіледі;

4) 940.01.003-жолда тіркелген жиынтық салық салынатын объектілері болып табылатын бірнеше ойыншыға арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтары бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.003А жолда тіркелген жиынтық салық салу объектілерінің - бірнеше ойыншыға арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарының саны көрсетіледі;

940.01.003В жолында бірнеше ойыншыға арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарына қолданатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.003С жолда бірнеше ойыншыға арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарының санына тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен $(940.01.003А \times 940.01.003В)$ формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың сомасы көрсетіледі;

5) 940.01.004-жолда тіркелген жиынтық салық салынатын объектілер болып табылатын ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерлер бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.004А жолда салық салынатын объектілердің - ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерлердің саны көрсетіледі;

940.01.004В жолда ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерлерге қолданылатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.004С жолда ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерлер санына тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасын қолдану жолымен ($940.01.004А \times 940.01.004В$) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салықтың сомасы көрсетіледі;

6) 940.01.005-жолда жиынтық салық салынатын объекті болып табылатын ойын жолдары бойынша мәліметтер көрсетіледі:

940.01.005А жолда салық салынатын объектілердің - ойын жолдарының саны көрсетіледі;

940.01.005В жолда ойын жолдарына қолданылатын тіркелген жиынтық салығының тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.005С жолда ойын жолдарының санына тіркелген жиынтық салығының тиісті ставкасын қолдану жолымен ($940.01.005А \times 940.01.005В$) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салығының сомасы көрсетіледі;

7) 940.01.006-жолда тіркелген жиынтық салық салынатын объектілері болып табылатын карталар (картинг үшін) бойынша деректер көрсетіледі:

940.01.006А жолында тіркелген жиынтық салығы салынатын объектілерінің - карталардың саны көрсетіледі;

940.01.006В жолында карталарға қолданылатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.006С жолында карталар санына тіркелген жиынтық салығының тиісті ставкасын қолдану жолымен ($940.01.006А \times 940.01.006В$) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салығының сомасы көрсетіледі;

8) 940.01.007-жолда тіркелген жиынтық салық салынатын объектілері болып табылатын бильярд столдары бойынша деректер көрсетіледі:

940.01.007А жолында тіркелген жиынтық салығы салынатын объектілерінің - карталардың саны көрсетіледі;

940.01.007В жолында бильярд столдарына қолданылатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.007С жолында бильярд столдарының санына тіркелген жиынтық салығының тиісті ставкасын қолдану жолымен ($940.01.013А \times 940.01.013В$) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салығының сомасы көрсетіледі;

9) 940.01.007-жолда тіркелген жиынтық салық салынатын объектілер болып табылатын лото ұйымдастырушылар бойынша деректер көрсетіледі:

940.01.007А жолында тіркелген жиынтық салығы салынатын объектілерінің - лото ұйымдастырушылардың саны көрсетіледі;

940.01.007В жолында лото ұйымдастырушыларына қолданылатын тіркелген жиынтық салықтың тиісті ставкасы көрсетіледі;

940.01.007С жолында лото ұйымдастырушыларының санына тіркелген жиынтық салығының тиісті ставкасын қолдану жолымен (940.01.007А х 940.01.007В) формуласы бойынша айқындалатын тіркелген жиынтық салығының сомасы көрсетіледі.

17. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 940.00, 941.01 графикалық нысандары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 19 желтоқсандағы
N 468 бұйрығымен бекітілген

Тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеуге (қайта тіркеуге) өтініш жасау ережелері (942.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және тіркелген жиынтық салықты есептеуге арналған Тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді тіркеуге (қайта тіркеуге) өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) жасау тәртібін айқындайды. Өтінішті Салық кодексінің 397-бабы 1-тармағына сәйкес жекелеген қызмет түрлері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер жасайды.

2. Өтініш осы Өтініштің өзінен және оған қосымшадан (942.01-нысан).

3. Өтінішті қағаз тасығышта - қара немесе көк сия қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

5. Тиісті торкөздерінің көрсеткіштері жоқ болған кезде толтырылмайды.
6. Қосымшада көрсетуге жататын деректер жоқ болған жағдайда қосымша толтырылмайды.
7. Қосымшада көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдарды толтыру кезінде қосымша толтырылуға жатады.
8. Қосымша парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда қосымшаның осыған ұқсас парағы толтырылады.
- Қосымша әр стационарлық орын бойынша бөлек толтырылады.
9. Қосымшалардың "Жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.
- Салық есептілігі нысанының кейінгі парақтарында "СТН" және "салық кезеңі" жолдарын толтырған кезде бұл жолдар осы тармаққа сәйкес толтырылады.
10. Өтінішті беру кезінде:
- 1) келу тәртібінде қағаз тасығышта нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;
 - 2) хабарламалы тапсырысты хатпен почта бойынша - салық төлеуші почта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;
 - 3) электрондық түрде - салық төлеуші электронды түрде Өтінішті тапсырғаны туралы хабарламаны (растау) алады.
11. Тіркелген жиынтық салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді қайта тіркеу кезінде:
- "Жалпы ақпарат" бөлімінде - толық;
- басқа бөлімдерде - тек бұрын ұсынылған мәліметтер бойынша өзгерістер болған жолдар ғана толтырылады. "Салық салынатын объектілер туралы мәліметтер" бөлімінің "Салық салынатын объектілердің жалпы саны" бағанының тиісті жолдарындағы салық салынатын объектілер істен шыққан кезде "0" мәні көрсетіледі.
12. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес қол қойылады және расталады.

2. Өтінішті толтыру

13. "Жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:
- 1) СТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
 - 2) объектілерді іске қосу күні;
 - 3) объектілерді есептен шығару күні;
 - 4) салық төлеушінің аты-жөні атауы. Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және, егер бар болған жағдайда атауы жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

куәлікке сәйкес немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

5) ЭҚЖЖ. "Мемлекеттік жіктеуіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау және сертификаттау бойынша комитет Төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығына сәйкес Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрлерінің коды (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) және олардың үлес салмағы көрсетіледі.

ЭҚЖЖ ұяшықтарында ЭҚЖЖ кодтары (бес белгіге дейін) субъекті қызметінің түрлері бойынша олардың үлес салмағының кему тәртібімен көрсетілуі тиіс. "Үлес салмағы, %" ұяшықтарында аталған қызмет түрінің (бір ондық белгімен) үлес салмағын көрсету қажет (осы ұяшықтардың сомасы 100 пайызға тең болуы міндетті емес).

Жеке кәсіпкерлер ЭҚЖЖ мәліметтерінде ЭҚЖЖ бойынша негізгі қызмет кодын ғана көрсетеді;

6) өтінішті толтыру себептері. Өтініш толтырудың себептерінің (тіркеу, қайта тіркеу) тиісті торкөзі белгіленеді;

7) қосымша парақтарының саны. Ұсынылған қосымша парақтарының жалпы саны көрсетіледі.

14. "Салық салу объектілері туралы мәліметтер" бөлімі:

1) 942.00.001-жолда бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

2) 942.00.002-жолда бірнеше ойыншыларға арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

3) 942.00.003-жолда ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерлердің жалпы саны көрсетіледі;

4) 942.00.004-жолда ойын жолдарының жалпы саны көрсетіледі;

5) 942.00.005-жолда карталардың (картинг үшін) жалпы саны көрсетіледі;

6) 942.00.006-жолда бильярд столдарының жалпы саны көрсетіледі.

15. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының (салық төлеушінің) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Егер Өтінішті жеке тұлға өткізетін болса, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) "Бас бухгалтердің аты-жөні" жолында бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

3) "Өтінішті толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Өтінішті толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қағаз тасығыштағы Өтінішке салық төлеуші, салық агенті не оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек, сондай-ақ салық төлеушінің, салық агентінің не оның уәкілетті өкілінің мөрімен куәландырылады. Өтініш электронды түрде жасалған кезде электронды құжат Салық кодексінің 69-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электронды цифрлық қолымен расталуға тиіс;

4) өтінішті беру күні. Өтінішті берген ағымдағы күн көрсетіледі;

5) салық органының коды. Салық кодексінің ережесіне сәйкес оған Өтініш тапсырылған тіркеу орны бойынша салық органының Қазақстан Республикасының кіріс министрі міндетін атқарушысының 2002 жылғы 22 ақпандағы N 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1826 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебіне алу ережесіне 18 "Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының кодтары" анықтамасы" қосымшасына сәйкес коды көрсетіледі ;

6) "Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" деген жолда Өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі. Салық органы берген кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Өтініштің салық органында қабылданған күні. Өтініштің салық органында қабылданған күні көрсетіледі;

9) пошта штемпелінің күні. Өтініш пошта арқылы табыс етілген кезде пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Өтініш қағаз тасығышта табыс етілген кезде осы нысанның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылады.

3. Қосымшаны толтыру

16. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) парақтардың жалпы саны. Қосымша парақтарының жалпы саны көрсетіледі;

2) ойын мекемесінің (тұрақты нүктенің) атауы;

3) ойын мекемесінің (тұрақты нүктенің) орналасқан жері.

Облыс, қала немесе аудан, елді мекен атауларын, көше атын, үй нөмірін қоса алғанда, ойын мекемесінің (тұрақты нүктенің) орналасқан жері көрсетіледі.

17. "Салық салу объектілері жөніндегі мәліметтер" бөлімінде:

1) 942.01.001-жолда бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

2) 942.01.002-жолда бірнеше ойыншылармен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыстары жоқ ойын автоматтарының жалпы саны көрсетіледі;

3) 942.01.003-жолда ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерлердің жалпы саны көрсетіледі;

4) 942.01.004-жолда ойын жолдарының жалпы саны көрсетіледі;

5) 942.01.005-жолда карталардың (картинг үшін) жалпы саны көрсетіледі;

6) 942.01.006-жолда бильярд үстелдерінің жалпы саны көрсетіледі.

18. "Жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер" бөлімінде (жеке меншік құқығына (жерді тұрақты пайдалану құқығында) акті мәліметтеріне сәйкес жер телімі жеке меншік құқығында немесе жерді тұрақты пайдалану құқығында болған жағдайда толтырылады):

1) 942.01.007-жолда жер теліміне меншік құқығы (жерді тұрақты пайдалану құқығы) актісі (бұдан әрі - акт) туралы мәліметтер көрсетіледі:

942.01.007А-жолда актінің берілген күні көрсетіледі;

942.01.007В-жолда акт нөмірі көрсетіледі;

942.01.007С-жолда ойын мекемесі (тұрақты нүкте) алатын жер телімінің көлемі (бұдан әрі - жер телімі) көрсетіледі;

942.01.007D-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

2) 942.01.008-жолда жер телімін уақытша пайдалану туралы шарт деректеріне сәйкес мәлімет көрсетіледі:

942.01.008А-жолда жерді уақытша пайдаланудың тиісті түріне (ақылы, өтеусіз) белгі қойылады;

942.01.008В-жолда келісім-шарттың жасалған күні көрсетіледі;

942.01.008С-жолда келісім-шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі;

942.01.008D-жолда келісім-шарттың нөмірі көрсетіледі;

942.01.008Е-жолда жер телімінің аумағы көрсетіледі;

942.01.008F-жолда жер телімінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

942.01.008G-жолда салық төлеуші-жалға берушінің тіркелу нөмірі көрсетіледі

;

942.01.008H-жолда жалға берушінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі.

19. "Жылжымайтын мүлік құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 942.01.009-жолда жылжымайтын мүлік (ойын орнына пайдаланылатын ғимарат, құрылыс немесе жай (тұрақты нүкте) (бұдан әрі - жылжымайтын мүлік) құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жөніндегі мәліметтер көрсетіледі:

942.01.0009А-жолда жылжымайтын мүлік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің берілген күні көрсетіледі;

942.01.0009В-жолда куәлік нөмірі көрсетіледі;

942.01.0009С-жолда жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

2) 942.01.010-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу шарты (бұдан әрі - шарт) жөнінде мәліметтер көрсетіледі:

942.01.010A-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу келісім-шартының күні көрсетіледі;

942.01.010B-жолда жылжымайтын мүлікті жалға алу келісім-шартының нөмірі көрсетіледі;

942.01.010C-жолда жалға беру келісім-шартының мерзімі көрсетіледі;

942.01.010D-жолда жылжымайтын мүліктің аумағы көрсетіледі;

942.01.010E-жолда жалға беруші-салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

942.01.010F-жолда жалға берушінің аты-жөні немесе атауы көрсетіледі.

20. "Осы нысанды толтырған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында Қосымшаны толтырған лауазымды немесе өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

РҚАО-ның ескертуі: 942.00, 942.01 графикалық нысандары және нысандар бойынша қосымшалары Деректер базасында көрсетілмеген, қажет болған жағдайда оларды РҚАО-дан электронды жеткізілімде алуыңызға болады.